Мақаланы жазу барысында қолданылған әдістерден: маңызды орында тарихилық принцип [Зевелев, 1987: 160], сондай-ақ, оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайларының динамикасында тарихи тұжырымдаманы қарастыру қажеттілігі [Камынин, 2011: 55], бұл ретте ғылыми тұжырымдаманы тарих ғылымының бұрынғы жағдайымен салыстыра отырып қарастырдық. Осылайша автор тарих ғылымының «танымдық жүйесінің» өзіндік спецификалық әдісі бар екенін, ол ғылыми мәселені шешу және оның мақсатына жету жолы – жаңа тарихи білім алу екенін атап көрсетеді. Ол тарихи білімнің әдіснамасы құрылымының элементтерін сипаттайтын рационалдылық, ақиқатқа ұмтылу, проблеманы шешу, мақсат қою, рефлексивтілік, объективтілік, эмпиризм, теориялық-әдіснамалық, жаңашылдық, контекстік сияқты әдістер болып табылады.

Талқылау. Соғыстан кейінгі кезеңде КСРО мен Поляк Халық Республикасында кеңес-поляк қатынастары тақырыбына көптеген еңбектер жазылды. Атап айтқанда В.С. Парсаданованың «Советско-польские отношения в годы ВОВ» [Парсаданова, 1982: 280] атты монографиясы, «Документы и материалы по истории советско-польских отношений» [Документы и материалы, 1973: 509] атты құжаттар жинағы, И.М. Майскийдің «Воспоминания советского дипломата. Война 1939-1943 гг.» [Майский, 1965: 338] мемуары, В.Я. Сиполстың «Дипломатическая борьба накануне второй мировой войны» [Сиполс, 1989: 335] атты дипломатиялық зерттеуі жарияланды, дегенмен бұл еңбектердің басты ерекшеліктерінің бірі Польша эмигранттық үкіметінің қызметін әлсіз сипаттау және коммунистік идеологияның рухындағы кеңестік саясатты барынша дәріптеу болды.

Кеңес авторларының да, Поляк Халық Республикасының да авторларының да жұмыстары өте ұқсас және идеологияланған, КСРО-ның Польшадағы фашистік басқыншылардан азаттық рөлін және Польшада «санация» режимінің орнына келген демократиялық режимнің құрылуын сипаттаған. Осындай жұмыстардың бірі – «Польша тарихының очерктері» [История Польши, 1954: 593] атты зерттеуде поляк эмигранттық үкіметі билікті өз қолына алуға тырысқан «санациялық» көшбасшылар тобы ретінде сипатталды. Кеңестік кезеңнің кейінгі жылдары 1941 жылғы 30 шілдедегі кеңестік-поляк келісімінің даму үдерістерін және Лондондағы КСРО мен Польша үкіметі арасындағы қарым-қатынастарды зерттей бастаған еңбектер жазыла бастады. Атап айтқанда К. Типпельскирх, Н.С. Лебедева, М.И. Семиряга, А.М. Самсонов, В.Н. Земсков ғылыми зерттеулерінде 1941-1945 жылдардағы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды, сонымен бірге поляк эмигранттық үкіметі және оның жетекшілерінің саясатын архив құраттары арқылы қарастырған. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін архив материалдары негізінде кеңес-поляк қатынастары мәселелерін белсенді зерттеу басталып, нәтижесінде поляк және ресейлік тарихшылардың бірлескен зерттеулері жариялана бастады. 2002 жылы Ресей-Польша қарым-қатынастарының тарихына қатысты күрделі мәселелерді зерттеу үшін бірлескен топ құрылып, үлкен жұмыстар атқарған болатын, топтың соңғы жұмыстарының бірі «Ақтаңдақ – қаратаңдақ: Ресей-Польша қарым-қатынасындағы күрделі мәселелер» [Белые пятна – черные пятна, 2010: 823] ааты ұжымдық зерттеуді ерекше атауға болады.

Ал поляк тарихнамасында поляк эмигранттық үкіметінің саясатының дұрыстығын дәлелдейтін көптеген түрлі еңбектер жарық көргенін де айта кеткен жөн. Поляк тарихшысы А. Циенцяланың [Cienciala, 2001: 3-26] жұмысы американдық және канадалық тарихшылардың Лондондағы поляк үкіметінің саясаты мен Кеңес-поляк қатынастары туралы негізгі зерттеулерін қарастырады. Ал Ұлыбританияда жұмыс істейтін поляк тарихшысы А. Пражмовска [Prazmowska, 1995] ол өз еңбегінде Польша мен Ұлыбритания арасындағы қарым-қатынасты сипаттайды. Бұл жұмыста А. Пражмовска Ұлыбритания үкіметі 1943 жылы «Польшаның мүдделеріне опасыздық жасады» деген қорытындыға келді, бірақ сарапшылар бұл жұмысқа баға бергенде «автор поляк эмигранттық үкіметінің саясатын дұрыс түсінбеді», – деп тұжырымдайды.

1941 жылы 30 шілдеде кеңестік-поляктық шартқа қол қойылды [Майский, 2009: 303], бұл шын мәнінде бұл екі ел арасындағы үзілген қарым-қатынасты қайта бастауды ғана білдірді. Бұл келісімді жүзеге асыру үшін британдық саясаттың рөлі айтарлықтай жоғары болды, ол келісімге жан-жақты үлес қосып, бұрын тудырған даулы мәселелер мен ұстанымдарды жұмсартуға бар күшін салды [Cienciala, 2005: 94]. Айта кетерлігі, Кеңес Одағы мен Польша эмигранттық үкіметі арасында келісімге қол қою бастамасы Ұлыбритания қалағандай бірқалыпты болған жоқ. Өйткені келісім-шарт негізі бойынша соғыстан кейінгі Польшаның шекалық белгілері, соғыс тұтқындары мәселесі және Кеңес Одағында поляк армиясын жасақтау жұмыстары үлкен келіспеушілік пен сенімсіздік тұрғысынан көрініс тапты. Мәселен, келісімге қол қойылғаннан кейін поляк эмигранттық үкіметінің

кейбір министрлері Польшаның соғысқа дейінгі шекарасын тану туралы нақты тұжырымның болмауына байланысты отставкаға кетті.

Сонымен қаншама келіспеушіліктер мен қарама-қарсы пікірталастар тудырған кеңес-поляк келісімі екі үкіметтің арасындағы қатынастардың бастамасы деп есептелді. Келісімге кеңестер тарапынан Кеңес Одағының Ұлыбританиядағы елшісі Иван Михайлович Майский қол қойды, ол өзінің күнделігінде [Майский, 2009: 303] қол қою процесін және оның алдындағы оқиғаларды егжей-тегжейлі сипаттап жазған болатын, ал Польша жағынан поляк эмигранттық үкіметінің премьер-министрі Владислав Сикорский қол қойды [Документы и материалы, 1973: 509]. Келісім британдық тараптың, атап айтқанда Черчилльдің тікелей ықпалымен жасалды. Сондай-ақ, қол қою алдында келісімнің баптары қызу талқыланып, Польшаның аумақтарына ерекше назар аударылғанын, Польша үкіметінің 1939 жылғы шекарасын сақтауды талап еткенін, және Кеңес Одағы мен Германия арасындағы шарттардың күшін жоюды талап еткенін басшылыққа алып қарастырамыз.

Нәтижелер. Екінші дүниежүзілік соғыс Польша мен поляктардың тағдырында терең із қалдырды. Түрлі деректер бойынша соғыста 5-6 миллионға жуық поляк азаматы қаза тапты. Көптеген саяси, ғылым, мәдениет, әскери қайраткерлер және түрлі себептермен туған жеріне орала алмағандар эмиграцияда қалды [История Польши, 1954: 261]. Осыған қарамастан поляк эмигранттары өздері қуғында жүрсе де, болашақ тәуелсіз Польша Республикасын қайта құру үшін барынша күрес жүргізді. Мысалы, эмигранттық үкіметтің премьер-министрі, генерал Владислав Сикорскийдің басты мақсаты Речь Посполитая дәстүрінің мұрагері (1918-1939) еркін және тәуелсіз Польша үшін күрес жүргізіп, соғысқа дейінгі мемлекеттің шекарасын қалпына келтілу болды. Олар бұл мақсатқа әртүрлі жолдармен жетуге тырысты, соның ішінде саяси, мәдени, әлеуметтік және ғылыми сипаттағы көптеген институттарды құру жоспарланды. Сондықтан генерал В.Сикорскийдің үкіметінің саяси келбеті мен халықаралық іс-әрекеті зерттеуді қажет ететін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

1939 жылдың сәуір айының аяғында Еуропа континентіндегі халықаралық жағдайда қауіпті өзгерістер болып, дәлірек айтқанда сыртқы саясат «ойыншыларының» мақсаттары нақты айқындалды. Батыс державалары Германияның «татуластыру саясатынан» «кепілдіктер саясатына» көшіп, сырттан қауіп төнуі мүмкін немесе төніп тұрған бірқатар шағын мемлекеттерге «алаңдатушылық» танытты. Осы кезде Польшаның басты одақтасы, яғни британдық үкіметтің премьер-министрі Н.Чемберлен өз елінің басты мүддесін: «Біздің Германияға қатысты саясатымыздың негізгі бағыты немістердің қауіпі төнуі мүмкін жекелеген елдерді қорғаумен емес, Германияның біздің қауіпсіздігімізге қауіп төндіретіндей күшті болуына және біздің континентке үстемдігін орнатуға жол бермеу ниетімен анықталады. Германияның Польша мен Румынияға үстемдігі оның әскери қуатын одан әрі күшейтуі мүмкін, сондықтан біз бұл елдерге кепілдік бердік»,—деп атап өтеді [Год кризиса, 1990: 390].

Осылайша Польшаға ағылшын саясатында бірінші орын берілмесе де, оның өзара келісім шартын сәйкес ағылшын-француз кепілдіктерін қабылдауына тура келді. Осы уақытта Берлинде ағылшындық кепілдіктердің мағынасы: «поляктардың британдықтармен жасасқан келісімі тек Германияға қарсы бағытталған» деп түсіндірілді. Ал Кеңестер Одағына қарсы соғыс «неміс саясатының соңғы және шешуші міндеті болып қала береді» [Секреты Гитлера, 1995: 66] деп есептей отырып, Берлин негізінен вермахт бөлімшелерін Шығысқа немесе Батысқа қарай жылжыту туралы мәселесін шешкендей болды. Дегенмен Польша өз кезегінде сыртқы саясаттың іргелі қағидатын ұстанды: өзінің ұлы көршілерінің бірімен басқа көршісіне қарсы бағытталған одаққа кірмеу [Польша в XX веке, 2012: 269]. Бұл арада континенттегі жағдайдың шиеленісуі Батыс державаларын кеңестердің қатысуынсыз «нацистік қауіпті» тоқтату мүмкін еместігін түсінуге итермеледі. Осы арада Лондон мен Парижде Германиямен келіссөздер және ымыраға келу мүмкіндігін ескере отырып, олар Мәскеуді тезірек «кепілдік саясатына» тартуға алаңдатушылық танытты.

Нәтижесінде, 1939 жылдың жазында Еуропада әртүрлі форматта «құпия» байланыстар мен келіссөздер жүргізілді: ағылшын-француз-кеңестік (әскери), ағылшын-германдық (саяси) және кеңес-германдық (негізінен экономикалық) [Польша в XX веке, 2012: 269]. Осылайша мемлекеттердің тағдыры келіссөздер нәтижесіне байланысты болды: Гитлер әлемде «жаңа тәртіп» орнатуға тырысып жатса, басқа алпауыт мемлекеттер «үлкен соғыстың» алдын алу мүмкіндігін немесе мүмкін еместігін дипломатиялық «ойын алаңына» шығара бастады. Бұл жерде әр тарап тек өздерінің тактикалық мәселелерін шешуге ұмтылды десе де болады. Мәселен, Германия Польшаны басып алу үшін қолайлы жағдайлар жасауға алаңдай бастады: ең бастысы Польшаны жақтап немесе қорғауды болдырмау үшін Кеңес Одағын оқшаулау керек, сонымен бірге канцлер Отто фон Бисмарктың екі

майданда соғыспау туралы қағидатын ескере отырып, ағылшын-француз-кеңес коалициясының құрылуына жол бермеу, өйткені бұл нацистердің болашақ жоспарларын жоққа шығаруы әбден мүмкін. Англия мен Франция неміс агрессиясын Шығысқа бағыттай отырып, өз шекараларының қауіпсіздігіне алаңдатушылық таныта бастайды. Сөйтіп, бұл екі держава Польша немесе Румыния сияқты одақтастарына көмек қолын созудан бойларын аулақ ұстап, Польшаның құнына екінші «Мюнхен» тағдырымен бірдей болғанын да айта кеткен жөн.

Әрине, бұл жерде ағылшын-француз-кеңес келіссөздерінің қаншалықты «құпиялығына» қарамастан, барлау жұмыстарының нәтижесі барлық мүдделі тараптардың жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы ақпарат беріп отырғанын да жоққа шығармаймыз. Бұл жерден байқайтынымыз жетістіктер Мәскеудің қолында болды, ал сәтсіздіктер Берлинді шабыттандырып отырды, нәтижесінде кеңестік басшылықтың Батыстағы серіктестеріне деген сенімсіздігі арта түсті. Бәлкім, мұндай жағдайда Мәскеу, тамыздың ортасына қарай, қарым-қатынасты реттеуді ұсынған Германияның пайдасына түпкілікті таңдау жасауды орынды деп қарастырған шығар (Молотов-Риббентроп пактісі) [Внешняя политика, 1947: 71].

Оқиғалардың одан әрі көрінісі келесідей өрбиді: кеңес-герман жағында 1939 жылдың 19 тамызда өзара шабуыл жасамау туралы келісімнің жобаларымен танысу болады; 20 тамызда Берлин кеңестер ұсынған келісім жобасының қосымша хаттамамен танысады; 21 тамызда Сталин Гитлердің Риббентропты Мәскеуде қабылдау туралы ұсынысымен келіседі; 22 тамызда ТАСС (1925-1992 жж. Кеңес Одағының телеграф агенттігі – авт.) [Год кризиса, 1990: 281] Риббентроптың «тиісті келіссөздер үшін» (Риббентроп, 1998: 335) Мәскеуге келуі туралы ақпаратты жариялайды. Нәтижесінде 23 тамызда (іс жүзінде 24 тамызға қараған түні) Кеңес Одағы мен Германия арасында өзара шабуыл жасамау туралы келісімге және Еуропадағы ықпал ету аймақтарын бөлу туралы құпия хаттамаға қол қойылып, 10 жыл мерзімге жасалған құжаттар бірден күшіне енді [Польша в XX веке, 2012: 270].

Қазіргі кезде аталмыш кеңес-герман бітіміне Ресейлік және Польша ғалымдары арасында салыстырмалы түрде әртүрлі баға беріп келеді (Международный кризис 1939 года, 2009: 480). Көптеген тарихшылар халық депутаттарының съезінде қабылданған шешімдерді алға тартады. Бірақ басқа да дәлелдер бар. Мәселен, тарих ғылымдарының докторы М.И.Мельтюхов: «Мюнхенде КСРО-ның Еуропадағы орнын белгілеген тағы бір нысаналы сабақ алған кеңес басшылығы социалистік мүдделерді ескермей, еуропалық консолидация тенденциясын бұзуға өте мүдделі еді. Бұл тұрғыда неміс экспансиясының жалғасуы Мәскеудің мүдделеріне сай болды, Себебі еуропалық өкілдердің сыртқы саяси топтарының КСРО-мен келісімге деген қызығушылығы күрт артты... кеңес басшылығы өзінің мүдделерін ескере отырып, кіммен және қандай шарттармен келісетінін таңдай алады»,–деп есептейді [Мельтюхов, 2008: 65-66]. Әрі қарай, автор: «...Кремль еуропалық дағдарысты өз мүддесіне пайдалана алды, сондықтан кеңес-герман өзара шабуыл жасамау туралы келісімшарты британдық дипломатиядан асып түсіп, өзінің мақсатына қол жеткізе алған кеңестік дипломатияның маңызды жетістігі деп санауға болады. Ендігі мақсат – Шығыс Еуропада айтарлықтай еркіндікке ие бола отырып, еуропалық соғыстан аулақ болу үшін [және], сонымен бірге ағылшын-француз-кеңес келіссөздерінің бұзылуына Лондон мен Парижді кінәлау» [Мельтюхов, 2008: 370]. Ал академик А.О.Чубарьян Мәскеудің сыртқы саяси бағытының күрт өзгеру себептерін талдай отырып, Гитлермен келісімді біржақты бағалауға және категориялық тұжырымдарға: «...Кремльде байқағанымыздай, мұндай шешім елдің қауіпсіздігіне айтарлықтай кепілдік берді. Кеңес Одағы Германия және ағылшын-француз блогы арасындағы күтілетін қақтығысты толық пайдалана алды, екі империалистік топтың әскери қарсыласуынан тыс қалды», дей келе: «...белгілі бір уақыт аралығында Кеңес Одағы халықаралық дағдарыстан Германиямен шабуыл жасамау туралы келісіммен және Шығыс Еуропа аймағында өзін орнықтырудың күтпеген келешегімен айқын дивидендтермен шығып жатқандай көрінді. Бұл ретте басқа егеменді елдердің тағдырын өз мүдделері мен қалауларына қайшы ... шешуге тура келетініне байланысты моральдық-құқықтық факторлар аз ескерілді»,–деп тұжырым жасайды [Чубарьян, 2008: 30-31].

Осылайша, 1939 жылдың жазы мен күзінің тоғысындағы Польша трагедиясы шындыққа айналды. Бұл арандату және Польшадағы неміс азшылықтарын «кудалау» сияқты жалған ақпараттар Берлин үшін поляктарға соғыс жариялауға сылтау бола кетті, ал 1939 жылдың 1 қыркүйегінде таң ата вермахт әскерлерінің Польша аумағына басып кіруіне себеп болды.

Кеңес үкіметі Қызыл Армияның қолбасшылығына 1939 жылы 17 қыркүйекте таңғы сағат алтыда кеңес-поляк шекарасын «Полоцкіден Каменец-Подольскіге дейін» кесіп өтуді және Батыс Украина мен Батыс Белоруссия халқының өмірі мен мүлкін қорғауға алуды, сондай-ақ

«ақымақ басшыларының кінәсінен осындай күйге түскен поляк халқын қасіретті соғыстан құтқаруға» бұйрық берді [СССР – Германия, 1983: 62]. Нәтижесінде Германияның әскери жеңістері мен Кеңес әскерлерінің Польшаның Шығыс шекарасын бұзып кіруі поляк халқының тәуелсіздігінен толықтай «айырылғанын» білдірді.

Осындай жағдайдан кейін енді поляк үкіметі үшін басты міндет елден «кету» арқылы ғана «екі жауға» қарсы күресті басқа жерде жалғастыруға мүмкін болады деп үміттенді. Сонымен бірге бұрынғы әскери режим эмиграцияда өз билігін уақытша жалғастыруға тырысты. Осылайша күтпеген жерден поляк эмигранттық үкіметін құру жауапкершілігі бұрынғы «Пилсудский режимін» жақтаушылардың бірі, Париждегі Польша Республикасының елшісі, танымал саясаткер Юлиуш Укашевичтің (Juliusz Ukasiewicz) иығына түсті [Praz Anita, 2001. 591-608]. Польша аумағында вермахт армиясы мен кеңес әскерлеріне қарсы соңғы шайқастар жүріп жатқанда, Румыниядағы эмигранттық саяси басшылықтың назары толығымен Парижге қарай аударылды, өйткені «санация» билігін сақтап қалу үшін күрес сол жерде жалғасуы керек деп есептелді.

Сөйтіп, 1939 жылдың 3 қазанында Францияда «қуғындағы поляк үкіметі құрылды» [Praz Anita, 2001. 591-608], оның премьер-министрі және Қарулы Күштерінің Басқолбасшысы генерал Владислав Сикорский болды, ал президенті ретінде көрнекті заңгер және бір кездері Ішкі істер министрі болған Владислав Рачкевичті таңдады. Әртүрлі партиялардың эмиграциядағы жетекшілері генерал Сикорскийді қолдағанымен, соғысқа дейінгі үкіметтің ымырасыз жақтастары президенттің айналасына топтасты. Жеңілістен кейін Польшадан кеткен әскери қызметкерлердің едәуір бөлігі әскери режимге тиесілі болғандықтан немесе соны қолдағандықтан, офицерлер корпусы Сикорскийге қарсы шиеленістің ошағына айналды. Олар ешқашан генерал Сикорскийдің билігін мойындамады, әйтсе де олар Польшаның «жауларына» қарсы күресті жалғастырғысы келсе де, бұған қалай жетуге болатындығы туралы өз идеялары бола қойған жоқ.

Осы науқаннан кейін эмиграциядағы поляк билеуші топ өкілдері 1939 жылы 17 қыркүйекте болған оқиғаны ескере отырып, яғни Польша тек немістермен ғана емес, кеңестермен де соғыс жүргізу қаупін түсінді. Осы күні кеңестік үкімет тарапынан Қызыл Армия әскерлеріне Шығыс Польша шекарасын «бұзып өтуге» бұйрық берген болатын. Бұл кезде Польша мемлекеті осыған дейін-ақ, нақтырақ айтқанда 1 қыркүйектен бастап Германия тарапынан «күйзеліске ұшыраған» еді, осыны ескерген генерал Ф. Слава-Складовскийдің үкіметі шартты (немқұрайлы – авт.) түрде болсын соғыс жариялауға батылы жетпеді [Sprawa polska, 1965: 87-88]. Осыдан кейін Польша мемлекеті тізе бүгіп, үкімет басшылары басқа мемлекеттерді уақытша паналауға мәжбүр болды. Ал генерал Владислав Сикорский болса, 1939 жылы Францияда, 1940 жылы Франция тізе бүккенен кейін Ұлыбританияда Польша эмигранттық үкіметін құрып [Документы и материалы, 1973: 198], тәуелсіз Польша мемлекетін «қалпына келтіруді» алдына мақсат етіп қойды.

Осындай халықаралық жағдайлардан кейін генерал В.Сикорский Кеңес Одағымен келісімге келуге мәжбүр болды, алайда бұл шара тез арада іске аса қойған жоқ, тек 1941 жылдың шілде-тамыз айларында келіссөздер басталды, яғни Германия Кеңес Одағынан соғыс жариялағаннан кейін [Dokumenty i materiały, 1973: 176]. Сақталған бірнеше құжаттардан [Sprawa polska, 1965: 836] қорытынды жасауға болатындай, эмигранттық поляк үкіметінің Францияда болуы тек француз үкіметінің арнайы шешімдерімен, ең алдымен Польшаның жоғарғы органдарына жоғарыда айтылғандай «тұру құқығын» беру туралы шешіммен реттелді. Польшаның орталық билігінің алғашқы уақытша орны Париж қаласы болса, көп ұзамай, яғни ол 1939 жылы 22 қарашада ол Анжеге көшірілді, онда Польша үкіметінің егемендігін мойындай отырып, француз үкіметі «поляк билігі мен мекемелері иеленген ғимараттарға, сондай-ақ үкімет мүшелері мен шенеуніктерге барлық құқықтарды берді» [Hulas, 1996: 338]. Бұл қадам Сикорский кабинетінің халықаралық беделін растайтын француздық қимыл ретінде түсіндірілді. Француздардың поляк баспасөзін және радиохабарларын бақылауды қалайтыны назар аударарлық болса да, поляктарға бұқаралық ақпарат құралдарына кең қол жетімділікті қамтамасыз ету туралы француз шешімдері (поляк баспасөзін шығаруға келісім, радио хабарларын таратуға рұқсат) сол жолдағы алғашқы қадамдар болды. Францияның Польшаның жоғарғы өкімет орындарының өкілдерін және олар иеленген ғимараттарды қорғауға қатысты шешімдері де экстерриториалдық құқықтарды жүзеге асырудағы француз көмегінің белгісі ретінде де, поляк саясаткерлеріне француздық саяси қадағалаудың белгісі ретінде де осылай бағаланады.

Генерал Владислав Сикорский 1940 жылдың ортасына дейін Францияда, кейін Ұлыбританияда орналасқан Ұлттық келісім үкіметін басқарып, Рыдз-Смиглының отставкасын қабылдап, поляк армиясының Жоғарғы Басқолбасшы болды. Жаңа үкімет құрамына Батыста жүрген

саясаткерлер мен генералдар кірді. Шын мәнінде, «санацияны» («санация» (пол. sanacja «сауықтыру») – 1926 жылғы мамырдағы төңкеріске дайындық кезінде және төңкеріс барысында алға қойылған Юзеф Пилсудскийдің Польшадағы қоғамдық өмірді «моральдық сауықтыру» ұранын жариялауына байланысты пайда болған саяси қозғалыстың жалпы атауы – авт.) сөзбен айыптай отырып, олар соғысқа дейінгі оппозицияның «Фронт Морж» (Поляк Республикасындағы соғыс аралық кезеңдегі центристік партиялардың саяси одағы – авт.) санациялық лагердің бір бөлігімен одақтастығын білдірді. 1935 жылғы қолданыстағы Конституция негізінде құрылған үкіметтің мемлекеттілігі мен заңдылығының сабақтастығы жарияланды [Польша в XX веке, 2012: 272]. Сонымен генерал Сикорскийдің құрған үкіметі ең ықпалды төрт саяси партиялар мен қозғалыстардың коалициясы болды, ал көп ұзамай мемлекеттік құрылым кеңейді. Ол эмиграция жағдайында жұмыс істеу біршама күрделі болатындықтан, соғысқа дейінгі нұсқасын дерлік қайталады: тоғыз министрлік (ішкі істер, әділет, қаржы, өнеркәсіп, сауда және кеме қатынасы, білім және мектеп мәселелері), бірқатар бюролар, комитеттер мен комиссиялар [Hulas, 1996: 338]. Үкімет жанынан жаңа құрылымдар құрылды: 1939 жылғы қыркүйек науқаны жөніндегі комиссия және аймақтық (елдік) істер жөніндегі комитет. Комитет құрамына 1939 жылы желтоқсанда соғыс кезеңі үшін құрылған президент жанындағы консультативтік-кеңесші орган – Польша Республикасының Халықтық Радасының (Ұлттық Кеңесінің) екі министрі мен екі мүшесі кірді.

Үкімет басшысы кезеңді түрде Раданы халықаралық қызмет нәтижелерімен таныстырды: Польша мен «үлкен үштіктің» арасындағы қарым-қатынас, Кремльдің ниеті, Польшаның АҚШ пен Ұлыбритания саясатындағы орны, Польшаның болашағы, үкіметтің табыстары және оның шығындары талқыланды. Радада ерекше «қиындықтар» бола қойған жоқ – оның мүшелерінің көпшілігі В. Сикорский мен оның орынбасары, қуғындағы партия жетекшісі С. Миколайчиктің жақтастары болды. Үкімет құрылымында жаңа лауазымдар құрылды: үкімет өкілдері немесе делегаттар – Франциямен байланыс жөніндегі делегат, Таяу Шығыстағы поляк істері жөніндегі делегат және көрші елдермен қарым-қатынас жөніндегі делегат. Қыркүйектегі жеңіліске кінәлілердің жауапқа тартылатынын жариялаған оппозицияға үкіметтегі өкілдік құқығы да қайтарылды.

Герман-кеңес соғысы басталғаннан кейін іле-шала генерал Сикорский шарттарды дайындауға кірісті. Ондағы мақсаты: егер, поляк-кеңес дипломатиялық қатынастары қайта қалпына келе қалған жағдайда Кеңес Одағында поляк армиясын ұйымдастыруға дайындық жүргізбек. Сонымен, генерал Сикорский жаңа саяси және әскери жағдайға байланысты, дәлірек айтқанда Кеңес Одағымен үзілген қарым-қатынасты қайта қалпына келтіру үшін британдық елшілікпен бірнеше рет келіссөз жүргізген болатын [Парсаданова, 1992: 127]. Көп ұзамай Сикорский британдықтардың Мәскеудегі әскери миссиясының бас хатшысына хат жолдайды, онда кеңестік тұтқындағы бірнеше жоғары шенді офицерлер мен бейбіт қызметтегі лауазымды адамдарды жедел босатып алу қажеттігін және олар кеңестік аумақта «осы, болмаса, басқа сипатта» [Семиряга, 1992: 192] поляк мүддесінің күн тәртібіне қойылатынына үмітті екені баса айтылды.

Қорытынды. Қорыта айтқанда халықаралық және конституциялық құқық және үй мемлекеттерінде «қонақжайлылығымен» рұқсат етілген поляк эмигранттық үкіметтің жұмыс істеу мүмкіндігі оккупацияланған елдерге мемлекеттік органдардың сабақтастығы мен заңдылығын сақтауға, мемлекет пен ұлттың мүдделерін білдіруге мүмкін болды. Эмиграцияда жүрсе де қарулы күштерді ұйымдастырып, елдегі соғыстарға шетелден басшылық жасап, өз еліне, ұлтына қаржылық, материалдық және моральдық қолдау көрсету, басқыншылыққа ұшыраған халықтар үшін бұл мүмкіндік еркін әлеммен байланысқа түсуге мүмкіндік, күреске негіз және жеңіске үміт болды. Алайда, мұндай жағдай, аталған жағымды жақтардан басқа, жат жұртта жұмыс істейтін үкіметтер әдетте көптеген қиындықтарға да тап болды. Бұл проблемалар босқындар үкіметінің қожайын үкіметіне тәуелділігіне және өз мемлекетінің аумағында билікті жүзеге асыра алмауына әкеліп соқтырғандықтан, шет мемлекеттің аумағында халықаралық іс-қимыл жасаудың қажеттілігімен де байланысты еді.

Мұның бәрі шетелдегі Польша үкіметі заңды және толыққанды үкімет болмағанымен, оның әрекет ету бостандығы, тіпті оның егемендігі айтарлықтай шектелген деген қорытындыға әкеледі. Бұл жерде біздің айтпағымыз «бөтен үйде» жүрген Польша үкіметі, көп жылдарға дейін шешілмеген «поляк мәселесінің» орын алуына да бастамашы болды. Дегенмен осындай қиын-қыстау кезеңде елінің болашағы үшін жапида болған азаматтар қай заманда болса да бар. Соның бірі Польша эмигранттық үкіметінің премьер-министрі, генерал Владислав Сикорский.

Әдебиеттер

- Белые пятна – черные пятна, 2010 – *Белые пятна – черные пятна*: сложные вопросы в российско-польских отношении: научное издание / Под общ.ред. А.В.Торкунова, А.Д.Ротфельда. Отв.ред. А.В. Малыгин, М.М. Нарынский. М.: Аспект-Пресс, 2010. 823 с.
- Внешняя политика, 1947 – *Внешняя политика* Советского Союза в период Великой Отечественной войны: документы и материалы. Т. I. / Ред.-сост. С. Майоров. Москва: Гос. изд. полит. лит-ры, 1947. 785 с.
- Год кризиса, 1990 – *Год кризиса*: 1938-1939. Документы и материалы. Москва: Наука, 1990. 562 с.
- Duraczyński, 1969 – *Duraczyński E.* delegacja rządu emigracyjnego i reprezentacja czterech partii «obozu londyńskiego» / Problemy wojny i okupacji. 1939-1944. Warszawa 1969. Pp. 202-229.
- Документы и материалы, 1973 – *Документы и материалы* по истории советско-польских отношении 1939-1943. Т. VII. Москва: Наука, 1973. 509 с.
- Dokumenty i materiały, 1973 – *Dokumenty i materiały* dotyczące historii stosunków radziecko-polskich 1939-1943. T.VII. Warszawa 1973. 571 p.
- Зевелев, 1987 – *Зевелев А.И.* Историографическое исследование: методологические аспекты. Москва: Высшая школа, 1987. 160 с.
- История Польши, 1954 – *История Польши*. В 3 томах. /Под редакцией В.Д. Королюка, И.С.Миллера и П.Н.Третьякова. Москва: Издательство Академии наук СССР, 1954. 583 с.
- Панто, Калыбекова 2023 – *Панто Д., Калыбекова М.* Насильственная депортация народов как инструмент национальной политики СССР: поляки Казахстана // «Edu-history. kz» электронный журнал. 2023. № 10(3). С. 453-464
- Парсаданова, 1982 – *Парсаданова В.С.* Советско-польские отношения в годы Вликой Отечественной войны (1941-1945). Москва: Наука, 1982. 280 с.
- Парсаданова, 1982 – *Парсаданова В.С.* О некоторых аспектах внешней политики польского правительства в эмиграции в 1940-1941 гг. // Международные отношения и страны Центральной и Юго-Восточной Европы в период фашистской агрессии на Балканах и подготовки нападения на СССР (сент. 1940 – июнь 1941). Москва, 1992. С. 124-132.
- Польша в XX веке, 2012 – *Польша в XX веке*. Очерки политической истории / Ответственный редактор А.Ф. Носкова. Москва: Издательство «Индрик», 2012. 952 с.
- Kukiel Marian, 1981 – *Kukiel Marian.* General Sikorski. Żołnierz i mąż stanu walczącej Polski. Londyn: Polski Instytut i Muzeum Sikorskiego, 1981. 280 p.
- Korpalska Walentyna, 1988 – *Korpalska Walentyna.* Władysław Eugeniusz Sikorski. Biografia polityczna/Wrocław: Zakład Narodowy im. Ossolińskich, 1988. 263 s.
- Майский, 1965 – *Майский И.М.* Воспоминания советского дипломата. Война 1939-1943 гг. Москва, Наука, 1965. 338 с.
- Семиряга, 1992 – *Семиряга М.И.* Тайны сталинской дипломатии 1939-1941 гг. Москва, «Высшая школа», 1992. 303 с.
- Sprawa polska, 1965 – *Sprawa polska* w czasie II Wojny Światowej na arenie międzynarodowej. Zbieranie dokumentów. Warszawa, 1965. 836 p.
- Cienciala, 2005 – *Cienciala A.* The Foreign Policy of the Polish Government in Exile, 1939-1945: Political and Military Realities Versus Polish Psychological Reality / edited by John S. Mickiel and Piotr S. Wandycz. New York: 2005. 94 p.
- Сиполс, 1989 – *Сиполс В.Я.* Дипломатическая борьба накануне Второй мировой войны. Москва, Международные отношения, 1989. 335 с.
- СССР – Германия, 1983 – *СССР – Германия*, 1939. Документы и материалы о советско-германских отношениях с сентября 1939 г. по июль 1941 г. /Составитель Ю.Фельштинский. Москва: Изд. «Телекс», 1983. 194 с.
- Риббентроп, 1998 – *Риббентроп И. фон.* Мемуары нацистского дипломата /пер. с нем. Г.Я. Гудого. Москва: Мысль, 1998. 488 с.
- Prazmowska, 1995 – *Prazmowska A.* Britain and Poland 1939-1943: The Betrayed Ally. – Cambridge University Press, 1995. №. 97. URL: <https://www.jstor.org/stable/25779013> (accessed: 17 January 2025).
- Praz Anita, 2001 – *Praz Anita.* Polish Military Plans for the Defeat of Germany and the Soviet Union, 1939-41 //European History Quarterly Copyright, SAGE Publications, London, Thousand Oaks, CA and New Delhi. 2001. Vol. 31(4). Pp. 591-608.
- Камынин, 2011 – *Камынин В.Д.* Методологические основы современных историографических исследований // История науки и техники в современной системе знаний. Екатеринбург: Изд-во УМТС УПИ, 2011. С. 54-56.
- Международный кризис, 2009 – *Международный кризис* 1939 года в трактовках российских и польских историков: Научное издание / под ред. М.М.Наринского и С.Дембского; перевод Н.В.Селиванова. М.: Аспект Пресс, 2009. 480 с.
- Мельтюхов, 2021 – *Мельтюхов М.И.* Упущенный шанс Сталина. Схватка за Европу. 1939-1941 гг. Москва: Изд-во Родина, 2021. 370 с.

- Hulas, 1996 – *Hulas M.* Goście czy intruzy? Polski rząd na Uchodźstwie. Wrzesień 1939-lipiec 1943. Warszawa: Instytut Historii PAN, 1996. 338 p.
- Terlecki Olgierd, 1983 – *Terlecki Olgierd.* Generał Sikorski. Kraków: Wydawnictwo Literackie, 1983. 460 p.
- Wapiński, 1978 – *Wapiński Roman.* Władysław Sikorski. Warszawa: Wiedza Powszechna, 1978. 360 p.
- Чубарьян, 2008 – *Чубарьян А.О.* Накануне трагедии. Сталин и международный кризис: сентябрь 1939 – июнь 1941 г. Москва: Наука, 2008. 476 с.

Reference

- Belye pyatna – chernye pyatna, 2010 – *Belye pyatna – chernye pyatna: slojnye voprosy v rosisko-polskih otnoshenii: nauchnoye izdaniye* [White spots – black spots: complex issues in russian-polish relations: scientific publication]. Under the general editorship of A.V. Torkunov, A.D. Rotfeld. Responsible editors A.V. Malygin, M.M. Narynsky. Moscow: Aspect-Press, 2010. 823 p. [In Russian]
- Vneshnyaya politika, 1947 – *Vneshnyaya politika Sovetskogo Soyuza v period Velikoi Otesestvennoi voyny: dokumenty i materialy* [Foreign Policy of the Soviet Union during the Great Patriotic War: Documents and Materials]. and compiler S. Mayorov. Moscow: State Publishing House of Political Literature, 1947. 785 p. [In Russian]
- God krizisa, 1990 – *God krizisa. 1938-1939. Dokumenty i materialy* [The year of crisis. 1938-1939. Documents and materials]. Moscow: Nauka, 1990. 562 p. [In Russian]
- Duraczyński, 1969 – *Duraczyński E.* delegacja rządu emigracyjnego i reprezentacja czterech partii «obozy londyńskiego». Problemy wojny i okupacji. 1939-1944. Warszawa 1969. Pp. 202-229. [In Polish]
- Dokumenty i materialy, 1973 – *Dokumenty i materialy po istorii sovetско-pol'skikh otnosheniy 1939-1943* [Documents and materials on the history of Soviet-Polish relations 1939-1943]. Vol. VII. Moscow, 1973. 509 p. [In Russian]
- Dokumenty i materialy, 1973 – *Dokumenty i materialy dotyczące historii stosunków radziecko-polskich 1939-1943.* T.VII. Warszawa 1973. 571. [In Polish]
- Zevelev, 1987 – *Zevelev A.I.* Istoriograficheskoye issledovaniye metodologicheskikh aspekty [Historiographical research: methodological aspects]. Moscow: Higher School, 1987. 160 p. [In Russian]
- Istoriya Polshi, 1954 – *Istoriya Polshi* [History of Poland]. 3 Vol /Edited by V.D. Korolyuk, I.S. Miller and P.N. Tretyakov. Moscow: Publishing House of the USSR Academy of Sciences, 1954. 583 p. [In Russian]
- Panto, Kalybekova, 2023 – *Panto D., Kalybekova M.* Nasil'stvennaya deportatsiya narodov kak instrument natsional'noy politiki SSSR: polyaki Kazakhstana // «Edu-history. kz» elektronnyy zhurnal. 2023. №10(3). Pp. 453-464. [In Russian]
- Parsadanova, 1982 – *Parsadanova V.S.* Sovetsko-polskiye otnosheniya v gody Velikoy Otechestvennoy voyny (1941-1945) [Soviet-Polish relations during the Great Patriotic War (1941-1945)]. Moscow: Nauka, 1982. 280 p. [In Russian]
- Parsadanova, 1992 – *Parsadanova V.S.* O nekotorykh aspektakh vneshney politiki pol'skogo pravitel'stva v emigratsii v 1940-1941 [On some aspects of the foreign policy of the Polish government in exile in 1940-1941]. International relations of the countries of Central and South-Eastern Europe during the period of fascist aggression in the Balkans and preparation of the attack on the USSR (September 1940-June 1941). Moscow, 1992. P. 124-132. [In Russian]
- Polsha v XX veke, 2012 – *Polska v XX veke. Ocherki politicheskoi istorii* [Poland in the twentieth century. Essays on Political History]. Executive editor A.F. Noskova. Moscow: Indrik Publishing House, 2012. 952 p. [In Russian]
- Kukiel Marian, 1981 – *Kukiel Marian.* General Sikorski. Żołnierz i mąż stanu walczącej Polski. - Londyn: Polski Instytut i Muzeum Sikorskiego, 1981. 280 s. [In Polish]
- Korpalskaya Valentina, 1988 – *Korpalskaya Valentina.* Vladislav Yevgeniush Sikorskiy. Politicheskaya biografiya [Władysław Eugeniusz Sikorski. Political biography]. Wrocław: National Ossoliński Institute, 1988. 263 p. [In Polish]
- Mayskiy, 1965 – *Mayskiy I.M.* Vospominaniya sovet'skogo diplomata. Voyna 1939-1943 gg. [Memories of a Soviet diplomat]. Moscow: Nauka, 1965. 338 p. [In Russian]
- Semiyryaga, 1992 – *Semiyryaga M.I.* Tayni staliynskoy diplomatiyy, 1939-1941 [Secrets of Stalin's diplomacy, 1939-1941]. Moscow: «Higher School», 1992. 303 p. [In Russian]
- Sprawa polska, 1965 – *Sprawa polska w czasie II wojny światowej na arenie międzynarodowej. Zbiór dokumentów* [The Polish Cause during World War II in the international arena]. Collection of documents. Warsaw, 1965. 836 p. [In Polish]
- Cienciala, 2005 – *Cienciala A.* The Foreign Policy of the Polish Government in Exile, 1939-1945: Political and Military Realities Versus Polish Psychological Reality / edited by John S. Mickiel and Piotr S. Wandycz. New-York, 2005. 94 p.
- Sypols, 1989 – *Sypols V.Ya.* Diplomatiyt'seskaya borba nakanune vtoroy mirovoy voyny [The diplomatic struggle on the eve of the Second World War]. Moscow: International relations, 1989. 335 p. [In Russian]

SSSR – Germaniya, 1983 – SSSR – Germaniya, 1939. Dokumenty i materialy o sovetsko-germanskikh otnosheniyakh s sentyabrya 1939 g. po iyul 1941 g. [USSR – Germany, 1939. Documents and materials on Soviet-German relations from September 1939 to July 1941]. Compiled by Yu. Felshtinsky. Moscow: Publishing House «Telex», 1983. 194 p. [In Russian]

Riybbentrop, 1998 – *Riybbentrop İy. fon.* Memûwarı natsiyetskogo dıplomata [Memoirs of a Nazi diplomat] translated from German by G.Ya.Gudogo. Moscow: Mysl, 1998. 488 p. [In Russian]

Prazmowska, 1995 – *Prazmowska A.* Britain and Poland 1939-1943: The Betrayed Ally. – Cambridge University Press, 1995. №. 97. URL: <https://www.jstor.org/stable/25779013> (accessed: 17 January 2025).

Praz Anita, 2001 – *Praz Anita.* Polish Military Plans for the Defeat of Germany and the Soviet Union, 1939–41 // *European History Quarterly* Copyright, SAGE Publications, London, Thousand Oaks, CA and New Delhi, Vol. 31(4). 2001. Pp. 591-608. [in English]

Kaminiyn, 2011 – *Kaminiyn V.D.* Metodologiytşeskiye osnovaniya sovremennıh iystoriyografiytşeskiy iyssledovaniy [Methodological foundations of modern historiographic research]. History of science and technology in the modern knowledge system. Ekaterinburg: Publishing house of UMC UPI, 2011. Pp. 54-56. [In Russian]

Mezhdunarodnyy krizis, 2009 – *Mezhdunarodnyy krizis 1939 goda v traktovkakh rossiyskikh i polskikh istorikov* [International Crisis of 1939 in Interpretations of Russian and Polish Historians]. Scientific Publication /M.Volos, J.Vojtkowiak, V.I.Dashichev et al.; edited by M.M.Narinsky and S.Dembsky; trans. by N.V.Selivanova. Moscow: Aspect Press, 2009. 480 p. [In Russian]

Meltyukhov, 2021 – *Meltyukhov M.I.* Upushchennyy shans Stalina. Skhvatka za Yevropu. 1939-1941 gg. [Stalin's Missed Chance. The Fight for Europe. 1939-1941]. Moscow: Rodina Publishing House, 2021. 370 p. [In Russian]

Hulas, 1996 – *Hulas M.* Goście czy intruzi? Polski rząd na Uchodźstwie. Wrzesień 1939-lipiec 1943. Warszawa: Instytut Historii PAN, 1996. 338 p. [In Polish]

Terlecki Olgierd, 1983 – *Terlecki Olgierd.* Generał Sikorski [General Sikorski]. Kraków: Wydawnictwo Literackie, 1983. 460 p. [In Polish]

Wapinski, 1978 – *Wapinski Roman.* Władysław Sikorski. [Władysław Sikorski]. Warsaw: Wiedza Powszechna, 1978. 360 p. [In Polish]

Chubaryan, 2008 – *Chubaryan A.O.* Kanun tragedii. Stalin i mezhdunarodnyy krizis. Sentyabr' 1939 – iyun' 1941 g. [Eve of Tragedy. Stalin and the International Crisis. September 1939 – June 1941.]. Moscow: Nauka 2008. 476 p. [In Russian]

Chubaryan, 2008 – *Chubaryan A.O.* Nakanune tragedii. Stalin i mezhdunarodnyy krizis: sentyabr 1939 – iyun 1941 [On the Eve of Tragedy. Stalin and the International Crisis: September 1939 – June 1941]. Moscow: Nauka, 2008. 476 p. [In Russian]



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhly
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 681-689
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_681-689

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТАРШЕГО СУЛТАНА БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА КАЗАНГАПА БИ САТЫБАЛДЫУЛЫ

Айнур Канатовна Кайруллина¹, Альбина Абеновна Максумова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (д. 2, ул. Сатпаева, 010000, Астана, Республика Казахстан), PhD докторант
<https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>. E-mail: ainur1984@mail.ru

²Таразский университет М.Х. Дулати (д. 7, ул. Сулейменова, 080000, Тараз, Республика Казахстан), PhD, ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0000-0002-8198-2629>. E-mail: albina_kzt83@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Кайруллина А.К., Максумова А.А., 2025

Аннотация. *Введение.* После принятия в 1822 г. «Устава о сибирских киргизах» в Среднем жузе были открыты окружные приказы, казахские султаны и бии назначались на должности старшего султана, волостных правителей и становились представителями колониальной администрации. *Цель и задачи:* В данной статье на основе архивных материалов изучена личность и общественно-политическая деятельность Казангапа би Сатыбалдыулы, одного из первых казахских чинов Среднего жуза 1-й половины XIX века. Раскрыта биография Казангапа би Сатыбалдыулы, его происхождение и путь к занятию административной должности. Анализируется политическая и общественная деятельность Казангапа би в контексте социально-политических процессов в Среднем жузе первой половины XIX века, а также оценивается вклад Казангапа би в развитие институтов местного управления и его влияние на общественную жизнь региона. *Материалы и методы.* В ходе исследования были изучены архивные документы, исторический фольклор, ранее опубликованные материалы касательно деятельности Казангапа бия, проанализированы отчеты экспедиции. На основании этих данных была определена личность Казангапа Сатыбалдыулы и представлены новые сведения, касающиеся его деятельности. Используются историко-биографический, сравнительно-исторический методы и источниковедческий анализ. *Результаты.* Видный государственный и общественный деятель – Казангап би Сатыбалдыулы с 1843 по 1848 годы служил старшим султаном Баянаульского внешнего округа, официально созданного в 1833 году. Представлены сведения о происхождении Казангапа Сатыбалдыулы – представителя рода басентиин бори, а также приведены доказательства его высокого авторитета в данном роду. Кроме того, было установлено, что Казангап Сатыбалдыулы занимался благотворительной деятельностью. *Выводы.* Казангап би внес большой вклад в открытие и становление Баянаульского округа в качестве самостоятельного административного образования на землях Среднего жуза. В источниках отмечается, что би благодаря своей мудрости и умению свободно говорить по-русски пользовался особым доверием сибирской администрации.

Ключевые слова: Казангап Сатыбалдыулы, Баянаул, уезд, Средний жуз, старший султан, би, ру, басентиин, волость, устав

Благодарность. Статья подготовлена при финансовой поддержке Комитета науки, Министерства науки и высшего образования, проект ИРН BR28512385 «Междисциплинарное исследование региональных аспектов истории Казахстана (на основе новых архивных материалов и фольклорных произведений)».

Для цитирования: Кайруллина А.К., МаксUTOва А.А. Общественно-политическая деятельность старшего султана Баянаульского внешнего округа Казанғап би Сатыбалдыұлы // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 681-689. [на рус.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_681-689

БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ АҒА СҰЛТАНЫ ҚАЗАНҒАП БИ САТЫБАЛДЫҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Айнур Канатовна Кайруллина¹, Альбина Абеновна МаксUTOва²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2-үй, Сәтпаев көш., 010000, Астана, Қазақстан Республикасы), PhD докторант
<https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>. E-mail: ainur1984_@mail.ru

²М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (7-үй, Сүлейменов көш., 080000, Тараз, Қазақстан Республикасы), PhD, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-8198-2629>. E-mail: albina_kzt83@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Кайруллина А.К., МаксUTOва А.А., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» қабылдануына байланысты Орта жүзде округтік приказдар ашылып, қазақ сұлтандары мен билері аға сұлтан, болыс билеушілері қызметтеріне тағайындалып, отарлық әкімшілік құрылымында қызмет еткен тұлғаларға айналды. *Мақсаты мен міндеттері.* Мақалада XIX ғасырдың 1-жартысындағы Орта жүздің алғашқы қазақ шендерінің бірі Қазанғап би Сатыбалдыұлының тұлғасы мен қоғамдық-саяси қызметі қарастырылады. Қазанғап би Сатыбалдыұлының өмірбаяны, шыққан тегі мен әкімшілік қызметке келу жолы айқындалады. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Орта жүздегі әлеуметтік-саяси үдерістер контекстінде Қазанғап бидің саяси және қоғамдық қызметіне талдау жасалады. Сондай-ақ, жергілікті басқару институттарының дамуына қосқан үлесі мен аймақтың қоғамдық өміріне тигізген ықпалы бағаланады. *Материалдар мен әдістер.* Жаңа және бұрын жарық көрген материалдардың, яғни архивтік құжаттар, тарихи фольклор мен зерттеушілердің жазбалары, экспедиция есептері негізінде Қазанғап би Сатыбалдыұлының тұлғалық болмысы ашылып, қызметіне байланысты тарихи фактілер келтіріледі. Тарихи-биографиялық, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылып, деректанулық талдау жасалынады. *Нәтижелер.* Белгілі мемлекеттік және қоғамдық қайраткер Қазанғап би Сатыбалдыұлы 1843-1848 жылдар аралығында ресми түрде 1833 жылы құрылған Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны қызметін атқарған. Қазанғап Сатыбалдыұлының шығу тегі бәсентиін бөрі руына қатысты деректер ұсынылып, бәсентиін елі арасындағы беделділігінің жоғары болғандығы жайлы дәлелдер келтіріледі. Сонымен қатар мақалада оның қайырымдылық қызметі де ашылып отыр. *Қорытынды.* Бәсентиін бөрі руының төбе биі Орта жүз жерінде Баянауыл округінің ашылуы мен оның дербес әкімшілік құрылым ретінде қалыптасуына ат салысып, үлкен еңбек сіңірген еді. Қазанғап бидің даналығы мен орыс тілін жетік білу қасиеттері, әсіресе қажет болған жағдайда ымыраға келу білу қабілеті арқасында Сібір әкімшілігінің ерекше сенімділігіне ие болғаны атап өтіледі.

Түйін сөздер: Қазанғап Сатыбалдыұлы, Баянауыл, округ, Орта жүз, аға сұлтан, би, ру, бәсентиін, болыс, жарғы

Алғыс. Бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылай қолдауымен, IRN BR28512385 «Қазақстан тарихының өңірлік қырларын пәнаралық зерттеу (жаңа мұрағаттық материалдар мен фольклорлық деректер негізінде)» жобасы аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Кайруллина А.К., МаксUTOва А.А. Баянауыл сыртқы округі аға сұлтаны Қазанғап би Сатыбалдыұлының қоғамдық-саяси қызметі // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 681-689-бб. [орысш.].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_681-689

THE PUBLIC AND POLITICAL ACTIVITIES OF KAZANGAP BI SATYBALDYULY, THE SENIOR SULTAN OF BAYANAUL OUTER DISTRICT

Ainur K. Kairullina¹, Albina A. Maksutova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University (2, Satpayev Str., 010000, Astana, Republic of Kazakhstan), PhD student

<https://orcid.org/0009-0001-9886-037X>. E-mail: ainur1984_@mail.ru

²M.Kh. Dulati Taraz University (7, Suleymenov Str., 080000, Taraz, Republic of Kazakhstan), PhD, Associate Professor

<https://orcid.org/0000-0002-8198-2629>. E-mail: albina_kzt83@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Kairullina A., Maksutova A., 2025

Abstract. *Introduction.* Following the adoption of the Charter on the Siberian Kirghiz in 1822, district administrations were established within the Middle Zhuz. Kazakh sultans and biys were appointed as senior sultans and volost rulers, thereby integrating into and serving as representatives of the colonial administration. *Goals and objectives.* The personality and socio-political activities of Kazangap bi Satybaldyuly, who was one of the first Kazakh officials of the Middle Zhuz in the first half of the 19th century, are considered in this article. The biography of Kazangap Bi Satybaldyuly, his lineage and his path to attaining an administrative position are examined. His political and public activities are analyzed within the context of the socio-political processes in the Middle Zhuz during the first half of the 19th century. Kazangap Bi's contribution to the development of local governance institutions and his influence on the social life of the region are assessed. *Materials and Methods.* The personality of Kazangap bi Satybaldyuly is studied based on new and previously published materials, including archival documents, documents of historical folklore, notes of researchers and reports of expeditions and historical facts related to his activities are given. The research methodology includes the historical-biographical approach, the comparative-historical method, and source analysis. *Results.* Kazangap Bi was a well-known public and political figure, he served as the senior sultan of the Bayanaul outer district from 1843 to 1848, which this district was officially established in 1833. Kazangap bi Satybaldyuly was the supreme biy of the Basentiin bori clan. The article provides data on the genus Basentiin bori to which Kazangap Satybaldyuly belonged, as well as we can find an evidence of its high authority among the Basentiin people. In addition, his charitable activities are considered in the article. *Conclusion.* He was directly involved in opening of this district and made a great contribution to its formation as an independent administrative structure of the Middle Zhuz. According to the sources, the bi was held in special regard by the Siberian administration owing to his wisdom and fluency in Russian.

Key words: Kazangap Satybaldyuly, Bayanaul, district, Middle Zhuz, aga sultan, bi, clan, Basentiin, volost, charter

Acknowledgments. This article was prepared with the financial support of the Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education, project IRN BR28512385 «Interdisciplinary study of regional aspects of the history of Kazakhstan (based on new archival materials and folklore sources)».

For citation: Kairullina A., Maksutova A. The public and political activities of Kazangap Bi Satybaldyuly, the senior sultan of Bayanaul outer district // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 3. Pp. 681-689. [In Rus.].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_681-689

Введение. В первой половине XIX века из числа казахского народа стали появляться первые казахские чиновники и представители интеллигенции, имевшие свою гражданскую позицию, занимавшиеся общественной и политической деятельностью. Среди выдающихся деятелей казахского народа – известный государственный и политический деятель, широко признанный в регионе Среднего жуза, старший бий из рода басентиин бори, старший султан Баянаульского внешнего округа Казангап би Сатыбалдыулы.

Бии играли ключевую роль в традиционной системе управления и общественной жизни казахского общества. Их главная функция заключалась в том, чтобы сохранить единство народа, не разжигать споры, примирить народ, говоря о здоровом и справедливом правосудии. Но они выступали

не только как судебные и административные деятели, но и как носители народной мудрости, посредники в разрешении конфликтов и защитники прав своих общин. В условиях кочевого образа жизни и отсутствия жёстко централизованной власти именно бии обеспечивали соблюдение норм обычного права (Жеты жаргы), регулируя социальные отношения и поддерживая порядок на территории своих родов и племён. Их авторитет основывался на глубоких знаниях законов и обычаев, а также на умении находить компромиссы между различными интересами. Как писал ученый Шокан Уалиханов: «у казахов почетное звание бия присваивается народом, не каким-либо избирательным путем или утверждением власти, а только глубоко знающему судебную процедуру, а также владеющему ораторским искусством. Для того, чтобы стать бием, казахи состязались перед народом в ораторском искусстве, проявляли свое знание закона, ораторское мастерство. Имена таких людей разносятся по ветру, и становится достоянием всех, а не одного» [Уалиханов, 2004: 53].

С принятием «Устава о сибирских киргизах» в 1822 году и формированием внешних округов в составе Среднего жуза, бии начали официально назначаться на управленческие и судебные должности, включая волостных судей и членов окружных приказов. Таким образом, они стали не просто представителями традиционного права, а звеньями между колониальной администрацией и казахским населением. Это посредничество включало как разрешение внутрисемейных споров и судебные функции, так и исполнение решений, спущенных сверху. Таким образом, с распространением влияния Российской империи роль биев трансформировалась, что значительно повлияло на развитие местного самоуправления и политическую структуру региона.

Изучение жизни и деятельности Казангапа би Сатыбалдыулы, ставшего уникальным, необходимо для понимания сложных и противоречивых политических, социально-экономических изменений в казахском обществе XIX века, в частности, процесса формирования модели управления, разрушения традиционного образа жизни казахов, сущности изменений в кочевом хозяйстве и других социальных явлений.

Методы и материалы. Источниковедческую основу статьи составляют архивные документы, исторический фольклор, отчеты об экспедициях путешественников-исследователей казахской степи из числа русской интеллигенции, а также ранее опубликованные материалы авторов, исследовавших деятельность казахских чиновников.

© Akhmetova R.D., Konbay Ye., 2025

Abstract. Introduction. This article examines the causes of the social phenomenon of child homelessness that emerged in Western Kazakhstan during the 1920s–1930s as a result of collectivization, the harsh policies of War Communism, and natural disasters. It also explores the living conditions of children in orphanages. The reasons behind child homelessness are rooted in the political and economic reforms of the time. The Soviet government's disregard for the regional specificities of Kazakhstan led to the famine of 1931–1933 and mass population displacement, which in turn caused a sharp rise in the number of homeless children. **Goals and objectives.** The goal of this study is to analyze data on the scale of child homelessness and the material conditions of child welfare institutions in various regions of Western Kazakhstan, to identify how this issue is covered in scholarly literature, and to determine the directions of the activities of child welfare commissions during times of socio-economic upheaval. **Materials and Methods.** The methodological basis of the study is the systematization of statistical sources to determine the number of orphans and children left without parental care as a result of famine. The research relies on historical-systemic and comparative-analytical approaches, which allow for a comprehensive examination of the problem of child homelessness within a specific regional context. **Results.** The study identified the key political and historical factors that contributed to the emergence of child homelessness in the West Kazakhstan region as a consequence of the 1931–1933 famine. It also analyzed the measures taken by state and public institutions to improve the living conditions of children deprived of parental care, including the work of orphanages and juvenile commissions. **Conclusion.** During the Soviet era, the issue of child homelessness was not addressed at the official level. The fact that thousands of Kazakh children were left homeless, malnourished, and living in extremely harsh conditions during the famine years was never openly acknowledged and remained a state secret. Discussion of this issue was considered a potential internal and external political threat to the Soviet government, as the dissemination of such information would have undermined the ideological foundations of the state, revealed deep socio-economic contradictions and crises within the Soviet Union, and damaged its international reputation.

The scholarly significance of the study lies in the fact that addressing this historical episode makes it possible to reconstruct the authentic picture of the social catastrophes of the 1930s and contributes to the revitalization of historical memory.

Keywords: Western Kazakhstan, 1931–1933, collectivization, Soviet power, famine, child homelessness, orphanages

For citation: Akhmetova R.D., Konbay Ye. The fates of children during the famine of the 1930s: a case study of Western Kazakstan // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 3. Pp. 705-718. [in Kazakh].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_705-718

Кіріспе. Қазақ халқының басынан өткерген ауыр тарихи сынақтардың бірі – 1931-1933 жылдар аралығындағы ашаршылық. Күштеп ұжымдастыру саясаты, халықтың мал-мүлкін жаппай тартып алу, ауыл шаруашылығын ұйымдастырып басқарудағы өрескел қателіктер, табиғи апаттар мен Кеңес үкіметінің әкімшілік озбырлықтар қазақ қоғамын орасан зор дағдарысқа ұшыратты. Нәтижесінде миллиондаған адам қырылып, тірі қалғандары босқынға айналды. Алапат аштық пен күйзеліс балалар тағдырына әсер етті. Көшеде жетім қалған, ата-анасынан ажыраған немесе қамқорсыз қалған балалар саны күрт өсті. XX ғасырдың 30-жылдарындағы панасыз балалар қазақ қоғамындағы ең өткір әлеуметтік мәселеге айналды. Ашаршылық жылдарындағы балалар панасыздығы әлі күнге дейін толыққанды зерттелмеген, тарих ғылымында ақтаңдақ күйінде қалып отырған өзекті мәселе. Бұл құбылысты зерделеу біріншіден, XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік саясаттың қазақ қоғамына тигізген әлеуметтік зардаптарын жанжақты ашып көрсетуге мүмкіндік береді; екіншіден, ұлт тарихындағы ауыр кезеңдердің бірі болған аштық апатының шынайы ауқымын анықтауға септігін тигізеді; үшіншіден, бүгінгі тарихи сананы қалыптастыруда өткеннің әлеуметтік-демографиялық дағдарыстарын ұғынудың маңызы зор. Батыс Қазақстан өңіріндегі балалар панасыздығын зерттеу архивтік құжаттар мен жаңа дереккөздерді ғылыми айналымға енгізуді талап етеді. Панасыз балалардың нақты сандық көрсеткіштерін, олардың әлеуметтік жағдайын және мемлекеттік, қоғамдық құрылымдардың көмек көрсету шараларын анықтау, бұл мәселені объективті бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері әлеуметтік тарих пен демографиялық ғылымдардағы интердисциплинарлық зерттеулерде маңызды дерек көз болмақ.

Мақсаттар мен міндеттер. Зерттеудің әдіснамалық негізін аштық салдарынан ата-анасыз қалған жетім балалардың санын анықтау мақсатында статистикалық дереккөздерді жүйелеу құрады. Ғылыми жұмыста тарихи-жүйелік және салыстырмалы-талдамалық тәсілдер қолданылып, балалар панасыздығы мәселесін аймақтық контекст аясында кешенді сипаттауға мүмкіндік берді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негізін 1931–1933 жылдардағы балалар панасыздығы мәселесіне арналған ғалымдардың еңбектері, архив қорларының құжаттары мен ғылыми құжаттық жинақтары құрайды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) №509 қорда сақталған Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Балалардың өмірін жақсарту жөніндегі орталық балалар комиссиясының бұрын ғылыми айналымға енгізген құжаттары және Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің (АқОМА) № 3-П қорындағы «ҚазАКСР» РСФСР Халық ағарту комиссариатының панасыз балаларды есепке алу жөніндегі нұсқаулық материалдары және пайдаланылды. Сонымен қатар, дереккөздік база ретінде «Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника» көптомдық басылымы қолданылды [Ашаршылық..., 2021, 2023]. Бұл жинақта архивтік құжаттар мен замандас куәгерлердің естеліктері негізінде қазақ ауылдарындағы мәжбүрлі ұжымдастыру тарихы, оның қоғамға тигізген зардаптары, соның ішінде балалардың қаза табуы мен жетім балалар санының күрт өсуі жан-жақты сипатталған.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихилық және объективтілік қағидаттары айқындайды. Тарихилық қағидатына зерттеліп отырған мәселені өз дәуірінің нақта тарихи жағдайында қарастыруға, балалар панасыздығы құбылысының пайда болуы мен дамуын әлеуметтік-экономикалық үдерістермен сабақтастыра талдауға мүмкіндік берді. Объективтілік қағидатына сәйкес ашаршылықтың себептері мен салдарлары, сондай-ақ оның қоғамдағы ең әлсіз топ – балалардың өміріне тигізген ықпалы жан-жақты қарастырылды. Мәселені тереңірек ашу мақсатында жалпығылыми әдістер (анализ, синтез, статистикалық тәсілдер) мен арнайы тарихи әдістер (тарихи-салыстырмалы, тарихи-типологиялық және тарихи-жүйелік) қатар қолданылды. Сонымен қатар зерттеудің теориялық негізін әлеуметтік тарих пен демографиялық тарих тұжырымдамалары құрайды. Балалар панасыздығы әлеуметтік феномен ретінде қоғамдағы дағдарыстық құбылыстардың көрінісі ретінде қарастырылды. Модернизациялық теория кеңестік аграрлық реформалардың дәстүрлі қазақ қоғамына ықпалын ашуға мүмкіндік берсе, құрылымдық зорлық теориясы ашаршылық жылдарында балалардың аса ауыр жағдайға түсу себептерін түсіндіруге қолданылды.

Талқылау. XX ғасырдың 1930-жылдарындағы ашаршылық қазақ халқының ең қасіретті кезеңдерінің бірі ретінде бірқатар зерттеулерде көрініс тапты. Солардың алғашқыларының бірі, 1999 жылы жарық көрген М. Малышева мен В. Познанскийдің «Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931–1934)» еңбегі. Бұл зерттеуде аштықтан қашқан қазақтардың Батыс Сібірдің оңтүстік аймақтарына жаппай қоныс аударуы, олардың жаңа ортаға бейімделу және орналастыру мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ авторлар этносаралық қатынастардың ерекшеліктеріне және аштықтан зардап шеккендерді құтқару шараларына назар аударған [Малышева, Познанский, 1999:536]. Аштық салдарынан панасыз қалған балаларын қорғау мақсатында оларды балалар

үйлеріне орналастыру, азық-түлікпен қамтамасыз ету, киім-кешек беру және медициналық көмек көрсету сияқты әлеуметтік шараларды ұйымдастыру фактілері қарастырылды.

Қазақстандағы 1930-жылдардағы ашаршылық зардаптарын алғашқылардың бірі болып ашық көрсеткен еңбектердің қатарында Валерий Михайловтың орыс тілінде басылып шыққан «Хроники Великого джута» атты кітабы ерекше орын алады. Кітапта ашаршылықтың Қазақстан аумағындағы даму барысы, оны еңсеру жолында атқарылған шаралар, сондай-ақ ұлт зиялыларының нәубетке қарсы жүргізген күресі нақты деректер негізінде талданады. Сонымен бірге босқыншылық, балалардың аштыққа ұшырауы мен қазаға ұшырауы мәселелері де ғылыми тұрғыдан сипатталған [Михайлов, 1996: 400].

Қазақ КСР-дегі балалар панасыздығы мен қамқорсыздығы мәселелерін, сондай-ақ балалар үйлерінің құрылуы мен қызмет тарихын зерттеумен тұңғыш рет айналысқан ғалым Г.Б. Сүгірәлімованың еңбегін атауға болады. Қазақстандағы панасыз балалар тарихын зерттеген тарихшы Г.Б. Сүгірәлімованың диссертациялық еңбегінде XX ғасырдың 1920–1940 жылдарындағы панасыз балалардың әлеуметтік мәселесінің шешілу тарихы жан-жақты қарастырылады. Автор аграрлық реформалардың ауыл балаларына тигізген зардаптарын, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың қызметін архивтік деректер негізінде талдап, куәгерлердің естеліктерімен дәйектейді [Сүгірәлімова, 2006: 147].

Қазіргі таңда О.Х. Мұхатова өз ғылыми мақалаларында көбірек көңіл бөледі. «Steppe panorama» Asian journal-ға шыққан мақаласында 1931–1933 жылдардағы ашаршылық салдарынан панасыз қалған балалардың тағдырын архив деректері мен куәгерлердің естеліктері негізінде қарастырады. Зерттеуде тарихилық пен объективтілік қағидаттары басшылыққа алынып, сипаттау, талдау және жүйелеу әдістері қолданылған. Нәтижесінде аштықтан тірі қалған балалардың әлеуметтік жағдайы, олардың жетімдер үйлері мен қабылдау пункттеріне орналастырылуы, Өлкелік балалар комиссиясының қызметі айқындалды. Автор ашаршылық жылдарында қорғансыз қалған балаларды аман алып қалу шаралары жүзеге асырылғанымен, олардың советтік идеология аясында тәрбиеленгенін атап көрсетеді [Мұхатова, 2025: 528].

С.О. Смағұлова «1931-1933 жылдардағы қазақ балаларының ашығуы» мақаласын ашаршылық кезеңінде қазақ балаларының тағдырын, олардың аштыққа ұшырау себептері мен салдарын зерттеуге бағытталған. Зерттеу барысында автор архив материалдары мен куәгерлердің естеліктеріне сүйене отырып, аштықтың балаларға тигізген ауыр зардаптарын, олардың панасыз қалуын және мемлекет тарапынан жүргізілген шаралардың жеткіліксіздігін талдайды. XX ғасырдың 30-жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың ең осал топқа – балаларға тигізген әсерін анықтауға негізделген. Нәтижесінде, балалар үйлеріндегі ауыр жағдайлар, денсаулық сақтау жүйесінің тиімсіздігі және ашаршылықтың шынайы ауқымын жасыруға бағытталған мемлекеттік саясаттың әсері айқындалады [Смағұлова, 2023: 341].

Осы мәселемен тікелей айналысып жүрген тарихшылар А.Т. Қайпбаева, А.М. Әбікей 1920-1930 жылдардағы Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесіне тарихнамалық шолу жасап, зерттеушілердің еңбектерін талдайды. Балалар панасыздығының пайда болуын экономикалық және саяси реформалардың салдары деп тұжырымдайды [Қайпбаева, Әбікей, 2024].

З.Г. Сактағанова, Т.Қ. Сақабайдың «1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесі» мақаласында 1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы балалар панасыздығының пайда болу себептері жан-жақты зерттеліп, мемлекеттік билік органдарының бұл мәселені шешуге бағытталған негізгі шаралары қарастырылады. Сонымен қатар, панасыз балалармен күрес аясында жергілікті жерлерде ашаршылыққа ұшыраған балаларды тамақтандыру пункттерін ұйымдастыру, оларды азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету, қаржылай қолдау көрсету, сондай-ақ балалар үйлерін ашу мәселелері мен ондағы тәрбиеленушілердің жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Зерттеу нәтижесінде, авторлар 1930-жылдардағы ашаршылықтың Орталық Қазақстанда қараусыз, панасыз балалар санының күрт артуына әкелгені жөнінде қорытынды жасайды [Сактағанова, Сақабай, 2024].

Қазақстанда жүргізілген 1930-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру науқанының салдары негізінде Шығыс Қазақстан өңірі бойынша панасыз балалар тарихы туралы К.К. Байсаринаның мақаласында өңірдің барлық аудандарында, соның ішінде қазақ ауылдарындағы ашаршылықтың зардаптарынан кейін орын алаған панасыз жетім қалған балалардың ауыр жағдайы және қиын тағдыры жан-жақты баяндалады. Автор архив деректеріне сүйене отырып аймақтағы балалардың саны туралы мәліметтер келтірген. Панасыздықтың негізгі себептерін ашуға бағытталған.

Балалардың жұкпалы аурулардан аурып, оларды емдеуде денсаулық сақтау ұйымдарының жағдайы қанағаттанғысыз деңгейде болғандығын анықтайды [Байсарина, 2021].

Қарастырылған зерттеулер Қазақстанның түрлі аймақтарындағы (Орталық және Шығыс Қазақстан) балалар панасыздығының тарихи аспектілерін терең талдағанымен, Батыс Қазақстан аумағындағы жағдай зерттеу аясынан тыс қалып отыр. Бұл – өзекті мәселе, себебі 1930-1933 жылдардағы ашаршылық пен ұжымдастырудың салдары бұл өңірге де ауыр тиді. Панасыз балалардың жағдайы, оларға көрсетілген көмек шаралары және аймақтық ерекшеліктері арнайы зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, Батыс Қазақстандағы панасыздық мәселесін архивтік деректер негізінде талдап, тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастыру маңызды.

Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде 1930-жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың ауқымы мен көпқырлығы жан-жақты қарастырылады. Сара Кэмеронның «The Hungry Steppe» атты еңбегінде ұжымдастыру саясаты мен дәстүрлі көші-қон үлгісіндегі өзгерістердің салдары ашаршылықтың басты факторлары ретінде талданады [Камерон, 2018: 304]. Алайда, онда балалар панасыздығы мәселесі жеке зерттеу нысанына айнамай, негізінен жалпы демографиялық шығындар аясында ғана сипатталады.

М.В. Кашыкчи аштықтың балалар тағдырына ықпалын куәгерлердің естеліктері арқылы ашып көрсетеді [Кашыкчи, 2020].

Ал, Роберт Киндлердің «Сталиндік көшпенділер» еңбегінде панасыз балалардың еңбекке жегілгені жөніндегі статистикалық мәліметтер мен куәгерлік деректер талданған. Мәселен, 1930-1931 жылдары Қазақстанда салынуы тиіс үйлерді тұрғызу барысында саз илеп, кірпіш құю және кептіру жұмыстарының негізінен 16 жасқа толмаған жасөспірімдердің тартылғаны, олардың еңбегі үшін тиісті ақы да, азық-түлік те берілмегені көрсетіледі [Киндлер, 2024: 189].

Осы тұрғыда алғанда, шетелдік ғалымдардың еңбектері кеңестік кезеңдегі ашаршылықтың жалпы ауқымын, себеп-салдарын және әлеуметтік зардаптарын түсінуге маңызды үлес қосады. Дегенмен, балалар панасыздығы мәселесі жанама түрде сөз болғандықтан, оны дербес зерттеу нысанына айналдыру қазіргі тарих ғылымының өзекті міндеттерінің бірі болап табылады.

Нәтижелер. Балалар панасыздығы 1930 жылдары Кеңес қоғамы үшін ең өзекті мәселеге айналды. ЦИК (ҚазАКСР – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті) Президиумы мен СНК (совком немесе «Халық Комиссарлар Кеңесі») 1930 жылы 20 қарашада балалардың панасыздығына қарсы жұмыс барысы туралы қаулы қабылдады. Онда жергілікті атқару комитеттері мен кеңестері, сондай-ақ қоғамдық білім беру ұйымдарына көшеде қаңғыған панасыз балалар санын жою және балалар үйінің жағдайын жақсарту бойынша жұмыс шаралары дұрыс атқарылмаған делінген.

Мәжбүрлі ұжымдастыру саясаты, репрессиялар мен ашаршылық елдегі демографиялық шығындардың артуына және әлеуметтік тұрақсыздықтың күшеюіне алып келді. Осы жағдайда балалардың қараусыз қалуы мәселесі ерекше өзекті болып, мыңдаған баланың панасыз және ата-ана қамқорлығынсыз қалуына себеп болды.

Мәскеуде 1930 жылдың 20 қарашада Орта Азиядағы балалар панасыздығын жою мәселесі бойынша Өлкелік Кеңес шақырылды. Кеңесте балалар панасыздығын жою үшін өлкелік жедел штаб құру, балалар үйлерінің түлектерінің 25 пайызын бронь есебінен фабрика-зауыттық оқыту (ФЗО) курстарын оқыту Еңбек Халық Комиссариатына, балалар мекемелеріндегі санитарлық медициналық қызметін ұжымдастыру Халық денсаулық сақтау комиссариатына нұсқау беру қаулысы қабылданды [ҚР ОМА. Қ. 509 Оп. 1. I. 154. П. 17]. Халыққа білім беру халкомы мен Қаржы халкомына балалар үйлерін жабдықтауды азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету жұмыстарын жеделдету тапсырылды.

Алайда, 1930 жылдардың басында панасыз балалар саны қайтадан шарықтап кетеді. Себебі, шаруалар тұрмысының нашарлауы, 1932-1933 жылдардағы аштық, саяси-қуғын сүргендермен байланысты еді. Большевиктік сұрқия саясатынан туындаған әлеуметтік құбылысты ауыздықтау үшін КСРО Халық комиссарлар кеңесінің (ары қарай ХКК) «Балалар панасыздығы мен көшедегі балалар қараусыздығымен күресу шаралары туралы» қаулысы шықты. Осы қаулының орындалу нәтижесін тексерген РСФСР ХКК өкілдері Қазақ АКСР-дағы балалар үйлерінің жағдайы мүшкіл деп, жергілікті органдардың басшыларын сынайды. Осы кемшіліктерді жою жолдары ҚазАССР ХКК-нің төрағасының орынбасарына жүктеледі. Ресми құжаттарда панасыз балалар мәселесі 30-жылдардың ортасына қарай түпкілікті шешілді деп көрсетеді. Ол жөнінде 1935 жылы шыққан КСРО ХКК және БКП(б)-ның қаулысында айтылады. Үкімет тарапынан панасыз балаларға жасалған қамқорлығы 1920 жылдары қалыптасып, 1930-жылдары дамыған әлеуметтік-құқықтық қорғау жүйесі, қиын-қыстау кезінде қоғамның ең әлсіз, қорғансыз мүшелерін жаппай құрып кетуден сақтап қалғандығын

мойындауымыз керек. Дегенмен, жергілікті органдардың басшыларының сорақы саясаты көптеген балалардың өмірін тығырыққа тіреді.

1928-1929 жылдары көшедегі балалар арасында қазақ балаларының саны айтарлықтай өсті. 1933 жылғы 11 ақпандағы комиссия отырысының хаттамасына сәйкес, Қазақ АКСР-інде қараусыз қалған балаларға көмек көрсету мәселелері қарастырылып, сол кезеңде балалар мекемелерінің қамқорлығына алынған және қолдауға мұқтаж балалар саны 40 мыңға жеткені анықталды. 1933 жылғы 3 сәуірде ВЦИК-тің ДТК өкілінің құпия баяндау хатында Қазақстандағы қараусыз қалған балалардың жағдайы аса ауыр деп сипатталып, олардың санының үнемі артып отырғаны және бұл көрсеткіш 60 мыңға жеткені атап өтілді [Ашаршылық, Т.3, 2021: 452, 562].

РСФСР үкіметінің 1932 жылғы 28–30 желтоқсандағы қаулысымен Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті жанындағы балалардың өмірін жақсарту жөніндегі комиссияның кеңейтілген пленумында қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты балалардың панасыздығы мен қараусыз қалуымен күресу мәселесі талқыланды. Панасыз балалар санының көбейгенін жоққа шығару мүмкін емес еді. Атқару Комитеті жанындағы балалар өмірін жақсарту жөніндегі балалар комиссиясының қызметі туралы есепте, 1932-1933 жылдары панасыз балалар мәселесінің өршіп тұрғаны сипатталады. Баяндамашылар панасыздықтың өршуінің себептерін атап (шаруалардың диверсиясы, партия мен кеңес органдарының ауыл шаруашылығын басқарудағы қателіктері, егін тапшылығы), балалар үйіндегі балалар санын көрсетіп өтеді.

1933 жылғы 16 тамызда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі Істер басқармасының Құпия бөлімі әзірлеген қаулы жобасында Қазақстандағы 70 000 қараусыз қалған баланы орталықтандырылған түрде азық-түлікпен қамтамасыз ету көзделді [Ашаршылық, Т.4, 2021: 672].

Бұл құжаттар Қазақстандағы балалардың қараусыз қалу мәселесінің ауқымды екенін айғақтайды. Қараусыз қалған балалар санының күрт өсуі елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрделене түскенін және мемлекеттік құрылымдардың дағдарысты жедел еңсеруге қабілетсіз болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, қараусыз қалған балаларды азық-түлікпен орталықтандырылған қамтамасыз ету мәселесінің орталық билік деңгейінде мойындалғанын дәлелдейді.

Ресми билік бұл үрдісті жетім балалардың ауылды тастап, қалаға кетіп бара жатқанын ауылдық жерлерде профилактикалық жұмыстардың жүргізілмеуімен түсіндірді. Алайда, шын мәнінде, босыған панасыздар Кеңес үкіметінің «Қазақ ауылын кеңестендіру» саясатының алғашқы құрбандары болды. Большевиктік аграрлық реформалар 1928 жылы байлардың қожалықтарын кәмпескілеуді бастағаны тарихтан белгілі. Ресми деректер бойынша 700-дей қожалық тәркіленіп, 1486 адам, оның ішінде 552 бала жер аударылған деп көрсетеді [Мұқтарұлы, 1997:416]. Осылай ғасырлар бойы қалыптасқан елдің тұрмысының астан-кестені шықты.

Аштықтың салдарынан балалардың жаппай қырылуы жағдайында олардың тағдырына тікелей жауапты орган Өлкелік балалар комиссиясы (ӨБК) атқарған қызметі жөніндегі заңды сауал туындайды. Сол жылдары Қазақ ӨБК басқарған Ә. Жангелдин 1929 жылдың қаңтарынан 1931 жылдың қаңтарына дейінгі атқарған жұмыстардың қорытындысын берген. Есепте: Қазақстан бойынша 113 балалар үйінің тізімін, онда 9149 бала тәрбиеленеді делінген. Батыс Қазақстан өлкесі бойынша Оралда – 9 балалар үйі, 589 бала, Гурьевте (Атырау) – 2 балалар үйі, 130 бала, Ақтөбеде – 8 балалар үйі, 406 бала, Қостанайда 10 балалар үйі, 533 бала және Қостанай ауыл-шаруашылық коммунасында 100 бала қамтылған. Яғни, барлығы 1758 бала болған, ол жалпы бала санының 19,2 пайызын құрап отыр. Құжатқа сәйкес, республикада 27 аудандық комиссия қызмет атқарған. Олардың 12-сінде қаржылық және материалдық қамтамасыз ету деңгейі жоғары болып, балалармен жұмыс ұйымдастыру тиімді жүргізілген. Қалған 15-і ҚазӨБК-ның толық дотациясына қарап отырған [ҚР ОМА. Қ.509 Оп.1. І.138. П.1-4]. Балалар үйлерінің 60 пайызының қосалқы шаруашылығы болмай, толығымен Үкімет бюджеті есебінен күн көргенін байқаймыз. Есепте қазақ халқының 80 пайызы азық-түлік отрядтарының тонаушылығынан, табиғи қуаңшылықтан ашыққаны туралы мәлімет кездеспейді. Республикадағы балалардың 9149-ы ғана мемлекеттік қамқорлыққа алынған, ол панасыздардың 45-50 пайызын ғана құрады. Ал көшеде қалған, балалар үйіне орналастырылмағандардың тағдыры айтпай-ақ түсінікті.

Осындай толық қамтылмаған статистикаға қарамастан, тарихшылар мен демографтардың алдын ала талдау нәтижелері қазақ этносының аштық салдарынан орасан зор шығынға ұшырағанын дәлелдейді. Ашаршылықтан, жұқпалы індеттерден және табиғи өлімнен халық 2 миллион 200 мың адамынан айырылып, бұл жалпы құрамның шамамен 49 пайызын құрады [Заклучение, 1992].

Архивтік құжаттар 1930-жылдары Ақтөбе облысының көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында егін өнімділігінің төмен болғанын, ал кейбір аудандарда 1932 жылдан бастап жазғы қуаңшылық салдарынан егіс алқаптарының толық жойылып кеткенін дәлелдейді.

1932 жылдың басында Еділ бойында тек Соль-Илецк ауданында (Орта Еділ) 13 мыңға жуық қазақ босқындары болған. Аймақ эпидемиялық аурулардың ошағына айналды. Осы кездегі балалардың жағдайы өте қиын болды. Жаппай панасыздықтың таралуы, балаларды тастап кету жағдайлары туралы баяндалады. Сол уақытта панасыз қалған қазақ балаларының саны 1660 адамға өсті [Құдайбергенова және т.б., 2022: 151, 100].

1932 жылғы 14 сәуірде ВЦИК жанындағы Балалар комиссиясының Президиумына жолданған баяндамалық жазбаға сәйкес, 21 наурыз бен 10 сәуір аралығында Орта Еділ өлкесінде жұмыс істеген бригада (құрамында ДТК ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі жолдас Жук, Халық ағарту комиссариатының өкілі Макрушина және Денсаулық сақтау халық комиссариатының өкілі Ципринский) қазақ көшпенділерінің жаппай ағылуын анықтады.

Мәліметтер бойынша, Орта Еділ өлкесінің 11 ауданында олардың жалпы саны 50 мыңнан асып, шамамен 30%-ын балалар құраған. Көшпенді отбасылар негізінен Орал және Ақтөбе облыстарының ең шалғай аймақтарынан, сондай-ақ Каспий теңізіне жақын өңірлерден қоныс аударған [Ашаршылық, Т.3, 2021: 195].

Бұл деректер 1932 жылы Қазақстандағы ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайдың салдарынан қазақ көшпенділерінің Орта Еділ өлкесіне жаппай қоныс аударғанын айғақтайды. Ең алаңдатарлық мәселе – қоныс аударушылардың едәуір бөлігін балалар құрағаны, бұл олардың отбасыларының аса қиын жағдайда болғанын көрсетеді.

Сөйтіп еліміздің көптеген аудандарында 1932 жылдың күзінен басталған аштық 1933 жылдың қысы мен көктемінде күшейіп ұлттық апатқа ұласты.

1933 жылдың 20 қаңтар - 20 ақпан аралығында панасыздықты жою айлығы жарияланып, барлық ұжымдарда жедел жиналыстар өткізіліп, қаржы жинау, панасыздар пайдасына 10 тиындық талон маркасын енгізу ұсынылған. Панасыздықпен күрес штабының Халық ағарту комиссариатының төрағасы Сейітқали Меңдешұлының қатысуымен 1933 жылы 28 маусымда өткен кеңейтілген мәжілісінде 25 маусымнан 25 шілдеге дейін тағы да айлық өткізу, аудандық оқу бөлімінде кеңестік бюро құрып, балалар коммунасы қызметкерлеріне тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету, семинарлар мен мәдени шараларға ағарту қызметкерлерін жұмылдыру керектігі айтылды. Аштық жылдары ата-анасынан айырылып, панасыз қалған балалар ең ауыр зардап шеккен әлеуметтік топтың бірі болды. Мемлекет тарапынан мұндай балаларға көмек көрсету заңнамалық тұрғыда қарастырылғанымен, архив деректері мен аштық куәгерлерінің естеліктері бұл көмектің қазақ ауылдарына толық көлемде жетпегенін айғақтайды.

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен ауданының тұрғыны Нұрманов Жетеу (1922 жылы туған) өз естелігінде: «1930–1931 жылдары негізгі атамекені Ақтөбе облысының Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылынан Маңғыстаудың Бесқала (Қоңырат) жеріне қоныс аудардық. 1932 жылдың аяғы мен 1933 жылдың басында жаппай аштық басталғанда қазақтар балаларын тастап, бастары ауған жағына шұбырды.

Сол 1933 жылы ағам Смағұл, өзім, қарындасым Аружан (8–9 жаста), інім Базарбай (6–7 жаста) бәріміз Қоңыратта балалар үйінде орналастық. Шешем туыстарымен бірге Әмудария жағасымен Түрікменстанға кетті.

Қоңыратта біздің жағдаймыз былай болды: Смағұл ағам (15-16-да) Қоңырат басшыларының біреуінің үйінде қызмет жасап, Қарақалпақстанның сол кездегі астанасы Төрткүл қаласына 1 жылдық мұғалімдер дайындайтын курсқа кетті.

Мен, інім, қарындасым балалар үйінде қалдық. Балалар өте көп еді. Аштықтан өлген балаларды жетімхана жанындағы шұңқырлау жерге 2–3 бел, күрек қағып, бір шұңқырға бірге көме салатынбыз.

1933 жылы ортасында інім мен қарындасымды өз қолыммен жерледім. Сол 1933 жылы аштық өзінің шегіне жетті. Төмендегідей жағдай, бұған толық дәлел: Балалар үйінің 4–5 күшігі бар қара ала ит бір түнде жоқ болып кетті, ашыққандар ұрлаған. Балалар үйінің алдынан Қоңыратқа апаратын үлкен жолда есекпен базарға кетіп жатқан адамдарды аңдып, жол шетіндегі арықта отырған, қолында пышақтары бар адамдарды көретінбіз. Олар базарлап жүрген адамның итінің, есегінің қарынына пышақ тығып алатын, ішек-қарны шұбатылған есек құлағанда, 10–15 адамдай топ, кәдімгі қара қарғалар ұқсап жабылып, қолына ілген жерлерін кесіп алып жататын [Ашаршылық. Т. 5. 2021: 192].

Ж.Нұрмановтың естеліктері ашаршылықтың психологиялық, әлеуметтік және экономикалық салдарын айқындайды. Оның сөздерінде аштықтың адамдық қатынастарға, отбасылық құрылымдарға

әсері мен трагедиялары айқын көрінеді. Осы оқиғалармен қатар, әрбір адамның өмірінде көрген қайғы-қасіретінің ауырлығын, қоғамдағы үлкен әлеуметтік өзгерістерді ескере отырып, осы ашаршылықтың тек бір кезеңінің ғана емес, тұтас ұлттың тағдырына тигізген әсері туралы тұжырым жасауға болады.

Жетімдер үйінде 1932-1933 жылдары бала өлімі өте жоғары болғандықтан (кей айларда тәрбиеленушілердің 10 пайызынан астамы шетінеп отырған) [ҚР ОМА. Қ. 509. Оп. 1. I. 78. П. 241], сондай ақ жетімдердің бәрі түгел есепке алынбайтындықтан, олардың шын саны ресми көрсетілген сандардан әлдеқайда көп болғанын жобалау қиын емес. Балаларын тастап кетуге мәжбүр болған ата-аналар жаны қиналып тұрып, теориялық тұрғыдан болса да балаларына өмір сүру мүмкіндігін беруге тырысатын. Басқаша айтқанда, тұрмысы тәуір адамдар асырып бағады деп үміттететін. Омыраудағы балаларын сәбилер үйіне қалдырып кететін, өтіп бара жатқан жақсы адамдардың қолына ұстатып кететін [Михайлов, 1996:328].

Балалар мекемелерінің қанағаттанарлықсыз материалдық жағдайы мен қаржы ресурстарының жетіспеуі ондағы балалардың болуын қатерге тікті, бұл кеңестік органдар тарапынан да мойындалған еді. Көптеген балалар үйінің жағдайы аса ауыр халде болды. Ғимараттар толып кеткен, балалардың өмір сүруіне мүлде бейімделмеген, ал кейбірі тіпті апатты жағдайда тұрған. Төсек-жабдықтар іс жүзінде болмады, балалардың ауыстыратын киімі мен аяқ киімі жоқтың қасы еді, көбіне жалғыз жейдемен ғана жүрген. Олар тікелей еденде ұйықтауға мәжбүр болды, ал бір ғана киіз болса – сирек кездесетін жағдай саналатын.

Балаларды балалар үйіне немесе моншаға тасымалдау адам төзгісіз жағдайда жүзеге асырылды – оларды киізбен, көрпемен немесе қолдағы кез келген шүберекпен бүркемелеп жеткізді. Тамақтану жағдайы да сын көтермеді: белгіленген нормалар сақталмады, тағам мөлшері қысқартылды, азық-түлік кешігіп жеткізіліп, көбіне қажетті қорлармен қамтамасыз етілмеді. Өнімдерді тарату мен пайдалануға бақылау жасалмады, бұл аймақтық басқару құрылымдарынан бастап, балалар үйлерінің өзіне дейін созылған кең ауқымды ұрлықтарға алып келді.

Қаржыландыру деңгейі де сындарлы шекке жеткен болатын: 1932 жылы жоспарланған 4 579 000 рубльдің орнына Қазақстандағы балалар үйлері бар болғаны 1 545 000 рубль ғана алды, бұл бекітілген бюджеттің небәрі 33,9%-ын құрады [Ашаршылық, Т.3, 2021:563].

Балалар үйлері қажетті жабдықсыз, отынсыз қалды, ал олардың тәрбиеленушілері киім-кешек, төсек-жабдықтар, аяқ киім және тіпті азық-түліксіз өмір сүруге мәжбүр болды. Мекемелерге түскен мардымсыз ресурстардың өзін қаржы тапшылығына байланысты пайдалану мүмкін болмады. Нәтижесінде, көптеген балалар үйінде өлім-жетім күрт артты, ал толыққанды тәрбиелік үдерісті жүзеге асыру туралы айту мүлде мүмкін емес еді.

1933 жылғы 5 қыркүйектегі Ақтөбе облысы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) бөлімінің жазбасында Ырғыз ауданының № 27 ауылында халықтың азық-түлік тапшылығы салдарынан ауыр жағдайға тап болғаны баяндалады. Құжатта ауылдарға жіберілген азық-түлік көмегін негізінен белсенділердің өзара бөліп алғаны, ал ашыққан тұрғындарға мүлдем үлестірілмегені атап өтіледі. Сондай-ақ, аштық салдарынан адам шығынының артқаны, ата-анасынан айырылған жетім балалар санының көбейгені туралы деректер келтірілген. 1933 жылдың шілде айында ата-анасы аштық салдарынан көз жұмған, мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж жас балалардың саны 8237-ге жетіп, осыған байланысты қосымша 44 балалар үйі ұйымдастырылған [АқОМА. Қ. 13-П. Оп. 2. I. 458. П. 1-2].

Архивтік құжаттарда азық-түлік тапшылығынан бөлек, панасыз қалған жасөспірімдердің санының күрт өскені туралы мәліметтер келтіріледі. Аудандық атқару комитетіне, аудандық бөлімдер мен мекемелерге жетім балаларды жаппай әкеліп тастау жағдайлары жиілегені айтылады.

БКП (Б) Ақтөбе облыстық комитеті қоғамдық тамақтандыру жағдайы және еңбекпен қамтамасыз ету туралы 1933 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығындағы арнайы есебінде облыс аудандарының азық-түлік тапшылығынан зардап шегіп жатқандығы, жекелеген учаскелердің жинаған толық емес мәліметтерінде Ойыл, Торғай, Батбақар, Темір, Табын (Байғанин), Шалқар аудандарындағы өте күрделі жағдайды сипаттайды. Ойылдың № 7, 8, 9, 11, 16, 18, 23 ауылдарында 1933 жылдың ақпан айында аштықтан 353 адам өлімі, Ойыл ауылының өзінде желтоқсан-ақпан айларында 167 өлім тіркелген. Батбақара ауданының № 1, 3, 5, 6, 7, 10 ауылдарында 1932 жылдың қазан айынан 1933 жылдың наурызына дейін 321 адам аштан өлген. Темір ауданының №2 ауылында қаңтар-ақпан айларында 26 адам, № 6 ауылда 10 отбасы, 28 адам қайтыс болды. № 2, 4, 6 ауылдарда 147 отбасында 566 адам азық-түлік тапшылығын көріп отыр. Осындай күрделі жағдайға байланысты 15 ақпан-10, 13 наурыз аралығында кейбір аудандарда каннибализм, өліктерді

жеу фактілер тіркелді. Ойылда тергеу барысында 5 адам жеу фактісі анықталып, оның 2-уі кісі өлтірген. Ауылда аштықтан әлсіреген 6 адам 3 адам мәйітін азық ретінде тұтынған (Нұров, Урманбаев, Кенжиев, Есеев, Есеев Т. және Аяғалов) [АқОМА. Қ. 13-П. Оп. 2. I. 282. П. 4-5]. Торғай ауданының №8 ауылында ақпан айынан бастап адам жеу фактілері тіркеліп, өлген малдардың еті мен мәйіттерді азық ретінде қолданған. Осы жағдайдың өршуі күннен-күнге балалардың панасыздығын туғызды. Балаларды тастап кету фактілері жиі тіркелді. Ойылда 1933 жылдың ақпанында панасыз балалар саны – 200-ге көбейді, ал 10 наурызға дейін балалар үйіне 400 жетім бала қабылданған. Алайда, балалар үйінде орын тапшылығына байланысты 80 жетім бала қабылданбай қалған. Темір ауданында 350 жетім, балалар үйіне орналастырылған. Балаларды жұмысшы-шаруа инспекциясына (РКИ), балалар үйіне және аудандық бөлімге тастап кету жағдайлары өте жиі кездеседі. Ауылдық жерлердегі азық-түлік тапшылығы облыстың бірқатар аудандарында, әсіресе, Батбаққара ауданында берілген азық түлікті жымқыру және орынсыз пайдалану фактілері анықталған. Өтірік құжаттар жасап, азық-түлік көмегі қорынан 120 пұт тары ұрлаған. Кейбір колхоз басшылары азық-түлік қорларын сатып, ақшасын иемденген. Осындай әрекеттері үшін қатаң жаза қолданып, тонаушыларға қарсы қуғын-сүргінді күшейту жөнінде тапсырмалар берілді. 18 іс бойынша 112 адамға азық-түлік көмегі қаражатын жымқырды деген айып тағылды [АқОМА. Қ. 13-П. Оп. 2. I. 282. П. 5-7]. Осындай жағдайлар жергілікті халықтың жағдайын одан әлі әлсіретіп, тастанды балалар санын ұлғайтты.

Арал ауданы әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес 1932-1938 жылдар аралығында Ақтөбе облысының құрамында болды. Төменде ұсынылған құжатта 1932 жылғы 25 қазандағы Ақтөбе облыстық ОГПУ-дың саяси бөлімінің Арал теңізі комендатурасының №19 арнайы қоныс аударушылардың жағдайы туралы №1 арнайы анықтамасы берілген. Қоныс аударушылар саны 4294 адам, оның 1368 ерлер, 1324 әйел адам және 602 бала болды. Казнаркомпростың 1932 жылы 07 мамырдағы №174 хатында Арал қаласынан арнайы қоныстанған 35 жетім және қараусыз қалған балаларды балалар үйіне орналастыру тапсырылды. Балалардың төсек жабдықтарын сатып алуға қажетті аудандық білім бөлімінің бюджетінен 1000 руб. аударылған [АқОМА. Қ. 281. Оп. 1. I. 1. П. 28].

Бұл деректер қоныс аударушылардың балаларын аса ауыр жағдайда өмір сүргенін айғақтайды. Олардың қаншасы аман қалып, қаншасы қайтыс болғаны жөнінде толық статистикалық мәліметтер сақталмаған. Дегенмен, қолда бар мәліметтерге сүйенсек, 1932–1934 жылдар аралығында бұл балалардың небары 15–20 пайызы ғана тірі қалғаны анықталады.

Қазақстаннан басқа өлкеге қоныс аударғандардың бір бөлігі 1932 жылдың жаз айларында мекендеріне қайта оралды. Олар күз айнала тұрғылықты жерлеріне қайта ауа көшеді. Себебі, бірқатар қазақ ауылдарында аштық пен жұқпалы аурулардан адамдар қырыла бастады. Панасыз балалар өз үйлерінен қашып, қалаларға шұбырды. Көше кезген балалар саны атқарушы органдар жоспарлаған жүз мыңнан төрт есе өсіп, 430 000 мыңға жеткен [ҚР ОМА. Қ. 509. Оп. 1. I. 164. П. 208-215].

Бұл жағдай үкімет басшыларын әбден әбігерге салды. Халық ағарту комиссариатының төрағасы С.Мендешев мәжілісте: «Панасыз балалардың өсуі уақытша құбылыс. Ашыққан ата-аналары балаларды тамақ табу үшін, қайыр сурауға жіберген. Негізі жетім балалар саны азайып келеді» - дейді. С.Мендешевтің сөзіне келіспейтіндер панасыз балалар саны азайған жоқ, керісінше 3000 баладан 9000 мыңға жеткенін айтады. Яғни, Халық ағарту комиссариаты С.Мендешев елдегі панасыз балалардың санын, жағдайын білмейді деп сөгеді [ҚР ОМА. Қ. 509. Оп. 1. I. 164. П. 208-211]. С.Мендешев көшеде қаңғып қалған панасыздардың қамын күйттемей, шындықтан алшақтау болды.

С.Мендешевтің 1932 жылы ақпан, наурыз айларында бір топ өкілдермен Орынбордағы босқындардың жағдайын бақылап, мәселелерін шешуге келеді. Елден кеткен босқындар Орынбордың өзінде және оның төңірегіндегі қалаларда 1000-ға тарта отбасы шоғырланып қалғаны анықталды. Олар әртүрлі қызметтер атқарды. Олар осы екі айда 100 адамдай қазақ босқындарының өлгенін анықтады. Әсіресе, қалада қаңғып жүрген панасыз балалардың күнкөрісі мен аштығы өте қиындық туғызды. Орынбордағы балалар үйіне 100 баланы орналастырды. Қазақстандық жас сәбилерге арналған 25 адамдық балалар бақшасы ашылды [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993:134]. Осы жерде С.Мендешев Орта Еділге өтіп кеткен қазақтардың шын жанашыры болды деп айтуға болады.

Балалар үйіндегі сұмдықты әшкерелеуге С.Мендешевтің облыстық оқу бөлімдеріне жіберген құпия нұсқау хаты сеп болды. Құпия хатында: «балалар үйлеріне қосымша панасыз балаларды орналастыруға арнайы смета жіберіп отырмыз. Смета бойынша қаржыны Үкіметтен күтпей, ішкі ресурстарды жұмылдыру арқылы табындар» - делінген [ҚР ОМА. Қ. 509. Оп. 1. I. 171. П. 236].

Балалар үйлерінің жағдайы тым ауыр болды: тамақ тапшылығы салдарынан балалар ашқұрсақ жүріп, күнделікті тұрмыс қажеттіліктерін өтей алмады. Мұндай жағдайда мекеменің қаржылық қамтамасыз етілуі мен қаражаттың нақты көздері айқын болмады.

Қазақ әйелдері балаларын мекемелер мен үйлердің алдында тастап кетіп отырған. Қазақ органдары 1932 жылдың аяғында-ақ панасыз қалған тағы да 50 мың қазақ баласының ешқайда орналастырылмағандығын ресми түрде хабарлады. Қазақстандағы балалар үйлеріне панасыз қалған жетімдер сыймай жатыр және олардың арасында өлім көп. Мәселен, комиссия тексерген кезде Семей ауданындағы балалар үйлерінің бірінен уақытында алып кетуге көлік болмай үй астында, төледе жатып қалған 20 қазақ баласының іріп-шірі бастаған өліктері табылған [Әбдірайымов және т.б., 1991:61].

Облыстық эпидемиолог Стариковтың Ақтөбе облыстық атқару комитетіне, ҚАССР Денсаулық сақтау халық комиссариатына және Мемлекеттік саяси басқармаға 1933 жылы 26 қаңтарда жолдаған мәлімдеме хатында мынадай деректер келтірген: «Балалардың жағдайы өте нашар. Ата-анасынан айырылған 4 жасқа дейінгі балалар түгел қырылған. Балалар үйлерінен және жетімдерді паналатқан сондай жерлерден 4 жастан былайғы балаларды ғана, ал одан кішіректерін тек ана - аналарымен бірге көрдім, оларда әбден жүдеген. Балалар үйіндегілерден іш өту дертіне шалдықпаған бала жоқ. Әдетте 100-150 кісілік балалар үйінде күніне 1-2, әйтпесе 3 бала шетінейді, олардың орнын сол заматта панасыз жүрген балалар басады. Бала атаулыға мүлдем құрып кету қаупі төніп тұр [ҚР ОМА. Қ. 141. Оп. 1. І. 6403. П. 5]. Батыс өңірінде балалар панасыздығының міндеті тұрғанын көрсетеді.

Бірақ, 1932 жылы тамыз қыркүйекте РСФСР Денсаулық сақтау халық комиссариатының өтінішімен Қызыл Крест пен Қызыл Жартыай Кеңес қоғамының атқару комитеті Ақтөбе облысының 12 ауданына бірнеше санитарлық-эпидемиологиялық қосын жібереді. Олар үйлерді аралап, шешек және сүзек ауруларына қарсы екпе егіп, ашыққандарды іздестіреді. Азық түлік таратып, панасыз балаларды тамақтандырды, жуындырды, киім-кешекпен қамтамасыз етіп, балалар үйлеріне орналастырды. Облыстың 19 ауданының 12-де 3-ай бойы эпидемиология және тамақтандыру пунктері жұмыс жасады [Әбдірайымов және т.б., 1991:90]. Сонда 4-5 айдың ішінде бұл жұмыстың нәтижесі қайда кетті. Демек, елдің жағдайы өте нашар, болмаса ашыққандар мен панасыздардың жағдайы үкімет есебінде үстірт болғаны.

1932 жылы жазда Республика басшылығы Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бюросының арнайы қаулысымен балалар панасыздығымен күрес маңызды саяси шара деп жариялап, өлкедегі кезіп жүрген панасыздарды балалар үйіне орналастыру міндетін қояды. Халық ағарту комиссариаты мен Денсаулық сақтау комиссариатына, Өлкелік балалар комиссиясына партия шешімімен мектеп жасындағыларды толық оқумен қамту, шұғыл түрде патронаж ұйымдастыру, жасөспірімдерді ФЗО-ға оқуға жіберу, 16 жастан асқандарды өндіріске жұмысқа орналастыру міндеті тапсырылды.

6000 баланы колхоздарға патронаждыққа беру туралы шарты жасалды. Бір ай ішінде 2073 бала патронаждыққа берілді. Өздері күнін шаққа көріп отырған шаруалар басқа біреудің балаларын бағуды міндеттеп алды. Бұлда үкіметтің атқару керек міндеттерін, халыққа артып беруі деп саналады. Совхоздар мен өндіріске жұмысқа орналастыру ісі дұрыс жүргізілмеді. Бар жоғы 670 адам жұмысқа алынып, жоспарланған 1500 баланың 364 ғана оқуға жіберілді. Балалар үйлерін кәсіпорындарға бекіту ісі де бірде бір облыста жүзеге аспады.

Қазақ Өлкелік Комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинді республикадағы панасыз балалардың санының өсуі назар аудартады. 1932 жылы қыркүйекте КСРО-ның Орталық Балалар Комиссиясына елдегі панасыз балалардың статистикасын келтіріп хат жолдайды. Хатында панасыздар саны – 43 446, оның 30630 Халық ағарту комиссариатының балалар үйінде, балалар коммунасында, нәрестелер үйінде - 1286 бала, патронаттық отбасында – 2175, ФЗО-да 497, 1245 кәсіпорындармен қамтылып отыр. Көшеде жүрген балалар саны – 7 712 деп көрсетеді. Ф.И.Голощекин елде егіннің шықпауы, халықтың үдере көшуін себеп етіп, көше балаларының 40 000 мыңнан асып, 50 000 мыңға жеткенін айта отырып, өзін ақтай бастайды. Жетім балалардан жұмысшы тап жасақтайтынын, еңбек коммуналарын салатынын алға тартып, Орталықтан 14239,2 сом ақша сұрайды. Кейін ол сомма балалардың киім-кешегімен, тамағына деп қайта есептеп, 16 174 200 сом сұратқан [ҚР ОМА. Қ. 509. Оп. 1. І. 163. П. 6].

Ф.И. Голощекиннің қабылдаған бұл шешімі қазақ даласында шашылып жатқан кішкентай жасөспірімдердің еш пайдасын тигізбеді. Билік еткен жылдарында қазақ шаруаларын күштеп отырықшыландыру саясатының нәтижесінде қазақ ауылдарын ойран етті. Дәстүрлі қазақ қоғамына

іріткі салды, отбасының шырқы бұзылды. Әке-шешесінен айырылған боздақтар аштан қырылып, қиын кезеңдерді бастарынан өткізді.

1932-1933 жылдардағы аштық қасіреті Батыс Қазақстанның демографиялық өсіп-өнуіне өрескел зиянын тигізді. Аштықтан, ауру-сырқаудан көз жұмған балалар санын түгендеу мүмкін емес, себебі деректер әр түрлі ақпарат береді.

Зерттеу нәтижесінде Батыс Қазақстандағы панасыз балалар санын азайту бағытында большевиктік билік тарапынан қабылданған бағдарламалар мен іс-шаралардың жүзеге асырылғаны айқындалды. Сонымен қатар 1930-жылдардағы ашаршылықтың балалар панасыздығы мәселесінің ушығуына ықпал еткен тарихи-әлеуметтік факторлар анықталды. Жергілікті аудандардағы балалар мекемелерінің қызметі мен ондағы тәрбиеленушілердің тұрмыс жағдайын сипаттайтын жаңа архивтік дереккөздер алғаш рет зерттеуге енгізіліп, олардың талдауға тартылуы ғылыми айналымдағы деректер базасын толықтырды.

Қорытынды. Осылайша 1930-1933 жылдардағы Батыс Қазақстандағы балалардың аса ауыр жағдайы кеңестік биліктің араласуымен ішінара түзетілді. Панасыз балалар контингентінің бір бөлігі аштықтың, жұқпалы аурулардың және қоғамдағы қайшылықтардың құрбаны болса, кейбірі мемлекеттік қолдау жүйесінің ықпалымен аман қалды. Алайда, аштықтан қайтыс болған балалардың нақты санын анықтау мәселесі деректердің жетіспеушілігінен мүмкін болмады. Кеңес үкіметі саясатының құрбаны болған панасыздардың қасіретін азайтуға балалар үйлері, қабылдау пункттері мен нәрестелер үйі айтарлықтай үлес қосты. Мемлекет панасыздық мәселесі жойылды деп қорытындылағанмен, түбегейлі мәселе шешілген жоқ. Өлкелік партия, атқару комитеттері және Ағарту халық комиссариаты балалардың тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін кешенді жұмыстар жүргізді. Кәмелеттік жасқа толған жеткіншектер кәсіптік-техникалық білім беру мекемелеріне жіберіліп, кейін қоғам өміріне бейімделді. Ашаршылық жылдарындағы панасыз балалардың бір бөлігі білім алып, елдің патриот азаматына айналды.

Дереккөздер

- ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві
 АқОМА – Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві
 Ашаршылық, Т. 3, 2021 – Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.3. 1932–1934 / Отв. редактор Б. Әбдіғалиұлы. Нұр-Сұлтан, 2021. 1027 с.
 Ашаршылық, Т. 4, 2021 – Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т. 4 / Отв. редактор-составитель Б. Әбдіғалиұлы. Нұр-Сұлтан, 2021. 776 с.
 Ашаршылық, Т. 10, 2023 – Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника. Сб. док. Т. 10: 1932–1934 / Отв. редактор Е. Сыдыков. Алматы, 2023. 600 с.
 Ашаршылық, Т. 5, 2021 – Ашаршылық. Голод. 1928–1934. Документальная хроника: куәгерлер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері / Т. 5. Жауапты редактор-құрастырушы Б. Әбдіғалиұлы. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. 604 б.

Sources

- QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyn ortalıq memleketтік arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
 AqOMA – Aqtobe oblystyq memleketтік arhivi [State Archive of the Aktobe Region]
 Asharshylyq, T. 3, 2021. Asharshylyq. Golod. [Famine] 1928–1934. Dokumentalnaya hronika. Sb. dok. T. 3. 1932–1934. Otiv. redaktor B. Abdygaliuly. Nur-Sultan, 2021. 1027 p.
 Asharshylyq, T. 4, 2021 – Asharshylyq. Golod. 1928–1934. [Famine] Dokumentalnaya hronika. Sb. dok. T. 4. Otiv. redaktor-sostavitel B. Abdygaliuly. Nur-Sultan, 2021. 776 p.
 Asharshylyq, T. 10, 2023 – Asharshylyq. Golod. 1928–1934. [Famine] Dokumentalnaya hronika. Sb. dok. T. 10: 1932–1934. Otiv. redaktor E. Sydykov. Almaty, 2023. 600 p.
 Asharshylyq, T. 5, 2021 – Asharshylyq. Golod. 1928–1934. [Famine] Dokumentalnaya hronika: kuagerler esteliktery, asharslylyq turaly jazylgan kitap-jinaqtar materialdary, korkem aebiet uzindilery. T. 5. Jauapty redaktor-qurastyrushy B. Abdygaliuly. Nur-Sultan: Foliant, 2021. 604 p.

Әдебиеттер

- Әбдірайымов және тб., 1991 – Әбдірайымов С., Бухонова И.Н., Грибанова Е.М., Жағыпаров Н.Р., Осипов В.П. Қазақ қалай аштыққа ұшырады/Голод в казахской степи. Алматы: Қазақ университеті, 1991. 208 б.
 Байсарина, 2021 – Байсарина К.К. Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930-1932 жж. // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия: исторические и социально-политические науки. 2021. № 1(68). С. 9-14. URL: <https://bulletinhistsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/318/313>

- Заключение Комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан // Советы Казахстана. 1992. 22 декабря. <https://e-history.kz/ru/news/show/3655>
- Камерон, 2020 – *Камерон С.* Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. Алматы: Kazakhstan Risks Assessment Group, 2020. 304 с
- Кашикчи, 2020 – *Кашикчи (Kaşıkçı M. V.)* Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. Arizona State University, 2020. 398 p.
- Киндлер, 2024 – *Киндлер Р.* Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / Аударған: Ө. Ахмет. Астана: Фолиант. 2024. 432 б.
- Қайпбаева, Әбікей, 2024 – *Қайпбаева А.Т., Әбікей А.М.* 1920–1930 жылдардағы Қазақстан аумағындағы және іргелес елдердегі балалар панасыздығы мәселесіне тарихнамалық шолу // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 3. С. 665-679. DOI: 10.51943/2788-9718_. (қаралған күн: 19.03.2025)
- Қойгелдиев, Омарбеков, 1993 – *Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.
- Құдайбергенова және т.б., 2022 – *Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Мамытова С.Н., Қурманов З.К., Исенов Ө.И., Мұсағалиева А.С., Байдалы Р.Ж., Күбеев Р.Д.* XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орталық Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: Ұжымдық монография. Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. 259 б.
- Малышева, 1999 – *Малышева М.П., Познанский В.С.* Казахи-беженцы от голода в Западный Сибири (1931–1934 гг.). Алматы: Ғылым, 1999. 535 с.
- Михайлов, 1996 – *Михайлов В.Ф.* Хроника великого джута. Басылым 2. Алматы, 1996: Жалын. 400 б.
- Мухатова, 2025 – *Мухатова О.* Аштық жылдарындағы қорғансыз балалар жағдайы // *Asian Journal "Steppe Panorama"*. 2025. № 12(2). С. 516–530. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530
- Мұқтарұлы, 1997 – *Мұқтарұлы С.* Кәмпеске: Көптомдық тарихи-анықтамалық басылым. Алматы: Жалын, 1997. 416 б.
- Сақтағанова, Сақабай, 2024 – *Сақтағанова З. Г., Сақабай Т. Қ.* 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесі // *Қарағанды университетінің хабаршысы*. 2024. № 29. 4(116). С. 156–166. DOI: 10.31489/2024HPH4/156-166.
- Смағұлова, 2023 – *Смағұлова С.* 1931–1933 жылдардағы қазақ балаларының ашығуы // *The Qazaq Historical Review*. 2023. Т. 1. № 3. 340–354-бб. DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2023.3.340.354>
- Сүгірәлімова, 2006 – *Сүгірәлімова Г.Б.* Қазақстандағы панасыз балалар: Мәселені шешу тарихы, тәжірибесі, қорытындысы (1920–1940 жылдар): автореф. дис. ... тарих ғыл. канд. Қарағанды. 147 б.

References

- Abdyrayymov et al., 1991 – *Abdyrayymov S., Buhonova I.N., Gribanova E.M., Jagyiparov N.R., Osipov V.P.* Qazaq qalay ashtyqqa ushyrady/Golod v kazahskoy stepy. [Hunger in the Kazakh Steppe]. Almaty. "Qazaq universitety", 1991. 208 p. [in Kazakh]
- Baisarina K.K., 2021 – *Baisarina K.K.* Shygys Qazaqstan onırındaғы ašharshylyq jane panasyz balalar tagdyry (1930-1932 jj.) ` [Famine and the fate of homeless children in the East Kazakhstan region (1930-1932)]. *Vestnik KazNPU im. Abay*. Seria: istoricheskie i sosialno-politicheskie nauki. 2021. № 1(68). Pp. 9-14. URL: <https://bulletinhistsopolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/318/313> [in Kazakh]
- Kameron, 2020 – *Kameron S.* Ashtyq jaylagan dala: ašharshylyq, ozbyirlyq jane Kenestyk Qazaqstandy ornatu [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan] Almaty: 2020. 305 p. [in Kazakh]
- Kaşııkçı, 2020 – *Kaşııkçı M. V.* Growing Up Soviet in the Periphery: Imagining, Experiencing and Remembering Childhood in Kazakhstan, 1928–1953. Arizona State University, 2020. 398 p.
- Kaypbaeva, Abikey, 2024 – *Kaypbaeva A.T., Abikey A.M.* 1920–1930 jyildardagy Qazaqstan aumagyindagy jane irgeles elderdegi balalar panasyzdygy maselesine tarihnamalyq sholu. [Historiographical review of the problem of child homelessness in the territory of Kazakhstan and neighboring countries in the 1920s–1930s]. *Otan tarihy*. 2024. T. 27. № 3. Art. 3. Pp. 665-679. DOI: 10.51943/2788-9718_. [in Kazakh]
- Kindler, 2024 – *Kindler R.* Stalindik koshpendyler. Qazaqstan biligi jane ašharshylyq [Stalin's Nomads. Kazakhstan authorities and famine]. Audargan: O. Ahmet. Astana: Foliant. 2024. 432 p. [in Kazakh]
- Koygeldiev, Omarbekov, 1993 – *Koygeldiev M., Omarbekov T.* Tarih tagyilyimy ne deydy? [What does the history of history teach?]. Almaty: Ana tili, 1993. 208 p. [in Kazakh]
- Kudaybergenova et al., 2022 – *A.I. Kudaybergenova, M.M. Kozybaeva, S.N. Mamyitova, Z.K. Kurmanov, O.I. Isenov, A.S. Musagalieva, R.J. Baydalyi, R.D. Kubeev.* XX gasyrdyn 30-jj. basyindagy jappay ašharshylyq kezenindegy Ortalyq Aziya respublikalary men Reseydegy qazaq bosqyndary: Ujymdyq monografiya. [Kazakh refugees in the Central Asian republics and Russia during the mass famine of the early 30s of the XX century: Collective monograph]. Almaty: «Madiyar» JK, 2022. 259 p. [in Kazakh]
- Malyševa, 1999 – *Malyševa M.P., Poznanski V.S.* Kazakhi – bejensy ot goloda v Zapadnoi Sibiri (1931-1934 gg.) [Kazakh refugees from famine in Western Siberia (1931-1934)]. Alma-Ata: Gylım, 1999. 536 p. [in Russian]
- Mihalov, 1996 – *Mihalov V.F.* Hronika velikogo dzhuta. Basylym 2. Almaty: Zhalyn. 400 p. [in Russian]

- Muhatova, 2025 – *Muhatova O.* Ashtyq zhyldaryndagy qorgansyz balalar zhagdajy. *Asian Journal "Steppe Panorama"*. 2025. № 12(2). Pp. 516–530. DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_516-530
- Muktaruly, 1997 – *Muktaruly S.* Kampeske: Koptomdyq tarihi-anyqtamalyq basylym. [Collectivization]. Almaty: Jalyn, 1997. 416 p. [in Kazakh]
- Saktaganova, Saqabay, 2024 – *Saktaganova Z. G., Sakabay T. K.* 1930-shyi jyildardagy asharsylyq kezindegy Ortalyq Qazaqstandagy panasyz balalar maselesi [The problem of homeless children in Central Kazakhstan during the famine of the 1930s]. *Qaragandy universitetinin habarshysy*. 2024. № 29. 4(116). Pp. 156–166. DOI: 10.31489/2024HPh4/156-166. [in Kazakh]
- Smagulova, 2023 – *Smagulova S.* 1931–1933 jyildardagy qazaq balalarynyn ashyguy [The famine of Kazakh children in 1931–1933]. *The Qazaq Historical Review*. 2023. T. 1. № 3. Pp. 340–354. DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2023.3.340.354> [in Kazakh]
- Sugiralimova, 2006 – *Sugiralimova G.B.* Qazaqstandagy panasyz balalar: maseleni sheshu tarihiy, tazhiribesi, qorytyndysy (1920–1940 jyldar) [Homeless children in Kazakhstan: history of problem solving, experience, conclusion (1920–1940)]: T.g.k. ... diss. [in Kazakh]
- Zaklyuchenie Komissii Prezidiuma Verhovnogo Soveta Respubliki Kazahstan. *Sovety Qazahstana*. 1992. 22 dekabrya [Conclusion of the Commission of the Presidium of the Supreme Soviet of the Republic of Kazakhstan]. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3655> [in Russian]



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 719-731
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_719-731

1931 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ БОСАҒА ШАЙҚАСЫ: ҰРЫС ТАКТИКАСЫ, ӘСКЕР КҮШІ

Болат Сағидоллаұлы Жұмағұлов¹, Лесқали Базарғалиұлы Бердіғожин², Алдар Сәрсенұлы Сәрсенов³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Достық даңғылы 13, 050010 Алматы қ. Қазақстан)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор-зерттеуші.
<https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
(Студенттер даңғылы 1, 60011 Атырау қ. Қазақстан)
Тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>. E-mail: berdyguzhin@mail.ru

³Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
(Студенттер даңғылы 1, 60011 Атырау қ. Қазақстан)
Тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6367-8877>. E-mail: A.Sarsenov@asu.edu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2025.

© Жұмағұлов Б.С., Бердіғожин Л.Б., Сәрсенов А.С., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазақ халқының өткен тарихында елі мен жері үшін болған соғыстар мен көтерілістер тарихы біршама зерттелді. Ғылыми зерттеу еңбектер мен мерзімді басылымдардағы материалдар соның айғағы. Соған қарамастан киелі Маңғыстау өңірінде 1931 жылы маусымда Босаға елді мекенінде көтерілісші қазақ сарбаздары мен қызыл империяның жазалаушы қосыны арасында өткен қанқұйлы шайқастың тарихи маңызы ерекше. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Босаға атауын тарихи таразыласақ, осы атаумен 1726 жылы Сыр бойында қалмақтармен болған шайқас және 1856 жылы Балуанияз батыр бастаған қолдың Хиуа әскерімен қанды шайқасы өткенін аңғарамыз. Мақсатымыз 1929–1931 жылдардағы Маңғыстау өңіріндегі кеңес үкіметінің солақай саясатына қарсы күрес кезінде қолдарына қару алып көтеріліске шығып, елі мен жері, өздерінің бостандықтары үшін күрескен ерлердің жазалаушы отрядтарға қарсы қанды шайқастардағы ерлігін көрсету. *Нәтижелер.* 1931 жылғы маусымда Маңғыстау ауданында әрекет еткен «банды» топтарын толық жоюды көздеген қызыл әскер мен Біріккен саяси басқарма қосынын Босаға құдығында Тынымбаев Мырзағали басқарған көтерілісшілер қоршауға алып, бірнеше күнге созылған қанды шайқас өтеді. Көтерілісшілер асқан табандылықпен ұрыс тәсілін оңтайлы пайдаланудың арқасында жазалаушы отрядты шегінуге мәжбүр етті. *Қорытынды.* Босаға шайқасы жазалаушы қосынның «бандыларды» тез талқандау туралы жоспары мен соғыс тактикасының қате екенін көрсетті. Гурьев аумағында халық қозғалысын басуда және кеңестік билікке қарсы адамдарды жазалауда аты шыққан чекист Фетисов осы шайқаста көз жұмады. Қызыл әскер қосыны кері шегінуге мәжбүр болады.

1929–1932 жылдардағы халық қозғалыстары тарихында Босаға шайқасы Қарақұм, Созақ сияқты маңызды шайқастар қатарына жатады.

Түйін сөздер: Маңғыстау көтерілісі, Босаға құдығы, конфискация, асыра сілтеу, күштеу саясаты, форт-Александровск, Гурьев ауданы, әскер күші, жазалаушы отряд, ұрыс тактикасы

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен «Қазақстанның батыс өңірінің әскери тарихы (XVIII-XX ғғ.)» атты жоба аясында дайындалды (тіркеу нөмірі AP19679667).

Дәйексөз үшін: Жұмағұлов Б.С., Бердығужин Л.Б., Сәрсенов А.С. 1931 жылғы маусымдағы босаға шайқасы: ұрыс тактикасы, әскер күші // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 719-731-б. [Қазақша].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_719-731

БИТВА ПРИ БОСАГЕ В ИЮНЕ 1931 ГОДА: ТАКТИКА БОЯ, ВОЕННАЯ МОЩЬ

Жумагулов Болат Сагидоллаевич¹, Бердығужин Лескали Базарғалиевич², Сәрсенов Алдар Сәрсенович³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая

(проспект Достык, 13, 050010 Алматы, Казахстан)

Кандидат исторических наук, профессор-исследователь.

<https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

²Атырауский университет имени Х.Досмухамедова

(проспект Студенческий, 1, 60011 Атырау, Казахстан)

Доктор исторических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>. E-mail: berdyguzhin@mail.ru

³Атырауский университет имени Х.Досмухамедова

(Студенческий проспект, 1, 60011 Атырау, Казахстан)

Доктор исторических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0002-6367-8877>. E-mail: A.Sarsenov@asu.edu.kz

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025.

© Жумагулов Б.С., Бердығужин Л.Б., Сәрсенов А.С., 2025

Аннотация. *Введение.* История освободительных войн и восстаний казахского народа изучена достаточно подробно. Доказательством этому служат научные исследования и материалы в периодических изданиях. Тем не менее, особое историческое значение имеет кровопролитная битва, произошедшая в священном Мангыстауском крае в июне 1931 года, в местности Босага между восставшими казахскими воинами-повстанцами и карательными отрядами Красной империи. *Цель и задачи исследования.* Местность Босага упоминается в битве с калмыками на берегу реки Сыр в 1726 году и 1856 году битве казахских отрядов Балуанияз батыра против хивинской армией. Наша цель – показать мужество повстанцев, взявших в руки оружие и сражавшихся за свою страну, свою землю, свою свободу в кровопролитных боях с карательными отрядами в период борьбы с антинародной политикой Советской власти в Мангыстауском крае в 1929-1931 годах. *Результаты.* В июне 1931 года карательные отряды и объединенное политическое управление, ставившие своей целью полную ликвидацию «бандитских» групп, действовавших в Мангыстауской области, у колодца Босага были окружены повстанцами во главе с Тынымбаевым Мырзагали, и произошел кровопролитный бой, длившийся несколько дней. Повстанцы, проявив большую решительность и умело используя тактику ведения боя, заставили карательный отряд отступить. *Заключение.* Бой при Босаге показал, что план и тактика карательного отряда по быстрому разгрому «бандитов» были ошибочными. В этом бою погиб чекист Фетисов, прославившийся подавлением народного движения в Гурьевской области и расправой с людьми, выступавшими против советской власти. Карательные отряды были вынуждены отступить. В истории народных движений 1929-1932 годов боевое сражение при Босаге является одним из важнейших сражений наряду с Каракумским и Сузакским.

Ключевые слова: Мангистауское восстание, колодец Босага, конфискация, превышение полномочий, насильственная политика, форт-Александровск, Гурьевский район, армия, карательный отряд, боевая тактика

Благодарность. Статья подготовлена в рамках проекта «Военная история западного региона Казахстана (XVIII-XX вв.)» при финансировании Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (регистрационный номер AR19679667).

Для цитирования: Жумагулов Б.С., Бердыгузин Л.Б., Сарсенов А.С. Битва при Босаге в июне 1931 года: тактика боя, военная мощь // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 719-731. [на казахском].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_719-731

THE BATTLE OF BOSAGA IN JUNE 1931: FIGHTING TACTICS, MILITARY POWER

Zhumagulov Bolat Sagidollaevich¹, Berdyguzhin Leskali Bazargalieovich², Sarsenov Aldar Sarsenovich³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (13 Dostyk Ave., 050010 Almaty, Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Research Professor.

<https://orcid.org/0000-0001-5637-187X>. E-mail: jumagulov-bolat@mail.ru

²Kh.Dosmukhamedov Atyrau University (1 Studenchesky Ave., 60011 Atyrau, Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Associate Professor

<https://orcid.org/0000-0002-5748-227X>. E-mail: berdyguzhin@mail.ru

³Kh.Dosmukhamedov Atyrau University (1 Studenchesky Ave., 60011 Atyrau, Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Associate Professor

<https://orcid.org/0000-0002-6367-8877>. E-mail: A.Sarsenov@asu.edu.kz

© Valikhanov IHE, 2025.

© Zhumagulov B.S., Berdyguzhin L.B., Sarsenov A.S., 2025

Abstract. Introduction. The history of liberation wars and uprisings of the Kazakh people has been studied in sufficient detail. Scientific research and materials in periodicals serve as evidence of this. However, the bloody battle that took place in the sacred Mangistau region in June 1931 in the area of Bosaga between the rebellious Kazakh rebel warriors and the punitive detachments of the Red Empire has a special historical significance. **Goals and objectives.** The Bosaga area is mentioned in the battle with the Kalmyks on the bank of the Syr River in 1726 and in 1856 in the battle of the Kazakh detachments of Baluaniyaz batyr against the Khiva army. Our goal is to show the courage of the rebels who took up arms and fought for their country, their land, their freedom in bloody battles with punitive detachments during the fight against the anti-people policy of the Soviet government in the Mangistau region in 1929-1931. **Results.** In June 1931, punitive detachments and the united political administration, whose goal was the complete elimination of the "bandit" groups operating in the Mangistau region, were surrounded by rebels led by Tynymbayev Myrzagali at the Bosaga well, and a bloody battle lasted for several days. The rebels, showing great determination and skillfully using combat tactics, forced the punitive detachment to retreat. **Conclusion.** The battle at Bosaga showed that the plan and tactics of the punitive detachment for the rapid defeat of the "bandits" were erroneous. In this battle, the Chekist Fetisov, famous for suppressing the popular movement in the Guryev region and reprisals against people who spoke out against Soviet power, died. The punitive detachments were forced to retreat. In the history of the popular movements of 1929-1932, the military battle at Bosaga is one of the most important battles along with the Karakum and Suzak battles.

Keywords: Mangistau uprising, Bosaga well, confiscation, abuse of power, violent policy, fort-Aleksandrovsk, Guryevsky district, army, punitive detachment, combat tactics

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the project "Military History of the Western Region of Kazakhstan (XVIII-XX Centuries)" with the funding of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (registration number AR19679667).

For citation: Zhumagulov B.S., Berdyguzhin L.B., Sarsenov A.S. The Battle of Bosaga in June 1931: Battle Tactics, Military Power // Otan tarihy. 2025. Vol. 29. No. 3. Pp. 719-731. [in Kazakh].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_719-731

Кіріспе. Қантөгісті кезеңдегі азаматтық қарсылықтан соң Қазақстан жерінде кеңестік билік орнағаннан кейін, аласапыранды 1920 жылдары бірнеше рет кеңестік реформалар жүргізіліп, арнайы декреттер қабылданды. Соның ішінде кеңестер билігі жүргізген «Әскери коммунизм» саясаты елде ашаршылықтың күшеюіне өз әсерін тигізді. Соғыс жағдайына байланысты енгізілген азық-түлік салғырты қара халықты әбден қажытты. Алғашында мемлекет шаруалардың өнімін сатып алатындығын айтқанымен іс жүзінде билік күш көрсету арқылы тартып алуға көшті [Гиззатов, 2023: 302] «Әскери коммунизм» саясатының жұмсартылып жаңа экономикалық саясатқа ауыстырылуы барлық күн көрісі мал шаруашылығына негізделген қазақ шаруалары үшін барынша тиімді болғаны рас. Осы кезең ауқымында қазақстанның батыс өңірінің шаруашылықтары күн көрісінен артылған мал өнімдерін көршілес Орынбор, Тұздыкөл, Нөкіс, Қоңырат, Ташкент сияқты халық барынша шоғырланған қалаларға апарып айырбас ретінде ұсына алды. Нәтижесі жаман болған жоқ, айырбасқа төселген кейбір шаруашылықтар барынша байып алғаны да бар. Көреген қарт адамдар мен жөн жетікті білетін шаруақор азаматтар тұрмыс заттарымен бірге, базарға шыққан қару жарақты, оқ-дәріні тауар ретінде да барынша саудалады. Жабық архив деректерінде кездесетін ағылшын немесе еуропалық соңғы үлгідегі қарулардың қазақ ауылына келудің басты жолы, осы орта азия қалаларымен арадағы айырбас болғаны анық. Барынша, бірқалыпты өмірдің шырқы 1928 жылы 27 тамызда бұзылды. Қазақ ауылының экономикалық тірегі, негізі бай шаруашылықтарын тәркілеу басталып, ол кейін отырықшыландыру мен ұжымдастыруға жалғасты. Дәстүрлі қазақ қоғамының дамуы кілт тоқтап, ауылдардан кеңестік салық саясатының сойқаны іспетті мал, ет, жүн, астық сияқты толып жатқан, бас көтертпес алымдар алына бастады. Халықтың күн көрісінен айырып, қолдарында нәпақа көріп отырған бар малын сыпырып алған осынау 1929-1932 жылдар кеңестік билікке қарсы халық қозғалысының басты себебі осы еді. Маңғыстау жеріндегі халық қозғалысы бастапқыда бытыраңқы түрде басталып, ескі тәртіппен басқарылса және қару жарақ түрлері де қарапайым болса, кейін жағдай өзгеріп ұрыс жүргізудің нағыз «партизандық жүйесі» басшылыққа алынды, әскери бөлімдерге қарсы шыққан тактика қалыптасты. Қазақстанның басқа өңірлерінде де халық қозғалысы өрістеді. Ал, негізгі күрес ошағы Маңғыстау болды.

Күштеп ұжымдастырудың салдарының батыс өңіріне, оның ішінде Маңғыстау уезіндегі шаруаларға тигізген қиындықтары, олардың бұл саясатқа қарсы наразылықтарының пайда болу себептері, ашық көтеріліске шығуы, көтерілісшілердің құрамы мен ұрыс тактикасы туралы мәселелер қазіргі таңда өзекті мәселелер қатарына жататыны дау тудырмайды.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Маңғыстау даласындағы халық қозғалысы туралы зерттеулердің деректік негізі Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архив деректері болып табылады. Қазірде барынша құпиясыздандырылған архив құжаттарында ОГПУ мекемесінің жазбалары, баяндамалары мен қызметтік хаттары [ҚР ҰҚКА. 9-к. 1-т. 43-іс] сол кезең туралы нақты дерек көзі ретінде және осы мақалада алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Мақаланың тақырыбын талдаудың әдістемелік тәсілдері қазіргі гуманитарлық білімде бар жаңа тәсілдерді пайдалануға негізделген. Ғылыми жұмысты жазу кезінде әртүрлі деңгейдегі деректер пайдаланылды. Оның ішінде архивтік материалдар мен құжаттар, сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарының материалдары [Омарбеков, 1994: 272; Алланиязов, Таукенов, 2000: 164; Қозыбаев, 1992: 272; Абылхожин, Қозыбаев, Татимов, 1989: 53-71; Сариев, Омаров, 1995: 160; Ижанов, 2017: 352; Жұмағұлов, 2021: 312]. Мақалада деректік материалдар мен архив қорындағы құжаттар кеңінен пайдаланылды. Талданатын тақырыпты ашудың әдіснамалық негізі объектіні тұтас қарастыруды, оның құрылымдық элементтерін және оны ұйымдастыру принциптерін анықтауды көздейтін жүйелік көзқарас болды. Бұл жұмыста хронологиялық әдіс, салыстырмалы әдіс, тарихи-сипаттамалық әдіс, құжат зерттеу әдісі, мазмұндық талдау сияқты ғылыми әдістер де қолданылды.

Талқылау. Кеңестік қатыгез биліктің XX ғасырдың 20-30 жылдары жүргізген оспадарсыз әрекеті кесірінен байларды және оған қоса орта шаруаларды тәркілеудің нәтижесінде оған қарсы басталған қуатты халық көтерілістері туралы отандық тарихнамада біршама еңбектер жарық көріп, мәселенің негізгі теориялық-методологиялық ұстанымдары анықталды. Ғалым тарихшылар Т. Омарбеков [Омарбеков, 1994: 272], Т. Алланиязов пен А. Таукенов [Алланиязов, Таукенов, 2000: 164], М. Қозыбаев [Қозыбаев, 1992: 272], Ж. Абылхожин [Абылхожин, Қозыбаев, Татимов, 1989: 53-71], І. Сариев, М. Омаров [Сариев, Омаров, 1995: 160], З. Ижанов [Ижанов, 2017: 352], Б. Жұмағұловтың [Жұмағұлов, 2021: 312] зерттеулері мәселенің негізгі бағыттарын

анықтауға сеп болды. Соңғы кездегі зерттеулерден Л. Бердіғожин, Д. Алипова [Бердіғожин, Алипова, 2024: 275], Е. Хайдаров [Хайдаров, 2022: 200] жарияланымдарын да көрсетуге болады.

Зерттеу нәтижелері. 1928 жылы Адай (Маңғыстау) аумағына кірген жерлер: Қайыңды, Құмды Ойыл, Жиделі Сағыз, Жем Байсары, Темір уезі (жартысы Ақтөбе губерниясына қарады). Адай аумағына 5 аудан қарады: Маңғыстау, Үстірт Сам, Табын, Алты Қарасу, Ойыл. Аумақтың әкімшілік орталығы Ойыл поселкесі болды. Аумақ жерінде бір қала Форт-Александровск орналасқан. Аумақтың жер көлемі 345.200 шаршы километр. 1926 жылғы санақ бойынша аумақ халқы 189 100 адам болды. Оның ішінде қазақтар 96,8%, орыстар 1,7%, қала халқы саны 1,1% болды. Аумақта теміржол байланысы жоқ [Қуаныш, 2010: 198]. Су жолы арқылы Форт-Александровск, Гурьев, Махачкала, Астрахан байланысы бар. Шаруашылығының негізі көшпелі мал шаруашылығы 97% құрады. 1927 жылы аумақта 1 млн 731 мың бас мал болды. Оның ішінде қой 69,5 %, түйе 12%, ешкі 7,5%, жылқы 7%, ірі қара 4% құрады. Аумақ жерінде тас көмір өндіретін 10 кен орны бар. Әлемдегі ең ірі Қарабұғаз тұз кені өндірісінде (36 млрд пұт қоры бар) 36 жұмысшы еңбек етеді. Сондай-ақ, тюлен аулау, балық кәсіпшіліктері де жұмыс жасайды. Оның өнімдері Астраханға, Бакуге өткізіледі [ҚР ҰҚКА. 9-к. 1-т. 43-іс. 1 п].

Ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві деректеріндегі материалдар бойынша Маңғыстау ауданында «банды қозғалысының» басталуын 1931 жылдың ақпан айының ортасынан дей аламыз [Нагимов, Бердыгужин, 2023: 23-33]. Осы кезде Табын, Жилокоса аудандары сияқты ауылдардың жаппай көшуі басталды. Көшу жергілікті халықтың жаңа саясатқа қарсылық қозғалысы сипатында болды. Оның ұйымдастырушылары бұрынғы байлар, жартылай феодалдар, ру басшылары, дін иелері болды. Олар халықты кеңес билігін мойындамауға, мемлекеттік міндеттемелерді орындамауға шақырып, жаппай көшуге үгіттеді. Ата-қонысы, туған өлкесін тастап ауа көшу оңай емес еді. Бірақ оларда басқа жол жоқ еді. Ауа көшудің негізгі орталығы Үстірт болды. Ол жерден 2000 шаруашылық Түркменстанға, Қарақұм өңіріне көшті. Көшу барысында қарсылық қозғалысына қатысушылар ауыл мүлкін, кооперация заттарын, мал жинау бөлімдеріне шабуыл жасап, партия-кеңес қызметкерлеріне бағынбай, мемлекеттік органдарға қарулы қарсылық көрсетті. Ауылдардың жаппай көшуі 1931 жылы ақпан айында басталып, мамыр айының аяғына дейін жалғасты. Жилокоса ауданындағы көшуді Боқымаш Шоланұлы тобы басқарды. Ал, Табын ауданы түгелге жақын Үстіртке өтіп кеткен. Көшуді ұйымдастыру барысында Табын ауданында аудандық партия ұйымына шабуыл жасалған. Жилокоса, Табын аудандарының Адай аумағымен саяси-экономикалық, тарихи байланыста болуы Үстіртке көшудің негізі болды. 1931 жылдың 15 маусымында Үстіртке көшкен Жилокоса, Табын, Маңғыстау және ішінара Доссор, Ойыл аудандары шаруашылықтарының саны 15000 болды. 1931 жылы маусым айының соңына қарай Түркменстан мен Қарақұм өңіріне көшкен ауылдар жергілікті халықпен, түркмен басмашыларымен келісе алмай Үстіртке оралған [Алланязов, 2009: 424].

Үстірттегі көшкен халықты екіге бөлуге болады. Біріншісі солтүстік Үстірт бөлігі: Каратюе-Маната-Ешкі қырған құдығы ауданы. Сам көлі, Биш чинирау, Қыз емшек, Бирюбас құдықтары. Екіншісі оңтүстік бөлігі: Қарабауыр, Аготыңғыр мекендері, Аккюз, Кангалы баба, Каракын құдықтары, Тесиктам мекені, Кендерлі бұлағы, Сумбья құдығы. Солтүстік топта Маңғыстау, оңтүстік Табын аудандарының ауылдары қоныстанған. Солтүстік топ құрамында 700-дей көтеріліске қатысушы болған. Олардың қару-жарағы әлсіз, оқ-дәрісі аз. Орталығы Қызыл тас мекені мен Ешкі қырған құдығы. Олар оңтүстік Жилокоса мен Маңғыстау түбегіне, Бозащыға шабуыл жасауға дайын. Оңтүстік топта жақсы қаруланған 500-дей көтерілісшілер бар. Орталығы Тобылбай, Кушет ата құдықтары. Олардың орналасуы Босаға, Сенек, Кендерлі, Қарабұғаз, Сам көлі, Табын ауданына шабуылдауға қолайлы.

1931 жылдың маусым айының ортасында Тобылбай, Кушет ата, Аготы нар мекенінде өткен ақсақалдар, ру басылары, дін иелері, көтеріліс топтары басшыларының жиынында бас қолбасшы болып Тынымбаев Мырзағали сайланған. 20 адамнан тұратын басшы құрам бекітіліп, жиында әрбір 2-3 үйден қарулы екі жігіт алу келісілген. Алынған екі жігіттің біреуі ауылды күзетсе, екіншісі орталық көтеріліс қосынына жіберілген. Көтерілісшілердің негізгі қаруы винтовкамен олардың басшылары, ру және ауылдың беделді адамдары, олардың балалары қаруланса, қарапайым қатысушылар аңшы мылтығымен, қанжар, қылыш, балта, шоқпар, найзамен қаруланды. Солтүстік топтың 150-180 адамдық көтеріліске қатысушылар құрамы Сапаков Мамай, Исебаев Жармағамбет, Үркенбай, Қарабатыр, Досат басқаруымен Ақтау, Қаратау, Бозащы өңіріне шабуылдап, кейін 1931 жылы 23 маусымда 1000 адамдық қосынмен Форт-Александровскіге басып кірген. Форт-Александровск қаласын олар 5-6 сағат қолдарында ұстап, кейін шегініп кеткен. Осы арада шағын қарулы топтар қала маңындағы Акчукур, Саура, Донга балық кәсіпшіліктерін тонаған.

Тынымбаев Мырзағали бастаған көтерілісшілер тобы 1931 жылы 24 маусымда Гурьев ОГПУ нің 68 дивизионы орналасқан Босаға мекеніне шабуыл жасады. Екі күн шайқастан соң көтерілісшілер тобы, ұйымшылдықпен кері шегініп Үстіртке оралған.

Форт-Александровскіге шабуылдаған көтерілісшілер қосыны мал жинау орнынан 20 мың қойды айдап әкеткен және қала маңындағы 1000 шаруашылық оларға ілесіп көшіп кеткен. Шабуыл нәтижесінде қалаға 900.000 сом зиян келген. Форт-Александровскіге шабуыл жасаған көтерілісшілер қосынынан 350 адам бөлініп қалып Бозашы түбегіне қарай кеткен. 27 маусымда осы көтерілісшілер тобы 3 ке бөлінген. Бірінші топ Кирень бағытына, екінші топ Чаудыр құдығына, үшінші топ шығыс Бозашыға беттеген. Бозашы түбегіне жіберілген Баку ОГПУ қосыны түбекті көтерілісшілерден 1931 жылы 15 шілдеде толық тазартты. 200-250 адамдық көтерілісшілер топтары Ақтау, Қаратау жеріне шоғырланып, 20-30 адам болып топтасып жақын маңдағы кәсіпшіліктерге қауіп төндірген. Сенек-Аккус-Бурма ауданында әрекет еткен оңтүстік көтерілісшілер тобы Уразбай Жакупов басшылығымен Босаға шайқасынан кейін қайта топтасқан. 1931 жылдың сәуір-мамыр айларында Закавказье ОГПУ жедел тобы басшысы Сумбатов қосыны, маусым айында Гурьев ОГПУ нің 68 дивизионы, маусым айының соңынан 20 шілдеге дейін Баку ОГПУ нің 24 полкі басшысы Оглода қосынының сәтсіз қимылы көтерілісшілер құрамының қызыл әскер қосындарынан адам санының көп болуынан болды. 1931 жылдың шілде айының ортасында Сайғыр кум мекенінде жиын өткізген оңтүстік және солтүстік көтерілісшілер топтарының басшылары бас қолбасшы ретінде Үсенов Жұмабай молданы бекіткен. Оның басшылығымен 20 шілдеде көтерілісшілер қосыны үшке бөлінген.

1. Үсенов Жұмабай тобы 250-300 адам;
2. Төлебаев Садуақас тобы 200 адам;
3. Ақтау, Қаратау жеріне орналасқан көтерілісшілер топтары.

Қонғабай, Жармағамбет қолбасшылардың жоспары бойынша барлық қосын Сенектен 30 шақырым жердегі Аджарықты мекенінде Үсенов басшылығымен топтасуы керек болды. Осы жерде Үсенов тобы Форт-Александровскіге шабуыл жасаса, солтүстік топтар Жилокоса ауданындағы кооперация, мал жинау орталықтарына шабуылдады. Прорва басып алынды. Үсенов тобы 28 шілдеде Форт-Александровскіге шабуыл жасап, ОГПУ қосынының қарсылығынан соң Үстіртке шегінді. Оңтүстік топ 1) Оразбай Жакуповтың 100-120 адамы; 2) Абай Басұрмановтың 100 адамы; 3) Аққұс тобының 100 адамы 30 шілде күні Бурма мекенінде жиналды. Ақшоплақ Жанаев, Байымбет Жангелдиев, Абай Басұрманов бастаған басшылар кеңес өткізді. 30 шілдеде Абай Басұрманов тобы Қарабұғаз сульфаттрестінің Чағала кәсіпшілігін талқандады. Осы кезде біріккен ОГПУ қосыны Бурма жеріне шабуылдап, жиналған көтерілісшілер қолын жойды. Абай Басұрманов көтерілісшілер тобы 08 тамызда Қарабұғаздың Сарытас кәсіпшілігіне шабуылдады. Кәсіпшілікке бекінген қызыл әскермен шайқаста әлсіреген Басұрманов тобы Үстіртке шегінді. Үстіртте осы уақытта Қонғабай басқарған 160 адамдық банды тобы болды. 1931 жылы 10 тамызда Үстірттен Маңғыстау ауданына дейінгі жерлерді ОГПУ әскері көтерілісшілер күшінен тазартты. 1931 жылдың 20 шілдесі мен 10 тамызы аралығында 13-ші полк дивизиондары Босаға-Аккус-Бирюбас-Утес мекендері аралығына жорығы мен Ақтау, Қаратау аумағын тазалау Маңғыстау, Бозашы жерлерін көтерілісшілерден тазартуға негіз болды. Көтерілісші топтарынан кедейлер, жарлы-жақыбайлар бөліне бастады. 10 тамызда олардың саны 700 - ге жетті. Көтерілісшілер қосындарының жойылуына байланысты әскердің Үстірттен кері шығуы үш бағыт бойынша жүргізілді.

- 1) Сенек-Сексаркую-Сумбе-Кендерлі-Кушет ата;
- 2) Синек-Босаға-Каракын-Кушет ата;
- 3) Тамды-Утес-Ишкекырган-Сам көлі.

Қазақ өлкелік партия ұйымы мен халық комиссарлар кеңесі жүргізген саяси-экономикалық жұмыстар нәтижесінде қарсылық қозғалысы тоқтап, көшкен ел кері қайта бастады [Алдажұманов, Жұмағұлов, 1994: 41-51].

1931 жылдың 1 қыркүйегінде «банды қозғалысын» толық жою, 5 қыркүйекте 2500 шаруашылықты Маңғыстау ауданына қайтару жұмыстары жүргізілді. Маңғыстау қарсылық топтары түркмен жеріндегі басмашылармен қосылған 1931 жылдың ақпан-наурыз айларында Түркменстан мен Қарақұмға 2000 шаруашылық көшкен. Бірақ, олар мамыр айының соңында Үстіртке кері көшіп келген. Қарақұм аумағында Бекес Дарментаевтың 120-150 адамдық қарсылық тобы қалып Қарабұғаз сульфаттрестінің Чағала, Ходжасуфи, Кызылқуй кәсіпшіліктеріне шабуыл жасаған.

ОГПУ орындары бойынша есепте Босаға шайқасы ерекше аталады. Осы кезеңге дейінгі Маңғыстау ауданындағы қарсылық қозғалысымен күресті түйіндесек. Маңғыстау, Жилокоса,

Табын аудандары Адай жерінде орналасқан. Солтүстікте Жем өзені, шығысында Арал теңізі, оңтүстікте Қарақұм, батысында Каспий теңізімен шектеседі. Халық негізінен экстенсивті мал шаруашылығымен айналысады. Себебі, аудан жерінде өзен, көлдер жоқ, су көзі тек бұлақтар мен құдықтар. Мал шаруашылығында жылқы, түйе, қой өсіріледі. Ірі қара жоқтың қасы 1930-1931 жылғы есеп бойынша ауданда 710 бас ірі қара болған. Теңіз жағасындағы халық балық шаруашылығымен айналысады, сульфат трестіде жұмыс жасайды. 1931 жылы жер өңдеумен айналысатын аумақ 250 га болса, негізгі жоспар 760 га деп белгіленген. Жер өңдеумен Ақтау, Қаратау және түбек халқы ғана айналысады.

1928 жылға дейін Адай жерінде орталығы Форт-Александровск қаласында орналасқан уездік ревком болды. 1928 жылдан басталған аудандастыру кезінде Ойыл аймағы құрылып Адай жері осы аймаққа бағынды. Кейін, Маңғыстау, Жилокоса аудандары Гурьев аймағына, Табын ауданы Ақтөбе аймағына бағынатын болды. Сол кездегі билік өкілдері 1929 жылдың көктеміне дейін Адай жерінде «Әлниязовшылар өркендеді», Тобанияз Әлниязов жергілікті хан ретінде барлық кеңеске және революция жетістігіне қарсы күштерді біріктірді және Әлниязов бірнеше мың бас малы бар ірі феодал ретінде өмір сүрді деуден жалықпады.

Әлниязов 1925 жылға дейін уездік ревком төрағасы, Каз ЦИК мүшесі болды. Маңғыстау түбегінен бастап, Ойылға дейін, бір жағы сам құмдарының оңтүстігінен басталып, әрі қарай Арал теңізіне дейін созылған кең байтақ далада көшіп-қонып жүрген ел арасында сол кезде оларды басқару құқығы тек қана төңкеріс комитетінің төрағасы, «Адайдың ханы» атанған Тобанияз Әлниязовтың халық арасындағы аса жоғары абыройы мен беделінің арқасында жүрді деуге болады. Тобанияздың басшылығымен төңкеріс комитеттері елдің жағдайын түзеу жолында бұқара арасында саяси, мәдени тәрбиелік, әлеуметтік шаруашылық жұмыстарын жүргізді [Жұмағұлов, 2023: 265].

Оның халық арасындағы беделінен қаймыққан, билік өкілдері оған «Ақбота» атты революцияға қарсы ұйым құрды, ол кеңес өкіметіне қарсы болды деп айып тағады. Ол ұйым 1929 жылы әшкере болып, бірнеше жолдастарымен Тобанияз тұтқындалады. Кейін ату жазасына кесілгені белгілі.

Тобанияз Әлниязовтың халық жағында болып, кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсы болғандығы, елі мен жері үшін күрескендігі туралы мерзімді басылымдарда әділ бағасы берілген болатын (Жұмағұлов, 2022: 11).

Сондай-ақ, феодалдар, дін иелері және Табын ауданы байлары ұйымдастырған «Суфи» атты кеңеске қарсы ұйым құрылды. Ол 1930 жылы әшкереленді. Адай уезінің таратылып Ойыл аймағына қосылуына қарсы феодалдар мен дін иелері «Адайды құтқару қоғамын» ұйымдастырды. Олар «Адай жері тек Адайлықтарға» деген ұранды көтеріп, кеңестік саясатқа қарсы шықты. Олар ауданда жасалған барлық өзгерістерге қарсы шығып, партия-кеңес қызметіне кедергі келтірді. Арандатты, өлтірді. 1929 жылы Каз ЦИК өкілі Иралиевті өлтірді. Ауданға бөлінген ақша қаражаты талан-таражға салынды. Ауылдарда ру басшыларының, дін иелері мен ақсақалдардың ролі жоғары болды. Сондықтан, ауданда 1928 жылғы «бай шаруашылықтарын тәркілеу науқаны» жүргізілмеді [Омарбеков, 1997: 320].

1929 жылдың күзінде Қазақстандағы жағдайға байланысты Түркменстанға 3000, Хиуа мен Қарақалпақстанға 3000 шаруашылық көшіп кетті. Оларды Тобанияз Әлниязов пен Ор ишан ұйымдастырды. Ауғанстанға өтуді жоспарлаған шаруашылықтар Қарабұғазға шоғырланды. Оларды Қошанов тобы қорғады. 1930 жылы қаңтар-ақпан айларында көшкен халықтан бір мыңдай қару-жарақ жинап алынды. 1930 жылдың қаңтар айында Қошанов тобы жойылып, Әлниязовтың қолға түсуі негізінде көшу тоқтап, көшкен ауылдар кері оралды. 1931 жылы Адай жерінде басталған қарсылық қозғалысын бұрынғы оқиғалардан бөліп қарауға болмайды. Олар бір-бірімен жалғасып жатыр. 1931 жылғы оқиғаның шиленісуіне Форт-Александровск қамау үйінен 168 тұтқынның қашып кетуі себеп болды. Қашқан тұтқындардың көпшілігі, бұрынғы кеңес үкіметіне қарсы ұйымдардың мүшелері болатын. 1931 жылғы оқиғаның басты ерекшелігі, оның бұқаралық сипат алуы еді. Көтеріліске барлық ауылдар, балық кәсіпшілігінің де ер адамдары қатысты. Маңғыстау ауданы ғана емес Адай аумағында қозғалыс ұйымшылдықпен бір уақытта басталып, бір орталықтан басқарылды. Ауылдық жерлердегі партия-кеңес қызметінің әлсіздігі, партия-кеңес орындарының қала маңында ғана әрекет етуі, кедейлермен байланыстың болмауы, орта шаруаны байлар қатарына қосу, жедел іс қимылдың шашыраңқы жүргізілуі 1931 жылғы көктемдегі жаппай қозғалыстың өрістеп, ауылдардың көшуіне себеп болды.

1931 жылдың маусым айының ортасында 4000 шаруашылық көтерілісші топтарының қарауында болды. Табын ауданынан 7000, Жилокоса ауданынан 2800, Ойыл мен Доссор аудандарынан 1500 шаруашылық қарсыласушылар шоғырланған аймаққа қоныстанды. Адайдың

«Мұңал», «Тобыш», «Құнан орыс», «Жеменей» бөлімдері «орыстарға қарсы», «большевиктерге мал бермейміз» деген ұранмен әрекет етті.

1930-1931 жылдары жүргізілген кеңестердің алғашқы сайлауы нәтижесінде ауылдық кеңестер толықтай ру басылары мен дін иелерінің ықпалында өтті. Сайлау құқығынан айыру ісінде де көптеген кемшіліктер орын алды. Келеңсіздік елдегі ет, жүн жинау науқанында да белең алды. Байлар бұл науқаннан жалтарса кедейлер мен орташаларға бірдей ауыртпалық салынды. Ауылдарда мемлекеттік жоспарды орындау бойынша жарысу орын алды. Көп ауылдарда ет, жүн жинау науқанын ауыл ақсақалдары жүзеге асырып, жағдайына қарамай белгіленген жоспар ауыл адамдарына теңдей бөлініп берілді. 1930 жылғы жүн дайындау науқаны қыста ұйымдастырылып, ел малдарын қыста қыркуға мәжбүр болды. Бұл жағдай, 1931 жылы қыста тағы қайталанды. Ауылдарда кооперация жұмысы жолға қойылмаған.

1930 жылы 1 тамызда кооперация халыққа өткізген мал, ет, жүн өнімдері үшін 348.159 сом қарыз болды. Бірыңғай ауыл шаруашылығы салығын салуда да кедейді орташаға, орташаны байға теңестіріп салық белгілеу жүргізілді. Салықтан жалтарған бай, жартылай феодал шаруашылықтары малдарын сату, есепсіз союға жол берді. Нәтижесінде, ауданда мал басы екі жылда қатты кеміп кетті. Бай, орташа, ауқатты адамдарды анықтауда да өкілдердің шатасуы көп болды. Аудан басшылығы бұл мәселеде Маркс, Энгельс, Ленин шығармаларына сүйеніңіздер деп жауап берген. Банды қозғалысының бастапқы кезінде партия-кеңес қызметкерлері сасқалақтап, жөнді әрекет жасай алмады. Аудандық комитет пен белсенділер ауданда емес қалада болды. Өлкелік комитеттен көмекке келгендер де аудан хатшысымен бірігіп 68 дивизион қосынымен Босаға, Сенек құдықтарында бірге жүрді. Өлкеден арнайы мемлекеттік комиссияның Форт-Александровскіге келуімен бірге 1931 жылдың маусым айының соңы және шілде айының басында ғана ауданда саяси-экономикалық жұмыстар жандана бастады. Шілде айының жиырмааларында мемлекеттік комиссия ауданда кезек күттірмейтін негізгі мәселелерді анықтап, оларды шеше бастады. Жүргізілген шұғыл шаруалар.

1. Мал, ет, жүн дайындаудағы, салық белгілеудегі кемшіліктерді жою.
2. Мал дайындаудағы берешектерді өтеу.
3. Азық, шаруашылық тауарларымен қамтуды қалпына келтіру. Банды қозғалысы кезінде кооперация бөлімдері талқандалған болатын.
4. Жарлылар қорын ұйымдастыру. Осы қор арқылы кедейлер мен жарлыларды қамтамасыз ету.
5. Арнайы үгіт топтары арқылы саяси көпшілік, түсіндіру жұмыстарын жандандыру.
6. Жарлылар мен кедейлердің ауылдық, аудандық конференциясын өткізу.
7. Ауылдық кеңестерді қалыптастыру үшін ұйымдастыру бюросын құру, аудандық партия конференциясын шақыру.
8. Аудандық басшылықты ауыстыру, партия-кеңес, шаруашылық аппаратын тексеру;
9. Осы шараларды халыққа ауызша және жазбаша тарату, мемлекеттік комиссия жұмысы туралы хабар беріп отыру.
10. Бандылардан бөлініп, кері көшіп келген ауылдарда жұмысты мемлекеттік комиссия нұсқауына сай қайта ұйымдастыру.
11. Ауданда кеңестерді нығайтып, ұйымдастыруды дамыту, мал шаруашылығын қайта құру.

Қыркүйек айына дейін мемлекеттік комиссия жұмысы жанданып, «бандыларға» ерген шаруашылықтар ауылдарына орала бастады. 5 қыркүйекте 2500 шаруашылық өз ауылдарына оралды.

Ауданда «банды қозғалысымен» күрес 1931 жылы сәуір айының ортасында Форт-Александровскі қамау үйінен 168 тұтқынның қашып кетуінен кейін басталды. «Бандыларға» қарсы алғашқы жедел операцияны Закавказье ОГПУ ерекше бөлімі бастығы Сумбатов басқарды. Маңғышлақта бірнеше рет «банды» көшімен кездескеннен кейін 200 адамдық қосын Қарақын құдығы аумағына жіберілді. «Бандылармен» кездеспеген қосын Қарақынды тастап қалаға кері оралды. Бұл жағдай, көтеріліс басшыларына халықты ОГПУ әскері қорқып қашып кетті деп үгіттеуге негіз болды. Сумбатовтың сәтсіздігінен соң, арнайы операцияға 68-дивизион және 30 қызыләскер мен 10 автомобильді топ тартылды. Жедел қосын аудандағы жағдайды білместен және Форт-Александровскінің күзетінің сақталуына мән бермей 3 маусымда Сенек құдығы аумағына, 17 маусымда Босаға құдығы аумағына барған. Осы жерде көтерілісшілердің негізгі күшімен кездесіп 19-25 маусымда Босаға құдығында қорғаныс жұмысын жүргізген. 26 маусымда жедел топ Босағаны тастап Сенек құдығына, одан азық пен жанармай сақталған Кендерліге беттеген. Осы топ құрамында болған Қазақстан Орталық атқару комитетінің жауапты қызметкері Асылбеков, халық ағарту комиссары Меңдешев, Маңғыстау аудандық партия ұйымының жауапты хатшысы Макатов нәтижелі жұмыс жасамады. Жедел топ негізсіз тұтқындар жүргізіп, тұрғындардан ақысыз азық алып

отырған. Осының бәрі жедел топқа деген халықтың теріс көзқарасын қалыптастырды. 68 - дивизионның Кендерлі-Сенек-Босаға бағытына ғана көңіл бөліп, Бозащы мен Маңғышлақ бағытын тексермеуі нәтижесінде көтерілісшілер қосындары Форт-Александровскіге 23 маусымда шабуыл жасап басып алды.

Аз уақытта қаланы алған банды қосыны Данбай, Саур, Акчукур кәсіпшіліктері мен кооператив, мал, жүн дайындау орындарын тонап, талқандады. Қалаға 900.000 сом көлемінде шығын келді. Форт-Александровскіге көтерілісшілердің шабуыл жасағанын 68-дивизион 28 маусым күні ғана білген. Ал, «бандылар» шабуылын қала ОГПУ бөлімі 10 сағат бұрын біліп, жан-жаққа хабар берген. 68 - дивизион осы оқиғадан кейін Кендерлі мүйісіне қарай ығысып теңіз жағасындағы балық кәсіпшіліктері мен Қайдақ мүйісін қорғауды күшейткен. 26 маусымда Форт-Александровскіге Бакуден 176 адамдық әзербайжан ОГПУ бөлімдері, 24 полк командирі көмекшісі Оглода басқаруымен келді. 100 адаммен көтерілісшілер соңына түскен әзербайжан ОГПУ әскері Саур, Удек, Ойра құдықтарына дейін барып, 02 шілдеде көтеріліс жасағын талқандау үшін Бозащыға жіберілді. Атарбеков кемесімен Бозащы жерін «бандылардан» тазартқан ОГПУ қосыны 10 шілдеде Форт-Александровскіге оралды. Форт-Александровскіге шабуыл жасаған көтерілісшілер қосыны Ақтау, Қаратау жерінде 30-50 адамдық топтармен жақын ауылдарға жортуылды көбейткен. Қарсыласушылардың негізгі күші 200-250 адамдық топ сақталды. Осы топты талқандау үшін Бакуден келген жасақ Оңды мекеніне, 68-дивизион Кендерлі-Беке торабы мен Сардж, Александр-Бай балық кәсіпшіліктеріне қарай жорық жасады. Ақтау, Қаратау өңірінің орталығы Оңдыға барған Баку тобы басшысы Шматко, ат жем шөбінің таусылуына сай 15 шілдеде қалаға кері оралды. 68-дивизионның жорығы да нәтиже бермеді. Ақтау мен Қаратауға бекінген Төлебаев Садуақас тобы Қаратюе Маната, Жанасу, Дармент ата, Аше Ирбисин құдықтары аумағына және Тышқан құм, Бостан құм, Сайғыр құм аудандарына дейін өз ықпалдарын жүргізді.

Оңтүстік өтеріліс жасағы басшысы Қонғабай, солтүстік көтеріліс тобы басшысы Жармағамбет Исебаев, молда Үсенов Жұмабай, Төлебаев Садық шілденің ортасында Форт-Александровскіге шабуылдау жоспарын құрып, көтерілісшілер құрамын қайта жарақтандырған. Шабуылды 21-22 шілдеге белгілеген. Бұл жағдай Бозащы мен Маңғышлақ бағытының еш қорғаусыз қалғанынан болды. Қазақстан ОГПУ саяси бөлімі басшысының орынбасары Рогозин тобы 20 шілдеде Кендерлі мүйісіне түсті. Сол жерден қосын Сенек бағытына қарай жүріп «бандыларға» қарсы 24-25 шілдеде Аша ирбисин, Дармен ата, Қаратөбе Маната құдықтары аумағына жорық жасады. Осы кезде Баку қосыны Ақтау мен Қаратау аумағына жорық жасау керек болды. «Банды» топтарының Форт-Александровскіге шабуын білген Баку тобы, өз әскерін қажетті жерге орналастырып бандыларды қоршауы тиіс еді. 28 шілдеде «банды» топтарының қалаға қарай 10 шақырым қашықта келе жатқанын көріп, «банды» құрамындағы жүк артқан түйелер көшін де есептеп, көп деп болжаған Баку қосыны Атарбеков кемесіндегі зеңбіректерден оларға 4-5 шақырым қашықтан оқ жаудырған. Зеңбірек оғынан сескенген және өзара келісімге келмей көтерілісшілер тобы қалаға кірмей кері шегінген. Баку қосыны сол бойда емес, тек 29 шілдеде қууды ұйымдастырғанмен, еш нәтиже бермеген. Осы операция кезінде көтерілісшілер 2 адамынан ғана айрылды. Осы кезде Қазақ ұлттық атты әскер құрамасы Жаңасу мекені маңында Нұржан бастаған 56 көтеріліске қатысушыны жойды.

Қонғабай, Жармағамбет, Жұмабай Үсенов бастаған көтерілісшілер қосындары Сенектен 30 шақырым жердегі Жарықты ай мекені маңында жиналып Кендерліге шабуыл жасауды жоспарлады. Рогозин тобының Кендерліге келуі көтерілісшілер тобының жоспарын өзгертті. Үсенов Жұмабай тобы Форт-Александровскі бағытына қарай беттеп, Қонғабай тобы Табын, Қарақұм көтеріліс топтарымен бірігу үшін солтүстікке қарай жылжыды. Қонғабай тобының Маңғыстау жерінен кетуіне жергілікті Адай руының Мұнал, Тобыш, Құнан орыс бөлімдерімен сөзге келуі және Босаға шайқасында Табындықтардың көп шығынға ұшырауы себеп болды. 1 тамызда 300 адамдық оңтүстік көтеріліс тобы Акжыракты ой, Бұрма жерінде ОГПУ әскерімен кездесіп, шайқастан соң Үстіртке шегінді. Қонғабайдың 160 адамдық тобы бұл шайқасқа қатысқан жоқ. ОГПУ әскерінің Босаға, Ак кюз, Бирюбас, Утес құдығы арқылы Үстіртке келуі көтерілісшілердің Үстірттің ішкі бетіне көшуіне әкелді. 10 тамызда Маңғыстау ауданы «банды» топтарынан тазартылды. Үстіртке әскердің кіруі көтерілісшілер топтарының шағын адаммен далалық аймаққа қашуына әкелді. Үстірттегі 700 шаруашылық кері өз ауылдарына оралды. 20 тамызда Қазақстан ОГПУ ерекше істер бөлімі бастығы орынбасары Кручинин басқарған әскери дивизион Үстіртте «банды» топтарын талқандады. Аман қалғандары Түркменстанға, Хиуа жеріне қарай қашты. Адай жеріндегі «банды қозғалысын» біржола жою үшін ОГПУ бөлімдері Маңғыстау ауданында арнайы екі дивизион, Үстіртте арнайы алты қосын құрылып іске кірісті. 20-30 тамызда Адай жерінде «банды қозғалысы»

басталған уақыттан бері ОГПУ чекистері жағдайды толық өз бақылауында ұстап, барлау және тыңшылық қызметтерін күшейтті. 1931 жылдың қыркүйек айында Маңғыстау ауданына 1500 шаруашылық кері көшіп келді. Тамыз айында 70 көтеріліс мүшесі ұсталса, қыркүйекте 122 адам тұтқындалды. Жедел операциялар кезінде жазықсыз тұтқындалған 148 адам, қамау үйінен босатылды. 1931 жылғы Маңғыстау ауданындағы «банды қозғалысынан» мемлекетке 2.000.000 сом шығын келді [ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 43-іс. 28 п].

Босаға шайқасы туралы мәлімет Қазақстандағы ОГПУ жеке уәкілдігіне Каруцкийге Гурьев ОГПУ қызметкерлері В.Алексеев, П.Попов, И.Чапуриннен №16566 номермен тіркелген.

Мәлімдеме. ОГПУ ерекше бөлімінің бастығы Белоноговтың Босағадағы сәтсіз іс қимыл кінәсін Гурьев ОГПУ басшысы Калашников пен №68-дивизион командирі Сырмаға аударғанын біліп, төмендегіні мәлімдейміз. Босағадағы сәтсіздік тікелей Белоноговтың кінәсінен болды. Бандылардың Босағадан 8 шақырым жерде екенін біліп, еш шара қолданбады. Қосын бандылар тосқауылына тап болып, атыс кезінде машина мен штабты қорғаймын деп кетіп қалды. Қасында Семеновтың болғанына мән бермей, басшылық міндетті Чапуринге тапсырды. Фетисовтың өлімі де тікелей Белоноговтың жайбарақаттығынан болды. 24-25 маусымдағы ұрыс кезінде де Белоногов штабты қорғаймын деген желеумен өз басының ғана амандығын ойлады. Өзінің жоғары дәрежесін пайдаланып 68-дивизион командирі Сырма мен коммунистік қосын командирі Семеновқа билік бермеді. Әскердің негізгі күшін штабты қорғауға қалдырды. Босағадан Кендерліге кетерде де пулеметі бар машиналарды алып, жаяу және атты қосынды аз адаммен қалдырды. Сондықтан, қолға түскен малды бандылар кері тартып алды.

Кручининге Белоноговтың мәлімдемесі. 06 қараша 1931 жыл. Алматы қаласы.

Маңғыстау ауданындағы банды қозғалысының алдын алуда Гурьев ОГПУ еш жұмыс жасамаған. Тыңшылық, барлау қызметтерін жүргізбеген. Байларды, жартылай феодалдарды тазалау деген желеумен қамау, ұстау негізсіз жүргізілген. Қылмыстық істер ашылмаған. Форт-Александровскіде тұтқындалған 128 адамның істері Гурьевке жіберілмеген. Маңғыстау аудандық ОГПУ 1931 жылдың қаңтарынан істерлі қарамаған, жүргізілмеген, почта тексерілмеген. Штаптағы басшы Жуков, жедел уәкіл Ефименко, жедел уәкіл көмекшілері Тихомиров, Абенов бір-біріне бағынбай, әрқайсысы жеке-жеке іс жүргізген. Гурьевтен келген жедел уәкіл Абузьяров осындағы қызметкерлердің бұрынғы офицерлер екенін (Чапурин, Морянов) айтқан. Сондықтан, жергілікті халық ОГПУ ге мәлімет бермеген, жасырған.

Белоноговтың 03 қыркүйек 1931 жылғы Форт-Александровскідегі жазбасы.

Мен, Алматыдан Кендерліге 1931 жылдың 19 маусымында келдім. Осы жерде Гурьев ОГПУ басшысы Калашников қарсы алды.

Осы кезде Маңғыстау ауданында төмендегідей бандыға қарсы күш болды.

1. ОГПУ-дің 68-дивизионының 70 адамдық әскері және Босағадағы Астрахан теміржолының 9 атқышы.

2. Бурма кеніндегі коммунистік қосын-9 адам.

3. Форт-Александровскідегі коммунистік қосынның 70 адамы. Бірақ, осы топ жергілікті партия кеңес қызметкерлерінен құралып аңшы мылтығымен қаруланған, әлсіз болатын. 21 маусымда Бурмадағы қосын бұйрық негізінде Босағаға жіберілді. Босағадағы біріккен күште Ембімұнай трестінен алынған 8 жүк машинасы, 2 жеңіл машина болды.

19 маусымда Босағаға келгесін атты әскер қосынын Үстірттің Қарақын мекеніне дейін барлап келуді міндеттедім. Атты қосын Үстіртке барар жолда банды көшіне кездесіп, түгел тұтқындап Босағаға алып келді.

22 маусымда жағдайды білу үшін тұтқындардан жауап алдым. Жауап алу кезінде, менімен бірге Калашников, қызметкерлер Алексеев, Фетисов, Попов, Чапурин, Салин және 68-дивизион командирі Сырма, дивизион саяси жетекшісі Клигман болды. Сондай-ақ, жауап алуға қосынмен бірге жүрген Каз АССР халық ағарту комиссары Меңдешев, Каз ЦИК жауапты хатшысы Асылбеков қатысты. Меңдешев пен Асылбеков жергілікті жағдайды чекистерге қарағанда жақсы біледі екен.

24 маусымда Босаға-Қарақын жолын тексеру үшін автомобиль тобы басшысы Христианович бір машинамен және коммунистермен аттанды. Босағадан 16-18 шақырым жерде топ 400 адамдық банды қосынымен кездесіп кері Босағаға шегінеді. Бандыларға қарсы коммунистік қосын, теміржол атқыштары бір жеңіл, бір ауыр пулеметпен қаруланып, машинамен аттанды. Осы топты Гурьев ОГПУ қызметкерлері Чапурин мен Фетисов басқарды.

Фетисов мінген машина бандылардың жауған оғы астына тап болып Фетисов ауыр, машина жүргізушісі жеңіл жараланды. Осы кезде ауыр пулемет іске кірісіп, қосын кері Босағаға оралды.

Банды қосыны төрт жақтан қоршап, ұрыс жүргізді. Айта кету керек Босағадағы ұрыста бандылар басымдық танытты.

Дивизион командирі Сырма мен Гурьев ОГПУ басшысы Калашниковтың ұрысты дұрыс жүргізбеуіне сай, 25 маусымда басшылықты қолыма алдым.

Қосын жауынгерлерінің қайсарлығымен, пулеметтердің үздіксіз оқ жаудыруынан бандылар сағы сынып, әлсірей бастады. Банды басшысы, хан Тынымбаев Мырзағали оққа ұшты. Бұл да себеп болды.

26 маусым күні таңертең бандылардың кері кеткені белгілі болды. Сондықтан, қосынды Сенекке апаруды шештім.

Қосындағы 40 банды жанұя мүшелері босатылып, тек 3 жанұя мүшелері қалдырылды. Бандылардан алған малдарды Биш акты мен Сенек арасындағы жолда Оразбай Жакупов бандысы тартып алды [ҚР ҰҚКА. 9-қ. 1-т. 43-іс. 91 п].

24-25 маусымда Босаға құдығынан 12 шақырымдай жерде ОГПУ-дің 68-ші дивизионы мен 450 адамнан тұратын көтерілісшілердің барлық қарулы күштерінің бастығы, адайлар хан көтерген Мырзағали Тынымбайұлының өзі басқарған көтерілісшілер жасақтарымен тәулік жарым уақытқа созылған ұрыс, қанды шайқас болады. Алғашқы күнгі ұрыста көтерілісшілер күші, 40 кісілік әскері бар жазалаушылар отрядынан 10 еседей көп болды. Келесі күні, 25 маусымда дивизион соғысқа 110 кісілік, 3 станокты 2 қол пулеметімен қаруланған барлық әскер құрамын қосты. Соған қарамастан жазалаушы қосын нәтижеге жете алмады. Себебі, дайындығы мол, жақсы қаруланған жазалаушы әскерге қарсы көтерілісшілер ежелден келе жатқан соғыс өнерін пайдаланған еді.

Көтерілісшілердің көпшілік жағдайда туыскандық байланыс жүйесіне негізделген ұйым болып, руластарымен, ауыл-ауыл болып жүруі олардың қозғалысына да ерекше сипат берді. Әрбір ауыл тұрғындары басшыларын руластарының ішіндегі беделді адамдардан өздері сайлады. Ежелден келе жатқан рулық тәртіп бойынша басшылардың айтқанын екі етпей орындау, олар үшін ежелден келе жатқан қағида еді. Ауыл басшылары ауылды тұтқиыл шабуылдардан қорғайтын ерікті жауынгер жасақтарын құрды. Тәртіп бойынша, әрбір отбасынан бір-бір азамат өзінің мініс көлігімен, қару-жарағымен келіп жасақ қатарына тұруға тиіс болды. Адайлардың мұндай жасақтарының саны кей жерде 500-1000 адамға дейін жетіп, үлкен күшке айналған екен. Оларды топ-топқа бөліп, жетекшілерін тағайындап, ұйымдасқан сипат беруге тырысқандық, жауынгерлік тәртіп орнатуға ұмтылғандық байқалады. Бұл топтар бір-бірімен үзбей хабарласып, барлау жұмыстарын жүргізіп, жазалаушылардың қай бағытта, қалай қарай бет алған жолдарын біліп, ауылдарына дер кезде хабарлап отырды. Бірақ, жазалаушы отрядтармен бетпе-бет кездескенде бұлар дәрменсіз еді. Себебі олардың қару-жарағы өте мардымсыз, ату құралдары, оқ-дәрілері мүлдем жоқ десе де болады. Қарулары: найза, қолдан соққан қылыш, сойыл, шоқпар ғана болды. Ал, мұндай қарумен пулемет, бесатар, крабин, техникамен жабдықталған, соғысқа әдейі дайындалған үкімет әскеріне қарсы тұру мүмкін емес еді. Сондықтан жасақтар үнемі жеңіліс тауып, көп шығынға ұшырап отырған екен. Олардың басты мақсаты да жазалаушыларға қарсы тұрып, шабуылға шығып, қайрат көрсету емес, олардан бой тасалап, ауылын, бала-шаға, мал-жанын үкімет әскерінен қорғау болатын. Сонымен қатар, олар үкіметтің ұжымдық шаруашылықтарына, азық-түлік қоймаларына шабуыл жасап, малдарын айдап кетіп, мүліктерін тонап, жергілікті басшыларын жазалау міндеті де осылардың мойнында болды.

Босаға шайқасындағы көтерілісшілердің жеңісінің басты себебі олар азаттық жолында жан аямай күрескен еді. Елі мен жері үшін, отбасын қорғау үшін күреске шығу олардың рухын көтерді.

Маңғыстау жеріндегі халық қозғалысының шырқау шегі болған Босаға шайқасы нәтижесінде Гурьев аумағында халық қозғалысын басып жаншуда, жазалауда аты шыққан чекист Фетисов оққа ұшты. Халық қозғалысын басу үшін жинақталған әскер күші амалсыз кері форт-Александровскіге шегінді. Бұл шайқастың тарихи маңызы қазақ жасақтарының кәсіби, барынша қаруланған күшке қарсы тұрып, қоршап алып бірнеше күн тапжылтпай ұстауы. Қолға түскен тұтқын сарбаздары мен жанұя мүшелерін босатып алуы және мал мүліктерін қару күшімен қайтарып алуы да әскери тарихтың мәнді беттері болып табылады [Жұмағұлов, Хайдаров, 2024: 38-50].

Соңғы кезде жарияланған Д.Аннаоразов [Аннаоразов, 2022: 327], С.Хошимов [Хошимов, Иминов, Тураходжаев, 2016: 100-108], С.Половецкий [Половецкий, Ченцов, 2020: 148], зерттеулерінде 1930 жылдардағы ОГПУ әскерінің қанқұйлы жазалау істері көрсетіледі. Дегенмен, ОГПУ әскері Маңғыстау жеріндегі Босаға шайқасында жеңілді. Босаға шайқасы қазақ жасақтарының ұлттық рухының жоғары екенін дәлелдеді.

Қорытынды. Маңғыстау жерінде болған қызыл империяның қанды қырғыны тарих парақтарына айналғанмен одан шығатын тағылымды халық еш уақыт ұмытпақ емес. 1930 жылдары ел болып, халық болып босып жоюлудың кейпін кешкен уақытта қолдарына қару алып мұздай қаруланған кәсіби әскерге қарсы шыққан халық қаһармандары болды. Олар және жалғыз емес бірнеше мың адам еді. Кеңестік тарихнамада «банды» деген ат берілген нағыз ерлер елі мен жері үшін күрестің жарқын беттерін қалдырды. Қазақстанның батыс өңірі әскери тарихында 1929-1933 жылдардағы Маңғыстаудағы кеңес өкіметіне қарсы қарулы күрес ерекше орын алады. Сөз жоқ осы күрестің шырқау шегі, ол Босаға шайқасы еді. Көнігі чекистердің өзі мойындаған шайқаста қазақ жасақтары соғыс жүргізудің тактикасын, қол басқарудың озық үлгісін көрсетті.

Дереккөздер

ҚР ҰҚКА – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві

Sources

Иналджик, 2013 – Иналджик Х. Крым под властью Осман и спор о заключении соглашения: по материалам новых документов // Золотоордынское обозрение. 2013. № 1. С. 147–163. URL: <https://goldhorde.ru/wp-content/uploads/2015/12/%D0%97%D0%BE%D0%BB-%D0%9E%D0%B1%D0%BE%D0%B7%D1%801-147-163.pdf>

Камалов, 2007 – Камалов И.Х. Отношения Золотой Орды с хулагуидами. Казань: Ин-т истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2007. 108 с.

Костюков, 2010 – Костюков В.П. Несколько замечаний по походу Тимура 1391 г. // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. 2009. № 2. С. 120–137.

Миргалеев, 2003 – Миргалеев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. Казань: Алма-Лит, 2003. 164 с.

Миргалеев, 2006 – Миргалеев И.М. К вопросу о внешней политике Золотой Орды в 80–90-х годах XIV века: западное направление // Диалог культур: русско-татарские взаимосвязи. Материалы историко-филологического семинара, проводимого в рамках Всероссийской научно-практической конференции «Славянская культура: истоки, традиции, взаимодействие» VII Кирилло-Мефодиевских чтений. Ч. III. Вып. 2. М.–Ярославль: Ремдер, 2006. С. 7–10.

- Миргалеев, 2007 – *Миргалеев И.М.* Материалы по истории войн Золотой Орды с империей Тимура. Казань: Институт истории АН РТ, 2007. 108 с.
- Миргалеев, 2009 – *Миргалеев И.М.* Битвы Токтамыш-хана с Аксак Тимуром // *Военное дело Золотой Орды: проблемы и перспективы изучения. Материалы Круглого стола, проведенного в рамках Международного Золотоордынского форума (Казань, 29–30 марта 2011 г.)* / Отв. ред. и сост. И.М. Миргалеев. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2011. С. 170–182.
- Миргалеев, 2011 – *Миргалеев И.М.* Войны Токтамыш-хана с Аксак Тимуром. Казань: Институт истории АН РТ, 2003. 88 с.
- Миргалеев, Камалов, 2008 – *Миргалеев И.М., Камалов И.Х.* К вопросу о взаимоотношениях Золотой Орды с Османской империей // *Золотоордынская цивилизация*. 2008. № 1. С. 87–94.
- Нарымбет, Шашаев, Жакаш, 2022 – *Нарымбет Г.Б., Шашаев А.К., Жакаш Д.Б.* Историческая личность хана Тохтамыша в поэме «Едиге» // *edu.e-history.kz — электронный научный журнал*. 2022. № 4 (32). С. 84–94. DOI: 10.51943/2710-3994_2022_32_4_84-94.
- Парунин, 2015 – *Парунин В.И.* Сыновья Тохтамыша на страницах польско-литовских хроник // *Исторический формат*. 2015. № 4. С. 288–296.
- Сафаргалиев, 1960 – *Сафаргалиев М.Г.* Распад Золотой Орды // *На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X–XVI вв.)*. М.: Инсан, 1996. С. 277–526.
- Сайфетдинова, 2017 – *Сайфетдинова Э.Г.* Политические взаимоотношения между Польско-Литовским государством и Золотой Ордой во второй половине XIV — начале XV вв. // *Zeszyty Naukowe Gdańskiej Szkoły Wyższej*. 2017. № 17. С. 305–310. <https://doi.org/10.24426/zngsw.v17i0.166>
- Сайфетдинова, 2023 – *Сайфетдинова Э.Г.* Письмо Тамерлана мамлюкскому султану Баркуку и ответное письмо Баркука Тамерлану от 795 г.х. / 1393 года // *Золотоордынное обозрение*. 2023. Т. 11. № 3. С. 652–661. DOI: 10.22378/2313-6197.2023-11-3.652-661.
- Тизенгаузен, 1941 – *Тизенгаузен В.Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II: Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Т. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1941. 308 с.
- Утемиш-хаджи, 1992 – *Утемиш-хаджи*. Чингиз-наме / Факсимиле, пер., транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина; подгот. к изд. Ю.Г. Баранова; коммент. и указатели М.Х. Абусеитовой. Алма-Ата: Гылым, 1992. 296 с.

References

- Favereau, 2018 – *Favereau M.* The Horde and the Mamluks: diplomacy and communication across the Black Sea. Cambridge: Cambridge University Press, 2018. Pp. 329–346.
- Akerov, 2017 – *Akerov T.A.* Madzhmu at-Tavarikh kak istoricheskii istochnik (Polnyi perevod, analiz i kommentarii) [Majmu‘ at-Tawarikh as a historical source (Full translation, analysis and commentary)]. Bishkek, 2017. 348 p.
- Grekov, Yakubovskii, 1950 – *Grekov B.D., Yakubovskii A.Yu.* Zolotaia Orda i ee padenie [The Golden Horde and its Decline]. Moscow: Izd-vo AN SSSR, 1950. 478 p.
- Zakirov, 1966 – *Zakirov S.* Diplomaticheskie otnosheniia Zolotoi Ordy s Egiptom XIII–XIV vv. [Diplomatic relations of the Golden Horde with Egypt in the 13th–14th centuries]. Moscow: Nauka, 1966. 160 p.
- Zainuddinov, Mirgaleyev, 2014 – *Zainuddinov D.R., Mirgaleyev I.M.* Tokhtamysh-khan i Aksak Timur v biograficheskom sbornike Ibn Tagriberdi [Tokhtamysh Khan and Aksak Timur in the biographical collection of Ibn Tagriberdi]. Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta imeni A.S. Pushkina. Seriya «Istoriia». 2014. No. 4. Pp. 217–223.
- Zlygostev, 2012 – *Zlygostev V.A.* Tokhtamysh. Ufa: Dizain press, 2012. 472 p.
- Inaldzhik, 2013 – *Inaldzhik Kh.* Krym pod vlastiu Osman i spor o zakliuchenii soglasheniia: po materialam novykh dokumentov [Crimea under the rule of the Ottomans and the dispute over the conclusion of an agreement: based on new documents]. Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. No. 1. Pp. 147–163. URL: <https://goldhorde.ru/wp-content/uploads/2015/12/%D0%97%D0%BE%D0%BB-%D0%9E%D0%B1%D0%BE%D0%B7%D1%801-147-163.pdf>
- Kamalov, 2007 – *Kamalov I.Kh.* Otnosheniia Zolotoi Ordy s khulaguida-mi [Relations of the Golden Horde with the Ilkhanids]. Kazan: In-t istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2007. 108 p.
- Kostiukov, 2010 – *Kostiukov V.P.* Neskolko zamechaniy po pokhodu Timura 1391 g. [Some remarks on Timur’s campaign of 1391]. Voprosy istorii i arkhologii Zapadnogo Kazakhstana. 2009. No. 2. Pp. 120–137.
- Mirgaleyev, 2003 – *Mirgaleyev I.M.* Politicheskaiia istoriia Zolotoi Ordy perioda pravleniia Tokhtamysh-khana [Political history of the Golden Horde during the reign of Tokhtamysh Khan]. Kazan: Alma-Lit, 2003. 164 p.
- Mirgaleyev, 2006 – *Mirgaleyev I.M.* K voprosu o vneshnei politike Zolotoi Ordy v 80–90-kh godakh XIV veka: zapadnoe napravlenie [On the foreign policy of the Golden Horde in the 1380–1390s: western direction]. Dialog kultur: rusko-tatarskie vzaimosviazi. Materialy istoriko-filologicheskogo seminar... Part III. Issue 2. Moscow–Yaroslavl: Remder, 2006. Pp. 7–10.

Mirgaleyev, 2007 – *Mirgaleyev I.M.* Materialy po istorii voyn Zolotoi Ordy s imperiei Timura [Materials on the history of the wars of the Golden Horde with Timur's empire]. Kazan: Institut istorii AN RT, 2007. 108 p.

Mirgaleyev, 2009 – *Mirgaleyev I.M.* Bitvy Tokhtamysh-khana s Aksak Timurom [Battles of Tokhtamysh Khan with Aksak Timur]. Voennoe delo Zolotoi Ordy: problemy i perspektivy izucheniia. Materialy Kruglogo stola... Kazan, 29–30 marta 2011 g. Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2011. Pp. 170–182.

Mirgaleyev, 2011 – *Mirgaleyev I.M.* Voyny Tokhtamysh-khana s Aksak Timurom [Wars of Tokhtamysh Khan with Aksak Timur]. Kazan: Institut istorii AN RT, 2003. 88 p.

Mirgaleyev, Kamalov, 2008 – *Mirgaleyev I.M., Kamalov I.Kh.* K voprosu o vzaimootnosheniakh Zolotoi Ordy s Osmanskoi imperiei [On the relations of the Golden Horde with the Ottoman Empire]. Zolotoordynskaia tsivilizatsiia. 2008. No. 1. Pp. 87–94.

Narymbet, et al., 2022 – *Narymbet G.B., Shashaev A.K., Zhakash D.B.* Istoricheskaiia lichnost khana Tokhtamysha v poeme «Edige» [The historical personality of Khan Tokhtamysh in the poem “Edige”]. edu.e-history.kz — elektronnyi nauchnyi zhurnal. 2022. No. 4 (32). Pp. 84–94. DOI: 10.51943/2710-3994_2022_32_4_84-94.

Parunin, 2015 – *Parunin V.I.* Synovia Tokhtamysha na stranitsakh polsko-litovskikh khronik [Sons of Tokhtamysh in Polish-Lithuanian chronicles]. Istoricheskii format. 2015. No. 4. Pp. 288–296.

Safargaliev, 1960 – *Safargaliev M.G.* Raspad Zolotoi Ordy [The disintegration of the Golden Horde]. Na styke kontinentov i tsivilizatsii... (iz opyta obrazovaniia i raspada imperii X–XVI vv.). Moscow: Insan, 1996. Pp. 277–526.

Saifetdinova, 2017 – *Saifetdinova E.G.* Politicheskie vzaimootnosheniia mezhdru Polsko-Litovskim gosudarstvom i Zolotoi Ordoi vo vtoroi polovine XIV — nachale XV vv. [Political relations between the Polish-Lithuanian state and the Golden Horde in the second half of the 14th – early 15th centuries]. Zeszyty Naukowe Gdańskiej Szkoły Wyższej. 2017. No. 17. Pp. 305–310. <https://doi.org/10.24426/zngsw.v17i0.166>

Saifetdinova, 2023 – *Saifetdinova E.G.* Pis'mo Tamerlana mamliuiskomu sultanu Barkuku i otvetnoe pis'mo Barkuka Tamerlanu ot 795 g.kh. / 1393 goda [Letter of Timur to the Mamluk Sultan Barquq and Barquq's reply of 1393 CE]. Zolotoordynskoe obozrenie. 2023. Vol. 11. No. 3. Pp. 652–661. DOI: 10.22378/2313-6197.2023-11-3.652-661.

Tizengauzen, 1941 – *Tizengauzen V.G.* Sbornik materialov, otnosiashchikhsia k istorii Zolotoi Ordy. T. II: Izvlecheniia iz persidskikh sochinenii [Collection of materials relating to the history of the Golden Horde. Vol. II: Extracts from Persian works]. Moscow; Leningrad: Izd-vo AN SSSR, 1941. 308 p.

Utemish-khadzhi, 1992 – *Utemish-khadzhi.* Chingiz-name [Chingiz-name] / Fak-simile, per., transkriptsiia, tekstologicheskie primechaniia, issledovanie V.P. Iudina; podgot. k izd. Iu.G. Baranova; komment. i ukazateli M.Kh. Abusseitovoi. Alma-Ata: Gylym, 1992. 296 p.



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 777-789
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_777-789

Ә.Х. МАРҒҰЛАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕГІ РЕЦЕНЗИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (1940–1960 жж.)

Еңлік Қабыкенқызы Абеуова¹, Анар Еркенқызы Кәрімова², Гүлфира Елубайқызы Отепова³

¹Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Олжабай батыр көшесі 60, 140000 Павлодар, Қазақстан Республикасы)

«Тарих» ББ докторанты

<https://orcid.org/0000-0002-6088-3322>. E-mail: abeuova.yenlik@list.ru

²Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Олжабай батыр көшесі 60, 140000 Павлодар, Қазақстан Республикасы)

Қауымдастырылған профессор, тарих ғылымдарының кандидаты

<https://orcid.org/0000-0002-3246-2272>. E-mail: ake073@mail.ru

³Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті (Олжабай батыр көшесі 60, 140000 Павлодар, Қазақстан Республикасы)

тарих ғылымдарының докторы, профессор

<https://orcid.org/0000-0003-3495-4200>. E-mail: otepova.hist@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Абеуова Е.Қ., Кәрімова А.Е., Отепова Г.Е., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада академик Ә.Х. Марғұланның Қазақстандағы 1940–1960 жылдардағы гуманитарлық ғылымдарды дамыту контекстіндегі рецензиялық қызметі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі ғалым Ә.Х. Марғұланның соғыстан кейінгі кезеңде республикада гуманитарлық пәндердің ғылыми дәстүрлері мен әдіснамалық негіздемесін қалыптастыруға ғалым және рецензент ретінде қосқан үлесінің жеткіліксіз зерделенуіне байланысты. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* Ғылыми жұмыстың мақсаты – Ә.Х. Марғұланның ғылыми еңбектер мен диссертацияларға рецензиялар қолжазбаларын кешенді талдау, олардың қазақстандық гуманитаристиканың қалыптасуындағы рөлін анықтау. Зерттеудің міндеттеріне мәтіндерді деректанулық және тарихнамалық талдау, рецензиялаудың негізгі тақырыптық және әдіснамалық бағыттарын анықтау, сондай-ақ рецензиялау практикасының Қазақстанның ғылыми қоғамдастығына әсерін анықтау кіреді. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында академик Ә.Х. Марғұланның рецензиялары археология, этнография, филология және өнертану сияқты гуманитарлық пәндердің кең спектрін көрсетіп, ғылыми жұмыстарды бағалауға пәнаралық көзқарасты көрсететіні анықталды. Ғылыми жаңалықтың өлшеміне, әдістемелік негізділікке және тарихи-мәдени контекстке ерекше назар аударылады, бұл ғалымның кәсібилігі мен жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Материалдарды талдау ғалымның рецензиялық қызметі Қазақстанда ғылыми стандарттарды қалыптастыруға және академиялық дәстүрлерді нығайтуға ықпал еткенін көрсетеді. *Қорытындылай келе,* Ә.Х. Марғұланның рецензиялық мұрасын зерделеу Қазақстандағы гуманитарлық ғылымдардың даму үдерістерін түсіну үшін, сондай-ақ кеңестік кезеңнің ғылыми тәжірибесін сақтау және насихаттау үшін маңызды

екендігі атап өтілді. Алынған нәтижелер одан әрі пәнаралық зерттеулер мен отандық гуманитарлық ғылымдардың дамуына негіз бола алады.

Түйін сөздер: Ә.Х. Марғұлан, рецензиялар, деректану, археология, филология, өнертану, сәулет, гуманитарлық ғылымдар, Қазақстан, XX ғасыр

Дәйексөз үшін: Абеуова Е.Қ., Кәрімова А.Е., Отепова Г.Е. Ә.Х. Марғұланның Қазақстандағы гуманитарлық ғылымдардың дамуының көрінісі ретіндегі рецензиялық қызметі (1940–1960 жж.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 777-789-бб. [қазақша].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_777-789

РЕЦЕНЗИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ А.Х. МАРГУЛАНА КАК ОТРАЖЕНИЕ РАЗВИТИЯ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В КАЗАХСТАНЕ (1940–1960-е гг.)

Енлик Кабыкенқызы Абеуова¹, Анар Еркеновна Каримова², Гульфира Елубаевна Отепова³

¹Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан (ул. Олжабай батыра 60, 140000 Павлодар, Республика Казахстан)

Докторант ОП «История»

<https://orcid.org/0000-0002-6088-3322>. E-mail: abeuova.yenlik@list.ru

²Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан (ул. Олжабай батыра 60, 140000 Павлодар, Республика Казахстан)

Ассоциированный профессор, кандидат исторических наук

<https://orcid.org/0000-0002-3246-2272>. E-mail: ake073@mail.ru

³Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан (ул. Олжабай батыра 60, 140000 Павлодар, Республика Казахстан)

доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0003-3495-4200>. E-mail: otepova.hist@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Абеуова Е.Қ., Каримова А.Е., Отепова Г.Е., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается рецензионная деятельность академика А.Х. Марғұлана в контексте развития гуманитарных наук в Казахстане в период 1940–1960-х годов. Актуальность исследования обусловлена недостаточной изученностью вклада А.Х. Марғұлана как учёного через призму рецензента в формирование научных традиций и методологического обоснования гуманитарных дисциплин в республике в послевоенный период. *Цели и задачи исследования.* Цель научной работы – комплексный анализ рукописных рецензий и отзывов А.Х. Марғұлана на научные труды и диссертации, с выявлением их роли в становлении казахстанской гуманитаристики. В задачи исследования входит источниковедческий и историографический анализ текстов, выявление основных тематических и методологических направлений рецензирования, а также установление влияния практики рецензирования на научное сообщество Казахстана. *Результаты.* В ходе исследования выявлено, что рецензии академика А.Х. Марғұлана отражают широкий спектр гуманитарных дисциплин, включая археологию, этнографию, филологию и искусствоведение, демонстрируя междисциплинарный подход к оценке научных работ. Особое внимание уделено критерию научной новизны, методологической обоснованности и историко-культурному контексту, что свидетельствует о высоком уровне профессионализма и ответственности учёного. Анализ материалов показывает, что рецензионная деятельность учёного способствовала формированию научных стандартов и укреплению академических традиций в Казахстане. *В заключении* подчеркивается, что изучение рецензионного наследия А.Х. Марғұлана важно для понимания процессов развития гуманитарных наук в Казахстане, а также для сохранения и популяризации научного опыта советского периода. Полученные результаты могут служить основой для дальнейших междисциплинарных исследований и развития отечественной гуманитаристики.

Ключевые слова: А.Х. Марғұлан, рецензии, источниковедение, археология, филология, искусствоведение, архитектура, гуманитарные науки, Казахстан, XX век

Для цитирования: Абеуова Е.К., Каримова А.Е., Отепова Г.Е. Рецензионная деятельность А.Х. Марғұлана как отражение развития гуманитарных наук в Казахстане (1940–1960-е гг.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 777-789. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_777-789

A.KH. MARGHULAN'S REVIEW ACTIVITIES AS A REFLECTION OF THE HUMANITIES DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN (1940S–1960S)

Enlik Kabikenovna Abeuova¹, Anar Erkenovna Karimova², Gulfira Elubayevna Otepova³

¹Alkey Marghulan Pavlodar Pedagogical University (60 Olzhabay batyr Str., 140000 Pavlodar, Republic of Kazakhstan)

PhD student of the EP «history»

<https://orcid.org/0000-0002-6088-3322>. E-mail: abeuova.yenlik@list.ru

²Alkey Marghulan Pavlodar Pedagogical University (60 Olzhabay batyr Str., 140000 Pavlodar, Republic of Kazakhstan)

Associate Professor, Candidate of Historical Sciences

<https://orcid.org/0000-0002-3246-2272>. E-mail: ake073@mail.ru

³Alkey Marghulan Pavlodar Pedagogical University (60 Olzhabay batyr Str., 140000 Pavlodar, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Professor

<https://orcid.org/0000-0003-3495-4200>. E-mail: otepova.hist@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Abeuova E.K., Karimova A.E., Otepova G.E., 2025

Abstract. *Introduction.* The article examines the review activity of academician A.Kh. Marghulan in the context of the development of the humanities in Kazakhstan during the 1940s–1960s. Relevance of the research is determined by the insufficient study of A.Kh. Marghulan's contribution as a scholar and reviewer to the formation of scientific traditions and the methodological foundation of the humanities in the republic during the post-war period. *Goals and objectives.* The goal of the study is a comprehensive analysis of A.Kh. Marghulan's handwritten reviews and evaluations of scientific works and dissertations, with a focus on their role in the development of Kazakhstani humanities. The objectives of the study include a source-based and historiographical analysis of these texts, identification of the main thematic and methodological directions of the reviews, and the assessment of their influence on the academic community in Kazakhstan. *Results.* The study reveals that Marghulan's reviews cover a wide range of humanities disciplines — archaeology, ethnography, philology, art history, and architecture — and demonstrate an interdisciplinary approach to evaluating scholarly work. Special attention was given to criteria such as scientific novelty, methodological soundness, and historical-cultural context, indicating the scholar's high level of professionalism and responsibility. The analysis shows that Marghulan's review activity contributed to the development of scientific standards and the strengthening of academic traditions in Kazakhstan. *Conclusion.* The study of A.Kh. Marghulan's review legacy is essential for understanding the processes of humanities development in Kazakhstan and for preserving and promoting the scientific experience of the Soviet period. The findings provide a foundation for further interdisciplinary research and the advancement of national humanities scholarship.

Keywords: A.Kh. Marghulan, reviews, source studies, archaeology, philology, art history, architecture, humanities, Kazakhstan, 20th century

For citation: Abeuova E.K., Karimova A.E., Otepova G.E. A.Kh. Marghulan's review activity as a reflection of the development of the humanities in Kazakhstan (1940s–1960s) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 3. Pp. 777-789. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_777-789

Кіріспе. Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904–1985) – академик, ғалым, ұлттық археологиялық мектептің негізін қалаушы, оның ғылыми қызметі гуманитарлық пәндердің кең ауқымын қамтиды, яғни археология, этнография, тарих, шығыстану, филология және өнертану. Ол тарих ғылымдарының кандидаты, филология ғылымдарының докторы, ҚазССР Ғылым Академиясының академигі,

профессор, Бүкілкеңестік география қоғамының мүшесі және ҚазССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері. Оның көпқырлы ғылыми қызметі мен отандық ғылымға қосқан үлесі белгілі зерттеуші, педагог және ғылыми жұмыстың ұйымдастырушысы деген толыққанды атаққа лайық.

1958 жылы жазылған өзінің өмірбаянында Ә.Х. Марғұлан 1904 жылы Баянауылдың Жасыбай көліне жақын маңдағы тарихи жерде дүниеге келгенін айтады. Ол қарапайым отбасынан шыққан және жастайынан еңбекке үйренген, бұған дәлел, он жасынан жұмыс істей бастаған. Алғашқы білімін ауыл мектебінен алып, жазуды үйреніп, араб жазбасын меңгерген. Бұл біліктіліктер алдағы ғылыми ізденістерінде, әсіресе Ленинград қаласында оқуы кезеңінде көне деректерді түпнұсқа тілінде оқып, сараптауда пайдалы болды [Арын, 2004: 25].

Болашақ ғалымның білім жолы орыс мектебінде басталды, ол онда 1917-1919 жылдар аралығында оқыды. 1920 жылдың мамыры мен тамызы аралығында Павлодарда ауыл мұғалімдерін даярлайтын курстарға қатысып, 1920-1921 жж. Баянауыл уезінің Далба болысындағы мектепте сабақ берді. Кейін білімін жетілдіру мақсатында жас Әлкей Семей педагогикалық техникумына оқуға түседі. Оған септігін тигізген болашақ академик Қ.И. Сәтбаевтың ағасы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев еді. Ол талантты жасөспірімді бірден танып, оқуға түсуге кеңес береді. 1925 жылы Ә.Х. Марғұлан бұл оқу орнын үздік аяқтайды [Сәтбаева, 1996: 80].

Жиырма бір жасында Әлкей Марғұлан Ленинградқа барып, Шығыс институтының тюркология факультетіне оқуға түседі. Негізгі оқу бағдарламасымен қатар ғылыми зерттеулерге, шығармашылық және академиялық үйірмелерге белсене қатысады. Үлкен қызуғышылықпен философия, тарих және өнертануды оқи бастайды, сонымен бірге Ленинград мемлекеттік университетінің тарихи-филологиялық факультеті мен Өнер тарихы институтының дәрістері мен семинарларының тыңдаушысы атанады. Осылайша, студенттік кезден бастап ғылыми көзқарас, әдістемелік дайындық және зерттеу түйсігі қалыптаса бастайды [Марғұлан Д., 2018: 38].

Нақты бай өмірлік және білімі тәжірибе, интеллектуалды жетілу және үнемі үйренуге деген талпыныс кейін масштабты, сан қырлы Ә.Х. Марғұлан ғылыми мұрасының негізі болды. Қарапайым ауыл мұғалімінен академикке дейінгі сара жолы, көне өркениеттердің материалдық құндылықтарымен қатар, әдебиет, өнер, фольклорді зерттеп, гуманитарлық білімдердің алуан түрлі облыстарын қамтитын ғылыми қызығушылықтарды анықтап берді. Бұл жол – ғалымның өмірі ғана емес, сонымен қатар Ә.Х. Марғұлан маңызды рөл атқарған қазақ ғылымының институт ретінде қалыптасуының куәсі ретінде.

Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасы көптеген онжылдықтар бойы ғалымдар тарапынан тұрақты қызығушылық тудыруда. Бұл мақалалар, монографиялар, өмірбаяндық очерктер, деректі фильмдер мен ғылыми-танымдық басылымдарда көрініс тапты. Бірақ ғалымның өмірі мен қызметіне арналған ауқымды жұмыстарға қарамастан, оның ғылыми мұрасы бүгінгі күнге дейін жан-жақты зерттеліп, бір жүйеге келтірілмегенін атап өткен жөн. Ол әрине, сараптаудың пәнаралық тәсілін қажет ететін гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі саласын қамтитын Ә. Марғұланның ғылыми көзқарасының көпқырлығымен тікелей байланысты.

Ерекше назар аудартатын, ғалымның ғылыми мұрасының аз зерттелген бөлімі ол оның жеке мұрағатында сақталған пікірлер мен рецензиялардың қолжазбалары. Бұл құжаттар тарихи-ғылыми дерек ретінде өте маңызды, себебі олар Ә.Х. Марғұланның әдістемелік ұстанымдарын зерттеп қана қоймай, өз заманының мәдени және ғылыми үрдістердің қалай қабылдағаны туралы білуге болады. Мәтіндер арқылы ғылыми құндылықтар жүйесін, замандастарының ғылыми жаңалығы мен еңбектерінің маңыздылығын бағалау критерийлерін қайта қалпына келтіріп, сарапшы, рецензент және ғылыми пікірсайыстың абыройлы мүшесі ретінде рөлін анықтауға болады.

Бұл материалдарды зерттеудің өзектілігі академик Ә.Х. Марғұланның XX ғасырдағы Қазақстанның жетекші ғалымы ретінде ғана емес, сонымен қатар кеңес заманы ғылымының сипатын қайта қалпына келтіру болды. Өз қолымен жазылған пікірлер мен рецензиялар ғалымның ой-толғауларын, сыни бағалауын, ғылыми және адами бағдарларды қамтиды, сондықтан дерекнамалық және тарихнамалық зерттеулерде бұл құжаттар маңызды нысан ретінде қарастырылады.

Бұл мақаланың мақсаты Ә.Х. Марғұланға тиесілі пікірлер мен рецензиялар қолжазбаларын ғылыми айналымға енгізіп, оларды жүйелеу, сараптау. Негізгі міндет – әріптестер, аспиранттар мен әртүрлі бағыттағы зерттеушілердің жұмыстарына жазылған рецензияларды зерттеу негізінде академиктің ғылыми және мәдени қызметіндегі негізгі аспектілерді анықтап, оларды саралау. Сонымен қатар, академиктің жеке көзқарасы, мәдени білімі мен кәсіби ұстанымдары эксперттік және бағалау қызметінде қалай көрініс тапқанын анықтау болды.

Осылайша, арнайы жинақталған құжаттар топтамасын зерттеу Ә.Х. Марғұланның ғылыми өмірбаянын сипаттап ғана қоймай, сонымен қатар XX ғасыр ортасындағы Кеңес Одағы мен Қазақстанның ғылыми ортасындағы интеллектуалды деңгейі мен пәнаралық байланыстарды және ғылыми сараптамалардың механизмін түсінуге көмек беретін білімдерді кеңейтеді.

Материалдар мен әдістер. Ұсынылып отырған зерттеуде академик Ә.Х. Марғұланның жеке мұрағатында сақталған және бүгінгі күнге дейін аз зерттелген пікірлер мен рецензиялардың қолжазбаларын жан-жақты сараптап, интерпретациялауға арналған әдіснамалық тәсілдердің кешені қолданған. Сараптамалық үрдістердің негізін тарихи зерттеулердің дәстүрлі әдістері құрады, оның ішінде индуктивті әдіс, яғни жаңа мұрағаттық деректерді жинау, сипаттау және жүйелеу, сонымен бірге сипаттау әдістері мен салыстырмалы анализ [Ковальченко, 2003: 95].

Жұмыстың маңызды кезеңдерінің бірі жүйелі мұрағаттық анализ жүргізу, ол дегеніміз әр құжаттың мазмұнымен танысу, авторлығын анықтау, хронологиялық және тақырыптық шектерді орнату, мәтіннің тіл ерекшеліктері мен құрылымның анализін жасау. Негізгі тақырыптарды, қайталанатын тұжырымдарды, тұрақты терминдерді анықтауға, сондай-ақ пікірлер мен рецензиялардың жанрлық және композициялық ерекшеліктерін сипаттауға да ерекше назар аударылды.

Алайда зерттеліп жатқан құжаттар кешеніне дерекнамалық және тарихнамалық анализ әдістері маңыздырақ болды. Дерекнамалық көзқарасқа сәйкес сараптауға ілінгендер автордың өз қолымен жазған құжаттары, онда көбінесе автордың қолтаңбасы, түзетулері, қысқаша ойлары кездеседі және бір мәтінді қолмен жазып, кейін машинамен басылған нұсқалардың болуы.

Ал тарихнамалық тұрғыда пікірлер мен рецензиялар тек қана академиктің ғылыми ұстанымын сипаттап қоймай, сол уақытының тарихи-мәдени бейнесін көрсетеді.

Құжаттардың басым бөлігі қолжазба түрінде сақталғандықтан, олармен жұмыс істеу палеографиялық талдауға, қолжазбаны декодтауға, сондай-ақ үзінділермен сақталған мәтіндерді қайта қалпына келтіру сияқты қосымша біліктіліктерді қажет етті. Талдау барысында тарихи-мәтіндік зерттеулер әдісі және жарияланған деректерді құжаттармен салыстыру арқылы жүзеге асқан салыстырмалы әдіс қолданды.

Автордың ұстанымын терең түсіну және рецензиялардың мазмұнын бағалау мақсатында сыни талдау, мазмұнды талдау және сандық талдау әдістері пайдаланылды. Соңғысы құжаттардың тақырыбын, жанрлық ерекшеліктерін және құрылымын анықтауға септігін тигізді. Индуктивті және дедуктивті тәсілдер көптеген материалдарды интерпретациялау барысында талдаудың маңыздылығын көрсетсе, синтез және жалпылау әдістері Ә.Х. Марғұланның рецензиялық қызметінің жалпы сипаттамасын жасады.

Жоғарыда көрсетілген әдістерді қолдану зерттеудің негізгі мақсатына жету болып табылады, яғни тарихи-мәдени және ғылыми маңыздылығын атап көрсетіп, жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізіп, жан-жақты зерттеу.

Бұл зерттеудің дерекнамалық негізін 1940-1960 жж. аралығында академик Ә.Х. Марғұланның өзі жазған және бұрын-соңды ғылыми айналымға енгізілмеген 8 пікірлер мен рецензиялар құрайды. Бұл материалдар оның жеке қорында анықталып, бүгінгі күні өзіндік зерттеу ұстанымын көрсететін және қарастырылып отырған кезеңнің ғылыми сипатын ерекшелейтін маңызды деректік база болып табылады. Мәтіндердің көп бөлігі орыс тілінде жазылған, яғни сол кезеңнің ғылыми тәжірибесіне сәйкес келеді, алайда қазақ тілінде құрастырылған екі құжат анықталды, ол дегеніміз ұлттық ғылыми дәстүрдің сақталуы мен дамуын көрсетеді. Рецензиялар көлемі 2-3 бетті құрайтын қысқаша түрден 20-25 бетті қамтитын толыққанды сараптамалық мәтіндерден асады. Осындай айырмашылықтар рецензияланатын жұмыстардың мазмұнына және мақсатына байланысты, яғни ішкі сараптамалық жұмыс, сыртқы рецензия немесе диссертацияның қорғалуына арналған пікір және т.б.

Құжаттар формасына қарай қолмен жазылған және машинамен басып терілген болып бөлінеді. Көп жағдайда бір мәтінге екі формада пайдаланған, бұл редакциялау үрдісін және автор ойларының дамуын қадағалауға мүмкіндік береді. Мұрағаттық құжаттар тақырыптық бағыттар мен хронология бойынша жүйеленген, бұл ғылыми сараптауды жеңілдетеді.

Қарастырылған рецензиялардың ең ертесі 1940 жылдардың басына сәйкес келеді, алайда материалдардың көп бөлігі 1950 жылдарда жазылған, яғни академиктің ғылыми қызметінің белсенді уақытына тұспа-тұс келген. Ал 1960 жылдары жазылған рецензиялар ғалымның ғылыми шығармашылығының кейінгі кезеңін сараптауда қызығушылық тудырады, себебі оның қызығушылықтары мен көзқарастарының тақырыптық өрісінің кеңеюін байқауға болады.

Құжаттардың мазмұнын сараптай келе, әртүрлі тақырыптар мен бағыттардың кең ауқымы қамтылғаны анықталды, олар архитектура тарихынан археологияға дейін, қазақ әдебиеті мен этнографиясы және т.б. Пікірлердің көп бөлігі диссертациялық зерттеулерге жазылған, яғни кандидаттық және докторлық дәрежені алуға, сондай-ақ ғылыми монографиялар, еңбектердің жинақтамасы мен әдістемелік жұмыстар. Осылайша рецензиялардың басым бөлігі ғалымның зерттеушілік қырын ғана емес, сонымен қатар эксперттік жағын да ашып көрсетеді, ал ол болса оның ғылыми өміріндегі белсенділігін анықтауға көмектеседі.

Сараптамалық және бағалау компоненттерін біріктіре отырып, құжаттар мәтіні кеңестік кезеңдегі ғылыми ой мен ғылыми көзқарастар тарихының құнды дереккөзі болып табылады. Оларды толығымен зерттеу ғылыми бағалаудың критерийлерін, рецензиялау тәсілдерін және Әлкей Марғұланның ғылыми бағыт-бағдар беретін беделді рецензент ретінде дамуын қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау. Қазіргі тарихнамалық және дерекнамалық зерттеулер аясында Ә.Х. Марғұланның рецензия қолжазбалары бүгінгі күнге дейін аз зерттелген ғылыми мұра болып табылады. Оларды зерттеу ғалымның жеке үлесін айқындап қана қоймай, XX ғасыр ортасындағы қазақстандық гуманитарлық ғылымдарының ғылыми сараптамасы мен байланыстарын қайта қалпына келтіруге болады.

Академик Ә.Х. Марғұланның рецензиялық қолжазбаларында кеңестік ғылыми құжаттамаға сай бюрократиялық риторика жоқ, оның орнына гуманитарлық ойдың әлемдік классиктерінің дәйексөздері мен аналогияларын сәйкестендіре отырып, мәдени-тарихи үрдістерді академиялық тілмен шебер жеткізе білді. Сондықтан зерттеліп жатқан материалдар жай ғана рецензиялар емес, толыққанды зерттеу дереккөздері. Айта кететін жайт, Ә. Марғұланның ғылыми еңбектерді бағалау әдістемесі мазмұнды анализ бен стилистикалық сараптаманы да қамтыды. Яғни ол дәлелдемелерге, логикалық үйлесімділікке, дереккөздік базаға, мәселенің өзектілігіне және ғылыми ақиқатқа көп көңіл бөлді. Кейбір жағдайларда қосымша жұмыстар, тақырыптық түзетулер мен нақтылаулар ұсынылды, осылайша оның ғылыми өнімді қалыптастыруда белсенділігін байқауға болады.

Нәтижелер. Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі Қазақстанда археология ғылымының пайда болып, дамуымен тікелей байланысты. Ол отандық археология мектебінің қалыптасуының бастауында тұрды, ауқымды далалық зерттеулер ұйымдастыру мен жүргізуде маңызды рөл атқарды, сонымен қатар археологияны ғылыми пән ретінде енгізуге септігін тигізді. Ә.Х. Марғұланның ғылыми өмірбаянында атап көрсетілетін ерекше жайт оның педагогикалық қызметі, яғни зерттеу жобаларын басқару арқылы, өз шәкірттері мен әріптестерінің диссертациялық жұмыстарына рецензия жазу арқылы және т.б. Ғалымның мұрағатында сақталған қолжазбалар оның ғылыми жетекшілігінің принциптерін терең түсіне отырып, педагогикалық қызметтің маңызды бөлімдерін ашады.

Академик өзінің көп жылдық ғылыми маңсабы нәтижесінде археология, тарих және сабақтас пәндер дамуына өз үлестерін тигізген 50-ден аса зерттеушілердің ғылыми жетекшісі мен кеңесшісі болды. Атақты шәкірттерінің арасында Әлкей Марғұлан өзі ұйымдастырып, көп жылдар бойы жетекшілік еткен Орталық Қазақстан археологиялық экспедицияларының белсенді қатысушылары болған археологтар К. Ақышев, М.К. Қадырбаев пен Ф.Х. Арсланова болды [Жилбаев, 2022: 179].

Кемел Ақышев (1924-2003) – Павлодар облысы Баянауыл жерінің тумасы. Кішкентай кезінде бақытты балалық шақтан айырылған жас Кемел Ұлы Отан соғысына да қатысқан. Соғыс біткеннен кейін Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін аяқтап, КСРО Ғылым академиясының аспирантурасына оқуға түседі [Аяған, 2004]. Орталық Қазақстанның қола дәуіріне арналған оның кандидаттық диссертациясына Ә.Х. Марғұлан ғылыми жетекшілік еткен. Диссертацияның негізгі базасы 1940-1950 жылдар аралығында К. Ақишев қатысқан далалық археологиялық экспедициялардың материалдары. 1953 жылы жазылған қолжазбалық пікірінде академик К. Ақишевтің сараптамалық қасиеттерін, археологиялық материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін жоғары бағалады. Әсіресе далалық бақылаулардың дәлдігін сипаттау, объектілердің графикалық сызбаларын жасау, деректермен жұмыс жасағанда сыни талдау ерекше аталды.

Сонымен бірге жазылған пікірде Ә.Х. Марғұланның келіспейтін ғылыми ойы да бар, яғни ұсынылған жұмыста қола дәуір ескерткіштерінің типологиясын тек керамикалық материалдарға қарап жасау дұрыс емес, кемінде пәнаралық нақтылау қажет екенін атап кеткен. Бірақ өз ойына қарамастан ғалым диссертанттың қорғауға жіберілуін қолдап, қажетті дәрежені бекітуге қолдау білдірді [Марғұлан, 1953].

Мир Касымович Қадырбаев (1928-1982), ол да академиктің шәкірті, ғылыми жолын 1955 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедицияның құрамында бастады [Утубаев, 2022]. Оның зерттеу қызығушылығы ерте темір дәуірі көшпенділерінің материалдық мәдениетіне бағытталған болды. Қадырбаев М.К. диссертациялық жұмысы Орталық Қазақстан көшпелі мәдениетінің ескерткіштеріне арналды. 1959 жылы жазылған өзінің пікірінде Ә.Х. Марғұлан жүйелі түрде жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде жиналталған көп жылғы археологиялық материалдардың негізінде жазылған жұмыс екенін ерекше атап өтті. Ол М.К. Қадырбаевтың Дәндібай-Беғазы кейінгі қола дәуір мәдениетінің ерте көшпелі мәдениетімен сабақтастық туралы қорытындысын қолдап, Қазақстанның археология ғылымында маңызды қадам екенін көрсетті. Осылайша жазылған пікір ғылыми жұмысты бағалап қана қоймай, сонымен қатар тарихи ретроспективада мәдениеттердің дамуы туралы ой-пікірлермен бөлісу де болды [Марғұлан, 1959].

Фирая Хабибулловна Арсланова (1934-1995) – Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, Орта Ертіс өңірінің археологиялық зерттеулерінде белсенді қатысқан академиктің шәкірті. Оның диссертациялық зерттеуі қимақ мәдениетін ерекшелейтін аймақтың көне тайпаларының шаруашылық-мәдениетіне арналған еді. Ә.Х. Марғұлан 1963 жылы жазылған өз пікірінде сараптаманың жүйелілігі мен толықтығын, қазба жұмыстары барысында алынған жаңа материалдардың маңыздылығы және этномәдени қайта қалпына келтіруде жұмыстың үлесін оң бағалады. Автордың эмпирикалық материалдарды жалпылауды, жүйелеуді және теориялық түсінуді, сонымен қатар Қазақстан халықтарының этногенезін зерттеу контекстінде жұмыстың өзектілігі ерекше аталып өтті [Марғұлан, 1963].

Осылайша, академик Ә.Х. Марғұланның шәкірттерінің ғылыми жұмысына жазған рецензиялардың сараптай келе, оның ғылыми зерттеулерді басқарып қана қоймай, материалдардың мәдени-тарихи түсінуін, сыни сараптаманың және ғылыми ойдың жоғарғы стандарттарын қалыптастырды деген қорытынды жасауға болады. Рецензент ретінде ғалымның ұстанымы зерттеу жұмысының мазмұнын терең түсінумен, диссертантты нақты ғылыми қорытындыларға бағыттаумен, бірақ сонымен қатар автордың ғылыми тәуелсіздігін сақтаумен ерекшеленді.

Ә.Х. Марғұланның ғылыми және педагогикалық қызметі гуманитарлық және пәнаралық ғылымдарының кең ауқымын қамтыды. Жалпы Қазақстанның археологиясын дамытуға, атақты археологтар дайындауда академик Ә. Марғұлан зор үлес қосса да, оның ғылыми қызығушылығы тек онымен шектелмеді. Жұмысының маңызды тағы бір бағыты Қазақстанда архитектураның ғылыми негізін қалыптастыру болды.

Әлкей Марғұлан ұлттық архитектура мен қала құрылысының дамуына ерекше көңіл бөлді, сонымен қатар архитектуралық мұраны зерттеуде теориялық әдістердің қалыптасуына ықпал етті. Бұған дәлел ретінде, 1940-1950 жылдар аралығында жазылған бірнеше рецензияларды келтіруге болады. Онда академик архитектура бойынша ғылыми еңбектерді саралап, қала құрылысы концепцияларын бағалап, Республиканың жетекші архитекторларының шығармашылық бастамаларын қолдады. Олардың ішінде ерекше орын алған архитектор М.М. Мендикуловты атап өтуге болады, бұл сәулет өнерін қазақ халқының мәдени бірегейлігінің бір бөлігі ретінде түсінуде маңызды қадам болды.

Академик Ә.Х. Марғұланның мұрағаттық мұрасында табылған бағалы пікірлердің ішінде қазақстандық архитектуралық мектептің жарқын өкілі болған М.М. Мендикуловқа арналған үш пікірді атап кеткен жөн. Бұл рецензиялар 1948, 1953 және 1956 жылдары жазылған және М. Мендикуловтың ғылыми, жобалық қызметінің қалыптасуында реттілік, толыққанды бақылауды көрсетеді. Ә. Марғұлан тарапынан осындай қызығушылықты өз ісінің маманына шынайы құрметпен қоса, Отандық ғылым мен мәдениетке деген архитектордың шығармашылық жолының маңыздылығын ашады.

Мендикулов Малбагар Мендикулович (1909–1986) — Қазақстанның архитектуралық мектебінің негізін қалаушы, КСРО архитектура және құрылыс Академиясының корреспондент-мүшесі, соғыстан кейін Алматының келбетін қалыптастыруда, жалпы ұлттық архитектураның теориялық базасын дамытуда маңызды рөл атқарған. Ә.Х. Марғұлан өз рецензияларында Мендикуловтың нақты ғылыми жетістіктеріне ғана баға бермей, оның мәдени қайраткер, педагог және архитектураның теоретигі ретінде де жоғары бағалаған.

1956 жылдың 8 желтоқсанында жазылған академик Ә. Марғұланның пікірі мазмұны жағынан толығырақ, яғни ол архитектордың ғылыми және жобалық қызметіне жан-жақты мінездеме береді. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін М. Мендикуловтың Алматы - жаңа социалистік бағдарларды ескере отырып, жаңартуды талап еткен астаналық қаланың қайта қалпына келтіру бас жоспарын

дайындап, оны жүзеге асыруда белсенділік танытқанын ерекше атап көрсетілген. М. Мендикулов жас жобалаушы ғана емес, ғылыми ойшыл, ұлттық архитектураның теоретигі ретінде рөлдері де ескерілді [Марғұлан, 1956].

Пікірлердің ішінде М. Мендикуловтың «Алматы қаласының архитектурасы» атты монографиялық зерттеуіне сараптама да маңызды, ол 1953 жылы жазылып, көлемі 95 бетті құраған. Осы жұмыста автор қаланың архитектуралық ортасының әртүрлі тарихи кезеңдердегі эволюциясын қарастырады, оның жоспарлы даму заңдылықтарын, сонымен қатар негізгі ғимараттардың архитектуралық ерекшеліктерін ашады. Ә.Х. Марғұлан автордың зерттеу объектісіне кешенді тәсілдердің қолданылуын, әр архитектуралық шешімдердің ғылыми негіздемесінің болуы және қала құрылысы бойынша теориялық білімді нақты практикалық тапсырмалармен шебер ұштастыра алатынын атап өтеді.

Рецензиядағы арнайы бөлім астананың ірі қоғамдық ғимараттарына арналған: Абай атындағы опера театры, Үкімет Үйі және Қазақ КСР Ғылым академиясының бас корпусы [Марғұлан, 1953]. Осы мысалдарда М. Мендикулов өзін архитектуралық шешімдердің стилистикалық, функционалды және эстетикалық аспектілерін аша алатын, көркемдік талдау құралдарын меңгерген архитектор-өнертанушы ретінде көрсетеді. Теориялық және көркемдік құзыреттіліктердің бұл үйлесімі оның еңбектерін Қазақстанда архитектуралық ойдың дамуында аса құнды еңбектер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

Келесі рецензияда М.М. Мендикуловтың ұлттық форма мен социалистік мазмұнды шебер үйлестіретін кеңестік Қазақстанның архитектуралық келбетінің қалыптасуындағы рөлі де ерекше атап көрсетілді. Ә.Х. Марғұлан архитектордың халық сәулетін зерттеуге және түсінуге бағытталған ғылыми зерттеулерде белсенділік танытанын айтқан. Яғни бұл М. Мендикуловтың жаңа идеологиялық парадигма шеңберінде қазақ құрылыс дәстүрлерінің шынайы жалғастырушы және танымал етуші болғаны.

Өз пікірінің қорытынды бөлімінде академик архитектордың ғылыми және қоғамдық қызметіне жалпылама мінездеме берген:

«Қарапайым ғылым еңбектері ретінде М.Мендикулов мәдениет қайраткерлері мен архитекторлар арасында көпшіліктің сүйіспеншілігі мен құрметіне ие. Оның КСРО архитектура және құрылыс Академиясының құрамында болуы пайдалы әрі жемісті, себебі біздің елімізде архитектуралық ғылымның дамуына оның таланты мен қабілетінің одан да кең қолдануына мүмкіндік ашады» [Марғұлан, 1948].

Осындай баға беру М.М. Мендикуловтың өз заманының жетекші ғалымдары арасында, Ә.Х. Марғұланды қоса алғанда жоғары деңгейдегі сенім мен танымалдылықтың куәсі іспеттес. Рецензиялардың мазмұнын сараптай келе, академик М. Мендикуловтың қызметін XX ғасырдағы Қазақстанда ғылым мен мәдениеттің маңызды үрдісі ретінде қарастырған. Оның пікірлері тек сараптамалық қорытындылар ғана емес, сонымен бірге социалистік жаһандану контекстінде ұлттық архитектураның рөлін бейнелейтін құнды құжаттар болып табылады. Осылайша М.М. Мендикуловтың жұмыстарына арналған Ә.Х. Марғұланның рецензиялары Қазақстанда архитектуралық ойдың эволюциясын зерттеудегі маңызды дерек көзі ретінде, сонымен қатар соғыстан кейінгі кезеңде ғылым, мәдениет және мемлекеттік құрылыс арасындағы тығыз байланыстың куәсі ретінде.

Ә.Х. Марғұланның ғылыми қызығушылығының көпқырлығы археология мен архитектурадағы белсенді қызметімен шектелмей, филология ғылымының дамуында да өз үлесі бар. Өзінің кең эрудициясы, іргелі гуманитарлық дайындығы, мәдени тарих мәселелеріне деген терең қызығушылығы нәтижесінде ол тарихшы немесе археолог ретінде ғана емес, сонымен қатар филологиялық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие маман ретінде де өзін көрсете білді. Қазақ тілі, диалектология мен әдеби мұра сұрақтарына арналған ірі еңбектердің талқылауларында және сарапшылық бағалауда ғалымның қатысуы оның ғылыми әлемінде филология маңызды орынға ие болғандығының куәсі. Осы тұрғыда профессор С. Аманжолованың лингвистикалық зерттеуіне жазылған рецензиясы ерекше қызығушылық тудырады.

Ә.Х. Марғұланның рецензиялар топтамасының маңызды құжаттарының бірі профессор С. Аманжолованың «Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихының сұрақтары» атты еңбегіне жазылған пікір. Бұл еңбек 944 бетті құрайтын машинамен басылып жазылған мәтіннен тұрады және іргелі тарихи-филологиялық зерттеу болып табылады. Автор қазақ тілінің дамуын этникалық тарих, тайпалық құрылым және аймақтық ерекшеліктер негізінде сараптайды.

Ә.Х. Марғұлан өзінің 1957 жылғы пікірінде қазақ филологиясы үшін өзекті және маңызды болып келетін зерттеуге жоғары ғылыми баға берді. Ол автордың негізгі концепциясын қолдайды, яғни ана тілдің тайпалық тарихы мен тарихи-мәдени мұрасын негізге алмаса, қазақ тілінің табиғатын жан-жақты түсіну қиын. Ә. Марғұланға С. Аманжолованың диалектологияда қолданған тәсілі ерекше қызығушылық тудырды, яғни, қазақ этносының қалыптасуында әлеуметтік-тарихи үрдістермен тілдің үйлесімін зерттеу. Себебі әрбір диалект тілдегі ерекше жағдай ғана емес, сонымен қатар мәдени, тарихи трансформациялардың бейнесі ретінде де.

Академик Ә.Х. Марғұлан қолжазбаның негізгі алты бөлімін егжей-тегжейлі қарастырды. Бұл бөлімдерде қазақ тілінің шығу тарихы, фонетикалық, лексикалық және морфологиялық ерекшеліктерінің спецификасы, әртүрлі аймақтарда диалектілердің өзіндік белгісі қарастырылды. Академик қазақ тілінің солтүстік-шығыс нұсқасынан айырмашылығы бар оңтүстік және батыс диалектілерінің лингвистикалық мінездемелерінің сипаттамасына ерекше көңіл бөледі. Ол автордың әртүрлі дерек көздерін пайдаланғанын құптайды, яғни революцияға дейінгі шығармалардан кеңес ақындары мен жазушыларының еңбектері, ауызша халық шығармашылығы мен аудандық баспадан тіл мәліметтері мен КазКСР Ғылым академиясының лингвистикалық экспедицияларының материалдары.

Ә.Х. Марғұлан өз пікірінің қорытынды бөлімінде филология ғылымдарының докторы ретінде жұмыстың жоғары ғылыми маңыздылығы атап көрсетілді. Ол С. Аманжолованың еңбегі «қазақ филологиясына үлкен үлес» екенін атап өтіп, оқу құралы ретінде жоғарғы оқу орындарында, орта мектептерде әдістемелік құрал ретінде, сонымен қатар диалектология, тіл тарихы мен әдеби норма сұрақтарымен қызығатын ғылыми қызметкерлерге анықтама ретінде пайдалануға болады. Қорытынды ретінде ғалым бұл еңбекті пәнаралық дерек көзі ретінде орыс және қазақ тілдерінде басылымға шығаруды ұсынды [Марғұлан, 1957].

Осылайша, академик Ә.Х. Марғұланның С. Аманжолованың еңбегіне жазылған пікірі рецензенттің филологиялық дайындығының жоғары деңгейін көрсетіп ғана қоймай, халықтың мәдени бірегейлігінің маңызды элементі болып табылатын қазақ тілінің сақталуы мен дамуында қызығушылығын көрсетеді. Бұл Ә. Марғұланның ғылыми көзқарастарының кендігін және Қазақстанда гуманитарлық ғылымдардың әртүрлі бағыттарының дамуына қосқан үлесін сипаттайды.

Академик Ә.Х. Марғұланның ғылыми және сарапшылық қызметі пәнаралықпен ерекшеленіп қоймай, қазақ халқының мәдени мұрасын жан-жақты түсінуге талпынысын көрсетеді. Оның пікірлері ғылыми бағыттардың кең ауқымын қамтиды: археологиядан архитектураға дейін, филологиядан өнертануға дейін. Осындай ғылыми қызығушылықтардың әртүрлі болуы, оның материалдық және рухани, жазбаша және ауызша, визуалды және музыкалық болып біріктіретін мәдениетті кешенді және көпдеңгейлі үрдіс ретінде қарастыратын тәсіліне байланысты. Лингвистикалық еңбектерді сараптаудан кейін музыкалық өнер саласында зерттеулерге баға беру ұлттық мәдениетті біртұтас қабылдауға арналған көзқарасты көрсетеді. Осы бағытта Ә.Х. Марғұланның қазақ музыкалық өнеріне арналған кандидаттық диссертацияға жазылған рецензиясын айтуға болады.

1957 жылдың 14 наурызында Ә.Х. Марғұлан 8 беттен тұратын М.М. Ахметованың «Қазақ халқының музыка дәстүрлері және оның Кеңестік Қазақстан композиторларының ән шығармашылығында дамуы» атты диссертациясына жазған пікірі өнертану кандидаттық ғылыми дәрежені алуға ұсынылған болатын. Бұл жұмыс ән теориясы мен этномузыкалогия шеңберінде отандық музыка өнерінің дамуына елеулі ғылыми үлес ретінде Мәскеуде қарастырылды.

Өз пікірінің басында Ә.Х. Марғұлан қазақ халық музыкасы – бұл ғасырлар бойы қалыптасқан, рухани тәжірибенің терең қатпарларын сақтаған халықтың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі екенін атап көрсетеді. Ол қазақ ән дәстүрінің ерекшелігін және халық үшін ән өз ойын білдірудің бір формасы екенін айтады: «Қазақ ән әлемінде өмір сүреді», - деп ой түйіндейді ғалым. Ән адамның түрлі сезімдері мен күйлерін сипаттай келе күнделікті тұрмыста және ерекше бір оқиғаларда сүйемелденеді.

Пікірдегі негізгі ой-түйіні М.М. Ахметованың 220 беттен тұратын және қосымша ретінде музыкалық ноталардың фотоиллюстрациялары келтірілген ғылыми монографиясына арналған. Жұмыс үш тараудан, кіріспе мен қорытындыдан құралған. Бірінші бөлімінде автор дәстүрлі қазақ әндерінің интонациялық-әуезді құрылымын сипаттайды. Екінші бөлімінде қазақ композиторларының авторлық ән шығармашылығындағы фольклорлық мотивтерді трансформациялау мәселесі қарастырылады. Үшінші бөлім Абай Құнанбаев әндерін терең талдауға арналған, онда олардың көркемдік және тарихи-мәдени маңыздылығы атап көрсетілген. Ә.Х. Марғұлан өз пікірінде диссертацияның негізгі концепциясын қолдайды, яғни қазақ композиторлары фольклормен

шектелмей, жаңадан көркемдік идеялар ұсына отырып, халықтық ән дәстүрін дамытуға тырысқан. Ол музыкалық-поэтикалық мәдениетті дамытуда Абайдың үлесін ерекше атап өтеді, Ахметова М. оны жекелеген шығармашылық бастама мен дәстүрлер синтезі деп сипаттаған екен. Әлкей Марғұлан Абай шығармашылығының музыкалық сараптамасын, оның интонациялық ерекшеліктерін, жанрлық құрылымы мен образдық жүйесін жоғары бағалайды.

Пікірдің қорытындысында Ә.Х. Марғұлан ғылым үшін ұсынылған жұмыстың маңызын ашатын жалпылама қорытынды жасайды:

«Диссертация қазақ кеңес музыкасының көптеген мәселелерін шешуде үлкен ғылыми қызығушылық тудырады. Терең мағынаға толы бұл еңбек қазақ ән өнері бойынша қажетті анықтамалық құрал бола алады. Сондықтан тез арада басылымға даярлауды ұсынамын. Зерттеу жұмысы жоғарғы ғылыми деңгейде жазылып, кандидаттық диссертацияға сәйкес келеді. Оның авторына өнертану ғылымдарының кандидаты деген дәреже беру лайықты» [Марғұлан, 1957].

Осылайша Ә.Х. Марғұланның М.М. Ахметованың еңбегіне арналған пікірі музыкалық өнердің сан түрлі бағыттарына ғалымның үлкен қызығушылығын тудырып, оның білімінің деңгейін көрсетеді. Яғни, академик қазақ мәдениетінің әрбір саласын терең тарихи-мәдени білімдарлық пен пәнаралық көзқараспен саралап, жүйелегенінің дәлелі болып табылады.

Қорытынды. Академик Ә.Х. Марғұланның рецензиялық және пікір жазу қызметі тарихнамалық және дерекнамалық саралауды қажет ететін ғылыми мұраның маңызды бөлігі. Ұсынылған мақалада археология, архитектура, филология және өнертану бағыттарының кең тақырыптық ауқымын қамтитын бұрын-соңды жарияланбаған рецензиялар мен пікірлер қолжазбаларының сараптамасы арқылы ғалымның ғылыми өмірбаянының бұл қырын кешенді зерттеу мақсат болды.

Зерттелген материалдар әрқилы ғылыми мәселелер бойынша ғалымның интеллектуалды ұстанымын қайта қалпына келтіріп қана қоймай, ғылыми және академиялық ортада жоғары беделге ие педагог, ғылыми жетекші және сарапшы екенін көрсетті. Рецензиялар сараптамасы Ә.Х. Марғұланның оған ұсынылған еңбектерді сыни бағалаумен қатар, ғылыми пікір-сайысты дамытып, арнайы тақырыптарды тереңдетіп, жаңа зерттеулердің пайда болуын қолдап, жас ғалымдарды бағыттап отырғанын дәлелдеді.

Осылайша, Ә. Марғұланның рецензиялары мен пікірлерінің тарихнамалық зерттелуі жай ғана мәтіндерді формалды түрде сипаттау емес, XX ғасыр ортасында Қазақстанның ғылыми ортасын қайта қалпына келтірудің маңызды құралы, және де ғылыми байланыстар орнатылып, ғалымның ғылыми әдістемесін терең түсіну болып табылады. Мақаланың қорытынды бөлімінде Ә.Х. Марғұланның рецензиялық белсенділігі танылған негізгі бағыттарды жалпылама қорытындылайық.

Заключение. Культурно-исторический подход позволяет не только выявить символические и социальные смыслы, зашифрованные в визуальных нарративах казахстанского кино, но и реконструировать эволюцию национального самосознания. Через повседневность, обряд, молчание и визуальные метафоры кино становится мощным медиумом социальной памяти и исторической рефлексии.

В ходе исследования стало очевидно, что казахстанский кинематограф выполняет несколько функций одновременно. Он фиксирует исторические события, транслирует идеологические нарративы, но при этом остаётся пространством для альтернативных голосов и авторских интерпретаций. Фильмы позволяют проследить, каким образом общество осмысливало ключевые этапы своей истории – от советской модернизации до постсоветских трансформаций и современных вызовов глобализации.

Особое значение имеет то, что кинематограф способен сохранять и передавать травматический опыт. Через визуальные образы и символические конструкции он формирует коллективную память, позволяя обществу осмысливать болезненные темы – репрессии, войны, социальные кризисы. В то же время кино отражает и процессы культурного обновления, поиск новых форм идентичности и способов интеграции в глобальный мир.

Таким образом, культурная история и кинематограф образуют взаимодополняющий исследовательский комплекс. Для историка – кино становится своеобразным «текстом культуры», позволяющим анализировать не только факты и события, но и ментальные структуры, образы повседневности, символические конфликты. Это открывает перспективы дальнейших междисциплинарных исследований, включая сравнительный анализ с другими постсоветскими кинематографиями, изучение гендерных и этнических репрезентаций, а также расширение корпуса источников за счёт документального и экспериментального кино.

Будущее культурной истории казахстанского кинематографа связано с углублением диалога между историей, культурологией, антропологией и киноведением. Только междисциплинарный подход позволит адекватно оценить многослойность и многозначность визуальных нарративов, которые формируют и отражают культурное сознание современного Казахстана.

Литература

- Абикеева, 2006 – *Абикеева Г.* Национальное строительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. Алматы: Ғылым, 2006. 308 с.
- Абикеева, 2010 – *Абикеева Г.* Образ семьи в кинематографе Центральной Азии в контексте формирования культурной идентичности в регионе: Дисс. ... док. искусствоведения. Москва, 2010. 326 с.
- Айнагулова, Алимбаева, 1990 – *Айнагулова К., Алимбаева К.* Тенденции развития киноискусства Казахстана. Алма-Ата, 1990. 158 с.
- Акинер, 1998 – *Акинер Ш.* Формирование казахского самосознания. От племени к национальному государству. Алматы: Ғылым, 1998. 212 с.
- Берк, 2016 – *Берк П.* Что такое культуральная история? Москва, 2016. 240 с.
- Грей, 2014 – *Грей Г.* Кино: визуальная антропология. Москва, 2014. 208 с.
- Зоркая, 2005 – *Зоркая Н.* История советского кино. Санкт-Петербург, 2005. 216 с.
- Макиенко, 2009 – *Макиенко М. Г.* Художественная реальность исторического кинематографа // *Молодой ученый*. 2009. № 6. С. 199-201.
- Марголит, 1992 – *Марголит С.* Кинематограф оттепели. Москва, 1992. 362 с.
- Ногербек, 1998 – *Ногербек Б.* Кино Казахстана. Алматы: НППЦ, 1998. 272 с.
- Ногербек, 2008 – *Ногербек Б.* Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. Алматы: RUAN, 2008. 376 с.
- Разлогов, 2004 – *Разлогов К.Э.* Специфика игрового кино как исторического источника // *История страны. История кино*. С.С. Секиринский (ред.). Москва, 2004. С. 30.
- Султангазы, Мукатаева, 2020 – *Султангазы Г.Ж., Мукатаева Л.К.* Историческая память в условиях современного Казахстана: поиски героев и смыслов // *edu.e-history.kz*. 2020. № 2(22). С. 420-428.
- Увальжанова, 2007 – *Увальжанова А.* Государственное регулирование развития документальных фильмов в Казахстане // *ЛИГК*. 30 октября 2007. № 19. С. 6.
- Шорохова, 2013 – *Шорохова Т.* «Уроки гармонии» произвели впечатление на Берлинале. // Сайт «Кинопоиск». 15.02.2013. URL: <https://www.kinopoisk.ru/media/news/2073717/>
- Baimukhanova, et. al., 2024 – *Baimukhanova S., Belov V., Abdyzhadylykzy Zh., Abdyldayeva Ch., Baitanayev A.*, Methodology of visual techniques in the cinematographic art of Kazakhstan in 1930-2020 // *Observatorio*. 2024. Vol. 18. N. 3, Pp. 118-133.

References

- Abikeeva, 2006 – *Abikeeva G.* Natsional'noe stroitel'stvo v Kazakhstane i drugikh stranakh Tsentral'noi Azii, i kak etot protsess otrazhaetsya v kinematografe [Nation-Building in Kazakhstan and Other Central Asian States and How this Process is Reflected in Cinema]. Almaty: Gylym, 2006. 308 p. [in Russian]
- Abikeeva, 2010 – *Abikeeva G.* Obraz sem'i v kinematografe Tsentral'noi Azii v kontekste formirovaniya kul'turnoi identichnosti v regione [The Image of the Family in Central Asian Cinema in the Context of Cultural Identity Formation]: Diss. ... Doctor of Arts. Moscow, 2010. 326 p. [in Russian]
- Ainagulova, Alimbayeva, 1990 – *Ainagulova K., Alimbayeva K.* Tendentsii razvitiya kinoiskusstva Kazakhstana [Trends in the Development of the Cinematic Art of Kazakhstan]. Alma-Ata, 1990. 158 p. [in Russian]
- Akiner, 1998 – *Akiner Sh.* Formirovanie kazakhskogo samosoznaniya. Ot plemeni k natsional'nomu gosudarstvu [The Formation of Kazakh Self-Consciousness: From Tribe to Nation-State]. Almaty: Gylym, 1998. 212 p. [in Russian]
- Baimukhanova, et. al., 2024 – *Baimukhanova S., Belov V., Abdyzhadylykzy Zh., Abdyldayeva Ch., Baitanayev A.*, Methodology of visual techniques in the cinematographic art of Kazakhstan in 1930-2020 // *Observatorio*. 2024. Vol. 18. N. 3, Pp. 118-133.
- Burke, 2016 – *Burke P.* Chto takoe kul'tural'naya istoriya? [What is Cultural History?]. Moscow, 2016. 240 p. [in Russian]
- Gray, 2014 – *Gray G.* Kino: vizual'naya antropologiya [Cinema: Visual Anthropology]. Moscow, 2014. 208 p. [in Russian]
- Makienko, 2009 – *Makienko M. G.* Khudozhestvennaya real'nost' istoricheskogo kinematografa [The Artistic Reality of Historical Cinema] // *Molodoi uchenyi*. 2009. No. 6. Pp. 199–201. [in Russian]
- Margolit, 1992 – *Margolit S.* Kinematograf ottepeli [Cinema of the Thaw]. Moscow, 1992. 362 p. [in Russian]
- Nogerbek, 1998 – *Nogerbek B.* Kino Kazakhstana [Cinema of Kazakhstan]. Almaty: NPC, 1998. 272 p. [in Russian]
- Nogerbek, 2008 – *Nogerbek B.* Ekranno-fol'klornye traditsii v kazakhskom igrovom kino [Screen-Folkloric Traditions in Kazakh Feature Cinema]. Almaty: RUAN, 2008. 376 p. [in Russian]
- Razlogov, 2004 – *Razlogov K. E.* Spetsifika igrovogo kino kak istoricheskogo istochnika [The Specificity of Feature Films as a Historical Source]. Istoriya strany. Istoriya kino. Ed. by S. S. Sekirinskii. Moscow, 2004. P. 30. [in Russian]



Shorokhova, 2013 – *Shorokhova T.* «Uroki garmonii» proizveli vpechatlenie na Berlinale [“Harmony Lessons” Impressed at the Berlinale]. *Kinopoisk*. 15.02.2013. URL: <https://www.kinopoisk.ru/media/news/2073717/> [in Russian]

Sultangazy, Mukataeva, 2020 – *Sultangazy G.Zh., Mukataeva L.K.* Istoricheskaja pamjat' v uslovijah sovremennogo Kazahstana: poiski geroev i smyslov [Historical Memory in the Context of Modern Kazakhstan: Searching for Heroes and Meanings]. *edu.e-history.kz*. 2020. No. 2(22). Pp. 420-428. [in Russian]

Uvalzhanova, 2007 – *Uvalzhanova A.* Gosudarstvennoe regulirovanie razvitiya dokumental'nykh fil'mov v Kazakhstane [State Regulation of the Development of Documentary Films in Kazakhstan]. *LGK*. 30 October 2007. No. 19. P. 6. [in Russian]

Zorkaya, 2005 – *Zorkaya N.* Istoriya sovetskogo kino [History of Soviet Cinema]. St. Petersburg, 2005. 216 p. [in Russian]



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 801-811
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_801-811

ШЫҢҒЫС ХАН ӘСКЕРІМЕН ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚТЫ 1210-1230-ЖЫЛДАРЫ ЖАУЛАП АЛУЫ

Жаксылык Муратович Сабитов¹

¹Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты (Пушкин көш., 156, 010000 Астана, Қазақстан)
Директор, PhD
<https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>. E-mail: babasan@yandex.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сабитов Ж.М., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Дешті Қыпшақтың Моңғол империясына қосылуының күрделі және көп сатылы процесі қарастырылған. Қазіргі уақытта ғылыми ортада бұл процесс әскери жаулап алу нәтижесінде болды деген пікір кең тараған. Автор, керісінше, кейбір қыпшақ тайпаларының ерікті немесе «жартылай ерікті» бағыну фактілерін көрсетіп, оның маңыздылығын атап көрсетеді. *Мақсаттар мен міндеттер.* Автор кейбір қыпшақ көсемдері мен руларының моңғолдармен одақ құруға қалай белсенді түрде ұмтылғанын көрсетуге тырысады. Оның себептерін анықтау, моңғолдармен қарым-қатынастың қалыптасуында маңызды рөл атқарған тұлғаларды зерттеу, қыпшақтардың моңғол жаулап алуларына қатысу сипатын анықтау зерттеудің міндеттері болып табылады. *Материалдар мен тәсілдер.* Бірқатар бастапқы дереккөздерді (оның ішінде Жувейни, эн-Насауи, венгр монахы Юлиан, Юань Ши және башқұрт шежірелерінің еңбектері) талдау зерттеудің негізгі негізі болды. Мақалада дереккөздерге ішкі сын мен синтез әдістері қолданылады. *Нәтижелер.* Зерттеуде қыпшақ көсемдерінің көбіне кек алу немесе өз билігін күшейту ниетінде айтылатын саяси мотивтері ашылады. Витут пен Мүйтен-бидің қайраткерлеріне ерекше назар аударылады, автор оларды Витуттың кенже ұлы деп атайды, олар жергілікті қақтығыстардан жеңіліп, Шыңғыс ханнан қорғану мен қолдау іздеді. Дереккөздер қыпшақтардың моңғолдардың әскери жорықтарына қатысқанын да көрсетеді, бұл моңғолдардың сузерендігін ерте қабылдағанын көрсетеді. Мақалада вассал қыпшақ руларының әулеттік сабақтастығы және олардың жеке және стратегиялық жағдайлармен шартталған саяси адалдығы ерекше атап өтілген. *Қорытынды.* Осылайша ол «жаулап алу» деген қарапайым түсінікке қарсы шығып, даланы моңғол империялық жүйесіне қосу барысындағы келіссөздерді, саяси есептерді, тайпалардың ішкі динамикасын ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: Қыпшақтар, Моңғол империясы, Алтын Орда, Шыңғыс хан, Шығыс Дешті Қыпшақ

Алғыс. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № AP19579400)

Дәйексөз үшін: Сабитов Ж.М. Шыңғыс хан әскерімен шығыс дешті қыпшақты 1210-1230-жылдары жаулап алуы // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 801-811-бб. [қазақша].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_801-811

ЗАВОЕВАНИЕ ВОСТОЧНОГО ДЕШТ-И КИПЧАКА АРМИЕЙ ЧИНГИСХАНА В 1210-1230-Е ГОДЫ

Жаксылык Муратович Сабитов¹

¹«Научный институт изучения Улуса Джучи»

(Республика Казахстан, г. Астана, ул. Пушкина, дом 15 Б, 010000)

Директор, PhD

<https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>. E-mail: babasan@yandex.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сабитов Ж.М., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается сложный и многоступенчатый процесс интеграции Дешт-и Кипчака в состав Монгольской империи. В настоящее время в научном сообществе сложилось распространенное мнение, что этот процесс произошел в результате военного завоевания. Автор же, напротив, демонстрирует факты добровольного или «полудобровольного» подчинения со стороны некоторых кипчакских племен и подчеркивает его важность. *Цели и задачи.* Автор стремится показать, как некоторые кипчакские вожди и кланы активно стремились к союзу с монголами. Задачами исследования ставится выявление причин, изучение личностей, сыгравших важную роль в формировании отношений с монголами, определение характера участия кипчаков в монгольских завоевательных походах. *Материалы и методы.* Основой опорой исследования послужил анализ ряда первоисточников (включая работы Джувейни, ан-Насави, венгерского монаха Юлиана, Юань Ши и башкирские генеалогии). В статье используются методы внутренней критики источников и синтеза. *Результаты.* В исследовании выявляются политические причины кипчакских предводителей, часто выражающиеся в желании мести или в целях укрепления собственной власти. Особое внимание уделяется фигурам Витута и Муйтен-бия, которого автор идентифицирует как младшего сына Витута, который, проиграв локальные конфликты, искал защиты и поддержки у Чингисхана. Источники также указывают на участие кипчаков в монгольских военных походах, что свидетельствует о раннем принятии монгольского сюзеренитета. В статье подчеркивается династическая преемственность вассальных кипчакских родов и их политическая лояльность, обусловленная личными и стратегическими обстоятельствами. *Заключение.* Таким образом, ставится под сомнение упрощенное представление о «завоевании» и проливает свет на переговоры, политические расчеты и внутреннюю динамику племен в процессе включения степи в имперскую систему монголов.

Ключевые слова: Кипчаки, Монгольская империя, Золотая Орда, Чингисхан, Восточный Дешт-и-Кипчак

Благодарность. Исследование финансировалось Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19579400).

Для цитирования: Сабитов Ж.М. Завоевание Восточного Дешт-и Кипчака армией Чингисхана в 1210-1230-е гг. // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 801-811. [на казахском].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_801-811

THE CONQUEST OF EASTERN DESHT-I-KIPCHAK BY THE ARMY OF GENGHIS KHAN IN THE 1210-1230S

Zhaksylyk M. Sabitov¹

¹Research institute for Jochi Ulus Studies (Kazakhstan, 010000 Astana, Pushkin Str., 15 B)

PhD, director

<https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>. E-mail: babasan@yandex.ru

© Valikhanov, 2025

© Sabitov Zh.M., 2025

Abstract. Introduction. The article considers the complex and multi-stage process of integration of Desht-i-Kipchak into the Mongol Empire. At present, there is a widespread opinion in the scientific community that this process occurred as a result of military conquest. On the contrary, the author demonstrates the facts of voluntary or “semi-voluntary” subjugation on the part of some Kipchak tribes and emphasizes its importance. **Purpose and objectives.** The author aims to show how some Kipchak chiefs and clans actively sought an alliance with the Mongols. The objectives of the study are to identify the reasons, to study the personalities who played important roles in the formation of relations with the Mongols, and to determine the nature of the participation of the Kipchaks in the Mongol conquest campaigns. **Materials and methods.** The main basis of the study was the analysis of a number of primary sources (including works by Juwayni, al-Nasawi, al-Nuwairi, Yuan Shi and Bashkir genealogies). The article uses the methods of internal criticism of sources and synthesis. **Results.** The study identifies the political reasons of the Kipchak leaders, often expressed in the desire for revenge or to strengthen their own power. Special attention is paid to the figures of Vitut and Muyten-biy, whom the author identifies as Vitut's younger son, who, when lost local conflicts, sought protection and support from Genghis Khan. The sources also stress the participation of the Kipchaks in Mongol military campaigns, which proves an early acceptance of Mongol suzerainty. The article emphasizes the dynastic continuity of vassal Kipchak clans and their political loyalty due to personal and strategic circumstances. **Conclusion.** The article challenges the simplified notion of 'conquest' and sheds light on the negotiations, political calculations and internal dynamics of the tribes in the process of incorporating the steppe into the Mongol imperial system.

Keywords: Kipchaks, Mongol Empire, Golden horde, Genghis Khan, Eastern Desht-i-Kipchak

Acknowledgements. This research was funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP19579400).

For citation: Sabitov Zh.M. The conquest of Eastern Desht-i-Kipchak by the army of Genghis Khan in the 1210–1230s // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No 3. Pp. 801-811. [In Kaz.].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_801-811

Қысқашы. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағының Моңғол империясы құрамына ену үдерісі ұзаққа созылып, көпқырлы сипатта өтті. Бұл үдеріс моңғолдардың сыртқы саяси басымдықтарының өзгеруіне байланысты бірнеше мәрте үзілістерге ұшырады. Зерттеушілердің басым бөлігі бұл үдерісті орынды түрде жаулап алу әрекеті деп бағалайды [Кузембаев, 2013], [Олсен, 2008], [Үскенбай, 2013], [Храпачевский, 2011], [Хрусталеv, 2013]. Бұл тақырыпты қазақ тарихшысы Зардыхан Қинаятұлы да өзінің екі монографиясында зерттеген [Қинаятұлы, 2010], [Қинаятұлы, 2014]. Алайда алғашқы дереккөздерге сүйенсек, қыпшақ тайпаларының барлығы дерлік тек күшпен ғана бағындырылды деуге келмейді. Керісінше, тарихи деректердің бірқатары кейбір ру-тайпалардың моңғолдарға өз еркімен немесе «мәжбүрлі түрде келісіммен» бағынышты болғанын көрсетеді. Аталған зерттеу жұмысы осы мәселені тереңірек талдауға арналған.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Шығыс Дешті Қыпшақты бағындыруға қатысты әртүрлі дереккөздерде сақталған бес түрлі тарихи сюжет бар:

1. Қыпшақ көсемдері Витут пен Гурег туралы сюжет (монах Юлианның әңгімесі);
2. XIII ғасырдағы араб деректерінде және қазақ пен сібір татарларының фольклорында сақталған Токсоба қыпшақ руынан шыққан Аккобек (немесе Аккубул) туралы сюжет;
3. Башқұрттың Үсерған руының негізін қалаушы Мүйтен бидің тарихына қатысты сюжет;
4. 1230-жылдары моңғолдарға бағынған қыпшақ қолбасшысы Тутук туралы сюжет.

Төменде аталған барлық сюжеттерге жеке-жеке тоқталамыз:

Шыңғыс хан әскерінің Шығыс Дешті Қыпшақты бағындыруын сипаттайтын басты дереккөздердің бірі – монах Юлианның Гурег, Витут және Гургут туралы әңгімесі [Образование Золотой Орды, 2008: 237–239].

Талқылау. Я.В. Пилипчук Витут пен Гурег арасындағы қақтығыстарды қыпшақ билеушілері – Қыран мен Иналшық арасындағы күрестің көрінісі ретінде түсіндіреді. Ол бұл екі тұлғаны аға-іні қарым-қатынасындағы, яғни ағайын мен жиен ретінде сәйкестендіреді [Пилипчук, 2011 (а): 195].

Басқа бір еңбегінде Я. Пилипчук П. Голубовский мен Х. Гьеконяның пікірлеріне сүйене отырып, Гурегті Юрий Кончаковичпен теңестіру нұсқасына бейім екенін білдіреді және ақырында осы пікірмен келісетінін атап өтеді [Пилипчук, 2013: 167, 169].

Өз кезегінде ан-Насауи Кавказдағы қыпшақтардың билеушісі ретінде белгілі Гюр-хан туралы айтады. Ол Жәлел ад-Динмен одақтасып, Дербентке бірлескен жорық жасауды көздеген болатын

[ан-Насауи, 1996: 213–214]. Я. Пилипчук бұл тұлғаны да Юрий Кончаковичпен байланыстырады [Пилипчук, 2013: 101], және бұл пікірмен біз де келісеміз. Алайда біз бұл одақтың моңғол қолбасшылары Жебе мен Сүбедей аймаққа келмей тұрып жасалғанын, сол себепті олардың Дербент арқылы өтуіне бұл одақ кедергі келтіргенін алға тартамыз.

Монах Юлиан әңгімесіне түсініктеме жазған құрастырушылар – М.С. Гатин, Л.Ф. Абзалов және А.Г. Юрченко – Гургуты немесе «қарақытайлық гурхан» ретінде [Образование Золотой Орды, 2008: 237], немесе Шыңғыс ханның өзі ретінде [Образование Золотой Орды, 2008: 239] қарастырады.

Егер аталған мәліметтерді қысқаша мазмұндап, түйіндеп берсек, оларды келесі тезистер түрінде көрсетуге болады (тезистерден кейін біз өз пікірлерімізді ұсынамыз):

1. «Бірінші татар соғысы» Готт елінде Гургут есімді көсемнің билік етуі кезінде басталды. Оның қарындасы болған. Бұл әйел белгісіз бір халықтың көсеміне шабуыл жасаған, бірақ тұтқынға түсіп, қорлық көріп, ар-намысы тапталып, кейін басы шабылған. Осы қылмыстың себепкері болған көсем өз жерінен қашып, Орнах сұлтанына барып паналаған.

Біздің ойымызша, бұл жерде Гургут – Шыңғыс ханның өзі, ал оның қарындасы – Темулун. Монғол дереккөздерінде Темулун сирек аталады. Ол Есугей мен Өзлүннің ең кенже қызы ретінде сипатталады. Тарғұтай-Кирилтук пен меркіттердің шабуылы кезінде ол жас бала болған. Кейінгі кезеңде оның аты мүлде аталмайды.

Біздің пайымымызша, бұл оның маскара жағдайда қаза тапқанымен байланысты. Ол меркіттер тарапынан қорланып, өлтірілген болуы мүмкін. Бұл оқиға монғолдық ресми насихатта әдейі жасырылып, дереккөздерде көрсетілмеген. Сол сияқты Терк-Амал атты құнғырат ханының 1210-жылдарға дейінгі билігі туралы, немесе Шыңғыс ханның бір апайының Жошы есімді адамға күйеуге шыққаны жөніндегі мәліметтер де монғол шежіресінде көрініс таппаған.

Темулунды өлтірген көсем сөзсіз меркіт көсемі болған, ал бұл руға деген өшпенділік Шыңғыс ханның бүкіл өмірін бойлаған. Меркіттер бірнеше жеңілістен кейін Хорезм шах Мұхаммедтің билігіндегі Үргенішке қашуға мәжбүр болды.

Осылайша, Шыңғыс ханның меркіттерге деген өшпенділігіне меркіттердің оның әйелі Бөртені тұтқынға алуы ғана емес, оның сүйікті қарындасы Темулунның да маскара өлімі себеп болды деуге толық негіз бар. Айта кету керек, Жошының меркіттерден тарағаны жөніндегі оқиға, яғни оның Шыңғыс ханның емес, меркіт тұтқынының ұрпағы болуы – бірқатар зерттеушілердің пікірінше, 1240-1260-жылдары пайда болған кейінгі жалған аңыз. Сондықтан негізгі өшпенділік пен қудалау себебі ретінде Темулунның өлімін қарастыру тарихи логикаға әлдеқайда сай келеді.

Монах Юлианның әңгімесіндегі Гургутаның Шыңғыс хан екеніне тарихшылардың ешқайсысы күмән келтірген жоқ. Сондықтан Гургута апасының оқиғасы монғол деректерінде өмірбаяны дерлік белгісіз Шыңғыс ханның қарындасы Темулунның оқиғасы деп пайымдау қисынды.

2. Қыпшақ (куман) көсемі Витут есімді адам өте бай болған. Дереккөзде оның малдары «алтын арықтардан су ішкені» атап өтіледі. Басқа бір көсем – Буз өзенінің бойынан шыққан Гурег – Витутқа шабуыл жасап, оны жеңеді. Витут ұлдарымен бірге Орнаха сұлтанына қашып барады. Алайда Витуттың бұрынғы көршісі болған Орнаха сұлтаны оған болған өкпесін есіне алып, оны дарға асып өлтіреді де, оның халқын өз билігіне бағындырады. Витуттың ұлдары қашып, қайтадан Гурегке оралады. Гурег олардың үлкенін өлтіреді. Кішісі Гургутаның жанына барып, одан кек алуға көмектесуін өтінеді.

Гургутаның көмегімен Витуттың кенже ұлы Гурегтен кек алады. Кейінірек ол Орнаха сұлтанынан да кек алуға көмектесуін сұрайды. Ол өз әкесінің руы Орнахаға бағынғанын айтып, егер Гургута шабуыл жасаса, бұл ру оған көмектесетінін уәде етеді. Осыдан кейін Гургута Орнах сұлтанына жорық жасап, оны жеңеді [Алтын Орданың қалыптасуы, 2008: 237–238].

Бұл жерде бір маңызды қайшылықты атап өткен жөн: дереккөз бойынша, Шыңғыс хан әуелі Гурегті, содан соң Орнаха сұлтанын жеңген болып шығады. Егер Гурег Юрий Кончакович деп түсінілсе, онда оқиғалар реті керісінше болған: алдымен Хорезмшах жеңіліп, содан кейін Юрий Кончакович жеңілген. Бұл қайшылық дерек мәтініндегі уақыт тәртібінің шатаسقанын немесе кейінгі әдеби қайта өңдеулер нәтижесінде пайда болғанын көрсетеді.

Сонымен қатар бұл жерде Витуттың Хорезмшахпен көрші болғаны да көрінеді. Демек, оның иеліктері қазіргі Батыс Қазақстаннан бастап, Төменгі Еділ бойын және Солтүстік Кавказ далаларына дейін созылған. Витуттың байлығы, болжам бойынша, оның Еділ Бұлғариясынан Хорезмге дейінгі сауда жолдарын, сондай-ақ Ұлы Жібек жолының бір тармағын бақылауымен байланысты болған.

Осылайша, егер Гурегті Юрий Кончаковичпен, Орнаха сұлтанын Мұхаммед Хорезмшахпен, ал Гургутаны Шыңғыс ханмен сәйкестендірсек, онда Витуттың кенже ұлы Шыңғыс ханға саналы түрде

бағынған алғашқы қыпшақ көсемі болған деп тұжырымдауға негіз бар. Оның мұндай қадамы Шыңғыс ханнан қолдау тауып, отбасы мен биліктен айырылғаны үшін кек алу мүмкіндігін иелену мақсатымен жасалған. Бұл оқиға қыпшақ билеушілерінің кейбірі Моңғол империясына ашық жауласудан гөрі, прагматикалық одақ пен жеке мүдделерді қорғауға басымдық бергенінің айқын көрінісі болып табылады.

2. Аккобек туралы араб дереккөздеріндегі мәліметтер.

Ан-Нувейри өзінің энциклопедиясында «Түріктер істері туралы» атты тарауында Бейбарыстың құлдыққа қалай түскені жайлы жағдайларды сипаттайды.

Аталған тараудың осы бөлігінде Дурут пен Токсоба атты қыпшақ рулары арасындағы тайпааралық қақтығыс баяндалады. Дерекке сәйкес, Дурут руының өкілі, Мангуш есімді адам — әйгілі хан Котян Сутоевичтің ұлы — аңшылыққа шыққан кезде Токсоба руының өкілі Аккубул (Аккобек) тарапынан тұтқынға алынып, өлтірілген. Ұлының жоғалғанын білген әкесі мен руластары іздеуге кірісіп, Мангуштың қаза тапқанын анықтаған соң, қарымта алу үшін әскер жинап, Аккубулға шабуыл жасайды. Ұрыста Дурут руы жеңіске жетіп, Аккубул жарақат алады.

Сол кезде Аккубул өзінің Ансар (немесе Унсар) есімді бауырын Шыңғыс ханның ұлы Жошыға жібереді. Аккубулдың бауыры Жошыға жағдайды баяндап, қарсылық тек Дурут руынан ғана келетінін, аймақта басқа күш жоқ екенін жеткізеді. Осы өтінішке жауап ретінде Жошы әскерімен Дурут руына жорық жасап, бұл рудың көп бөлігін қырып, көптеген адамдарды тұтқынға алады. Кейін бұл тұтқындар құлдыққа сатылып, түрлі қалалар мен аймақтарға таратылған [История Казахстана в арабских источниках, 2005: 65].

Кейбір зерттеушілер, әсіресе Р.Ю. Почекаев, бұл жерде «Души» (Жошы) деген атпен Батудың меңзелуі мүмкін екенін айтады. Сондай-ақ, Котян бұл жерде кейінірек Венгрияға кеткен Котян Сутоевичпен бір тұлға емес деп санайды [Почекаев, 2006: 110]. Бұдан бөлек, Р.Ю. Почекаев А.Г. Юрченконың бұл Котян Теркен-хатунның туысы болған деген нұсқасын да қолдайды [Почекаев, 2006: 108].

Біз бұл оқиғалардың Бату заманына тиесілі болғанымен келісеміз. Алайда, біздің пайымдауымызша, екі Котян – бір адам, бір ғана хан. Котян Дурут тайпасынан шыққан, сондықтан ол басқа рудан шыққан Теркен-хатунның туысы бола алмайды [Сабитов, 2011а: 181].

Бұрын бұл эпизодты біз Калка өзеніндегі шайқаспен байланыстырған едік. Ол кезде Сүбедей мен Жебе Котянды жеңген болатын [Сабитов, 2011а: 181]. Алайда қазіргі таңда біз Аккобек пен Котян арасындағы қақтығыс пен кейінгі соғыс оқиғалары 1227–1230 жылдары орын алған деп есептейміз. 1229 жылы Өгедей тарапынан Сүбедей (Сүнітай емес) мен Көкешай басқарған 30 мыңдық корпус Жошы ұлысының батысына аттандырылды. Бұл жорық Аккобекті қолдау және Котян Сутоевичке қарсы бағытталған әскери науқанның бір бөлігі болған.

Біз бұл оқиғалардың Бату заманына тиесілі болғанымен келісеміз. Алайда, біздің пайымдауымызша, екі Котян – бір адам, бір ғана хан. Котян Дурут тайпасынан шыққан, сондықтан ол басқа рудан шыққан Теркен-хатунның туысы бола алмайды [Сабитов, 2011а: 181].

Бұрын бұл эпизодты біз Калка өзеніндегі шайқаспен байланыстырған едік. Ол кезде Сүбедей мен Жебе Котянды жеңген болатын [Сабитов, 2011а: 181]. Алайда қазіргі таңда біз Аккобек пен Котян арасындағы қақтығыс пен кейінгі соғыс оқиғалары 1227–1230 жылдары орын алған деп есептейміз. 1229 жылы Өгедей тарапынан Сүбедей (Сүнітай емес) мен Көкешай басқарған 30 мыңдық корпус Жошы ұлысының батысына аттандырылды. Бұл жорық Аккобекті қолдау және Котян Сутоевичке қарсы бағытталған әскери науқанның бір бөлігі болған.

Я.В. Пилипчук Аккобекті Шаруканид деп санаған [Пилипчук, 2011 (а): 194], нақтырақ айтқанда, оны Юрий Кончаковичпен теңестірген (Аккубул, Аккобек қыпшақша есімі, ал Юрий шоқыну кезінде алынған есімі) [Пилипчук, 2013: 91]. Бұл жерде біз мүлдем келіспейміз, себебі аталған оқиғалар хижра бойынша 626 жылға, яғни 1228 жылдың желтоқсанынан 1229 жылдың қарашасына дейінгі кезеңге тиесілі. Бұл уақытта Юрий Кончакович әлдеқашан қайтыс болған еді.

3. Қыпшақ тайпаларының Моңғол империясы құрамына өз еркімен қосылғаны туралы үшінші дерек Башқұрт шежірелерінде кездеседі. Бұл шежірелерде Токсоба руынан шыққан немесе сол рудың өкілі болған Муйтен есімді адамның Шыңғыс ханмен тікелей кездесіп, оған вассалдық серт бергені айтылады. Өзінің адалдығы үшін Муйтенге Жайық, Орал және Сақмара өзендері бойындағы жерлер берілген.

И.В. Антоновтың нұсқасына сәйкес, Муйтен-бий Бату ханның замандасы болған және 1230-жылдардағы Батыс жорығына қатысып, Сақмарадан Донға дейінгі аралықты жорықпен жүріп өткен [Антонов, 2013: 88–89]. Башқұрт шежіресінде Муйтен-бийдің ұлы Үсерған аталып өтеді, одан

Үсерған тайпасы тараған. Бұл ру кейін Шағали (Шейхали) атты ұл арқылы жалғасады [Башқұрт шежірелері, 1960: 84–85]. Үсерған тайпасының ұраны Токсоба [Башқұрт шежірелері, 1960: 201], бұл олардың қыпшақтың Токсоба тайпасынан тарағанын дәлелдейді.

Мажитов та осы деректі нақтылай түседі: Муйтен (Токсобаның ұлы немесе сол рудан шыққан) Шыңғыс ханға барып, вассалдық қабылдаған, содан соң Жайық пен Сақмара бойындағы жерлерге ие болған [Мажитов, 2010: 336].

Антонов Муйтен-бийді 1230-жылдардағы Батыс жорығына қатысушы ретінде сипаттай отырып, оны Шыңғыс хан емес, Бату ханның замандасы санаған. Бұл жерде біз ішінара келіспейміз: біздің ойымызша, Муйтен Шыңғыс ханның кіші замандасы және Бату ханның үлкен замандасы. Ол, шамасы, Жошының дүниеге келген кезеңінде туған, сондықтан тарих сахнасында әрі Шыңғыс ханмен, әрі Бату ханмен қатар өмір сүрген.

Бұл деректі ан-Нувейридін әңгімесімен салыстыра отырып, ұқсастық байқауға болады: екі жағдайда да Токсоба руы туралы сөз болады. Көшбасшылардың есімдері әртүрлі болғанымен (Муйтен және Аккобек), олар туыстық байланыста болуы мүмкін. Мәселен, Муйтеннің ұлы Үсерған мен Аккобектің бауыры Ансар (немесе Унсар) есімдерінің үндестігі назар аударарлық. Мұның негізінде, Аккобек пен Унсар Муйтеннің ұлдары болған деген жорамал айтуға болады. Демек, Муйтен Шыңғыс хан заманына тиесілі тұлға, шамамен сол кезеңде қайтыс болған, ал оның мұрагері ретінде тарихи сахнаға Аккобек шыққан.

Егер осы гипотезаны қабылдайтын болсақ, онда моңғолдардың Аккобектің өтінішіне неге жедел жауап бергені түсінікті болады: ол моңғол ханына вассалдық серт берген адамның ұлы әрі осы міндеттің жалғастырушысы болған. Бұдан да маңыздысы бұл мәліметтер монах Юлиан сипаттаған оқиғамен үйлесіп отыр: онда Витуттың кенже ұлы Шыңғыс ханнан қорған мен көмек сұрайды. Бұл тұлға Муйтен-бий болуы әбден мүмкін, ол әкесінен және бауырынан айырылғаны үшін кек алуға бел буып, Шыңғыс ханның адал одақтасына айналған.

Муйтен Шыңғыс ханға өзінің әкесі үшін (Хорезмшахқа кек) және бауыры үшін (Юрий Кончаковичке кек) көмек көрсеткені үшін шынайы алғыс білдірген. Ал оның ұлы Аккобек, Шыңғыс ханның тағы бір жауы – Калкадағы 1223 жылғы шайқаста моңғолдарға қарсы соғысқан Котянмен күреске тап келгенде, әкесінің вассалдық мәртебесіне сүйене отырып, Шыңғыс ханның мұрагерлерінен көмек сұрауға толық хақылы болған.

4. Юань ши шежіресінде қыпшақ қолбасшысы Тутуктың ата-бабасы туралы мәліметтер келтіріледі. Онда Инасыдан ұлы Хулусуман (мүмкін, Урусман) туғаны, ал оның ұлы – Бандучи екені айтылады. Мөңке хан Хулусуманның иеліктеріне шабуыл жасағаннан кейін, ол Ұғедейге елші жіберіп, өз еркімен бағынуға ниет білдірген. Кейінірек Бандуча халқын бастап Мөңкеге қарсы шықпай, оны мойындап, оның жорығына қосылған. Ол аландардың астанасы – Мағасты қоршауға қатысқан. Тутуктың ата-бабалары Юйлибойли (Орал) таулары маңында өмір сүрген [Храпачевский, 2013: 46–47].

Храпачевский Р.П. кейбір қыпшақтардың Инасы хан ордасынан башқұрттарға қоныс аударып, суун-қыпшақтардың ата-бабасына айналған деп болжайды (сонда, 36-бет). Алайда оның Тутук династиясын кундар (кун/куман) тайпасынан таратқан гипотезасының нақты дәлелі жоқ [Храпачевский, 2013: 22-25].

Бұған дейін П. Пелльо Инасыды - Отырар оқиғасының бастамашысы әрі Теркен-хатунның ағайыны ретінде белгілі Иналшықпен теңестірген. Бұл пікірді Я.В. Пилипчук та қолдаған [Пилипчук, 2011 (6): 260]. Бұрын Тишин В.В. мен Тимохин Д.М. Инасы мен Иналшықты бір адам деп қарастырудың тілдік дәлелдері жоқ екенін айтқан. Алайда біздің пікірімізше, бұл жерде логикалық дәлелдер әлдеқайда сенімді. Инасы кезінде меркіттерді паналатқан. Ал Юлиан әңгімесінен меркіттердің Мухаммед Хорезмшахқа барып паналағанын білеміз. Оларды паналатқан адамның Иналшық Қайыр хан болуы ықтимал. Тағы бір сондай ханды атау қиын.

Француз шығыстанушы П.Пеллио мен украин тарихшысы Я. Пилипчук, Инасы мен Иналшықты анықтаудың пайдасына басқа дәлелдер бар.

Біріншіден, Инасы мен Иналшық қыпшақтардың көсемдері болды.

Екіншіден, екеуі де Шыңғыс ханмен соғысты.

Үшіншіден, олардың есімдері өте ұқсас. Қытай иероглифтерінің түркі атауларын қалай бұрмалайтынын қарастырсақ, бұл жерде үлкен ұқсастықты байқаймыз.

Төртіншіден, екеуі де Қазақстан аумағында бір уақытта өмір сүрген.

Бесіншіден, басқа дереккөздер (монах Юлиан, Рашид ад-Дин, Моңғолдардың құпия тарихы, Ән-Насауи, Жүзжани және т.б.) бірде-бір қыпшақ ханы Инасыны білмейді. Оның үстіне бұл

деректердің көпшілігі қыпшақтардың көсемі Иналшық туралы біледі. Сондықтан логика заңдарына сүйене отырып («Оккам ұстарасы») бұл екі тұлғаны (Тұтықтың атасы Қыпшақ ханы Инасы мен Қыпшақ ханы Иналшық Қайыр хан) бірдей деп болжауға болады.

Иналшықтың ұрпақтары - Хулусуман мен Бандуча 1236 жылға дейін қарсылық көрсетіп отырған. Тек Мөңкенің шабуылы олардың бағынуына мәжбүрлеген. Бандуча аманат ретінде Мөңкенің қолына беріліп, онымен бірге Қытайға аттанған. Оның ұлы Тутук кейін Хубилай ханның ордасында қызмет атқарған. Бұған дейін Иналшықтың балалары, әкесінің моңғолдар қолынан өлімін ұмытпай, белсенді қарсылық көрсетіп отырған, бірақ қарсы жақтың әскери басымдығы олардың берілуіне алып келген.

С.М. Ахинжановтың Хулусуман мен Бачманды бір тұлға деп отождествіргісі келген талпынысы [Ахинжанов, 1995: 237] бізге әлсіз дәлелденген болып көрінеді.

Бірақ Жувейни сипаттаған Бачманның өмір тарихы [История Казахстана в персидских источниках, 2006: 60-61] Хулусуманның өмірбаянына ұқсамайды.

Біздің пікірімізше, Иналшық (Инасы) кун руына жатпаған. Ахинжановтың өз сөзіне сүйенсек, Иналшықтың немере қарындасы - Теркен-хатун (олардың әкелері ағайынды болған) – Насауидің мәліметі бойынша байаут тайпасынан шыққан [Ахинжанов, 1995: 206, 220].

5. Тағы бір бесінші сюжет бар – ол Тайбұғыға және Шыңғыс хан империясына Тобыл мен Ертіс арасындағы көшпелі халықтардың (Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібірдің бір бөлігі) қосылуына қатысты.

Мұнда Тайбұғы әулетінің шығу тегі мәселесі ерекше маңызды. Бұл әулеттің пайда болуына қатысты бірнеше аңыз бар, олардың кейбірін Г.Ф. Миллер өз еңбектерінде тіркеп қалдырған:

А. Бірінші аңыз бойынша, Ертіске құятын Есіл өзенінің бойында Он есімді билеуші өмір сүрген. Ол Ертіс, Тобыл, Тұра өзендері бойында көшіп-қонып жүрген тайпаларды және «маңайдағы вогулдар мен остяктарды» басқарған. Осы Он билеушіге Шыңғыс хан шабуыл жасап, оны жеңген. Оның Тайбұға есімді ұлы аман қалып, құтылып кетеді. Біраз уақыттан кейін Шыңғыс хан оны тауып алып, вассал ретінде өзіне бағындырып, әкесінің орнына қояды. Тайбұға Тюмень қаласын (Чингидин деп атаған) негіздейді. Одан кейін бұл өңірді оның ұрпақтары билеген [Миллер, 1937: 189–190].

Б. Екінші аңыз бойынша, Есіл өзенінің бойында Он-Сом-хан есімді билеуші тұрған. Есіл Ертіске құятын жерде, «қызыл жарда» (татарша «кизыл-яр») оның ордасы — Қызыл-Тұра орналасқан. Он-Сомнан кейін оның мұрагері Иртышак билік жүргізген. Аңызға сәйкес, Ертіс өзенінің аты сол Иртышактан шыққан. Шыңғыс хан Иртышакқа шабуыл жасап, оны жеңеді. Кейінірек Есіл бойында Саргачик билік етеді [Миллер, 1937: 190].

В. Үшінші аңызда айтылғандай, Шыңғыс хан Бұхараны бағындырған соң, Қазан ордасынан немесе қазіргі «Қырғыз-қайсақ ордасынан» шыққан Тайбұға есімді сұлтан, хан Мамықтың ұлы, Шыңғыс ханнан Ертіс, Тобыл, Есіл және Тұра өзендері бойындағы жерлерді иелікке сұрайды. Шыңғыс хан бұл жерлерді басқаруға Тайбұғаны тағайындайды, ал оның ұрпақтары кейін сол аймақтарды иеленуді жалғастырады [Миллер, 1937: 190].

Тағы бір сақталған аңыз бойынша, Шыңғыс хан Бұхарияны (яғни Мауераннахрды) бағындырғаннан кейін Есіл өзенінде билік жүргізген Он ханның ұлы Иртышакты талқандаған. *«Қаза тапқан ханның ұлы, ал кейбір нұсқаларда немересі Тайбұға өлімнен өзінің бұрынғы қызметшісі, тәрбиешісі Мұрат-бидің адалдығы арқасында аман қалған. Кейін Шыңғыс хан Тайбұғаның бар екенін білген соң, оны чудь халқына қарсы соғысқа жібереді. Бұл соғыста Тайбұға бірнеше ерлік жасап, даңққа бөленеді... Тайбұғаның әскери ерліктері үшін Шыңғыс хан оған бостандық сыйлап, Тайбұға бірнеше жерлесімен бірге Яшыл-Тұра атты қала тұрғызады»* [Абрамов, 1861].

Г. Жақында З.А. Тычинских сібір татарларының батырлық жырларына қатысты деректерді жариялады [Тычинских, 2022: 488–504].

«Ильдан мен Голдан» атты эпосқа сәйкес, Шыңғыс ханның қолбасшыларының бірі – Ишим есімді тұлға Силанға (мүмкін, Сібірге) келеді. Ол «магулдарды» қуып шығып, Сурай (Ишим) өзенінің жағасына қала салып, сонда хан болады. Ол қайтыс болғаннан кейін хан тағына Ансам отырады (оны Г.Ф. Миллер келтірген Он-Сом-ханмен салыстыруға болады).

Ильдан Улан батыр руынан шыққан жас жігіт, ал Голдан — көркем қыз. Ансам хан Голданды әкесінің үйінде көріп, оған үйленбекші болады, бірақ Голдан қашып кетеді. Ильдан мен оның әкесі Самай қызды Ансам ханның қуғыншыларынан құтқарып, оның адамдарын өлтіреді. Осыдан кейін Ильдан өз руымен алдымен «магулдарға», кейін Ансам ханмен жауласқан Чангы бидің жеріне қашады.

Ансам Ильданға қарсы бауыры Иртышақты жібереді. Ильдан Иртышақты жеңіп, ол жараланып, қашып кетеді. Бір шайқаста Самай Ансамды жеңіп, оны өлтіреді. Ильдан мен Чангы бий Иртышақты жеңеді, ол жеңілгеннен кейін Ертіс (Сонгар) өзенінің арғы бетіне қашып өтеді. Осыдан кейін Ильдан Қызыл Тураға қоныстанады. Чангы бий Ильданды өз иелігіне шақырады. Сол жерде Ильдан «аурудан» қайтыс болады. Голдан оның өлімін Чангы биден көреді де, оған соғыс жариялайды. Ол да қаза табады, ал Чангы бий Қызыл Тураны жаулап алады. Бірақ ол кеткен соң бұл қаланы Иртышак қайтарып алады. Эпоста кейін Сонгар өзені Иртышақтың құрметіне Ертіс деп аталғаны баяндалады. Сонымен қатар, Иртышақтың Баыр апа атты қарындасы да аталады.

Тарихи деректерге сүйенсек, Тайбұға буркут руынан шыққан. Бұл буркуттардың шығу тегі және Тайбұғаның өзі туралы түрлі болжамдар бар, бірақ біз ол мәселеге тоқталмаймыз. Біздің ойымызша, Тайбұға қыпшақтың буркут руынан шыққан. Ад-Димашки өз еңбектерінде қыпшақтардың ішінде «брку» (барку, буркут) атты тайпа болғанын атап өтеді [Ильясова, Сабитов, 2016]. Демек, бұл буркут Тайбұға шыққан рудың өзі болуы әбден мүмкін:

Есіл мен Ертіс арасындағы өңірдің ерте тарихы туралы жинақталған қорытынды мынандай:

Ертіс пен Тобыл арасындағы өңірде бастапқыда Онсом-хан (эпоста Ансам-хан) есімді жергілікті билеуші болған. Одан кейін оның ұлы немесе бауыры Иртышак (Иртышақтың Баыр атты қарындасы болған), ал одан кейін Саргачик билік құрған. Бұл өңірге Шыңғыс хан жорық жасап, оны жаулап алған. Ол осы жердегі билеуші әулеттің бір тармағын (Иртышак пен Саргачикті) биліктен тайдырып, оның орнына сол әулеттен шыққан, бірақ оған адал болған Тайбұғаны Онсом-ханның ұлын өз вассалы ретінде билікке отырғызған.

Біздің пікірімізше, бұл әулет қыпшақтың буркут руынан шыққан. Тайбұға да осы рудан. Ад-Димашки өз заманында қыпшақтар арасында брку (барку, буркут) атты ру бар екенін жазған [Ильясова, Сабитов, 2016], бұл Тайбұға шыққан буркут тайпасының дәл өзі болуы мүмкін.

Бұл аңыздар мен эпостардан біз Шыңғыс хан әскерінің (эпоста Чангы-бий) буркут қыпшақтарының жерін жаулап, билік құрылымын қайта құрғаны туралы тарихи жадыны көреміз: бір рудың ішінен билікке адал тармақты қолдап, опасыз деп танылған тармақты ығыстыру.

1237–1238 жылдарға қатысты парсы деректері де маңызды.

«Ит жылы, яғни 635 хижра жылы (31.08.1237–20.08.1238) Берке қыпшақтарға жорық жасап, Беркути қолбасшылары Арджумакты, Куранбасты, Капаранды тұтқынға алады» [История Казахстана в персидских источниках, 2006: 86]. Бұрын біз «Беркути» атауын Батыс қыпшақтарының билеушісі Котян-ханмен (Ер-Котян) байланыстырып келгенбіз. Алайда қазір бұл жерде сөз қыпшақтың буркут руы туралы болып отырғанына сенімдіміз. Демек, буркут руының кейбір топтары моңғолдарға 1230-жылдардың соңына дейін қарсы соғыс жүргізген.

Жалпы қорытындылай келе:

Шыңғыс хан алғашында Ертіс пен Тобыл арасындағы буркут руын жаулап алды. Бұл өңірде Онсом-хан билік құрды.

Оның ұлы немесе бауыры Иртышак Шыңғыс ханға қарсы шықты. Оған жауап ретінде Шыңғыс хан Онсом-ханның ұлы Тайбұғаны қолдап, оны вассал ретінде билікке отырғызды.

Шыңғыс хан буркуттардың Солтүстік Қазақстандағы, наймандар мен қарақытайлардың оңтүстік-шығыс Қазақстандағы иеліктерін жаулап алған соң, жорықтарын Батысқа қарай жалғастырды.

Буркут руының бір бөлігі Батысқа қарай қоныс аударып, 1230-жылдардың екінші жартысына дейін моңғолдарға қарсы күресті.

Зерттеу нәтижелері. Сонымен қатар: Қыпшақтың Токсоба тайпасынан шыққан Витут бастаған топ моңғолдарға алғашқы болып өз еркімен бағынған қыпшақ тайпаларының бірі болды. Витут Юрий Кончаковичтен (Гурег) жеңіліп, Хорезмге қашып барған, бірақ онда Хорезмшах тарапынан дарға асылған.

Витуттың екі ұлы Юрий Кончаковичке қайтып оралды. Үлкені өлтірілді. Ал кіші ұлы Муйтен-бий бауырынан айырылғаннан кейін Шыңғыс ханнан көмек сұрап, қолдау мен марапат алып, моңғолдардың вассалына айналды.

Муйтен-бийдің көмегімен моңғол әскері Мұхаммед Хорезмшахты жеңді.

Кейін Сүбедей мен Жебе басқарған моңғол жасақтары Юрий Кончаковичті жазалап, бұл әрекет Муйтен-бий мүддесін көздеген кек алу ретінде жүзеге асты.

Осыдан кейін Муйтен-бий өмірінің соңына дейін Шыңғыс хан әулетіне адал болды.

Қосымша маңызды факті:

Мұхаммед Хорезмшахқа Иналшық Қайыр-хан (Юань ши-дегі Инасы) ішінара бағынышты болды.

Дәл осы Иналшық Қайыр-хан меркіт көсемін (мүмкін Хуту) паналатқан бұл адам Шыңғыс ханның қарындасын қорлаған. Меркіттер моңғолдардан жеңілген соң, Иналшыққа қашып барған. Ол оларды моңғолдарға бермеген.

Бұл жағдайда Токсоба тайпасы мен Муйтен-бийдің көмегі шешуші рөл атқарды.

Иналшық Қайыр-хан Отрарда қаза тапты, бірақ оның ұлдары 1236 жылға дейін моңғолдарға қарсы соғысты жалғастырды.

Осыдан кейін Жебе мен Сүбедейдің жасағы Кавказ жорығын жүзеге асырып, оның нәтижесінде Юрий Кончакович пен Данила Кобякович қаза тапты. Бұл жорықтан кейін сол жасағы Калка өзенінде Котян хан мен орыс князьдерінің біріккен күштерін талқандады. Шамамен осы уақытта, яғни Шыңғыс ханның өлімімен қатарлас кезеңде, Токсоба руынан шыққан Муйтен-бий де дүние салады. Оның артында екі ұлы Аккобек пен Унсар (Үсерған) қалады.

Кейінгі бір жанжал барысында Аккобек Дурут руынан шыққан Котян ханның ұлы Монгушты өлтіреді. Бұған жауап ретінде Котян Аккобекке шабуыл жасап, ол бауыры Унсарды моңғол көмегін сұрауға жібереді. 1229 жылы Еділ бойына моңғол «көмегі» келеді — Сүбедей мен Көкешай (Күкі қият болуы мүмкін) басқарған жасақ. Алайда бұл корпус келсе де, айтарлықтай жеңістерге жете алмайды.

Осы кезде Иналшықтың (Юань Шидағы Инасы) ұрпақтары моңғолдарға қарсы қарсылықты жалғастырып жатты. Тек 1236 жылғы Батыс жорығы басталған кезде ғана Мөңке ханның әскері келген соң Хулусуман берілуге мәжбүр болды, ал оның ұлы Бандуча аманат ретінде беріліп, кейін Қытайға жөнелтілді. Бандучаның ұрпақтары, оның ішінде Тутук, кейін моңғол билігінің құрылымында қызмет еткен.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Шығыс Дешті Қыпшақтың Моңғол империясы құрамына кіруін жеңімпаздар – Шыңғыс хан әскері және жеңілгендер қыпшақтар арасындағы қарапайым екіжақты соғыс ретінде сипаттауға болмайды. Бұл тек әскери әрекеттердің нәтижесі емес, сонымен қатар ішкі руаралық қақтығыстардың, әулеттік мүдделердің, жеке кек пен саяси есептердің күрделі тоғысының нәтижесі болды.

Шыңғыс ханның Дешті Қыпшақты жаулап алуы тек әскери сипатта болған жоқ. Қыпшақ тайпаларының бір бөлігі Шыңғыс ханға өз еркімен бағынды. Бұл үдеріс Дешті Қыпшақтың әлеуметтік-саяси құрылымының ішкі логикасын да, моңғолдардың геосаяси мүдделерін де ескерген тарихи күрделілікпен сипатталады.

Әдебиеттер

Абрамов, 1861 – *Абрамов Н.* Сибирские татары // *Тобольские губернские ведомости*. 1861. № 35. С. 13–18.

Антонов, 2013 – *Антонов И. В.* Средневековые башкиры. Уфа: Китап, 2013. 192 с.

Ахинжанов, 1995 – *Ахинжанов С.М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы: Гылым, 1995. 296 с.

Башкирские шежере, 1960 – *Башкирские шежере*. Уфа: Башкирское книжное издательство, 1960. 305 с.

Злыгостев, 2011 – *Злыгостев В.А.* Субэдэй. Всадник, покорявший вселенную. Уфа: Дизайн Полиграф Сервис. 2011. 396 с.

Ильясова, Сабитов, 2016 – *Ильясова З.С., Сабитов Ж.М.* Сведения Нухбат ад-дахр фи аджаиб ал-барр вал-бахр ад-Димашки о тюркских племенах Дешт-и кипчака // *Золотоордынское обозрение*. 2016. Т. 4. № 3. С. 474–484.

История Казахстана в арабских источниках, 2005 – *История Казахстана в арабских источниках*. Т. 1. Алматы: Дайк-пресс. 2005. 711 с.

История Казахстана в персидских источниках, 2006 – *История Казахстана в персидских источниках*. Т. 4. Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 620 с.

Катанчиев, 2008 – *Катанчиев С.Т.* Александр Невский – правнук кыпчакского (половецкого) хана Котяна. Нальчик: Эльбрус, 2008. 248 с.

Кузембаев, 2013 – *Кузембаев Н.Е.* Монгольское завоевание кыпчакских племен восточного Дешт-и Кыпчака и судьбы кыпчакской элиты в составе монгольской империи и за ее пределами // Кыпчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. Сборник материалов междунар. науч. конф., посвященной 1100-летию Кимекского государства в рамках Дней тюркской письменности и культуры. Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2013. С. 131–151.

Қинаятұлы, 2014 – *Қинаятұлы З.* Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Алматы: Елтаным баспасы, 2014. 360 с.

- Кинаятұлы, 2010 – *Кинаятұлы З.* Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Алматы, 2010. 728 б.
- Мажитов, Султанова, 2010 – *Мажитов Н.А., Султанова А.Н.* История Башкортостана: Древность. Средневековье. Уфа: Китап. 2010. 496 с.
- Миллер, 1937 – *Миллер Г.Ф.* История Сибири. Т. 1. М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1937. 609 с.
- Образование Золотой Орды, 2008 – *Образование Золотой Орды.* Улус Джучи Великой Монгольской империи (1207–1266). Казань: Татарское книжное издательство. 2008. 480 с.
- Оллсен, 2008 – *Оллсен Т.Т.* Прелюдия к западным походам: монгольские военные операции в Волго-Уральском регионе в 1217–1237 годах // *Степи Европы в эпоху средневековья*. Т. 6. Золотоордынское время. Сб. науч. работ. Донецк, 2008. С. 351–362.
- Пилипчук, 2011 (а) – *Пилипчук Я.В.* Завоевание монголами восточноевропейских степей (1237–1242 гг.) // *Золотоордынская цивилизация*. Сборник статей. Выпуск 4. Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2011. С. 187–206.
- Пилипчук, 2011 (б) – *Пилипчук Я.В.* Монгольское завоевание кочевий восточных кыпчаков // *Тюркологический сборник*. 2009–2010. Тюркские народы Евразии в древности и средневековье. Москва: Восточная литература, 2011. С. 259–288.
- Пилипчук, 2013 – *Пилипчук Я.В.* Етнополітичний розвиток Дашт-і Кыпчак у IX–XIII ст. Київ, 2013. 288 с.
- Плетнева, 1990 – *Плетнева С.А.* Половцы. Москва: Наука 1990. 208 с.
- Почекаев, 2006 – *Почекаев Р.Ю.* Батый, хан, который не стал ханом. Москва: АСТ. 2006. 350 с.
- Сабитов, 2010 – *Сабитов Ж.М.* О численности монгольской армии в Западном походе (1235–1242) // *Вопросы истории и археологии Западного Казахстана*. № 1. 2010. Уральск. С. 55–73
- Сабитов, 2011 (а) – *Сабитов Ж.М.* Монгольская армия в 1206–1259 гг. // *Вопросы истории и археологии Западного Казахстана*. 2011. № 1. С. 86–114.
- Сабитов, 2011 (б) – *Сабитов Ж.М.* Хронология Западного похода 1235–43 годов // *Вестник Евразийского Национального Университета*. № 5 (84). 2011. С. 180–183.
- Тычинских, 2022 – *Тычинских З.А.* Исторические сюжеты в сибирско-татарском дастане «Ильдан и Голдан» // *Научный диалог*. 2022. Т. 11. №. 1. С. 488–504.
- Ускенбай, 2013 – *Ускенбай К.З.* Восточный Дашти-Кыпчак в XIII–начале XV века. Проблемы этнополитической истории улуса Джучи. Казань. 2013. 288 с.
- Храпачевский, 2011 – *Храпачевский Р.П.* Армия монголов периода завоевания Древней Руси. Серия: Забытые войны России. М.: Квадрига. 2011. 280 с.
- Храпачевский, 2013 – *Храпачевский Р.П.* Половцы-куны в Волго-Уральском междуречье (по данным китайских источников). Историко-генеалогический проект «Суюновы». Серия Материалы и исследования по истории кочевников восточноевропейских степей. Т. II. М.: ЦИВОИ. 2013. 128 с.
- Хрусталева, 2016 – *Хрусталева Д.Г.* Русь и монгольское нашествие (20–50 гг. XIII в.) Санкт-Петербург: Евразия, 2013. 416 с.
- Шихаб ад-дин ан-Насави, 1996 – *Шихаб ад-дин ан-Насави*. Сират ас-султан Джалал ад-Дин Манкбурны. Москва: Восточная литература. 1996. 290 с.

References

- Abramov, 1861 – *Abramov N.* Sibirskie tatary [Siberian Tatars]. *Tobol'skie gubernskie vedomosti*. 1861. № 35. Pp. 13–18. [In Russian]
- Antonov, 2013 – *Antonov I.V.* Srednevekovye bashkiry. [Medieval Bashkirs]. Ufa: Kitap, 2013. 192 p. [In Russian]
- Akhinzhanov, 1995 – *Akhinzhanov S.M.* Kypchaki v istorii srednevekovogo Kazakhstana. [Kypchaks in the history of medieval Kazakhstan]. Almaty: Gylym, 1995. 296 p. [In Russian]
- Bashkirskie shezhere, 1960 – *Bashkirskie shezhere*. [Bashkir shezhere]. Ufa: Bashkirskoe knizhnoe izdatel'stvo, 1960. 305 p. [In Russian]
- Zlygostev, 2011 – *Zlygostev V.A.* Subedei. Vsadnik, pokoryavshii vselennuyu. [Subedei. The horseman who conquered the universe]. Ufa: Dizain Poligraf Servis. 2011. 396 p. [In Russian]
- Il'yasova, Sabitov, 2016 – *Svedeniya Nukhbat ad-dakhr fi adzhaib al-barr va-l-bakhr ad-Dimashki o tyurkskikh plemenakh Desht-i kipchaka* [Information of Nukhbat ad-dahr fi ajaib al-barr wa-l-bahr ad-Dimashki about the Turkic tribes of Desht-i Kipchak]. *Zolotoordynskoe obozrenie*. 2016. T. 4. № 3. P. 474–484. [In Russian]
- Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh, 2005 – *Istoriya Kazakhstana v arabskikh istochnikakh* [History of Kazakhstan in Arabic Sources]. Vol. 1. Almaty. Daik-press. 2005. 711 p. [In Russian]
- Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh, 2006 – *Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh*. [History of Kazakhstan in Persian Sources]. Almaty. Daik-press. 2006. Vol. 4. 620 p. [In Russian]
- Katanchiev, 2008 – *Katanchiev S.T.* Aleksandr Nevskii – pravnik kypchakskogo (polovetskogo) khana Kotyana. [Alexander Nevsky – great-grandson of the Kipchak (Polovtsian) Khan Kotyan]. Nal'chik: El'brus, 2008. 248 p. [In Russian]

Бұған архив құжаттары мен көнекөз шежірелі қарттардың естеліктері куә. Мысалы, «Талас өңірінде малын бағып, аздаған егінін салып, мамыражай өмір сүрген халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан шырқын бұзған ашаршылықтың зардабын тартқан адамдардың бір бөлігі құмға қарай шұбырса, кейбіреулері қалаға бет алады. Бірақ, Әулие-Атаға кеткендердің көпшілігі жол бойында қырылып қалған, ал құмға жеткендері тұзақ құрып, қоян аулап күндерін көрген» деп еске алады көнекөз қариялар [XX ғасырдың 30-жж., 2022: 445].

Ресми құжаттарда қалаға босқыншылық «өз ауылдық кеңесі аумағынан тыс жұмыс жерге жұмыс істеуге кетті» деген сөзбен де жасырылды. Мысалы, 1930 жж. қалаларға жұмыс істеуге кеткен, азық іздеп ауылдан кеткен адамдар статистикалық құжаттарда «жұмыс іздеуге кеткендер» сөзімен берілген [СҚОМА. 1318 қ. 1 т. 4 іс. 113, 117, 124, 125, 127, 129-132 пп.].

Күн көріс көзінен айрылған ауыл халқының бір бөлігі ірі құрылыстар жүріп жатқан қалаларға кіруге тырысты, себебі жұмысшылар азық-түлік паегімен қамтамасыз етілетін, болмаса қалаға бару қайыр сұрап тамақ жеуге мүмкіндік деп қабылдады. Алайда, жұмысшы кәсіптерінің тілі мен дағдыларын білмегендіктен, босқындардың көпшілігі қалаларда жұмысқа орналаса алмады. Қала шетінде тұрақтап, қаланың аш-жалаңаш бөлігін құрады.

Қалаларда іш сүзегі, бөртпе, т.б. жұқпалы аурулар мен арықтап өлген адам саны есепсіз болды. Қаланы мәйіттерден тазарту үшін жинап, мүмкіндігінше зираттарға апарды, бірақ беттері жабылмай, ит пен құсқа жем болды. Ауруханалар да мәйіттерге толды.

Аштыққа ұшырап, босқан халықтың басым көпшілігі ешқандай да көмек алмады. Тіпті босқындар кеңестік қоғамның өмірінен тыс, ешбір қараусыз, қалтарыста қалды деуге болады. Көпке дейін республика ішілік босқыншылық кеңестік қоғамның дамуына қатысы жоқ, пайдасыз, тіпті қалаға кедергі жасаудағы құбылыс ретінде, көлеңке секілді қабылданды. Қалаға ағылған босқындар қалаға кіре алмай, қала шетіндегі бейшара қалыптағы тобыр секілді көрінді. Қалалар болса сұрықсыз, жұпыны, аяушылық жағдайдағы елді мекен секілді түрге түсті.

Қала халқының саны туралы 1926 жылғы санақ және Мемлекеттік жоспар жүйесінің үлкен ақаулармен 1931 жылы жүргізген жаппай есеп мәліметтері ғана бар. 1926 ж. санақ бойынша қала халқының саны 471 мың адамды құраса, 1931 ж. жаппай есепке алу деректері қалаларда 732,7 мың адамды есептеді. Бұдан кейінгі жылдары мемлекеттік халықты үздіксіз есепке алу ісі жүргізілмеді, ал алдағы жылдардағы құрылыстың, өнеркәсіптің, көліктің өсуін және т.б. дамытуды жоспарлаудағы жедел-жоспарлы мақсаттар үшін мемлекет негіз ретінде 1926 ж. санақ пен 1931 жж. есептерге сүйеніп, халықтың мүмкін болар есебін ескерді. Ол бойынша қала халқы жылдар бойынша төмендегінше болады деп есептелді:

1931 ж. қаңтар.....	732,7 мың
1932 ж.....	1072,1 мың
1933 ж.....	1218,9 мың
1934 ж.....	1311,6 мың
1935 ж.....	1437,6 мың
1936 ж.....	1499,5 мың

Бұл мәліметтер осы жылдар ішінде орын алған қала халқының өсу үдерісін көрсеткенімен, шынайы бола алмайды, өйткені, бұлар көтермеленген сандар, бірақ салыстыруға қажетті басқалай есеп мәліметтері жоқ [РМЭА. 1562 қ. 329 т. 143 іс. 143, 144 пп.].

Жекелеген қалалар бойынша мәліметтер де қала халқының күрт өсімін дәлелдейді. Мысалы, Ақмола қаласы халқы сандық динамикасын салыстырсақ: 1929 ж. – 12600 адам, 1930 ж. – 21000 адам, 1931 ж. – 32000 адам болса, қалаларға адамдардың көшіп келуін жоспарлаған Қазмемжоспар өндірістік орындардың өсіміне сәйкес 1932 жылы шамамен мүмкін болар адам саны 34400 адам, 1933 ж. – 38000 адам, сондай-ақ, 1937 жылы Ақмола қаласы халқының санын 270 000 адамға жетеді деп есептеген [СҚОМА. 1318 қ. 1 т. 1 іс. 25 п.]. Сонда Қазмемжоспардың есебі бойынша Ақмола қаласы халқы 1929–1937 жж. аралығында 21,4 есе өсуі керек еді. Шындығында Ақмола қаласының халқы бұл мөлшерден төмендеу мөлшерде дегенімен, 3 есе өсті: 1929 ж. – 12600 адам болса, 1932 ж. – 26000 адам [ҚР ОМА. 698 қ. 14 т. 185 іс. 71 п.], 1933 ж. – 30 000 адам [ҚР ОМА. 698 қ. 14 т. 188 іс. 124 п.], 1936 ж. – 40 000 адам [ҚР ОМА. 698 қ. 14 т. 196 іс. 29 п.].

Қала халқы ауыл тұрғындарының есебінен өсті. Байлардың ұжымдастыруға қарсылық ретінде малдарын сатып шекара асып кетуімен бірге, қалаларға босып көшу фактілері көп болды [ШҚОМА. 139-П қ. 1 т. 22 іс. 50 п.]. Мысалы, ОГПУ-дың Шығыс Қазақстан облысы бөлімінің шекаралық аймақтардағы арнайы 2 тобының Абралы ауданының № 3 ауылындағы 98-шаруашылықтан алынатын салық жайлы 1932 ж. 30 қазандағы арнайы сводкасында: қалаға – 10 шаруа қожалығы көшіп кетті, қалған 40 шаруа қожалықтарының ішінен тек қана малсыз кедейлер қалды және салық төлей алмады» деп көрсеткен [ШҚОҚЗТҚО, Р-15 қ. 2а т. 156 іс. 129 п.]. Бұндай жағдайлар Қазақстан бойынша орын алды. Босқындарды қызықтырған жайт қалалық азық-түлік базалары мен тамақтандыру пункттеріне тіркелген босқындарға тәулігіне 200 гр. піскен нан, күніне бір рет быламық түріндегі болса да ыстық тамақ берілді. Кейбір жерлерде тәулігіне 200 гр. есебінен 5 тәулікке деп қолға ұн берілді [Айдарбаева, 2024: 237].

1931 ж. наурыз айының басында аштық салдарынан қырдан қалаға (Форт-Александровскке) отбасымен келгендердің тізімінде бір ғана Форт-Александровск қаласында 3 318 адамнан тұратын 657 босқын отбасы тіркелді [МОМА. 17 қ. 1 т. 15 іс; Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, Т. 16., 2022: 253-268].

Ауылдан қашқын босқындардың көпшілігі қала маңына келіп, күнкөріс көзін таппай, аштықтан өлді. Қала ішінде, теміржолдар маңында көмусіз жатқан, ит пен құс талап жатқан мәйіттер, орларға жинап тасталған мәйіттер жайлы құжаттар көптеп кездесті [Мамытова, 2022].

Осылайша, ауыл халқының отырықшыланғандарынан, көшіп кеткендерінен басқа, малынан айрылып, қайыршыланғандары қалаға келіп, жұмысшылар қатарын толықтырды, қала халқының санын өсірді.

Ашаршылық пен босқыншылықтан, өлім-жітім нәтижесінде халық санының күрт кемуі көрсетілетін болғандықтан, Облыстық халық шаруашылығы басқармалары 1934 ж. 1 қаңтарынан бастап халық санын есептеуге қатысты барлық деңгейдегі материалдарды құпияландыру туралы арнайы құпия нұсқау береді. Нұсқауда сол күннен бастап аудандар халқының саны туралы анықтамалар жергілікті ұйымдардағы құпия хат алмасуға рұқсат берілген адамдарға ғана берілуі тиіс деп көрсетілді [ШҚОМА. 788 қ. 1 т. 99 іс. 125 п.].

1931-1933 жж. ашаршылықтың нәтижесінде республика халқы 2,2 млн-ға жуық (49-52 %) адамынан айрылды [Қазақстан Орталық Атқару Комитеті, 1992: 1-3]. Тек қазақ халқының шығыны – 1840 мың адамды немесе 1930 ж. халық санының 47,3 %-ын құраған. Сонымен қатар Қазақстаннан 1 миллионға жуық қазақ босып кеткен (Алексеев, 2000: 19).

Республика халқының дамуының дағдарысты нәтижесін 1937 ж. халық санағы тіркеді. 1937 ж. санақ халық санының күрт кемігенін анық көрсетті. Бұл санақ материалдарын шындыққа жанасымды деп есептейміз. Кейбір аман қалған санақ мәліметтерін 1926 ж. санақ материалдарымен салыстырғанда, онда Қазақстан халқы 1937 жылы 1926 ж. мөлшерінің 84,2 %-ы болғандығын, соның ішінде ауыл халқы 69,1 %-ы болып кемігенде, қала халқы 246,9 %-ға өскендігі көрінеді.

	1926 ж. санақ бойынша халық саны									1937 ж. санақ бойынша халық саны									1926 жылмен салыстырғанда 1937 жылғы мөлшері (% есебімен)		
	қала			ауыл			барлығы			қала			ауыл			барлығы			қала	ауыл	барлығы
	ер	әйел	барлығы	Ер	әйел	барлығы	ер	әйел	барлығы	ер	әйел	барлығы	ер	әйел	барлығы	ер	әйел	барлығы			
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18			
Қазақ КСР	257139	260081	517220	2854589	2706761	5561350	3111728	2966842	6078570	646778	630437	1277215	1939066	1903892	3842958	2585844	2534329	5120173	246,9	69,1	84,2

Кесте 2. Қала және ауыл халқының өсім көрсеткіші (1926 ж. мен 1937 ж. халық санақтары) [РМЭА. 1562 қ. 329 т. 142 іс. 12 п.]

Ауыл халқы кеңестік реформалардың нәтижесінде күнкөрісінен айрылып, жаппай ашаршылықтан кеміп жатты. Ал, қалаларға өндірістендіру себебіне орай республикадан тыс жерлерден көші-қоншылардың келуі кеміген адамдардың орнын толтырды, қала халқының күрт өсуін қамтамасыз етті. 1932-1933 жылдары Қазақстанның солтүстігі мен орталығындағы қала халқының өсімі: 1932 жылы Қарағанды қаласында 110 мың адам болса, 1933 жылы 150 мың болып 40 мың адамға (36,3%-ға) өсті. Сондай-ақ, Петропавловск халқы осы жылдары 60 мыңнан 62 мыңға (3,3%-ға) көбейсе, Ақмола қаласы халқы 9 %-ға (36,7 мыңнан 40 мыңға) өсті, ал, Степняк (10 мың), Атбасар (9 мың), Көкшетау (15 мың) қалаларында адам саны өзгермеді. (СҚОМА. 1318 қ. 1 т. 4 іс. 79 п.) Екі жыл ішінде солтүстік аймақтағы қала халқы 11,9%-ға немесе 45 300 адамға өсті. 1933 жылы Көкшетау облысы халқының барлығы 70509 адамының 11312-сі қала халқы, 59197 адам ауыл тұрғыны болды деп берілген. Сондай-ақ этникалық құрамына келсек, осы адамдардың ішінде қазақтар – (34138 адам), европалық халықтар – 25559 адам, ауылшаруашылығында: 59697 адам, соның ішінде колхоздарда 57 мың адам, жұмысшылар: ер адамдар – 17985 адам, әйелдер – 16994 адам, (өндіріс орындарындағы жұмысшылар саны – 1454 адам деген қолмен (от руки) жазылған мәлімет те бар (СҚОМА. 1318 қ. 1 т. 4 іс. 80 п.).

Айта кету керек, архив қойнауларында табылған құжаттарда сандық мәліметтер әркелкі болып кездесті. Облыстар бойынша 1926-1937 жж. арасындағы халық санының айырымын есептегенде, барлығы 1144725 адамға кемігені шықты. Соның ішінде ауыл халқы 1831556 адамға кемігенде, қалалар 686831 адамға толыққан.

Облыстар	Барлығы	Ауыл	Қала
Қазақ КСР	-1144725	-1831556	686831
Ақтөбе	-76283	-108305	32022
Алматы	-148081	-140418	-7663
Шығыс Қазақстан	-198349	-285919	87570
Гурьев	-31841	-82601	45760
Батыс Қазақстан	-101883	-111425	9542
Қарағанды	15339	-103280	118619
Қызылорда	-86903	-117555	30652
Қостанай	-172299	-181772	9473
Павлодар	-158551	-166034	7483
Солт. Қазақстан	300073	201357	98716
Оңт. Қазақстан	-171769	-255078	83409
Алматы қ.	175997	20817	145380

Кесте 3. 1926-1937 жж. Қазақстан халқы өсімінің (сальдосының) облыстар бойынша көрсеткіші [РМЭА. 329 қ. 281 іс. 120, 121, 126, 132 пп.]

3 кестеден көретініміздей, санақтың алғашқы қорытындылары бойынша 1926-1937 жж. екі санақ арасында Қазақстан халқы 1144725 адамға, соның ішінде ауыл халқы 1831,6 мың адамға кемігенде қала халқы, керісінше, 686831 адамға өсті. Өндірістендіру үдерісі кезінде өндірісін дамыту көзделген Қарағанды мен Солтүстік Қазақстан облыстарының қалаларында ғана халық санының өсімінде оң айырым көрсеткен. Басқа облыстардағы теріс айырым терең шыңырауды белгілейді. Ол бойынша, 1926-1937 жж. санақтар арасында Шығыс Қазақстан (285919 адамға), Оңтүстік Қазақстан (255078 адамға), Алматы (140418 адамға) облыстарының ауыл халқы күрт кеміді (1937 ж. ауыл халқы 1926 ж. мөлшерінің 69,1%-ына ғана жетті, ал қала халқы 246,9%-ға өсті) [РМӨСТА. 17 қ. 31 т. 26 іс. 6, 21-пп.].

Қаладағы көші-қондық үдерістердің 1937 ж., 1938 ж. және 1939 жылғы мәліметтерін салыстырсақ, келгендер мен кеткендер саны мен айырымының динамикасында тұрақтап қалушы көші-қоншылардың өсімі басым болды:

1937 ж. ересектері 196245 адам, 16 жасқа дейінгі балалар 47656 адам, барлығы 243901 адам; 1938 ж. 260048 ересек, 16 жасқа дейінгі 45606 балалар, барлығы 305654 адам; 1939 ж. 268355 ересек, 16 жасқа дейінгі 60605 балалар, барлығы 328960 адам келген. Сонда 3 жылдағы есеп бойынша, 878515 адам қалаларға келген.

Енді қалалардан кеткендер санын анықтасақ, 1937 ж. 99451 адам, 1938 ж. 142261 адам, 1939 ж. 143533 адам, барлығы 385245 адам кеткен. Сонда Қазақстан қалаларына келіп, тұрақтап қалғандар саны 493270 адам болып табылады.

Ерекше Алматы қаласына келгендер көп болды: 1926 ж. қалада 49.461 адам есептелсе, халықтың көші-қондық өсімін 1927 жылы 6-7% және 1928 жылы 10% деп санаймыз [ҚОМА. 885 қ. 3 т. 6 іс. 27 п.]. Қалаға 1929-1938 жж. 396601 адам келіп, 180521 адам кеткен, 216080 адам тұрақтап қалған [ҚР ОМА. 698 қ. 14 т. 204 іс. 2-4 пп.]. Алматыға келгендер мен тұрақтап қалғандар 1932 ж. және 1935–1938 жж. анағұрлым көп болды: әр жылда 55-60 аралығында адам келіп, олардың 72-80 %-ы тұрақтаған [ҚР ОМА. 698 қ. 14 т. 204 іс. 2-4 пп.]. 1932 ж. Алматыда 125 000-ға жуық адам мекендесе, 1936 ж. халық саны 190 000 адам болды [РФМА. а-314 қ. 1 т. 7426 іс. 7 п.].

Қазақстанға келгендердің негізгі көпшілігі өндіріс орындары, темір жол құрылыстары жүріп жатқан жерлерге (болашақ қалаларға) ғана емес, аграрлық салаға: совхоздар мен машина трактор станцияларына орналасты. Көшіп-қоншылардың негізгі көпшілігі жұмысшылар, мысалы, 1939 ж. келгендердің 35-ы жұмысшылар болды.

1937 ж. санақ мәліметтері қате деп есептелініп, санақ материалдары жойылып, санақты ұйымдастыру мен өткізуге қатысқан басшылықтағы адамдар қуғындалды. Көп ұзамай 1939 ж. халық санағы қайта жүргізіледі.

Қалалар	Облыстар	Халық саны		
		17 желтоқсан 1926 ж.	17 қаңтар 1939 ж.	1926 ж. қарағанда 1939 ж. өсім %
Семей	Семей	56871	109681	192,9
Петропавловск	Солтүстік Қазақстан	47361	91660	193,5
Алматы	Алматы	45395	230503	507,8
Орал	Батыс Қазақстан	36352	67575	185,9
Қостанай	Қостанай	25416	33540	132,0
Қызылорда	Қызылорда	22624	46750	206,6
Түркістан	Оңтүстік Қазақстан	21787	11882	54,5
Ақтөбе	Ақтөбе	20861	48749	233,7
Жамбыл	Жамбыл	24761	63728	257,4
Шымкент	Оңтүстік Қазақстан	21018	74421	354,1
Павлодар	Павлодар	17942	28535	159,0
Өскемен	Шығыс Қазақстан	13908	20141	144,8
Ақмола	Ақмола	12781	33209	259,8
Гурьев	Гурьев	12003	41858	348,7
Жаркент	Алматы	11148	11322	101,5

Көкшетау	Солтүстік Қазақстан	11060	19260	174,1
Риддер	Шығыс Қазақстан	9469	49974	527,8
Зайсан	Шығыс Қазақстан	8245	8480	102,8
Шалқар	Ақтөбе	6750	12996	192,5
Атбасар	Ақмола	6746	6035	89,4
Казалинск	Қызылорда	5825	10162	174,5
Қарқаралы	Қарағанды	5479	4530	82,6
Темір	Ақтөбе	4126	5708	138,3
Арал	Қызылорда	3547	16393	462,1
Порт-Александровск	Гурьев	2110	10175	482,2
Қарағанды	Қарағанды	-	165818	-
Балқаш	Қарағанды	-	32521	-
Степняк	Ақмола	-	22882	-
Аягөз	Семей	-	21298	-
Жетығара	Қостанай	-	15345	-

Кесте 4. 1926 ж. мен 1939 ж. санақтары арасындағы қала халқының өсімі [РМЭА. 1562 қ. 336 т. 264 іс. 7-10 п.]

Кестеден көретініміз: 1926 ж. санақта Семей (56871 адам), Петропавловск (47361 адам), Алматы (45395 адам) қалалары халқы саны бойынша алғашқы орындарды иеленсе, 1939 ж. санақта Алматы қаласы 1 орынды (5 еседен аса өскен). өндірістендіру үдерісі қарқынды жүрген Қарағанды қаласы 2 орынды (1931 ж. Қарағанды қаласында мың адам болған, яғни 11 есе өскен), ал Семей 3 орынды (екі есеге жуық өскен) иеленген. Айта кету керек, жеделдетілген өндірістендіру, жаңа, негізінен ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың, теміржол желілерінің, сондай-ақ Қазақстанның аграрлық секторындағы совхоздар мен машина-трактор станцияларының пайда болуы мен пайдаланылуы халықтың аумақтық орналасуын, қала мен ауыл халқының арақатынасын өзгертті.

1926 ж. санақта Қазақстанда қала халқы 519074 адам болып, ел халқының 8,5%-ын құраса, 1939 ж. санақта 1710027 адам болып, республика халқының 27,8%-ы болды. 1926-1939 жж. санақтар арасында қала халқының саны да үлесі де 3,3 есе өсті. Оның басты себебі республикаға сырттан көші-қон жалғасты. 1928-1939 жж. механикалық өсім 1,8 млн. адамнан асқанын айтсақ та жеткілікті, оның 1150 мыңы, яғни 69% ғана ірі индустриялық орталықтарға орналасты [Асылбеков, 1995: 37].

Керісінше, ауыл халқының үлесі 19,3 пунктке, саны 1113,8 мың адамға кеміп, барлық халықтың 72,2 %-ы болды [Население Казахстана, 2009: 23].

Қала халқының 47,5%-ы 50 мыңнан аса халқы бар қалаларды мекендеді: 1926 ж. бір ғана Семей қаласы болса, 1939 ж. жетеу болды. Бірақ, қала халқының құрамындағы қазақтар үлесі – 16,1 %-ды құрады. Қазақтардың өнеркәсіпті-индустриалды нысандар орналасқан жерлерді мекендеген бөлігі урбандалу үдерісіне тартылды: мысалы, қазақтардың Қарағанды облысында 33,3 %-ы, Семей облысында 29,7 %-ы, Гурьев облысында 26,5 %-ы, Қызылорда облысында 18,2 %-ы, Алматы облысында 16,9 %-ы, Ақтөбе облысында 14 %, Жамбыл облысында 13,6 %, Оңтүстік Қазақстан облысында 13 %-ы, Павлодар облысында 12,4 %-ы, Солтүстік Қазақстан облысында 11,4 %-ы, Шығыс Қазақстан облысында 10,8%-ы, Қостанай облысында 6,4%-ы, Батыс Қазақстан облысында 4 %-ы [138, с. 153-189; ҚРОМА. 715-қ., 1-т., 41-іс, 180-183-пп.] қалаларда мекендеді. Дегенмен, қазақтардың 83,9%-ы ауылдарды мекендеді. Батыс Қазақстан облысы қазақтарының 96 %-ы ауылдық жерлерді мекендеді.

Халықтың табиғи қозғалысы туралы нақты мәліметтерді ресми құжаттардан табу қиын. Екі миллионнан аса халқынан айрылған Қазақстанда ай сайынғы статистикалық мәліметтерде өлім-жітім көрсеткіші арнайы есепке алынбаған. Өлім-жітім тіркелген құжаттар кездескенімен саны аз мөлшерде, бірліктер мен ондықтар мөлшерінде ғана тіркелген және мәліметтер толық емес. Әсіресе ауыл халқының өлім-жітім, бала туу, некеге тұру, ажырасу т.б. мәліметтерді табу өте қиын. Дұрысын айтқанда, нақты есеп жүрмеді. Ал, осы жылдардағы қала халқының өлім-жітім мәліметтері есепке алынып отырғанымен, оның да анықталар тұстары әлі де көп. Мысалы, 5 кестеде қала халқының мың адамға шаққандағы өлім-жітімі көрсетілген:

	1926	1927	1928	1929	1930	1931	1932	1933	1933*
Орал	24.0	29.8	28.1	23.9	-	-	42.7		55.7
Гурьев	26.8	25.4	24.7	23.3	43.6	30.8	31.8	27.6	
Ақтөбе	25.7	21.8	28.4	24.7	-	-	-	22.1	61.4
Қостанай	23.0	29.1	25.1	26.5		25.8	15.9?	64.6	49.4?
Петропавловск	26.2	24.6	22.6	28.5	-	-	36.9	29.8	29.4
Ақмола	27.0	33.8	25.1	31.4	-	-	73.3		
Павлодар	18.6	18.6	24.7	28.8	-	36.0	38.1		25.4
Семей	30.6	22.2	31.1	30.1	23.0	34.8	53.6		
Алматы	22.4	20.3	17.3	23.8	23.8	28.1	35.1	45.7	
Шымкент			-	-	16.9	16.3	21.5		19.8
Түркістан			-	-	-				17.3
Қызылорда			-	-	37.9	-	29.5	25.4	25.8

5 кесте. Қала халқының 1926-1933 жж. өлім-жітімі (мың адамға шаққанда) [РМЭА. 1562 қ. 336 т. 1278 іс; РМЭА. 1562 қ. 336-т. 145 іс.; РМЭА. 1562-қ. 329-т., 1010-іс]

5 кестеде 1926-1929 жж. мәлімет анағұрлым толығырақ (Шымкент, Түркістан және Қызылорда қалаларынан басқаларында). Ал, 1930 жылдан бастап кейбір жылдарда мәліметтер жоқ! Есеп жүргізілмеген. Статистика нақты болмай тұжырым айту қиын. Алайда адам өлімі мың адамға шаққанда 64,6%-ге (1933 ж. Қостанай қаласында), 73,3%-ге (1932 ж. Ақмола қаласында) дейін өскен. Орал қаласы бойынша, бар болғаны екі жылдың ғана мәліметтері көрсетілгенімен, екі жылда өлім-жітімнің күрт өскені көрінеді. Семей қаласында өлім-жітім өскен. Алайда мәліметтер толық емес, деректерді іздестіруіміз қажет. Шындығына келгенде халық өлімінің нақты есебі жүргізілмеді. Жастық-жыныстық қағортаға келсек, сол жылдардан кейінгі мәліметтер пирамидасында бұл жылдар орны үңірейіп көрінеді.

1939 ж. санақ Қарағанды және Қостанай облыстарында қала (32,0 промилль) мен село (65,9 промилль) халқының туу көрсеткіштеріндегі айырмашылықты тіркеді [ҚР ОМА. 698-қ., 14-т., 233-іс, 10-п.].

Қазақстан халқының жастық және жыныстық құрамындағы өзгерістер.

1926 ж. санақта халықты жынысына, жасына, ұлтына және сауаттылығына сәйкес есепке алды. Қазақстан халқының жыныстық құрамындағы өзгерістер динамикасына көз жүгіртсек. 1926 ж. Қазақ АКСР-індегі ерлердің үлесі – 50,9 %, әйелдер – 49,1 %, ауыл халқы бойынша ерлер – 51,3 %, әйелдер – 48,7%, қала халқындағы 49,1% - ерлер, 50,1 % - әйелдер болыпты. Ал, 1939 ж. Қазақ КСР-да ерлер үлесі – 52 %, әйелдер – 48 %, соның ішінде қала халқының 51,9 % - ерлер, 48,1 % - әйелдер, ауыл халқының 52% - ерлер, 48 % - әйелдер болды. Салыстыру үшін 1939 ж. КСРО бойынша ерлер 47,9 %, әйелдер 52,1 % қала халқының құрамындағы 47,9 және 52,1 %, ауыл халқында 48,0 және 52,0 % болып, әйелдер үлесі басым болды.

1926 ж. 0-4 жастағылар 1923-1926 жж. аралығында туылғандар бүкіл халықтың басқа жастағы топтардың адам санының мөлшерінен анағұрлым көп. Бұлар 1921-1922 жұт пен аштықтан кейінгі 1923-1926 жж. компенсаторлық кезеңде туылғандар. 1921-22 жж. жас балалар мен кәрі жастағылар көп өлгені айтылады. 1926 ж. санақта бұлар 1917-1922 жж. аралығында туылған 5-9 жас аралығындағылар мен 1912-1916 жж. аралығында туылған 10-14 жастағылар.

Этностар. 1920-1930 жж. қарқынды демографиялық қозғалыстар Қазақстан халқының құрамын түбірімен өзгертті. 1939 ж. республикада 6093,5 мың адам тұрды, яғни 1926 ж. салыстырғанда 105 мың адамға немесе, 1,7 %-ға кеміді. Қазақтардың саны 1,3 млн. адамға, яғни 63,8 %-ға азайды. Украиндар 203 мыңға, өзбектер 26 мыңға, ұйғырлар 28 мыңға кеміген. Бірақ есесіне басқа этностардың, әсіресе орыстардың саны 1174 мыңға, яғни 92 %-ке, татарлар 27 мыңға немесе 34 %-ға, белорустар 6 мыңға 22 %-ға көбейген. Осылайша 1939 ж. Қазақстанда этностардың мүлде жаңа арақатынасы қалыптасты: қазақтардың үлесі 19,6 %-ға кеміп, 38 %-ды құрады, өз республикасында ұлттық азшылыққа ұшырады. Орыстардың үлесі 20,9 %-дан 40,2 %-ға жетіп, украиндықтар (10,8 %) мен белорустарды (0,5 %) қосқанда, Қазақстан халқының жартысынан астамын құрады [Всесоюзная перепись, 1992: 75-78; Асылбеков, 1991: 121-122].

1926 ж. санақ бойынша КСРО бойынша қазақтар ауылдарда 3881694 адам, қалаларда 86595 адам болып есептелді [РМЭА. 1562-қ. 329-т., 151-іс., 2-3 пп.]. Қазақстанда барлығы 6103979

адам (қалаларда 549074 (258989 ер, 260085 әйел), ауылдарда 5554905 (2851252 ер, 2703653 әйел) адам), оның ішінде қазақтар ауылда 3501501, қалада 73797, барлығы 3575298 (1882482 – ер, 1692816 – әйел) адам есептелді [РМЭА. 1562-қ. 329-т., 151-іс., 2-3, 8, 124 п.].

Қала халқының құрамында кеңестік биліктің өн бойында қазақтардың үлесі төмен болды. Мысалы, Алматы қаласындағы қазақтар: 1926 ж. 6,6 % болса, 1939 ж. 11,1%-ға болды. Бұдан кейінгі жылдары: 1959 ж. – 8,6% дейін төмендеді, 1970 ж. – 13,6%, 1979 ж. – 17,7%, 1989 ж. – 23,8%-ға жетті. Алматыда қазақтар саны 1959-1989 жж. 39410 адамнан 255133 адамға жетіп, 6,5 есе өскен еді, яғни осы жылдары қала халқы 2,3 есе өскен.

1939 ж. орыстардың үлесі Алматы қаласы халқының құрамында 72,2%, 1959 ж. 73,0% еді. 1970 ж. – 68,3%, 1979 ж. – 64,0%, 1989 ж. – 57,4%, яғни тек 1959 ж. бастап орыстардың үлесі төмендей бастағанымен, олар қала халқының көпшілігі болып қала берді. Аз ұйғырлардың өзінің үлесі де өсуде болды: 1939 ж. – 1,8%, 1959 ж. – 1,7%, 1970 ж. – 3,1%, 1979 ж. – 3,5%, 1989 ж. – 4,0%.

Қалай дегенмен де қалалардағы қазақтар саны мен үлесінде өсім байқалды. 1939 ж. қазақтардың облыс орталықтарындағы үлесі 8,3 % пен 19,7 % аралығында тербелді, ең төменгі қалалық қазақтар үлесі Қостанай (8,3 %), Петропавл (9,2 %) Алматы (11,1 %), Орал (12,2 %), Қарағанды (12,8 %), Шымкент (19,1 %) қалаларында болса, қазақтар көп тұратын 2 облыс орталықтарында: Атырау (46,6 %) мен Қызылордада (92,8 %) қала қазақтарының үлесі жоғарғы болды. Салыстырар болсақ, 1939 жылы қазақтардың 16,1 % ғана қалаларда тұрып, қала халқының 21,8 % құрады [ҚРОМА. 698-қ., 21-т., 225-іс, 382-392, 498-пп.; ҚРОМА. 698-қ., 14-т., 405-іс, 20-п.].

Республиканың қала халқының үлесі 1941 ж. басында 31%-ға жетті.

Әлеуметтік құрылымға өзгерістер енді: қалаларда жаңа, социалистік негізге бейімделген таптар қалыптасты.

Жұмысшылар мен қызметшілер саны 1926-1937 жж. 169,8 мыңнан 716 мың адамға дейін, яғни 4,2 есе өсті [Саматов, Лучков, 1937: 123]. Салыстырсақ, осы кезеңде КСРО бойынша жұмысшылар мен қызметшілер саны 2,8 есеге өсті [Социалистическое строительство, 1940].

1937 жылы өнеркәсіп жұмысшыларының ең ірі топтары Гурьев, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында шоғырланды; Оңтүстік Қазақстан және Семей облыстарында және Алматы қаласында жұмысшылар саны артты. 14 облыстың осы бесеуінде және Алматы қаласында Қазақстанның барлық өнеркәсіп жұмысшыларының үштен екісі шоғырланды.

1939 жылғы санақтан 1920 жж. соңы мен 1930 жж. елдегі саяси-экономикалық реформалардың социалистік әлеуметтік құрылымды қалыптастыру жолындағы нәтижесі анық көрінді. Жұмысшылар саны өсті: 1926 ж. 1 қаңтарда республикада 24 496 адам, 1927 ж. 1 қаңтарда 29 885 адам, ал 1928 жылы 1 қаңтарда 43 128 адам болды [История рабочего класса, 1987: 276-278].

1939 ж. санақ бойынша ел халқының құрамында жұмысшылар - 33,8%, қызметшілер - 17,4%, колхозшылар - 47,5%.

Қорытынды. Сонымен, 1920-1930 жж. аралығында Қазақстанда жүргізілген саяси-экономикалық реформалар қала халқының жаңа түрге ауысуына әкелді. Сонымен бірге, қалалардың архитектурасы, әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен функционалдық бағытын өзгерді.

1929-1932 жылдары *тұрғын үйдің жаңа түрі* - көп пәтерлі секциялық тұрғын үй қалыптасты. 1920 жылдардың аяғынан бастап көптеген жұмысшы поселкаларында, кейде тіпті ауылшаруашылық ауылдарында негізінен 4-5 қабатты стандартты тұрғын үйлер салына бастады. Осы кезеңде салынған тұрғын үйлердің келбеті көп жағдайда сол кезде қалыптасқан сәулет өнерінің жаңа бағытына сәйкес келді: үйлер кірпіштен емес, панельді плиталардан және жұмыс клубтары, мектептер, ауруханалар, кітапханалар, әкімшілік ғимараттар, қарапайым архитектуралық формасымен, еркін канондық емес құрамымен, өткен сәулеттік реминисценциялардан түбегейлі бас тартуымен ерекшеленді [Алексеева, 1995: 38-46].

1920-1930 жылдар Қазақстан үшін түбегейлі өзгерістер кезеңі болды. Қалалар полиэтносты халықтың мекендейтін орталықтарына айналды, бірақ бұл үдеріс елдегі ұжымдастыру, ашаршылық пен қуғын-сүргін қасіретімен бірге жүрді. Бұл үдерістер алдағы онжылдықтардағы республиканың этнодемографиялық құрылымын айқындап, Қазақстанның қазіргі полиэтникалық қоғамының негізін қалады. Бұл жылдары қала мен ауыл халқының арақатынасы, аумақтық орналасуы өзгерді, қалалар мен ауылдық мекендер бөлінісінің негізі нақтыланды.

ҚОМА – Қызылорда облысы мемлекеттік архиві
 ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві
 ҚРІМ – Қазақстан Республикасы Президентінің архиві
 МОМА – Маңғыстау облысы мемлекеттік архиві
 РМЭА – Ресей мемлекеттік экономика архиві
 РФМА – Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві
 СҚОМА – Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архиві
 ШҚОҚЗТҚО – Шығыс-Қазақстан облысының Қазіргі заман тарихы құжаттамасының орталығы
 ШҚОМА – Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві

Sources

KOMA – Kyzylorda oblysy memlekettik arhivi [State Archive of the Kyzylorda region]
 KR OMA – Kazakhstan Respublikasy ortalyk memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
 KRPM – Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]
 MOMA – Mangystau oblysy memlekettik arhivi [The State Archive of the Mangystau region]
 RFMA – Resej Federaciya memlekettik arhivi [State Archives of the Russian Federation]
 RGASPI – Rosiski Gosudarstvennyi arhiv sotsialno-politicheskoi istorii [Russian State Archives of Social and Political History]
 RMEA – Resej memlekettik ekonomika arhivi [Russian State Archive of Economics]
 SHKOMA – Shygyz Kazakhstan oblysy memlekettik arhivi [State Archive of the East Kazakhstan region]
 SKO MA – Soltystik Kazakhstan oblysy memlekettik arhivi [North Kazakhstan Regional State Archives]
 SKOKZTKO – Spygyz-Kazakstan oblysynyn Kazirgi zaman tarihy kuzhattamasynyn ortalygy [Documentation Center for the Modern History of the East Kazakhstan region]

Әдебиеттер

Айдарбаева, 2024 – *Айдарбаева Р.К.* Казахстанские беженцы в 1920-1930 годы / Р.К. Айдарбаева, Ж.А. Садвакасова. Усть-Каменогорск: ВКТУ, 2024. 280 с.
 Алексеева, 1995 – *Алексеева Т.И.* Город как саморазвивающаяся система: контуры новой парадигмы // Город как социокультурное явление исторического процесса. М.: Наука, 1995. 351 с.
 Алексеенко, 1999 – *Алексеев Н.В., Алексеенко А.Н.* Население Казахстана за 100 лет. (1897-1997 гг.). Усть-Каменогорск, 1999. 157 с.
 Алексеенко, 2000 – *Алексеев А.Н.* Население Казахстана в 1926–1939 гг. // «Компьютер и историческая демография». Барнаул. 2000, с. 9–27.
 Алексеенко, 2009 – *Алексеев Н. В., Алексеенко В. Н.* Славянское население Казахстана XVIII–XX вв.: Историко-демографическое исследование. Усть-Каменогорск : Медиа-Альянс, 2009. 131 с.
 Асылбеков, 1995 – *Асылбеков М.Х.* Миграционные процессы и их влияние на современную демографическую ситуацию в Казахстане // *Вестник НАН РК.* 1995. № 6.
 Асылбеков, Галиев, 1991 – *Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.* Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980 гг.). Алма-Ата: Гылым, 1991. 192 с.
 Асылбеков, Козина, 2000 – *Асылбеков М.Х., Козина В.В.* Казахи (демографические тенденции в 80–90-х годов). Алматы: Өркениет, 2000. - 102 с.
 Асылбекова, 2007 – *Асылбекова Ж.М.-А.* Национальные индустриальные кадры Казахстана в конце XIX – начале XXI вв. (социально-демографический аспект): автореф. ... докт. ист. наук. Алматы, 2007. 49 с.
 Всесоюзная перепись, 1928 – *Всесоюзная перепись* населения 1926 г. Т. VIII: Казахская АССР. Киргизская АССР = Republique S.S. Aut. des Kasakes. Republique S.S. Aut. de Kirghisie: Народность. Родной язык. Возраст. Грамотность. 1928. V, 256 с. 6 л. карт.
 Всесоюзная перепись, 1992 – *Всесоюзная перепись* населения 1939 года: Основные итоги / под ред. Ю.А. Полякова. М.: Наука, 1992. 256 с.
 Гладышева, 1973 – *Гладышева Е. Н.* О взаимовлиянии миграции и национального состава населения (на материалах Казахстана) // *Статистика миграции населения.* Москва: Статистика, 1973. 359 с.
 Зарубин, 1925 – *Зарубин И. И.* Список народностей Туркестанского края. Ленинград: Рос. акад. наук, 1925. 24 с.
 История Казахстана, 2010 – *История Казахстана* (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 4. Алматы : Атамұра, 2010. 768 с.: табл., ил., карты.
 История рабочего класса, 1987 – *История рабочего класса* Советского Казахстана. Т. 1: Рабочий класс в период перехода к социализму (1917–1937 гг.). Алма-Ата: Наука, 1987. 398 с.
 Касымбаев, 1988 – *Касымбаев Ж.К.* Итоги городского населения Казахстана по переписи 1897 г. // *Известия АН КазССР.* Серия общественных наук. 1988. № 4. С. 40–48.
 Касымбаев, 1992 – *Касымбаев Ж.К.* Как формировалось население Казахстана? // *Ақиқат.* 1992. № 8.

Козыбаев, 2000 – *Козыбаев М.К.* Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В 2 кн. Кн. 2. Алматы: Ғылым, 2000. 388 с.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті, 1992 – *Қазақстан Орталық Атқару Комитеті* мен ҚАҚСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруалықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының қорытындысы // *Егеменді Қазақстан*. 1992. 22 желтоқсан. № 292 (20367).

Мамытова, 2022 – *Мамытова С.Н.* Из истории трагедии голода и вынужденной «укочевки» казахов в Алтай и Сибирь в 30-е годы XX века (на материалах Павлодарского Прииртышья) // *Вестник КазНПУ им. Абая*. Серия «Исторические и социально-демократические науки. 2022. Т. 3 № 74. URL: (<https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1156>).

Материалы Всероссийских переписей 1920 года, 1923 – *Материалы Всероссийских переписей 1920 года*. Перепись населения в Туркестанской Республике. Ч. 1. Поселенные итоги. Вып. 3: Поселенные итоги Сыр-Дарьинской области. Ташкент: ЦСУ Туркеспублики, 1923. Таблица 142. 69 с.

Население Казахстана, 2009 – *Население Казахстана* по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5 т. Алматы: Арыс, 2009. Т. 1. 400 с.

Саматов, Лучков, 1937 – *Саматов М.С., Лучков А.Т.* Кадры народного хозяйства Казахстана // *Народное хозяйство Казахстана*. 1937. № 1–2.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, Т. 16, 2022 – *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын* толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 16. Маңғыстау өңіріндегі саяси қуғын-сүргінге қатысты архив құжаттарының жинағы. Құрастырушылар: Н. Хайруллаев, Ж. Нұрмаханова, С. Алғалиев, А. Нұрғазиев / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. Астана, 2022. 408 б. С. 253–268]

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын, Т. 28, 2022 – *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын* толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 28. Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық (архив құжаттарының жинағы). Құрастырушылар: Б.С. Боранбаева, Ж.Н. Сафуллин, С.С. Алғалиев, А.С. Байбулсинова, А.Ш. Курымбаев, Д.Е. Есеналина, А.Қ. Қосанова / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. Астана, 2022. 352 б.

Сборник статистических сведений, 1925 – *Сборник статистических сведений* о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 г. Оренбург: 5-я Гос. тип. Оренполигр, 1925. 97 с.

Сдыков, 2004 – *Сдыков М.Н.* История населения Западного Казахстана. Алматы: Западно-Казахстанский центр истории и археологии, 2004. 408 с.

Смағұлова, 2019 – *Смағұлова С.* Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. Алматы: Елтаным, 2019. 272 б.

Социалистическое строительство, 1940 – *Социалистическое строительство* Казахской ССР за 20 лет. Алматы: Тип. Казполиграфтреста, 1940 г. 282 с.

Татимов, Саркенова, 2002 – *Татимов М.Б., Саркенова К.А.* Демография Казахстана по материалам переписей населения 20–30-х годов XX века. Зұлмат пен зардап. Ақтөбе: Центр изучения соц.-экон. проблем народонаселения Центральной Азии при ЦАУ, 2002. 266 б.

Төлекова, 2002 – *Төлекова М.К.* Жетісу халқы (1897–1999 жылдар). Алматы, 2002. 164 б.

XX ғасырдың 30-жж., 2022 – *XX ғасырдың 30-жж.* басындағы жаппай ашаршылық XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ босқындары: орналасуы мен бейімделуі = Казахские откочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XX века: пребывание и адаптация: Архив құжат. мен мат.-р жинағы = Сб. архивных док. и мат. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, З.К. Курманов, М.М. Козыбаева, Р.Ж. Байдалы, А.А. Бекенова. Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022. 595 б.

References

Ajdarbaeva, 2024 – *Ajdarbaeva R.K.* Kazakstanskіe bezhency v 1920–1930 gody` [Kazakh refugees in the 1920s and 1930s] / R.K. Ajdarbaeva, Zh.A. Sadvakasova. Ust'-Kamenogorsk: VKTU, 2024. 280 p. [in Russ.]

Alekseenko, 1999 – *Alekseenko N.V., Alekseenko A.N.* Naselenіe Kazaxstana za 100 let. (1897–1997 gg.) [The population of Kazakhstan for 100 years. (1897–1997)]. Ust'-Kamenogorsk, 1999. 157 p. [in Russ.]

Alekseenko, 2000 – *Alekseenko A.N.* Naselenіe Kazaxstana v 1926–1939 gg. [The population of Kazakhstan in 1926–1939]. «Komp'yuter i istoricheskaya demografiya». Barnaul. 2000. Pp. 9–27. [in Russ.]

Alekseenko, 2009 – *Alekseenko N. V., Alekseenko V. N.* Slavyanskoe naselenіe Kazaxstana XVIII–XX vv.: Istoriko-demograficheskoe issledovanie [Slavic population of Kazakhstan of the XVIII–XX centuries: Historical and demographic research.]. Ust'-Kamenogorsk: Media-Al'yans, 2009. 131 p. [in Russ.]

Alekseeva, 1995 – *Alekseeva T.I.* Gorod kak samorazvivayushhayasya sistema: kontury` novoj paradigmy` [The city as a self-developing system: the contours of a new paradigm] // Gorod kak sociokul'turnoe yavlenie istoricheskogo processa. M.: Nauka, 1995. 351 p. [in Russ.]

Asy'lbekov, 1995 – *Asy'lbekov M.X.* Migracionny'e processy` i ix vliyanie na sovremennuyu demograficheskuyu situatsiyu v Kazaxstane [Migration processes and their impact on the current demographic situation in Kazakhstan]. *Vestnik NAN RK*. 1995. № 6. [in Russ.]

Asy'lbekov, Galiev, 1991 – *Asy'lbekov M.X., Galiev A.B.* Social'no-demograficheskie processy` v Kazaxstane (1917–1980 gg.) [Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Alma-Ata: Gy'ly'm, 1991. 192 p. [in Russ.]

Asylbekov, Kozina, 2000 – *Asylbekov M.H., Kozina V.V.* Kazahi (demograficheskie tendencii v 80–90-h godov). Almaty: Orkeniet, 2000. 102 p.

Asylbekova, 2007 – *Asylbekova Zh.M.-A.* Nacional'nye industrial'nye kadry Kazakhstana v konce HIIH – nachale HIIH vv. (social'no-demograficheskij aspekt): avtoref. ... dokt. ist. nauk. Almaty, 2007. 49 p.

Glady'sheva, 1973 – *Glady'sheva E. N.* O vzaimovliyaniy migratsii i nacional'nogo sostava naseleniya (na materialax Kazakhstana) [On the mutual influence of migration and the national composition of the population (based on the materials of Kazakhstan)]. Statistika migratsii naseleniya. Moskva : Statistika, 1973. 359 p. [in Russ.]

Istoriya Kazakhstana, 2010 – *Istoriya Kazakhstana* (s drevnejshix vremen do nashix dnei). V pyati tomax. [The history of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. T. 4. Almaty : Atamura, 2010. 768 p.: tabl., il., karty. [in Russ.]

Istoriya rabocheho klassa, 1987 – *Istoriya rabocheho klassa* Sovetskogo Kazakhstana. T.1: Rabochij klass v period perexoda k socializmu (1917–1937 gg.) [The History of the Working class of Soviet Kazakhstan. Vol. 1: The working class during the transition to Socialism (1917–1937)] Alma-Ata: Nauka, 1987. 398 p. [in Russ.]

Kasy'mbaev, 1988 – *Kasy'mbaev Zh.K.* Itogi gorodskogo naseleniya Kazakhstana po perepisi 1897 g. [The results of the urban population of Kazakhstan according to the 1897 census] // *Izvestiya AN KazSSR*. Seriya obshchestvenny'x nauk. 1988. № 4. Pp. 40–48. [in Russ.]

Kasy'mbaev, 1992 – *Kasy'mbaev Zh.K.* Kak formirovalos' naselenie Kazakhstana? [How was the population of Kazakhstan formed?]. *Aqiqat*. 1992. № 8. [in Russ.]

Kazakstan Ortalyk Atkaru Komiteti, 1992 – *Kazakstan Ortalyk Atkaru Komiteti* men KAKSR Halyk Komissarlary Kenesinin 1928 zhylygy 27 tamyzdagi «Baj sharualyktary'n tarkileu turaly», 1928 zhylygy 13 kyrkujektegi «Asa iri zhane zharty'laj feodal bajlardy' tarkileu men zher audaruga karsy' areket zhasagany' ushin ky'lmysty'k zhauapty'ly'k turaly», 1930 zhylygy 19 akpandagy' «Zhappaj uzhy'mdasty'ru audandary'nda auy'l sharuashy'ly'gy'n socialistik zholmen kajta kurudy' ny'gajtu zhenindegi zhane kulaktar men bajlarga karsy' kures zhenindegi sharalar turaly» kaulylary'n zertteu zhenindegi Kazakstan Respublikasy' Zhogargy' Kenesinin Teralkasy' komissiyasy'ny'n kory'ty'ndy'sy'. *Egemendi Kazakstan*. 1992. 22 zheltoksan. № 292 (20367). [in Kaz., in Russ.]

Kozybaev, 2000 – *Kozybaev M.K.* Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniya i poiski [Kazakhstan at the turn of the century: reflections and searches.]. V 2 kn. Kn. 2. Almaty: Fylym, 2000. 388 p.

Mamy'tova, 2022 – *Mamy'tova S.N.* Iz istorii tragedii goloda i vy'nuzhdennoj «ukochevki» kazaxov v Altaj i Sibir' v 30-e gody' XX veka (na materialax Pavlodarskogo Priirty'sh'ya) [From the history of the tragedy of famine and the forced "migration" of Kazakhs to Altai and Siberia in the 1930s (based on materials from the Pavlodar Irtysh region)]. *Vestnik KazNPU im. Abaya*. Seriya «Istoricheskie i social'no-demokraticheskie nauki. 2022. T. 3. № 74. URL: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1156>). [in Kaz., in Russ.]

Materialy` Vserossijskix perepisej 1920 goda, 1923 – *Materialy` Vserossijskix perepisej 1920 goda*. Perepis' naseleniya v Turkestanskoj Respublike [Materials of the All-Russian censuses of 1920. Population census in the Turkestan Republic]. Ch. 1. Poselenny'e itogi. Vy'p. 3: Poselenny'e itogi Sy'r-Dar'inskoy oblasti. Tashkent: CzSU Turkrespubliki, 1923. Tablicza 142. 69 p. [in Russ.]

Naselenie Kazakhstana, 2009 – *Naselenie Kazakhstana* po Vsesoyuznoj perepisi naseleniya 1939 goda. [The population of Kazakhstan according to the All-Union Population Census of 1939.] V 5 t. Almaty: Ary's, 2009. T. 1. 400 p. [in Russ.]

Samatov, Luchkov, 1937 – *Samatov M.S., Luchkov A.T.* Kadry` narodnogo xozyajstva Kazakhstana [Personnel of the national economy of Kazakhstan]. *Narodnoe xozyajstvo Kazakhstana*. 1937. № 1–2. [in Russ.]

Sayasi kugy'n-surgin kurbandary'n, T. 16, 2022 – *Sayasi kugy'n-surgin kurbandary'n toly'k aktau zhenindegi Memlekettik komissiyany'n materialdary` (XX gasy'rdy'n 20–50 zhy'ldary`) = Materialy` Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitatsii zhertv politicheskix repressij(20–50 gody' XX veka).* [Materialy` Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitatsii zhertv politicheskix repressij(20–50 gody' XX veka)] T. 16. Mangy'stau enirindegi sayasi kugy'n-surginge katy'sty' arhiv kuzhattary'ny'n zhinagy [Collection of archival documents related to political repression in the Mangystau region]. Kurasty'rushy'lar: N. Xajrullaev, Zh. Nurmaxanova, S. Algaliev, A. Nurgaziev. Zhalpy` redakciyasy'n baskargan E.T. Karin. Astana, 2022. 408 p. Pp. 253–268]. [in Kaz., in Russ.]

Sayasi kugy'n-surgin kurbandary'n, T. 28, 2022 – *Sayasi kugy'n-surgin kurbandary'n toly'k aktau zhenindegi Memleketlik komissiyany'n materialdary' (XX gasy'rdy'n 20-50 zhy'ldary') = Materialy' Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitacii zhertv politicheskix repressij (20-50 gody' XX veka)*. [Materialy' Gosudarstvennoj komissii po polnoj reabilitacii zhertv politicheskix repressij (20–50 gody' XX veka).] T. 28. Oral, Bokej guberniyalary'ndagy' asharyshy'ly'k (arxiv kuzhattary'ny'n zhinagy') [Famine in the Ural and Bokey provinces (collection of archival documents)]. Kurasty'rushy'lar: B.S. Boranbaeva, Zh.N. Safullin, S.S. Algaliev, A.S. Bajbulsinova, A.Sh. Kury'mbaev, D.E. Esenalina, A.K. Kosanova / Zhalpy' redakciyasyn' baskargan E.T. Karin. Astana, 2022. 352 p. [in Kaz., in Russ.]

Sbornik statisticheskix svedenij, 1925 – *Sbornik statisticheskix svedenij o dvizhenii naseleniya, skota i urozhaev s 1880 po 1922 g.* [Collection of statistical data on the movement of population, livestock and crops from 1880 to 1922]. Orenburg : 5-ya Gos. tip. Orenpoligr, 1925. 97 p. [in Russ.]

Sdykov, 2004 – *Sdykov M.N.* Istoriya naseleniya Zapadnogo Kazahstana. Almaty: Zapadno-Kazahstanskij centr istorii i arheologii, 2004. 408 p.

Smagulova, 2019 – *Smagulova S.* Asharyshy'ly'k kasireti [The tragedy of famine]. 1-kitap. Almaty: Eltany'm, 2019. 272 p. [in Kaz.]

Socialisticheskoe stroitel'stvo, 1940 – *Socialisticheskoe stroitel'stvo Kazaxskoj SSR za 20 let* [Socialist construction of the Kazakh SSR in 20 years.]. Almaty: Tip. Kazpoligrafrest, 1940 g. 282 p. [in Russ.]

Tatimov, Sarkenova, 2002 – *Tatimov M.B., Sarkenova K.A.* Demografija Kazahstana po materialam perepisej naseleniya 20–30-h godov HH veka. Zylmat pen zardap. Akto'be: Centr izuchenija soc.-jekon. problem narodonaselenija Central'noj Azii pri CAU, 2002. 266 p.

Tolekova, 2002 – *Tolekova M.K.* Zhetisu halky (1897–1999 zhyldar). Almaty, 2002. 164 p.

Vsesoyuznaya perepis, 1992 – *Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1939 goda: Osnovny'e itogi* [All-Union population census of 1939: Main results]. Pod red. Yu.A. Polyakova. M.: Nauka, 1992. 256 p. [in Russ.]

Vsesoyuznaya perepis', 1928 – *Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1926 g.* T. VIII: Kazakskaya ASSR. Kirgizskaya ASSR = Republique S.S. Aut. des Kasakes. Republique S.S. Aut. de Kirghisie : Narodnost'. Rodnoj yazy'k. Vozrast. Gramotnost'. 1928. V. 256 p., 6 l. kart. : tabl. [in Russ.]

XX gasy'rdy'n 30-zhzh., 2022 – *XX gasy'rdy'n 30-zhzh. basy'ndagy' zhappaj asharyshy'ly'k XX gasy'rdy'n 30-zhzh. basy'ndagy' zhappaj asharyshy'ly'k kezenindegi Orta Aziya respublikalary' men Resejdegi kazak bosky'ndary': ornalasuy' men bejimdely' = Kazaxskie otkochevniki v respublikax Srednej Azii i Rossii v period massovogo goloda nachala 30-x gg. XX veka: preby'vanie i adaptaciya* [Kazakh nomads in the Republics of Central Asia and Russia during the period of mass famine in the early 1930s: stay and adaptation]: Arxiv kuzhat. men mat.-r zhinagy' = Sb. arxivny'x dok. i mat. / Kurast. A.I. Kudajbergenova, Z.K. Kurmanov, M.M. Kozy'baeva, R.Zh. Bajdaly', A.A. Bekenova. Almaty: «Madiyar» ZhK, 2022. 595 p. [in Kaz., in Russ.]

Zarubin, 1925 – *Zarubin I. I.* Spisok narodnostej Turkestanskogo kraja [List of ethnic groups of the Turkestan region]. Leningrad: Ros. akad. nauk, 1925. 24 p. [in Russ.]



Published in the Kazakhstan
Otan tarikh
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 844-880
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/ МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_844-880

РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН АГРАРЛЫҚ ОТАРЛАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СУБЪЕКТИЛЕРІ. КРЕСТЬЯНДАРДЫҢ ЖЕТЕКШІ СУБЪЕКТИГЕ АЙНАЛУЫ (XVIII – 1917)

Нұрсан Әлімбаев¹, Болат Құдайбергенұлы Смағұлов²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көш., 28, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы), профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6122-8741>. E-mail: burgan555@gmail.com

²Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты (Құрманғазы көш., 29, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы), тарих ғылымдарының кандидаты, PhD (Тарих), қауымд. профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7323-0515>. E-mail: bolat.smagulov.76@list.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2025

© Әлімбаев Н., Смағұлов Б.Қ., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қарастырылып отырған кезеңде империяның әкімшілік-территориялық жүйесіндегі Акмола және Семей облыстары территорияларын крестьяндық отарлау тарихы мақаланың зерттеу объектісі болып табылады. Себебі аталмыш облыстар орналасқан өңірлер бүкіл қазақ жерін түпкілікті жаулап алудың плацдармы болған еді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Еңбекте аталмыш өңірлерді крестьяндық отарлау үрдісі XVIII ғасыр мен 1917 жылдың қазан төңкерісіне дейінгі уақыт аралығында зерттелінеді. Осы ретте назар аударалық ілкімді жайт – аталмыш крестьяндық жаулау барысы міндетті түрде өлкені казак-орыстық отарлау үрдісімен өзара себеп-салдарлық байланыста қарастырылды. Өйткені бір-бірін қолдау әрі демеуге негізделген казак-орыстар мен крестьяндардың дәл осындай ұйымдық-институционалдық бірлігі, сайып келгенде, империялық билікке крестьяндық отарлауды неғұрлым қарқынды да, ауқымды және нәтижелі жүргізуге мүмкіндік берді. *Материалдар мен әдістер.* Мақаланың архитектурасы мен тақырыпты зерделеу архивтегі, қарастырылып отырған кезеңдегі әртүрлі басылымдардағы, соның ішінде статистикалық және т.б. мәліметтерге негізделді. Зерттеу барысы контекстілік, аксиология, акцентуализациялау, себеп-салдарлық, өзара толықтыру, жүйелілік, тарихи-нақтылық, проблемалық-тақырыптық сынды әдіс-тәсілдерге сүйенді. *Нәтижелері.* Аталмыш деректер корпусындағы тиісті мәліметтерде талдау тек XIX ғ. 70-жылдарынан бастап қана крестьяндардың аграрлық отарлаудың жетекші субъектісіне айналғандығын көрсетті. *Қорытынды.* Дейтұрғанымен әртүрлі себептерге, ең алдымен объективтік факторларға байланысты крестьяндық отарлау XIX ғ. 80-жылдарының аяқ шеніне таман ұйымдасқан әрі біршама жүйелі сипатқа ие болды. Алайда Қазақ өлкесін түпкілікті крестьяндық отарлау империялық үкімет басшы П.А. Столыпиннің әйгілі аграрлық реформасын жүзеге асырудың аясында әрі осы үрдістің құрамдас бағыттарының бірі ретінде ғана мүмкін болды.

Түйін сөздер: Қазақ өлкесі, Далалық өлке, крестьяндық отарлау, әкімшілік отарлау, шаруашылық-рулық территориялар, казак-орыстық отарлау, экспедиция, «артық жерлер»

Алғыс. Мақала ҚР ҒЖБМ ҒК АР23489366 «XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жыл аралығында Қазақстанды крестьяндық отарлау мәселесіне байланысты империялық дискурс» гранттық жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Әлімбай Н., Смағұлов Б.Қ. Ресейдің Қазақ өлкесін аграрлық отарлауының негізгі субъектілері. Крестьяндардың жетекші субъектіге айналуы (XVIII – 1917) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 844-880-бб. [на казахском яз.].
DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_844-880

ОСНОВНЫЕ СУБЪЕКТЫ РОССИЙСКОЙ АГРАРНОЙ КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКОГО КРАЯ. СТАНОВЛЕНИЕ КРЕСТЬЯН В ВЕДУЩИЙ СУБЪЕКТ (XVIII – 1917 г.)

Нурсан Алимбай¹, Болат Кудайбергенович Смағұлов²

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (ул. Шевченко, 28, 050010 Алматы, Республика Казахстан), профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6122-8741>. E-mail: burgan555@gmail.com

²Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (ул. Курмангазы, 29, 050010 Алматы, Республика Казахстан), кандидат исторических наук, PhD (История), асс. профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7323-0515>. E-mail: bolat.smagulov.76@list.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Алимбай Н., Смағұлов Б.К., 2025

Аннотация. *Введение.* Объектом изучения в статье является процесс заселения русскими крестьянами, в данном случае территории Акмолинской и Семипалатинской областей, по понятным причинам ставших ключевыми плацдармами завоевания всего Казахстана «вглубь и вширь». *Цель и задачи исследования.* В статье исследуется процесс крестьянской колонизации отмеченных регионов в период с XVIII по 1917 г. Данный вопрос рассматривается в органическом единстве с казачьей колонизацией, поскольку именно в таком единстве процесс «крестьянизации» получил мощный импульс в своей реализации. *Материалы и методы.* В соответствии с характером проблематики были применены методы: контекстуальный, аксиологизация, акцентуализация, каузализация, принцип дополнительности, системный и т.д. *Результаты.* Сделан ключевой вывод о том, что только в начале 70-х гг. XIX в. имперские власти окончательно приняли решение о роли русского крестьянства как главного субъекта аграрной колонизации края. *Выводы.* Тем не менее в силу ряда причин, в первую очередь объективного порядка, только к началу 80-х гг. XIX в. процесс крестьянской колонизации принял более или менее системный и организованный характер. Завершающий этап всеобщей «крестьянизации» края связан с аграрной реформой П.А. Столыпина.

Ключевые слова: Казахский край, Степной край, крестьянская колонизация, административная колонизация, хозяйственно-родовые территории, казачья колонизация, экспедиция, «излишки земель»

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта КН МНВО РК АР23489366 «Проблемы крестьянской колонизации Казахстана в имперском дискурсе (вторая половина XIX в. – 1917 г.)».

Для цитирования: Алимбай Н., Смағұлов Б.К. Основные субъекты российской аграрной колонизации Казахского края. Становление крестьян в ведущий субъект (XVIII – 1917 г.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 844-880. [на казахском яз.].
DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_844-880

THE MAIN AGENTS OF RUSSIAN AGRARIAN COLONIZATION IN THE KAZAKH REGION: THE TRANSFORMATION OF PEASANTS INTO THE LEADING FORCE OF THE COLONIZATION PROCESS (18TH CENTURY – 1917)

Nursan Alimbay¹, Bolat Smagulov²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, prof.
<https://orcid.org/0000-0002-6122-8741>. E-mail: burgan555@gmail.com

²R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies
(29, Qurmanğazy Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of historical sciences, PhD (History), associate Prof.
<https://orcid.org/0000-0002-7323-0515>. E-mail: bolat.smagulov.76@list.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Alimbay N., Smagulov B., 2025

Abstract. Introduction. This study focuses on the process of settlement by Russian peasants in the territories of the Akmola and Semey regions, which, for well-founded historical reasons, became key strategic footholds for the expansion and consolidation of imperial control over Kazakhstan. *The purpose and objectives of the study.* The article investigates the dynamics of peasant colonization in these regions from the 18th century up to 1917. Particular attention is given to the interconnected nature of peasant and Cossack colonization, as it was their synergy that provided a significant impetus to the broader process of “peasantization” in the area. *Materials and methods.* In accordance with the interdisciplinary nature of the subject matter, the study employs a range of methodological approaches, including contextual analysis, axiologization, accentuation, causal analysis, the principle of complementarity, and systems analysis. *Results.* The research concludes that it was only in the early 1870s that the imperial administration definitively recognized the Russian peasantry as the principal agent of agrarian colonization in the region. *Conclusion.* Nevertheless, due to a range of primarily objective factors, it was not until the early 1880s that the process of peasant colonization acquired a more systematic and organized character. The final stage of comprehensive regional “peasantization” is closely linked to the agrarian reforms initiated by P.A. Stolypin.

Keywords: Kazakh region, Steppe region, peasant colonization, administrative colonization, economic and tribal territorial structures, Cossack colonization, expedition, “surplus lands”

Acknowledgements. The article was prepared as part of the grant project of the CS MSHE of the RK AR23489366 «Problems of peasant colonization of the Kazakhstan in the imperial discourse (second half of the 19th century – 1917)».

For citation: Alimbay N., Smagulov B. The main agents of Russian agrarian colonization in the Kazakh region: the transformation of peasants into the leading force of the colonization process (18th century – 1917) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 3. Pp. 844-880. [in Kazakh].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_844-880

Кіріспе. Мақала Ресей крестьяндарының¹ совет дәуіріне дейінгі Қазақстанды аграрлық отарлау үрдісінің басты субъектісі ретіндегі орны мен рөлін талдауға арналып отыр. Еңбектің географиялық ауқымы Қазақстан Республикасының солтүстік және шығыс өңірлерін қамтиды. Солтүстік өңірлерге қазіргі Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар облыстары және еліміздің астанасы Астана қаласы орналасқан аумақ жатады. Ал Абай және Шығыс Қазақстан облыстары шығыс өңірге кіреді. Аталған алты облыстың және Астана қаласының әкімшілік-территориялық аумақтарының жалпы көлемі 841161 шаршы шақырымға (ш.ш.) тең. Бұл көрсеткіш республикалық жер көлемінің 31,16 % болып табылады².

Совет дәуіріне дейінгі кезеңде Ресей империясының құрамындағы Ақмола облысы Омбы, Петропавл, Көкшетау, Атбасар және Ақмола уездерінен тұратын. Соның ішінде Омбы уезінің әкімшілік-территориялық аумағы 41 000 ш. верстаны³ (5 млн. жуық десятина⁴), Петропавл – 61000 шаршы верстаны (6 млн. жуық десятина), Көкшетау – 64000 ш. верстаны (6,5 млн. жуық десятина), Атбасар – 114000 ш. верстаны (12 млн. жуық десятина), Ақмола – 199000 ш. верстаны (20,5 млн.

¹Авторлар советтік дәуірде орыс крестьяндарына байланысты «пролеткульттік» идеологияның тегеурінді әсерімен қазақ тілінде жарық көрген ғылыми әдебиетте орныққан «шаруа» деген терминнен бас тартып «крестьян» ұғымын қолдануды ұйғарды. Шынтауайтында, «крестьян» («крестьянин») ұғымы «христиан» терминінің семантикалық-лексикалық дериваты, яғни тарихи-логикалық және семантикалық контаминациясы (түзілісі) болып табылады. Бұл түзіліс-ұғым крестьян әлеуметтік жігінің мейлінше орыстандырылған христиандық «рух» пен дәстүрдің сақтаушысы әрі бұлардың ұрпақаралық-этникалық байланыс арқылы берілісін үнемі қамтамасыз етіп отыратын «транслятор» дегенді білдірсе керек. Осы қисын тұрғысынан алғанда аталмыш әлеуметтік категорияның «крестьян» атауына не болуы заңдылық болса керек. «Крестьян» ұғымы және оның болып табылатын «христиан» терминдерінің өзара мағыналық байланысы жөнінде қараңыз: [Крестьянин, 1986: 374].

²Есебін шығарған – авторлар – авт.

³1 верста 1,06 шақырымға тең – авт.

⁴1 десятина 1,09 гектарға тең – авт.

жуық десятина) алып жатты [Переселение в Степной край..., 1906: 3–4; Переселение в Степной край..., 1907: 57]. Яғни қарастырып отырған уақытта осы облыс 479000 шаршы верстаны (немесе 50 млн-ға жуық десятина) болатын әкімшілік-территориялық кеңістікке орналасты [Переселение в Степной край..., 1906: 57].

Империялық биліктің жіті назарында болған тағы бір далалық өңірлердің бірі – Семей облысы құрамындағы Семей уезінің әкімшілік-территориялық аумағы 64786 ш. верста (7 млн. жуық десятина), Павлодар – 103788,2 ш. верста (11 млн. жуық десятина), Қарқаралы – 182430,6 ш. верста (19 млн. жуық десятина), Өскемен – 41487 ш. верста (4 млн. жуық десятина), Зайсан – 49751,8 верста (5 млн. жуық десятина) болды [Переселение в Степной край..., 1906: 5107]. Демек, 5 уезден тұратын бұл облыс 442245 ш. верстаға (46 млн. жуық десятина) тең территорияға орналасты [Переселение в Степной край в 1906 г..., 1906: 107].

Осы облыстардың территорияларын ежелден мекендейтін жергілікті тұрғындардың басым көпшілігі арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ⁵ сынды Орта жүз ру-тайпалық бірлестіктерге жатады. Сонымен бірге деректерде аталмыш облыстардың біраз уездерінде Кіші жүздің алшын рулары мен Ұлы жүздің жалайыр ру-тайпалық құрылымына кіретін кейбір рулардың да қоныстанғандықтары жөнінде біраз мәліметтер де кездеседі [Россия..., 1903: 142; Картограмма киргизских родов Кокчетавского уезда, 1898: карта; МКЗ. Акмолинская область. Атбасарский уезд, 1902; МКЗ. Родословные схемы, 1902: 43–44; Родословные схемы киргиз Акмолинского уезда, 1909: 125–141; Картограмма киргизских родов Петропавловского уезда, 1908: карта; МКЗ. Семипалатинская область. Павлодарский уезд, 1903; Родословные схемы киргиз Каркаралинского уезда, 1905: 155–167; Родословные схемы киргиз Зайсанского уезда, 1909; Родовые схемы, 1905: 54–66; МКЗ. Семипалатинская область, Семипалатинский уезд, 1909; Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Кокчетавский уезд., 1907; Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Омский уезд., 1910: 30–39; Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Петропавловский уезд., 1910: 31–37; Киргизское хозяйство в Акмолинской области. Атбасарский уезд., Б.г.: 24–28; Материалы по повторному обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области 1910–1911 г..., 1912; Материалы по повторному обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области 1910–1911 г..., 1913; Тынышпаев, 1925: 23–39; Востров, Муканов, 1968: 56–80, 160–200; Муканов, 1974: 114–187; Масанов, 1995: 58–61; және т.б.].

Сонымен қарастырылып отырған екі облыс орналасқан ұланқайыр жер көлемі қазіргі өлшем бірлігіне шаққанда 976519,7 ш.ш. құрайды⁶. Сол кездегі империялық әкімшілік-территориялық жіктеме бойынша солтүстігінде Тобыл губерниясымен, батысында Торғай облысы және Орынбор губерниясымен шекаралас орналасқан қарастырылып отырған екі облыстың территориялары географиялық орналасу жағынан да, геоморфологиялық жаратылысы, соның ішінде топырағының құнарлығы, сондай-ақ су ресурстарының молдығы тұрғысынан да Ресей метрополиясы үшін «Оралдың арғы бетін» («Зауралье»), бірінші кезекте Қазақ өлкесін түпкілікті отарлаудың аса қолайлы плацдармына айналды. Бұл өңірлерге империяның әр аймағынан XIX ғ. екінші жартысынан бері ұлғая бастаған орыс крестьяндарының алғашқы легінің бірінші кезекте қоныс аударғандықтары және бұл үрдістің осы жүзжылдықтың 80-жылдарынан бастап әсіресе күшейе бергендігі сондықтан [Остафьев, 1895: 9, 12–16, 17–18, 21–23; Россия..., 1903: 153, 155–163, 164, 170, 175–176, 177–190, 222–224, 225–236, 238–239; Петропавловский, 2007: 36–55].

Материалдар мен әдістер. қазақстанның Ресей империясының тәуелділігіне ұшырау тарихын зерттеу міндетті түрде «метрополия мен отар елдің» «мәжбүрлеу – мәжбүр болу» принципіне негізделген байланыстары контекстінде жүзеге асырылады. Бұл тұста отарлаудың субъектісі Ресей, ал объектісі Қазақ өлкесі екендігі түсінікті жайт болса керек. Ресей империясының отарлау саясаты мен іс-тәжірибесі бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы әскери отарлау, казак-орыстық⁷ отарлау, крестьяндық отарлау және әкімшілік отарлау («административная колонизация») сияқты төрт бағытта жүргізілді⁸. Дейтұрғанымен аталмыш үрдістердің ішінде қазақ қоғамын түбегейлі

⁵Осы тұста уақтардың этникалық тарихына байланысты белгілі орыс зерттеушісі Г. Спасскийдің төмендегі мәліметі ерекше назар аударады. Оның айтуынша, «сегіз бөлімшеден тұратын уақ руы (түпнұсқада – «увакский род» – авт.) [Ақтөбе өңірінде ежелден мекендейтін Кіші жүз руларымен бірге көшіп-қонып жүреді]». Оларды старшындар Кенжалы Сапақ пен Істекбай (түпнұсқада – «Кинжали Сапақ и Истяхбай» – авт.) басқарады. Қыста Ойыл мен Қыйлы (түпнұсқада – «Киилу» – авт.) өзендерінің жағалауларындағы қамыстың арасын қыстап шығады» [Спасский Г.; 1820: 107].

⁶Есебін шығарған – авторлар – авт.

⁷Дәстүрлі қазақы ортада казактарды әдетте «казак-орыс» деп атау қалыптасқандығын қаперге саламыз – авт.

⁸Қазақстанның Ресей империясының тәуелділігіне түсу тарихына арналған ғылыми әдебиетте әдетте отарлау үрдісінің казак-орыс, әскери және крестьяндық сияқты үш бағыты ғана зерттеліп келеді. Сонымен бірге аталмыш бағыттарға қоса

күйретуге бағытталған, сондықтан да ең бастысы болып табылатын крестьяндық отарлау мен әкімшілік отарлау ұдайы етене қабаттаса жүргендігі айқын аңғарылады. Бұл заңдылық айтуға әбден болатын тенденция, жоғарыда ішінара айтылғандай, іс жүзінде 1867–1891 жылдар аралығындағы әкімшілік-территориялық реформалардың барысы мен нәтижесінде айқын көрінді (бұл реформалардың басқа бағыттары шынтуайтында крестьяндық және әкімшілік отарлау үрдістерін күшейтуге бағытталған «туынды» салалары ғана). Әңгіме аталмыш реформалардың жүзеге асырылуының, бір жағынан, көшпелі қоғамның басқару жүйесі мен билік институттарының түгелдей дерлік жойылуына, екінші жағынан, социумның тіршілікқамаы жүйесінің қалыпты қызметінің бірден-бір негізі – жердің империяның меншігіне толық өтуінің нәтижесінде Қазақ өлкесінің түбегейлі отар елге айналуы жөнінде болып отыр. Түптеп келгенде іс жүзінде аталмыш деструктивтік факторлардың тегеурінімен басқару жүйесі мен институттарынан және жерінен айырылған қазақ қоғамы бұрынғы сан деңгейлі сан салалы байланыстары мейлінше әлсіреген шағын ауылдарға сегменттелініп кетті. Бұл жайт қазақ социумының іс жүзінде тарих сахнасынан мүлдем кеткендігін білдіреді.

Аталмыш мәселені жүйелі зерттеу міндетті түрде «метрополия – отарланушы ел» байланыстары контекстінде жүзеге асырылуына байланысты мақалада сөз болып отырған тақырыпты зерделеу барысында қазан төңкерісіне дейінгі архив, ресми құжаттар және ресей саяхатшы-ғалымдарының, әскери адамдарының, сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың алғашқы онжылдығында қазақ ауылдарын да әсіресе қарқынды әрі жүйелі жүргізілген экспедициялық зерттеулердің мағлұматтарын барынша қамту қажеттілігі туындайды.

Мақаланың деректік базасын құрайтын мәліметтер негізінен бес топқа жіктелініп отыр. Біріншісі – архивтік материалдар, екіншісі – XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезеңінде жарық көрген әртүрлі статистикалық және анықтамалық мәліметтер түзілген басылымдар. Осы категорияға аталмыш уақытта қазақ ауылдарын әр қырынан зерттеген экспедициялық материалдар мен Ф.А. Щербинаның 1896–1901 жылдары өзі басқарған экспедициялық зерттеудің барысында және кейінгі жылдары жазылып жарық көрген еңбектері де жатады [Щербина, 1902: 321–339; Щербина, 1902: 373–385; Щербина, 1902: 386–393; және т.б.]. Бұл категорияның қатарындағы деректердің ішінде жалпы қазақтың рулық-шаруашылық территорияларындағы «артық» саналған жерлерге крестьяндарды қоныстандырудың барысы мен нәтижелері айқын түзілген. Сондай-ақ осы мәселеге Ресей билігі, саяси және интеллектуалдық топтарының көзқарасы туралы толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік беретін сол кездегі басылымдардың ішінде әсіресе Н. Петропавловский, В. Остафьев, П. Хворостанский, Г. Чиркин, П. Румянцев, А. Кауфман және осындай тағы басқа да бірталай белсенді авторлардың ресми басылымға түскен сөздері немесе арнайы жазылған мақалаларын ерекше атаған ләзім. Осы ретте әсіресе 1907 жылы 20 мамырда Далалық генерал-губернатор И.В. Надаровтың (1906–1908 ж.) тікелей ұйымдастыруымен өткен «Далалық өлке қазақтарының (түпнұсқада «киргизы» – авт.) мұқтажына байланысты мәселелер» атты жеке мәжілістің аталмыш уақытта жарық көрген материалының танымдық маңызы өлшеусіз десек асырып айтқандық болмайды. Өйткені Ф.А. Щербинаның зерттеуші-ғалым және саясаткер ретіндегі ұстанымына және ол басқарған экспедициялық зерттеудің нәтижесіне біршама кереғар бағытта түзілген аталмыш «жеке мәжілістің» материалы осы экспедицияның ғана емес, Ресей билігінің кейбір

қазақтарды толық бағындыру ісінде әкімшілік отарлаудың да аса іргелі рөл атқарғандығына айырықша назар аударған ләзім. Орыс тілінде «административная колонизация» деп аталатын бұл ұғым тұңғыш рет 1903 ж. жарыққа шыққан «Россия: полное географическое описание нашего Отечества» атты басылымда айтылды. Рас, ұғымның еңбектегі қолданыс аясына қарағанда ол жалпы қазақ өлкесін жаппай отарлау үрдісін ұйымдастырған және ұйымдастырып отыратын әр деңгейлі билік институттары жүйесін білдіріп отыр. Осыған байланысты аталмыш ұғымның синонимі ретінде «правительственная колонизация» термині де қатар қолданылады [Россия..., 1903: 148]. Алайда бұл терминді осы кітаптың авторларының бірі Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, империялық биліктің көшпелі социумның басқару жүйесін, оның институттарын жою үрдісін білдіретін іргелі категория ретінде де қарастыруға да болады. Демек империялық әкімшілік отарлау Қазақстанды жаппай отарлау үрдісінің жоғарыда аталған үш бағытымен өзара себеп-салдарлық байланыстағы өзіндік институционалдық бағыты болып табылады. Олай болса қазіргі кезеңде арнайы зерттеуге өте зәру Қазақ өлкесін әкімшілік отарлау мәселесі аталмыш кітапта жанама түрде болса да алғаш рет көтерілді деп айтуға болады. Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, бұл методологиялық тұрғыдан да, Қазақстанды империялық отарлау проблематикасының өзектілігі жағынан да ұрымтал осы ұғымның шынайы авторы Әлихан Бөкейхан. Бұл жайтқа Әлекеңнің басқа он сан ғылыми және ғылыми-публицистикалық еңбектерінің стилдік және морфологиялық ерекшеліктерімен салыстыру арқылы көз жеткізу қиындық туғызбайды [Россия..., 1903: 155]. Осы ретте осы кітаптың және оның тікелей логикалық әрі тарихи жалғасы болып табылатын тағы бір көрнекті басылым «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества (насто́льная и доро́жная книга для русских людей)» [1913] атты анықтамалық еңбектің «насто́льная и доро́жная книга для русских людей» деп нақтылануы ерекше назар аударады. Бұл жайттан аталмыш және осы құралыптас басқа да ресейлік ресми басылымдардың бірінші кезекте отарлау үрдісінің барлық субъектілері үшін бағдарламалық функция атқарғандықтарын бағайлауға болады – авт.

өкілдерінің империялық аграрлық саясатқа байланысты ұстанған көзқарасын мейлінше дәл берілгендігімен ерекшеленеді [Труды Частного Совещания..., 1907]. Бұл мәжіліс материалының зерттеуге аса қажетті танымдық тағылымы өлшеусіз дерек болып табылатындығы сондықтан. Демек Қазақ өлкесін аграрлық отарлау барысының қайнаған ортасында болғандар, тіпті қазақ жерінің империяның меншігіне айналу үрдісінің тікелей субъект-акторлары ретінде зерттеу жүргізгендердің еңбектері жоғарыда аталған архивтік, статистикалық, экспедициялық және осы құралыптас деректер топтарында түзілген қажетті тарихи, этнографиялық, ономастикалық (мысалы, топонимдік) сынды құнды ақпаратты іздестіру, жүйелеу, зерделеу ісінде бағыт-бағдар беретін де эвристикалық мүмкіндіктермен де ерекше дараланады.

Үшіншісі – қарастырылып отырған кезеңдегі орыс ғалымдары мен саяхатшылары, кейбір әскери қызметтегі тұлғалардың еңбектері (мысалы, Ресей армиясы бас штабының подполковнигі Н.И. Красовский құрастырған әйгілі статистикалық және географиялық жинақ және т.б.). Сондай-ақ сөз болып отырған деректер корпусының ерекше төртінші категориясын сол кездегі Қазақ өлкесінің территориясында орналасқан әкімшілік-территориялық бірліктерді басқарған тұлғалар, әсіресе Батыс Сібір генерал-губернаторы Н.Г. Казнаков (1875–1881 ж.), Далалық генерал-губернатор Г.А. Колпаковский (1882–1889 ж.), Ақмола облысының әскери губернаторы М.А. Ливенцов (1883–1890 ж.), Семей облысының (1878–1883 ж.), 1883–1891 жылдары Торғай облысының да әскери губернаторы болған А.П. Проценко сынды орыс мемлекеттік әрі әскери қайраткерлері жоғарғы билікке жолдап отырған мерзімдік есептері құрайды. Осы топқа империялық биліктің отарлық саясаты мен іс-тәжірибесінің концептуалдық және идеологиялық негіздемесі тұрғысынан Қазақ өлкесінің басқа облыстарының губернаторларының да есептерін жатқызған жөн деп санаймыз (мысалы, Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский (1865–1881 ж.), Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзек (1869–1877 ж.) және т.б.). Өйткені «басқа облыстар» деп аталған әкімшілік-территориялық аймақтардың басшыларының да жылдық есептерінің концепциясы, идеологиясы және осыларға негізделген жергілікті саясаттың мазмұны мен нәтижелері мақалада қарастырылып отырған солтүстік және шығыс облыстары генерал-губернаторларының мерзімдік есептерінде түзілген жергілікті отарлық саясатты жүзеге асырудың механизмдерін толық түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге ұсынылып отырған зерттеудің нысандық ұстанымы, проблематикалық және хронологиялық диапазоны тұрғысынан бесінші категорияға қарастырылып отырған кезеңде әртүрлі кейбір ресми басылымдарда беріліп отырған картографиялық материалдар да кіреді.

Осы ретте аталмыш деректік категориялардың типологиялық және эвристикалық ара жігі олардың әрқайсысындағы біраз мәліметтердің бір-бірін үнемі толықтырып, кейде өзара ұласып отыратындығына байланысты тым шартты екендігін ескерген ләзім.

Зерттеу барысы контекстілік, аксиология, акцентуализациялау, себеп-салдарлық, өзара толықтыру, жүйелілік, тарихи-нақтылық, проблемалық-тақырыптық сынды әдіс-тәсілдерге негізделінді. Әлбетте деректер корпусының аталмыш категорияларының әрқайсысының ғылыми ізденіс барысында өзіндік орны мен маңызы контекстілік тәсілге (принципке) сүйенеді. Бұл ерекше ескерілуі тиісті ғылыми ізденісті тиімді ұйымдастыру мен жүргізудің ілкімді шарты болып табылатындығы белгілі жайт болса керек. Контекстілік принципінің (әдіс-тәсілдің) эвристикалық мүмкіндігі әдетте проблеманы аксиологизациялау және осының тікелей танымдық «туындысы» іспеттес акцентуализациялау сынды әдіс-тәсілдермен өзара себеп-салдарлық байланыста әлдеқайда арта түсетіндігін қазіргі ғылыми тәжірибе айқын айғақтап отыр. Осындай әдіс-тәсілдерге негізделген ұстаным зерттеудің ауқымы мен проблематикалық диапазоны һәм табиғатына байланысты деректер корпусының тиісті категориясын (категорияларын) өзінің танымдық мүмкіндігі тұрғысынан бірінші кезекте пайдаланылуға дес берді.

Деректер корпусының қалғандарының тиісті мәліметтерін пайдалану міндетті түрде өзара себеп-салдарлық байланыс және өзара толықтыру әдіс-тәсіліне (принциптеріне) негізделінеді. Әңгіме аталмыш деректік категорияларды пайдаланғанда зерттелініп отырған мәселенің контекстісі, мазмұны, нысандық бағыты, диапазоны сияқты параметрлері жағынан оларды бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыс әдіс-тәсілі (принципі) бойынша шеңдестіре зерделеу жөнінде болып отыр. Осы айтылған қисын тұрғысынан, мысалы, картографиялық құжаттарды талдау барысында олардың жасақталыну тарихы, мақсат-мүддесі, объективтік шындыққа сәйкестілігі, тіпті идеологиясы жөнінде де толықмәнді түсінік алу үшін, жоғарыда ішінара айтылғандай, міндетті түрде деректер корпусының тиісті категориясындағы қажетті мәліметтерге жүгінуге тура келетіндігін ерекше ескерген жөн. Осыған байланысты төмендегідей бірер көрнекі жайтты мысал ретінде келтірелік. Архивтік

деректерге қарағанда, келімсектерге жергілікті тұрғындардың шаруашылық территорияларынан жер бөліп беру мақсатында империялық билік тарапынан арнайы құрылған межелеу партиясының (түпнұсқада – «межевая партия». – авт.) мүшелеріне межелеу жұмыстарын атқару барысында ежелгі топонимдік атауларды міндетті түрде құжатқа тіркеу қажеттілігі ерекше ескертіліп отырды. Орыс билігінің осы мәселеге ерекше ынта көрсеткендігі соншалықты, тіпті алдын ала дайындалып ресми бекітілген нұсқаулық та жасақталды. Осы айтылғанның айғақты мысалы ретінде «Инструкция для войскового хозяйственного правления Сибирского казачьего войска по обмежеванию земель» деп аталатын архивте тіркелген арнайы нұсқаулықты айтуға болады. Бұл құжатта қазақы ортадағы қолданыста жүрген топонимдік атаулар жөнінде, әсіресе «шабындықтары, тоғайлы жерлері, суаттары бар, қажетті жағдайда, станица тұрғындары үшін жер бөліп алуға немесе бөліп қосуға ыңғайлы болатын аудандарға байланысты мәліметтер жинауды қолға алу қажеттілігі» ерекше атап өтілді. Соның ішінде «...ауқымы алдын ала мөлшерленген «верстовой план» [деп аталатын құжатқа] барлық суаттар мен шөп шабылатын немесе шөп шабылуы мүмкін шатқалдардың [төлтума қазақ] атаулары тегіс енгізілуі тиіс» болды [ҚР ОМА. 825-қор. 1-тіз. 44-іс. 1-байлам]. Келтіріліп отырған осы нұсқаулықтың құндылығы сонда, ондағы аталмыш межелеу партиясының қызметкерлеріне жүктелген міндеттеме-нұсқауларды іс жүзінде 1896–1901 жылдары көрнекті орыс статистик-экономист ғалымы Ф.А. Щербина басқарған экспедиция мүшелері қазақ ауылдарын, олардың тіршіліккамы балансын, рулық-шаруашылық территорияларының ауқымын, геоморфологиялық сипатын, әлбетте өсімдік пен су ресурстарын зерттеу барысында қатаң ұстанғандықтары айқын аңғарылады [1-сурет]. Сондықтан да болар, далалық облыстардың әрбір уезіндегі қазақ ауылдарының жоғарыда аталған параметрлері бойынша аталмыш экспедициялық зерттеудің нәтижесінде жасақталған карталарда аса бай топонимдік мәліметтерді тіркеліп отыруға ерекше мән берілді (ауылдардың, рулардың, әрбір рулық-шаруашылық территориядағы шабындық жерлердің, орман-тоғайлардың, шатқалдардың, таулардың, өзен-көл, бұлақ сынды су көздері сынды топонимдік бірліктердің ежелден орныққан төл атаулары, сондай-ақ ауыл ақсақалдарының есімдері және т.б.)⁹.

Сонымен бірге аталмыш әдіс-тәсілдерді қолдану барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдісін де үнемі пайдаланылып отыру, мысалы, казак-орыстарға қарағанда крестьяндардың XIX ғасырдың 70-жылдарының басынан бері аграрлық отарлаудың жетекші субъектісі ретіндегі рөлі неліктен алға шыққандығының тарихи алғышарттары мен себептерін зерделеуге мүмкіндік берді.



1-сурет. Семей облысы Павлодар уезін ежелден мекендеген қазақ руларының Ф.А. Щербинаның экспедициясының жасақтаған картограммасы.

⁹ Мысал ретінде: «Карта киргизского землепользования пастбищных районов Павлодарского уезда» [Семипалатинской области] – авт.

Картограма киргизских родов Павлодарского уезда [Семипалатинской области] // Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область, Т. 4. Павлодарский уезд. Воронеж, 1903. VII, 90, 24, 27, 146, III, 375 с., табл., 3 л. карт.

Сондай-ақ архивтік, статистикалық немесе аграрлық отарлық саясатты жүргізудің заңдық-құқықтық негізі мен негіздемесі болып табылатын ресми заңдар тіркелген басылымдар, әсіресе «Полное собрание законов Российской империи» деп аталатын көп томдық заңдар жинағы сынды материалдарды қарастырылып отырған кезеңдегі орыс зерттеушілерінің тиісті еңбектерімен өзара проблемалық-тақырыптық принцип бойынша шендестіре зерделеу өзінің үлкен эвристикалық мүмкіншілігін көрсетті.

Осылайша ұстаным ретінде қолданылатын аталмыш әдіс-тәсілдер Қазақ өлкесін крестьяндық отарлау үрдісінің жүргізілу идеологиясы, жүзеге асырылу механизмдері және нәтижелері жөнінде жүйелі зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде талдаудан өткен, мысалы, жоғарыда аталған 1896–1901 жылдары қазақ ауылдарында зерттеу жүргізген экспедициясы материалдарының 13 томдық жинақтарындағы (соңғысы қорытынды том болып табылады [Свод МКЗ..., 1906]) сан алуан мәліметтер қазақ ауылының бюджетін, жалпы тіршілікке жүйесін, соның ішінде әрбір қазақ отбасының ас-тағамы, киім-кешегі сынды бірінші кезекте тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты және осы құралыптас басқа да өзекті мәселелер жөнінде толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік жасады. Әлбетте аталған әдіс-тәсілдер өз кезегінде міндетті түрде жүйелілік және тарихи-нақтылық принциптеріне негізделетіндіктері түсінікті жайт болса керек.

Талқылау. Қарастырылып отырған проблематикаға байланысты еңбектерді олардың тиісті мәселені өзектендіру, талдау, дәлелдеу жүйесінің дәйектеліну деңгейі, сондай-ақ идеологиялық ұстанымы тұрғысынан белгілі шарттылықпен қазан төңкерісіне дейінгі, совет дәуірі тұсындағы, тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулер деп жіктеуге болады.

Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектер. Қазақ өлкесін отарлау мәселесін, соның ішінде крестьяндардың көшпелілердің рулық-шаруашылық территорияларына өз бетімен қоныстану тақырыбын алғаш қаузаған еңбектер аталмыш үрдістің барысында пайда болды. Бұл ретте Императорлық Орыс географиялық қоғамы, Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы, Императорлық Шығыстану қоғамы, Императорлық Орыс археологиялық қоғамы және осы құралыптас басқа да ғылыми құрылымдардың, сондай-ақ қазақ тарихын, тұрмысын, шаруашылығын, тіпті қоршаған табиғи ортаны зерттеуге бағытталған сан алуан экспедициялардың қарастырылып отырған кезеңдегі тарихнамалық үрдістің қалыптасуында айырықша ұйымдық, ғылыми-танымдық әрі институционалдық рөл атқарды [Обзор русских путешествий..., 1955; Обзор русских путешествий..., 1958; Обзор русских путешествий..., 1962; Обзор русских путешествий..., 1971; История Казахстана..., 2000: 558–566; Российские экспедиции..., 2008; Павлов, 2010: 4–8; және т. б.]¹⁰. Әсіресе XX ғ. алғашқы онжылдығында Ресей билігі тарапынан ұйымдастырылып жарық көрген мерзімді басылымдардың, соның ішінде 1907–1917 жылдары аралығында үздіксіз жарық көрген «Вопросы колонизации» (барлығы 20 нөмір) мен 1766 жылдан бастап басылып отырған «Труды Императорского Вольного экономического общества» атты жинақтардың орны мен рөлі ерекше десек те асырып айтқандық болмайды. Аталмыш жинақ авторларының ішінде Г. Чиркин, В. Кузнецов, П. Хворостанский, П.П. Румянцев, князь Б.А. Васильчиков, Мемлекеттік думаның мүшесі А.Л. Трегубов сынды империяның ұлт аймақтарын, соның ішінде Қазақстанды аграрлық отарлаудың идеологтарының болуы осы басылымның маңызын артыра түсетіні хақ. Осы уақыттағы еңбектердің авторлары өлкені отарлау барысындағы сан алуан оқиғалар мен тарихи сюжеттердің тікелей куәгерлерінің өздері болып табылады. Тіпті бұларды аталмыш үрдістер мен үдерістердің акторлары десек те болатындай. Демек негізінен идеологиялық функция атқарған совет дәуіріне дейінгі орыс зерттеушілерінің еңбектері тарихнамалық та, деректік те маңызымен дараланады [Алимбай, 2015: 5–31].

Қарастырылған кезеңдегі тарихнамадағы қаузалып отырған тақырыпқа байланысты Н. Петропавловский, В. Остафьев, П. Хворостанский, М.К. Любавский сынды және осы қатарлы бірнеше авторлардың туындыларын атаған жөн [Петропавловский, 2007: 36–55; Остафьев, 1895:

¹⁰Осы тұста 1896–1901 жылдары қазақ ауылын экономика, соның ішінде отабсылық бюджет, тіршілікке жүйесі, экологиясы, көшпелі социумның институционалдық, әлеуметтік, демографиялық құрылымы сынды параметрлері тұрғысынан кешенді зерттеген Ф.А. Щербина басқарған экспедиция аталмыш тарихнамалық үрдістің аясын және сапасын едәуір арттырған фактор болды [Бұл жөнінде толығырақ: Шахматов, 1963: 751–760; Волкова, 1983: 224–237; Волкова, 1988: 171–190; және т.б.].

1–62; Шуман, 1907: 3–18; Хворостанский, 1907: 53–104; Чиркин, 1907: 105–111; Чиркин, 1907, № 2: 44–68; Шкапский, 1907: 112–137; Кокоулин, 1907: 208–221; Любавский, 1909; Румянцев, 1910; Седельников, Букейханов, Чадов, 1903: 139–200; Щербина, 1902: 321–339; Щербина 1902: 373–385; Щербина, 1902: 386–393; Речь главноуправляющего..., 1907: 418–425; Труды частного совещания..., 1908; және т.б.]. Бұлардың шығармаларында, түптеп келгенде, империялық билік үшін бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы ерекше өзекті екі мәселе қаузалады. Біріншісі – қазақ жерін крестьяндардың, ішінара казак-орыстардың толық иемдену механизмдерінің институционалдық, шаруашылық-экономикалық, инструменталдық, құқықтық, қаржылық негізі мен негіздемесін жасақтау әрі оларды жүзеге асыру әдіс-тәсілдері. Осыған байланысты туындайтын екіншісі – көшпелі тіршілік кешіп отырған жергілікті тұрғындардың иелігіндегі ежелден пайдаланып жүрген рулық-шаруашылық территорияларындағы «артық» жерлерді анықтау еді. Біраз авторлар, әсіресе В. Остафьев пен П. Хворостанский және т.б. крестьяндық отарлау қарқынын үдете түсуге үндеді. Қазақтардың рулық-шаруашылық территорияларына орыс келімсектерін дереу орналастыруды қызу жақтаған аталмыш авторлардың және мұндай көзқарастағы тағы басқа да крестьян «жанашырларының» еңбектерінің мазмұнына қарағанда оларды жергілікті тұрғындардың тағдыр-талайы еш толғандырған емес. Дегенмен Н. Петропавловский, Т.И. Седельников, А.А. Кауфман [Петропавловский, 2007: 36–55; Седельников, 1907; Кауфман, 1905; Кауфман, 1908; және т.б.] сынды либералдық бағыттағы зерттеушілер, керісінше, крестьяндарды қазақ жеріне көшіру және орналастырудың алдында көшпелілердің шаруашылық жерге қаншалықты мұқтаж екендігін анықтау мақсатында қазақ ауылдарына зерттеу ұйымдастыруды ұсынды. Олардың ойынша, рулық-шаруашылық территориялардағы «артық» жерлерді анықтау жергілікті тұрғындардың тұрмысына нұқсан келтірмейтіндей жолмен жүргізілуі тиіс. Зерттеушілердің бұл тобы жергілікті тұрғындардың шаруашылық территорияларын тартып алу сияқты жойдасыз зорлық жасау олар мен келімсектердің арасында үлкен қақтығыстарға апаруы әбден кәдік деген қауіптерін де жасырмайды. Бұл ретте аса көрнекті саятсаткер, білікті ғалым Әлихан Бөкейханның империяның Қазақстандағы аграрлық саясатының, әсіресе осы саясаттың Столыпиндік кезеңдегі әділетсіздікке мейлінше толы барысы мен нәтижелерін зерттеуге арналған мақалалары ерекше ден қойдырады [Букейханов, 1908: 14–20; Букейханов, 2018: 167–185; Букейханов, 2018: 186–257; Букейханов, 2018: 257–264; Букейханов, 2018: 311–313; «Киргиз-кайсақ», 2018: 335–339; Букейханов, 2018: 552–554]. Сондай-ақ империялық биліктің «ұлт аймақтарындағы» аграрлық саясатының отарлық мәнін В.И. Ленин де әшкерелеуге тырысты [Ленин, 1968: 325–336.]¹¹.

Сөз жоқ тарихнамалық тұрғыдан да, деректану жағынан да танымдық тағылымы өлшеусіз қазан төңкерісіне дейінгі сан алуан ресейлік басылымдар сол кездегі әртүрлі тарихи оқиғалармен, соның ішінде, әлбетте, Қазақстанның отарлану үрдісімен бір мезгілде немесе іле-шала жазылғандықтан ондағы проблемалардың өрбітілу желісі, әсіресе авторлық ой-тұжырымдар мен пікірлер көбінесе тиісті дәлелдеу жүйесінсіз беріледі. Мұндай еңбектердің белгілі шарттылықпен ғана зерттеулерге жатқызатындығы сондықтан болса керек. Бұл жайтты аталмыш кезеңдегі Ресейдің Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан тарихнамалық дәстүрінің көрнекті өкілдерінің бірі А.А. Кауфманның өзі де мойындаған еді. Мен, дейді А.А. Кауфман, «жуырда ғана аяқталған біздің отарлау саясатымыздың кезеңі тарихын жазуды көксеген жоқпын. Себебі бұл кезең тарихи сипатқа еніп үлгерген жоқ. Өйткені мен автор ретінде қоныс аудару ісіне тікелей араластым. Сондықтан тарихшының міндетін атқара алмаспын. Дегенмен мен [отарлау үрдісінің] куәгері ретінде қағазға түскен көрген-білгендерімді болашақ тарихшы пайдаланатын болады. Сондықтан да қалың оқырман қауымға түсінікті болу үшін шынайы зерттеуге тән ғылыми аппаратты барынша қысқартуға тырыстым – кез келген ғылыми жазбаның әр жолдарында кездесетін сілтемелерден және аса көлемді статистикалық кестелерден қашқақтадым» [Кауфман, 1905: V–VI].

Сайып келгенде совет дәуіріне дейінгі орыс тарихнамасының өкілдерінің діттеген мақсаты «Оралдың арғы бетіндегі» ұланқайыр территорияны сан ғасырлар бойы мекендеген елдер мен ұлыстарды отарлаудың нәтижесінде империялық билік үшін айырықша маңызға ие болған «Азиялық Ресей» («Азиатская Россия») атты геосаяси жобаны жүзеге асыру болды. Расында да, басты субъектісі крестьяндар болып табылатын аграрлық отарлаудың нәтижесінде бүкіл Орталық Азия

¹¹Қазіргі кезеңде көп сыналатын «дүниежүзілік пролетариаттың көсемі» еңбектерінің ішінде әсіресе монографияда сілтеме жасалып отырған мақалада империялық аграрлық саясаттың патшалық режимнің теңсіздікке негізделген ұлт саясатының құрамдас бағыты екендігіне алғаш аударған автор екендігі ақиқаттан алыс емес [Алимов Н., Кабульдинов З.Е., Смагулов Б.К. Вопросы крестьянской колонизации Степного края в Государственной думе Российской империи (1906–1917 гг.) // *Turkic Studies Journal*. 2023. № 3. С. 7–40].

орыс отаршылдары ерекше мән берген Азиялық Ресейге айналар еді. Орыстың отарлық саясаты мен идеологиясының басты апологеттердің бірі М.И. Венюковтың «Русская Азия», «Азиатская Россия» [Венюков, 1873: 23, 26], сондай-ақ сол кезде кең қолданыста болған «Русская Средняя Азия» [Живописная Россия..., 1884; Живописная Россия..., 1885] және осы мағынадағы басқа да терминдер осы идеологияның категориялық-ұғымдық арқауына айналғандықтары сондықтан болса керек. Сонымен совет дәуіріне дейінгі ресейлік зерттеулердің деректік құндылығы өз алдына, бұлар Ресей билігінің, сондай-ақ империяның интеллектуалдық және саяси топтарының «Оралдың арғы бетін», соның ішінде белгілі себептермен Қазақстанды отарлаудың идеологиясы жөнінде біршама түсінік алуға мүмкіндік береді.

Советтік кезеңдегі тарихнама. Қазақстанның отарлану тарихының, соның ішінде крестьяндық отарлау мәселесінің зерттелу барысының логикалық-методологиялық, идеологиялық тұғыры және деректік негізі һәм негіздемесі, сондай-ақ дәлелдеу жүйесінің дәйектеліну сынды параметрлері тұрғысынан мәселенің советтік тарихнамасын белгілі шарттылықпен төмендегідей үш кезеңге бөлуге болады. Біріншісі – 20–30-жылдардың бірінші жартысы, екіншісі – 30-жылдардың екінші жартысы – 50-жылдары, үшіншісі – 60 – тәуелсіздік кезеңіне дейінгі 90-жылдардың басын қамтиды. Ал 1991 жылдан бергі уақыт қарастырылып отырған аграрлық тарихнаманың тәуелсіздік кезеңіне жатады. Осылардың ішіндегі тарихнамалық үрдістің контекстуалдық (проблематиканың әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және т.б. контекстісі) тұрғысынан, методологиялық және деректік базасы жағынан ең күрделісі, сөз жоқ, жоғырада аталған алғашқы тарихнамалық кезеңнің 20-жылдары болып табылады. Осы кезеңде жарық көрген тарихи зерттеулерді екі категорияға жіктеуге болады. Біріншісіне жататын қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасының либералдық бағыттағы еңбектердің көрнекті өкілдері Әлихан Бөкейхан, С.И. Руденко, С.П. Швецов, Н.Н. Т.И. Ануфриева, И.В. Ларин, Н.Н. Мацкевич, А.П. Чулошников, Н.А. Логутов, О.С. Вялов [Букейхан, 1927: 58–82; Швецов, 1926: 106–114; Ануфриева, 1926: 115–166; Ларин, 1926: 167–186; М.В., 1926; Мацкевич, 1929: 1–33; Чулошников, 1924; Логутов, 1929: 34–48; Вялов, 1934: 146–175; Вялов, 1931] және т.б. ғалымдар қарастырылып отырған уақытта бұған дейінгі Қазақ өлкесінің аграрлық экономикалық-статистикалық, этнографиялық және тарихи тұрғыдан зерделеу дәстүрін одан әрі жалғастырды. Осы топқа антисоветтік ұстанымда өте сауатты жазылған Мұстафа Шоқайұлының еңбектерін де жатқызуға болады¹². Сонымен бірге осындай методологиялық, идеологиялық ұстанымдарды жақтайтын тағы басқа да зерттеушілер аталмыш кезеңде Қазақстанның біраз өлкесіне тарихи-этнографиялық, антропологиялық, зооветеринариялық, гидрогеологиялық сияқты бағыттарда ғылыми-экспедициялық зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде өзінің ғылым-танымдық тағылымын еш уақытта жоғалтпайтын бірегей басылымдар жарық көрді [Ищенко, Казбеков, Ларин, Щелоков, 1926; Казаки..., 1927; Казаки..., 1930; және т.б.]. Мақалада қарастырылып отырған проблематика тұрғысынан осы авторлардың еңбектері мен аталмыш бағыттағы экспедициялық материалдар түзілген ғылыми жинақтар аграрлық отарлаудан кейінгі кезеңдердегі қазақ ауылының экономикасы, экологиясы, күнделікті тұрмысы, соның ішінде тіршілікқамы жүйесі жөнінде жүйелі түсінік алуға мүмкіндік береді. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаттық ұстанымы тұрғысынан, әсіресе С.П. Швецов, Т.И. Ануфриева, И.В. Лариннің статистикалық, тарихи-этнографиялық өте қою мәліметтерге негізделген құнды еңбектерінің ғылыми маңызын ерекше атап өткен ләзім. XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі уақыт аралығында Қазақ өлкесінің әр жеріндегі аграрлық отарлаудың тарихын зерттеуге арналған бұл туындыларда крестьяндық отарлаудың барысы, ішінара жүзеге асырылу механизмдері, жергілікті тұрғындардың тұрмысын күрт нашарлатқан нәтижелері сияқты өзекті мәселелер талданылады [Швецов, 1926: 106–114; Ануфриева, 1926: 115–166; Ларин, 1926: 167–186; және т.б.]¹³. Советтік идеологияның уытты уысына түсе қоймаған бұл зерттеулерді әлбетте шынайы ғылыми туындыларға қойылатын талап-талғам тұрғысынан советтік тарихнамаға жатқызылуы тым шартты екендігін аңғару қиын емес.

Сонымен бірге, жоғарыда айтылғандай, қарастырылып отырған кезеңдегі аграрлық тарихнаманың келесі екінші тобы қазақ тұрмысының барлық салаларына өзінің қоғамдық әсерін күшейте бастаған социалистік идеологияның тегеурінді ықпалымен қалыптасты. Бұлардың қатарына ең алдымен Е.А. Полочанский, В.Г. Соколовский, В.К. Рябоконт, Г. Тогжанов сынды зерттеушілердің еңбектерін жатқызған жөн [Полочанский, 1926; Соколовский, 1926; Рябоконт, 1926: 54–58;

¹²Қарастырылып отырған тақырыптың қисыны тұрғысынан әсіресе осы еңбегі ерекше құнды [Шокай-оглы, 1935].

¹³Бұл жөнінде толығырақ [Акишев, Аргынбаев, Алимбаев, 1990: 48–60].

Тогжанов, 1926; Тогжанов, 1934]¹⁴. Осы ретте бұл еңбектердің басым көпшілігі өзінің қанқұйлы саясаты және іс-әрекетімен белгілі Ф.И. Голощекиннің 1925 жылғы Кирревкомның V партконференциясында ұсынған «Октябрь қазақ ауылын айналып өтті» деген тезисіне негізделгендігі назар аударады. Қазақ халқына ауыр кесепат алып келген осы тезиске сол кезде кәміл сенген авторлардың бұл тобы ауылға «Шағын Октябрь» төңкерісін жасау керек деген идеологеманы негіздеуге әрі уағыздауға тырысты [Алимбаев, 1990: 61–92].

Осы ретте тағы бір көрнекі жайт жөнінде бірер сөз. Аталмыш және осы мазмұндас еңбектердің басты зерттеу нысаны қазақ ауылы екендігі ерекше назар аударады. Бұл гәпті, сірә, ауылдың қазіргі кезеңдегі зерттеушілер қарастырып жүргендей, тек қоныстану жүйесі ғана емес, сонымен бірге ауыл ең алдымен көшпелі ортадағы әлеуметтік, шаруашылық-экономикалық, тіпті экологиялық сынды негізгі (базалық) қатынастардың ұйымдық формасы екендігімен түсіндіруге болады. Өйткені ауыл көшпелі тіршілік жағдайында социумдағы материалдық және материалдық емес игілік атаулының негізгі корпоративтік өндіргіш күші ретінде тіршілікке функцияларын атқарды. Сондай-ақ бұл құрылым жас ұрпақтардың қажетті әлеуметтік қасиеттері түзілетін әрі жетілетін тіршілік кеңістігі де болды [Алимбаев, 1990: 61–92]. Әлбетте бұл функциялар ауылдағы бір-бірімен әлеуметтік, шаруашылық, ғұрыптық, туыстық сынды тығыз қатынастағы отбасылар арқылы жүзеге асырылғандығы түсінікті жайт болса керек.

Қарастырылып отырған жүзжылдықтың 30-жылдары империялық биліктің Қазақ өлкесін аграрлық отарлау тарихын, оның сан салалы салдарын бірден-бір біршама терең зерттеген зерделі тарихшы С.Д. Асфендияров болды. Ғалым өзінің «История Казахстана с древнейших времен» деп аталатын әйгілі көлемді еңбегінде аталмыш мәселеге «Земельная политика царизма. Переселенческая политика. Земельные отношения в казахском ауле» атты арнайы тарау да арнады. Атауынан көрініп тұрғандай, профессор осы уақытқа дейінгі мәселенің тарихнамасында тұңғыш рет империялық аграрлық саясаттың идеологиясын, оның жүзеге асырылу әдіс-тәсілдерін, әлбетте қазақ ауылдарының сан ғасырлық орныққан тіршілік ритмін күйретуге алып келген нәтижелерін тыңғылықты зерттеді [Асфендияров, 1935: 156–199]¹⁵. Шынтуайтында С.А. Асфендияровтың аталмыш еңбегінің жарық көруіне қоса осы ғалымның және профессор П.А. Кунтенің бірлесіп атқарған жетекшілігімен әрі ғылыми редакторлығымен тұңғыш басылып шыққан Қазақстан тарихына байланысты сан алуан деректердің екі кітаптан тұратын жинағы [Прошлое Казахстана..., 1935; Прошлое Казахстана..., 1936] ұлттық тарихнаманың дамуында XX ғасырдың 30-жылдарының екінші жартысынан бері жаңа сапалы кезеңнің басталғандығын паш еткен айтулы жайт болды. XX ғасырдың 50-жылдарының соңына дейін созылған осы уақытта барынша күшейіп орныққан советтік жүйенің саяси-институционалдық, идеологиялық қыспағы арта түссе де Қазақстанның тарихының көптеген ғылыми бағыттары, соның ішінде совет дәуіріне дейінгі Қазақ өлкесін аграрлық отарлау мәселесі жөнінде алғашқы арнайы зерттеулер жарық көрді. Осы ретте 1943 жылы М. Әбдіхалықов пен А. Панкратованың жауапты редакторлығымен жарыққа шыққан көлемді ұжымдық еңбектегі империяның отарлық саясатын, соның ішінде Қазақ өлкесін крестьяндық отарлау тарихын әр қырынан көрсететін «Қазақстан – отар ел» (түпнұсқада – «Казахстан – колония». – авт.) атты арнайы тараудың маңыздылығын ерекше атап өткен ләзім. Ал 1949 жылы басылып шыққан тағы бір ұжымдық кітаптың авторлары XIX ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысынан бастап, әсіресе күшейе түскен үрдіс – қазақтың рулық-шаруашылық территорияларындағы «анықталған артық жерлер» бірінші кезекте қазақ қоғамындағы кедей адамдардан тәркіленді деген шынтуайтында жалған жайтты негіздеуге тырысты. Сол кезде «лениндік ұлт саясатының» негізгі өзекті принципі болып табылатын «пролетарлық интернационализм» идеологиясының тегеурінді ықпалындағы бұл авторлар, тіпті, аталмыш «артық жерлерге» орыс крестьяндарының зорлықпен қоныстануы «прогрессивті құбылыс» дегенге дейін барды [История Казахской ССР..., 1949: 432]. Дейтұрғанымен аталған ұжымдық еңбектің кейбір авторлары «242 млн. десятина мөлшеріндегі қазақ жерінің 40 млн. десятинаны құрайтын бөлігі шынтуайтында орыс крестьяндарына зорлықпен тартып алынып берілді» [История Казахской ССР..., 1949: 432] дегендері олардың империялық биліктің аграрлық саясатының сұрқия мәнін мойындауы еді.

Осы тұста Қазақ өлкесіне империялық билік зорлық-зомбылықпен жүргізген аграрлық саясатының шынайы болмысын нақты тарихи мәліметтер негізінде ашуға тырысқан зерттеушілердің ішінде Г. Барандовтың 68 беттік «Столыпиндік реакция» деп аталатын еңбегін ерекше екшеп атаған

¹⁴Г. Тогжановтың соңғы еңбегі «О казахском ауле» атты зерттеуінің жетілдірілген нұсқасы деуге де болады – авт.

¹⁵Ғалымның шығармашылығының ерекшеліктері мен жетістіктері жөнінде: [Сулейменов, 1987: 170–177; және т.б.].

ләзім. Қарастырылып отырған уақыттағы идеологиялық қыспақтың тегеуріне қарамастан автор орыс крестьяндарының қазақ көшпелілерінің рулық-шаруашылық территорияларына зорлықпен қоныстануы «...жүз мыңдаған жергілікті тұрғындардың тұрмысын күрт нашарлатуға алып келді» [Barandov, 1940: 27]. Ол ол ма, аталмыш зорлық-зомбылыққа қарсылық көрсеткен қазақтарды, әсіресе «П.А. Столыпиннің империялық үкіметке басшылық жасаған жылдары жазалау ерекше күшейді. Патшаның жендеттері мен түрме жұмыскерлері өздерінің қанқұйлы әрекеттерін үздіксіз жалғастырып отырды» (түпнұсқада – «... царские каратели и тюремщики безостановочно делали свою кровавую работу» – авт.). Бұл ретте «П.А. Столыпин үкіметі ұлт аймақтарын орыстандыруға бағытталған ұлтшылдық саясатты ұстанды» [Barandov, 1940: 4, 27]¹⁶. Осы тарихнамалық кезеңдегі күні бүгінге дейін өзінің ғылыми құндылығын жоймаған іргелі зерттеулердің қатарына, сөз жоқ, А.Б. Тұрсынбаевтың 1950 жылы жарық көрген шағын монографиясын жатқызуға әбден болады. Төрт тараудан тұратын бұл еңбекте империялық биліктің орыс крестьяндарын қазақ жеріне қоныстандыру саясатының отарлық мәні, сондай-ақ көшпелілердің рулық-шаруашылық территорияларындағы империялық «артық» деп санаған жерлерді тартып алу және сол жерлерге крестьяндарды орналастырудың қазақ шаруашылығын тұралатқан басты фактор екендігі автордың өзі жүйелеген сан алуан мәліметтерге негізделініп дәйектелінеді [Турсунбаев, 1950]. Кейінгі тарихнамалық кезеңдерде Қазақстанның аграрлық отарлау тарихы жөніндегі жарық көрген еңбектерде бірінші кезекте сілтеме жасалатындығы сондықтан болса керек.

1979 және 2000 жылдары басылып шыққан әрқайсысы бес томнан тұратын екі академиялық басылымдарда империялық биліктің отарлау саясатының, соның ішінде Қазақ өлкесін крестьяндық отарлау үрдісінің барысы, идеологиялық, институционалдық, шаруашылық-экономикалық механизмдері біршама зерттелінді. Осы ретте ерекше атап өтерлік жайт – екі басылымда да Қазақстанды крестьяндардың отарлауы, әсіресе П.А. Столыпиннің империяның ұлт аймақтарында, соның ішінде бірінші кезекте Қазақ өлкесінде жүргізілген аграрлық саясатының тегеурінді ықпалымен айырықша күшейгендігін ерекше атап өтеді [История Казахской ССР..., 1979: С. 258, 405; История Казахстана..., 2000: 595].

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап империялық биліктің Қазақ өлкесін аграрлық отарлау үрдісін бұрнағы жылдармен салыстарғанда барынша жүйелі әрі жоспарлы жүргізген саясатын зерттеу ісіне, әсіресе Б.С. Сүлейменов, В.Я. Басин және П.В. Галузо сынды аса көрнекті қазақ-совет ғалымдары өлшеусіз үлес қосты [Сулейменов, 1963; Сулейменов, Басин, 1981; Галузо, 1965]¹⁷.

Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулер. Мақалада қаузалған мәселелердің қисыны тұрғысынан тәуелсіздік жылдары жарық көрген еңбектердің ішінде «Қазақстанның көне заманнан қазірге дейінгі тарихы» атты бестомдық академиялық басылымдағы империялық биліктің Қазақ өлкесіндегі аграрлық саясатына арналған арнайы бөлімдерді, сондай-ақ Б.С. Токмырзаевтың, С.Н. Малтұсыновтың, И.С. Жиеналинаның, С.И. Ибраевтың, ресей тарихшысы Н.Н. Сороканың, сондай-ақ осы жолдар авторларының және тағы басқа да зерттеушілердің монография, мақала, диссертация түріндегі туындыларын атауға болады [Токмурзаев, 2019: 163–171; Малтұсынов, 2006; Ибраев, 1995; Жиеналина, 2006; Сорока, 2009; Алимбай, Кабульдинов, Смагулов, 2023: 7–40; Алимбай, Орынбаева, 2019: 337–347; Алимбай, Смагулов, 2020: 2765–2776; Алимбай, Смагулов, 2021: 85–96; Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысбергген, 2023: 2075–2095; және т.б.]. Ал Ресей империясының «Оралдың арғы бетіндегі» Ортаазиялық мемлекеттер, ұлыстар мен елдерді, олардың ежелден мекендеп келе жатқан территорияларын жаулауға бағытталған сан деңгейлі, сан салалы отарлық саясатының идеологиясы, жүзеге асырылу механизмдері (экономикалық, институционалдық, ұйымдық және т.б.), іс-тәжірибесі, нәтижелері сияқты іргелі тақырыптардың теориялық һәм методологиялық біраз қыр-сыры көрнекті ресей зерттеушілері А.В. Ремнев пен Н.Г. Суворованың бірнеше еңбектерінде талданылады [Ремнев, 2001: 344–369; Ремнев, 2008: 27–38; Ремнев, 2010: 153–168; Ремнев, Суворова, 2011: 152–222].

Ұсынылып отырған мақаланың мақсат-мүддесі тұрғысынан Қазақстанның тарихи географиясына арналған монографиялар, сондай-ақ «Каталог карт по истории и культуре Великой степи (древность, средневековье, новое время)...» атты картографиялық зерттеу ден қойдырады

¹⁶Бұл жөнінде толығырақ қараңыз [Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысбергген, 2023: 2078–2079].

¹⁷Осы тұста П.В. Галузонның іргелі зерттеуі Қазақстанның оңтүстік өлкелеріндегі патшалық режимнің жүргізген аграрлық саясаты мен оның жүзеге асырылуы механизмдеріне арналғанмен, оның империялық биліктің зорлық-зомбылыққа негізделген аграрлық отарлауға байланысты концепциясының жалпы тарихнамалық, ғылыми мәні бар екендігі еш шәк келтірмейді – авт.

[Ксенжик, 2015; Ксенжик, 2020¹⁸; Ксенжик, Карин, 2023; Каталог карт..., 2023; және т.б.]. Алайда аталмыш басылымдардың авторлары, бәлкім, олардың нысандық ұстанымына байланысты болар, қазақ жерінің ежелден орныққан топонимдік ландшафттың ойконим, ороним, гидроним, соның ішінде потамоним, лимноним; дримоним және осы құралыптас басқа да сан алуан бірліктерінің тарихы, әсіресе Ресейдің отарлық саясатының нәтижесінде түбегейлі өзгеріске (квазитопонимдердің пайда болуы) ұшырауы сынды іргелі мәселелер қарастырмайды. Әзірге қарастырылып отырған тақырыпты арнайы зерттеген авторлар Ж.А. Калимолдина мен географ К.Д. Каймулдинова. Екі еңбектің материалдары Қазақ өлкесінің, соның ішінде біз қарастырып отырған солтүстік және шығыс өңірлерінің байырғы топонимдік ландшафттары жөнінде құнды түсінік алуға мүмкіндік береді. Ал бірінші автор – Ж.А. Калимолдинаның шағын да болса жүйелі жазылған мақаласында Шығыс Қазақстан облысы территориясындағы байырғы топонимдік ландшафттың орнына орыстың квазитопонимдерінің орнығу барысы және нәтижесі мәселенің тарихнамасында тұңғыш рет қаузалып отыр [Калимолдина, 2023: 91–100; Каймулдинова, 1998].

Батыс және түрік ғалымдарының зерттеулері. Қазақстанды аграрлық отарлау тарихына, соның ішінде крестьяндардың қоныстану үрдісіне назар аударған АҚШ және Еуропаның ғалымдары әзірше назар аударған жоқ. Орыс тіліне аударылған АҚШ ғалымы В. Мартиннің XIX ғасырдағы Ресей отарлық саясатының жүзеге асырылуы үдеп тұрған кезеңдегі Орта жүз қазақтарының әдеттік құқық дәстүріне арналған монографиялық зерттеуінде ғана қазақ-орыстар мен крестьяндардың қазақ жерін аграрлық отарлаудың субъектілер ретіндегі тарихы қарастырылады. Автордың нысандық ұстанымына сәйкес, зерттеуде осы екі субъектінің аграрлық отарлауының салдары дәстүрлі қазақы ортадағы құқықтық мәдениетке қаншалықты әсер еткендігі арнайы талданылады. Автордың пайымдауынша, қазақ жерінде отарлаудың әсерінен жаңадан қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және институционалдық ахуал орыс билігін жоғарыда аталған әдеттік құқық жүйесін отардық саясат пен іс-тәжірибенің мүддесіне сәйкес модернизациялауға итермеледі [Мартин, 2012].

Оларға қарағанда Қазақстанды крестьяндық отарлау мәселесіне үстіміздегі жүзжылдықта түрік ғалымдары едәуір қызығушылық танытып отыр. Солардың ішінде проф. Нәдір Девлеттің үш мәрте жарық көрген арнайы монографиялық зерттеуінде Ресей империясындағы 1905–1917 жылдарындағы Бірінші орыс, Ақпан және Қазан революцияларына қазақ, өзбек, түрікмен, қырым татарлары, қырғыз, татар, башқұрт, әзірбайжан сынды түркілердің белсене қатысулары жүйелі және жан-жақты зерттелінеді. Қарастырылып отырған тақырыптың мақсат-мүддесі тұрғысынан профессордың аталмыш әлеуметтік төңкерістерге империяның отарлық езгісіне түскен түркілердің қатысуын олардың өз территорияларының империяның меншігіне айналу факторымен байланыстыратындығы ден қойдырады [Devlet Nadir, 2014]. Ал қарастырылып отырған мәселеге тікелей қатысты еңбектердің ішінде Соннұр Ақтайдың «Sovyet İdeolojisinin Kazakistan Toponimlerine Yansıması» («Совет идеологиясының Қазақстан топонимдеріне әсері») [Aktay Sonnur, 2017: 2685–2693] ғылыми мақаласын ерекше екшеп атап өтуге болады. Зерттеу мақала деңгейінде жүргізілсе де онда автор Қазақстанда патшалық және советтік кезеңде көптеген қазақ байырғы топонимдерінің орыстандырылған үрдісі арнайы қарастырады. Зерттеуші Ресей империясы кезіндегі қазақтың дәстүрлі топонимдерін орыстандыру процесін үш кезеңге бөледі: 1781–1822 жылдар аралығын қамтитын алғашқысында ресей билігі қазақ жеріндегі топонимдерді квазитопонимдерге ауыстыра бастады; екінші кезеңде (1822–1876 жж.) бұл үрдіс әжептәуір қарқындады. Мысал ретінде қазақ жерінің топонимдік ландшафтында Перовск, Верный, Надеждино, Сергиополь сияқты орыс атауларының қалыптаса бастағандығын айтуға болады. Екінші кезеңнен 1917 жылға дейін созылған үшінші кезеңде қазақы топонимдік ландшафттың негізгі бірліктерінің түбегейлі орыстың квазитопонимдерімен ауыстырылуы қазақ көшпелілерінің рулық-шаруашылық территорияларына орыс крестьяндарының зорлықпен орналастыруының тікелей нәтижесі болып табылады.

¹⁸ Осы тұста Г.Н. Ксенжиктің жоғарыда аталған «Картографические материалы по истории Казахстана XVIII – начала XX в.: в контексте формирования государственных границ...» деп аталатын монографиясының атауындағы «...мемлекеттік шекараның қалыптасуы контекстінде» деген жолдар еріксіз тіксіндіреді. Автордың қисынына салсақ, Қазақстанның шекарасының қалыптасуы XVIII ғасырдан бері ғана жүрді ме деген күдікке толы ой зерттеуші былай тұрсын, кез келген көзқарасты оқырманды мазалайтынына еш күмән тумаса керек. Бұл ретте Г.Н. Ксенжик дәстүрлі қазақы ортадағы этникалық шекараны ежелден орныққан өзіндік әдіс-тәсілін ескермегендігі (немесе ескергісі келмегендігі?!) көрініп-ақ тұр. Басты гәп – қазақтың этникалық территориясының тиісті рулық-шаруашылық территориялардан құралады. Ал әрбір рулық-шаруашылық территорияның шекарасы өз кезегінде тиісті мнемоникалық кешен арқылы белгіленеді [Алимбай, 2020: 7–26; және т.б.]. Демек, еуроцентристік зерттеу дәстүрінде орныққан «мемлекеттік шекара» терминінің мағыналық қалпымен көшпелілердің территорияларын анықтау еш мүмкін емес. – авт.

Советтік кезеңде (1917 жылдан кейін) топонимдерді орыстандыру саясаты Қазақстанда ғана емес, бүкіл Совет Одағының құрамындағы ұлт аймақтарында да, соның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Татарстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Башқұртстан жерлерінде және қырым таралары ежелден қоныстанған Қырымда да жүзеге асырыла берді [Aktay Sonnur, 2017: 2685–2693].

Нәтижелер. Қазақ өлкесін аграрлық отарлаудың негізгі субъектілері. Крестьяндардың жетекші рөлге ие болуы. Совет дәуіріне дейінгі Ресей басылымдарында Қазақ өлкесі батыс аймақтарының Ресей империясымен іргелес жатқан кейбір жерлерінде өз елінде қылмыс жасап «ұры-қары» атанған орыс адамдарының (түпнұсқада – «воровские люди») XV ғасырдың соңғы кезінде пайда болғандығы жөнінде біраз мәліметтер келтіріледі [Россия., 1903: 153–154]. Дегенмен аталмыш уақытта мұндай келімсектер саны аздау әрі олардың келген жеріне қоныстану ауқымы әлі де болса шектеулі болды. Алайда XVI ғасырдың екінші жартысы кезеңінің аяқ шеніне қарай бұл ахуал әжептәуір өзгерді: қазақ жерін мекендеуге ынталы келімсектердің өз бетімен қазақ жерінің батыс, солтүстік, шығыс өңірлеріне қоныс аудару жайы жүйелі бастады. Осыған байланысты, шамамен, аталған жүзжылдықтың орта шені орыс адамдарының әр түрлі әлеуметтік жіктерден тұратын топтарының алғаш баса көктеп енген уақыты болып саналады [Россия., 1903: 147–151; Абдиров, 2023: 27]. Өзінің туған ортасынан әр түрлі себептермен шеттеген және шеттетілген мұндай адамдардың легі XVII және XVIII жүзжылдықтар бойы үстелене берді әрі олардың көшпелілердің шаруашылық территорияларына зорлықпен қоныстану географиясы да әжептәуір ұлғайды [Россия., 1903: 153–154]. Осылайша жоғарыда аталған өңірлер ғана емес, империяның геосаяси стратегиялық жоспарында өзіндік айырықша орыны мен рөлі бар қазақ өлкесінің оңтүстік-шығыс аймағында да 19 казак-орыстар мен крестьяндардың, қоныстары пайда бола бастады [Остафьев, 1895: 18–19; Волкова, 2000: 426–427]. Қазақ даласында империялық биліктің дендеп орнығу кезеңі тұсында жарық көрген біраз ресейлік басылымдарда көрсетілгендей, «вольные колонизаторы»²⁰ («еркін отарлаушылар») деп аталатын мұндай адамдардың қатары крепостниктік құлдықтан құтылуды көздеген крестьяндар²¹, кедейленген казак-орыстар, туған ортасында қылмыс жасағандар, қайыршылар, сектанттар, жер аударылғандар (түпнұсқада – «ссылные») және т.б. сияқты сан алуан қаңғыбас тіршілік кешкен шете²² тобырлардан (түпнұсқада – разный сброд) құралды [Россия., 1903: 147–152]. Үздік-создық сипаттағы бұл үрдіс кейін де XIX – XX ғасырдың алғышқы онжылдығы бойы еш толастаған емес. Мұндай «еркін отарлаушылардың» қазақ көшпелілерінің рулық-шаруашылық территорияларына баса көктеп қоныстану әрекеттері «вольная колонизация» («еркін отарлау») деп аталды²³. Осы ретте

¹⁹Расында да Ресей билігі, сондай-ақ империяның саяси һәм интеллектуалдық топтардың өкілдері Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлерін, әсіресе олардың Қытаймен іргелес жатқан территорияларын қытайлықтардың иемденіп кету мүмкіндігі жоғары деп санады. Геосаяси тұрғыдан аса маңызды аймақ ретінде бағамдалған аталмыш өңірлерге «сары өңділердің» (түпнұсқада «желтая угроза») қауіп-қатерінен сақтауға бағытталған казак-орыс бекіністерін салу және орыс крестьяндарын қоныстандыру ісіне айырықша күш салғандықтары сондықтан [Гейнс, 1897: 25–57; Россия..., 1903: 150–153, 155, 158–159, 160, 167–169, 176–177, 180–185; История Казахстана., 2000: 150–156, 305, 308–311; Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысберген, 2023: 2089; және т.б.].

²⁰Қарастырылып отырған кезеңдегі кейбір орыс басылымдарында «вольные колонизаторы» терминінің синонимы ретінде «вольница» деген ұғым да қолданыста болды. Сондай-ақ соңғы термин қазақ жеріне өз бетімен келіп орныққан казак-орыстарға да қатысты пайдаланылды. Алайда бұл синоним терминдерді XIX ғасырдан бастап «самовольные переселенцы-крестьяне» («өз бетімен қоныс аударған крестьяндар») ұғымы бірте-бірте ығыстырды [Қараңыз: Россия., 1903: 148, 153–155, 179; және т.б.].

²¹М.А. Терентьевтің «История завоевания Средней Азии. С картами и планами...» [Т. 1. Санкт-Петербург: Типо-литография В.В. Комарова, 1906. 510 с.] атты әйгілі 3 томдық еңбегінің 1 томында Қазақ өлкесіне крепостниктік құлдықтан қашып келген крестьяндарды «гулящие люди» деп атаған болатын (С. 49). М.А. Терентьев (1837–1905 гг.) орыс армиясының генералы. 1867 жылы Түркістан өлкесіне империя ұйымдастырған әскери жаулау жорығына белсене қатысты. Қазақ, өзбек, түркімен, парсы тілін әжептәуір жақсы меңгерген көрнекті тарихшы әрі лингвист ретінде қазірге дейін өзінің ғылыми-танымдық маңызын жоғалтпаған тарихи және лингвистикалық түркология саласында бірнеше еңбектерді жарыққа шығарды (кейбір деректерге қарағанда түрік тілінде білгенге ұқсайды).

²²«Шете» ұғымы қазіргі әлеуметтік терминологиялық қисынға салғанда «аудсайдер» немесе «маргинал» дегенді білдіреді – авт.

²³«Еркін отарлау» («вольная колонизация») термині «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества: настольная и дорожная книга для русских людей» атты еңбектің 148-бетіндегі төмендегі жолдар қисынының «туындысы» ретінде алынып отыр: «... правительственная колонизация (и завоевание) шла по следам вольной...». «Еркін отарлау» үрдісі XIX ғасырдың аяқ шеніне дейін үздік-создық болса да жалғасты. Қараңыз: [Россия., 1903: 169]. Сонымен бірге XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясының ресми басылымдарында «самовольная колонизация» («өз бетімен еркін отарлау») термині де қолданысқа енді. Мұндай отарлаудың субъектілері империяның толық құзырындағы «сібірдің әртүрлі қалаларынан ауып келген мешандар және Ақмола облысымен шекаралас Тобыл губерниясына қарасты Курганск және Ишим уездерінің крестьяндары болды...». Бірақ соңғылары келімсектердің басым бөлігін құрады [Россия., 1903: 155].

империялық биліктің шынайы отаршылдық пиғылын, тактикасы мен стратегиясын да айқын айғақтайтын төмендегі жайт ерекше назар аударады. Өңгіме аталмыш тобырлық топтардың қазақ территориясын бейберекет басып алу үрдісі соңынан орыс билігі тарапынан іле-шала заңдастырылып та отырғандығы жөнінде болып отыр [Россия., 1903: 148]. Кейбір жағдайда, тіпті, империялық билік (түпнұсқада «правительство») жоғарыда айтылған «еркін отарлаушылардың» басып алған жерлерін өзінің меншігіне айналдыру жайттары да аз болған жоқ [Россия., 1903: 148]. Осындай тобырлардың көшпелілердің рулық-шаруашылық территорияларының біраз бөліктерін «өз бетімен еркін басып алу» салдарына XIX ғасырда Қазақстанды мейлінше күшейе түскен аграрлық отарлаудың қисыны тұрғысынан ой жүгіртер болсақ, осы отарлаудың жоғарыда аталған алғашқы кезінде-ақ қазақ жерінің ежелден орныққан топонимдік атаулары орыстың квазитопонимдерімен ығыстырылу үрдісіне ұшырай бастады деп тұжырым жасауға болады. Расында да XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды жаппай аграрлық отарлаудың ащы тәжірибесі айқын айғақтағандай, орыс крестьяндарының қазақтың шаруашылық территорияларына зорлықпен қоныстану барысы сол территориялардың топонимдік ландшафтының міндетті түрде орыстануымен аяқталып отырды. Өйткені мұндай басып алған жерлерге орыстың квазитопонимдерінің орнығуы, сайып келгенде, бұл жерлердің ендігі иелері крестьяндар екендігін символдық тілмен айғақтау болып табылады [Алимбай, 2024: 269–271; Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысберген, 2023: 2086–2088]. Демек жоғарыда аталған XVI–XVIII жүзжылдықтар уақытын Қазақ өлкесін кейін толық жаулаудың әскери, саяси-институционалдық, әлеуметтік-экономикалық, әкімшілік-территориялық сынды біраз қажетті алғышарттарының қалыптасу кезеңі ретінде қарастыруға болады²⁴.

Дегенмен сан алуан мәліметтер ресей билігінің «Оралдың арғы жағындағы» (түпнұсқада «Зауралье») ұланқайыр территорияларда ежелден жасап келе жатқан ел-жұрттарды, соның ішінде қазақ өлкесін түбегейлі бағындырудың өз заманында жан-жақты ойластырылған стратегиялық мақсат-мүддеге негізделген отарлау үрдісі XVII ғ. бастау алатындығын айғақтайды [Остафьев, 1895: 3; Россия., 1903: 148–151]. Осы жайтқа байланысты төмендегідей екі елеулі оқиға ерекше назар аударады. Жоғарыда аталған стратегиялық геосаяси жоспардың аясында 1670 жылы Ом өзенінің Ертіске құяр сағасынан 50 версталық қашықтықта тұңғыш рет Чернолуцкая деп аталатын нығайтылған бекініс салынды (түпнұсқада укрепленный пункт) [Остафьев, 1895: 3; Россия., 1903: 154]. Ал 1640 жылы орыстың Гурьев есімді бай алпауыты Жайықтың сағасына кейін ірі қалаға айналған өзі аттас Гурьев қалашығының негізін қалады. Қазақ даласын империяның отарлау тарихындағы осынау айтулы екі жайтты айырықша символдық мәнді бірегей оқиғалар деп бағамдауға болады. Өйткені аталмыш бекініс пен қалашық және Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс, шығыс және батыс өлкелерінде сәл кейінгі жылдары пайда болған осы құралыптас казак әскери бекіністер, қамалдар мен отарлаушылар қоныстанған әр түрлі елді мекендер бүкіл қазақ жерін тегіс және түбегейлі жаулап алудың бастамасы болды әрі алғашқы орталық-тораптарына айналды [Остафьев, 1895: 3–24.; Гейнс, 1897: 25–57; Россия., 1903: 146–170, 175–198; Сорокин, 2008: 83–98; История Казахстана., 2011: 243–244, 364–369, 424–428; Мартин, 2012: 79–95; Абдиров, Аубакирова, Бижигитова, Каженова, 2016; Абдиров, 2023; және т. б.]. Империялық биліктің тарапынан алдын ала жоспарланған және осының негізінде ұйымдастырылған мұндай отарлау үрдісін совет дәуіріне дейінгі кейбір басылымдарда үкіметтік отарлау (түпнұсқада – «правительственная колонизация») деп те атайды [Россия., 1903: 148–170]. Осы қисын тұрғысынан жоғарыда аталған орыс келімсектерінің өз бетімен көшпелілердің рулық-шаруашылық территорияларына зорлықпен орналасу жайттарын империялық биліктің заңдастыру іс-әрекеттерінің де «үкіметтік отарлауға» жататындығын атап өткен жөн.

Сонымен, жоғарыда ішінара айтылғандай, XVIII ғасырдың 20-жылдарынан бергі уақытта Қазақстанды империялық жаулау барысы казак-орыстық, әскери, әкімшілік отарлау және крестьяндық отарлау сияқты өзара себеп-салдарлық байланыстағы негізгі төрт бағытта өрбіді. Осылардың ішінде ресей билігі үшін казак-орыс әскери сословиесі алғашқыда Қазақ жері мен елін

²⁴Өңгіме XVIII ғасырдың 20–30-жылдары Кіші жүз, ішінара Орта жүз қазақтарының орыс билігінің кіріптарлығына ұшырау жайттарын да қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ даласын аграрлық отарлау барысын біршама үдеткен фактор ретінде қарастыру қажеттілігі жөнінде болып отыр. Тиісті деректерге контекстуалдық және факторлық тұрғыдан зер салсақ, расында да, XIX-ғасырдың 20-жылдарындағы аталмыш жүздердегі хандық биліктің жойылуы, одан әрі осы жүзжылдықтың 30-жылдарындағы жүргізген әкімшілік-территориялық өзгерістер және осы реформаларды зорлықпен жүргізудің XIX-ғасырдың бас кезеңіне дейінгі іс-тәжірибесі сынды деструктивтік факторлардың отарлау үрдісіне, соның ішінде крестьяндардың қазақ жеріне баса көктеп қоныстану барысына да айырықша ықпал еткендігіне көз жеткізу қиын емес. Империяның тарапынан ұйымдастырылған осы жайттар көшпелі социумға тиген алғашқы тегеурінді соққы еді. Отандық тарихнамада мүлдем зерттелмеген осынау бірегей аспектілер арнайы зерделеуді қажет етеді – авт.

түбегейлі бағындыратын ең басты «ұйымдасқан әскери күш» (түпнұсқада – «организованная военная сила»), сондықтан да ең «сенімді сүйеніш-тұғыр» (түпнұсқада – «надежный оплот») болып саналды. Осыған байланысты төменде қазақ өлкесін, соның ішінде ұсынылып отырған еңбекте сөз болып отырған солтүстік және шығыс аймақтарын казак-орыс әскери отарлау барысына тоқталуды жөн көрдік. Бұл ұстаным зерттелетін негізгі мәселе – империялық билік басында ерекше сенім артқан казак-орыстармен салыстырғанда крестьяндық отарлау түптің түбінде шешуші факторға айналғандығын дендеп зерделеуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, расында да, империя алғашқыда казак-орыстарды Қазақстанды жаппай әрі түбегейлі отарлау ісінің басты субъектісіне айналдыруға айырықша көңіл бөлді [Остафьев, 1895: 3–8; Россия., 1903: 148–155, 176–177]. Ресей билігінің сонау XVI ғасырдан бері Қазақ өлкесін толық иемденуді көздеген геосаяси стратегиясын жүзеге асырудың бірінші кезектегі әскери, институционалдық-ұйымдық, тіпті территориялық алғышарттары болып табылатын көптеген казак-орыстық әскери қамалдарды, бекіністерді, форпостарды, редуттарды, форттарды салуға өндірістік, технологиялық, қаржылық және адамдар ресурстарын еш аямағандықтары сондықтан [Остафьев, 1895: 3–8; Гейнс, 1897: 29–57; Россия., 1903: 151–155, 163–165, 176–177; Терентьев, 1906: 22–23, 36, 48, 52, 63, 74–76, 89–91, 94–96, 122–125, 213–214, 235, 260–308; Россия., 1913: 305–342, 769–770, 775–780; История Казахстана., 2000: 150–156, 300, 305–311; Абдиров, Аубакирова, Бижигитова, Каженова, 2016; Абдиров, 2023; және т. б.]. Бұл ретте ерекше назар аударарлық гәп – казак-орыс бекіністердің төңірегіне бір мезгілде Ресейден өз бетімен ауып келген крестьяндар отбасыларының қоныстануы жайттары да болып тұрды [Масанов, Абылхожин, Ерофеева, Алексеенко, Баратова, 2001: 199–201].

Архивтік деректерге қарағанда, 1716–1720 жылдар аралығында Ертіс бойында салынып жатқан бекіністерге шамамен 800-дей әскери міндеттер атқаратын адам (түпнұсқада «служилые люди» – авт.) тіркелген екен. Шамамен XVIII ғасырдың 60-жылдарынан бастап іске қосылған бекіністердегі казак-орыстардың қатары төмендегідей әлеуметтік және кейбір башқұрт пен украиндықтар сынды этникалық топтардың өкілдері есебінен арта бастағандығы аңғарылады:

– Дон өзені жағалауындағы жергілікті казактардан бөлініп ауып келгендер және осы сословиенің құрамында болуға ықтиярлық білдірген башқұрттар;

– 1770 жылы Запорожье казактарынан бөлініп келген [этникалық нәсілі украиндық] 150-ге жуық адам [ҚР ОМА. 825-қор. 1-тіз. 16-іс. 1-байлам].

Сонымен бірге аталмыш бекіністер және оның төңірегіндегі территорияны мекендеген тұрғындардың құрамы, біріншіден, өз бетімен көшіп келген, ал 1760 жылдан бастап [орыс билігінің рұқсатымен] қоныс аударған крестьяндар²⁵, екіншіден, 1762 жылдан бастап бекіністерде жөндеу жұмыстарын атқару үшін әкелінген түрмеде жазасын өтеп жатқан қылмыскерлер (түпнұсқада «колодники» – авт.) есебінен толықты. Осы құралыптас тағы бір одағай деп айтуға боларлық жайт – Тобольск губерниясындағы солдаттардың балиғатқа толмаған («малолетки») 2000 баласы тиісті бекіністерге бөлінді деген мәліметтер де архивтік құжат болып тіркелген [ҚР ОМА. 825-қ. 1-тіз. 16-іс. 1-байлам. 1-п., 1-п-тың к.б.].

Сондай-ақ аталмыш деректерде казак-орыс бекіністерінің төңірегіндегі жерлерден бұрынғы «полктағы әскери қызметінен босағандар» және «әскери шені төмен адамдардың» әрқайсысына 1762 жылы 20 десятинадан жер бөліп берілгендігі айтылады. Біздің ойымызша, бұлар да жергілікті казак-орыстардың қатарына енгендер болып табылады. Осы тұста тағы бір ерекше назар аударарлық гәп – авторлар сүйеніп отырған осы деректе бекіністерге жақын жерде қоныс тепкен жер аударылғандар («ссылные») да, яғни қылмыскерлер де (1775 жылы) казак-орыстардың құрамына қабылданғандығы туралы мәлімет кездеседі.

Сонымен алғашқыда крестьяндарға қарағанда әскери казак-орыстардың қазақ жеріне қоныс аудару барысы біршама белсенділеу жүрді. Бұл жайтты империялық биліктің өлкені алғашқыда (және кейін де) әскери күшпен түпкілікті отарлауды жүзеге асырудың басты тораптары болып табылатын көптеген әскери казак-орыс бекіністерін орнату стратегиясымен түсіндіру қажет. В. Остафьевтің ден қоярлық мәліметіне қарағанда, Ертіс өзені бойындағы жеті қамалға бөлініп орналасқан казак-орыстардың саны (түпнұсқада – «семь Иртышских крепостей») 1725 жылдың өзінде 489 жеткен екен [Остафьев, 1895: 3; Россия., 1903: 152]. Дейтұрғанмен деректерде Қазақ өлкесінің солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарын казак-орыстың әскери отарлау барысының күшеюі, шамамен,

²⁵ Империялық биліктің аталмыш кезеңде-ақ крестьяндардың казак-орыс бекіністерінің маңындағы жерлерге орналастыру ниетін ресми қолдағандығы жөнінде мәліметтер баршылық. Мысалы: [ҚР ОМА. 825-қор. 1-тіз. 16-іс. 1-байлам]; және т.б.

1745 жылдан басталады деп саналады [Остафьев, 1895: 3; Россия., 1903: 152]. Бұл жайт, ең алдымен, империялық билік, саяси және интеллектуалдық ортада өзінің жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен, іскер әрі жігерлі әскербасы екендігімен айырықша беделге ие болған генерал Х.Х. Киндерманның әскери ұйымдастырушылық қызметімен тікелей байланысты²⁶. Осы көрсетілген жылы өзінің құзырындағы бес драгун полктарымен Сібір шекара қатарына (түпнұсқада – Сибирская пограничная линия) аттанған генералдың тікелей ұйымдастыруымен Ертіс өзенінің бойында бұрынғы 5 қамал мен 7 форпостқа тағы да 24 бекініс пен 11 редут қосылды. Сонымен бірге генерал Х.Х. Киндерман осы уақытта Алтай жерінде салына бастаған әйгілі бірнеше Колыван зауыттарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Шульбинск форпостынан бастап Кузнецкке дейін бүкіл Алтайды көктеп өткен қамалдар қатарын салуды ұйымдастырды. 9 қамалдан және 53 редуттан тұратын бұл қамалдар қатары 1764 жылы... Бийск казак-орыс қамалдар қатарының қалыптасуына негіз болды. Бұрын Колыван-Кузнецк (түпнұсқада «Колывано-Кузнецкая линия») қатары деп аталып келген аталмыш қамалдар кейін Сібір казак-орыс әскери қосынының құрамына енгізілді. ...Сонымен бірге «...қырғыз (қазақ – авт.) даласының солтүстік жағынан Ишим [қамалдар] шебі салынды...». Сөйтіп аталмыш жігерлі генералдың ерік-күшімен 1752 жылы кейінірек «Горькая линия» шебі атанған Пресногорьковская... қамалдар қатары пайда болды [Остафьев, 1895: 3–4]. Таратып айтқанда, көрсетілген «... жылы²⁷ генерал Х.Х. Киндерман Петропавловская қамалын және Омская қамалынан Орынбор қамалдар шебі (түпнұсқада «до Оренбургской крепостной линии») дейін созылып жатқан 3642 адам орналасқан редуттар қатарын, [соның ішінде] 2 алты бұрышты, 9 төртбұрышты қамал және 33 редут пен 42 маяк салуды ұйымдастырды» [Россия., 1903: 152; Остафьев, 1895: 4]. Осылайша «Песчаный поселкісінен Омбыға дейін 548 верстаға созылып жатқан бірінші «Горькая линия» [қамалдар, бекініс, форпост, редут, әрі қарай – қамал] шебі; екінші Петропавловсктен Көкшетау, Атбасар, Ақмолаға қарай 616 верста қашықтыққа бір-біріне созыла жалғасқан қамалдар шебі, содан кейін [осы қамалдар қатарына] мүлдем сәйкес (түпнұсқада – «совершенно тождественная третья линия») 929 верстадан астам «Иртышская линия» [қамалдар] шебі және кейін салынған 324 верстаға созылған [үшінші] «Бухтарминская линия» қамалдар шебі салынды. Яғни барлығы 1801 верста қашықтыққа бір-біріне іс жүзінде «бір сызық бойы» жалғасқан Горькая, Иртышская және Бухтарминская қамалдары қатарлары пайда болды... Сөйтіп 1801 жылғы мәлімет бойынша аталмыш қамалдарға орналасқан казак-орыс әскерінің саны 6000 жетті. Сонымен бірге 1733 жылғы жоғарғы биліктің бұйрығымен әрбір казак-орыс 6 десятина жерді меншіктеу құқығына болды» [Остафьев, 1895: 4–5]. Осылайша аталмыш уақыттан бастап казак-орыстардың елді мекендері де пайда бола бастады. XIX ғ. басынан бері кәдімгідей тұрақты тенденция болып қалыптасқан бұл үрдістің барысында Сібір казак-орыс әскери қосыны тарихын зерттеуші әрі өзі де осы қосынның старшинасы болып қызмет атқарған Ф.Н. Усовтың XIX ғ. орта шеніне дейінгі мәліметі бойынша осы әскери сословиенің құзырындағы территорияның жалпы аумағы 4 995 233 десятина немесе 48 058 шаршы верстаны құрады [Усов, 1877: III]. Әлбетте көшпелілердің ежелден пайдаланып келген мұндай рулық-шаруашылық территорияларын казак-орыстардың зорлық-зомбылықпен басып алуының ақыры да, жоғарыда айтылғандай, олардың байырғы топонимдік ландшафтысын міндетті түрде орыстандыру үрдісімен аяқталынып отырды.

Сонымен М.М. Сперанскийдің 1822 жылғы әйгілі «Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы Жарғыға» сәйкес Орта жүздегі және 1824 жылғы «Орынбор қырғыздары (қазақтары) туралы Жарғы» бойынша Кіші жүздегі хандық билік институттарының жойылуы, сондай-ақ осы жүзжылдықтың 20-жылдарының екінші жартысынан бастап империялық билік тарапынан жүргізілген әкімшілік-территориялық іргелі өзгерістер Қазақ даласына сыртқы келімсектердің соның ішінде казак-орыстардың да қоныстану географиясын едәуір ұлғайта түсті²⁸. Сөйтіп Баянауыл (1826 ж.),

²⁶ Киндерман Христиан Христианович Ресей империясының көрнекті әскери қайраткері (1689–1751) (52). Генерал-майор. Сібір казак-орыс қосынының алғашқы қолбасшысы – авт.

²⁷ В. Остафьевтың еңбегінде бұл уақыт 1755 жыл деп көрсетілген. Қараңыз: [Остафьев, 1895: 4].

²⁸ [Материалы по истории..., 1960: 91–176; Казахско-русские отношения..., 1964: 203–381; История Казахстана..., 2000: 297–304, 301–320; және т. б.]. [Нұрсан Өлімбаидың пікірінше, XIX ғасырдың 20–30 жылдары империялық билік тарапынан жүргізген аталмыш институционалдық және әкімшілік-территориялық өзгерістердің Қазақ өлкесіне казак-орыстар мен крестьяндардың қоныстануына, сондай-ақ бірқатар Ресей өнеркәсіп орындарының пайда болуына тигізген тікелей және жанама әсерлері әлі де болса зерттелмеген тың тақырыптардың қатарына жататындығын айта кеткен жөн. Сонымен бірге осы реформалардың XIX ғасырдың екінші жартысында ресей билігі тарапынан Қазақстанда ұйымдастырып жүзеге асырылған 1867–1868 және 1886–1891 жылғы саяси-әкімшілік һәм әкімшілік-территориялық түбегейлі өзгерістермен өзара себеп-салдарлық байланыстары да зерттеушілердің назарынан тысқары қалып келеді. Өңгіме жоғарыда аталған XIX ғасырдың 20–30 жылдары империялық билік жүзеге асырған аталмыш реформалар тәжірибесін осы жүзжылдықтың

Қарқаралы (1824 ж.), Ақмола (1827 ж.), Атбасар (1846 ж.), Көкпекті (1827 ж.) сыртқы округтерінде казак-орыстардың станицалары мен поселоктары пайда болды. Архивтік материалға сүйенсек, 1841 жылы Ертіс бойындағы Колыван (түпнұсқада «Колывановский» – авт.) және Кузнецк, сондай-ақ сыртқы қазақ округтерімен шектесетін бекіністер шебінде орналасқан 85 редут пен форпоста тұратын адамдардың жалпы саны 48331 жетіпті [ҚР ОМА. 825-қ. 1-тіз. 16-іс. 1-байлам. 1-п-тың к.б.]²⁹. Архив материалына қарағанда, 1846 жылы казак-орыстар құрамына Ертіс бойында орныққан бекіністер шебі маңындағы бұрын жергілікті тұрғындардан тартып алынған шаруашылық территорияларды қоныстанған біраз крестьяндар да қабылданды [ҚР ОМА. 825-қ. 1-тіз. 16-іс. 1-байлам. 1-п-тың к.б.].

Сонымен 1865–1867 жылдары империялық биліктің арнайы тапсырмасымен іс жүзінде бүкіл Қазақ өлкесін аралап тарихи-этнографиялық материал жинаған А.К. Гейнстің³⁰ ден қоярлық мәліметіне қарағанда, «орыс билігінің сүйеніші әрі көшпелілерді отырықшылыққа, жер шаруашылығымен айналысуға ұйытқы болуға тиісті казак-орыс елді мекендері Қазақ даласында 1824–1849 жылдар аралығында қалыптасты» [Гейнс, 1897: V–VI, 3–20, 269]³¹. Бұл тұста аталмыш әскери сословиеге жататындар санының өсімі осы уақытта сан түрлі казак-орыс әскери бекіністерінің төңірегін қоныстанған крестьяндар отбасыларының қосылуы есебінен де әжептәуір арта түскендігін ерекше екішеп атап өткен ләзім [ҚР ОМА. 825-қ. 1-тіз. 16-іс. 1-байлам. 1-п-тың к.б.]. Бірер айшықты мысал ретінде 1847 жылы Иртыш және Горькая қамалдар қатары бойындағы жерлерді казак-орыс станицаларымен іргелес қоныстанған крестьяндардың 14000 адамнан (ерлі-зайыптыларды қоса есептегенде) тұратын 42 елді-мекенінің (түпнұсқада – «деревня») казак-орыс әскери қосынының қарамағына өткендігін айтуға болады [Остафьев, 1895: 6].

Алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі уақытта Қазақстанның сөз болып отырған солтүстік және шығыс өңірлеріндегі казак-орыстардың демографиялық өсімі біраз баяулағаны да айқын аңғарылады. Осы әскери сословиеге байланысты аталмыш демографиялық ахуалды төмендегі мәліметтер айқын айғақтайды. Шамамен XIX ғасырдың 60 жылдарының орта шеніне таман Сібір казак-орыс жеріндегі ресейден ауып келген келімсектердің жалпы саны 109983 (56030 ер адам, 53653 әйелдер) [Гейнс, 1897: 54 (сілтеме)], соның ішінде шаруашылықпен айналысатын ерлі-зайыпты казак-орыстардың саны 17700 болыпты [Гейнс, 1897: 269]. Ал осы жүзжылдықтың 90 жылдарының бас кезіндегі казак-орыстардың 170 елді мекендеріндегі қоныстанған адамдардың жалпы саны ерлі-зайыптыларды қоса есептегенде 113546 жеткен екен [Остафьев, 1895: 6]. Осылайша XX ғасырдың алғашқы жылдары «Сібір казак-орыстарының Ақмола мен Семипалатинск облыстарына қарасты жер және мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындарының жалпы санына шаққандағы үлес салмағы Омбы уезі бойынша небәрі – 17%, Петропавловск – 20%, Көкшетау – 11%, Атбасар – 2%, Ақмола – 1%, Павлодар – 6%, Қарқаралы – 0,5%, Семей – 7%, Өскемен – 10%, Зайсан – 2% құрады» [Ксенжик, 2015: 200]. Сонымен бірге осы уақытта Сібір казак-орыс әскери қосындарына жататын отбасылар 1914 жылдың 1 қаңтарында тіркелген ресми мәлімет бойынша 48 станицаларға, 1234 поселкілерге және 16 шағын елді мекендерге (түпнұсқада – «выселок») бөлініп орналасты [Ксенжик, 2015: 200].

Сөйтіп орыс билігі казак-орыстардың жалғыз әскери күшімен ғана Қазақ жерін жаулап алудың жеткіліксіз екендігін түсінгендіктен болар, осы әскери сословиені қосымша аграрлық отарлаудың да негізгі субъектісі – ауылшаруашылық саласының әлеуетті өндіріс күшіне айналдыруға да барынша

II жартысында институционалдық және әкімшілік-территориялық өзгерістерді іске асыру барысында пайдалану барысын дендеп зерделеу жөнінде болып отыр – авт.

²⁹Осы архивтік мәліметтегі келтірілген адамдардың санының тым көптігіне қарағанда бұл тұста казак-орыстар ғана емес, крестьяндар да бірге беріліп отырылған тәрізді. Алайда бұл мәліметтегі адамдардың әлеуметтік құрамы жіктеліп көрсетілмеген – авт.

³⁰А.К. Гейнс (1834 – 1892 г.) Ресей империясының көрнекті мемлекеттік және әскери қайраткері. 1877–1878 ж. Торғай облысының генерал-губернаторы. Император II Александрдың жарлығымен 1865 ж. құрылған «Далалық комиссияның» құрамына кірді. Комиссияның тапсырмасымен Қазақ өлкесіндегі ең алдымен жергілікті тұрғындардың дәстүрлі тұрмысы мен шаруашылығын және басқару жүйесін зерттеу мақсатында құрылған ғылыми экспедицияның мүшесі ретінде 1865–1866 ж. аса құнды тарихи-этнографиялық материал жинады. Осы ретте тағы бір айта кетер елеулі жайт – 1867 жылғы «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ереже» жобасының негізгі авторы да осы шенеунік [Александр Константинович Гейнс, 1897: 9]. Сонымен бірге А.К. Гейнс осы Ережеге қажетті концептуалдық мәнді түсіндірме мәтінді және аталмыш екі облысты басқаратын болашақ құрылымның штаттық кестесіне түсініктеме де жазды [Александр Константинович Гейнс, 1897: 19]. Тағы бір айта кететін жайт – бұл шенеунік 1868 жылғы Қазақ өлкесінің далалық облыстарын басқару жөніндегі Уақытша Ережені дайындау ісінде де шешуші рөл атқарған саяси тұлғалардың бірі [Гейнс, 1897: 7].

³¹Осы тұста айта кетер бірер жайт – еңбектегі қарастырылып отырған мәліметтің өрбітілу қисынына зер салсақ, әңгіме казак-орыстардың Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлерге қоныстанғандығы жөнінде болып отыр – авт.

тырысып бақты. Осыған байланысты, тіпті казак-орыстардың әр жан басына шаққанда 40–50 десятинадан астам жер де бөлініп берілді³². Осылайша сол кездегі Ақмола мен Семей облыстарына қарасты бір ғана Сібір казак-орыс қосының құзырына аумағы 5 млн. астам территория (соның ішінде – Ертістің сол жақ жағалауының өн бойында созылып жатқан әйгілі ені «10 верстальк» жер де) толық берілді [Гейнс, 1897: 117, 341–343; Россия., 1903: 177; Переселение в Степной край., 1907: 111; Асфендияров, 1935: 156]. Мұндай топырағы аса құнарлы, шөбі шүйгін жерге жойдасыз иелік ету казак-орыстарды шаруақор субъектілерге айналдыра алмады. Керісінше осындай материалдық игілікті зорлық-зомбылықпен иеленген олар «жатыпшішерлік» жолға түсті. Осындай жайттардың тікелей куәгері – жоғарыда есімі аталған империялық биліктің мәртебелі өкілдерінің бірі генерал А.К. Гейнстің мәліметіне сүйенсек, расында да «үкіметтің казактарға берген артықшылықтары, шынтуайтында, олардың тұрмысын жақсартта да алмады, [шаруашылық] харекетін де белсенді етуге дәрменсіз болып шықты. Керісінше [мұндай артықшылықтан мастанған] казак-орыстардың шаруашылығы берекесіздікке ұшырады. Ол ол ма, осындай күйдегі казак-орыстар енді жергілікті тұрғындардың жиған-тергенін ұйымдасқан түрде және ұдайы әлімжеттікпен тартып алып отырды (түпнұсқада «систематически-организованное обирательство киргизов». – авт.) [Гейнс, 1897: 116–117]. Осы және осы құралыптас жағымсыз жайттарды айғақтайтын тағы бірер көрнекі мысалды аталмыш шенеуніктің еңбегінен келтірелік. Генералдың айтуынша, аталмыш өзеннің әйгілі Құлынды даласымен шендесетін оң жақ жағалауындағы бірнеше станицаларда тұратын казак-орыстар қазақтардан тартып алынған осы территориядағы жайылымдық алқаптарды енді сол бұрынғы иелері – көшпелілерге жалға беріп отырды. Сол сияқты сол жақ жағалаудағы «10 верстальк» бұрынғы жерлерін де кіріптарлыққа душар болған жергілікті тұрғындар жаңа қожайындардан жайылымдыққа да, шабындыққа да жалға алуға мәжбүр болды [Гейнс, 1897: 117, 341–343, 344–347]. Сөйтіп оп-оңай өсімқорлық жолға түскен казак-орыстар жергілікті тұрғындардан тартып алған жердің есебінен ең байлыққа кенелді. Генерал осы айтқандарын сол төңіректе кезінде аса беделді «сөз ұстаған»³³ би болған бір адамның төмендегідей берген мәліметімен айғақтайды. Бидің айтуынша, «ол [өзінің отбасымен] Ертістің оң жақ жағалауынан «10 верстальк» қашықтықта тұрады. Қазір, – дейді би, – мен ғана емес, барша руластарымның атам заманнан меншіктеніп келген жерлеріміз казактарға беріліп кетті. Енді казактар өздеріне берілген өзеннің оң жақ жағалауынан 5 верстальк қашықтыққа дейін қазақтарды жолатпайтын құқыққа сүйеніп, мені [руластарымды да] осы жағадағы жайылым жерді пайдаланғаным үшін «картомдық» ақша төлеуге мәжбүрлеп отыр» [Гейнс, 1897: 344–345]. А.К. Гейнстің күнделікті жазбаша тіркелген осы мәліметін және сол мазмұндас басқа да экспедициялық материалды Ертістің оң жағалауынан ауылдары 12 верстальк қашықтықта орналасқан төрт ағайынды адамдардан да тікелей жазып алған төмендегі ақпарат та толықтыра түседі. Ауыл ағасы Колчаяқтың (дыбысталуы орыс тілінде бұрмаланған бұл есімнің төлтума нұсқасын анықтаудың сәті түспеді – авт.) айтуынша, ауылда тұратын 40 отбасы өзеннің оң жағалауынан 10 верстальк қашықтықтан алыс орналасса да, казак-орыстарға қыстаулар үшін 20 рубль, оның үстіне әрбір қыстау от жағуға пайдаланатын отын үшін 30 копеек және жергілікті орман-тоғайдағы ағаштан өздері өндіретін әр шелек май³⁴ үшін (түпнұсқада – «дегтя») тағы да 15 копеек төлейді. Сонымен бірге ауыл адамдары Ертіс жағалауындағы шабындық жерді жалға алу

³²[Остафьев, 1895: 7]. Осы ретте кейбір авторлардың еңбектерінде Қазақстанның солтүстік және шығыс өлкелерін қоныстанған казак-орыс отбасыларындағы әрбір ер адамға бөлінген жер телімін мөлшері әр түрлі көрсетілетіндігін ерекше екшеп айтқан жөн. Мысалы «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества... Киргизский край» атты кітаптің 177 бетінде бөлінген осы жер телімінің ауқымы 25 десятина деп айтылса, осы еңбектің 224 бетінде бұл мөлшер казак-орыс әскери қосынның құзырындағы қосымша жер қорының есебінен іс жүзінде 52 десятинаға жетті деп көрсетілген. Ұлттық тарихнаманың осы бағытының көрнекті зерттеушісі профессор М.Ж. Әбдіровтің мәліметі бойынша аталмыш көрсеткіш 30 десятинанан құрады [Абдиров, 2023: 23]. Ал тағы бір зерттеуші профессор Г.Н. Ксенжиктің Қазақ өлкесі Далалық облыстарының XIX–XX ғ. бас кезеңі тұсындағы тарихи географиясына арналған монографиясындағы мәліметке сәйкес бұл мөлшер 30 десятина болды. Алайда, – дейді осы автор, – XX ғ. басында Сібір казак-орыс әскери қосынының іс жүзінде құзырында болған қосымша жерді және әйгілі 10 верстальк жер кеңістігін есептемегеннің өзінде бұл көрсеткіш 40 десятинаға дейін жетті [Ксенжик, 2015: 203–204]. Ұлттық тарихнамадағы қазірге дейін орын алып отырған мұндай әртүрлі пайымдаулардың себебін, біздің ойымызша, казак-орыстардың Қазақстанды аграрлық отарлау үрдісінің субъектісі ретіндегі орны мен рөлі әлі де болса толықмәнді зерттелмегендігімен түсіндіруге болады.

³³Қазақ қоғамында беделі ерекше жүрген әйгілі билерді «сөз ұстағандар» деп атайтын [Уәли, Әлімбай, 2017].

³⁴Дәстүрлі қазақы ортада шаруашылықта, тұрмыста, соның ішінде адам және мал емдеу ісіне қолдану мақсатында ағаштың біраз түрлерінен май өндірілетін. Ағаштың түрлеріне қарай ағаш майы «қайың майы» («қарамай» деп те аталады), «арша майы», «қарағай майы» деп жіктеледі. Сонымен бірге шаған ағашынан «шаған майы» деп аталатын ем-домға арналған эфир майы май балқарағай, майқарағайдың қылқандарынан да, самырсын жаңғағының дәнінен де өндіретін [Шәйкен, 2017: 55].

мақсатында орта есеппен жыл сайын 16 пайға тең ақыны және төлеуге мәжбүр болып отыр (1 пай шамамен 20 рубльге тең) [Гейнс, 1897: 345–346].

Сөйтіп алдымен жергілікті тұрғындардың тартып алған жерін енді олардың өздеріне жалға берудің арқасында байлыққа оп-оңай қол жеткен казак-орыстардың шаруашылықпен тікелей айналысуға ынтасы да, оны жүзгізуге қажетті іс-тәжірибесі де мүлдем болған жоқ. Керісінше империялық биліктің казак-орыстардың заңдастырылған институционалдық біршама артықшылығына қоса [Россия..., 1903: 176, 184–188] казак өлкесіне қоныстанған басқа әлеуметтік жіктерге, мысалы, крестьяндарға қарағанда, жоғарыда көрсетілгендей, әлдеқайда ауқымды да құнарлы жер үлестіктерімен қамтамасыз етілгендіктері осы әскери сословиенің басым көпшілігін керісінше кержалқаулыққа, тіпті азғындыққа, жергілікті тұрғындарға байланысты озбырлыққа да итермеледі [Гейнс, 1897: 116–117, 260–343, 344–347]. Казак-орыс әскери сословие өкілдерінің басым көпшілігінің жер шаруашылығымен айналысуға келгенде мүлдем дәрменсіз болып шыққандықтары сондықтан [Усов, 1877: LXI; Остафьев, 1895: 6–7; Россия..., 1903: 152, 176; Абдиров, 2016: 217–231].

Крестьяндардың аграрлық отарлау үрдісінің жетекші субъектісіне айналуы. Шамамен алғанда, қарастырылып отырған жүзжылдық – XIX ғасырдың «...70-жылдарының басында аграрлық салада казак-орыс отарлау үрдісінің аяқталған уақыты болды». Себебі, – дейді осы пікірдің авторы әрі Қазақстанды отарлау барысының тікелей куәгері болған зерттеуші Ф. Остафьев, – «...осы кезде [солтүстік және шығыс өңірлерде] бірде-бір казак-орыс елді мекені салынған жоқ». Сол себепті Қазақ даласын отарлау функциясы осы ғасырдың 70 жылдарының бас кезеңінен бері енді казак-орыстардан крестьяндарға көшті [Остафьев, 1895: 6–7]. Іс жүзінде дәл осындай көзқарасты «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества... Киргизский край...» атты кітаптың авторлары да білдірген еді: «осы уақыттан [XIX ғасырдың 70 жылдарынан] бастап күн тәртібінде өлкені крестьяндардың отарлау жөніндегі мәселе алға шықты» [Россия..., 1903: 153].

Осы тұста Қазақ өлкесін түбегейлі отарлау ісін қарқындату мақсатында империялық билік XIX ғ. екінші жартысында төмендегідей үзілді-кесілді қадамдарға барғандығын ерекше екшеп айтқан ләзім. Әңгіме 1867–1868 жылдары қабылданған «Жетісу пен Сырдария облыстарын басқару...» және «Орынбор мен Батыс Сібір генерал-губернаторлығының Далалық облыстарын басқару...» туралы екі Уақытша Ережелер жөнінде болып отыр [Материалы по истории..., 1960: 281–316].

Әлбетте, екі «Уақытша Ереже», Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, бұған дейін Қазақ өлкесінде, әсіресе Кіші және Орта жүздерде жүргізілген сан алуан әкімшілік-территориялық және саяси-институционалдық өзгеріс атаулының іс-тәжірибесі негізінде жасақталғандығына еш күмән болмаса керек [Материалы по истории..., 1960: 91–203]. Көрнекті тарихшы-ғалым М.П. Вяткиннің 1865 жылы император II Александрдың жарлығымен құрылған әйгілі «Далалық комиссия» бұған дейін аталмыш өзгерістерге қатысты жинақталған күллі материалдарды пайдаланды дегені сондықтан [Вяткин, 1940: 312]. Демек «Далалық комиссия» мүшелері 1867–1868 жылдардағы Ережелерді дайындау барысында XIX ғ. 20–50 жылдары жоғарыда аталған империялық билік тарапынан жүргізілген реформалардың тәжірибесін мейлінше ескерді деп айтуға толық негіз бар³⁵. Жоғарыда айтылған қисынның контексті тұрғысынан ерекше екшеп айтар жайт – 1867–1868 жылдары қабылданған «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару жөніндегі...» және «Орынбор мен Батыс Сібір генерал-губернаторлығының Далалық облыстарын басқару жөніндегі...» екі Уақытша Ереже империялық билік үшін XIX ғ. екінші жартысынан бастап Қазақстанды түбегейлі жаулаудың, соның ішінде, аграрлық отарлауды неғұрылым қарқынды әрі ауқымды жүргізудің концептуалдық, заңнамалық, саяси, идеологиялық негізі һәм негіздемесі функциясын атқарды. Демек бұл құжаттардың ұстанымдары және оларды іске асыру империялық билікке Қазақ өлкесін отарлау барысын жүйелі әрі мейлінше үдете түсуге шексіз мүмкіндік берді.

Осы ретте ұстаным-қағидаларын жүзеге асыру мерзімі әуел баста екі жылға ғана есептелінген аталмыш Ережелердің заңдық күші неліктен қарастырылып отырған жүзжылдықтың 80-жылдардың екінші жартысының соңы – 90-жылдардың басына дейін сақталып келді деген үлкен сұрақ туындайды. Бұл тұста уақытша Ережелердің орнына метрополиялық жаңа «реформаторлық» актілерді қабылдау уақытының «тым» кешіктірілуі себептерін, біздіңше, ғылыми әдебиетте жиі айтылып жүргендей, империялық билік өкілдерінің ұйымдастыру саласындағы берекесіздікке

³⁵ Рас, комиссия мүшелері Қазақстанның әр өңірінен казак социумының басқарылу жүйесі, оның институттары, сондай-ақ көшпелі ортадағы жерді пайдаланудың ежелден орныққан тәртібі жөнінде қосымша тың материал жинау мақсатында 1865 жылдың маусым айынан бастап екі жыл бойы зерттеу, жинақтау жұмыстарын атқарған арнайы экспедиция ұйымдастырды. Бірақ бұдан, кейбір зерттеушілер жазып жүргендей, жоғарыда айтылған бұрынғы мәліметтер өзінің саяси, танымдық өзектілігін жоғалтты деген жаңсақ қорытынды туындамаса керек – авт.

ұласқан саяси жауапкерсіздіктермен, сондай-ақ қаржының тапшылығымен түсіндіру үлкен қателік болып табылады [Жиреншин, 2000: 447–468].

Шынтуайтында бұл Уақытша Ережелердің ортақ концепциясы мен идеологиясына зер салсақ, Ресей билігі, ең алдымен, бір бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы екі іргелі мақсатты жүзеге асыруды жоспарлағандығын айқын аңғаруға болады: біріншісі – Далалық облыстарын басқару жөніндегі «Уақытша Ереженің» 201-параграфы бойынша бүкіл қазақ жерін метрополияның меншігіне толық алу; екіншісі – өлкені империялық басқарудың әкімшілік-территориялық жаңа жүйесін орнықтыру. Сайып келгенде Қазақ өлкесін басқарудың аталмыш әкімшілік-территориялық жаңа жүйесін енгізу қазақ социумының басқару құрылымын, соның ішінде билік институттарын түбегейлі жоюды білдіреді. Қазақ елін толық бағындырудың ең басты шарты – көшпелі социумды түбегейлі күйретуге бағытталған осы екі мақсатты іске асырудың саяси-идеологиялық, экономикалық, қаржылық, институционалдық, тіпті этникалық тұрғыдан да айырықша күрделілігіне байланысты әжептәуір уақыт жұмсалатындығын Ресей билігі жақсы түсінді.

– расында да, біріншіден қазақ жерінің империяның иелігіне айналуы көшпелі қоғам тіршілігінің табиғи-тарихи негізін жоюға әкелді. Әңгіме көшпелі антропоагроценоздың (этнोजоқжүйенің) қалыпты тіршілік ритмін ғасырлар бойы қамтамасыз етіп келген «адам – этникалық ұжым – төрт түлік мал – рулық территория» атты компоненттерінің ішінде территорияның, оның тіршілікқамы функциясының зорлықпен «істен шығарылуы» жөнінде болып отыр [Әлімбай, Қақабаев, Смағұлов, 2024: 832–833, 836–837, 860-б.]. Нәтижесінде дәстүрлі қазақы ортада бүкіл материалдық және материалдық емес игілік атаулыны өндіруді ұйымдастыратын негізгі тіршілік кеңістігі – жетіаталық рулық бірлестіктер өздерінің ата-бабадан еншілеген жерлерінің корпоративтік иелері ретіндегі субъектілік функциясынан айырылды. Басқаша айтқанда, жетіаталық құрылым ежелден жасап келген көшпелі ортадағы жайылым жерге және көші-қон жолдарына байланысты меншік қатынасының бірден-бір корпоративтік субъектісі болудан қалды³⁶. Осылайша ежелгі рулық-шаруашылық территорияларға байланысты меншік қатынасының орнына пайдалану қатынасы орнықты. Бұл пайдалану қатынасының ендігі субъектілері сан салалы, сан деңгейлі дәстүрлі байланыстары мейлінше әлсіреген қазақ ауылдары болды. Бірақ бұл жерді пайдалану қатынасы бұрынғыдай жеке шаруашылық иелері (ауылдар) мен жерге қатысты меншік қатынасының корпоративтік субъектісі – ру-қауым арасындағы қатынас емес, қазақ жерін зорлықпен иемденген орыс билігі мен кіріптарлыққа түскен ауылдардың арасындағы қатынас еді. Әңгіме аталмыш ауылдардың империялық биліктің меншігіне айналған бұрынғы өз жерлерін пайдалану құқығын ғана иеленгендігі жөнінде болып отыр [Алимбай, Смағұлов, 2020: 2765–2776]. Осы қисын тұрғысынан жерінен және дәстүрлі басқару жүйесі мен билік институттарынан айырылған аталмыш жетіаталық ру-социум өзінің тіршілік кеңістігі ретіндегі функциясын мүлдем доғарды деп айтуға болады;

– екіншіден, Қазақ өлкесін, жергілікті тұрғындарды басқарудың империялық әкімшілік-территориялық жаңа жүйесін зорлықпен енгізілуінің ақыры қазақ социумының дәстүрлі басқару-билік жүйесінің, оның институттарының, соның ішінде, әдеттік құқық қатынастарының Ресейдің жергілікті әкімшілік жүйесінің тарапынан толық «жұтылып» кетуіне алып келді [Алимбай, Смағұлов, 2021: 86–92; Әлімбай, 2024: 23–56]. Сөйтіп әкімшілік отарлаудың нәтижесінде жаңадан қалыптасқан болыстық және «әкімшілік ауыл» («административный аул») жүйелері орыстың басқару құрылымының қос деңгейлі жергілікті бөлімшелеріне, ал оларды басқаратын (іс жүзінде орыс билігі тағайындаған) болыс, ауылнай, старшындар, «жаңа билер» орыс әкімшілігінің қызметкерлеріне айналып кетті. Осылайша қарастырылып отырған кезеңде қазақы ортадан шыққан аталмыш шенеуніктер өлкедегі Ресейдің отаршыл саясатын жүзеге асыруға өзіндік үлес қосқан делдалдық функция атқарды (түпнұсқада – «казахские посредники») [Кемпбелл, 2022: 17–26, 32–337; Большакова, 2022; Campbell, 2017. Бұлардың орыс билігінің жергілікті өкілдеріне кіріптарлыққа түскендігін төмендегі одағай айтуға болатындай жайт та айқын дәлелдейді. Әңгіме орыс билігі жүйесінде қызмет атқарған қазақтарды беріліп жұмыс істегендері үшін Ресей фабрикаларында арнайы тігілген бір үлгідегі шапандармен (сирек те болса кафтандармен де) Далалық генерал-губернатордың арнайы бұйрығымен (!) марапаттау дәстүрінің пайда болғанындығы жөнінде болып отыр. Бұл марапаттауды қазақ «зиялыларының» орыс билігінің кіріптарлығына әбден түскендіктерінің символы ретінде бағамдауға болады (архивтік мәліметтерге қарағанда орыс билігі саласындағы қазақтардың атқарған қызметінің деңгейіне қарай берілетін шапандар үш разрядқа

³⁶Көшпелі ортадағы меншік қатынасын жүзеге асырудың үш деңгейлі механизмі жөнінде [Алимбай, 1992: 9–17; Алимбай, 2020: 7–26; және т.б.].

жіктелді) [ҚР ОМА 64-қор. 1-тіз. 807-іс. 6-п.; ҚР ОМА 64-қор. 1-тіз. 807-іс. 11–12-п.; ҚР ОМА 64-қор. 1-тіз. 807-іс. 13-п.; ҚР ОМА 64-қор. 1-тіз. 807-іс. 15-п.; ҚР ОМА 64-қор. 1-тіз. 807-іс. 16–18-п.]³⁷. Осылайша аталмыш құрылымдар мен жергілікті қазақтардың арасынан сайланған жаңа лауазым иелері енді іс жүзінде қазақ елін, жерін отарлау мақсатына қызмет атқаруға мәжбүр болды [Жиреншин, 2000: 449–450]. Сөйтіп бір үлгіде тігіліп орыс билігі тарапынан сыйланған шапан киген қазақ шенеуніктердің жаңа категориясы қалыптасты.

Сонымен, біздің ойымызша, аталмыш өзгерістердің орнығу барысындағы жоғарыда аталған қиыншылықтары өз алдына, метрополия үшін өлкені отарлаудың мұндай өте оңтайлы іс-тәжірибесі империялық билікті осы екі «Ереженің» «реформаторлық» әлеуетін толық пайдалануға итермелеген сыңайлы. Ал 1886–1891 жылдары қабылданып жүзеге асырылған қос Ереже [Материалы по истории..., 1960. С. 352–380, 387–400] болса, бұлар, Нұрсан Әлімбайдың пікірінше, шынтуайтында жоғарыда аталған 1867–1868 жылдардағы Уақытша Ережелердің XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап түбегейлі әлеуметтік-экономикалық, саяси, институционалдық, тіпті геосаяси өзгерістердің контекстінде күшейтілген нұсқалары ғана болып табылады. Бір-бірімен өзара себеп-салдарлық байланыстағы аталмыш Ережелердің қағидаларын жүзеге асыру барысында тиісті шаруашылық-экономикалық, институционалдық, саяси, ұйымдық, идеологиялық, инструменталдық механизмдері де орнықты. Мысалы, Қазақ өлкесін басқарудың жаңа әкімшілік-территориялық құрылымының енгізілуі, «әкімшілік ауыл», болыстық құрылым, осыған байланысты ауылнай, старшын, болыс, «жаңа би»³⁸ сынды жергілікті басқару институттарының орнығуы, рулық-шаруашылық территориялардағы «артық жерлерді» («излишки земель») анықтауға бағытталған әртүрлі экспедициялардың ұйымдастырылуы, Қоныс аудару басқармасының құрылуы және оның функциясының әсіресе П.А. Столыпиннің әйгілі аграрлық реформасының жүзеге асырылу жылдары ерекше күшеюі және т.б. [Алимбай, Кабульдинов, Смагулов, 2023: 7–40; Алимбай, Смагулов, 2021: 85–96; Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысбергген, 2023: 2075–2095].

Казак-орыстарға қарағанда, крестьяндардың негізгі субъект ретіндегі орны мен рөлінің аталмыш уақытта алдыңғы позицияға шығуын төмендегі жайттармен түсіндіруге болады. Ең алдымен, империялық биліктің, сондай-ақ, саяси және интеллектуалдық топтардың өкілдері Қазақ жерін шаруашылық-экономика жолымен толық игеру ғана жаппай отарлауды тиімді жүзеге асырудың ең басты факторы болып табылатындығын жақсы түсінді. Осы қисын тұрғысынан, Ресейдің жоғарыда айтылған саясаткерлері дұрыс пайымдағандай, Қазақ өлкесінің ұланқайыр территориясын жаппай аграрлық отарлау жолымен экономикалық игеру бірінші кезекте крестьяндардың ғана қолынан келер еді. Өйткені:

– біріншіден, крестьяндар өздерінің туған отанында құлдықпен пара-пар крепостниктік кіріптарлықта болғандығына қарамастан Ресей экономикасының ауылшаруашылық секторындағы материалдық игілікті өндіретін бірден-бір өндіргіш күш ретіндегі субъектілік функциясын сақтап қалды. Бұлардың аграрлық инфрақұрылымды да жасақтайтын әрі ұқсатып ұстап тұратын үлкен өндірістік тәжірибе жинақтаған әлеуметтік күш болғаны сондықтан;

– екіншіден, орыс помещиктері мен дворяндарының адам төзгісіз ауыр кіріптарлығында болса да, крестьяндық бұқара «шынайы орыс рухы мен дәстүрін сақтайтын әлеуметтік-мәдени ортаны» қалыптастырды;

– үшіншіден, олар орыс этносының демографиялық құрылымында сан жағынан әжептәуір басымдығымен ерекшеленеді. Расында да, 1897 жылғы санақ бойынша, Ресей империясы

³⁷ Осы тұста айта кетер өкінішті гәп – мойын тұсының екі жағынан етекке тұтас жалғасқан позументтермен әдіптелген мұндай шапандарды отандық музейлерде күні бүгінге дейін ұлттық киім үлгісі ретінде қарастырылып жүр – авт. Тағы бір ескерер жайт – Қазақ өлкесіне орыс билігінің орныға бастауының институционалдық символы болып табылатын – келте хандар дәуірінің алғашқы кезеңінде-ақ қазақтың хандарына, сұлтандарына және билері мен рубасыларына империялық билік тарапынан қымбат сырт киім, жібек, пүліш (қатипа), әшекейленген қылыш, ақшалай сыйақы сияқты сыйлықтар беру немесе марапаттау рәсімдері орнықты. Түптеп келгенде бұл рәсімді империялық биліктің өктемдігінің символы ретінде қарастыруға болады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жоғарыда сөз болған орыс билігі тарапынан қазақ шенеуніктеріне шапан сыйлауды да аталмыш рәсімнің жалғасы деп бағамдаған жөн деп санаймыз. Алайда кейбір отандық зерттеушілер бұл рәсімді жоғарыда аталған қазақ бекзаттары өкілдерін патшалық билікке қызметке тартудың, осы арқылы жергілікті тұрғындарға билік жүргізудің құралы ретінде ғана қарастырып жүр [Ерофеева, Усманова, 2014: 643–668; Султанғалиева, 77–101; және т.б.]. Бұл пікірдің дұрыстығына еш күмән тумаса керек. Дейтұрғанымен орыс билігінің тарапынан қазақ зиялыларының, соның ішінде әсіресе орыс шенеуніктеріне айналғандарына жоғарыда аталған сыйлықтардың берілу рәсімі шынтуайтында метрополияның үстемдігінің символы да болып табылады – авт.

³⁸ 1867–1868 жылдары қабылданған Уақытша Ережелерге сәйкес жүзеге асырылған әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде іс жүзінде орыс билігі тағайындаған билерді қазақы ортада «жаңа билер» деп атайтын [Әлімбай, 2018: 10].

тұрғындарының 77%-ын крестьяндар құраған екен [9 февраля 1897 года состоялась первая Всеобщая перепись населения Российской империи // govoritmoskva.ru]. Осы жайттарды барынша ескерген Ресейдің саяси және интеллектуалдық топтары өзіндік басқару жүйесі, шаруашылық құрылымы, шіркеулер мен мектептері және бар, сондықтан да, «шынайы орыс дәстүрін сақтаушы орта» болып табылатын қазақ көшпелілерінің рулық-шаруашылық территорияларында пайда болған поселкілер, селолар, хуторлар сияқты крестьяндық қоныстарды Қазақ өлкесін орыстандырудың басты әлеуметтік-экономикалық және мәдени тораптарына айналдыруды көздеді. Осыған байланысты, жоғарыда айтылғандай, өлкені отарлаудың сан салалы, сан деңгейлі үрдісі субъектілерінің ішінде әсіресе крестьяндық отарлауға шешуші мән берілгендігі сондықтан [Остафьев, 1895: 6; Россия..., 1903: 153]. Бірақ бұдан казак-орыстардың қазақ өлкесін отарлау ісіндегі, соның ішінде аграрлық отарлау саласындағы да орны мен рөлі төмендеп кетті деген жаңсақ пікір тумаса керек. Жоғарыда айтылғандай, бұл әскери сословие «ұйымдасқан әскери күш», сондықтан да империяның отарлану үстіндегі қазақ жеріндегі ең «сенімді сүйеніш-тұғыры» ретінде өзіне әуел бастан жүктелген Қазақстанды түбегейлі бағындыру ісінің әскери қорғаны әрі қарсылық көрсеткен жергілікті тұрғындарды аяусыз жазалау функциясын атқара берді. Сан алуан деректерге қарағанда, XIX ғасырдың бас кезеңінде-ақ бір біріне үздіксіз жалғасып жатқан Оренбургская, Ишимская, Иртышская, Бухтарминская, Бийская деп аталатын ондаған қамалдардан, редуттардан, форпосттардан тұратын бекіністерді плацдарм ретінде пайдаланған казак-орыс әскери қосындары жазалаушы күш ретінде Қазақ өлкесінің әр аймағындағы жергілікті халықтың қарулы қарсылығының кез келген түрін аяусыз басып-жаншып отырды Гейнс, 1897: 27–30, 38–41, 45, 47, 48, 50–57, 115, 134–135, 139; Россия..., 1903: IV–V, 150–156, 176–177; Терентьев, 1906: 74–77, 89–91, 95–106, 203–205, 208–211, 228–229, 234, 259, 260, 261; Абдиров, 2000: 305–311, 328–337, 443–447; Мартин, 2012: 80–87; Абдиров, Аубакирова, Бижигитова, Каженова, 2016; Абдиров, 2023: 22–26; және т.б.]. Демек казак-орыс әскери қосындары, оның жазалаушы іс-әрекеттері жоғарыда аталған отарлау үрдісінің төрт бағытын, соның ішінде крестьяндардың қазақ көшпелілерінің рулық-шаруашылық территорияларын империялық билік тарапынан «заңдастырылып» отырылған зорлықпен басып алу барысын да еш кедергісіз жүргізуге мүмкіндік берген әлеуетті фактор болды.

Сонымен қазақ жерін жаппай және түбегейлі жаулауға бірден-бір қабілетті корпоративтік субъект – крестьяндар екендігіне әбден көзі жеткен империялық билік осы әлеуметтік топтың ең көп легін Ресейдің ішкі губерниялары мен Сібірден Қазақ өлкесінің әр өңіріне қоныстандыру ісімен айналыса бастады. Орыс деректерінің бірінде төмендегідей мәлімет кездеседі: «1866 жылы Көкшетау уезіндегі Кривоенің немесе Саумалкөлдің (түпнұсқада «Саумал-куль». – авт.) жағасында Пермь және Тобольск губернияларынан шыққандар кішігірім қонысты жасақтады. Төрт жылдың ішінде сол қоныстағы үй-жайдың саны 50-ге дейін өсті. Әуелде келімсектер өздеріне ұнаған жерлерді таңдаған соң әлгі жерлерді қазақтардан жалға алды. Бірақ крестьяндар бұл жерлердің ежелгі иелері – қазақтардың келісімінсіз-ақ алдын ала тартып алып қоныстанып отырды. Осындай жолдармен иемденген жерлер жергілікті тұрғындардың (түпнұсқада – «туземные жители». – авт.) наразылығына қарамастан бірте-бірте крестьяндық инфрақұрылымдар орныққан ірі қоныстарға айналды [Памятная книжка Акмолинской..., 1909: 76]. Алайда, сан алуан деректерге қарағанда, Ресей билігі іс жүзінде аталмыш крестьяндық қоныстану мәселесімен XIX ғ. 80 жылдарының аяқ шенінен бастап кірісе алды [Остафьев, 1895: 1–62].

Солтүстік, солтүстік-шығыс және шығыс өңірлердің ішінде крестьяндар үшін өзінің топырағының құнарлылығымен және шөбінің шүйгіндігімен әсіресе ерекше тартымды аймақ, сөз жоқ, Ақмола облысы болды. XIX ғ. 80 жылдарының аяқ шеніне таман бір ғана Ақмола облысында крестьяндардың 21 қонысы пайда болған екен [История Казахстана..., 2000: 42].

Биліктің империялық менмендікпен астасқан аграрлық саясаты, идеологиясы һәм іс-тәжірибесінің нәтижесінде XIX ғ. 90 жылдарынан бастап дәл осы облысқа ағылған крестьяндардың легі күшейген үстіне күшейе түсті. Нәтижесінде өз бетімен орныққан крестьяндық қоныстардың саны әжептәуір өсті: көрнекі мысал ретінде XIX ғ. 90 жылдарының екінші жартысынан бергі уақытта бір ғана Ақмола облысында өз қалауынша орналасқан келімсектердің поселкелерінің саны 754-ке жеткендігін айтуға болады [Россия..., 1903: 161; Асфендияров, 1935: 158].

Сан алуан мәліметтерден тұратын деректер корпусына сүйенсек, келімсектердің қоныстануын және шаруашылығы мен тұрмысын дұрыс ұйымдастыру ісін жүйелі әрі мақсатты жүзеге асыру, шынтуайтына келгенде, XIX ғ. 90 жылдарының екінші жартысында әсіресе Столыпиннің әйгілі аграрлық реформасын жүргізу кезеңінде ғана орындалды [Труды Частного Соперания..., 1907: 6–10;

Описание Тургайско-Уральского переселенческого района..., 1911; Алимбай, Кабульдинов, Смагулов, 2023: 7–40; Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысберген, 2023: 2075–2095].

XIX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе осы жүзжылдықтың 90-жылдарының соңғы кезеңінен бері қарқындай түскен Қазақ өлкесін, соның ішінде қарастырылып отырған солтүстік және шығыс өңірлерін крестьяндық отарлаудың нәтижесінде тек 1906 жылғы мәлімет бойынша, крестьяндарды әсіресе қызықтырған бір ғана Ақмола облысындағы жалпы саны 830000 адамның 170000 Ресей губернияларынан қоныс аударған крестьяндар болды. Керісінше казак-орыстардың қоныс аудару динамикасы біршама төмендегені байқалады – олардың саны 110000 төңірегінен асқан жоқ [Переселение в Степной край..., 1906: 6–7]. Қазақ өлкесінің барлық өңірлеріне тән бұл үрдістің нәтижесінде 1897–1916 жылдар аралығында Далалық облыстарға Ресейден қоныс аударғандардың саны 1,14 млн. жеткен екен. Сөйтіп бұрнағы жылдары аталмыш қоныс аударғандардың көпшілігі болып келген казак-орыстарға қарағанда келімсек крестьяндар саны әлдеқайда арта түсті. Осылайша бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында Қазақстандағы байырғы қазақ тұрғындарының үлесі шамамен 82%-тен 67,2%-ке дейін төмендеді, керісінше орыстар мен украиндықтардың үлес салмағы едәуір артып, 28,5%-ға жетті. Соның ішінде қарастырылып отырған Ақмола облысына басым көпшілігі крестьяндар болып табылатын қоныс аударғандардың үлес салмағы жалпы көшіп келгендердің 62%-ын құрады [Масанов, Абылхожин, Ерофеева, Алексеенко, Баратова, 2001: 246–255]. Сөйтіп 1917 жылғы әйгілі қазан төңкерісінің қарсаңында Қазақ жерінің 45 млн. десятинаға тең отарланған территориясының 30 млн. десятинасы орыс крестьяндарының иелігіне толық өтті. Бұл қазақтардың ежелден пайдаланып келген жерінің 28%-ын құрайды. Соның ішінде, 1896–1901 және 1907–1911 жылдар аралығында тиісінше Ф.А. Щербина және В. Кузнецов бастаған екі экспедицияның материалдарының негізінде «артық» жерлер болып саналған Ақмола облысы территориясының 13875540 десятина, ал Семей облысы бойынша – 9864400 десятина жерлерге орыс крестьяндары қоныс тепті [Швецов, 1926: 110]. Нәтижесінде аталмыш аймақтардағы демографиялық ахуалды үлкен өзгеріске ұшыратқан мұндай крестьяндардың (және Ресей империясынан ауып келген сословиелер мен әртүрлі әлеуметтік топтардың, сондай-ақ осы кезеңдегі басқа да келімсек этностардың) қоныс аудару үрдісінің салдары қазірге дейін айқын білініп отыр³⁹. Әлбетте келімсектердің құзырына өткен қазақ көшпелілерінің мұндай рулық-шаруашылық территорияларының байырғы топонимдік ландшафтының орынына орыстың квазитопонимдерінің зорлық-зомбылықпен орнығуы түсінікті жайт болса керек [Алимбай, 2024: 269–271.].

Осылайша, жоғарыда айтылғандай, орыс крестьяндарының Қазақ даласын отарлау ісінде негізгі әлеуметтік күш екендігін XIX ғ. екінші жартысынан бастап қана айқын сезінген Ресей билігі және империяның интеллектуалдық һәм саяси топтарының беделді өкілдері енді өлкеге қазақ жеріне крестьяндардың қоныс аударуын қамтамасыз етудің басты материалдық-техникалық алғышарты – «су жолдарын, тас және темір жолдарды жасап, ретке келтіруге» ерекше мән берді. Себебі аталмыш жобаларды жүзеге асыру, біріншіден, «...метрополия мен отар аймақтардың арасындағы байланысты күшейтіп, соңғысында славяндардың үстемдігін арттыруға» шексіз мүмкіндік берер еді [Живописная Россия..., 1885: 86; Живописная Россия..., 1884: 370]. Екіншіден, Ресей империясының шеткі аймақтарындағы орыстардың үлес салмағының ұлғаюы болашақта империяның ыдырауына деген қауіп-қатерді әжептәуір сейілтуге де себін тигізетін әлеуетті фактор болып табылады [Живописная Россия..., 1885: 86]. Үшіншіден, орыс зерттеушілері ашық айтқандай, қазақ жерін отарлау шекара маңындағы территорияның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, дала көшпелілеріне қатысты империялық билікті орталықтандыра түсуге шексіз мүмкіндік ашады [Россия..., 1903: IV–V, 138–307].

³⁹Әлбетте бұл ретте СССР басшылығының волюнтаристік шешімімен 1954 жылы басталған Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны республикадағы қазақтардың үлес салмағының күрт төмендегеніне алып келгендігін ерекше екшеп айта кеткен жөн. Республикалық Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2024 ж. мәліметтері бойынша солтүстіктегі төрт облыс (Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола және Павлодар) пен Астанада 4,3 млн адам тұрады. Осы демографиялық көрсеткіштің 60,2%-ын қазақтар (2,6 млн), орыстар 24,7%-ын (1 млн), қалғанын басқа ұлттардың өкілдері құрайды. Ал Қазақстанның шығысындағы екі облыс тұрғындарының (Абай және Шығыс Қазақстан облыстары) ұзын саны 1,3 млн адам, соның ішінде басым көпшілігін қазақтар (848 мың, пайызға шаққанда 63,5%) мен орыстарға (420 мың, 31,4%) тиесілі. Көріп отырғанымыздай, бұл аймақтар тұрғындарының едәуір көпшілігін қазақтар құрайды. Дегенмен қазіргі Қазақстанның батыс әрі оңтүстік облыстары ел-жұртының құрамындағы қазақтардың үлес салмағымен (орта есеппен оңтүстікте – 75–80 %-дан, ал батыста – 85–90 % – дан астам) салыстырғанда, Солтүстік және Шығыс Қазақстанда осы көрсеткіштің едәуір төмендеуі (60–65%) екендігін аңғаруға болады. Мұндай диспропорциялық көрсеткіштің себеп-салдарын жоғарыда ішінара айтылғандай, XIX ғ. екінші жартысынан, әсіресе аяғынан бастап Қазақстанның бұл аймақтардың жаппай крестьяндық отарлауға ұшырағандығымен түсіндіруге болады [Абылхожин, 2019; Численность населения по отдельным этносам..., 2024; Шілдебай, 2020: 569–571].

Сонымен XIX ғ. соңғы жылдары – XX ғ. алғашқы онжылдығы Қазақстанның отарлану тарихында өз алдына жеке кезең ретінде айырықша маңызды орын алады. Өйткені осы кезеңде Ресей империясының Қазақ елін отарлау саясаты, идеологиясы һәм іс-тәжірибесінде шешуші рөл атқарған крестьяндық отарлау үрдісінің ауқымы айырықша ұлғайып динамикасының еселене күшейген уақыты болды [Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысберген, 2023: 2075–2095; Алимбай, Кабульдинов, Смагулов, 2023: 7–40; және т.б.]. Нәтижесінде орыс билігі тарапынан көрсетілген он сан зорлық-зомбылықтың сұмдық салдары, жоғарыда атап көрсетілгендей, әсіресе Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлеріндегі этностардың ара салмағының күрт өзгеруіне әкеп соқты: Қазақстанның көп аймағында орыстардың үлес салмағы еселене түсіп Қазақ өлкесінің демографиялық құрылымында сан жағынан әжептәуір басымдыққа ие бола бастады. Мұндай этнодемографиялық ауытқушылық Қазақ жерінің ежелден орныққан топонимикалық ландшафтының да күрт өзгеруіне алып келді. Ресей империясының қазақ жерін отарлаудың зорлық-зомбылыққа негізделген мұндай саясаты қазақтар мен орыстардың өзара қарым-қатынастың шиеленісуінің басты себепкері болды. Ресей империясының отарлық биліктің ресми өкілдері осындай саясаттың болашақтағы ықтимал жағымсыз салдарына әкеліп соғатындығына ерекше назар аударғандықтары сондықтан болса керек [ҚР ОМА. 826-қ. 1-тіз. 64-іс. 1-парақтың к.б.]. Мұның ақыры және империялық биліктің тарапынан болған тағы басқа да жағымсыз жайттардың сұмдық салдары қазақтардың 1916 жылғы әйгілі ұлт-азаттық көтерілісіне ұласуға алып келгендігі сондықтан.

Қорытынды. Сонымен Қазақ өлкесін аграрлық отарлау казак-орыс, крестьяндық, әкімшілік және әскери деп аталатын төрт бағытта жүргізілді. Сан алуан (архивтік, ресми басылымдар, тарихи-этнографиялық, экстралингвистикалық және т.с.с.) мәліметтердің мазмұны мен өрбітілу логикасына зер салсақ, отарлаудың жоғарыда аталған төрт бағыттың алғашқы екеуінің бір-біріне өзара себеп-салдарлық байланыста қатар жүргендігін айқын аңғаруға болады. Совет дәуіріне дейінгі Ресейдің біраз басылымдарындағы мәліметтерге жүгінсек, Қазақ өлкесінің, әсіресе, батыс аймақтарының империямен іргелес жатқан кейбір жерлерінде әртүрлі себептермен өз елінде қылмыс жасаған орыс адамдарының XV ғасырдың соңғы кезінде-ақ қоныстана бастаған екен. XVI–XVIII ғасырлар бойы жалғасқан бұл үрдіс әжептәуір қарқындады және оның географиялық ауқымы кеңейе түсті: келімсектердің өз бетімен өлкенің батыс, солтүстік, шығыс өңірлеріне қоныс аудару жайты жиілей бастады. Осылайша жоғарыда аталған өңірлер ғана емес, империяның геосаяси стратегиялық жоспарында өзіндік айырықша орыны мен рөлі бар Қазақ өлкесінің оңтүстік-шығыс аймағында да казак-орыстар мен крестьяндардың, қоныстары пайда бола бастады. Ресми деректерде «еркін отарлаушылар» («вольные колонизаторы») деп аталатын мұндай адамдар қатарының басым көпшілігі крепостниктік құлдықтан құтылуды көздеген крестьяндар, туған ортасында қылмыс жасағандар, қайыршылар, сектанттар, жер аударылғандар, аз да болса кедейленген казак-орыстар және т.б. сияқты шете тобырлардан құралды. Үздік-создық сипаттағы XIX ғасыр мен 1917 жылдың аралығында еш толастамаған мұндай «еркін отарлаушылардың» негізгі қозғаушы күші әрі сан жағынан да басым болғаны крестьяндар екендігі түсінікті жайт болса керек.

Осы ретте «ұйымдасқан әскери күш» («организованная военная сила») ретінде аталмыш «еркін отарлаушылар» легінің алдыңғы шебінде жүріп, осы үрдіске дес берген әрі жол ашқан, сөз жоқ, казак-орыс әскери сословиесі болғандығын ерекше екшеп айтқан ләзім. Сан алуан мәліметтер Ресей билігінің «Оралдың арғы жағындағы» («Зауралье») ұланғайыр территорияларда ежелден жасап келе жатқан ел-жұрттарды, соның ішінде Қазақ өлкесін түбегейлі бағындырудың өз заманында жан-жақты ойластырылған стратегиялық мақсат-мүддеге негізделген казак-орыс отарлау үрдісі XVII ғ. бастау алатындығын көрсетеді. Осы жайтқа байланысты Ертіс өзенінің оң жақ жағалауында және оған шендес орналасқан территорияларда салынған төмендегідей қамалдар шебі Қазақ өлкесін жаулау, соның ішінде крестьяндық отарлау тарихындағы елеулі оқиға-факторлар болды. Ресей империясының көрнекті қайраткерлерінің бірі генерал А.К. Гейнстің қисыны келіскен мәліметтеріне сүйенсек, жоғарыда аталған стратегиялық геосаяси жоспардың аясында 1670 жылы Омбы өзенінің Ертіске құяр сағасынан 50 версталық қашықтықта тұңғыш рет «Чернолуцкая» деп аталатын нығайтылған бекініс («укрепленный пункт») салынды; 2) 1716 ж. Омбы өзенінің Ертіске құяр тұсында Омбы («Омская»); 3) 1717 ж. «Ямышевская» (1715 ж. салынып, қалмақ әскери қосынының шабуылының нәтижесінде бұзылған бұл қамал 1717 ж. қалпына келтірілді); 4) 1718 ж. Семей («Семипалатинская»); 5) 1720 ж. Ертістің жоғарғы жағында тау арасынан шығып, далалық өңірге жалғасатын тұсына Өскемен («Усть-Каменегорская») деп аталатын қамалдар қатары бой көрсетті. Бұлар Ертіс шебін («Иртышская линия») құрады. Сонымен қатар 1752 ж. бастап небәрі үш жыл ішінде Покровская, Николаевская, Лебяжья, Полуденная, Пресногорьковская және Звериноголовская

деп аталатын Омбы қамалынан бастап Есіл («Ишимская») даласын кесіп өтетін Есіл қамалдар шебі («Ишимская линия») іске қосылды. Осы тұста көбінесе Ресей территориясы арқылы салынған аталмыш қамалдар шебі Батыс Сібір өңірінің тұрғындарын қорғау мақсатында деген желеумен салынып қана қойған жоқ. Сонымен бірге Қазақ өлкесін отарлау, соның ішінде крестьяндық отарлауды тиімді жүргізудің әскери әрі институционалдық іргелі факторы болғандығын айырықша атап өткен жөн. Сондай-ақ 1792 ж. бастап «Бұқтарма өзенінің Ертіске құяр тұсынан жоғары үш версталық қашықтықта» бой көтерген Бұқтарма («Бухтарминская») қамалы казак-орыс бекеттерін Ертістің жоғарғы ағысынан Нарым өзенінің оң жақ жағалауына дейін салуға мүмкіндік берді. Кейін осы аталған бекеттер шебі Кіші Нарымның («Малая Нарымка») Нарым өзеніне құяр сағасына дейін жалғасты. Тарихта Бұқтарма шебі («Бухтарминская линия») деп аталатын бұл қамалдар қатары да Қазақстанды жаулау барысында айырықша орын алады. Сөйтіп, А.К. Гейнс деп айтқандай, жоғарыда аталған Есіл («Ишимская линия»), Ертіс («Иртышская линия»), Бұқтарма («Бухтарминская линия») шептері Орынбор өлкесіндегі Орынбор қамалдар шебі («Оренбургская линия») және Бие қамалдар шебімен («Бийская линия») бірге Батыс Сібірді оңтүстіктен, ал еуропалық Ресейді шығыстан, яғни Қазақ өлкесінен бек мүмкін қауып-қатерден қорғайтын қамалдар, редуттар, форпосттардың бірыңғай қатарын құрды. Әлбетте, Қазақ өлкесін, оның жергілікті тұрғындарын отарлаудың ащы тарихи тәжірибесі айқын айғақтағандай осы қамалдар шептерінің функциясы тек қорғаныспен ғана шектелмей, Қазақстан территориясын империялық экспансиялау, соның ішінде крестьяндық отарлауды қамтамасыз ететін әскерилендірілген плацдармдар болғандығы еш шүбәсіз жайт болса керек.

Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – Ресей билігі әуел бастан-ақ казак-орыс сословиесін империяның мүддесіне қарсылық көрсеткендерді жазалаушы «құрал» ретінде ғана емес, негізгі аграрлық өндіргіш күштердің біріне айналдыруға барынша тырысып бақты. Бірақ биліктің бұл әрекетінен еш нәтиже шықпады. Осылайша осы жүзжылдықтың 70-жылдарының басында орыс крестьяндары іс жүзінде Қазақ өлкесін аграрлық отарлау үрдісінің жетекші субъектісіне айналды. Осыған байланысты бұған дейін бейберекет (стихиялық) сипатта жүрген крестьяндық отарлау енді біршама ұйымдасқан сипатқа ие болды. Бұл ретте империялық билік пен оның жергілікті құрылымдары үлкен ұйымдық және институционалдық (құқықтық және келімсектердің қоныс аударуын және қоныстануын ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар және т.б.) жұмыстар атқарды. Осы тұста әйгілі Ф.А. Щербинаның экспедициясы (1896–1901 ж.) мен В.К. Кузнецовтың қайтадан жүргізген экспедициялық зерттеуінің (1907–1911 ж.) нәтижесінде жергілікті тұрғындардың рулық-шаруашылық территорияларынан анықталған «артық жерлердің» («излишки земель») крестьяндарды қоныстандырудың құқықтық және экономикалық негіздемесі әрі практикалық құралына айналғандығын айырықша атаған ләзім. Осы айтылған қисын тұрғысынан Қазақ өлкесін, соның ішінде қарастырылып отырған сол кездегі Ақмола және Семей облыстарының территорияларын крестьяндық отарлау барысының қарқынының күшейе түсуі де, географиясының әлдеқайда ұлғаюында да 1906 жылы империялық үкіметтің басшылығына келген П.А. Столыпиннің әйгілі аграрлық реформасы шешуші рөл атқарғандығын айырықша атап өткен жөн. Сонымен бірге XIX ғасырдың екінші жартысынан бері орыс крестьяндарының қазақтың шаруашылық территорияларына зорлықпен қоныстану барысы сол территориялардың топонимдік ландшафтының міндетті түрде орыстануымен аяқталып отырды. Өйткені мұндай басып алған жерлерге орыстың квазитопонимдерінің орнығуы, сайып келгенде, бұл жерлердің ендігі иелері крестьяндар екендігін символдық тілмен айғақтау болып табылады.

Деректер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві

Sources

QR OMA – Qazaqstan Respublikasynyñ Ortalyq Memleuetтік arhivі [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]

Әдебиеттер

Абдиров, 2023 – Абдиров М.Ж. Из истории военно-казачьей колонизации Казахстана (XVI – начало XX вв.). Избранные труды. Т. I. Алматы: ИП «Радуга», 2023. 272 с.

Абдиров, Аубакирова, Бижигитова, Каженова, 2016 – Абдиров М.Ж., Аубакирова Х.А., Бижигитова К.С., Каженова Г.Т. Сибирское казачество и казахи Степного края в XVIII-XIX вв. Астана: Мастер ПО, 2016. 373 с.

Акишев, Аргынбаев, Алимбаев, 1990 – *Акишев К.А., Аргынбаев Х.А., Алимбаев Н.* Археологическое и этнографическое изучение Казахстана // Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.). Очерки становления и развития. Алма-Ата: Ғылым, 1990. С. 48–60.

Александр Константинович Гейнс, 1897 – *Александр Константинович Гейнс* // Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. Т. 1. СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1897. С. 3–20.

Алимбаев, 1988 – *Алимбаев Н.* Изучение теоретико-методологических вопросов этнической истории в современной зарубежной этнологии в 80-е годы // Общественные науки. Зарубежная литература. Вопросы этногенеза в современных зарубежных исследованиях. Реферативный сборник. Вып. 27. Алма-Ата: Наука, 1988. С. 4–9.

Алимбаев, 1990 – Алимбаев Н. Изучение истории Казахстана (историческая литература 20-х – середины 30-х гг.) // Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.). Очерки становления и развития. Алма-Ата: Ғылым, 1990. С. 61–92.

Алимбай, 1992 – *Алимбай Н.* О механизме реализации отношений собственности в кочевом обществе казахов // Маргулановские чтения-92: сборник материалов научной конференции. Москва: Наука, 1992. Ч. 1. С. 9–17.

Алимбай, 2015 – *Алимбай Н.А.* Российская историография Казахстана досоветского периода как историко-этнографический источник. Введение в проблематику // История и культура казахов Западного Казахстана в российской историографии XIX – 20–30 гг. XX века / Научн. ред. Н. Алимбай. Атырау: Ағатай, 2015. Т. 2. С. 5–31.

Алимбай, 2020 – *Алимбай Н.А.* Семипокроленная экзогамная структура «жетіата» как община-социум (к проблеме совпадения рода и общины у казахов-кочевников) // *Turkic Studies Journal*. 2020. Vol. 23. № 4. С. 7–26.

Алимбай, 2024 – *Алимбай Н.А.* Русификация традиционного топонимического ландшафта как направление и завершающий акт крестьянской колонизации Казахского края (вторая половина XIX в. – 1917 г.) // Материалы Международной научно-практической конференции на тему «Актуальные проблемы этнологии, антропологии и музеологии на евразийском пространстве: традиции и инновации», посвященная 90-летию университета и 70-летию члена-корреспондента Национальной академии наук высшей школы Казахстана, доктора исторических наук, профессора Калыш Аманжол Боранбайұлы. Алматы: Қазақ университеті, 2024. С. 269–271.

Алимбай, Кабульдинов, Смагулов, 2023 – *Алимбай Н.А., Кабульдинов З.Е., Смагулов Б.К.* Вопросы крестьянской колонизации Степного края в Государственной думе Российской империи (1906–1917 гг.) // *Turkic Studies Journal*. 2023. № 3. С. 7–40.

Алимбай, Орынбаева, 2019 – *Алимбай Н.А., Орынбаева Г.У.* Традиционный казахский аул в трудах Российских ученых (конец XIX – начало XX вв.) // *Bulye Gody*. 2019. № 51 (1). С. 337–347.

Алимбай, Смагулов, 2020 – *Алимбай Н.А., Смагулов Б.К.* Коренные изменения традиционной системы землепользования у казахов-кочевников в контексте колониальной политики Российской империи (конец XIX – начало XX вв.): факторы и последствия // *Bulye Gody*. 2020. № 58 (4). С. 2765–2776.

Алимбай, Смагулов, 2021 – *Алимбай Н.А., Смагулов Б.К.* Вклад российских исследователей в сбор и изучение материалов по обычному праву казахов (конец XVIII – начало XX вв.) // *Bulye Gody*. 2021. № 16 (1). С. 85–96.

Алимбай, Фазылжанова, Смагулов, Рысберген, 2023 – *Алимбай Н.А., Фазылжанова А.М., Смагулов Б.К., Рысберген К.К.* Усиление крестьянской колонизации Казахского края в период Столыпинской аграрной реформы (1906–1917 гг.) // *Bulye Gody*. 2023. № 18(4). С. 2075–2095.

Ануфриева, 1926 – *Ануфриева Т.И.* Казахское хозяйство по районам // Казахское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в КазАССР / Под ред. С.П. Швецова. Ленинград: Тип. Акад. художеств, 1926. С. 115–166.

Асфендияров, 1935 – *Асфендияров С.Д.* История Казахстана (с древнейших времен). Т. 1. Алма-Ата: Қазақстан өлкелік баспасы, 1935. 262 с.

Әлімбай, Қақабаев, Смагулов, 2024 – *Әлімбай Н., Қақабаев Б.С., Смагулов Б.К.* Қазақтың ежелгі ас-тағам жүйесінің тарихи этнографиясы (XVIII – Советтік кезеңнің алғашқы онжылдығы) // *Отан тарихы*. 2024. № 27 (4). 829–870-б.

Большакова, 2022 – *Большакова О.В.* [Рецензия на книгу:] Кемпбелл Ян. Знание и окраины империи. Казахские посредники и российское управление в Степи, 1731–1917. Санкт-Петербург: Academic Studies, 2022. 391 с.

Букейхан, 1927 – *Букейхан А.* Казаки Адаевского уезда // Казаки. Антропологические очерки. Издание особого комитета Академии наук по исследованию союзных и автономных республик. Ленинград: АН СССР, 1927. С. 58–82.

Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* [«Киргиз-кайсақ»] Судьба киргизского землепользования // В мире мусульманства. 1911. № 27. 21 октября (3 ноября) // Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VIII-том. Астана: Алаш-Орда, 2018. С. 335–338.

Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* Отчуждение киргизских орошаемых пашен // Сибирские вопросы. Санкт-Петербург, 1908. № 16. С. 14–20 // Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VI-том. Астана: Алаш-Орда, 2018. С. 237–241.

- Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* Группы, расположенные на арендованной земле // *Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VIII-т. 1909–1914 / Құраст. Сұлтанхан Жүсіп (Аққұлы).* Астана: Алашорда, 2018. 186–257-б.
- Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* Казахи и переселенцы // *Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VIII-т. 1909–1914 / Құраст. Сұлтанхан Жүсіп (Аққұлы).* Астана: Алашорда, 2018. 552–554-б.
- Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* Нашествие «таврчан» в Сибирь // *Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VIII-т. 1909–1914 / Құраст. Сұлтанхан Жүсіп (Аққұлы).* Астана: Алашорда, 2018. 311–313-б.
- Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* Общинно-аульные группы, расположенные на правом берегу Иртыша // *Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VIII-т. 1909–1914 / Құраст. Сұлтанхан Жүсіп (Аққұлы).* Астана: Алашорда, 2018. 167–185-б.
- Букейханов, 2018 – *Букейханов А.* Общины и аулы, зимующие на пастбищах общего пользования // *Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. VIII-т. 1909–1914 / Құраст. Сұлтанхан Жүсіп (Аққұлы).* Астана: Алашорда, 2018. 257–264-б.
- Венюков, 1873 – *Венюков М.* Опыт военного обозрения русских границ в Азии. Санкт-Петербург: Типография В. Безобразова и К, 1873. 79 с.
- Волкова, 2000 – *Волкова Т.П.* Аграрная политика самодержавия. Правительственный курс на массовую земельную колонизацию // *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 3.* Алматы: Атамұра, 2000. С. 426–427.
- Волкова, 1988 – *Волкова Т.П.* К изучению и использованию данных дореволюционной бюджетной статистики казахских хозяйств // *Вопросы историографии и источниковедения Казахстана (дореволюционный период) / Сост. Н. Алимбаев, Т.П. Волкова.* Алма-Ата: Наука, 1988. С. 171–190.
- Вялов, 1931 – *Вялов О.С.* Гидрогеологические исследования степной полосы к югу от р. Эмбы и северной части Устьурта // *Труды Главного геолого-разведочного управления.* Москва; Ленинград: ГПРУ, 1931. 26 с. С картой
- Вялов, 1934 – *Вялов О.С.* Колодцы и источники Устьурта // *Известия Государственного географического общества.* 1934. Т. 66. № 1. С. 146–175.
- Галузо, 1965 – *Галузо П.В.* Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867–1914 гг. / Под ред. С.М. Дубровского. Алма-Ата: Наука, 1965. 347 с.
- Гейнс, 1897 – *Гейнс А.К.* Дневник 1865 года. Путешествие по киргизским степям // *Собрание литературных трудов Александра константиновича Гейнса.* Санкт-Петербург: Тип. М.М. Стасюлевича, 1897. Т. 1. С. 179–589.
- 9 февраля 1897 года., 2025 – 9 февраля 1897 года состоялась первая Всеобщая перепись населения Российской империи. URL: govoritmoskva.ru
- Живописная Россия., 1885 – *Живописная Россия. Отечество наше в земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении / Под общей ред. П.П. Семенова.* Т. X. Русская Средняя Азия. Санкт-Петербург; Москва: Изд. Товарищества М.О. Вольф, 1885. 452 с.
- Жиеналина, 2006 – *Жиеналина И.С.* XIX ғасырдың екінші жартысы – 1917 ж. аралығында патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлауы: тарихнамалық зерттеу: Тарих ғыл. канд. автореф. Алматы, 2006. 34 с.
- Жиреншин, 2006 – *Жиреншин К.А.* Административно-политические реформы 60–90 -х годов XIX в. в Казахстане // *История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. Т. 3.* Алматы: Атамұра, 2000. С. 447–468.
- Ибраев, 1995 – *Ибраев С.И.* Переселенческая политика царизма и изменение демографической ситуации в Северном Казахстане (конец XIX – начало XX вв.): Автореф. дисс... канд. ист. наук. Алматы, 1995. 23 с.
- История Казахской ССР., 1949 – *История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней) / 2-е изд., исправл. и доп.; под ред. И. Омарова и А.М. Панкратовой.* Алма-Ата: Гостип., 1949. Т. 1. С. 432.
- История Казахстана., 2000 – *История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах.* Алматы: Атамұра, 2000. Т. 3. 766 с.
- Казаки, 1927 – *Казаки. Антропологические очерки / Под ред. С.С. Руденко.* Л.: Изд. АН СССР, 1927. 223 с. 2 карты, 27 фотографий, 15 графиков; *Казаки. Антропологические очерки / Под ред. С.С. Руденко.* Ленинград: Изд. АН СССР, 1927. 273 с. 40 фотографий, 2 карты, 62 рисунка в тексте.
- Казаки, 1930 – *Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР, исследование 1927 г. / Под ред. С.С. Руденко.* Л.: АН СССР, 1930. 334 с.
- Казахско-русские отношения., 1964 – *Казахско-русские отношения в XVIII – XIX веках (1771–1867 годы) (Сборник документов и материалов).* Алма-Ата: Наука, 1964. 575 с.
- Каймулдинова, 1998 – *Каймулдинова К.Д.* Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимикалық аспектілері: геогр. ғыл. канд... дисс. Алматы, 1998. 140 с.
- Калимолдина, 2023 – *Калимолдина Ж.А.* Переименование населенных пунктов Восточно-Казахстанской области в 1900–1917 гг. Как нарушение устойчивости топонимической системы // *Genesis: исторические исследования.* 2023. № 4. С. 91–100.
- Каталог карт., 2023 – *Каталог карт по истории и культуре Великой степи (древность, средневековье, новое время) / Абусейтова М.Х., Табынбаева З.С., Шаймарданова Н.Ж., Жугенбаева Г.С., Қинаят Б., Жумагулов К.Т., Ужкенов Е.М., Ошан Ж., Оспанов Н., Белгожа Е.К., Султанғалиева Г.С., Медерова Д.Е., Каримова З.К., Карасова С.* Алматы: Шығыс пен Батыс, 2023. 284 с.

- Кауфман, 1905 – *Кауфман А.А.* Переселение и колонизация. Санкт-Петербург: Тип. Тов-ва «Общественная польза», 1905. IX + 349 + 83 с.
- Кауфман, 1908 – *Кауфман А.А.* Русская община в процессе ее зарождения и роста. Москва: Тип. Тов-ва И.Д.Сытина, 1908. XVI + 455 с.
- Кокоулин, 1907 – *Кокоулин П.* Ход переселения, водворения и хозяйственного устройства переселенцев в Тургайской области // *Вопросы колонизации.* 1907. № 1. С. 208–221;
- Крестьянин, 1986 – *Крестьянин* // Этимологический словарь русского языка в 4 томах / Авт.-сост. М. Фасмер.; пер. с нем., изд. 2-е. Москва: Прогресс, 1986. Т. II. С. 374.
- Ксенжик, 2015 – *Ксенжик Г.Н.* Историческая география степных областей Казахстана в XIX – начале XX вв. Монография. Алматы: Айғаным, 2015. 406 с., 3 картосхемы.
- Ксенжик, 2020 – *Ксенжик Г.Н.* Картографические материалы по истории Казахстана XVIII – начала XX в.: в контексте формирования государственных границ. Монография. Алматы: N-Press, 2020. 376 с.
- Ксенжик, Карин, 2023 – *Ксенжик Г.Н., Карин Е.Т.* Сводный каталог географических материалов по истории Казахстана XVII – начала XX вв. Алматы: N-Press, 2023. 495 с.
- Ларин, 1926, – *Ларин И.В.* Некоторые итоги анализа норм земельного надела, установленные экспедицией Ф.А. Щербины в Кокчетовом, Актюбинском и Каркаралинском уездах // *Казакское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в КазАССР* / Под ред. С.П. Швецова Ленинград: Тип. Акад. художеств, 1926. С. 167–186.
- Ленин, 1968 – *Ленин В.И.* Переселенческий вопрос // Полное собрание сочинений / 5-е изд. Москва: Изд-во полит. лит-ры, 1968. С. 325–336.
- Логутов, 1929 – *Логутов Н.А.* Очерк родового и распространение основных казакских родов на территории бывшей Семипалатинской губернии (с картой) // *Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана (бывший Семипалатинский отдел Государственного Русского географического общества).* Семипалатинск, 1929. Т. 1. Вып. XVIII. С. 34–48.
- Любавский, 1909 – *Любавский М.К.* Историческая география России в связи с колонизацией. Курс, читанный в Московском университете в 1908–1909 гг. Москва: Типо-лит. И.И. Любимого, 1909. 304 с.
- Малтусынов, 2006 – *Малтусынов С.Н.* Аграрный вопрос в Казахстане и Государственной думе России 1906–1917 гг. (Социокультурный подход). Алматы: Дайк-Пресс, 2006. 332 с.
- Мартин, 2012 – *Мартин Вирджиния.* Закон и обычай в Степи: казахи Среднего жуза и российский колониализм в XIX веке. Алматы: Центр операт. печати КазАТиСО, 2012. 282 с.
- Масанов, 1995 – *Масанов Н.Э.* Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Алматы «Социнвест»; Москва «Горизонт», 1995. 320 с.
- Масанов, Абылхожин, Ерофеева, Алексеенко, Баратова, 2001 – *Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С.* История Казахстана. Народы и культуры. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 600 с.
- Мацкевич, 1929 – *Мацкевич Н.Н.* Сравнительная длина кочевков казахского населения бывшей Семипалатинской губернии (с картой) // *Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана (бывший Семипалатинский отдел Государственного Русского географического общества).* Семипалатинск, 1929. Т. 1. Вып. XVIII. С. 1–33.
- Муканов, 1974 – *Муканов М.С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата: Наука, 1974. 200 с.
- Муканов, 1991 – *Муканов М.С.* Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 64 с.
- Остафьев, 1895 – *Остафьев В.* Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве // *Записки ИРГО.* Кн. XVIII Вып. I. Омск: Тип. окр. Штаба, 1895. С. 1–62.
- Павлов, 2010 – *Павлов К.А.* Русское географическое общество: история и современность // *Современные проблемы сервиса и туризма.* 2010. № 1. С. 4–8.
- Переселение в Степной край., 1906 – Переселение в Степной край в 1906 г. (области Акмолинская и Семипалатинская). Санкт-Петербург: Изд. Переселенч. упр-ния, 1906. Вып. XXVII. 61 с.
- Переселение в Степной край., 1907 г. – Переселение в Степной край в 1907 году. Справочная книга о переселении в области Тургайскую, Уралскую, Акмолинскую и Семипалатинскую. С картой переселенческих участков. Вып. XXXVII. Санкт-Петербург: Изд. Переселенческого управления, 1907. 167 с.
- Петропавловский, 2007 – *Петропавловский Н.* Очерк землевладения // *Вопросы землепользования в казахской этнографии.* Астана: Алтын кітап, 2007. С. 36–55.
- Полочанский, 1926 – *Полочанский Е.А.* За новый аул-кстау. Москва: Изд. Казахского предст-ва, 1926. 38 с.
- Прошлое Казахстана., 1935 – Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1 (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.) / Под ред. проф. С.Д. Асфендиарова и проф. П.А. Кунте. Алма-Ата: Казакское краев. изд-во; Москва, 1935. 300 с.
- Прошлое Казахстана., 1936 – Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 2 / Под ред. проф. С.Д. Асфендиарова и проф. П.А. Кунте. Алма-Ата: Казакское краев. изд-во; Москва, 1936. 293 с.

Ремнев, 2001 – *Ремнев А.В.* У истоков российской имперской геополитики: азиатские «пограничные пространства» в исследованиях М.И. Венюкова // Исторические записки. Москва: Наука, 2001. Т. 4 (122). С. 344–369.

Ремнев, 2008 – *Ремнев А.В.* Как «чужая» земля становилась «русской»: народное и историческое сознание в имперских стратегиях «обрусения» азиатских окраин // Культура русских в археологических исследованиях. Омск: Апельсин, 2008. С. 27–38.

Ремнев, 2010 – *Ремнев А.В.* Империя расширяется на восток: «топонимический национализм» в символическом пространстве Азиатской России XIX – начала XX в. // *Ofiary Imperium – Imperia jako ofiary*. 44 spojrzzenia = Imperial Victims – Empires as Victims. 44 views / ed. A. Nowak. Warszawa, 2010. С. 153–168.

Ремнев, 2011 – *Ремнев А.В., Суворова Н.Г.* «Русское дело» на азиатских окраинах: «русскость» под угрозой или «сомнительные культуртрегеры» // Изобретение империи: языки и практики. М.: Новое издательство, 2011. С. 152–222.

Речь главноуправляющего., 1907 – Речь главноуправляющего землеустройством и земледелием князя Б.А. Васильчикова в комиссии Государственной Думы 5 декабря 1907 года // Вопросы колонизации. 1907. № 2. С. 418–425.

Родовые схемы, 1905 – *Родовые схемы* // МКЗ. Семипалатинская область. Усть-Каменогорский уезд. Т. IX. Санкт-Петербург: Тип. Тов-ва «Обществ. польза», 1905. С. 54–66.

Родословные схемы, 1902 – *Родословные схемы* // МКЗ. Акмолинская область. Омский уезд. Т. XI. Омск: Тип. Штаба Сиб. военного округа, 1902. С. 43–44.

Родословные схемы киргиз Акмолинского уезда, 1907 – *Родословные схемы киргиз Акмолинского уезда* // МКЗ. Акмолинская область. Акмолинский уезд. Т. III. Ч. 1. Поаульные таблицы. Санкт-Петербург: Тип. Т-ва Худ. печати, 1907. С. 125–141.

Родословные схемы киргиз Зайсанского уезда, 1909 – *Родословные схемы киргиз Зайсанского уезда* // МКЗ. Семипалатинская область. Зайсанский уезд. Т. VIII. Санкт-Петербург, 1909.

Родословные схемы киргиз Каркаралинского уезда, 1905 – *Родословные схемы киргиз Каркаралинского уезда* // МКЗ. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Т. VI. Санкт-Петербург: Тип. «Тов. худ. печати», 1905. С. 155–167.

Российские экспедиции., 2008 – *Российские экспедиции* в Центральную Азию в конце XIX – начале XX в. Санкт-Петербург: Славия, 2008. 244 с.

Россия., 1903 – *Россия.* Полное географическое описание нашего Отечества: настольная и дорожная книга для русских людей / Под ред. В.П. Семенова. Т. XVIII. Киргизский край. Санкт-Петербург: Издание А.Ф. Девриена, 1903. 448 с.

Россия., 1903 – *Россия.* Полное географическое описание нашего Отечества: настольная и дорожная книга для русских людей / Под общ. рук. В.П. Семенова-Тянь-Шанского. Т. XIX. Туркестанский край. Санкт-Петербург: Издание А.Ф. Девриена, 1913. 864 с.

Румянцев, 1910 – *Румянцев П.П.* Киргизский народ в прошлом и настоящем. Санкт-Петербург, 1910. 66 с.

Рябоконь, 1926 – *Рябоконь В.К.* К вопросу о советизации казахского аула // Красный Казакстан. 1926. № 1. С. 54–58.

Свод МКЗ., 1906 – *Свод МКЗ*, собранных и разработанных экспедицией по исследованию степных областей. Санкт-Петербург: Тип. «Тов-ва Худож. Печати», 1906. Т. XIII. Вып. 1-й. XI + 322 с.

Седельников, Букейханов, Чадов, 1903 – *Седельников А.Н., Букейханов А.Н., Чадов С.Д.* Исторические судьбы Киргизского края и его культурные успехи // Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Т. XVIII. Киргизский край. Санкт-Петербург, 1903. С. 139–175.

Седельников, 1907 – *Седельников Т.И.* Борьба за землю в Киргизской степи. Санкт-Петербург: Дороватовский и Чарушников, 1907. 88 с.

Соколовский, 1926 – *Соколовский В.Г.* Казахский аул. Ташкент: ЦСУ КазАССР, 1926. 49 с.

Спасский, 1820 – *Спасский Г.* Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // Сибирский вестник. 1820. Ч. 9. 152 с.

Сулейменов, 1963 – *Сулейменов Б.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX – начала XX в. (1867–1907 гг.). Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1963. 412 с.

Сулейменов, Басин, 1981 – *Сулейменов Б., Басин В.Я.* Казахстан в составе России в XVIII – начале XX в. Алма-Ата: Наука, 1981. 247 с.

Терентьев, 1906 – *Терентьев М.А.* История завоевания Средней Азии. С картами и планами. Т. 1. Санкт-Петербург: Типо-литография В.В. Комарова, 1906. 510 с.

Тогжанов, 1926 – *Тогжанов Г.* О казахском ауле. Кзыл-Орда: Казгосиздат, 1926. 70 с.

Сулейменов, 1934 – *Сулейменов Б.* Казахский колониальный аул. Москва: Тип. газ. «Правда», 1934. 112 с.

Токмурзаев, 209 – *Токмурзаев Б.С.* Колонизация Степного края в общественно-политическом дискурсе второй половины XIX – начала XX в. // Вестник Томского государственного университета. 2019. № 438. С. 163–171.

Труды Частного Сопещения, 1907 – *Труды Частного Сопещения*, созванного 20 мая 1907 года Степным генерал-губернатором по вопросам о нуждах Киргизов Степного края. Печатается по распоряжению Степного генерал-губернатора. Омск: 1907. 93 с.

Тынышпаев, 1925 – *Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент: Вост. отдел. Кирг. гос. изд-ва, 1925. 78 с.

Хворостанский, 1907 – *Хворостанский П.* Киргизский вопрос в связи с колонизацией степи // *Вопросы колонизации*. 1907. № 1. С. 53–104.

Численность населения..., 2024 – Численность населения по отдельным этносам Республики Казахстан. На начало 2024 года. Сер. 18. Демографическая статистика. Дата релиза: 22.04.2024. Астана, 2024. <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/157456/>.

Чиркин, 1907 – *Чиркин Г.* Землеустройство киргиз в связи с колонизацией степи // *Вопросы колонизации*. 1907. № 2. С. 44–68.

Чиркин, 1907 – *Чиркин Г.* К вопросу о происхождении земельной общины в Сибири // *Вопросы колонизации*. 1907. № 1. С. 105–111.

Чулошников, 1924 – *Чулошников А.П.* Очерки по истории казак-киргизского народа. В связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Часть первая. Древнее время и средние века. Лекции, читанные в Оренбургском отделении Московского археологического института в 1921 г. Оренбург: Киргосиздат, 1924. 291 с.

Шахматов, 1963 – *Шахматов В.Ф.* Историография Казахстана (изучение истории Казахстана в конце XIX – начале XX в.) // *Очерки истории исторической науки в СССР*. Москва: Наука, 1963. Т. 3. С. 751–760.

Швецов, 1926 – *Швецов С.П.* Переселенческая колонизация // *Казакское хозяйство в его естественно-исторических и бытовых условиях*. Материалы к выработке норм земельного устройства в КазАССР / Под ред. С.П. Швецова. Ленинград: Тип. Акад. художеств, 1926. С. 106–114.

Шкапский, 1907 – *Шкапский О.* На рубеже переселенческого дела (с картой) // *Вопросы колонизации*. 1907. № 1. С. 112–137.

Шуман, 1907 – *Шуман Н.* К вопросу об устройстве и колонизации Сибири // *Вопросы колонизации*. 1907. № 1. С. 3–18.

Щербина, 1902 – *Щербина Ф.А.* Бюджетная статистика // *Труды Императорского Вольного экономического общества* (издается с 1766 г.). Санкт-Петербург: Тип. Тов-ва «Обществ. польза», 1902. С. 373–385.

Щербина, 1902 – *Щербина Ф.А.* Исследования степных областей // *Труды Императорского Вольного экономического общества*. 1902. № 3. С. 321–339.

Щербина, 1902 – *Щербина Ф.А.* Подворно-санитарные переписи // *Труды Императорского Вольного экономического общества* (издается с 1766 г.). Санкт-Петербург: Тип. Тов-ва «Обществ. польза», 1902. С. 386–393.

Aktay, 2017 – *Aktay Sonnur.* Sovyet ideolojisinin Kazakistan toponimlerine yansması // *İdil*. 2017. Cilt. 6. Sayı. 38. Sf. 2685–2693.

Barandov, 1940 – *Barandov G.* Stolypindjk reaksi. Alma-Ata, 1940. 27-b.

Campbell, 2020 – *Campbell I.W.* Knowledge and the Ends of Empire. Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731–1917. Ithaca: Cornell Univ. Press, 2017. 273 p. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/2020.01.012>. С. 69–79.

References

9 fevralya 1897 goda., 2025 – 9 fevralya 1897 goda sostoyalas pervaya Vseobshchaya perepis naseleniya Rossyskoy imperii [On February 9, 1897, the first general population revolution of the Russian Empire took place] / URL: govoritmoskva.ru [In Rus.]

Abdirov, 2023 – *Abdirov M.Zh.* Iz istorii voyenno-kazachyey kolonizatsii Kazakhstana (XVI – nachalo XX vv.). Izbrannye Trudy [From the history of military-Kazakh colonization of Kazakhstan (16th – early 20th centuries). Selected works]. T. I. Almaty: IP «Raduga», 2023. 272 p. [In Rus.]

Abdirov, Aubakirova, Bizhigitova, Kazhenova, 2016 – *Abdirov M.Zh., Aubakirova Kh.A., Bizhigitova K.S., Kazhenova G.T.* Sibirskoye kazachestvo i kazakhi Stepnogo kraya v XVIII-XIX vv. [Siberian Cossacks and Kazakhs of the Steppe Region in the 18th-19th centuries]. Astana: Master PO, 2016. 373 p. [In Rus.]

Akischev, Argynbayev, Alimbayev, 1990 – *Akischev K.A., Argynbayev N.* Arkheologicheskoye i etnograficheskoye izucheniye Kazakhstana [Arkheological and ethnographic studies of Kazakhstan]. *Istoricheskaya nauka Sovetskogo Kazakhstana (1917–1960 gg.). Ocherki stanovleniya i razvitiya*. Alma-Ata: Gylim, 1990. Pp. 48–60. [In Rus.]

Aktay, 2017 – *Aktay Sonnur.* Sovyet ideolojisinin Kazakistan toponimlerine yansması [The influence of Soviet ideology on the toponymy of Kazakhstan]. *İdil*. 2017. Cilt. 6. Sayı. 38. Pp. 2685–2693. [In Tur.]

Aleksandr Konstantinovich Geyns, 1897 – Aleksandr Konstantinovich Geyns [Aleksandr Konstantinovich Geyns]. *Geyns A.K. Sobraniye literaturnykh trudov*. T. 1. Sankt-Peterburg: Tip. M.M. Stasyulevicha, 1897. Pp. 3–20. [In Rus.]

Alimbay, 1992 – *Alimbay N.* O mekhanizme realizatsii otnosheny sobstvennosti v kochevom obshchestve kazakhov [On the mechanism of realizing property relations in a Kazakh nomadic community]. *Margulanovskiyechteniya-92: sbornik materialov nauchnoy konferentsii*. Moskva: Nauka, 1992. Ch. 1. Pp. 9–17. [In Rus.]

Alimbay, 2020 – *Alimbay N.A.* Semipokolennaya ekzogamnaya struktura «zhetiata» kak obshchina-sotsium (k probleme sovpadeniya roda i obshchiny u kazakhov-kochevnikov) [Semi-generational exogamous structure zhetiata" as a community-society (to the problem of the coincidence of clan and community in Kazakh-Kochevniks)]. *Turkic Studies Journal*. 2020. Vol. 23. № 4. Pp. 7–26. [In Rus.]

Alimbay, 2024 – *Alimbay N.A.* Rusifikatsiya traditsionnogo toponimicheskogo landshafta kak napravleniye i zavershayushchy akt krestyanskoy kolonizatsii Kazakhskogo kraya (vtoraya polovina XIX v. – 1917 g.) [Russification of traditional topographical land as a management and conservation measure of peasant colonization of the Kazakh region (second half of the 19th century – 1917)]. *Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii na temu «Aktualnye problemy etnologii, antropologii i muzeologii na evraziyskom prostranstve: traditsii i innovatsii», posvyashchennaya 90-letiyu universiteta i 70-letiyu chlena-korrespondenta Natsionalnoy akademii nauk vysshey shkoly Kazakhstana, doktora istoricheskikh nauk, professora Kalysh Amanzhola Boranbayuly*. Almaty: Qazaq universiteti, 2024. Pp. 269–271. [In Rus.]

Бұл мәліметтерден Қазалы жерінде сауда керуендері жиі болғанын көреміз. Керуен жолдарының бойында керуен сарайлар, тоқтап дем алуға арналған үйлер болды. Орыс саудагерлері мен азиялық керуендер әр түрлі жолдармен жүрді. Орыс керуендері қазақ бекеттерін жағалап жүрсе, азиялық керуендер қазақ жайлаулары арқылы жүрген. Екі керуен де жолда тоқтап, қазақтармен айырбас сауда жасап отырған. Ресейден нан, иленген тері, жүн және мақта-маталар, темір бұйымдар шығарылып сатылса, Ресейге мал, мақта, жеміс, шай, қағаз бұйымдар сатып алынды. Аталған тауарлардың ішінен астық, иленген тері мен маталар Қазалы арқылы өтті. «Бұл жердің көпестері, – деп жазды А. Янушкевич, – Ірбіт пен Нижний Новгородтан Ресей тауарларына Чугучак пен Құлжа сияқты Қытай қалаларынан шай, жібек маталар, фарфор, әр түрлі ұсақ бұйымдар, ал Ташкент, Бұхара мен Қоқандтан – халат, кілем, күріш, кептірілген жеміс сияқты ұсақ бұйымдар, қазақ даласынан тері, жылқы, қара мал, қой, киіз, түлкі мен басқа аңдардың терілеріне айырбастап отырды» [Янушкевич, 1965: 5].

Қазалы қаласындағы алғашқы орыс көпестері Орынборлық саудагерлер Деевтер, ағайынды Путаловтар, Оглатков және Хрулиндер еді. Орыс көпестерінің приказшиктері көшпенділер ауылын аралап, тауарларға қой, тері, жүн, киіз, май, т.б. жинады. Деевтер мен Путаловтар жыл сайын Орынборға тек қана қойдан 20 мың сом бас, ал тері жүннен 100 мың пұттай жөнелтетін [Янушкевич, 1965: 5].

XIX ғасырдың 60 жылдарының басында орыс көпестерінің айналымы жылына жарты миллион сомға дейін жетті. Ал, бұқаралық пен хиуалықтар жергілікті өнімдермен және бақшалық тағамдармен, ағылшын тауарларымен сауда жасады. Олар Орта Азия халықтарынан – без, дәкі (гүл розасы) киссея, шапан, одеял, қанауыз, шәйі, жібек орамалдар, кілемдер, қытай кестелері, құмандар, мыс шәйнектер, шай мейіз, өрік, шабдалы, бадам, ал күзде жүзім, алма, қара өрік, алмұрт әкелді [Востров, 1968: 147]. Азиялық саудагерлердің сауда айналымдары XIX ғ. 60-жылдары 200 мың сомға дейін жетті.

Сырдария облысында маңыздылығы жағынан екінші орынды 1853 жылы генерал Перовскі өзіне қаратқаннан кейін Перовск форт атанған Ақмешіттегі базар иеленді. Бұл жерде орыс әскерлері гарнизонының орналасуына байланысты сауда өркендеді. Ақмешіт сауда мен айырбас орталығы

болды және оған жердің түкпір-түкпірінен әртүрлі ұлттардың өкілдері ағылып келіп жатты. Олардың кейбіреулері Ақмешіттің ірі сауда орталықтарына жақын орналасқанын ескере отырып, сол жерге тұрақтанып қалса, ал енді біреулер Ақмешітте молшылық көрген соң, қалада тұрақтанып қалды [Востров, 1968: 147].

XIX ғ. 60-жылдардың соңында шиден тоқылған 16 кез төсенішке 2,5 пұт бидай (пұты 50 тиын тұрды) не 3,5 пұт айырбасталатын (пұты 40 т. тұрды). Жергілікті қазақтардың сауда капиталы да дами түсті. Мысалы, қазақ Жұрабайдың 500 мың сомы, Меджұбатқанның 60 мың сомы, ағайынды Қопақбаевтардың 150 мың сомы болған [ӨР МОА. И-1-қор, 12-тізбе, 1816-іс. 25-п.].

Жәрмеңке кезінде барлық сатылған мал, егіншілік өнімдерімен және т.б. тауарлардың сомасы күміс ақшамен есептегенде 5242 сом 36 тиын болған.

1867 жылы Перовск базарында 137 лавка болды. Оның ішінде бұқардікі – 33, қырғыздікі – 61, ауғандікі – 11 және орыстардікі – 32 лавка еді [Очерк, 1869: 278-279]. Орыс саудагерлері қаланың ірге тасы қаланғаннан бастап, ол кезде 5 болғанымен, өз үйлерінің жанында сауда жасайтын орындары болды, бұқар көпестеріне лавка құрылысын бастауға 1862 жылдан бастап қана рұқсат берілді. Сол жылы алдыңғы бетіне орналасты да, лавкалардың арты түрлі шаруашылық қажеттеріне және тауарлар қоймасына арналған алаң болды.

Перовск қаласында алғашқы орыс көпестері Лебедев, Кирилов, ағайынды Панфиловтар, т.б. болды. 1869 жылы қаладағы сауда орындарының саны, орыс көпестерінде – 64, бұқарлықтар – 572, ташкенттіктер – 82, хиуалықтар – 2, ауғандықтар – 6, қазақтарда – 130 болды, ал 1910 жылы қалада 10 нан және үн сауда лавкасы, 1 тігін машинасы, 1 зергерлік іс, 5 балық сату, 13 жүн және тері қабылдау, 39 бакалея тауарлары, 16 мануфактуралық, 47 ұсақ сауда нүктелері болды [ӨР МОА. И-1-қор, 12-тізбе, 1816-іс. 25-п.].

Перовскідегі ең ірі сауда фирмасы «Түркістандағы орыс саудасы мен өнеркәсібінің алғашқы пионері» аталған И.И. Ивановтың фирмасы болды [ӨР МОА. И-1-қор, 12-тізбе, 1772 іс. 34-п.].

Бұл фирма тек қана Сырдария облысында ғана емес, сондай Жетісу өлкесінде де үлкен табыстарға ие болды. 1913 жылы Ивановтар әулеті Ташкент пен Самарқан маңындағы жүзім шарабы зауыттары мен жүзімдіктерге, Перовскіде, Қазалыда сыра қайнату, жасанды мұз зауыты, Бішкекте, Әулиеатада, Верныйда сыра өндірістерде иелік етті. Бұл фирмаларда 5 мыңға дейін тұрақты жұмысшылар қызмет етті [ӨР МОА. И-1-қор, 12-тізбе, 1772 іс. 34-35, 53 п.].

XIX ғасырдың 70-жылдарында Түркістан базарында 391 лавка болды. Олардың 140 керуен-сарайларға орналасты. Сауда айналымы жылына 315 мың сом мөлшерінде болды. Қалада 4 керуен сарай болды. Мұнда бұқарлықтар, қоқандықтар, ташкенттіктер, қырғыздар сауда жасады. Жергілікті және орыс тауарларынан басқа ағылшындардың сапасыз кездемесі мен шыты да кездесетін [Очерк, 1869: 290-291].

1867 ж. Шымкентте 244 лавка болды. Шымкент базарының жылдық айналымы 250-300 мың сом мөлшерінде болды [Очерк, 1869: 303].

XX ғ. басында Шымкентте 74 мануфактуралық лавка, 87 бакалеялық, 71 ұсақ-түйек, 35 аяқ киім лавкасы сауда жасады, қалада 10 керуен сарай болды [Добромыслов, 1873: 226].

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде қазақтар көбіне қой, ешкі, жылқы, түйе, ірі қара және оның шикізаттарымен сауда жасады. Ресейден өнеркәсіп бұйымдары: мануфактура, қант, галантерея тауарлары келді [Добромыслов, 1873: 226].

Бұл кезеңде облыстағы қалаларда сауда айналымдары арта түсті.

Облыс бойынша тауар айналымы 34 038 675 сом болды, оның ішінде әкелу бағасы 25 040 845 сом болса, әкету бағасы 9 001 830 сом болды [Сулейменов, 1963: 77]. Тауарларды әкелу жағынан алдыңғы орында өнеркәсіп заттары, мануфактура басым болса, әкету жағынан мақта мен мал өнімі басым болды.

Ресейге мал және басқа шикізат өнімдерін әкету өлкеде темір жолдың салынуынан кейін үдей түсті. Мысалы, 1907-1910 жылдары Ташкент-Орынбор темір жолы арқылы жыл сайын орта есеппен алғанда – 466 мың пұт, ал 1911 жылы – 1,1 млн пұт ет тиелген, ал тері-терсек – 540 мың пұт, жүн – 816 мың пұт болған [Сулейменов, 1963: 77].

Қазақстанның оңтүстік өлкесі Ресеймен сауда-тауар айналымында ерекше маңызды рольге ие болды. Мысалы, 1903 жылы Сырдария облысында сауда айналымының жалпы көлемі – 75400 мың сом болса, оның 55 млн сомы Ресейден әкелінген тауарлар, ал 20 млн 400 мың сом тауары облыстан Ресейге шығарылған тауарлар болды [Обзор, 1910: 42]. Тек қана, 1913 жылы осы облыстан сыртқа 6 млн сомның жүн өнімі шығарылған [Галузо, 1965: 98].

Ет және мал Мәскеу, Петербург қалаларына, мал майы Мәскеу және Қазанның сабын қайнататын заводтарына, тері – Мәскеу, Ревель және Владимир губерниясына, малдың ішек-қарны – Берлин, Вена қалаларына шығарылып отырған [Галузо, 1965: 99].

XX ғ. бас кезінде оңтүстік өлкеден астық өнімдері де сыртқа шығарыла бастады. 1908 жылы Ташкент темір жолы арқылы 4,5 млн пұтқа жуық астық өнімдері сыртқа шығарылған. [Обзор, 1910: 42]. Астық өнімдері негізінен Орта Азияға жіберіліп отырды. 1910 жылы Ресейге Сырдария облысынан 66,4 мың пұт астық, 1913 жылы – тек қана 41 мың пұт астық шығарылған, ал 1910 жылы Орта Азияға – 597,7 пұт, ал 1913 жылы – 937 мың пұт астық жөнелтілген [Галузо, 1965: 99].

Облыстағы Қазалы, Перовскі, Ташкент қалалары Троицк, Орынбор және Омскі сияқты қалалардың мықты бәсекелесіне айналды. Бұл туралы Ресей шенеуніктері «Троицк, Орскіге қазақтардың тауарлар алуға келуі азайды, олар өздеріне қажеттілерін Қазалы, Перовскі қалаларынан алып жүр», – деп жазған [Очерк, 1869: 278].

Жәрмеңкелік сауда мөлшері бойынша XIX ғасырдың соңында Ташкент облыстың басқа қалаларын артқа тастады. 1894 жылы Перовскі жәрмеңкесінің сауда айналымы – 1 079 700 сом болса, Әулиеата – 3 323 100, Қазалы – 1 021 500 сом, Әмудария бөлімі – 2 490 000 сом, ал бір ғана Ташкенттің өзінде сауда айналымы 33 715 100 сом болған [Обзор, 1897: 40-42].

Ташкент, Әулиеата қалалары өзінің сауда дамуының жеделдігімен Еуропалық Ресейдің көрші губерниялары мен Қазақстанның көрші облыстарындағы ірі саудагерлер мен көпестердің назарын аударды. Біршама капиталға иелік ете отырып, олар мұны – малдарды сатып алып, үлкен партиялармен Оралға, Волга бойына айдады. Қой еті мен сиыр майы, тері, ат құйрығы мен жалы, базарға шығарылды. Мысалы, Орынборға жыл сайын орта есеппен 200 мың пұт күйдірілген және шикі май, 1 миллион пұт тері сатылған, мұның басым көпшілігі Сырдария облысынан апарылған болатын [Обзор, 1897: 20]. Мал шаруашылығы өнімдері саудагерлер арқылы Мәскеу пен Петербор базарларына да түсе бастады, ал одан Еуропалық тері және ішек ұйымына өтті, ешкі жүні Еуропада үлкен сұранысқа ие болды [Обзор, 1897: 41].

Ауқатты қазақтар мен кулактар малды сату үшін арнайы баға қоюды бастады. Сырдария облысында қысқа мерзім ішінде жел диірмен, мал айыру, тері, май күйдіру, қой терісін тігу, қыш құю т.б. өнеркәсіптері сонымен қатар қожайындары алып-сатарлар мен ірі саудагерлер болып табылатын сауда орындары өмірге келді [Галузо, 1965: 105]. Ташкент, Шымкент және облыстың басқа қалаларының өнеркәсіп өндірістері негізінен ауыл шаруашылық шикізаттарын алғашқы өңдеуден өткізумен айналысты.

Облыстық басқарма шенеуніктері «облыстағы сұраныс иелері зауыт өнеркәсібінің жекелеген бұйымдарын басқа өнеркәсіп орталықтарынан алуды тиімді деп санайды, ал тұрмыс пен өндірістің жақсы жағдайында шикізаттың жоғары бағасына қарамай, салыстырмалы түрде арзан әрі сапалы тауар өндіру мүмкіндігін ескермейтіндігін мойындаған» – деп жазды [Обзор, 1897: 38-40].

Сырдария облысында тауар-ақша қатынастарының дамуымен байланысты, қазақ байлары тек қана мал өсірумен ғана айналысып қойған жоқ, олар сауда, алып-сатарлық және кәсіпшілікпен де айналыса бастады.

Сөйтіп, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында оңтүстік өлкеде сауда-өсімқорлық капиталының дами түсуі өлке экономикасына үлкен әсерін тигізді. Қазақтардың натуралды шаруашылығы бірте-бірте тауарлы, ақшалай шаруашылық түріне айнала бастады, өлкенің Қазақстанның басқа облыстарымен сауда байланысы нығая түсті, алғашқы бай-көпестер шыға бастап, жергілікті базарлар пайда болды.

Сауда мен өнеркәсіптің дамуында теміржолдың рөлі. XIX ғасырдың 60-жылдарының соңғы кезеңінен бастап, Оңтүстік өлкеде капиталистік қатынастардың алғашқы сипаттары пайда бола бастады. Бұл кезеңдерде өлкеде қолөнері, шағын сауда ғана дамыған еді. Өлкенің сауда-экономикалық байланысы тек қана керуен жолдарымен Қазалы, Орынбор, Ташкент, Троицк қалалары арқылы өтті.

XX ғасырдың басында (1901-1906 ж.) Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы, бүкіл Түркістан өлкесінің әлеуметтік-экономикасына үлкен өзгерістер жасады, яғни сауданың, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, өлкеде капиталистік қатынастардың дамуына себеп болды. Орынбор-Ташкент темір жолының ұзындығы 2 090 шақырым болды. Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовскі, Түркістан станциялары Қазақстанның Ресей және Орта Азиямен байланыстыратын ірі темір жол пункттеріне айналды [Асылбеков, 1968: 193-194].

1915 жылы Арыс пен Шымкент және 1916 жылы ұзындығы 21 шақырымға созылатын Ленгер темір жолдары салынды. Облыста жаңадан темір жолдар торабының салынуы оның өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Біріншіден ол жергілікті жерлерде жұмысшылардың санын көбейтсе, екіншіден – осы темір жолдар арқылы Оңтүстік өлкеге Ресейдің орталық аудандарынан өнеркәсіп тауарлары – темір, май, қант, шәй т.б. келтірілді де, Ресейге – мақта, жемістер, мал, тері т.б. өнімдер жөнелтілді [Заорская, 1915: 112].

Үшіншіден, темір жолдардың салынуы облыстың экономикасына әсер етіп, сауда қатынасының дамуына жол ашты. Мысалы, 1906 жылдың өзінде Шымкент уезінен Еуропалық Ресейге – 240 230 пұт, Әулиеатадан – 296 864, Перовскіден – 1 422 670, Қазалыдан – 134 650, Ташкенттен – 233 923 пұт түрлі тауарлар жіберілген [Заорская, 1915: 112].

1912 жылы Ресейге темір жол арқылы барлығы 18 миллион пұт жүк жіберілді, бұл 1908 жылмен салыстырғанда 4,5 миллион пұт жүк артық жіберілген [Дильмухамедов, 1963: 77].

XIX ғасырдың 70-жылдарының басында Әулиеата, Шымкент, Перовскі және Қазалыда алғашқы нан, арақ-шарап, сыра жасайтын зауыттар пайда болды. Сырдария облысында ірі өнеркәсіп орны Шымкент сантонин зауыты болды. Ол жергілікті шикізат, дала өсімдігі дәрменеден сантонин жасап шығарды. Осы зауыттың негізін қалаған Орта Азияның ірі көпесі Н.И. Иванов болды. Ол 1883 жылдың жазында Орынбор көпесі Н.П. Санниковпен бірігіп Шымкентте «Сантонин» атты серіктік құрды [Дильмухамедов, 1963: 77].

Зауытқа керекті құрал-жабдықтар, машиналар, механизмдер Германиядан (Дармштадт, Мерка зауыты) әкелініп, зауыттың құны 400 000 сомға түсті [РФ ОМТА. 1396-қор, 1-тізбе, 24-іс. 35-п.]. Көп ұзамастан зауыт іске қосылып, өнім бере бастады. 1885 жылы зауыт 500 пұтқа дейін өнім шығарып, жылдық капитал айналымы 155 000 сомға жетті [Добромыслов, 1873: 202]. Шымкент сантонин зауыты Сырдария облысы бойынша ірі кәсіпорынға айналды, алайда оның шығарған өнімінің көпшілігі Германияға жіберілді. Зауыт жылына 4-5 ай жұмыс істеді. Дүние жүзінде сантонин шығаратын зауыт Алжирде және Шымкентте ғана болды [Средняя, 1895: 165-166]. Өндірілген өнімнің саны көп болған сайын, бірінші бесжылдыққа қарағанда, екінші бесжылдықта оның бағасы төмендеді және одан түсетін қосымша пайда да азайды. Сондықтан да фирма келесі жылы өндірісті қысқартып, сантонинге үлкен монопольдық бағалар қойды. Нәтижесінде сантонинге деген дүниежүзілік сұранысты пайдаланып, зауыт қайтадан ірі пайдалар тапты.

XIX ғасырдың аяғында Сырдария облысының Ташкент уезінде 16-дан астам мақта тазалау зауыттары іске қосылып, 1897-98 жылдары, 170 860, 1898-99 жылдары 152 960 пұт мақта талшығын бере бастады. Осының артынша Шымкент уезінде мақта тазалау зауыттарын салу жұмысы қолға алынды. Соның нәтижесінде 1896-1897 жылдары 4 мақта тазалау зауыты 20 520, ал 1898 жылдары 37 100 пұт мақта талшығын берді [Гейер, 1909: 295].

1885 жылы Шымкент уезінде де 37 ұсақ кәсіпорын, 1 зауыт және 81 диірмен кәсібінде 246 жұмысшы болған, ал Әулиеата уезінде – 13 кәсіпорында 847 жұмысшы, Түркістан уезінде – 15 кәсіпорында 68 жұмысшы, Перовскіде – сыра қайнататын зауытта – 4 жұмысшы, Қазалыдағы сыра қайнататын зауытта – 9 жұмысшы болған. Ал, жалпы бұл уездерде 68 кәсіпорында, 81 диірменде 374 жұмысшы болған [Смирнов, 1887: 329-331].

1910 жылы Шымкентте – 38, Перовскіден – 5, Әулиеатада – 17, Қазалыда – 10 фабрика-зауыты жұмыс істеді. Бұл өнеркәсіп орындарында 500-ге жуық жұмысшы, оның 300 – Әулиеатаның 17-зауытында жұмыс істеген [Адрес, 1910: 190-197].

1912 жылы Келес, ал 1914 жылы – Велико-Алексеевский мақта тазалау заводтары салынды.

Облыста арақ-сыра жасайтын зауыттардың саны арта түсті. 1880 жылы Қазалы уезінде сыра қайнататын зауыт жұмыс істей бастап, оның өнімі 900 шелек сыра болып, жылына 4 мың сом пайда құрады. 1881 жылы, Қазалыда арақ-шарап, ал 1886 жылы екінші сыра қайнататын зауыт ашылды [Обзор, 1887: 126]. Осындай зауыт XIX ғасырдың аяғына таман Перовскіде салынып, жылына 16 000 шелек сыра бере бастады [Қалиев, 1980: 5]. Сондай-ақ облыста 9 тері илейтін зауыттар болды, олар жылына 30 000 тері шығарып отырды. Облыста тері өндірудің зауыттық типінде бірінші іскерлер орыс капиталистері: Хлудов, Куванцев, Терексов, Зубков т.б. болды [ӨР МОА. И-17-қор, 1-тізбе, 3005-іс. 199-п.].

1871 жылы Шымкент уезінде бір ғана тері өңдеу зауытында өндірілген өнімнің жылдық құны 300 сом болды, онда 10 жұмысшы жұмыс істеді [ӨР МОА. И-17-қор, 1-тізбе, 3005-іс. 3-п.].

Уездер	Тері зауыттардың саны	Өнімділік сом есебімен	Бір тері зауытқа өнімділік сом есебімен
Түркістан уезі	11	8 260	751
Шымкент уезі	15	1 200	80
Әулиеата уезі	4	820	205
Барлығы:	30	10 280	1 756
Облыс бойынша	161	315 748	1 961

Кесте 2. XIX ғасырдың аяғында (1898 ж.) Сырдария облысының қалалар мен уездердің орналасқан тері зауыттарының жалпы шығарған өнімі [ӨР МОА. И-17-қор, 1-тізбе, 3005-іс.].

1895 жылы облыста 106 кустарлық және фабрика-зауыттық типтегі тері өндірістері болды, олардың өндірілген өнімнің құны 289 550 сом болды, ал 1912 жылы олардың саны 38, өнімінің құны 1449 мың сом болған.

Сырдария облысында бір тері зауытының 1889 жылғы өнімінің құны орташа есеппен – 1961 сом, ал 1912 жылы – 38131,5 сом болған. Облыстың тері зауыттары 1911 және 1912 жылдары неғұрлым өнімдірек жұмыс істеді. Бір тері зауыттың өнімі 1911 жылы – 2415,5 тері, 1912 ж. – 3815,9 тері болған, ал өндірілген өнім табысы 1911 ж. – 23765,9 сом, 1912 ж. – 38131,5 сом болған, ал 1 – тері зауытына 7 – 7,5 жұмысшыдан келген [Дильмухамедов, 1963: 104].

XX ғасырдың басында Қазақстан бөлігінде Сырдария облысының ауылшаруашылық шикізаттарын қайта өңдейтін кәсіпорындар саны өсті. 1904 жылы 602 кәсіпорын 1 486 жұмысшысымен болса, 1906 жылы – олардың саны 900-ге, жұмысшылардың саны 2 000 – адамға жеткен [Дильмухамедов, 1963: 104]. Сондай-ақ облыста ұн, жарма тартатын кәсіпорындар (Әулиеата, Шымкент) пайда бола бастады. Олардың шығарған өнімдері жергілікті халықтардың қажеттілігін, мұқтажын өтеуге ғана жұмсалды.

1902 жылы облыста 10-ға дейін жұмысшылары бар зауыттардың саны 88, жалпы жұмысшысы – 379 адам болған, ал 10-нан – 49-ға дейін – 39 – 857. 50-ден – 99-ға дейінгі жұмысшылары бар зауыттар – 6 374 жұмысшы, яғни – барлығы 133 зауытта 1 610 – адам жұмыс істеген [Погожев, 1906: 16].

Жылдар	1900	1903	1905	1907	1909	1911	1913	1916
Адам саны	765	670	815	760	970	1 011	955	1 075

Кесте 3. 1900 жылдан – 1916 жылға дейін Сырдария облысындағы қайта өңдеу өнеркәсібінде істеген жұмысшылар саны [Погожев, 1906: 16].

1913 жылдың аяғында облыста небәрі 183 өнеркәсіп қана жұмыс істеді, оның жылдық айналымы 15 165 420 сом болды [Заорская, 1915: 118]. Өнеркәсіптің құрылымында өндіріс орындарының үлес салмағы былайша таралды: 46% – мақта тазартатын зауыт, 16% – спирт тазартатын зауыт, 8% – диірмен, 6% – жүн жуатын, 6% – сыра қайнататын, 2% – типография, ал қалғандары өндірістің 1%-ын құрады [Заорская, 1915: 120-124].

Облыстың өнеркәсіп өнімінің орташа құны 8 271 сом болды, алайда орналасуы барлық жерлерде бірдей болмады. Мысалы, Шымкентте – 18, Әулиеатада – 25, Перовскіде – 9, Қазалыда – 4 өнеркәсіп орны болды [Заорская, 1915: 120-124].

Облыста сондай-ақ қолөнер кәсібі де дамыды. Ресей чиновнигі А. Скворцов өзінің жазбаларында «Қазақтар шеге, біз, пышақтың күшімен ағаштан керемет ою-өрнек жасайды. Бар мәселе – қолөнер шеберлігінде, шеберде ғана» [Скворцов, 1910: 264], – деп жазды. Облыстың генерал-губернаторының есебінде қазақ қолөнершілерінің шеберлігі туралы «Жергілікті шеберлер, суретшілер, ағаш ұстасы – орыс шеберінен бір де кем түспейді, олар өздерінің жоғарғы шеберлігімен көзге түседі» [Официальный, 1900: 79], – деп мойындауға мәжбүр болған.

Қолөнер өндірісі арасында – тоқыма, тігін, құмыра өндірісі, тері өңдеу өндірісі және т.б. дамыды. Алайда фабрикалық өнімдердің әкелінуі, қолөнер өндірісін төмендетіп жіберді. Мәселен, П. Маевтің мәліметі бойынша 1871 ж. бір ғана Ташкенттің өзінде тері өңдейтін 541 цех болған, ал 1885 ж. Сырдария облысының есеп мәліметі бойынша 76 цехта 152 шебер жұмысшылары болса, 1892 жылы олардың саны 66-ға төмендеген [Маев, 1874: 264].

1909 жылғы мәлімет бойынша облыста қолөнер өндірісінің табысы 10-12 млн. болған, онда 20-25 мыңдай адам жұмыс істеген.

Қолөнершілердің орташа табысы – 190 сом болды. Қолөнер шеберханаларында 5-6 адамнан істеді. Алтын, күміс шеберлері жылына – 276 сомдай, тігіншілер – 135,2 сом, мыс және темір шеберлері – 95,1 сомдай ақша тауып отырған. Ұсақ қолөнершілер сағатына 10-15 тиыннан алды [Маев, 1874: 264].

1910 жылы Сырдария облысында қолөнершілермен қарапайым қолөнершілердің (Кустарники) саны – 12 610 болса, 1912 жылы – 11 320, 1914 жылы – 12 250, 1916 жылы – 15 600 жеткен [Казахстан, 1968: 250].

Жай қарапайым қолөнершілердің саны аз мөлшерде ғана өсіп отырды. Көпшілігі кедейленгеннен кейін өндіріс орындарына барып, жұмысшылар санын толықтырып отырды.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ ауылдарында капиталистік қатынастардың кең түрде тарала бастауына байланысты әлеуметтік-жіктелістер күшейе түсті. Мал мен жердің ірі бай-феодалдардың қолында шоғырлануы қазақ шаруаларының тұрмысының нашарлап, кедейленуіне алып келді. Көпшілік шаруалар өндіріс орындарына, казак станицаларына жұмысқа жалданып, яғни шеткәсіптікке бой ұрды. Шеткәсіптікпен айналысу Қазақстанда бұл кезеңде кең етек жайды. Мысалы, 1910 жылы Қазалы уезінен сыртқа – 3 718 адам, Шымкент уезінен – 5 882, Перовскіден – 3 351, Әулиеатадан – 1 850 адам кетсе, 1911 жылы бұл көрсеткіштер: 3 946, 5 975, 3 762, 1 934 адамға жеткен [Обзор, 1912: 122, 133]. Шеткәсіптікке кетушілердің көпшілігі орыс кулактары мен қазақ байларының шаруашылығында жұмыс істеген. Қазалы және Перовскі уезінде жалдамашылар Арал және Сырдария балық кәсіпшілігінде жұмыс істеді.

Уездер	Шеткәсіпшілердің саны	Олардың ішінде пайыз есебімен				
		Ауыл шаруашылық жұмысшылары	батырақтар	бақташылар	Қара жұмысшылар	балықшылар
Әулиеата	8 878	26,1	30,2	21,9	5,3	-
Шымкент	18 285	63,3	5,0	5,2	-	-
Қазалы	15 349	5,3	2,5	16,4	16,1	34,4
Барлығы	45 512	94,7	37,7	43,5	21,4	34,4

Кесте 4. XIX ғ. 90-шы жылдарындағы Сырдария облысындағы шеткәсіптікке кетушілердің жұмыс түрі бойынша бөлінуі [Обзор, 1912: 122, 133].

Сырдария облысында жалдамалы жұмысшылар көбіне ауылшаруашылық жұмыстарында және балық кәсіпшілігінде жұмыс істеді.

1910 жылы шетке кәсіп іздеп кетушілердің саны облыс бойынша – 39 000 болса, 1911 жылы – 41 653-ке жеткен. Бұған мақта, металл, ағаш өңдейтін, тамақ өнімдерін өндіретін қолөнер кәсібіндегі жұмысшыларды қосқанда – 43 049 адам жұмыс істеген [Обзор, 1912: 121, 126].

Ұлттық құрамы жағынан алғанда, оның қазағы мен қырғызы – 394, орысы – 1 286, өзбегі – 1 611, тәжігі – 151, дунгандар – 28, басқалары – 149 болған [Турсунов, 1962: 66].

Облыста жұмысшы табының қалыптасуындағы қайнар көздерінің бірі – Ресейдің Орталық губернияларынан келген орыстың кедей мұжықтары болды. Олар өнеркәсіп иелеріне, кейін байыған орыс көпестеріне және қазақ байларына жалданып жұмыс істеді.

Жергілікті жердегі жұмысшылардың жұмысы өте ауыр болды. Ресми мәліметтерге қарағанда өнеркәсіп орындарында жұмыс күні 17-18 сағатқа дейін, ал көптеген кәсіпорындарында жұмыс уақытының мерзімі – шектелмеді, яғни күннің шығуы мен батуы аралығында толығымен жұмыс істесе де, олардың жылдық жалақысы 180 сомнан аспады [Заорская, 1915: 54]. Мұндай мардымсыз жалақылар ешнәрсеге де жетпейтін еді.

Өндіріс орындарында әйелдердің және балалардың да еңбектері кеңінен қолданылды. 15-17 жастағылар күніне – 25 тиыннан, 12-жастағылар 20 тиыннан, ал әйелдер еркектерден 40-50 пайыз кем алды. Ал шет кәсіпшілікпен айналысатын жұмысшылардың жалақысы жылына орта есеппен 173 сомнан, күніне 40 тиыннан аспады [Турсунов, 1962: 130, 133].

Облыс жұмысшыларына дәрігерлік-медициналық көмек көрсетілмеді. Соның салдарынан мыңдаған адамдар жұқпалы т.б. аурулардан қаза тапты. Облыс бойынша небәрі 116 кроваттық дәрігерлік аурухана болды. Оны жан басына бөлгенде 5 775 адамға бір орыннан, ал әрбір дәрігерге 15 952 адамнан келуші еді [Серебрянный, 1930: 14]. Жұмысшылар да қапас, лас жерлерде тұрды.

Осындай кәсіпорындарда жұмысшылар мерзімді уақытта ғана жұмыс атқарды, олардың едәуір бөлігі ауылдардың қалаға жұмыс іздеуге келгенмен өлкеде жұмысшы табының тұрақты кадрларын дайындауға қосқан үлесі болды. Олардың құрамы бірдей болмай, үнемі өзгеріп отырды.

Өнеркәсіптің тұрғылықты ұлт кадрлары Әулиеата, Шымкент, Перовск, Ташкент, Түркістанмен, облыстың территориясынан өтетін темір жол бойларында және тау-кен өнеркәсіп орындарында қалыптасты. Мұндағы жұмысшылардың ұлттық құрамы да бірдей болған емес. Атап айтқанда, өзбектер – 44,5 пайыз, қазақтар – 10,9 пайыз, тәжіктер – 4,2 пайыз, орыстар – 35,5 пайыз, басқалары – 4,9 пайыз болды [Заорская, 1915: 130-131].

Колониалдық фактордың талдануы. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басында Сырдария облысы Ресей империясының отарлық саясатының тікелей ықпалына түсті. Бұл кезеңде колониалдық әкімшілік жүйе жергілікті халықтың экономикалық өміріне ауыр салмақ түсірді, ол өз кезегінде аймақтық әлеуметтік-экономикалық қайшылықтардың ұлғаюына әкелді.

Біріншіден, салық жүйесі жергілікті халыққа ауыр тиді. Патша өкіметі отар аймақтардан үнемі қаржылай түсім алуды көздеді. Мысалы, қазақтар мен басқа да жергілікті тұрғындардан бекітілген салықтар жиі әділетсіз және ауыр болды. Олардан тек мал мен өнімнен ғана емес, кейде адам басына да салық салынды. Бұл шаруашылықты төмендетіп, халықтың өмір сүру деңгейін күрт төмендетті.

Екіншіден, міндеткерлік жүйесі – жергілікті халықтың күштеп еңбекке тартылуы – отарлық басқарудың тағы бір ауыр формасы болды. Қазақтар мен ауыл шаруашылығымен айналысатын халықтан жол салу, бекіністер тұрғызу, патша әскерлеріне қызмет ету сияқты жұмыстар міндеттелді. Бұл міндеттер экономикалық тұрғыдан жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатына кері әсерін тигізді.

Үшіншіден, патша өкіметінің экономикалық мүддесі негізінен өзінің өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларын дамытуды көздеді, ал бұл мақсатқа жету үшін жергілікті ресурстарды ұрланып, халықтың мүддесі ескерілмеді. Мысалы, мақта өндірісін күшейту арқылы өңірдің шикізаттық бағыттағы қызметіне көшуі жергілікті шаруашылықтың дәстүрлі түрлерінің ығысуына әкелді.

Соңында, жәрмеңке жүйесіндегі патша өкіметінің үстемдігі жергілікті сауда қатынастарына шектеу қойды. Үлкен сауда орталықтары мен жәрмеңкелер ресейлік және өзге ұлттардың саудагерлерінің бақылауында болды, ал жергілікті халық көбінесе төменгі топқа ығыстырылды. Бұл саудадан түскен пайданың көп бөлігі сыртқа ағылып, жергілікті экономика әлсіреді.

Осылайша, колониалдық әкімшілік жүйе мен жергілікті халық арасында экономикалық қарама-қайшылықтар салық салу, міндеткерлік, экономикалық мүдделердің қарама-қайшылығы және сауда үстемдігі сияқты нақты механизмдер арқылы көрініс тапты. Бұл үдерістер аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тежеу салды және отарлық биліктің халыққа қарсы ұстанымын айқындады.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Сырдария облысында сауда мен өнеркәсіптің дамуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімделе бастағанын көрсетті. Темір жолдардың салынуы, жәрмеңкелердің көбеюі, жергілікті халықтың сауда қатынастарына араласуы – барлығы өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етті. Бұл кезең Қазақстанның отарлық басқару жағдайында нарықтық қатынастарға біртіндеп енгенін байқатады.

Қорытындылай келе, бұл кезең Сырдария облысы үшін сауда мен өндірістік құрылымдардың қалыптасуына негіз болған тарихи дәуір болды. Аймақтың экономикалық дамуы – болашақтағы индустрияландыру мен нарықтық қатынастардың алғышартына айналды.

Қорытынды. К. Маркс капиталистік қоғамға өту кезеңіндегі өндіріс күштер туралы: «Буржуазиялық қоғамға дейінгі қарым-қатынастардың ыдырауымен, өндірістің ескі әдістері, қоғамдық, патриархалдық, феодалдық және т.б. ыдырайды және жалдама жұмыстың элементтері пайда бола бастайды, бос жұмысшылар саны өседі» деп жазған еді [Маркс, 1857: 41]. Бұл тұжырым XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді айқындауға мұрындық етеді.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде өлкеде өнеркәсіп өндірісі дами түсті. Қайта өңдеу өнеркәсібі, темір жол жұмысшылары сондай-ақ қолөнер кәсібіндегі жұмысшылар санының өсуі – қазақ қоғамына капиталистік қатынастардың енуінің күшейгенін көрсетті. Темір жол құрылысының салынуы өлкенің Ресеймен, Орта Азиямен және Қазақстанның басқа да аймақтарымен экономикалық сауда байланыстарын күшейтті.

Сырдария облысындағы өнеркәсіп өндірісінің Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда өзіндік даму ерекшелігі болды. Ол ерекшелік – бұл өлкеде жұмысшылардың көпшілігінің ауыл шаруашылық, қайта өңдеу өнеркәсібінде сондай-ақ балық кәсіпшілігінде шоғырлануы болды, ал тау-кен және темір жол бойында – жұмысшылар өте аз болды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ қоғамындағы аграрлық-өнеркәсіптік қатынастардың шиеленісе түсуі – қазақ ауылдарында да әлеуметтік-таптық жіктелістің күшейіп, қазақ шаруаларының әлеуметтік күшке айнала бастауын көрсетті.

XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Сырдария облысында орын алған экономикалық өзгерістер – аймақтың отарлық билік жағдайында біртіндеп нарықтық қатынастарға бейімделуінің айқын дәлелі. Сауда қатынастарының кеңеюі, ішкі және сыртқы жәрмеңкелердің белсенді жұмыс істеуі, аймақаралық тауар айналымының ұлғаюы – өңірдің экономикалық дамуына серпін берген негізгі факторлар болды.

Сол кезеңде қалыптаса бастаған өнеркәсіптік нышандар – ауыл шаруашылығына қызмет ететін шағын кәсіпорындар, әсіресе мақта тазалау, ұн тарту, тері өңдеу мен сабын қайнату өндірістері – аймақтың шаруашылық құрылымына жаңа элементтер қосты. Бұл кәсіпорындар халықтың еңбек бөлінісіне, жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруіне және жергілікті экономиканың әртараптануына ықпал етті.

Орынбор–Ташкент теміржолының салынуы – өңір үшін ерекше маңызға ие инфрақұрылымдық өзгеріс болды. Ол тауар айналымын жеделдетіп қана қоймай, Сырдария облысын Ресейдің ішкі нарығымен және Орталық Азиямен тығыз байланыстыра түсті. Теміржол тек экономикалық емес, сонымен бірге әкімшілік және саяси бақылауды күшейту құралына айналды.

Жалпы алғанда, бұл кезең – Сырдария облысының сауда және өнеркәсіп салалары бойынша алғашқы экономикалық модернизация кезеңі ретінде сипатталады. Бұл үдерістер XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Қазақстанның басқа өңірлерінде байқалған экономикалық өзгерістердің бастамасы ретінде ерекше тарихи маңызға ие.

Дереккөздер

РФОМТА – Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік тарих архиві
ӨРОМА – Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

Sources

RFOMTA – Resei Federasiyası Ortalyq memlekettik tarih arhivı [Central State Historical Archive of the Russian Federation]

OROMA – Ozbekstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivı [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]

Әдебиеттер

Адрес, 1910 – *Адрес-справочник Туркестанского края за 1910 г.* Ташкент, 1910. 380 с.

Асылбеков, 1968 – *Асылбеков М.Х.* Развитие сети железных дорог Казахстана в конце XIX начало XX вв. Казахстан в канун Октября. Алматы, 1968. С. 149-176.

Востров, 1968 – *Востров В., Муканов М.С.* Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX вв.). Алматы, 1968. 254 с.

Галузо, 1965 – *Галузо П.Г.* Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг. Алматы: Наука, 1965. 345 с.

Гейер, 1909 – *Гейер И.И.* Туркестан. Ташкент, 1909. 346 с.

Дильмухамедов, 1963 – *Дильмухамедов Е.Д., Маликов Ф.* Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана: Вторая половина XIX-начало XX веков. АН КазССР Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Издат. АН КазССР, 1963. 271 с.

Добромыслов, 1912 – *Добромыслов А.И.* Города Сырдарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-ата и Чимкент. Ташкент, 1912. 161 с.

Заорская, 1915 – *Заорская В., Александр К.* Промышленные заведения Туркестанского края. СПб., 1915. 557 с.

Казахстан, 1968 – *Казахстан в канун Октября.* Алматы, 1968. 284 с.

Қалиев, 1980 – *Қалиев Ы., Шілдебаев Е.* Дария жағасындағы қала. Алматы: Қазақстан, 1980. 96 б.

Маев, 1874 – *Маев П.* Азиатский Ташкент. В кн.: Материалы для статистики Туркестанского края. Вып. 4. СПб., 1874.

Маркс К., Энгельс Ф. Экономические рукописи 1857-1859 годов. Соч. Т. 46.

Обзор, 1887 – *Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г.* Ташкент, 1887. 392 с.

Обзор, 1897 – *Обзор Сыр-Дарьинской области за 1894 г.* Ташкент, 1897. 141 с.

- Обзор, 1910 – *Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г.* Ташкент, 1910. 69 с.
- Обзор, 1912 – *Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г.* Ташкент, 1911; за 1911 г. Ташкент, 1912.
- Официальный, 1900 – *Официальный отчет Сыр-Дарьинского генерал-губернатора за 1888 г.* Ташкент, 1900.
- Очерк, 1869 – *Очерк внутренней торговли Киргизской степи // Туркестанский сборник.* Т.5. СПб., 1869. С. 262-336.
- Петровский, 1873 – *Петровский Н.Ф.* Материалы для торговой статистики Туркестанского края. Ташкент, 1873. 91 с.
- Погожев, 1906 – *Погожев А.В.* Учет численности и состава рабочих в России. СПб., 1906. 224 с.
- Серебрянный, 1930 – *Серебрянный М.М.* Географический историко-экономический очерк. Чимкент, 1930.
- Скворцов, 1910 – *Скворцов А.* Кустарные промыслы. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Ташкент, т.4. 1910. 208 с.
- Смирнов, 1887 – *Смирнов Е.* Сыр-Дарьинская область. СПб., 1887. 356 с.
- Средняя, 1895 – *Средняя Азия, Альманах Научно-литературный сборник с календарем на 1896 г.* Ташкент, 1895. 336 с.
- Сулейменов, 1963 – *Сулейменов Б.С.* Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX вв. Алматы, 1963. 410 с.
- Турсунов, 1962 – *Турсунов Х.* Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстана. Ташкент, 1962. 428 с.
- Янушкевич, 1965 – *Янушкевич А.* Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1965. 267 с.

References

- Adres, 1910 – *Adres-spravochnik Turkestanskogo kraia za 1910 g.* [Address directory of the Turkestan region for 1910]. Tashkent. 1910. 380 p. [in Russian]
- Asylbekov, 1968 – *Asylbekov M.H.* Razvitie seti zheleznih dorog Kazahstana v konce XIX nachalo XX vv. Kazakhstan v kanun Oktyabrya [Development of the railway network of Kazakhstan in the late 19th and early 20th centuries. Kazakhstan on the eve of October]. Almaty. 1968. Pp. 149-176. [in Russian]
- Dil'muhamedov, 1963 – *Dil'muhamedov E.D., Malikov F.* Ocherki istorii rabocheho klassa dorevolucionnogo Kazahstana: Vtoraya polovina XIX-nachalo XX vekov [Essays on the history of the working class of pre-revolutionary Kazakhstan: Second half of the 19th - early 20th centuries]. AN KazSSR Institut istorii, arheologii i etnografii im. C.C. Valihanova. Alma-ata: Izdat. AN Kaz SSR. 1963. 271 p. [in Russian]
- Dobromyslov, 1912 – *Dobromyslov A.I.* Goroda Syrdar'inskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-ata i Chimkent [Cities of the Syrdarya region. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-ata and Chimkent]. Tashkent. 161 p. [in Russian]
- Galuzo, 1965 – *Galuzo P.G.* Agrarnye otnosheniya na yuge Kazahstana v 1867-1914 gg. [Agrarian relations in the south of Kazakhstan in 1867-1914]. Almaty: Nauka. 1965. 345 p. [in Russian]
- Gejer, 1909 – *Gejer I.I.* Turkestan [Turkestan]. Tashkent. 1909. 346 p. [in Russian]
- Kazakhstan, 1968 – *Kazakhstan v kanun Oktyabrya.* [Kazakhstan on the Eve of October]. Almaty. 1968. 284 p. [in Russian]
- Maev, 1874 – *Maev P.* Aziatskii Tashkent [Asian Tashkent]. V kn.: Materialy dlya statistiki Turkestanskogo kraia. Vyp. 4. SPb., 1874. [in Russian]
- Marks – *Marks K., Engel's F.* Ekonomicheskie rukopisi 1857-1859 godov [Economic manuscripts of 1857-1859]. Soch. T.46. [in Russian]
- Obzor, 1887 – *Obzor Syr-Dar'inskoi oblasti za 1886 g.* [Review of the Syr Darya region for 1886]. Tashkent. 1887. 392 p. [in Russian]
- Obzor, 1897 – *Obzor Syr-Dar'inskoi oblasti za 1894 g.* [Review of the Syr Darya Region for 1894]. Tashkent. 1897. 141 p. [in Russian]
- Obzor, 1910 – *Obzor Syr-Dar'inskoi oblasti za 1908 g.* [Review of the Syr Darya Region for 1908]. Tashkent. 1910. 69 p. [in Russian]
- Obzor, 1912 – *Obzor Syr-Dar'inskoi oblasti za 1910 g.* [Review of the Syr Darya region for 1910]. Tashkent, 1911; za 1911 g. Tashkent, 1912. [in Russian]
- Oficial'nyi, 1900 – *Oficial'nyi otchet Syr-Dar'inskogo general-gubernatora za 1888 g.* [Official Report of the Syr Darya Governor-General for 1888]. Tashkent. 1900. [in Russian]
- Petrovski, 1873 – *Petrovski N.F.* Materialy dlya torgovoj statistiki Turkestanskogo kraia [Materials for trade statistics of Turkestan region]. Tashkent. 1873. 91 p. [in Russian]
- Pogozhev, 1906 – *Pogozhev A.V.* Uchet chislennosti i sostava rabochih v Rossii [Accounting for the Number and Composition of Workers in Russia]. SPb., 1906. 224 p. [in Russian]
- Qaliev, 1980 – *Qaliev Y., Şildebaev E.* Daria jağasyndağy qala [A city by the river]. Almaty: Qazaqstan. 1980. 96 p. [in Kazakh]



- Serebryannyi, 1930 – *Serebryannyi M.M.* Geograficheskii istoriko-ekonomicheskii ocherk [Geographical historical-economic essay]. Chimkent. 1930. [in Russian]
- Skvorcov, 1910 – *Skvorcov A.* Kustarnye promysli. Sbornik materialov dlya statistiki Syr-Dar'inskoi oblasti [Handicrafts. Collection of Materials for Statistics of the Syr Darya Region]. Tashkent. t.4. 1910. 208 p. [in Russian]
- Smirnov, 1887 – *Smirnov E.* Syr-Dar'inskaya oblast' [Syr Darya region]. SPb., 1887. 356 p. [in Russian]
- Srednyaya, 1895 – *Srednyaya Aziya*, Al'manah Nauchno-literaturnyi sbornik s kalendarem na 1896 g. [Central Asia, Almanac Scientific and literary collection with a calendar for 1896]. Tashkent. 1895. 336 p. [in Russian]
- Suleimenov, 1963 – *Sulejmenov B.S.* Agrarnyi vopros v Kazahstane poslednei treti XIX – nachala XX vv. [The agrarian question in Kazakhstan in the last third of the 19th – early 20th centuries]. Almaty. 1963. 410 p. [in Russian]
- Turkestantskii, 1869 – Ocherk vnutrennoi torgovli Kirgizskoi stepi. Turkestantskii sbornik [Essay on the internal trade of the Kirghiz steppe. Turkestan collection]. T. 5. SPb., 1869. 336 p. [in Russian]
- Tursunov, 1962 – *Tursunov H.* Vosstanie 1916 goda v Srednej Azii i Kazahstana [The 1916 Uprising in Central Asia and Kazakhstan]. Tashkent. 1962. 428 p. [in Russian]
- Vostrov, 1968 – *Vostrov V., Mukanov M.S.* Rodoplemennoi sostav i rasselenie kazahov (konec XIX – nachalo XX vv.) [Tribal composition and settlement of Kazakhs (late 19th – early 20th centuries)]. Almaty. 1968. 254 p. [in Russian]
- Yanushkevich, 1965 – *Yanushkevich A.* Dnevnik i pis'ma iz putishestviya po kazahskim step'yam [Diaries and letters from a journey through the Kazakh steppes]. Alma-Ata. 1965. 267 p. [in Russian]
- Zaorskaya, 1915 – *Zaorskaya V., Aleksandr K.* Promyshlennye zavedeniya Turkestantskogo kraia [Industrial establishments of the Turkestan region]. Peterburg. 1915. 557 p. [in Russian]



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 895-906
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_895-906

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И РЕПРЕССИИ: ТРАНСФОРМАЦИЯ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В XX ВЕКЕ

Самал Сагнайкызы¹, Спатай Алтынбекович Сартаев², Салтанат Адыровна Нусупбаева³

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби (пр. Аль-Фараби 71, 050040 Алматы, Республика Казахстан), кандидат исторических наук, ст. преподаватель
<https://orcid.org/0000-0002-6335-3271>. E-mail: samal7373@mail.ru

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби (пр. Аль-Фараби 71, 050040 Алматы, Республика Казахстан), кандидат юридических, декан факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби
<https://orcid.org/0000-0002-9865-7363>. E-mail: spatay.sartaev@kaznu.edu.kz

³Казахский национальный университет им. аль-Фараби (пр. Аль-Фараби 71, 050040 Алматы, Республика Казахстан), магистр исторических наук, преподаватель
<https://orcid.org/0000-0001-8796-5566>. E-mail: N.salta_82@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сагнайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С., 2025

Аннотация. *Введение.* Коллективизация 1920–1930-х годов представляет собой ключевой этап советской аграрной политики, ставший в истории Казахстана катализатором масштабных социально-экономических преобразований, сопровождавшихся разрушением традиционной системы хозяйствования и насильственной трансформацией сельского населения. Эти процессы привели к коренному изменению социального уклада, разрушению традиционных форм хозяйствования, утрате значительной части интеллектуальной и хозяйственной элиты. Особую роль в осуществлении репрессивной политики сыграли советские правоохранные и судебные органы, проводившие массовые аресты, конфискации, депортации и физическое уничтожение казахской знати. *Цель и задачи.* Целью исследования является анализ деятельности советских правоохранных органов как инструмента репрессивной политики в Казахстане в 1920–1930-х годах. Исследуются методы и масштабы репрессий в контексте коллективизации, а также их влияние на социальную, экономическую и правовую трансформацию казахского общества. Особое внимание уделяется административно-командным методам, нарушениям прав человека и последствиям насильственного вмешательства в традиционный уклад жизни. *Материалы и методы.* В исследовании применены исторические и логические методы анализа. В 1925–1932 годах правоохранные органы стали орудием репрессий, что привело к разрушению традиционного уклада и социальной дестабилизации. Использованы архивные материалы и публикации «Еңбекші Қазақ». *Результаты.* Конфискация имущества баев и репрессии против них стали важным элементом аграрной политики советской власти в Казахстане в 1920-х годах. Массовые аресты, принудительное выселение и насильственное переселение крестьян, поддерживавших традиционный уклад жизни, сопровождались насилием и жестоким преследованием. Это создало атмосферу страха и вынудило многих казахов эмигрировать в

Китай и другие государства, что усугубило социально-экономическое положение региона. *Заключение.* После Октябрьской революции власти стремились ликвидировать зажиточные слои общества. В Казахстане это проявилось в 1927-1928 годах через конфискацию имущества и коллективизацию, что разрушило традиционный уклад. Советские правоохранительные органы преследовали зажиточные слои населения, что привело к репрессиям, насильственному переселению и демографическим потерям.

Ключевые слова: Коллективизация, репрессии, советские правоохранительные органы, традиционный уклад, конфискация имущества, социально-экономические преобразования, насильственное переселение

Для цитирования: Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. Коллективизация и репрессии: трансформация казахского общества в XX веке // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 895-906. [на рус.]

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_895-906

ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚУҒЫН-СҮРГІН: XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Самал Сағнайкызы¹, Спатай Алтынбекович Сартаев², Салтанат Адыровна Нусупбаева³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (пр. Әл-Фараби 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы), тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
<https://orcid.org/0000-0002-6335-3271>. E-mail: samal7373@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (пр. Әл-Фараби 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы), заң ғылымдарының кандидаты, ҚазҰУ ЖОО дейінгі білім беру факультетінің деканы
<https://orcid.org/0000-0002-9865-7363>. E-mail: spatay.sartaev@kaznu.edu.kz

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (пр. Әл-Фараби 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы), тарих ғылымдарының магистры, оқытушы
<https://orcid.org/0000-0001-8796-5566>. E-mail: N.salta_82@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С. 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* 1920–1930 жылдардағы ұжымдастыру кеңестік аграрлық саясаттың маңызды кезеңі болып, Қазақстан тарихында дәстүрлі шаруашылық жүйенің күйреуі мен ауыл халқының күшпен өзгертілуіне алып келген ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің катализаторы болды. Бұл үдерістер әлеуметтік құрылымның түбегейлі өзгеруіне, дәстүрлі шаруашылық формаларының жойылуына, интеллектуалдық және шаруашылық элитаның айтарлықтай бөлігінің жоғалуына әкелді. Репрессивтік саясатты жүзеге асыруда кеңестік құқық қорғау және сот органдары маңызды рөл атқарды, олар қазақ зиялыларын жаппай тұтқындап, мүлкін тәркілеу, депортациялау әрекеттерін жүзеге асырды. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты – 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы кеңестік құқық қорғау органдарының репрессивтік саясат құралы ретіндегі қызметін талдау. Коллективтендіру аясындағы репрессиялардың әдістері мен ауқымы, сондай-ақ олардың қазақ қоғамының әлеуметтік, экономикалық және құқықтық трансформациясына әсері зерттеледі. Әсіресе әкімшілік-әміршіл әдістерге, адам құқықтарының бұзылуына және дәстүрлі өмір салтына күшпен араласудың салдарына ерекше назар аударылады. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеуде тарихи және логикалық талдау әдістері қолданылды. 1925–1932 жылдары құқық қорғау органдары репрессия құралына айналып, дәстүрлі құрылымның күйреуіне және әлеуметтік тұрақсыздыққа алып келді. «Еңбекші Қазақ» газетінің жарияланымдары мен архивтік материалдар пайдаланылды. *Нәтижелер.* Байлардың мүлкін тәркілеу мен оларға қарсы жүргізілген репрессиялар 1920 жылдары Қазақстандағы кеңестік аграрлық саясаттың маңызды бөлігіне айналды. Дәстүрлі өмір салтын ұстанған шаруаларға қарсы жаппай тұтқындау, жер аудару және күштеп қоныс аударту зорлық-зомбылықпен және қатігез қуғын-сүргінмен қатар жүрді. Бұл жағдай қоғамда үрей туғызып, көптеген қазақтардың Қытайға және басқа мемлекеттерге көшіп кетуіне мәжбүр етті. Нәтижесінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы одан әрі нашарлады. *Қорытынды.* Қазан төңкерісінен кейін кеңестік билік қоғамдағы ауқатты топтарды жоюға ұмтылды. Қазақстанда бұл үрдіс 1927–1928 жылдары мүлкті тәркілеу мен

ұжымдастыру арқылы жүзеге асты және дәстүрлі өмір салтының күйреуіне алып келді. Кеңестік құқық қорғау органдары ауқатты әлеуметтік топтарды қудалап, нәтижесінде жаппай репрессияларға, күштеп қоныс аударуға және демографиялық шығындарға себеп болды.

Түйін сөздер: Жинақтау, қуғын-сүргін, советтік құқық қорғау органдары, дәстүрлі тұрмыс, мүлікті тәркілеу, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, мәжбүрлі көші-қон

Дәйексөз үшін: Сағнайқызы С., Сартаяев С.А., Нұсупбаева С.А. Ұжымдастыру және қуғын-сүргін: XX ғасырдағы қазақ қоғамының трансформациясы // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 895-906-бб. [орысш.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_895-906

COLLECTIVIZATION AND REPRESSIONS: THE TRANSFORMATION OF KAZAKH SOCIETY IN THE 20TH CENTURY

Samal Sagnaikyzy¹, Spatay A. Sartayev², Saltanat A. Nusupbaeva³.

¹Al-Farabi Kazakh National University Al-Farabi Ave. 71, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan, candidate of historical sciences, senior lecturer

<https://orcid.org/0000-0002-6335-3271>. E-mail: samal7373@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University (Al-Farabi Ave. 71, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan), candidate of legal sciences, dean of the faculty of pre-university education at Al-Farabi Kazakh National University

<https://orcid.org/0000-0002-9865-7363>. E-mail: spatay.sartaev@kaznu.edu.kz

³Al-Farabi Kazakh National University (Al-Farabi Ave. 71, 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan), master of history, lecturer

<https://orcid.org/0000-0001-8796-5566>. E-mail: N.salta_82@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Sagnaikyzy S., Sartayev S., Nusupbaeva S., 2025

Abstract. Introduction. The article examines the problem of political repression in Kazakhstan during the years of the "Great Terror", including the persecution of the Alash intelligentsia in Southern Kazakhstan, based on materials from the periodical press. *The purpose and objectives of the study.* The introduction into scientific circulation of secret documents and printed materials concerning the case of a number of well-known persons in the region, stored in the state special archive of the Shymkent city police department, thereby exploring the difficult fate of the figures of the Alash of the Southern region. *Materials and methods.* The documents of the regional and special archives of the districts of the Turkestan region are widely used in the research work. The research used methods of differentiation, analysis, systematization, and comparison. *Results.* The materials of the open trials published in the newspaper were studied by comparing them with scientific papers and studies on the topic of repression, as well as with official data presented in collections of documents from recent years, where the charges against the defendants were found to be false. A comprehensive analysis was conducted of how the Central Committee, through special resolutions, gave the newspaper a propaganda role in shaping positive attitudes and public opinion in political life. *Conclusions.* The repressive policy of the Bolshevik regime was analyzed, the illegal activities of the mass punitive organs (NKVD) during the years of the Great Terror and their work to carry out political repression were discussed. Misinformation was revealed in archival materials concerning the fate of a number of Alash intellectuals in Southern Kazakhstan. The article examines the activities of the newspaper "Ak Zhol", "Birlik tuy" in the interests of Soviet ideology, its role in the implementation of the repressive campaigns. The assessment is given from the point of view of new, critical positions formed in the national historical science.

Keywords: Soviet Kazakhstan, Great Terror, political repression, Southern region, Alash figures

Acknowledgements. The article was carried out within the framework of the project of grant funding of the Ministry of Science and Higher education of the Republic of Kazakhstan on the topic "Political repressions

in the South Kazakhstan region of the 20-50s of the XX century (based on new archival materials and memories of descendants of victims of repression)" (IRN: AP26199651).

For citation: Alibek S.N., Pazilov Ye.D., Usipov A. Repressions of Alash activists in Southern Kazakhstan during the years of the "Great Terror" (by the pages of the periodical press) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. No. 3. Pp. 907-919. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_907-919

РЕПРЕССИИ В ОТНОШЕНИИ ДЕЯТЕЛЕЙ «АЛАШ», СЛУЖИВШИХ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ «БОЛЬШОГО ТЕРРОРА» (НА СТРАНИЦАХ ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЙ И АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ)

Сейдахан Нурмаханович Алибек¹, Ержан Джаркинбаевич Пазиллов^{2*}, Асан Усипов³

¹Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова (д. 5, Тауке хан, 160012 Шымкент, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0009-0003-5638-8788>. E-mail: seid-61@mail.ru

²Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова (д. 5, просп. Тауке хана., 160012 Шымкент, Республика Казахстан)

Доктор PhD, старший преподаватель

<https://orcid.org/0000-0002-7728-2136>. E-mail: pazilov82@mail.ru

*Корреспондирующий автор

³Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова (д. 5, просп. Тауке хана., 160012 Шымкент, Республика Казахстан)

Магистр, старший преподаватель

<https://orcid.org/0009-0007-2120-2559>

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Алибек С.Н., Пазиллов Е.Д., Усипов А., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается проблема политических репрессий в Казахстане в годы «Большого террора», в том числе преследования алашской интеллигенции в Южном Казахстане, на основе материалов периодической печати. *Цель и задачи исследования.* Введение в научный оборот секретных документов и печатных материалов, касающихся дела ряда известных региону лиц, хранящихся в государственном специальном архиве Департамента полиции г. Шымкента, тем самым исследуя непростую судьбу деятелей «Алаш» Южного Казахстана. *Материалы и методы.* В исследовательской работе широко использованы документы региональных и специальных архивов районов Туркестанской области. В ходе исследования использовались методы дифференциации, анализа, систематизации, сравнения. *Результаты.* Материалы открытых судебных процессов, опубликованные в газетах, были изучены методом сопоставления с научными трудами и исследованиями на тему репрессий, а также с официальными данными, представленными в сборниках документов последних лет, где обвинения против подсудимых были признаны ложными. Проведен всесторонний анализ того, как Центральный Комитет, посредством специальных постановлений, придал газетам пропагандистскую роль в формировании положительного отношения и общественного мнения в политической жизни. *Выводы.* Была проанализирована репрессивная политика большевистской власти, незаконная деятельность массовых карательных органов (НКВД) в годы «Большого террора» и их работа по осуществлению политических репрессий. Выявлена дезинформация в архивных материалах, касающаяся судьбы ряда алашских интеллектуалов Южного Казахстана. Рассмотрена деятельность газет «Ак жол», «Бирлик туы» в интересах советской идеологии, их роль в осуществлении репрессивной кампании. Дана оценка с точки зрения новых, критических позиций, сформировавшихся в отечественной исторической науке.

Ключевые слова: Советский период, Большой террор, политические репрессии, Южный Казахстан, деятели «Алаш»

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Политические

репрессии на территории Южного Казахстана в 20-50 гг. XX века (на основе новых архивных материалов и воспоминаний потомков репрессированных)» (ИРН: AP26199651).

Для цитирования: Алибек С.Н., Пазилев Е.Д., Усипов А. Репрессии в отношении деятелей Алаша служивших на юге Казахстана в годы «большого террора» (на страницах периодических изданий и архивных материалов) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 907-919. [на казахском яз.].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_907-919

Кіріспе. 1937–1938 жылдардағы «Үлкен террор» деп аталатын қуғын-сүргін науқаны – отандық тарихнамадағы ерекше құбылысқа айналған ең көкейтесті тақырыптардың бірі. Өйткені, осы екі жылдың ішінде Кеңестер Одағында 1,5 млн. астам адам контрреволюциялық қылмысы үшін қуғындалып, жартысына жуығы жазалаудың ең жоғары түріне кесіліп, атылып кетті. Сонымен қатар, өткен ғасырдың 30-50-ші жылдарындағы саяси репрессия құрбанына айналған қайраткерлеріміздің тағдырына байланысты құпия қорлардағы құжаттар әлі де болса қолжетімді емес. Шындығында, ұлт қайраткерлерін айыпсыз жазалаған саяси қуғын-сүргіннің алғашқы толқыны 1930-шы жылдардағы жасанды «Алаш ісінен» бастау алғаны белгілі. Ал 1937–1938 жылдарда ол жоспарлы «Үлкен террорға» ұласып, НКВД жаппай жазалау операцияларын жедел жүзеге асырды. Одақтық ауқымда кең көлемде іске асқан бұл саяси қуғын-сүргінде республикамыздың қоғам қайраткерлері мен белгілі тұлғаларынан бөлек, қарапайым халық та зардап шегіп, жазықсыз жазаланды.

КСРО НКВД-сының 1937 жылғы 30 шілдедегі №00447 оперативті бұйрығына сай «халық жауларын» жаппай жазалау шаралары тамыз айының басында басталатын болып бекітілді. Жалпы бір жағынан бұл саяси террор партиялық органдар мен НКВД-ның бірлесе әрекет етуімен, ұйымдаса әшкерелеуімен жүзеге асқандықтан, аталмыш органдарды бұл қырғынның басты айыпкері санауға да болатындай. Өйткені, билік басындағылар қара басының қамын күйттеп, республика бойынша жазалауға жоспарланған алғаш лимиттегі 6,7 мың адам санын азырканып, жоғарыға қайта-қайта лимит сұрап хат жолдап, құрбандар санын 3,5 есеге арттырып жіберді. НКВД да бұл этникалық тазалау операцияларына бас болып, нәтижесінде 1938 жылы Қазақстанда онға тарта жазалау акциялары жүзеге асты. 1937 жылғы саяси репрессия тұсында еліміздегі «халық жауларына» жаза кесу республикалық «екіліктерге» жүктеліп, оның құрамына бастапқыда Қазақ КСР ішкі істер Халық комиссары Л.Б. Залин, ал 1938 жылдың қаңтарынан С.Ф. Реденс, сонымен қатар республика прокуроры С.Н. Покровский кірді. Бұл жаппай жазалаушы органдар сот мәжілісінің соңында арнайы хаттама толтырып, төраға мен «үштіктің» мүшелері құптап қол қойған соң айыптау материалын қоса тіркеп, үкім шығарып отырды. Алайда, айыпталушыларға ату жазасына кесілгендігі жайлы үкім жария етілмей, ол жасырын түрде жүзеге асты. Мұндай жаппай жазалау жұмыстары 1938 жылы Н.И. Ежовтың №00606 бұйрығы шыққан соң «ерекше үштіктердің» құзырына өтті [Жанбосинова, 2024: 105].

Ақиқатында, бұл жазалаушы органның құрамы тікелей Мәскеу арқылы бекітілмесе де, бұйрық бойынша оның құрамында НКВД басшысы, прокурор мен облыстың бірінші хатшысы болуы керектігі талап етіліпті. Осындай соттан сырт жазалушы инстанцияның бірі ретінде «милицейлік үштікті» де ерекшелеп атап көрсетуге болады. Өйткені осының әсерінен үлкен террор кезінде Қазақстанда абақтыға жабылушылардың қатары жоспардан тыс тым артып кетті [Аблажей, 2024: 102].

Яғни, 1938 жылдың маусымына қарай республикалық үштіктер қайта құрылымдалып, оның өкілеттігі облыстық «милицейлік үштіктерге» берілді. Түйіндей айтқанда, Қазақстанда жоғарыда айтылған №00447 бұйрықтың құрбаны болғандар 27 мың адамға таяу болса, соның тең жартысы айғақ-дәлелсіз атылып кетті. Ал Қазақ КСР НКВД есептерінде 1938 жылға қарай 26000 адам репрессияланып, солардың 12429-ына ату жазасында үкім кесілгендігі айқын жазылған [Саяси қуғын-сүргін..., 2024: 126]. Мұндай ең ауыр жазаға ең алдымен тап жаулары, «панисламист» деп айыпталған бұрынғы бай-құлақтар, молда-ишандар, яғни контрреволюциялық элементтер іліккен. Сондай-ақ жоғарыдағы бұйрықты жүзеге асыру барысында жаңа үкіметке қалтқысыз қызмет етіп жүрген бұрынғы алашордашылар троцкистік-ұлтшылдық ұйымның мүшелері ретінде ұлт зиялылары топ-тобымен тұтқындала бастады. Кезінде Алашорданың Оңтүстіктегі тірегіне айналып, қасірет заманының құрбанына айналған тұғырлы тұлғалар біздің өмірде де аз емес.

Расында да «үлкен террор» тұсындағы, яғни 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін бұрынғы барлық қуғын-сүргіндердің шарықтау шегі іспетті болды. Репрессиялық механизмнің «қысымына» түскендердің барлығы опат болды. Бұл кезеңде алдыңғы кезеңдердегі қуғын-сүргіннен аман оралғандардың барлығы екінші рет қуғын-сүргінге ұшырады. Анығында көпшілігіне «ату бабымен»

үкім кесілді. 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін кезіндегі жаппай жазалаудың хабаршысы Бүкілодақтық Коммунистік партиясы (большевиктер) Орталық Комитетінің 1936 жылғы 29 шілдедегі барлық партия ұйымдарына жолдаған жабық хаты болды. Сол жылы Қазақстандағы өлкелік комитет «фашистердің, троцкийшілер-зиновьевтіктердің, барлаушылардың, диверсанттардың және басқа да ұлтшыл элементтердің, Алашорданың және басқа да жау ұяларын, олардың барлық партиялық ұйымдарын күн сайын әшкерелеуге және оларға қарсы іс-қимылдарды жүргізуге» қаулы қабылдады. «Кез келген жерде және кез келген жағдайда» НКВД органдары «жау ұяларын аяусыз әшкерелеу» міндетін жүзеге асырған кезде «контрреволюциялық ұлтшыл топтың» мүшелері атанған мыңдаған жазықсыз адамдар репрессиялық машинаның қолына түсті.

Мысалы, Бүкілодақтық коммунистік партия (большевиктер) Қарағанды қалалық комитетінің 1937 жылғы бюро мәжілісінде Қарағанды ГРЭС құрылысындағы «контрреволюциялық ұлтшыл топтың» қызметі талқыға салынып, бұл топтың міндеті «Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізу болып табылады» деген қорытындыға келді. Яғни мекемеде «контрреволюциялық ұлтшылдық әндер шырқалды» деп айыптаумен сандаған қызметкерді партиядан шығарып, іс тергеу органдарына өткізілді [Сақтағанова, 2021]. Мұндай айыптаулар аз болған жоқ. 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін кезінде республикалық, облыстық, қалалық және аудандық партия және кеңес органдары басшылығы түгелдей дерлік әуелі түрмеге жабылып, кейін ату жазасына кесілді.

Материалдар мен әдістер. Бүгінге күнге дейін Оңтүстік өңіріндегі Алаш зиялыларының тағдыры құпия қорлардағы құжаттар негізінде жеке зерттеу нысанына айнала қойған жоқ деп анық айта аламыз. Демек, ұсынылып отырған зерттеу осы бағыттағы нәтижелі талпыныстардың бірі болатындығы айқын. Зерттеу жұмысында деректік негізі ретінде құпия тергеу құжаттары, баспасөз материалдары, естеліктер, жеке архив материалдары кеңінен пайдаланылды. Сондай-ақ ұлттық интеллигенцияның кеңестік кезеңдегі қалыптасуындағы Оңтүстік зиялыларының орны мен олардың Алаш қозғалысымен етене жақындығы айқындалады; өңірден шыққан, бірақ өзге аймақтарда сталиндік террордың құрбаны болған тұлғалар анықталып, өмір жолы мен қоғамдық қызметі зерделенеді; сайлау құқығынан айырылғандар қатарындағы азаматтардың, олардың әлеуметтік құрамы, құқықтық жағдайлары, тағдырлары талданады; Қазақстанда Кеңес өкіметінің XX ғасырдың 20-50-шы жылдардағы Оңтүстік өңіріндегі репрессиялық саясатының ұлт руханиятына тигізген залал-зардаптары тың деректер арқылы дәлелденеді. Зерттеу барысында саралау, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Талқылау. 1937 жылдың 23 ақпаны және 5 наурыз күндері аралығында Бүкілодақтық коммунистік партияның Орталық Комитетінің Пленумында И.В. Сталин бас баяндама жасап, социализм құрылысы өрістеген сайын тап күресі де күшейе түседі деген атақты тезисін бірнеше рет қайталады. Оның пікірінше, «Кеңестер Одағы қарқынды дамып, барлық салада үлкен жетістіктерге қол жеткізген сайын ашық және астыртын күреске көшкен бұрынғы қанаушы тап өкілдері де ел дамуына барынша кедергі жасауға тырысады» дей келе, шетелдің барлау органдарының жалдамалы агенттері – диверсант, тыңшы, троцкистік зиянкестерді түбірімен жоюды ұсынды. Шындығында И.В. Сталиннің осы баяндамасында айтқан тұжырымдары КСРО арнайы органдарының (НКВД) алдына «халық жауларын» әшкерелеп, халықтың еркін ойлы өкілдеріне қарсы жаңа қарқынмен саяси қуғын-сүргін шараларын бастауға жол ашып берді.

1937 жылдың шілде-тамыз айларында Коммунистік партияның Орталық Комитетінің мәжілістерінде жоғарыда аталған ақпан-наурыз пленумында айтылған нұсқаулардың орындалуы талқыланып, Қазақстан НКВД органы диверсант, тыңшы, троцкистік зиянкестермен т.б. тап жауларын әшкерелеуде қол жеткізген табыстарын мақтанышпен баяндап жатты [Политические репрессии..., 1998:7]. Осы талқылауларда айтылғандай, «халық жауларын» әшкерелеу істері және соттау процестерінің барысы ашық, әрі міндетті түрде баспасөз беттерінде көрініс табуы тиіс болды. Саяси қуғын-сүргін шараларын осылай баспасөз беттерінде ашық жариялау арқылы жазалаушы органдар идеологиялық және үгіт-насихат бағытындағы бірнеше мақсаттарды жүзеге асыруды көздеді. Біріншіден, осы арқылы кеңес халқы және әлемдік қауымдастық алдында өнеркәсіпте орын алған зиянкестік әрекеттердің, қоғам өмірінің түрлі салаларындағы апаттардың «нақты орындаушылары» бар екенін көрсету болса, екіншіден қуғын-сүргін шараларына саяси астар бере отырып, оны жаппай кеңінен өрістетуге жол ашу мақсаты көзделді.

1937 жылдың 18 қазанында «Казахстанская правда» газетінде «Қазақстан К(б)П Оңтүстік Қазақстан обкомының шіріген позициясы» атты мақала жарияланып, бұл жарияланым оңтүстік өңірдегі жаңа саяси қуғын-сүргін шараларын бастауға жол ашып берді. Мұнда Оңтүстік Қазақстан облысы КП бірінші хатшысы Ә. Досов бастаған өңірде троцкистік-бухариндік бандиттер мен

буржуазиялық ұлтшылдар әшкереленіп, саяси террордың меже-мақсаты баса айтылады. Осы мақаладан соң Оңтүстік Қазақстан облысында 560 адам жауапқа тартылып, оның 36-сы ату жазасына кесілді. Олар Ә. Досов, В.Е. Случак, А. Ералин, Б.С. Ержанов, Е. Әбділахатов, А. Избанов, Р. Жабаев, М. Байзақов, С. Османов және т.б. Оңтүстік өңірдің көрнекті қайраткерлері еді.

Зерттеу нәтижелері. Жалпы 1937-1938 жылдардағы саяси репрессия белең алған жылдарда қуғынға ұшыраған өңірдегі белгілі тұлғалардың, Алаш зиялыларымен етене жақын араласқан арыстардың бірі Шәуілдір аудандық тұтынушылар кеңесінің қызметкері болып еңбек еткен Жабаев Рүстембек болатын. 1894 жылы Түркістан ауданының Хантағы ауылында дүниеге келген Р. Жабаев 1930-шы жылдары билікке қарсы бүлікші» деп танылып, жазалаушы отряд тарапынан қарудың күшімен қан-жоса етіп басылған Созақ көтерілісіне қатысқаны үшін сотталып, сүргін көрген азамат. Тарқата айтсақ, оның ОГПУ-дың үкімімен 58-г-бабы бойынша айыпты деп табылып, жасанды «Алаш ісімен» ұлт зиялылары жауапқа тартылып жатқан саяси репрессияның алғашқы толқынында 5 жыл Карлагта жазасын өтеп, туған өлкесіне қайта оралғаны белгілі.

Дегенмен, 1937 жылғы саяси сүргінінде қайта қамауға алынып, 17 қарашада ОҚО УНКВД-сының үштігі жасанды тергеудің хаттамасымен, жалған куәгерлікті басты айғақ тұтып, тұтынушылар кеңесінің белді қызметкерін ату жазасына бұйырып, Р. Жабаев атылып кете барған. Тек араға 20 жыл салып, 1957 жылдың 17 шілдесінде ғана Оңтүстік Қазақстан облыстық соты Президиумының шешімімен Жабаев Рүстембекке тағылған айыпта нақтылы айғақ-дәлелдердің жоқтығы анықталып, қылмыстық іс тоқтатылып, толық ақталыпты [ШҚПДМАА. 6-қ. 1-т. 879-іс. 214-п].

Жалпы, тұтқынға алынар тұста Түркістан қалалық милициясын басқарған Р. Жабаевтың да сол зобалаң жылдарда зорлық көргені, қиянат тартқаны күмәнсіз. Себебі, тергеуде бес рет жауап алынып, психологиялық және физикалық қысым көрген, атылардан алдын аяусыз азапталған тұлғаның ісінде ақиқат аз, күмән көп. Анығы сол, Шымкент қалалық полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінде сақталған Жабаев ісіне байыппен үңілсек, «Абдуллин, Елеусінов секілді бүлікшіл, контралармен тығыз байланысы бар, ұлтшылдық ұйымның белсенді мүшесі» деген айыппен онымен бірге қызметтестері Бейсенбаев Бәкір, Лекенов Берестем, Берестемов Әлмахан, Сәтімев Төлеген, Өтегенов Садық, т.б. да тұтқындалыпты.

Бастапқыда айтқанымыздай, Созақ халқын Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске үндеген Жабаевқа жасанды айыптар тағылып, колхоздарды, социалистік құрылысты күйретуге әрекет еткені, Шәуілдір шаруалары кооперативінің қаражатын мақсатсыз жұмсап, талан-тараж еткен қылмысы да дәлелденіпті. Осылайша, анығында ешкімге қиянат етпеген кооператив қызметкерінің жазықсыз атылғанынан да ұзақ жылдар бойы ұрпақтары хабарсыз болып келген. Тек жылымық кезеңі туған 1957 жылы ғана перзенті, Кентау қаласы, Нагорный көшесі, №154 үйдің тұрғыны Әшіров Баукен ОҚО УНКВД-сы басшысының орынбасары Мирошинченкоға арыз жазып, әкесінің тағдырын білуге талпынып, сұрау сала бастайды. Ал оған тиісті тараптан келген жалтарма жауапта: «Сіздің сұрауыңызға байланысты мәлім ететіміз мынау: Әкеңіз Рүстембек Жабаев 1937 жылы «диверсиялық-ұлтшылдық ұйымның мүшесі» болғаны үшін абақтыға қамалып, 10 жылға сотты болған. Лайықты жазасын еңбекпен түзеу лагерінде өтеп жүріп, 1943 жылы 21 қарашада гангренадан қайтыс болды» [ШҚПДМАА. 6-қ. 1-т. 879-іс. 154-п.] делініпті. Бұл тарапта бір ескерерлігі, «үштіктің» үкімімен атылғандардың көпшілігінің тағдыры құпия ұсталып, ұрпақтарын да ұзақ жылдар бойы алдарқатып келген, осы секілді жалған анықтамаларды беріп отырған. Ал, шындығында олардың көпшілігінің кешеуілдетпей атылғанына айғақ болар архив құжаттары жетерлік, олар бүгінде құпиясыздандырылып та жатыр.

Жалпы Жабаев Рүстембек «халық жауы» ретінде қуғын көріп, құрбан болған жылдардағы құжаттарға қарасақ, оған қарсы қозғалған №0521 іс парақтарындағы мұрағаттық анықтамада отбасы құрамы туралы да аз-кем мәлімет беріліпті. Алайда, 1913 жылы туған жұбайы Толысбекова Маржанның тағдыры бізге беймәлім. 1925 жылы дүниеге келген ұлы Рүстембеков Баубек, 1930 жылғы Анель мен 1936 жылғы Бибайша атты қыздарының да көп қиянат көргені, қоғамның түрпектеуін жылдар бойы тартқаны да күмәнсіз.

Шындығында Жабаевтың жасанды ісінде негізсіз айыптар жетіп артылады. Айталық, УНКВД үштігі мәжілісі хаттамасында Р.Жабаевты Қожановтың тікелей ықпалымен диверсиялық-ұлтшылдық ұйымға мүшелікке енген етеді. Сонымен қатар, С. Өтегеновтің де тапсырмасын орындап, Кеңес үкіметін күйретуді көздеп, ұлтшылдық ұйымға өзімен ниеттес жаңа мүшелерді тартумен белсене айланысыпты. Яғни, тергеушілердің жазуынша, ол герман- жапон интервенциясына сүйеніп, Кеңес Одағының басына кенеттен ауыр күн туа қалған жағдайда контрреволюциялық ұйыммен бірлесіп

кедейлер үкіметін құлатуға тыңғылықты дайындық жасап, қол астындағы қолдаушыларын да бүлікке үндеп отырыпты. «Жәкенов, Елеуенов, Бейсенбаевтар бастаған терроршыл топқа қалтқысыз қызмет істеген» деп атап көрсетіліпті [ШҚПДМАА. 6-қ. 1-т. 879-іс. 234-п].

Ал Рүстембек Жабаевты «ұлтшылдардың» қатарына қосқан Садық Өтегенов те осал адам емес, Түркістан өлкесіндегі Алаш қайраткерлерінің бірі, уездік приставта аудармашы, ұстаздық еткен, ел таныған тұлға еді. Соған қарамай, жасанды тергеу ісімен Жабаев пен Өтегеновті бірге айыптап, «ұялас халық жауларын» тапқан тергеушілер 5 рет тергеп, сан мәрте ұрып-соғып, отбасына қауіп төндіретінін айтып қорқытып жүріп, Жабаевқа «қылмысын» мойындатқызып, алдын ала дайындалған тергеу хаттамасына қол қойдырып алады. 1937 жылдың 1 қазанында толтырылған тергеу хаттамасында айыпталушы: «...Мен 1917 жылдың желтоқсанында Түркістан қаласында Сұлтанбек Қожановтың демеуімен ұлтшылдық ұйымның мүшесі болып қосылғанымды мойындаймын. Біз Кеңес үкіметін құлатуды мақсат тұтып, ұйымның шетелдегі орталығының басшысы Мұстафа Шоқаймен он-он бес жылдан бері тығыз байланыс орнаттық. М. Шоқаймен хат арқылы арқылы хабар алмасу аздық етіп, Қожанов пен Өтегенов 1927 жылы Мұңайтпасов пен Әбдірахмановты Берлинге астыртын оқуға аттандырды. Осылайша, шығыстық мұсылман елдерін біріктіру арқылы буржуазиялық-ұлтшылдық мемлекет құру арманына бір табан жақындай түстік. Осы мүдде жолында ақ гвардияшылармен, 1922 жылы Энвер пашаның басмашыларымен, Алашордашылармен саналы түрде күш біріктірдік. Оларға ұдайы қаржылай көмек көрсетіп отырдық.

Созақ көтерілісі басылған соң да астыртын ұйымның жұмысын тоқтатпай, Қожанов пен Өтегеновтің қолдауымен тәркілеу науқанына тап болған байлардың мал-мүлігімен 1930 жылдан бастап Өзбекстанның Андижан мен Наманган аймағына үдере көшуіне көмектестік. 1933 жылы Андижанға арнайы барған Қожанов байларды Қазақстанға қайта көшпеге үгіттеп, олардың өзбек ұлтшылдарымен бірлесуіне сеп болды. Ал 1935 жылғы мамыр айының басында Ташкентке келіп, Сұлтанбектің пәтеріне арнайы қонақ болдым. Барсам, Қожанов Қадырқожа, т.б. бауырларымен (аты-жөні есімде жоқ) бірге ұлтшылдық ұйымның алдағы жоспарын талқылап отыр екен. Сұлтанбек сол кеште былай деді: «Бәрің де білесіңдер, 1930-1934 жылдары Қазақстанды алапат аштық жайлады. Халқымыздың тең жартысы қырылып, көмусіз қалды. Мұның бәрі Голощёкиннің саясатының салдары. Жұрттың малын құртып, жан санын жүз есе азайтты. Аштықтан аман шыққандар бүгінде жерді қолмен жыртып жүр. Сондықтан бар үмітіміз шетелдегі Мұстафа Шоқайда. Ол герман-жапон интервенциясын КСРО-ға бағыттай алса, мақсатымыздың орындалғаны. Ал оған дейін біз коммунистік биліктің экономикалық қуатын әлсірте беруіміз керек», - деп ашық айтты» дейді.

Байыптап қарасаңыз, тергеушілер әбден тығырыққа тіреп, Созақ көтерілісіне қатысқанын басты айғақ етіп, тіпті көтеріліске шыққандарды түгел контрреволюциялық ұлтшылдық ұйымның мүшелігіне кіргізе салады да, толық дәлелденген тарихи жағдайдың жай-жапсарына үңілмей, оқиғаны өздеріне оңтайлы жаққа қарай бұрады. Мұның барлығының басы-қасында С. Қожановтың тұрғандығын жалған айыптармен дәлелдеп, саяси репрессияға ұшырайтындардың санын қолдан көбейтіп, анағұрлым арттыра түседі. Демек, құпия қорлардағы құрбандар ісіне қатысты құжаттарды елеп-екшегенде аса абай болып, ақиқат пен жалғанның ара жігін ажыратып алғанымыз абзал.

Бастысы, террористік топқа, ұлтшылдық ұйымға қатысы жоқ тұлғаның артында қалған аз-кем рухани мұрасын ұрпақ кәдесіне жаратқанымыз жөн. Бұл үшін кеңестік баспасөздегі Р. Жабаев мақалалары мейлінше сарапталып, тиісті оң бағасын алғаны дұрыс. Мәселен, олардың бірқатары сол кезеңдегі қазақ баспасөзінің алдыңғы шебінен табылған, ұлтшыл басылым – «Ақ жол» газетінде жарық көріпті.

Айталық, елден хабар жолдаған Р. Жабаев «Еске алу керек» атты мақаласында неше түрлі саяси партиялардың қазақ арасына төңкерістен бері ғана шығып жүргенін қуана құптағанымен, шынында сол саяси партиялардың ұлтты тап-тапқа бөліп, ел бірлігіне сына қағып отырғанын сынға алып: «...Мұның себебі қайсы десек, сол айтылғанның бәрі де біздің қазақтың тұрмысында жоқ. ...Атқа мінгендерді алсақ, бұрынғы болыс, би, старшын, елу басы болғандар, онысына сөз жоқ. Тегіс үйреніп қалған паракор, зорлықшыл, халықты ондырарлық еш пиғылы жоқ. Ал енді атқа мінбеген, өмірінде болыс, би болмағандарын алсақ, олар да атқа мініп алады. Олар да ел аралай бастайды.

Қазақ-қырғыз сиезінде жолдас Сұлтанбек Қожановтың: «Елге тарататын астықты атқа мінгендер жеп қойып, елдің қырылуына себеп болды» дегені дұрыс. Бірақ жолдас Қожановтан сұраймын, егер сол азық-түлікті пәлен жердегі ашығып жатқандарға бөліп беріндер деп жаяуларға берсе, сонда олар не қылар еді. Олар жемес пе еді?! Қазақтың сырын, пейілін, құлқын білетін мырзалар бұған таласпас. Бұлай болғанда атқа мінгендер деген сөз қалай шешіледі?» [Жабаев, 1921], – деп бұрынғы бай-болыстар кәмпескеленіп, жер аударылып, енді шаруа қазақтың өзі қалса да елдің

ескі әдетті қоя алмай, дихан, еңбекшілер болып, тап-тапқа бөлініп алып, ымыраға келмегеніне ашынады. «Бірақ сол жаман пейілділеріміз қайдан шығып отыр?» деген сауалды оқырман назарына салып, қазақтың пейілі, салты, тұрмысы оңбаса, ұрпақтың да оңалмайтынын талқыға салып, ұлтты ұсақтайтын жаман мін-мінезден арылуға тырысу керектігін баса айтады.

Автордың орынды сынын «Ақ жол» басқармасы да қолдап-қуаттап, өз ойын ашық баяндап отырған Рүстембек Жабаевтың бұл ісіне зиялы қауымның кешікпей жауап қайыратынына үмітпен қарайынын жеткізеді.

Осылайша «Ақ жолда» «Елден» хабар беруді дәстүрге айналдырған азамат келесі бір түйткілді мәселені көтерген маңызды мақаласында Түркістан үйезі, Шу болысы мен Атбасар үйезі қазақтарының арасында жиылыс болып, Шуда үй тігіліп, құн-бітім сөйлесіп жатыр дегенді естіген соң сол жерге өзінің де барғанын жазыпты.

«Бітімге тігілген үй Шудың Қаратауға қараған бетінде, бір күншілік екі елдің ортасы Қазаншы деген жерде тігілген екен. Түркістан үйезінің Қу, Сарыөзек және Қоршу болыстарынан басты адамдар тегіс жиналған екен. Атбасар үйезінің бітімге басты адамдар келмеген. Ақырында бұл барғандар 10 күндей күтіп келмеген соң, оларға хабар жіберіп, май айында бас қоспақ болысты.

Бұл жиылыс: Түркістан үйезі Шу, Сарыөзек һәм Қоршу болыстарымен Атбасар үйезіне қараған бағаналы наймандар қашаннан-ақ барымташы болатын.

Ақмола үйезінің қазағы Баққожа бағаналы, наймандармен барымталасады. Ол бір уақыт өз елінен шығып, Түркістан үйезі Қоршу болысындағы атақты Мырзахметке келеді. Сонымен бірге отырады. Бұл екеуі бірігіп бағаналы, наймандардан мал қудырып алады. Бағаналы, наймандар Түркістан үйезі Қоршу болысы саудагер Бекқожаның 20 шақты қарасын қолға түсіреді. Бекқожа әйтеуір найман еді деп бұрын Торғайға қараған, бұл Ақмешіт үйезіндік Байқара һәм басқаларының 20 шақты қарасын айдап алады.

Олар Шиелілік атақты ұры Ермахан Көтібар баласын бастық қылып Түркістан үйезі Шу болысына қарасты Қара және Тауасар Өте балаларының жылқысын барымталап алады. 68 жылқыны бір, 80 жылқыны бір, Еркебайдың оншақты қарасын, Елеусіздің 6 жылқысын тағы алады. Сол кез Атбасар үйезінің біраз қазақтары (40-50 түйе шамасында) Түркістаннан азық алып бара жатқанында Шуда ұрыс болып, екі жақтан да адамдар сойылға жығылады. Кейін Атбасарға қараған азықшының бірі өліп те қалады. Олар сол ұрыстың зардабынан өлді деп құн даулайды» [Жабаев, 1922], – деп жиылыстың түп себебін тарқата түсіндіріп, бітім болмай, жұрт жиылмай, шиеленіскен дауды шешудің мерзімі кейінге шегерілгенін ашына айтады. Озық елдер оқуға ұмтылып жатқанда, қыр қазағының өзді-өзі қырқысуына қатты қынжылады. «Бұл қазақтағы жұттың бір ағайыны!» – деп барымтаны олжа санаған саяз ойлыларды тәртіпке салуды талап етеді.

Тіпті «Центрсоюз» нұсқаушысы болып жүріп те басылымнан алыстамаған Р. Жабаев 1924 жылы «Ақ жолдың» 5 шілдеде, №454-санында шыққан «Сезілген» деген бүркеншік есімді автордың негізсіз сынына өзі қызмет атқаратын мекеме атынан іле-шала жауап қатып, басқарма мүшелерінің жалпы жиылысына 140 адам қатысқанын, айтылған кемшілік бойынша аудандық нұсқаушымен бірге кооперацияның барлық істерін жеке өзі тексергенін тарқатып жазыпты. «Еңбек» ұйымы, «Қосшы» одағы болып, барлық мүшесі 480 адамға жетіп, мүшелері күннен-күнге көбейіп келе жатса да, тексеруден көрінгендей, ешкімге жасырып, мал сатқандығы дәлелденбеген кооперативтің бұл күнде шет дүкендердің саудагерлерімен жағаласып келе жатқанын қаперге салып, қысқалап айтқанда, үлгі боларлық қатардағы кооперацияның ісінен кемшілік іздеген «Сезілгенді» сенімсіз ақпаратқа сүйенгенше, кооперативке мүше болып, еңбек сіңіруге шақырады.

Бұдан бөлек Р. Жабаевтың Ашық хаты төңкеріс тұсында, яғни 1917 жылы «Бірлік туы» басылымына да жарияланыпты. Онда ол Көлбай мырзаға өтінуі бойынша «Алаш» газетіне Жизақта тұрған уақытында агент болғандығын айтады. Яғни ел танитын белгілі азамат, баспагердің Жизақ уезіне қараған қазақтардан Жизаққа келгенінде өзі арқылы «Алашқа» алдырушы болып, квитанция бергендігін, бірталай адамдар басылымға жазылып, оның үстіне былай да жәрдемпұл бергендігін жасырмай жазады. Яғни, біріншіден, бастапқы жазылғандар газет тоқталғанша тиісті нөмерлерін алып тұрып, кейінгі жазылғандардың қолдарына бір нөмер де тимей қалғандығын жасырмай жеткізіп, «Пұлды алып, газетті жауып сіз кеттіңіз! Не газет, не ақшаның біреуін қолымызға тигіз!» деген жұрттың ортасында ұялып жауап айта алмай мен жүрмін...», – деп баспагердің теріс ісін сынай отырып, оқырманға жеткізеді. «Онан соң, сол сіз келген күні жиылған қазақтардан Петербордағы мұсылман фракциясы пайдасына деп те бір қауым пұл жиып әкеттіңіз. Сонда сол пұлды орнына жібергендігіңізді «Алаш» арқылы мағлұм қылмақшы болып, сөз ұстатқан едіңіз. Бұдан күні бұл күнге шейін дерек болған жоқ. Бұл – екі. Үшінші, Жизақ шаһарындағы сарт ағайындардан солдаттардың

бала-шағалары пайдасына деп, екі жүз сом жиып алған едіңіз.т Бұл пұлды Петербордағы Г. Дума төбе ағасы Родзянкоға жіберіп, квитанция нөмерлерін «Алашта» басып көрсетуге сендірген едіңіз. Бұл туралы да үнііз шықпай кетті» [Жабаев, 1917].– деп, уәдеден тайған Көлбай мырзаға осы айтылғандардың жауабын күтетінін, сондай-ақ елден жиылған жылу-пұлдардың тиісті орындарына тапсырылып, тапсырылмағанын «Бірлік туы» немесе «Қазақ» газеттерінің біреуінде білдіруінің ел талабы екенін ескертіп, Жизақтағы «Алашты» күтіп жүрген оқушыларға айтар жауабы болса, айтып, болмаса олардың қаражатын қайтарып, өзін де, өзгені де ұяттан арылтуын өтінеді. Демек, қашанда әділет үшін күрескен өткір тілді Алаш ардақтысының асыл мұрасын кеңестік баспасөзден іздей бергеніміз жөн.

Осы тұста өңірдегі саяси репрессия мәселесіне қайта ойысар болсақ, диверсиялық топтың, ұлтшылдық ұйымның мүшелерін тауып, әшкерелеуде, оларды ел алдында абырой-беделден айыруға тоталитарлық билікті қолында тұрған барлық одақтық, республикалық, аймақтық баспасөзді мейлінше пайдаланды. Газет дабылына жұртты сендіріп, «халық жауларының» көптеп әшкере болуын елге ерекшелеп жеткізді. Солардың ішінде оңтүстік өңірінен жеткен қаралауға толы ақпараттық материалдар да аз емес. Мысалы, 1937 жылы 15 қазанда «Социалистік Қазақстан» тілшісі Шымкент қаласындағы өндірістерде, мекемелерде, оқу орындарында жұмысшы, қызметші, оқушылар КСРО Кеңесінің сайлау күнін қуанышпен қарсы алып, қаланың бірнеше жерлерінде, қала маңындағы МТС, колхоздарда неше мыңдаған адамдар қатысқан митингілер болып өткенін жазады.

Сол жиындардың бірінде қорғасын зауытының Батыс цех комитетінің председателі Алексеев құттықтау сөз сөйлей келіп, КСРО Жоғарғы Кеңесіне ең бірінші депутат етіп халықтардың көсемі И.Сталинді сайлауға ұсыныс жасайды. Бұл ұсынысты жұмысшылар бір дауыстан қабыл алады. Батыс цехының жұмысшылары өзінің қаулысында: «Таптық қырағылығымызды бұрынғыдан да күшейтеміз, Ұлы Советтің депутатығына Ленин-Сталин партиясына шын берілген адамдарды ғана ұсынамыз» [Ұлтшылдарды жасырушылар, 1937].– дейді. Ал Шымкент мақта зауытының жұмысшыларының митингісіне 300 адам қатысып, митингіде стахановшы слесарь Королев, Құлдасовтар сөз сөйлейді. Бостандық ауданында да көп адамдар қатысқан митингі болып, Бостандық МТС-інің шопыры Ковалев: «Біз қандай жаумен болса да аянбай күресеміз. Советке ұлтшыл-фашист бандысының бір де бір агентін өткізбейміз» [Шымкент..., 1937].– дейді. Осылайша, мұндай бүкіл халық қатысатын сайлау туралы материалдар баспасөз бетін басып кетіп, «халық жаулары» үстін-үстіне атылып, айдалып жатса да ол турасындағы шұғыл хабарлар мерзімді басылымдар бетінде азайып қалады.

Ал сондай бір «Социалистік Қазақстандағы» кезекті бір ақпаратты Қ. Серікбаев таратыпты. Яғни, 1938 жылы 13 наурыз күні кешке «Динамо» стадионында Түрксібтің Шымкент вокзалындағы теміржолшылардың үлкен митингісі болады. Митингіге 1500 кісі қатынасып, стахановшы электродәнекерлеуші Колупаев, стахановшы жүкші Гашенко, үй шаруасындағы әйел Продовикова, инженер Кәдірбеков, стахановшы Атақанов, тағы басқалар сөз сөйлеп, бәрі де пролетариат сотының үкімін бір ауыздан қабылдайды. Революциялық қырағылықтарын бұрынғыдан да күшейтетіндігін, өндіріс программасын артығымен орындап, Түрксібте бірінші орын алу үшін күресетіндіктерін айтып, митинг бір ауыздан мына қаулыны қабылдайды: «СССР Жоғарғы Сотының Соғыс Коллегиясының шығарған үкімі – бұл біздің үкіміміз; барлық совет халқының және жер жүзіндегі прогрессивті адам баласының үкімі. Кімде-кім социализм ісіне опасыздық жасаса, біздің отан қорғау, шаруашылық күшімізді әлсіретуге тырысса, кімде-кім ұлы совет халқының көсемдерінің өміріне қастық істеуге оқталса, мұндай жауыздарға осындай құтырған иттердің өлімі болатындығын біздің Ұлы Отанымыздың дұшпандары біліп қойсын. Біздің пролетариат диктатурасының алмас семсері, НКВД орындары, сталиншіл нарком Ежов жолдастың басшылығы арқасында, барлық «халық жауларын», шпиондарды, диверсанттарды, зиянкестерді әшкерелеп құртып отырамыз.

Біз, темір жолдың жұмысшы, қызметшілері, революциялық қырағылығымызды бұрынғыдан да күшейтеміз. Жаулардың, предательдердің бүркеніп қалған қалдықтарын ақырына дейін әшкерелейміз. Барлық совет халқының үкімі – Жоғарғы Соттың Соғыс Коллегиясының әділ үкімін шын жүректен құттықтаймыз. Өндіріс жұмысында жаңа табыстарға жету үшін күресеміз. Партиямыз бен оның Орталық Комитетінің және көсеміміз, ұстазымыз Сталин жолдастың төңірегіне бұрынғыдан да берік ұйымдаса түсеміз. Ленин-Сталиннің ұлы партиясы және көсеміміз ұлы Сталин жасасын! Даңқты совет разведкасы – НКВД орындары, оның сталиншіл наркомы Ежов жолдас жасасын!» [Серікбаев, 1938].

Осы іспетті қаралау материалдары газет-журналдарда арнайы айдарлармен айқарма беттерге басылып, әсіресе бұрынғы Алашорда өкілдеріне қатты шүйлігеді. Мәселен, ұлтшылдарды жасырушылар туралы мақала жазып, редакцияға хат жолдаған Киікбаев, Сабыров дегендер

1937 жылы Мақтарал ауданында бірнеше контрреволюцияшыл ұлтшылдардың беті ашылғанын жария етеді. Олардың ішінен оқу орындарына жайласып, жастарды ұлтшылдыққа баулыған Алашорданың жақтастары табылыпты. Бұларды бастаған аудандық оқу бөлімінің бұрынғы бастығы Балмұқамбетов пен оның Дұрысов, Жолдасов секілді серіктері екендігі де анықталыпты. «...Бұл зұлымдар оқу жұмысының басында болғанын пайдаланып, талай жауыздық істеген. Осы сұмдардың қылығын мезгілінде ашуға бөгет жасап, жаулардың ізін жасырған екіжүзділер анықталса да, әлі аласталмай отыр. Жапарбеков пен Ұлманов балаларға «Балмұқамбетов пен Жолдасовтарды жақтаңдар» деп үгіт жүргізіп, жаулардың қылмыстарын бүркеді. Жапарбеков тіпті әлі күнге Жолдасовпен хат алысып тұрады. Демалыста соның үйіне (Арысқа) қонаққа барады. Оның бұл ісі бастауыш ұйымда қаралып, комсомолдан қуылған. Бірақ, оқу бөлімінің бастығы Өмірбеков пен облыстық оқу бөлімінің инспекторы Байғарин: «Жас адам Алашордашыл бола ма? Оған жәрдемдесу керек» деген «теория» шығарып, аттестациядан да өткізіп жіберді.

Ұлманов колхозшылар арасына теріс түсінік беріп, қырағылықты кемітуге тырысқан. Ол «Интернационал» колхозының жалпы жиналысында партком секретары Қайдаровпен «Біздің елімізде тап та, жау да жоқ» деп таласып, өзінің арам «теориясын» таратпақ болған. «Бірлік» мектебіне өңкей жат элементтер, халық жауларының қалдықтары паналаған болатын. Мектептердің директоры Мөлгаждаров Қазақ педагогика институтын бітірген, жоғарғы дәрежелі білімі бар, саяси сауатты адам бола тұрып, қасында отырған жаудың әрекетін сезбеуі қалай?! Ол былай тұрсын, Дұрысовтың қылмысы ашыла тұрса да, «мұғалім жоқты» сылтау етіп, оны оқу жылының аяғына дейін ұстағаны қалай?! Оны тіпті, демалыс беріп, құрметтеп шығарып салуы қалай?! Мұнымен қатар бұл директор өтірік-өсек таратқан болатын. Осы мәселені аудандық комсомолдар комитетіне айтқан Қанаевты ол тағы қуғынға салды. Міне, осы фактілер Мөлгаждаровтың өте сезікті адам екендігін көрсетеді. Бұл мәселе жете тексерілуі керек.

Өмірбеков пен Байғарин Мөлгаждаровқа да мақтап мінездеме беріп, аттестациядан өткізіп алды және бұл туралы сөз көтерген Егешовті қуғынға салды» [Ұлтшылдарды жасырушылар, 1937], – деп «халық жауларына» рахым жасаушылықты жауға жәрдем көрсету деп түсіндірген тілші аталған азаматтарды аяусыз жазаға тартуды ұсынады. Сайып келгенде, тар кезеңде Алаш сабынан табылғандарды топ-тобымен түрмеге отырғызу белең алғанын баспасөз де айғақтап отыр. Олай болса, біз де таяу болашақта бұл тараптағы ілкімді ғылыми ізденістерді жандандыра түсіп, Балмұқамбетов сынды зерттеуші ғалымдарға етене таныс емес Алаш оқығандарының талайлы тағдырын індетте зерделеп, өңір тарихында із қалдырған қайраткерлерді танып білу үдерісін үзбеуіміз керек. Сонымен қатар, аты-жөні аймаққа белгілі Мәуленкүл Байзақов сияқты Алашорда съезіне қатысқан қайраткерлер де назардан тыс қалмауы тиіс. Олардың ҚР Президенті архивіндегі құжаттары да толық құпиясыздандырылуы керек.

Айталық, 1937 жылдың 24-30 қыркүйегінде Шымкентте толтырылған Мәуленкүл Байзақовты тергеу хаттамасындағы «Бастапқы тергеуде сіз өзіңізге тағылған айыпты мойындаудан үзілді-кесілді бас тарттыңыз. Өзіңіздің антикеңестік құрылымға қатысыңыз бар екендігіңізді мүлдем жоққа шығардыңыз. Осы тергеуде бәлкім бар қылмысыңызды мойындайтын боларсыз?» деген сауалға ол: «...Мені антикеңестік жұмыстың алғы шебінен бір-ақ шығарған екенсіздер. Ендеше, Кеңес үкіметіне қарсы күресушілердің қатарында жоқпын деп жанталасудың жөні жоқ. Егер өзім айтпасам, контрреволюциялық ұйымның белсенді мүшесіне айналып шыға келген әріптестерімнің жалған куәлігімен «қылмысымның» еселеп артатынын да шамалап отырмын. Сондықтан кейбір «қылмыс» саналған жағдайларға қатысым барлығын жасырмай айтамын. Мәселен, мен тергеушілер дәлелдегендей, 1917-1919 жылдары эсерлер партиясының қатарында болдым. Эсерлер партиясында да, ұлтшылдық ұйым қатарында да антикеңестік көзқарасымнан және харекетімнен айныған емеспін. Елге әйгілі датқаның ұрпағы екенімді ешкімнен жасырмаймын. Бұрынғы Патшалық Ресей дәуірінде болыстық қызметті де атқардым. Керенскийдің кезінде Қоқан автономиясы үкіметінің мүшесі болғанмын. Алашорда тұсында оның съездеріне делегат ретінде қатысқаным да көпке мәлім» [ШҚПДМАА. 6-қ. 1-т. 879-іс. 79-п.], – деген соң Қазақ КСР НКВД Оңтүстік Қазақстан облыстық басқармасы қызметкерлері оны «кең тармақталған антикеңестік панисламистік көтеріліс және диверсиялық ұйымның» мүшесі ретінде билікке қол жеткізуді, үкіметке қарулы тойтарыс беруді көкседі және Жапонияның протектораты астында мұсылман буржуазиялық мемлекетін құруды мақсат етіп қойды деп айыптап соттады.

«Антисоветтік панисламистік ұйым ауылдық жерлерде диверсиялық жұмыстарды жүргізді, қарулы көтеріліс дайындап, оны КСРО-ға қарсы шетелдік әскери интервенцияға қосылуға баулыды. Коммунистер мен белсенділерге қарсы террор қолдана бастады. Жасырын ұйым құрамына

контрреволюциялық кадрларды көптеп тартты, қозғалысқа бұрынғы басмашылар қосылды, мұсылман дін қызметкерлерін, басқа да антисоветтік элементтерді тарта отырып, астыртын округтік ұйымдарды құру жұмыстарын жүргізуді қолға алды. 1933–1937 жылдар аралығында ұйымға жеке өзі Ахымбеков Сикымбай, Күленов Мәлікайдар, Тұрсынбаев Әбдіқадыр, Мырзалиев Райымқұл, Қабденов Дәрібай т.б. кіргізді. Кеңес үкіметіне қарсы көтерілістің жетекшісі. Шпион, панисламдық, бүлікші ұйымның қатарында Қазақстан мен Өзбекстанның колхоздары мен совхоздарының малын талан-таражға салды. 70 қошқар, 8000 сом, 1800 пұт астық ұрлап, КСРО-ға қарсы шетелдік мұсылман эмиграциясымен байланысып, көтеріліс қозғалысын үйлестірді, онда контрреволюциялық ұйымның сигналшыларын сайлады» деген секілді жасанды айыптар әр тергеу сайын толығып, М. Байзақов та жемдеттер межелеген жазадан құтыла алмайды. Тек ұрпақтары іздеу салып, жиі арызданғасын 1954 жылы 19 тамызда М. Байзақовтың еңбекпен түзеу лагерінде 1944 жылы 18 желтоқсанда бүйрек рагынан қайтыс болғанын айғақтайтын «жалған жауапты» бір жапырақ қағаз келіп, ол туыстарына беріліпті.

Бір өкініштісі, М. Байзақовтың 1922 жылдардағы Түркістан уезіндегі оқу-ағарту жұмыстарының жай-жағдайын негіз еткен «Ақ жол» газетіндегі «Түркістан халық ағарту бөліміне» атты шағын мақаласынан басқа дүниесі әзірге табыла қойған жоқ. Осынау мақаласында ол Түркістан уезіндегі білім саласындағы кемшіліктерге біршама тоқталып, аймақтағы халық ағарту бөлімінің жемісті жұмыс жүргізе алмай отырғандығын айыптап жазады. Оның себебін де ашық айтып, басшы тұрақтамаған сала ісінің ілгері басудың орнына кері кетіп отырғандығын бірді-екілі мысалдармен дәйектеп береді [Байзақов, 1922]. Сол тұста ол қазақшаны білмейтін, ұлты орыс ағарту бөлімі басшысының жұмысынан нәтиже күтпейтіндігін көпке ұқтырып, қазақ мектептеріне өзбектерді мұғалім етіп жіберудің оқу-ағарту ісіне орны толмас зардап әкелетінін байыппен түсіндіріп береді. Сырты бүтін қазақ мектептерінің ішкі хал-ахуалын ақтарып салып, шала сауатты оқытушылардың нәтижесіз білім беруінен кейін мектептегі балалардың көбінің ана тілінің орнына өзбек тілін үйреніп жатқандығын үреймен жеткізеді. Мұндай мысалдың әр мектептен табылатындығын да қадап айтады.

Одан бөлек ол 100–200 шәкірт тәрбиелейтін Түркістан уезіндегі екі қазақ интернатының тыныс-тіршілігіне де тоқталып, тұрмысы төмендеген, киімге зәру, жалаңбас, жалаңаяқ екенін де айтып, ағарту бөлімінен қимыл күтеді [Байзақов, 1922].

Оңтүстікте қызмет атқарып қуғындалған Алаш ардақтыларының бірі Садуақас Османов Сырдария облысы, Перовск уезінің Жаңақорған болысында туған. 1919 жылдан РК(б) П мүшесі болған ол тұтқындалып, партиядан шығарылғанға дейін Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Келес аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеген.

1937 жылы 26 тамызда Ішкі Істер Халық комиссариатының Келес аудандық бөлімі тұтқындап, 1937 жылы 27 тамыздағы ҚК(б) П Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің №13 бюро мәжілісінің хаттамасымен контрреволюциялық ұлтшыл-фашистік элементтермен байланысы үшін «халық жауы» ретінде партиядан шығарып, 1938 жылы 21 ақпандағы КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының үкімімен РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 7, 8, 11-баптары бойынша ату жазасына кесіледі. 1957 жылы 21 желтоқсандағы КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының анықтамасымен С. Османовқа қатысты үкімінің күші жойылды, қылмыс құрамының болмауына байланысты іс тоқтатылған.

Тергеуде берген жауабында С. Османов та: «...Мен мүше болған контрреволюциялық ұйым тек қазақ ұлтшылдарынан ғана емес, басқа Орта Азиядағы одақтас республикалардағы ұлтшылдардан құралды. Атап айтқанда, мен Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы контрреволюциялық ұйымымыздың мүшелерін білемін. Мен мүше болған контрреволюциялық ұйым тек Қазақстанда ғана емес, басқа республикаларда да іс-әрекеттер жүргізіп, барлық жерде Кеңес өкіметін құлатуды мақсат тұтты.

Ұйым өз қызметінің басында татар және башқұрттардың контрреволюциялық ұлтшыл ұйымының жетекшілерімен байланыс орнатты. Яғни, Башқұртстан мен Татарстан Республикаларынан келген ұлтшылдармен пантүркизм мен панисламизм туы астында біріккен келісім жасалды.

Былайша айтқанда, шығыс мұсылман түркі халықтарын (пантүркизм) біріктіретін буржуазиялық мемлекет құруды көкседік. Осыған орай ұйым шетелдермен келісімге келіп, бұл шара Жапония мен Германияның қолдауымен жүзеге асуы тиіс болатын. Панисламизмге келетін болсақ, ұйым исламға негізделген мемлекет құруды мақсат еткен жоқ, бірақ панисламизм ұранын өз мақсаттарына жетудің бір құралы ретінде қабылдады.

Ұйым 1921–22 жылдарға дейін заңдылықты сақтай отырып, контрреволюциялық әрекеттерді жүзеге асырса, 1921–22 жылдардан кейін Алашорданың жетекші өзегі Ташкентке орныққаннан кейін

астыртын әрекетке өтіп, күрестің (көтерілістердің) әдістерін дамыта бастады. Ол кезде контрреволюциялық ұйымның орталығы Ташкентте болатын. Ұйым келесі практикалық іс-шараларды жүзеге асырды:

Басмашылар қозғалысы қолдау тауып отырды. 1923–1926 жылдар аралығында жер реформасы мен ауыл шаруашылығын несиелеу жүйесі контрреволюциялық мақсатта пайдаланылды.

Ұйым кеңестік совхоз-колхоз аппаратын қоғамға жат элементтермен толықтырды және олар арқылы өз бағытын жүзеге асырды. Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының қатарындағы контрреволюциялық ұйым мүшелерін сақтап қалу үшін барлық шараларды қолға алды, халық комиссариатында диверсия жүргізді

Ұйым балаларды бастауыш біліммен қамтуды және ересектерді сауат ашу бағдарламасымен қамтуды қысқартуға ұмтылып, халыққа білім беру саласында диверсиялық әрекет жасады. Ұлтшылдық идеологияны енгізу мақсатында мектеп ұжымдары алашордашылармен, ұлтшылдармен толықтырылды.

Мақта егу жоспарын қысқарту шаралары қолданылды, бұл жоспардан тыс егіс егуге және жоспардан тыс өнімге екі есе ақы төлеуге, яғни мемлекет қаражатын ысырап егуге әкелді.

Қазақстанда көтеріліс мақсатында байлардан, көтерілістерге қатысушылардан және басқа да таптық жат элементтерден контрреволюциялық резерв жасақталды. Бұл элементтер колхоздарға орналастырылып, ұжымшарлар рулық ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылды» [ШҚПДМАА. 6-қ. 1-т. 728-іс. 2-3 п.],– деп жоқ ұйымның жұмысын тарқата жеткізіпті. Қысқасы, осы жазбада бір ғана шындыққа сәйкесетін сөйлем бар. Онда ол: «1923 жылы ұйымның тапсырмасы бойынша Ташкентте 4-5 ай заңды түрде жұмыс істеп тұрған Алаш-Орданың газеті «Ақ жолдың» редакторы болдым, онда Қожановтың және контрреволюциялық ұйымның басқа да мүшелерінің контрреволюциялық мақалаларын жарияладым»,– дейді. Басылымның Алашорданың емес, Түркістандағы Кеңес үкіметінің органы болғаны баршаға аян. Бастысы, Османов газетті өз деңгейіне көтерген шығармашыл тұлға, талантты журналист, шын мәніндегі шығарушы-редактор еді. Өзі де қалам тартып, көптеген мақалалар жазды. Яғни кезінде «Қазақтың «тіл тізімі» (словарь) туралы», «Этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваевтың 40 жылдық юбилейі», т.б. мақалалары оқырманның оң бағасын алды. Қорыта айтқанда, С. Османов сынды ұлт қамын жеген редактор-баспагерлердің рухани мұрасы да елеусіз қалып қоймауы қажет.

Қорытынды. Ел тарихын түгендеу, кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін зобалаңын зерттеу, ақтаңдақ тұстардың бетін ашу – басты міндет. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, мемлекетіміздің бағыт-бағдары айқындала бастағаннан-ақ саяси сүргін тақырыбындағы жүйелі жұмыстар жолға қойыла бастады. Мемлекет тарихындағы зұлматты жылдардың толыққанды зерттелмеген, парақталмаған беймәлім беттерін толықтай зерделеу жұмысы жандана түсуде. Кеңестік кезеңдегі сталиндік цензураның құрығына түсіп, жазықсыз жапа шеккен азаматтар зерттеушілердің ерен еңбегінің нәтижесінде біртіндеп ақтала бастады. Жалпы ұжымдастыру мен тәркілеу кезінде негізсіз қуғын көргендер саны әлі де нақты емес. Солардың ішінде, әсіресе, оңтүстікте қызмет атқарған Алаш қайраткерлерінің қуғын көруі әлі де тереңдеп зерттеуді талап ететін тақырып. Біз осы мақаламызда Алаш қайраткерлерінің оңтүстік қанаты болып саналған тұлғалардың өмірін зерттеуде архив құжаттарынан тыс, олардың баспасөз беттеріндегі еңбектеріне де барынша басымдық бердік. «Алаш» партиясы құрылған 1917 жылы Ташкенттен шыққан «Бірлік туы» газетінен бастап, XX ғасыр басындағы баспасөздің көш басында тұрған, 1920-1926 жылдар аралығында Ташкентте, кейіннен Шымкентте жарық көрген Алаштың айтулы газеті, бірегей басылымы – «Ақ жолдан» тартып, саяси қуғын-сүргіннің үдеген тұсындағы «Социалистік Қазақстан» газетінің кейбір сандарын да шамашарқымызша кәдеге жаратуға тырыстық. Бір айта кетерлігі, мейлі газет, мейлі журнал болсын, Алаш ардақтыларының сол жылдарда көптеген өзекжарды материалдарын бүркеншік есіммен жариялағаны белгілі. Сондықтан да, ол тұлғалардың қаламынан туған дүниелерді айыра білу үшін олардың стилін, біліктілік деңгейін, қарым-қабілетін де салыстыра зерттеуге тура келеді. Оңтүстік өңірінде тұрып, Алаштықтармен үндескен, рухтас тұлғалардан Рүстембек Жабаев, Мәуленкүл Байзақов, Садық Өтегенов сынды қарымды қаламгерлердің баспасөз беттеріндегі мақалаларының өне-бойынан шынымен-ақ Алаш рухының лебі еседі. Елдің ертеңін терең ойлаған жұртшыл жандардың қиын-қыстау сәтте де қара басын күйіттемей, жұрт жайын, оқу-ағартудың кенжелеген тұстарын, әйел теңдігін, т.б. түйткілді мәселелерді көтергенін көресіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» жарлыққа қол қойды. Содан бері Мемлекеттік комиссия жүйелі түрде жұмысқа кірісті. Ондағы басты міндет – кеңестік кезеңдегі саяси

қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділдікті толық қалпына келтіру болды. Кеңестік кезеңдегі Алашордаға ат салысқан айтулы азаматтардың теперішке толы өмірі мен қағаз бетіне қалдырған хаттары, баспасөздегі бедері терең зерттелсе, саяси репрессияның ұлт руханиятына тигізген зиян-залалын толық тануға болады.

Дереккөздер

ШҚПДМАА – Шымкент қаласы полиция департаментінің мемлекеттік арнайы архиві

Sources

ŞQPDMAA – Şymkent qalasy polisia departamentiniń memlekettik arnaiy arhivı [State Special Archive of the Shymkent City Police Department]

Әдебиеттер

Аблажей, 2024 – *Аблажей, Н.Н.* "Национальные" операции Большого террора: иерархия полномочий власти и карательных органов в центре и на периферии / Н. Н. Аблажей, Н. А. Потапова // Мир Большого Алтая. 2019. Т. 5. № 2. С. 151–162.

Байзақов, 1922 – *Байзақов М.* Түркістан халық ағарту бөліміне // Ақ жол. 1922. № 142. 13 ақпан.

Жанбосинова, 2024 – Вертикаль и горизонталь Большого террора: политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг.: сборник документов / Ред.-сост. А.С. Жанбосинова). Астана, 2024. 886 с.

Жабаев, 1921 – *Жабаев Р.* Еске алу керек // Ақ жол. 1921. № 50. 12 сәуір.

Жабаев, 1922 – *Жабаев Р.* Мынау да жұттың бір ағайыны // Ақ жол. 1922. №143. 16 ақпан.

Жабаев, 1917 – *Жабаев Р.* Ашық хат // «Бірлік туы». 1917. № 7. 29 тамыз.

Политические репрессии, 1998 – Политические репрессии в Казахстане в 1937–1938 гг.: Сб. докум. / Отв. ред. Л.Д. Дегитаева. Алматы: Казахстан, 1998. С. 336

Саяси қуғын-сүргін, 2022 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) [Текст]: сборник документов и материалов ; [под общ. ред. Е.Т. Карина; ред кол.: С. Нұрбек [и др.]; сост.: С. А. Касымов [и др.]; М-во науки и высшего образования РК; Ин-т истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова; Проектный офис Гос. комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий]. Астана: [б. и.], 2022.

Серікбаев, 1938 – *Серікбаев Қ.* Соттың үкімі сойқандылардың орынды сазайы // «Социалистік Қазақстан». 1938. № 60. 15 наурыз.

Сақтағанова, 2021 – *Сақтағанова З.Г.* 1920-1980 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін: оңалту кезеңдері, салдары және проблемалары // Отан тарихы. 2021. № 3 (95). 139 б.

Ұлтшылдарды жасырушылар, 1937 – Ұлтшылдарды жасырушылар // Социалистік Қазақстан. 1937. № 232. 9 октябрь.

Шымкент, 1937 – Шымкент еңбекшілерінің митингісі // Социалистік Қазақстан. 1937. №237. 15 октябрь.

References

Ablajey, 2024 – *Ablajey N.N.* «Natsionalnyie» operatsii Bolshogo terrora: ierarhiya polnomochiy vlasti i karatelnyih organov v tsentre i na periferii ["National" operations of the Great Terror: the hierarchy of powers of the authorities and punitive bodies in the center and on the periphery]. N. N. Ablajey, N. A. Potapova. *Mir Bolshogo Altaya*. 2019. T.V. № 2. Pp. 151-162. [in Russian]

Bayzaqov, 1922 – *Bayzaqov M.* Tırkistan halyq aǵartý bólimine [To the Turkestan Department of Public Education]. *Aqjol*. 1922. № 142. 13 fevral [in Kazakh]

Janbosinova, 2024 – Vertikal i gorizontol Bolshogo terrora: politicheskije repressii v Kazahstane v 1937-1938 gg. sbornik dokumentov [The Vertical and Horizontal of the Great Terror: Political Repressions in Kazakhstan in 1937–1938]. Red.-sost. A.S. Janbosinova. Astana, 2024. 886 p. [in Russian]

Jabaev, 1921 – Jabaev R. Eske alu kerek [It should be remembered]. *Aqjol*. 1921. №50. 12 saıur. [in Kazakh]

Jabaev, 1922 – Jabaev R. Mynau da jıttıń bır aǵaiyny [This is also a cousin of the yut]. *Aqjol*. 1922. № 143. 16 aqpan. [in Kazakh]

Jabaev, 1917 – Jabaev R. Aşyq hat [An open letter]. *Bırlik tuy*. 1917. №7. 29 tamyz. [In Kazakh]

Politicheskije repressii, 1998 – Politicheskije repressii v Kazahstane v 1937–1938 gg. Sbornik dokum [Political repressions in Kazakhstan in 1937–1938]. Otв. redaktor L.D. Degitaeva. Almaty: Kazahstan, 1998. P. 336 [in Russian]

Saiasi quǵyn-sırgın, 2022 – Saiasi quǵyn-sırgın qırbandaryn tolyq aqtau jónindegi Memlekettik komisiyanıń materialdary (XX ǵasyrdyń 20-50 jıldary) [Materials of the State Commission for the Full Compensation of Victims of Political Repression]: sbornik dokumentov i materialov; [pod obş. red. E. T. Karina; red kol.: S. Nırbek [i dr.]; sost.: S. A. Kasymov [i dr.]; M-vo nauki i vysşego obrazovania RK ; İn-t istorii i etnologii im. Ch. Ch. Valihanova; Proektnyi ofis Gos. komisii po polnoi reabilitasii jertv politicheskij repressii]. Astana: [b. i.], 2022. [in Kazakh]

Serikbaev, 1938 – Serikbaev Q. Sottyń úkimi soıqandylardyń oryndy sazayı [The court's verdict is a fitting punishment for the perpetrators]. *Sosialistik Qazaqstan*. 1938. № 60. 15 nauryz. [in Kazakh]

Saqtaǵanova, 2021 – Saqtaǵanova Z. Ğ. 1920-1980 jıldardaǵy Qazaqstandaǵy saiasi quǵyn-sırgın: ońaltu kezeńderi, saldary jáne problemalary [Political repression in Kazakhstan in the 1920s-1980s: stages of rehabilitation, consequences and problems]. *Otan tarihy*. 2021. № 3 (95). 139 p.

Últşyldardy jasyruşylar, 1937 – Últşyldardy jasyruşylar [Nationalists' hidens]. *Sosialistik Qazaqstan*. 1937. № 232. 9 óktábr. [in Kazakh]

Şymkent, 1937 – Şymkent eńbekşileriniń mitińisi [Shymkent workers' rally]. *Sosialistik Qazaqstan*. 1937. № 237. 15 óktábr. [in Kazakh]



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 920-935
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_920-935

ГЕРМАНИЯДАҒЫ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР (1991-2024 жж.)

Тимур Әкімханұлы Әпендиев¹, Нұржігіт Момынбекұлы Абдуқадыров², Мадина Анатольевна Ермаханова³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Алматы, Қазақстан)
PhD (тарих), қауымдастырылған профессор, Тарихи демография бөлімінің меңгерушісі, ЖҒК
<https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (әл-Фараби даңғылы 71, Алматы, Қазақстан)
PhD (тарих), қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

³Гумарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті (А. Байтұрсынов көшесі, 050013 Алматы, Қазақстан Республикасы) т.ғ.к., Г.Даукеев атындағы АЭБУ Әлеуметтану пәндері кафедрасының аға оқытушысы
<https://orcid.org/0009-0004-6923-841X> E-mail: madina.a@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Әпендиев Т.Ә., Абдуқадыров Н.М., Ермаханова М.А., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап Германияда демографиялық дамудың құбылмалы жағдайлары орын алды. Демографияда әр түрлі тенденциялар қалыптасты. Ол бойынша герман билігі әр түрлі шаралар қабылдады, жұмыстар атқарды. Мемлекетте орын алған демографиялық қиындықтарға қарамастан, Германия – ЕО-дағы халқы ең көп федеративті мемлекет болып отыр. 2023 жылдың аяғында оның халқы шамамен 84,7 миллион адамды құрады. Бұл көрсеткіш ЕО барлық тұрғындарының 18 пайызынан асады. Халық санының өсу тенденциясы төмен болғанымен, оның жойылу немесе мүлдем азаю процесі байқалмайды. Кейбір сарапшылар керісінше, бұл процесті демографиялық өсімнің айқын көрсеткіші ретінде сипаттайды. Бұл салада ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Сондықтан, бұл мәселе өз алдына жеке зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу жұмысының *мақсаты* – Германияда қазіргі демографиялық процестерді және ол бойынша қалыптастқан тенденциялар мен проблемаларды зерттеумен сипатталады. Ол бойынша зерттеу жұмысының міндеттері айқындалып, ол бойынша белгілі бір мәселелерде кезеңдер бойынша жұмыстар атқарылды. Зерттеу жұмысының *міндеттері* – Германияда аталған кезеңде демографиялық процестерді зерделеу, демографиялық жағдайды көрсету, халықтың өсуі немесе кемуі туралы статистикалық материалдарды жинау және оларды талдаудан тұрады. *Нәтижелер:* Германияда қазіргі демографиялық жағдайдың қалыптасу жолдары мен оның дамуы анықталды. Соңғы отыз жылдан астам уақыт ішіндегі Германияның демографиялық тарихы мен оның қазіргі жағдайы бойынша жаңа мәліметтер алға шықты. Мемлекеттегі демографиялық процестің барысы, оның бағыттары және осы саладағы туындаған мәселелердің себептері мен оның түрлері айқындалды. 1990 жылдан 2020 жылға дейінгі Германияның жекелеген федеративтік

штаттардағы халық санының өсуі мен төмендеуінің негізгі себептері көрсетілді. Сонымен қатар, барлық федералды штаттары бойынша халық саны мен тығыздығының статистикалық көрсеткіштері берілді және талданды. Германиядағы сыртқы миграция мен оның демографияға ықпалы ішкі және сыртқы көші-қонның халық тығыздығына әсері зерттелді. *Қорытынды:* Германиядағы соңғы отыз жылда орын алған демографиялық тенденциялар мен проблемалар орын алып, алайда герман билігі әрқашан күресуде. Соның негізінде осы кезеңдегі туу деңгейі, табиғи өсім, миграциялық факторлар мен басқа да бағыттарда туындаған мәселелерге қарамастан, Германия ЕО-дағы демографиялық жағдайы тұрақты және даму жолы бойынша алдыңғы қатардағы мемлекеттің бірі саналады.

Түйін сөздер: Демографиялық процестер, Германия, миграция, Еуропалық одақ, халық санының динамикасы, мемлекеттік саясат

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының қазіргі заманғы тенденциялары (1991–2021 жж.)» гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды (тіркеу нөмірі AP22785742).

Дәйексөз үшін: Апендиев Т.Ә., Абдукадыров Н.М., Ермаханова М.А. Германиядағы қазіргі демографиялық тенденциялар мен проблемалар (1991-2024 жж.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 920-935-бб. [қаз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_920-935

СОВРЕМЕННЫЕ ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПРОБЛЕМЫ В ГЕРМАНИИ (1991-2024 гг.)

Тимур Акимханович Апендиев¹, Нуржигит Момынбекович Абдукадыров², Мадина Анатольевна Ермаханова³

¹Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова (Алматы, Казахстан)

PhD (история), ассоциированный профессор, Заведующий отделом исторической демографии, ВНС
<https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

PhD (история), Ассоциированный профессор
<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

³Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева (ул. А. Байтурсынова, 050013 Алматы, Республика Казахстан) к.и.н., старший преподаватель кафедры Социальных дисциплин АУЭС им.Г.Даукеева

<https://orcid.org/0009-0004-6923-841X>. E-mail: madina.a@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Апендиев Т.А., Абдукадыров Н.М., Ермаханова М.А., 2025

Аннотация. *Введение.* С 90-х годов прошлого века в Германии наблюдаются динамичные изменения демографического развития. В демографической сфере сформировались различные тенденции. В связи с этим германское правительство приняло ряд мер и провело необходимую работу. Несмотря на существующие демографические трудности, Германия остается федеративным государством с самым большим населением в ЕС. По состоянию на конец 2023 года численность населения страны составляет около 84,7 млн человек. Этот показатель превышает 18% от общего населения ЕС. Хотя тенденция роста населения остается низкой, процесс его исчезновения или значительного сокращения не наблюдается. Некоторые эксперты, напротив, характеризуют эту ситуацию как явный показатель демографического роста. Среди ученых в этой области сложились различные точки зрения. Следовательно, данная проблема требует отдельного исследования. *Цель* исследования заключается в изучении современных демографических процессов в Германии, а также сложившихся в этой связи тенденций и проблем. В рамках исследования были определены конкретные задачи и проведена поэтапная работа по определенным вопросам. *Задачи* исследования заключаются в изучении демографических процессов в Германии в указанный период, отражении демографической ситуации, сборе и анализе статистических данных о росте или сокращении населения. *Результаты:* определены пути формирования и развития современной демографической ситуации в Германии. В ходе исследования были получены новые данные о демографической истории Германии и ее

современном состоянии за последние тридцать с лишним лет. Выявлены ход демографического процесса в стране, его направления, а также причины и виды проблем, возникших в этой сфере. Указаны основные причины роста и сокращения численности населения в отдельных федеральных землях Германии в период с 1990 года по 2020 год. Кроме того, приведены и проанализированы статистические показатели численности и плотности населения по всем федеральным землям. Изучено влияние внешней миграции на демографию Германии, а также воздействие внутренней и внешней миграции на плотность населения. *Вывод:* за последние тридцать лет в Германии наблюдались определенные демографические тенденции и проблемы, однако немецкие власти постоянно борются с ними. Несмотря на возникшие в этот период проблемы, такие как уровень рождаемости, естественный прирост, миграционные факторы и другие вызовы, Германия остается одной из ведущих стран ЕС со стабильной демографической ситуацией и устойчивым путем развития.

Ключевые слова: Демографические процессы, Германия, миграция, Европейский союз, динамика численности населения, государственная политика

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Современные тенденции демографического развития РК (1991-2021 гг.)» (регистрационный номер AP22785742).

Для цитирования: Апендиев Т.А., Абдукадыров Н.М., Ермаханова М.А. Современные демографические тенденции и проблемы в Германии (1991–2024 гг.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 920-935. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_920-935

MODERN DEMOGRAPHIC TRENDS AND PROBLEMS IN GERMANY (1991–2024)

Timur Apendiyev¹, Nurzhigit Abdukadyrov², Madina Anatolyevna Ermakhanova³

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)
PhD (History), associate professor, head of the department of historical demography
<https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>. E-mail: timur.apendiev@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
PhD (History), associate professor
<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

³Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev (50A, Baytursynov St., Almaty 050013, Republic of Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer of the Department of Social Disciplines, AUPE&T named after G. Daukeyev
<https://orcid.org/0009-0004-6923-841X>. E-mail: madina.a@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Apendiyev T.A., Abdukadyrov N.M., Ermakhanova M.A., 2025

Abstract. Introduction. Since the 1990s, Germany has undergone dynamic changes in demographic development. Various trends have emerged in the demographic sphere, prompting the German government to implement a series of measures and take necessary actions. Despite existing demographic challenges, Germany remains the most populous federal state in the European Union. As of the end of 2023, the country's population stands at approximately 84.7 million people, which accounts for more than 18% of the total EU population. Although population growth remains low, there are no signs of significant decline. On the contrary, some experts characterize the current situation as a clear indicator of demographic growth. Among scholars in this field, differing viewpoints have emerged. Therefore, this issue requires separate in-depth study. *The purpose* of this research is to examine the modern demographic processes in Germany, as well as the related trends and issues that have formed during this period. Within the framework of the study, specific objectives were defined, and a step-by-step approach was taken to address particular questions. The *research tasks* include studying demographic processes in Germany during the specified period, presenting the demographic situation, and collecting and analyzing statistical data on population growth or decline. *Results:* The research identified the development paths of the current demographic situation in Germany. New data were obtained on Germany's demographic history and its modern state over the past thirty-plus

years. The course of the demographic process in the country, its directions, as well as the causes and types of problems that have arisen in this sphere, were determined. The main causes of population growth and decline in individual federal states of Germany from 1990 to 2020 were specified. In addition, statistical indicators of population size and density across all federal states were presented and analyzed. The influence of external migration on Germany's demography was studied, as well as the impact of both internal and external migration on population density. *Conclusion.* Over the past thirty years, certain demographic trends and problems have been observed in Germany, but German authorities continue to address them actively. Despite the challenges faced during this period – such as low birth rates, natural population growth issues, migration factors, and other related concerns – Germany remains one of the leading countries in the EU, with a stable demographic situation and a sustainable development trajectory.

Key words: Demographic processes, Germany, migration, European Union, population dynamics, state politics

Acknowledgment. This article was prepared as part of the grant-funded project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, “Modern trends in demographic development in Kazakhstan (1991–2021)” (Grant Registration No. AP22785742).

For citation: Apendiyev T.A., Abdukadyrov N.M., Ermakhanova M.A. Modern demographic trends and problems in Germany (1991–2024) // *Otan tarihy*. 2025. Vol. 28. No 3. Pp. 920-935. [in Kazakh].

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_920-935

Кіріспе. Герман Федеративтік Республикасы тек Еуропа ғана емес, әлемде алдыңғы қатардағы іргелі мемлекеттердің бірі болып, оның өткені мен бүгіні ғалымдар арасында кең қызығушылық тудырады. Бұл мемлекеттің XX ғасырдағы тарихы аласапыран оқиғаларға толы және ол әлемдік тарихпен тікелей байланысты. Сондықтан, Германияның саяси тарихы мен соның ішінде демографиялық жағдайы тек неміс зерттеушілері ғана емес, сондай-ақ әлем тарихшылары мен ғалымдарының назарын аударады. Қазіргі кезде Германия демографиясына қатысты неміс және шетелдік демографтар екінші демографиялық ауысуды жүзеге асырудың үш негізгі механизмін анықтайды: бала туу жасының ұлғаюы, отбасындағы балалардың орташа санының азаюы және баласыз адамдардың көп болуы.

ГФР-дің демографиясында соңғы он жылда демографиялық өсім 5%-ға жуық өсті, бұл ЕО-ның ең ірі елдері арасындағы ең жақсы өсу қарқынын көрсетті деген тұжырым басым болып отыр. Ал кейбір ресейлік және еуропалық әлеуметтанушылар мен тарихшы-демограф ғалымдар соңғы онжылдық бойына Германия өз халқын өз бетінше сақтай алмады, оның өсуі мигранттарды тарту есебінен ғана орын алады, бұл ауыр және ұзаққа созылған демографиялық дағдарыстың белгісі деп көрсетеді. Дегенмен, мұндай пікірлерге қарсы нақты мәліметтер негізінде айтылатын тұжырымдар да аз емес. Неміс тарихшылары мен демографтары және сырт елдердің ғалымдарының пайымдаулары кей жағдайда сәйкес келмей жатады. Бұл жағдай мәселені терең зерттеуді қажет етеді.

Сонымен қатар, статистикалық көрсеткіштер жақын арада келеңсіз процестердің нашарлайтынын көрсетеді. Осыған байланысты, болып жатқан оқиғалардың себептері мен ықтимал салдарын талдау, сондай-ақ егер мүмкін болған жағдайда қолда бар мәліметтермен осы елдің демографиялық ахуалын бағалау өте маңызды және өзекті болып саналады. Әлем елдерінің демографиясымен тығыз байланысты халықаралық көші-қон мәселесін шешу жолын іздестіру қазіргі таңда ұлттық және аймақтық деңгейде ғана емес, сонымен бірге жаһандық деңгейде де белсенді түрде жүргізіліп жатқаны да өте маңызды.

Сол сияқты, осы саладағы зерттеулердің бір бағыты ретінде айтсақ, отандық ғылымды айтуға болады. Соңғы жылдары еліміздің демография және халықтану саласындағы зерттеушілер Қазақстан халқы мен оның демографиясынан тыс әлемнің іргелі мемлекеттерінің демографиясы мен оның тарихына назар аударуда. Солардың бірі Германия болып отыр. Отандық ғылым үшін Германия демографиясын зерттеуге қатысты негізгі екі өзекті тұсы болып, оның – біріншісі отандық ғылымда шетелдердің демографиясы мен оның тарихын зерттеу мәселелері болса, екіншісі – Германияның демографиялық тарихы Қазақстанмен тікелей байланысты болуында. Оның басты мысалы тәуелсіздік жылдары елімізден неміс диаспорасы өкілдерінің Германияға қоныс аударуы болды. қазақстандық немістер бізден кетіп, Германияның демографиясын толықтырды. Осы және ГФР демографиясымен болған өзге де ғылыми мәселелер зерттеу тақырыбын жүргізуге арқау болды.

Мақсаты мен міндеттері. XX ғ. соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың алғашқы ширегі Еуропа мемлекеттерінде, соның ішінде ГФР-де демографиялық даму процесінің кешеуілдеген немесе ішінара күрделі проблемаға айналған кезең болды. Оның себептері екі Германияның бірігуі, табиғи өсімнің құлдырауы, мигранттардың артуы т.б. факторлармен байланысты болды. Ұсынылып отырған ғылыми мақаланың мақсаты – ГФР-де туындаған демографиялық тенденциялар мен аталған салада орын алған проблемаларды көрсету және олардың себептері мен алғышарттарын, ол бойынша атқарылған жұмыстар мен оның нәтижелерін интерпретациялау болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін бірнеше ғылыми міндеттер қойылып, олар негізінен ғылыми жұмыстың мазмұнын әр қырынан ашуға бағытталды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысына қатысты негізгі ғылыми материалдар ГФР-де статистикалық мекемелердің, арнайы мемлекеттік мерзімді басылымдарда, ресми сайттарда және мемлекеттік орындардың ресми порталдарында ақпаратты алудың негізгі көздері халық санақтары, микросанақтар мен олардың нәтижелері, ғылыми талдаулар мен зерттеулер, демографиялық оқиғалардың ағымдағы жазбалары болып табылады. Ғылымда демографиялық процестерді сипаттау, халықтың саны мен құрамы, жекелеген аумақтардағы, нақты аймақтардағы және елдердегі демографиялық процестердің даму тенденциялары туралы жалпы түсініктерді ашады. Бұл салада таза немесе формальды демография өзінің зерттеу саласына демографиялық құбылыстар мен процестердің сандық талдауын және халық санының өзгеруін қамтиды.

Демографиялық құбылыстар мен процестерді зерттеу деңгейлеріне қарай демографияның құрылымдық құрамдас бөліктері ажыратылады. Осыған сәйкес демографияда бірқатар теориялық негіздемелерді көрсетуге болады. Олардың негізгілері халықтың ұдайы өсуінің қозғаушы жағдайы, халықтың көбею режимдері мен оның өзгеру тенденцияларын анықтауға бағытталған демографиялық теория болып, оның ішінде халық саны, оның сапасы мен құрамы, сондай-ақ демографиялық процестер туралы алғашқы мәліметтерді жинау.

Зерттеу тақырыбына қатысты негізгі әдістерге мыналар жатады, олар: статистикалық бақылау, сипаттау және сандық талдау принциптеріне негізделген статистикалық әдістер; демографиялық процестердің сапалық және сандық талдауына негізделген пәнаралық әдістер, бұл ретте кейбір процестердің сипаттамаларын өлшеу басқа процестер туралы деректер болған жағдайда ғана мүмкін болады. Демографиялық мәліметтерді жинау мен талдаудың әлеуметтанулық әдістері ақпарат, оның ішінде сауалнама әдістері, бақылау, құжаттарды талдау, іріктеу сауалнамасы т.б. Сонымен қатар, өзін-өзі жаңартатын халық ретінде халықтың ұдайы өсіп-өнуінің ерекшеліктерін өлшеуді жеңілдететін дұрыс демографиялық әдістер (когорттық әдіс, талдау, кималық талдау, әлеуетті демографиялық әдіс) зерттеу жұмысы бойынша жаңарған әдістер саналады.

Талқылау. Зерттеу тақырыбы, отандық ғылымда жаңа тақырыптардың қатарынан орын алады. Ал демография ғылымында бұл мәселелер бойынша арнайы тақырыптар аз көтерілген. Ол әрине, Германияның демография ғылымында және шетелдердің, әсіресе еуропалық іргелес мемлекеттердің демография саласында қарастырылған. Бұл тақырыпта негізінен шетелдік тарихшылар мен демограф ғалымдар зерттеулер жүргізіп, оның ішінде негізінен неміс, ағылшын, француз және ресейлік тарихшылар мен демограф-ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Неміс тарихшыларының қатарында Андреас Роддер, Виктор Кригер және басқа да ғалымдардың зерттеулерін атауға болады. Аталған зерттеушілер Германияның ғасырлар тоғысындағы демографиясы бойынша өте құнды зерттеулер жүргізген және тың тұжырымдар жасаған.

Неміс тарихшысы Андреас Роддер «Германиядан кім қорқады?» деген кітабында «Германия мәселесі қайтадан күн тәртібіне қойылды», - деп жазады [Rödder, 2018: 215-218]. Германиялық тарихшы-ғалым В. Кригердің ғылыми еңбектері ерекше орынға ие. Виктор Кригер әуелде Қазақстан, одан соң Ресей империясы мен КСРО-дағы немістердің тарихы бойынша зерттеу жұмыстарын кеңестік кезеңде бастап, тәуелсіздік кезеңінде жалғастырды және өзінің көрсетілген ғылыми саласы бойынша қазіргі уақытта Германияда ғылыми жұмыстарын жалғастыруда [Кригер, 2006: 95-98].

Неміс демографтары Мануэдь Шлюпина мен Сусана Дахнердің басшылығымен жарық көрген зерттеу жұмысы өзінің «Die demografische Lage der Nation» (Елдің демографиялық жағдайы) атты ұжымдық еңбегі өзінің танымдық және статистикалық, демографиялық және көпшілік-ғылыми ерекшелігімен танылды [Slupina, Dähner, 2019: 18-21]. Айта кетерлігі, неміс демографтары өз зерттеулерінде халық санағы мен олардың әлеуметтік, саяси жағдайы мен мәдени өміріне терең мән береді. Сондай зерттеулердің бірі ретінде Тауэр Роландтың «Der demographische Wandel in

Deutschland ñ Bestandsaufnahme und Prognos» (Германиядағы демографиялық өзгерістер – инвентаризация және болжам) атты зерттеу жұмысының құндылығы терең. Бұл еңбекте Германияның Федералдық статистикалық басқармасының халық санының ресми болжамдары берілген [Tauer. 2020: 6-11].

Мәселеге қатысты француз тарихшылары да қалам тартқан. Оның ішінде Г.Пижонның еңбектері ерекше мәнге ие. Автор Германия мен Францияның туу көрсеткішіндегі алшақтықты келесі себептермен түсіндіреді. Біріншіден, Франция ұзақ уақыт бойы белсенді отбасылық саясат жүргізді, оны саяси партиялар да, үкіметтер де кеңінен талқылады. Германияда екі ел бұл мақсаттарға бірдей дерлік қаражат жұмсағанымен, ұқсас саясат әлдеқайда кейінірек енгізілді. Екіншіден, Францияда мектепке дейінгі мекемелердің жақсы дамыған желісі бар, бұл әйелдерге Германияға қарағанда отбасы мен кәсіби өмірді оңай біріктіруге мүмкіндік береді. Үшіншіден, Германияда жақсы ана баласын өзі бағып, жұмысқа шықпай, баланы күні бойы балалар мекемесінде қалдыруы керек деген пікір кең тараған [Pison, 2012: 5-6].

Ресей ғалымдары тарапынан да маңызды зерттеулер жүргізгенін атап өткен орынды. Өз еңбектерінде герман мәселесі мен тарихын зерттеп, соның аясында демографиясына назар аударған тарихшы В. Федоров: «Бұл дұрыс және бұрыс, өйткені неміс мәселесі ешқашан жойылмаған» деп көрсетеді. Дей тұрғанмен, Германия еуропалықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттағы зерттеулерінде маңызды орын алады. Атап айтқанда, осы орайда «Неміс мәселесі бар ма?» деген мақаласын келтіруге болады [Федоров, 2015: 15-20]. Тұтастай алғанда, демографтар демография әдістері ретінде анықталған арнайы әдістердің жиынтығына сүйенеді. Айта кету керек, ресейлік ғылымда демографиялық ғылымды жүйелеу өз сипаты бойынша пікірталас тудырады, ол үшін тиісті ізденіс жұмыстары жүргізілді және бұл процесс әлі жалғасуда. Сонымен бірге германдық демографияның проблемалары, урбанизация, демографиялық процестерді зерттеуде және салыстырмалы анализ жасауда ресейлік зерттеушілер ғылыми жұмыстар жариялаған [Важенин, 2020: 679-685].

Нәтижелер. *ГФР-де демографиялық мәселелер.* Табиғи өсімнің кез-келген мемлекеттің демографиясы мен оның дамуы үшін маңызды екені белгілі. Сол сияқты Германия үшін де соңғы 25-30 жылдың ішіндегі туу көрсеткіші мен жалпы табиғи өсімнің маңызды екені айтпаса да түсінікті болып отыр. Өткен ғасырдың 80-90 жылдары-ақ «Қартайған қоғам» деген атты иеленген бұл мемлекетте туу көрсеткіші төмен болып, жас ерекшелігі ұлғайған. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан басталған демографиялық жағдайдың қиындауына ықпал еткен жағдайлардың бірі ол екі Германияның бірігуі еді. Социалистік Германияның батыстық капиталистік түсінік пен идеологияны қабылдай алмауы, жанұяда бала санының артуы, өмір сүру деңгейінің жоғарылауы сияқты жағдайларға кері ықпал етуі әбден мүмкін болды.

ГДР-дің ГФР-ға қосылуы өмір сүру деңгейін тез арада теңестіру үміттері мен уәделерімен қатар жүрді [Rödder, 2009: 38-23]. Жаңа жерлерде пайда болатын «гүлденген ландшафттар» туралы канцлер Гельмут Кольдың сөздері ел есінде. Шығыс жерлерге қаржы бөлуге және Шығыс Германияның пайдасына арнайы салық салуға қарамастан, мұның ешқайсысы болған жоқ. Мемлекеттің екі бөлігінің арасында үлкен алшақтық сақталады. Жалғыз қаржы саласы ғана экономиканы көтере алмайды, барабар экономикалық саясат қажет болды. Өз кезегінде шығыс елдерінің тұрғындары оларға кедей туыстар ретіндегі көзқарасқа наразы. Кейбіреулер ГДР-ді есіне алып, сол саяси режимнің қаталдығына қарамастан, бұрын әлеуметтік қамсыздандыру мен мемлекет тарапынан қамқорлық көбірек болғанына сеніп, ностальгиялық сезімдерді бастан кешіреді

Германия үшін елдегі халық саны – беделді көрсеткіш саналады, мемлекет оны көбейтуге тырысады. Ол халық өмірінің әлеуметтік және экономикалық аспектілерін көрсетеді. Мемлекетте демографиялық мәселелерді шешу үшін және тиісті өзгерістер енгізу үшін үлкен әлеует бар. Германия үшін бұл мүлдем қолайлы емес. Кейбір авторлардың мәліметтеріне қарағанда, ел халқының саны 2017 жылғы 81,4 миллионнан 2060 жылы 67,6 миллион адамға дейін төмендеуі мүмкін. Халықтың қартаюын да ескеру қажет. Елдегі орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін 78,4 жас, әйелдердікі 83,2 жасты құрайды. Сарапшылардың бағалауы әртүрлі, бірақ тенденциялар сақталуда [Федоров, 2020: 35-36].

Жылдар	Жалпы халық саны	Туу көрсеткіші	Өлім-жітім
1990	79,753,227	905,675	921,445
1991	80,274,564	830,019	911,245
1992	80,974,632	809,114	885,443
1993	81,338,093	798,447	897,270
1994	81,538,603	769,603	884,661
1995	81,817,499	765,221	884,588
1996	82,012,162	796,013	882,843
1997	82,057,379	812,173	860,389
1998	82,037,011	785,034	852,382
1999	82,163,475	770,744	846,330
2000	82,259,540	766,999	838,797
2001	82,440,309	734,475	828,541
2002	82,536,680	719,250	841,686
2003	82,531,671	706,721	853,946
2004	82,500,849	705,622	818,271
2005	82,437,995	685,795	830,227
2006	82,314,906	672,724	821,627
2007	82,217,837	684,862	827,155
2008	82,002,356	682,514	844,439
2009	81,802,257	665,126	854,544
2010	81,751,602	677,947	858,768
2011	80,327,900	662,685	852,328
2012	80,523,746	673,544	869,582
2013	80,767,463	682,069	893,825
2014	81,197,537	714,927	868,356
2015	82,175,684	737,575	925,200
2016	82,521,653	792,141	910,902
2017	82,792,351	784,901	932,272
2018	83,019,213	787,523	954,874
2019	83,166,711	778,090	939,520
2020	83,155,031	773,144	985,572
2021	83,237,124	795,492	1,023,687
2022	84,358,845	738,819	1,066,341
2023	84,607,016	698,971	1,020,907
2024	83,294,633	≈ 145,000 Наурыз айы	≈ 188,000 Наурыз айы

Кесте 1. №1. 1990-2024 жж. аралығында ГФР халқының саны және туу мен өлім-жітім көрсеткіші. [https://www.de-online.ru/naselenie-v-germanii]

Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап табиғи өсім, яғни туу көрсеткіші азайды. Бұл жағдай елдегі демографиялық аухалды өзгертіп жіберді. Жоғарыда №1 кестеде көрсетілгендей жылдағы өлім-жітімнің саны туу көрсеткішінен жоғары болып отырған. Бұл жағдай табиғи өсімді еш уақытта көтеруі мүмкін емес. Қазіргі Германия соңғы 30 жылда байқалған туу деңгейінің төмендігінен халықтың қартаюымен және төмендеуімен сипатталады. Зерттеуші, ғалым, демограф О. Пётч атап өткендей, орта мерзімді перспективада елде бірінші бала туылған кездегі аналардың орташа жасы мен баласыз әйелдердің үлесі ұлғая береді; бір анаға шаққандағы балалардың орташа саны 1,4–1,6 болады [Пётч, 2018:38-41]. Бұл әрине өте төмен көрсеткіш саналады.

1990 жылдан 2020 жылға дейін жастардың үлесі төмендеді: 20 жасқа дейінгілер – 3,3 %-ға, 20-дан 30 жасқа дейінгілер – 5,3 %-ға. 30-дан 60 жасқа дейінгі орта жастағы адамдардың үлесі өзгеріссіз қалды – 41,2 %. 60 пен 80 жас аралығындағы егде жастағы адамдардың үлесі 5,2 %-ға, 80 жастан асқандардың үлесі 3,3 %-ға өсті. С.А. Попова өзінің зерттеуінде атап өткендей, Германия «батып бара жатқан» елдердің бірі болып табылады, мұнда егде жастағы тұрғындардың үлесі ғана емес, сонымен қатар 80 жастан асқан адамдардың үлесі де өсіп келеді [Попова, 2021: 124-126]. Өмір сүру ұзақтығының артуы жекелеген германдық провинциялардағы халық санының төмендеуін

немесе теріс өсуді ішінара өтейді, бірақ бұл халықтың қартаюының жаһандық мәселесін және еңбекке қабілетті халықтың болашақта төмендеуін толық шеше алмайды.

Жыл	Жалпы халық саны, (мың адам).	20 жасқа дейін		20–30 жас		30–60 жас		30–80 жас		80-нен үлкен	
		Адам саны, (мың адам).	Үлес	Адам саны, (мың адам).	Үлес	Адам саны, (мың адам).	Үлес	Адам саны, (мың адам).	Үлес	Адам саны, (мың адам).	Үлес
1990	79 753	17 306	21,7	13 323	16,7	32 860	41,2	13252	16,6	3011	3,8
1995	81 817	17 629	21,5	11 460	14,0	35 519	43,4	13915	17,0	3294	4,0
2000	82 260	17 390	21,1	9578	11,6	35 880	43,6	16326	19,8	3087	3,8
2001	82 440	17 259	20,9	9502	11,5	35 808	43,4	16627	20,2	3245	3,9
2002	82 537	17 089	20,7	9520	11,5	35 825	43,4	16738	20,3	3364	4,1
2003	82 532	16 904	20,5	9583	11,6	35 707	43,3	16888	20,5	3448	4,2
2004	82 501	16 713	20,3	9635	11,7	35 588	43,1	17008	20,6	3557	4,3
2005	82 438	16 486	20,0	9706	11,8	35 706	43,3	16859	20,5	3681	4,5
2006	82 315	16 204	19,7	9767	11,9	35 741	43,4	16798	20,4	3805	4,6
2007	82 218	15 925	19,4	9832	12,0	35 691	43,4	16843	20,5	3927	4,8
2008	82 002	15 619	19,0	9884	12,1	35 542	43,3	16897	20,6	4061	5,0
2009	81 802	15 340	18,8	9913	12,1	35 340	43,2	17029	20,8	4181	5,1
2010	81 752	15 082	18,4	9947	12,1	35 230	43,1	17187	21,0	4307	5,3
2011	80 328	14 801	18,4	9677	12,0	34 414	42,8	17166	21,4	4269	5,3
2012	80 524	14 721	18,3	9679	12,0	34 419	42,7	17379	21,6	4326	5,4
2013	80 767	14 683	18,2	9708	12,0	34 428	42,6	17581	21,8	4366	5,4
2014	81 198	14 754	18,2	9753	12,0	34 449	42,4	17697	21,8	4544	5,6
2015	82 176	15 071	18,3	9976	12,1	34 627	42,1	17773	21,6	4729	5,8
2016	82 522	15 221	18,4	9941	12,0	34 568	41,9	17849	21,6	4942	6,0
2017	82 792	15 252	18,4	9901	12,0	34 555	41,7	17934	21,7	5151	6,2
2018	83 019	15 294	18,4	9801	11,8	34 547	41,6	17988	21,7	5389	6,5
2019	83 167	15 331	18,4	9683	11,6	34 415	41,4	18057	21,7	5681	6,8
2020	83 155	15 335	18,4	9483	11,4	34 247	41,2	18153	21,8	5936	7,1

Кесте 2. 1990-2020 жылдар аралығында ГФР халқының жас ерекшелігі бойынша көрсеткіші
[<https://www-genesis.destatis.de/datenbank/online/statistic/12711/details>]

Тарихи деректерге сүйене отырып, тарихшы-демограф Дж.Пизон Германияда туу көрсеткіші ұзақ уақыт бойы Францияға қарағанда жоғары болғанын салыстырмалы түрде талдай отырып көрсетеді. XIX ғасырда Францияда туу деңгейінің төмендігі нәтижесінде көрші Еуропа елдерімен салыстырғанда демографиялық өсім төмен болды, ал халықтың қартаю деңгейі жоғары болды. Германия мен Францияда балалар аз, қарт адамдар көп деп есептелді. Кез-келген мемлекеттің демографиясында кездесетіні сияқты Германияның да демографиясының дамуына кедергі келтіретін өзіндік проблемалар бар. Соның ең негізгілерінің бірі өлім-жітім болды. 2010 жылы Германияда өлім көрсеткіші (859 мың адам) туу көрсеткішінен (678 мың) айтарлықтай асып түсті. Салыстырмалы түрде алғанда жанына отырған Францияда, керісінше, туу көрсеткіші өлім-жітім деңгейінен асып түсті, ол – 540 мың адамға қарай сәйкесінше 802 мыңға тең болды. Сол жылы Францияда демографиялық өсім табиғи өсіммен қамтамасыз етілді, ал 75 мың адамға бағаланған көші-қон сальдосы халықтың бестен біріне өсуін қамтамасыз еткен [Pison, 2012: 7-8].

2020 жылғы пандемия жылында Германияның көптеген ірі қалалары көп жылдар ішінде алғаш рет өсуін тоқтатты. 2020 жылдың аяғында 100 мыңнан астам халқы бар Германияның қалалық жерлерінде 24,5 миллионға жуық адам тұрды. Федералдық статистика басқармасының мәліметі бойынша, бұл жалпы халықтың 29,4% құрады. Бұл 2011 жылдан бері тіркелген қала халқының жылына 0,7%-ға өсімін жалғастырмағанын білдіреді. 100 мыңнан астам халқы бар қалалардағы халық саны өткен жылмен салыстырғанда тіпті аздап – 0,1%-ға қысқарды. Айта кету керек, ішкі көші-қонның Германияның халық құрылымына әсері халықтың қартаюы және үйде артықшылықты

картаю жағдайында азайып келеді. Сонымен бірге болашақта көші-қон саясатының өзгеруіне байланысты, әсіресе, қала орталықтарында халықаралық көші-қонның өсуі жоспарлануда. Демек, демографиялық артықшылық жас мигранттардың ағынына байланысты қалалық орталықтарда болады, ал қала маңындағы аудандарда отбасылардың көшуіне байланысты тез картаюды теңестіру қиынырақ болады. Ауылдық жерлер ең қиын жағдайға тап болады, олар халықтың картаюын ғана емес, көші-қон шығынын да бастан кешіреді [Надеждин, 2022: 168-172].

90-жылдары Германия туу деңгейі төмен елдердің біріне айналды. Оның ең төменгі деңгейіне 1994 жылы жетіп, онда бір бала туа алатын жастағы әйелге 1,2 баладан ғана келеді. Ағымдағы 1,35 деңгейі де табиғи көбею жылдамдығынан айтарлықтай төмен, бұл шамамен 2,1. Сонымен қатар, Германия азаматтығы бар әйелдер үшін, яғни иммигранттарды есептемегенде, бұл көрсеткіш одан да төмен болып, ол соңғы 2023 жылға дейін сақталып келеді. 2023 жылғы жағдай бойынша немістерде туу жағдайының ең төмен жағдайы тіркелген.

Сонымен бірге, бұл салада мемлекеттік және облыстық билік тарапынан ешқандай шара қолданылмай жатыр деу әділетсіздік болар еді. ГФР-де халықты, балалы отбасыларды қолдаудың 156 түрлі шаралары бар, оның 63-і тікелей төлемдер, 24-і салықтық жеңілдіктер және тағы 53-і әлеуметтік қамсыздандыру шаралары. Қалған 16-сы қажетті инфрақұрылымды құру арқылы жүзеге асырылуда. Олардың жалпы көлемі жыл сайын 200 миллиард еуродан асады. Салыстыру үшін Германияның 2023 жылға арналған федералды бюджеті 476,29 миллиард еуро көлемінде бекітілген. Дегенмен, бұл нақты сандар екінші демографиялық ауысу жағдайында қаржылық инъекциялар өздігінен туу көрсеткішінің өсуіне әкелмейтіндігінің ең жақсы дәлелі болып табылады. Бұл ретте қолдау шаралары отбасылардың әлеуметтік қауіпсіздігін арттыруға бағытталған, бірақ оларда көп балалы болу үшін ынталандыру қарастырылмаған. Олар сондай-ақ елдің жергілікті халқы мен иммигранттарды ажыратпайды [Sobotka, 2011: 320-325].

ГФР демографиясында кеңестік (қазақстандық) немістердің орны. 1991 жылы КСРО ыдырап, оның орнына тәуелсіздік алған мемлекеттерде тұратын неміс этносының өкілдері өзінің тарихына орала бастады. Бұл жағдай XX ғ. 90-жылдардың басында ГФР-де орын алған негізгі демографиялық факторлардың бірі болды. Кеңестік қоғамда «Ресейлік немістер» деп аталып кеткен немістер енді өзінің туып-өсен аймағында өзге халыққа немесе этникалық топқа айналды. Посткеңестік мемлекеттерден қоныс аударған немістер негізінен РФ, Қазақстан, Қырғызстан, Украина елдерінен Германияға үдере көшті. Герман статистика барлау бөлімінің берген мәліметтеріне орай посткеңестік мемлекеттерден Германияға 2 млн-нан астам немістер көшіп барған. Солардың бір бағыты Қазақстаннан барған немістер болды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігін алған кезеңде және посткеңестік кеңістікте өзгеру үрдісі басталуымен, Қазақстанда ерекше көші-қон формасы қалыптасты. Ең алдымен, көші-қон статусының мемлекетаралық деңгейге ауысуы орын алды. ГФР билігі Қазақстанда өте көп неміс этносының бар екенін білді және дипломатиялық әрекеттерге көшті. Қазақстан дербес мемлекет ретінде ГФР-мен дипломатиялық байланыс орнатты. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекетті қоғамдық-саяси дамуы демократиялық-құқықтық даму жолына негізделген соң, республикадан немістер ерікті түрде көшіп-қонуға рұқсат алып, соны негізінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сырт елдерге немістердің көшуі кеңейе бастады. 1989 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 957518 неміс этносының өкілі бар екені анықталған болатын. Ал, 1999 жылғы санақ бойынша бұл көрсеткіш 353 мыңға тең болып, үш есеге дейін қысқарды ([Национальный состав, 2000:7-10].

Немістердің сыртқы көші-қонының жоғары деңгейге көтерілген кезеңі 1993-1994 жылдар болды. 1993 жылғы шетелдерге қоныс аударған немістердің санына қатысты алғашқы зерттеулер олардың жалпы санын 88218 мың адам деп көрсетеді. Е. Садовскаяның айтуынша олардан алыс шетелге 78822 мың адам, ал жақын шетелге қоныс аударған неміс саны 9390 мың адамды құрады. 1994 жылы қоныс аударғандардың саны 92586 мың адам болды, олардан алыс шетелге 78101 мың, ал жақын шетелге 14485 мың адам қоныс аударды. Келтірілген сандық мәліметтерден байқалғандай, өткен ғасырдың 90-жылдары Германияға жыл сайын 100 мыңға жуық адам қоныс аударып отырған. Көші-қон айырмасының жоғарғы ең көрсеткіштері Қазақстанның солтүстік облыстарында байқалған. Олар Қарағанды облысынан 11,6 мың адам, Ақмола облысынан 11,2 мың адам, Қостанай облысынан 8,3 мың адам, Павлодар облысынан 8,2 мың адам және Шығыс Қазақстан облысынан 7,6 мың адам болды [Садовская, 2001: 109-111].

Көшу үдерісі әсіресе 1993 жылы Қазақстанда тұратын немістердің толық ақталуынан кейін одан сайын күшейе түсті. КСРО кезінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған халықтар саяси және

моральдық теңдікке қол жеткізді. Барлық ұлттар тең құқылы болып, олардың өмір сүруіне кең мүмкіншіліктер жасалды. Осының негізінде 1992 жылдың қазан айында Қазақстанда немістердің 1-ші съезі өтіп, онда неміс этносының мәдени орталықтарын құру туралы шешім қабылданды. Қазақстаннан немістердің үдере көшуіне негіз болған факторлардың бірі Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін көші-қон заңнамасын либерализациялауы болды. Бұл заңнаманың қабылдануы да мемлекетте немістердің санының айтарлықтай қысқаруына себепкер болды [Апендиев, 2015: 139-143].

Осы орайда тақырыптың мазмұнына терең үңілетін болсақ, 90-жылдары ГФР демографиясына посткеңестік әлемнен барған немістердің, оның ішінде Қазақстаннан немістердің көшіп баруына орай Германияның халық санында өзгерістер орын алды. Себебі, Қазақстанна барған немістердің қатары аз болмады. Тарихшы П. Полянный көрсетуі бойынша 1992 жылы – 114 мың адам, 1993 жылы – 113 мың адам, 1994 жылы – 121 мың адам, ал 1995 жылы – 177 мың адам көшті. 1992 мен 1996 жылдар аралығында немістердің көші-қон ағынында, посткеңестік кеңістіктегі Қазақстан немістерінің үлесі 50% құрады. Бұл процесс Қазақстандағы посткеңестік кезеңдегі халқының неміс ұлт өкілдерінің сандық азаюына айтарлықтай әсер тигізді, 2006 жылға қарай 1989 жылғы 957,5 мың немістен 2009 жылы 178,4 мың адамға дейін азайды [Полян, 2002:36-38].

Сонымен қатар, Қазақстаннан Германияға көшкен немістердің сандық көрсеткішін Қазақстанда құрылған немістердің «Возрождение» атты қоғамдық ұйымының басшысы Александр Дедерер де бірқатар мәліметтер көрсеткен. Оның мәліметтеріне сүйенсек, 1992 жылы көшкен неміс диаспорасының жалпы саны 80 мың болса, 1993 жылы 100 мыңнан асты, ал 1994 жылы 120 мыңға жетіп, 1995 жылы 100 мыңға қайта төмендеді. Тек 1997 жылдан бастап, көшетін немістердің саны қысқара түсті. 1999 жылы санақ 353 мың немісті анықтап тіркеді (2,4% халық).

1995 жылы 25 маусымда бүкіл қазақстандық немістердің 2-ші съезі өткізіліп, онда Қазақстанның немістер Кеңесі құрылды. Бұл съездерде Қазақстандағы немістердің үдере көшуіне жол бермеу мәселелері көтерілді. Алайда, оған қарамастан, Қазақстаннан көшіп жатқан немістердің қатары азаймады. Керісінше, неміс этносы өкілдерінің басым көпшілігі Қазақстан Республикасынан сыртқа шығу үшін рұқсат күтіп тиісті құжаттарын әзірлеумен шұғылданды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап 1993-1994 жылдары күшейген немістердің өздерінің тарихи отанына қоныс аудару процесі 90-жылдарды соңына қарай бірте-бірте қысқара бастады. 1999 жылы шетелге қоныс аударған немістердің жалпы саны 32,9 мың адам болды. Олардың ішінен алыс шетелге – 28,7 мың адам, ал жақын шетелге – 4,2 мың адам болды [Апендиев, 2014: 114-116].

Қазақстандық немістердің өздерінің тарихи отанына оралу көшінің басты себептерін шетелдік және отандық тәуелсіз сарапшылар әр түрлі себептермен түсіндіріп, олардың бір бөлігі немістердің жаппай көшу себептерін Қазақстандағы экономикалық дағдарыстың орын алуымен, ал екінші бір бөлігі немістердің өздерінің тарихи отанына оралғысы келетіндігімен түсіндірді. Ал кейбір сарапшылар мен саясаткерлер оны Қазақстанда өзге этностарға саяси және моральдық қысым көрсетуінен болуы мүмкін деп топшылады. Осыдан соң, Қазақстаннан немістердің тарихи отанына оралуына Германия үкіметі де қызығушылық танытып, оның себептері мен барысын айқындауға тырысты. Алайда, Қазақстан билігінің немістерге саяси қысым көрсетуі мүмкін деген пікірлер жалған болды және оны уақыттың өзі де дәлелдеп берді.

Бұл кезде, яғни 1994-1995 жылдары немістердің Германияға көшуін азайту үшін Қазақстан үкіметі де шаралар қабылдауды бастап жіберген еді. Оның басты себептері немістер Қазақстанның Солтүстік облыстарында шаруашылық пен өндіріс саласында алатын өзіндік орны зор еді. Сонымен бірге немістердің Германияға негізсіз үдере көшуі тек Қазақстан емес, сонымен бірге Германия үшін де тиімсіз еді. Себебі, бұрынғы КСРО мен Шығыс Еуропадан Германияға көшкен немістердің саны жыл санап артып отырды. Германия өз қандастарын өз еліне қабылдап, оларға жағдай жасауға қауқарлы болғанымен, оның өзіндік тиімсіз тұстары да бар еді. Дәлірек айтқанда герман үкіметі үшін шетелдерден келетін өз қандастарын жаңа германдық жүйеге бірден бойсұндыру оңай емес еді. Сондықтан, шетелдік немістердің аз-аздап келуі ГФР үшін тиімді болды [Козина, 1999: 92-93].

Abramzon C.M., 1990 – *Abramzon S.M.* Kirgizy i ikh etnogeneticheskie i kul'turnye svyazi [The Kyrgyz and Their Ethnogenetic and Cultural Connections]. Frunze, 1990. 480 s. [In Russian]

Abylkhodzhin, Kozybaev, Tatimov, 1991 – *Abylkhodzhin Zh.B., Kozybaev M.K., Tatimov M.B.* Novoe o kollektivizatsii v Kazakhstane [New Insights on Collectivization in Kazakhstan]. *Istoriia Kazakhstana: belye piatna* [History of Kazakhstan: White Spots]. Almaty, 1991. Pp. 183–217. [In Russian]

Aver'ianov, 1888 – *Aver'ianov P.* Obzor statisticheskikh rabot s 1866-go po 1887 god po Syr-Dar'inskoi oblasti [Review of Statistical Works from 1866 to 1887 on Syr-Darya Region]. *Trudy Syr-Dar'inskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta v 1887–1888 gg.* [Proceedings of the Syr-Darya Regional Statistical Committee, 1887–1888]. Tashkent. 1888 [In Russian]

Aisfel'd, 2024 – *Aisfel'd A.* Iz istorii nemtsev Kazakhstana. T. I. 1892–1935 gg. Sbornik dokumentov [From the History of Germans in Kazakhstan. Vol. I. 1892–1935. Collection of Documents]. Göttingen – Astana, 2024. 784 p. [In Russian, German]

Alekseenko H.B., 1981 – *Alekseenko N.V.* Naselenie dorevoliutsionnogo Kazakhstana (chislennost', razmeshchenie, sostav. 1870–1914 gg.) [The Population of Pre-Revolutionary Kazakhstan (Size, Distribution, Composition. 1870–1914)]. Alma-Ata: Nauka, 1981. 111 p. [In Russian]

Appolova H.G., 1960 – *Appolova N.G.* Ekonomicheskie i politicheskie svyazi Kazakhstana s Rossiei v XVIII – nachale XIX v. [Economic and Political Relations of Kazakhstan with Russia in the 18th – Early 19th Centuries]. Moskva, 1960. 442 p. [In Russian]

Asfendiiarov C., 1936 – *Asfendiiarov S.* Natsional'no-osvoboditel'noe vosstanie 1916 goda v Kazakhstane [The National Liberation Uprising of 1916 in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakhskoe kraevoe izdatel'stvo, 1936. 149 p. [In Russian]

Asylbekov, Galiev, 1991 – *Asylbekov M.Kh., Galiev A.B.* Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane (1917–1980 gg.) [Socio-Demographic Processes in Kazakhstan (1917–1980)]. Almaty: Galym, 1936. 185 p. [In Russian]

Bazanova, 1987 – *Bazanova F.N.* O formirovani i razviti i struktury naseleniia Kazakhskoi SSR: natsional'nyi aspekt [On the Formation and Development of the Population Structure of the Kazakh SSR: The National Aspect]. Alma-Ata: Kazakhstan, 1987. 152 p. [In Russian]

- Baltabaev, 2021 – *Baltabaev M.B.* Razrabotka uroka po istorii Kazakhstana na temu «Izmenenie monoetnicheskogo sostava naseleniia Kazakhstana (XVIII – nachalo XX veka)» dlia uchashchikhsia 11 klassa predmeta «Istoriia Kazakhstana» [Lesson Plan on the History of Kazakhstan on the Topic “Changes in the Monoethnic Composition of the Population of Kazakhstan (18th – Early 20th Century)” for 11th Grade Students of the Subject “History of Kazakhstan”]. 2021. URL: <https://multiurok.ru/files/razrabotka-uroka-po-istorii-kazakhstana-na-temu-13.html> [In Russian]
- Bartol'd, 1927 – *Bartol'd V.V.* Istoriia kul'turnoi zhizni Turkestana [The History of Cultural Life of Turkestan]. Leningrad, 1927. 256 p. [In Russian]
- Bekmakhanova, 1972 – *Bekmakhanova N.E.* Istoriia dorevoliutsionnogo Kazakhstana v noveishei sovetskoi literature (1968–1971 gg.) [The History of Pre-Revolutionary Kazakhstan in the Latest Soviet Literature (1968–1971)]. *Voprosy istorii* [Issues of History]. 1972. No. 1. Pp. 128–133. [In Russian]
- Bekmakhanova, 1980 – *Bekmakhanova N.E.* Formirovanie mnogonatsional'nogo naseleniia Kazakhstana i Severnoi Kirgizii v poslednei chetverti XVIII v. – 60-kh godakh XIX v. [Formation of the Multiethnic Population of Kazakhstan and Northern Kyrgyzstan in the Last Quarter of the 18th Century – 1860s]. Moscow, 1980. Pp. 176–189. [In Russian]
- Brezhneva, 2005 – *Brezhneva S.N.* Istoriografiia problemy prisoedineniia Turkestanskogo kraia k Rossii: vtoraiia polovina XIX v. – nachalo XXI vekov. Avtoreferat dissertatsii doktora istoricheskikh nauk [Historiography of the Problem of the Incorporation of the Turkestan Region into Russia: Second Half of the 19th – Early 21st Centuries. Abstract of Doctoral Dissertation in History]. Moscow, 2005. 35 p. [In Russian]
- Bronevskii, 1830 – *Bronevskii S.B.* Zapiski general-maiora Bronevskogo o kirgiz-kaisakakh Srednei Ordy [Notes of Major General Bronevskii on the Kirghiz-Kaisaks of the Middle Horde]. *Otechestvennye zapiski* [Fatherland Notes]. 1829–1830. № 119 (March). № 122 (June). № 123 (July). № 124 (August). [In Russian]
- Valikhanov, 2005 – *Valikhanov Ch.Ch.* Etnograficheskoe nasledie kazakhov. Sbornik rabot [The Ethnographic Heritage of the Kazakhs. Collection of Works]. Eds. E.M. Aryn, N.E. Kuzembaev. Pavlodar: Pavlodar State University, 2005. 290 p. [In Russian]
- Gaisina, 2012 – *Gaisina L.R.* Etnicheskii sostav naseleniia «novykh chastei» gorodov Russkogo Turkestana [Ethnic Composition of the Population of the “New Parts” of the Cities of Russian Turkestan]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta* [Bulletin of Tomsk State University]. 2012. № 354 (January). Pp. 71–73. [In Russian]
- Galkin-Vraskoi, 1868 – *Galkin-Vraskoi M.N.* Etnograficheskie i istoricheskie materialy po Srednei Azii i Orenburgskomu kraiu [Ethnographic and Historical Materials on Central Asia and the Orenburg Region]. St. Petersburg, 1868. 336 p. [In Russian]
- Galuzo, 1965 – *Galuzo P.G.* Agrarnye otnosheniia na iuge Kazakhstana v 1867–1914 gg. [Agrarian Relations in Southern Kazakhstan in 1867–1914]. Almaty: Nauka, 1965. 347 p. [In Russian]
- Gumilev, 1989 – *Gumilev L.N.* Drevniaia Rus' i Velikaia Step' [Ancient Rus and the Great Steppe]. Moscow, 1989. [In Russian]
- Divae, 1904 – *Divae A.* Iz oblasti kirgizskogo skotovodcheskogo khoziaistva [From the Sphere of Kyrgyz Cattle Breeding]. *Turkestanskii vedomosti* [Turkestan Gazette]. 1904. № 102. [In Russian]
- Divae, 1910 – *Divae A.A.* Khoziaistvennyi byt kirgizskogo, sartovskogo i russkogo naseleniia iugo-vostochnoi chasti Chimkentskogo uezda Syr-Dar'inskoi oblasti. Dannye biudzhethnogo issledovaniia. Tom I [Economic Life of the Kyrgyz, Sart, and Russian Population of the Southeastern Part of the Chimkent Uezd of the Syr-Darya Province. Budget Study Data. Vol. I]. Tashkent, 1910. [In Russian]
- Dingel'shtedt, 1895 – *Dingel'shtedt N.A.* Opyt izucheniia irrigatsii Turkestanskogo kraia. Syrdar'inskaia oblast' [A Study of Irrigation in the Turkestan Region. Syr-Darya Province]. St. Petersburg, 1895. Vol. 2. Part 1. [In Russian]
- Dobrosmyslov, 1912 – *Dobrosmyslov A.* Goroda Syrdar'inskoi oblasti. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Chimkent [Cities of the Syr-Darya Province. Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata, Chimkent]. Tashkent: O.A. Portsev's Typo-lithography, 1912. 204 p. [In Russian]
- Dulatova, 1984 – *Dulatova D.I.* Istoriografiia dorevoliutsionnogo Kazakhstana (1861–1917 gg.) [Historiography of Pre-revolutionary Kazakhstan (1861–1917)]. Almaty, 1984. 273 p. [In Russian]
- Elshibaev, 2013 – *Elshibaev S.K.* Iuzhnyi Kazakhstan i Kokandskoe khanstvo v XVIII – seredine XIX vekov. Avtoreferat dissertatsii kandidata istoricheskikh nauk [Southern Kazakhstan and the Kokand Khanate in the 18th – Mid-19th Centuries. Abstract of Candidate Dissertation in History]. Dushanbe, 2013. 27 p. [In Russian]
- Yerzhanov, 1999 – *Yerzhanov M.E.* Razvitie etnokul'turnogo obrazovaniia v Kazakhstane: teoreticheskie osnovy i praktika. Dissertatsiia doktora pedagogicheskikh nauk [Development of Ethnocultural Education in Kazakhstan: Theoretical Foundations and Practice. Doctoral Dissertation in Pedagogy]. Moscow, 1999. 429 p. [In Russian]
- Erofeeva, 1990 – *Erofeeva I.V.* Prisoedinenie Kazakhstana k Rossii kak istoriograficheskaiia problema. Istoriicheskaiia nauka Sovetskogo Kazakhstana (1917–1969 gg.) [The Incorporation of Kazakhstan into Russia as a Historiographical Problem. Historical Science of Soviet Kazakhstan (1917–1969)]. In: *Ocherki stanovleniia i razvitiia* [Essays on Formation and Development]. Almaty, 1990. [In Russian]

- Zakirova, 2023 – *Zakirova M.Kh.* Turkestanskii otdel Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva: sozdanie, struktura, deiatel'nost'. Konets XIX – nachalo XX v. Avtoreferat dissertatsii kandidata istoricheskikh nauk [The Turkestan Department of the Imperial Russian Geographical Society: Establishment, Structure, Activities. Late 19th – Early 20th Century. Abstract of Candidate Dissertation in History]. Moscow, 2023. 30 p. [In Russian]
- Zdzenitskii, 1915 – *Zdzenitskii S.* Zhivotnovodstvo v Syrdar'inskoi oblasti [Animal Husbandry in the Syr-Darya Province]. Tashkent, 1915. [In Russian]
- Kabul'dinov, 2007 – *Kabul'dinov Z.E.* Narod Kazakhstana [The People of Kazakhstan]. Almaty: 2007. 200 p. [In Russian]
- Kaufman, 1903 – *Kaufman A.A.* K voprosu o russkoi kolonizatsii Turkestanskogo kraia [On the Issue of Russian Colonization of the Turkestan Region]. St. Petersburg: Tipografiia V.F. Kirshbauma, 1903. 205 p. [In Russian]
- Kaufman, 1910 – *Kaufman A.* Kaufmanskii sbornik, izdannii v pamiat' 25 let, istekshikh so dnia smerti pokoritelia i ustroitelia Turkestanskogo kraia general-ad'iutanta A.A. fon-Kaufmana I-go [The Kaufman Collection Published in Memory of 25 Years Since the Death of the Conqueror and Organizer of the Turkestan Region, General-Adjutant A.A. von Kaufman I]. Moscow, 1910. [In Russian]
- Kilevein, 1861 – *Kilevein E.Ia.* Otryvok iz puteshestviia v Khivu i nekotorye podrobnosti o khanstve vo vremia pravleniia Seid-Mokhamed khana, 1856–1860 [Fragment from a Journey to Khiva and Some Details about the Khanate during the Reign of Seid-Mohammed Khan, 1856–1860]. *Zapiski Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshchestva* [Notes of the Imperial Russian Geographical Society]. St. Petersburg, 1861. [In Russian]
- Krasnobaeva, 2004 – *Krasnobaeva N.L.* O formirovanii naseleniia Kazakhstana v kontse XIX – pervoi chetverti XX veka. Dissertatsiia kandidata istoricheskikh nauk [On the Formation of the Population of Kazakhstan in the Late 19th – First Quarter of the 20th Century. Candidate Dissertation in History]. Barnaul, 2004. 233 p. [In Russian]
- Krasnov, 1887 – *Krasnov A.P.* Ocherki byta semirechenskikh kirgiz [Essays on the Life of the Semirechensk Kirgyz]. *Izvestiia RGO* [Proceedings of the Russian Geographical Society], Vol. 23. St. Petersburg, 1887. [In Russian]
- Krasniakov, 2019 – *Krasniakov N.I.* Sistema natsional'no-regional'nogo upravleniia v Rossiiskoi imperii (vtoraia polovina XVII – nachalo XX veka), voenno-kazachei kolonizatsii, pereseleniia krest'ian, peremeshcheniia iz Vostochnogo Turkestana etnicheskikh grupp. Dissertatsiia doktora iuridicheskikh nauk [The System of National-Regional Governance in the Russian Empire (Second Half of the 17th – Early 20th Century), Military-Cossack Colonization, Peasant Resettlement, and Migration of Ethnic Groups from Eastern Turkestan. Doctoral Dissertation in Law]. Novosibirsk, 2019. 517 p. [In Russian]
- Kun, 1876 – *Kun A.L.* Vakufy [Waqfs]. *Turkestanskii gubernskie vedomosti* [Turkestan Provincial Gazette], 1872. № 21; Ocherk Kokandskogo khanstva [Essay on the Kokand Khanate]. St. Petersburg, 1876. *Izvestiia Russkogo geograficheskogo obshchestva* [Proceedings of the Russian Geographical Society]. 1876. № 1. [In Russian]
- Lavrov, 1914 – *Lavrov M.* Turkestan. Geografiia i istoriia kraia [Turkestan. Geography and History of the Region]. Moscow: Izdanie Torgovogo doma Dumnov Klochkov, Lukovnikov i K., 1914. 198 p. [In Russian]
- Lerkh, 1870 – *Lerkh P.* Arkheologicheskaia poezdka v Turkestanskii krai v 1867. Otchet o poezdke v Turkestanskii krai [Archaeological Journey to the Turkestan Region in 1867. Report on the Trip to the Turkestan Region]. St. Petersburg, 1870. 39 p. [In Russian]
- Maev, 1872 – *Maev N.A.* Materialy dlia statistiki Turkestanskogo kraia. Pod obshechei redaktsiei. Vyp. I–II [Materials for the Statistics of the Turkestan Region. Under General Editorship. Issues I–II]. St. Petersburg, 1872. 356 p. [In Russian]
- Makishev, 1871 – *Makishev A.I.* Geograficheskoe, etnograficheskoe i statisticheskie materialy o Turkestanskom krae [Geographical, Ethnographic and Statistical Materials on the Turkestan Region]. *Zapiski Russkogo geograficheskogo obshchestva po otdeleniiu statistiki* [Proceedings of the Russian Geographical Society, Department of Statistics]. Vol. II. 1871. [In Russian]
- Menkovskii et al., 2023 – *Menkovskii V.I. et al.* Tsentral'naia Aziia v sisteme Novogo Shelkovogo puti: elektronnyi uchebno-metodicheskii kompleks dlia spetsial'nosti: 7-06-0222-04 «Regionovedenie». Profilizatsiia «Strany i regiony Novogo Shelkovogo puti» [Central Asia in the System of the New Silk Road: Electronic Educational-Methodological Complex for the Specialty: 7-06-0222-04 “Regional Studies.” Profilization “Countries and Regions of the New Silk Road”]. Minsk: Belarusian State University, 2023. 62 p. [In Russian]
- Murav'ev, 1822 – *Murav'ev N.* Puteshestvie v Turkmeniiu i Khivu v 1819 i 1820 godakh: Gvardeiskogo general'nogo shtaba kapitana Nikolaia Murav'eva, poslannogo v sii strany dlia peregovorov; S kartinkami, chertezhami i proch [Journey to Turkmenia and Khiva in 1819 and 1820: By Captain Nikolai Murav'ev of the Guards General Staff, Sent to These Lands for Negotiations; With Illustrations, Drawings, etc.]. Parts 1–2. Moscow: Tipografiia Avgusta Semenova, 1822. 182 p. [In Russian]
- Nalivkin, 1913 – *Nalivkin V.P.* Tuzemtsy ran'she i teper' [Natives Before and Now]. Tashkent: Turkestanskoe tovarishchestvo pechatnogo dela, 1913. [In Russian]
- Ostroumov, 1896 – *Ostroumov N.V.* Sarty. Etnograficheskie materialy [The Sarts. Ethnographic Materials]. 2nd ed. Tashkent, 1896. 272 p. [In Russian]
- Ostroumov, 1906 – *Ostroumov N.P.* Musul'manskii maktaby i russko-tuzemnye shkoly v Turkestanskom krae [Muslim Maktabas and Russian-Native Schools in the Turkestan Region]. *Zhurnal ministerstva narodnogo prosveshcheniia* [Journal of the Ministry of Public Education]. February 1906. Pp. 113–116. [In Russian]

- Pantusov, 1876 – Pantusov N.N. *Sbory i poshliny v byvshem Kokandskom khanstve* [Taxes and Duties in the Former Kokand Khanate]. *Turkestanские ведомости* [Turkestan Gazette]. 1876. No. 17. [In Russian]
- Radlov, 1880 – Radlov V.V. *Sredniaia Zaravshanskaia dolina* [The Middle Zarafshan Valley]. *Zapiski Russkogo geograficheskogo obshchestva* [Proceedings of the Russian Geographical Society]. Vol. VI. St. Petersburg, 1880. [In Russian]
- Romanovskii, 1868 – Romanovskii D.I. *Nashi dela v Turkestane. Zametki po sredneaziatskomu voprosu. S prilozheniiami i kartoii Turkestanского kraia* [Our Affairs in Turkestan. Notes on the Central Asian Question. With Appendices and a Map of the Turkestan Region]. *Vestnik Evropy* [Herald of Europe]. St. Petersburg, 1868. Pp. 770–808. [In Russian]
- Rumiantsev, 1910 – Rumiantsev P.P. *Kirgizskii narod v proshlom i nastoiashchem. Pereselencheskoe upravlenie glavnogo upravleniia zemleustroistva i zemledeliia* [The Kirghiz People in the Past and Present. Resettlement Department of the Main Directorate of Land Management and Agriculture]. St. Petersburg, 1910. 65 p. [In Russian]
- Severtsov, 1873 – Severtsov N.A. *Puteshestvie po Turkestanскому kraiu i issledovanie gornoj strany Tian'-Shan'* [Journey through the Turkestan Region and Study of the Mountainous Country of the Tian Shan]. St. Petersburg, 1873. 473 p. [In Russian]
- Semenov, 1903 – Semenov P.P. *Polnoe geograficheskoe opisanie nashego Otechestva. Nastol'naia i dorozhnaia kniga dlia russkikh liudei. Pod red. P.P. Semenova. Kirgizskii kraj. T. XVIII* [Complete Geographical Description of Our Fatherland. A Desk and Road Book for the Russian People. Edited by P.P. Semenov. The Kirghiz Region. Vol. XVIII]. St. Petersburg, 1903. Pp. 198–199. [In Russian]
- Smirnov, 1887 – Smirnov E. *Obzor Syrdar'inskoi oblasti* [Review of the Syr-Darya Region]. St. Petersburg, 1887. [In Russian]
- Smirnov, 1887 – Smirnov E. *Obzor Syrdar'inskoi oblasti. Syrdar'inskaia oblast'. Opisanie sostavlennoe po ofitsial'nym istochnikam* [Review of the Syr-Darya Region. Syr-Darya Region. Description Compiled from Official Sources]. St. Petersburg: Tipografiia M. Stasiulevicha, 1887. 356 p. [In Russian]
- Sobolev, 2015 – Sobolev V.G. *Russko-tuzemnye shkoly Turkestana: v poiskakh «obrusitel'noi politiki»* [Russian-Native Schools of Turkestan: In Search of a “Russification Policy”] // *Klio* [Clio]. 2015. No. 2 (98). Pp. 87–103. [In Russian]
- Sugirbaeva, 2000 – Sugirbaeva G.D. *Uzbekskoe naselenie Kazakhstana v 20–30-e gody XX veka: problemy istorii i kul'tury. Avtoref. diss. ... kand. ist. n.* [The Uzbek Population of Kazakhstan in the 1920s–1930s: Problems of History and Culture. Author's Abstract of the PhD Thesis in History]. Almaty, 2000. 30 p. [In Russian]
- Tishkov, 1990 – Tishkov V.A. *Sotsial'noe i natsional'noe v istoriko-antropologicheskoi perspektive* [The Social and the National in a Historical-Anthropological Perspective] // *Voprosy filosofii* [Questions of Philosophy]. Moscow, 1990. No. 12. [In Russian]
- Trizna, 1911 – Trizna B. *Neskol'ko dannykh k estestvenno-istoricheskoi i ekonomicheskoi kharakteristike Turkestanского uchastka Chimkentskogo uezda Syr-Dar'inskoi oblasti* [Some Data on the Natural-Historical and Economic Characteristics of the Turkestan Section of the Chimkent District of the Syr-Darya Region]. Tashkent: Tipografiia pri kantseliarii Turkestanского general-gubernatorstva, 1911. 23 p. [In Russian]
- Khaitov, 2021 – Khaitov Sh.A., Tuv F.E. *Dannye perepisi naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 goda, iavliaiushchiesia istochnikom izucheniia naseleniia, sotsial'nogo ustroistva i zaniatii Turkestana* [The Data of the 1897 Russian Empire Census as a Source for Studying the Population, Social Structure, and Occupations of Turkestan]. *Aktual'nye issledovaniia* [Topical Research]. 2021. No. 24 (51), June. Pp. 1–5. [In Russian]
- Khomutov, 1888 – Khomutov P. *Po povodu «Obzora» Aver'ianova* [On Averianov's “Review”]. *Trudy Syr-Dar'inskogo oblastnogo statisticheskogo komiteta v 1887–1888 gg.* [Proceedings of the Syr-Darya Regional Statistical Committee in 1887–1888]. Tashkent, 1888. [In Russian]
- Chermak, 1900 – Chermak L. *Osedlye kirgizy-zemledel'tsy na r. Chu* [Settled Kirghiz Farmers on the Chu River]. *Zapiski zapadnosibirskogo otdela RGO* [Proceedings of the West Siberian Department of the Russian Geographical Society]. Book 27. Omsk, 1900. [In Russian]
- Shakhnazarov, 1908 – Shakhnazarov A. *Ocherk sel'skogo khoziaistva Turkestanского kraia* [Essay on Agriculture in the Turkestan Region]. St. Petersburg, 1898; idem. *Sel'skoe khoziaistvo Turkestanского kraia* [Agriculture of the Turkestan Region]. St. Petersburg, 1908. [In Russian]
- Iudina, 2014 – Iudina N.P. *Modelirovanie v istoriko-pedagogicheskom issledovanii. Metodologiya pedagogiki: poniatiinyi aspekt. Vyp. I* [Modeling in Historical-Pedagogical Research. Methodology of Pedagogy: Conceptual Aspect. Issue I]. Moscow, 2014. 210 p. Pp. 60–71. [In Russian]
- Iuzhakov, 1867 – Iuzhakov Iu. *Nashi priobreteniiia v Srednei Azii. T. I. Uratiube i ego okrug* [Our Acquisitions in Central Asia. Vol. I. Ura-Tiube and Its District]. *Otechestvennye zapiski. Turkestan'skii sbornik* [Notes of the Fatherland. Turkestan Collection]. Vol. 471. No. 7. St. Petersburg, 1867. Pp. 584–600. [In Russian]



Published in the Kazakhstan
Otan tarihy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 3. Pp. 965-981
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/MPHTI / IRSTI 03.41.01

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_965-981

«РАДЛОВ АЛЬБОМЫНДАҒЫ» ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРІНІСІ: МУЗЕЙЛІК АТРИБУЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Эльмира Серікбайқызы Абдукамалова^{1*}, Ақмарал Ғосманқызы Ибраева², Пердехан Бекмағанбетұлы Мұсырманкүл³

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
(Қазақстан Республикасы, Астана 010000, Тәуелсіздік даңғылы 54)
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
<https://orcid.org/0000-0002-3534-9080>. E-mail: AbdukamalovaE@mail.ru
Автор-корреспондент

²Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
(Қазақстан Республикасы, Астана 010000, Тәуелсіздік даңғылы 54)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
<https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>. E-mail: Akmaral1971@mail.ru

³Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
(Қазақстан Республикасы, Астана 010000, Тәуелсіздік даңғылы 54)
Гуманитарлық ғылымдар магистрі
<https://orcid.org/0000-0003-4683-4855>. E-mail: pmusilmankul@bk.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Абдукамалова Э.С., Ибраева А.Ғ., Мұсырманкүл П.Б., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* В.В. Радлов есімі Алтай, Сібір және Орталық Азия өңірлерінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу ісімен тікелей байланысты. Зерттеуші 1861 жылы Алтайға жасаған сапары барысында жүргізген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған бұйымдардың бейнелері мен сызбаларын қағаз бетіне түсіріп, оларды «Original Skizzen einiger Gegenden in Hoch-Asien. Aufgenommen von Dr. W. Radloff auf seiner Reise durch den Altai. 1861» («Радлов альбомы») атты альбомға топтастырды. Бұл еңбек «Радлов альбомы» деген атаумен де белгілі. Ғалым бұл альбомды өмірінің соңына дейін толықтырып отырды, алайда альбом бүгінгі күнге дейін баспа бетінде жарияланған емес. *Мақсаты мен міндеті.* Зерттеу жұмысының басты мақсаты – «Радлов альбомына» қатысты материалдарды ғылыми айналымға енгізу. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: альбомдағы қазақ мәдениетіне тән бейнелерді тарихи-археологиялық деректермен салыстыра отырып, ғылыми тұрғыда атрибуциялау және олардың заманауи музейлік кеңістікте қолдану мүмкіндіктерін анықтау. *Нәтиже.* Зерттеу барысында сипаттамалық әдіс, семиотикалық талдау, атрибуция тәсілі және визуалды деректерді интерпретациялау әдістері арқылы альбом парақтарындағы бірқатар бейнелер (археологиялық қазба ескерткіштері, қару-жарақтар, тұрмыстық заттар) атрибуциялық өлшемдер негізінде талданып, олардың аттрактивтілік, экспрессивтілік, ақпараттылық, репрезентативтілік, ассоциативтілік және коммуникативтілік сипаттары айқындалды.

Сонымен қатар, бейнелердің белгілі бір тарихи-мәдени кеңістіктегі символдық мағыналары нақтыланып, оларды музейлік мәдени мұра ретінде ұсыну жолдары көрсетілді. *Қорытынды.* «Радлов альбомындағы» жекелеген бейнелер қазақтың тарихы мен мәдениетінің, тұрмысы мен дүнетанымының айшықты көріністері бола алады. Альбомды кеңінен қарастыра отырып, болашақ зерттеулерге, музей ісіне бейімдеу қажеттігі, сондай-ақ ғылыми атрибуция нәтижесінде альбомдағы бейнелерді музейлік экспозициялық материал ретінде қолдану мүмкіндігі айқындалды.

Түйін сөздер: Радлов альбомы, археологиялық қазбалар, обалар, қоршаулар, альбом парақтары, бейнелер, қола дәуірі, сақ кезеңі, Шығыс Қазақстан, Қазақ Алтайы, сызбалар, жазбалар, музей, атрибуция, аттрактивтілік, ақпараттылық, репрезентативтілік, ассоциативтілік, коммуникативтілік, семиотика, мәденигенез

Алғыс. Мақала ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Дөңгеленген дүние: қазақ дала өркениетінің мәдени коды» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR22082508).

Дәйексөз үшін: Абдукамалова Э.С., Ибраева А.Г., Мұсырманқұл П.Б. «Радлов альбомындағы қазақ мәдениетінің көрінісі: музейлік атрибуция мәселелері // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. 965-981-бб. [Қазақ.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_965-981

ОТРАЖЕНИЕ КАЗАХСКОЙ КУЛЬТУРЫ В «АЛЬБОМЕ РАДЛОВА»: ВОПРОСЫ МУЗЕЙНОЙ АТРИБУЦИИ

Эльмира Серикбаевна Абдукамалова^{1*}, Ақмарал Ғосманқызы Ибраева², Пердехан Бекмаганбетұлы Мұсырманқұл³

¹Национальный музей Республики Казахстан (Республика Казахстан, 010000 Астана, проспект Тәуелсіздік 54)

Кандидат филологических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0002-3534-9080>. E-mail: AbdukamalovaE@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Национальный музей Республики Казахстан (Республика Казахстан, 010000 Астана, проспект Тәуелсіздік 54)

Доктор исторических наук, профессор

<https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>. E-mail: Akmaral1971@mail.ru

³Национальный музей Республики Казахстан (Республика Казахстан, 010000 Астана, проспект Тәуелсіздік 54)

Магистр гуманитарных наук

<https://orcid.org/0000-0003-4683-4855>. E-mail: pmusilmankul@bk.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Абдукамалова Э.С., Ибраева А.Г., Мұсырманқұл П.Б., 2025

Аннотация. *Введение.* Имя В.В. Радлова непосредственно связано с исследованием историко-культурного наследия Алтая, Сибири и Центральной Азии. В ходе археологической экспедиции в Алтай в 1861 году учёный задокументировал изображения и чертежи артефактов, найденных при раскопках, и собрал их в альбом под названием «Original Skizzen einiger Gegenden in Hoch-Asien. Aufgenommen von Dr.W. Radloff auf seiner Reise durch den Altai. 1861» (известный как «Альбом Радлова»). Радлов дополнял этот альбом вплоть до конца своей жизни, однако издание альбома до настоящего времени не было осуществлено. *Цель и задачи.* Целью настоящего исследования является введение в научный оборот материалов «Альбома Радлова», относящихся к казахской культуре. Для достижения этой цели были поставлены следующие задачи: осуществить научную атрибуцию изображений, отражающих особенности казахской культуры, посредством их сопоставления с историко-археологическими данными, а также определить возможности их использования в современном музейном пространстве. *Результат.* В ходе исследования с применением описательного метода, семиотического анализа, метода атрибуции и интерпретации визуальных данных были проанализированы ряд изображений на страницах альбома (археологические

памятники, вооружение, предметы быта) на основе атрибутивных критериев. В результате были выявлены их характеристики аттрактивности, экспрессивности, информативности, репрезентативности, ассоциативности и коммуникативности. Кроме того, были уточнены символические значения изображений в определённом историко-культурном контексте и обозначены подходы к их представлению в качестве музейного культурного наследия. *Заключение.* Отдельные изображения из «Альбома Радлова» представляют собой наглядные свидетельства истории, культуры, быта и мировоззрения казахского народа. Проведённый анализ альбома показал необходимость его дальнейшего изучения и адаптации для музейной деятельности. Результаты научной атрибуции подтверждают возможность использования изображений альбома в качестве музейных экспонатов.

Ключевые слова: Альбом Радлова, археологические раскопки, курганы, ограды, страницы альбома, изображения, бронзовый век, сакский период, Восточный Казахстан, Казахский Алтай, зарисовки, записи, музей, атрибуция, аттрактивность, информативность, репрезентативность, ассоциативность, коммуникативность, семиотика, культурогенез

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта программно-целевого финансирования Министерства культуры и информации РК на тему: «Жизнь в движении: культурный код казахской степной цивилизации» (индивидуальный регистрационный номер: BR22082508).

Для цитирования: Абдукамалова Э.С., Ибраева А.Г., Мусырманкул П.Б. Отражение казахской культуры в «Альбоме Радлова»: вопросы музейной атрибуции // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 3. С. 965-981. [на каз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_965-981

REFLECTION OF KAZAKH CULTURE IN “RADLOV'S ALBUM”: ISSUES OF MUSEUM ATTRIBUTION

Elmira S. Abdukamalova^{1*}, Akmaral G. Ibraeva², Perdekhan B. Mussyrmankul³

¹National museum of the Republic of Kazakhstan (54, Tauelsizdik ave., Astana, Republic of Kazakhstan)
candidate of philological sciences, associate professor
<https://orcid.org/0000-0002-3534-9080>. E-mail: AbdukamalovaE@mail.ru

*Corresponding author

²National Museum of the Republic of Kazakhstan (54, Tauelsizdik ave., Astana, Republic of Kazakhstan)
doctor of historical sciences, professor
<https://orcid.org/0000-0002-7556-7779>. E-mail: Akmaral1971@mail.ru

³National Museum of the Republic of Kazakhstan (54, Tauelsizdik ave., Astana, Republic of Kazakhstan)
master of humanities
<https://orcid.org/0000-0003-4683-4855>. E-mail: pmusilmankul@bk.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Abdukamalova E.S., Ibraeva A.G., Mussyrmankul P.B., 2025

Abstract. Introduction. The name of V.V. Radloff is directly associated with the study of the historical and cultural heritage of Altai, Siberia and Central Asia. During an archaeological expedition to Altai in 1861, the scholar documented images and sketches of artifacts uncovered during excavations, compiling them into an album entitled “Original Skizzen einiger Gegenden in Hoch-Asien. Aufgenommen von Dr. W. Radloff auf seiner Reise durch den Altai. 1861” (known as the “Radloff’s Album”). Radloff continued to supplement the album till the end of his life; however, it has never been formally published. *Objectives and tasks.* The aim of this study is to introduce into scholarly circulation the materials from the “Radloff’s Album” relevant to Kazakh culture. To achieve that goal, the following objectives were set: to carry out the academic attribution of images reflecting features of Kazakh culture comparing them with historical and archaeological data, and to explore the possibilities of utilizing these materials within the context of contemporary museum spaces. *Results.* Through the application of descriptive methods, semiotic analysis and methods of attribution and interpretation of visual data, a number of images in the album (including archaeological sites, weaponry and household items) were analyzed according to attributional criteria. As a result, their characteristics in terms

of attractiveness, expressiveness, informativeness, representativeness, associativity and communicability were identified. In addition, the symbolic meanings of these images within a specific historical and cultural context were clarified and approaches to presenting them as part of museum heritage were outlined. *Conclusion.* Certain images from the “Radloff Album” serve as vivid testimonies to the history, culture, daily life and worldview of the Kazakh people. The analysis of the album underscores the need for its further study and adaptation for museum use. The results of the scholarly attribution confirm the possibility of employing the album’s images as museum exhibits.

Keywords: Radloff’s album, archaeological excavations, burial mounds, fortifications, album pages, images, Bronze Age, Saka period, East Kazakhstan, Kazakh Altai, sketches, inscriptions, museum, attribution, attractiveness, informativeness, representativeness, associativity, communicability, semiotics, cultural genesis

Acknowledgement: The article was prepared within the framework of the implementation of the scientific project of program-targeted financing of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan on the theme: “Life in Motion: Cultural Code of Kazakh Steppe Civilisation” (individual registration number: BR22082508).

For citation: Abdukamalova E.S., Ibraeva A.G., Mussyrmankul P.B. Reflection of Kazakh culture in “Radlov’s album”: issues of museum attribution Turks // *Otan tarihy*. 2025. Vol. 28. № 3. Pp. 965-981. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_3_965-981

Қысқашы. Қазақ халқының мәдени-рухани мұрасын зерттеуде XIX ғасырдағы еуропалық және орыс ориенталистерінің еңбегі айрықша орын алады. Солардың ішінде ғалым, түрколог, археолог, этнограф Василий Васильевич Радловтың (1837–1918) ғылыми мұрасы қазақ мәдениеті мен тарихын зерделеуде ерекше мәнге ие. Ол Орталық Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың тіліне, тұрмыс-салтына, діни нанымдары мен фольклорына терең үңіліп, еуропалық ғылыми қауымдастыққа алғашқылардың бірі болып мол мәлімет ұсынды. Ғалымның қалдырған бай мұрасының ішінде тілтаным, фольклортану, археология және этнография салаларына қатысты еңбектері де мол. В.В. Радлов түркі халықтарын тарихи, тілдік, мәдени тұрғыдан жан-жақты зерттеуге арналған «Сибирские древности», «Атлас древностей Монголии», «К вопросу об уйгурах», «Из Сибири», «Опыт словаря тюркских наречий», «Образцы народной литературы тюркских племен» және тағы басқа көптеген еңбектері арқылы түркітанудың негізін қалаушылардың бірі болды.

Осы мақаланың тірек негізі ретінде алынған ерекше еңбек – «Original Skizzen einiger Gegenden in Hoch-Asien. Aufgenommen von Dr. W. Radloff auf seine Reise durch den Altai. 1861» атты суретті альбом. «Радлов альбомы» деген атаумен белгілі бұл еңбек – ғалымның 1861 жылғы Алтай сапары кезінде қағаз бетіне түсірген археологиялық және этнографиялық бейнелер жинағы.

«Радлов альбомы» – жай ғана суреттер жинағы емес, бұл – XIX ғасырдағы қазақтардың өмір салты, киім үлгілері, тұрмыстық заттары мен дәстүрлі ғұрыптарының көрінісі. Осы альбомда бейнеленген деректер бүгінгі таңда музейлік реконструкция мен атрибуция тұрғысынан зерттеуге лайық бірегей материалдар болып табылады.

Радловтың ғылыми еңбектеріне баға берген зерттеушілердің бірі С.И. Вайнштейн оның археологиялық қазба жұмыстарының материалдары бойынша тамаша суреттер атласын дайындағанын, кейіннен бұл суреттер атласының «Сібірдің ежелгі мұралары» («Сибирские древности») атауымен шыққан еңбекте көрініс тапқандығын атап өтеді [Резван, 2016: 672].

Материалдар мен әдістер. «Радлов альбомындағы» бейнелерді зерттеу барысында сипаттау, талдау әдістері, атрибуциялау және визуалды деректерді интерпретациялау тәсілдері негізге алынды. Музейлік атрибуция тәсілі бойынша әрбір бейненің атауы, жасалған материалы, қолдану мақсаты, символдық мәні анықталды.

Зерттеудің теориялық іргетасы семиотикалық модельге сүйенеді. Бұл модель бойынша кез келген этнографиялық зат немесе бейне белгілі бір мағына беретін таңба ретінде қарастырылады. Музейлік контексте бұл таңбалар денотат, десигнат және референттік деңгейлерде мән-мағынаға ие болады. Осы тұрғыдан алғанда, «Радлов альбомындағы» заттар визуалды таңбалар ретінде танылып, олардың мәдени кодтарын анықтауға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, визуалды деректерді музейлік атрибуциялау тәсілі арқылы зерделеу қарастырылды. Бұл тәсіл XIX ғасырдағы қазақ мәдениетінің бейнелік, материалдық болмыстарын қайта жаңғыртуға септігін тигізеді.

Мақаланың жазылуына негіз болған материал – Ресей Ғылым академиясы Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейінің (Кунсткамера) Халықаралық ислам зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы Ефим Анатольевич Резванның «Санкт-Петербургтегі

Кунсткамера коллекцияларындағы Радловтың археологиялық альбомы» атты мақаласы (*Rezvan E. "Radloff's Archaeological Album from the Kunstkamera Collection in St. Petersburg", Manuscripta Orientalia, № 30/2, 2024*) болды. Сондай-ақ Е.А. Резванның «Түркістан. Мой мир ислама» атты кітабынан да альбомға қатысты маңызды мәліметтер алынды. Бұл еңбекте Радловтың археологиялық экспедициялары, альбомның жасалу тарихы, оны баспаға дайындау және жариялау мәселелері кеңінен қозғалған.

Осы тақырып төңірегіндегі маңызды зерттеулер қатарына Д.Н. Лев, Г.Г. Король және О.С. Емелинаның еңбектерін жатқызуға болады. Тас және қола дәуірі ескерткіштері бойынша зерттеуші Д.Н. Лев – В.В. Радловтың аталған альбомын алғаш болып ғылыми айналымға енгізген ғалым. 1935 жылы Д.Н. Лев альбомның тек үш парағына ғана сипаттама берген. Негізінен, альбом Ресей Ғылым академиясының Антропология және этнография музейіне (Кунсткамера) 1918 жылы тапсырылған.


Ресей Ғылым академиясы Археология институтының зерттеушісі Г.Г. Король «Искусство средневековых кочевников Евразии» атты монографиясында альбомның сегіз парағындағы бейнелерге талдау жасаған. Ал Ресей Ғылым академиясы Антропология және этнография музейінің Археология бөлімінің жетекші қор сақтаушысы О.С. Емелина 2025 жылғы «Радлов оқулары» атты ғылыми конференцияда «Атрибуция альбома В.В. Радлова: подход к проблеме, результаты» атты тақырыпта баяндама жасады. Бұл баяндамада ғалым Радлов альбомын атрибуциялау мәселесіне қатысты әдістемелік тәсілдер мен қол жеткізілген нәтижелерді саралаған.

Сонымен қатар мақалада В.В. Радловтың археологиялық экспедициялары нәтижесінде Ресейдегі Императорлық археологиялық комиссияға жолдаған есептері бойынша материалдар пайдаланылды. Бұл комиссияның XIX–XX ғасырдың басындағы Ресейдегі археология ғылымының қалыптасуына елеулі үлес қосқан алғашқы мемлекеттік құрылым болғаны белгілі.

Альбомдағы бейнелерді сипаттау барысында В.В. Радловтың өз авторлығымен жарық көрген «Сибирские древности», «Из Сибири» сынды еңбектеріне сүйендік. Сондай-ақ «Радлов альбомындағы» бейнелерді музейлік атрибуциялау және ғылыми сипаттау барысында отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері де кеңінен пайдаланылды.

Талқылау. В.В. Радловтың ғылыми мұрасы сан қырлы және ауқымды. Ол – кітаптар мен мақалалар авторы, ғылыми экспедицияларды ұйымдастырушы, музейлік коллекциялар мен экспозициялардың негізін қалаушы, сондай-ақ халықаралық ғылыми мектептер жүйесін қалыптастырған көрнекті ғалым. В.В. Радлов есімінсіз Алтай, Сібір және Орталық Азияны зерттеу тарихын толық көзге елестету мүмкін емес. Алайда, өкінішке орай, ғалымға тиесілі барлық материалдар әлі күнге дейін ғылыми айналымға толық енгізілмеген. Осындай аз зерттелген еңбектердің бірі – ірі форматты (46 × 33 см) «*Original Skizzen einiger Gegenden in Hoch-Asien. Aufgenommen von Dr. W. Radloff auf seine Reise durch den Altai. 1861*» («Радлов альбомы») атты альбом (1-сур).

Альбом жекелеген жапсырылған және акварельмен салынған парақтардан құралған. Жалпы саны 75 парақтан тұратын бұл альбомда ғалым жүргізген археологиялық қазбалар мен олжалардың суреттері, сондай-ақ қазба жұмыстарының сызбалық жоспарлары қамтылған. В.В. Радлов бұл материалдарды өзінің өмірінің соңына дейін толықтырып, өңдеп отырған [Резван, 2024: 70].



Сур. 1. «Радлов альбомы» мұқабасы. 1861. 1861-1918. [РГА АЭМ (Кунсткамера). № 5041]

XIX ғасырдың 60-жылдары В.В. Радловтың Алтай, Сібір және Орталық Азияда жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде жасалған альбомындағы сызбалар, акварельдер және жазбалар – XIX ғасырдағы археологиялық зерттеулердің түпнұсқа дәлелдері. Қазіргі таңда ғалымдар

бұл альбомды ғылыми айналымға енгізуді маңызды деп есептейді, себебі ол әлі толық зерттелмеген және көптеген жаңа ашылымдарға жол ашуы мүмкін.

Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейінің ғалымдары біраз жылдар бойы Радловтың аталған альбомын зерттеумен айналысып келеді. Мәселен, Е.А. Резван «Санкт-Петербургтегі Кунсткамера коллекциясындағы Радловтың археологиялық альбомы» (*Rezvan E. Radloff's Archaeological Album from the Kunstkamera Collection in St. Petersburg.*) атты көлемді мақаласында оны мұқият зерттеу қажеттігін және жариялауға әбден лайық еңбек екендігін айта отырып, альбомдағы бейнелерді атрибуциялаудың маңыздылығын және оның қазіргі уақытта Ресей мен Қазақстанның әртүрлі ғылыми орталықтарында жұмыс істейтін зерттеушілердің бірлескен ұжымы арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін екендігін алға тарта отырып, альбом парақтарындағы бірнеше бейнені талдайды [Резван, 2024].

Альбомның IX кесте деп көрсетілген парағының жоғарғы жағында Радловтың өз қолымен жазылған мынадай жазулар бар: «p. 701. *Curtujack statua muliebris Kirgiso-Mongolica in Oës-Toë et Abacan-Fluviorum campestribus; Berlin (?) d(en) 18 Aug(ustus) 1722*» (2-сур.). Мәтіннің латынша-немісше элементтерін ескере отырып, қазақ тіліне шамамен былайша аударуға тырыстық: «*Oës-Toë(?) және Абакан өзендерінің жазығындағы Куртужак қырғыз-моңғол әйел мүсіні; Берлин, 18 тамыз 1722*». Мұндағы *Curtujack* ежелгі түркі мүсінінің атауы болуы мүмкін. О. Петрученконың «Латынша-орысша сөздігінде» «muliebris» сөзі «касающей женщины, принадлежащей женщине» (әйел адамға тән), «Fluviorum» сөзіне қатысты *flūvius* – «текущая вода, река» (өзен), *campestribus* деген сөздің *campester* тұлғасы «на равнине, на ровном поле» (жазық жерде) деп берілген [Петрученко, 1914: 401]; *Kirgiso-Mongolica* – қырғыз-моңғол (түркі-моңғол) этностарына қатысты болуы мүмкін; *in Oës-Toë et Abacan-Fluviorum campestribus* – Үйсін-Тө мен Абакан өзендерінің жазықтарында. *Berlin (?) d(en) 18 Aug(ustus) 1722* – 1722 жылдың 18 тамызында.

Е. Резванның пікірінше, бұл Д.Г. Мессершмидтің «Forschungsreise durch Sibirien 1720-1727» шығармасындағы иллюстрация болуы ықтимал. 1722 жылы ол қазіргі хакастардың ата-бабаларының Есь өзені бойындағы тас мүсіндерді үш рет атпен айналып өтіп, содан кейін олардың алдына құрбандық тағамын қойып, тағзым ететініне куә болған. Мессершмидтің бұл оқиғаны бейнелейтін эскиздерінде қола дәуірінің мүсіндері бейнеленген [Резван, 2024].




Сур. 2. «Радлов альбомы» парақтарының бірі. 46,0 × 33,0 см. Қарындаш, акварель. 1861 – 1918. [РГА АЭМ (Кунсткамера). № 5041-70]


Соңғы жылдары Антропология және этнография музейінің мамандары тарапынан көтерілген «Радлов альбомын» баспадан шығарып, ғылыми айналымға енгізу идеясы басқа да ғылыми мекемелердің зерттеушілерімен ортаға салынып, талқыланып келеді. Мәселен, 2012 жылы РГА Археология институтының зерттеушісі Г.Г. Король өзінің «Искусство средневековых кочевников Евразии» еңбегінің 10-қосымшасында Радлов альбомының 8 парағын, яғни ғалымның Алтайға жасаған сапарларынан алынған бейнелер берілген жеке кестелерді (VIII, XI, XIII, XVI, XXXIX, XL, XLI, XLII кестелер) көрсеткен (3-сур.) [Король, 2008: 332].



VIII кесте



XI кесте




XIII кесте




XVI кесте



XXXIX кесте



XL кесте



XLI кесте



XLII кесте

Сур. 3. Радлов альбомының 8 парағы (VIII, XI, XIII, XVI, XXXIX, XL, XLI, XLII кестелер)

Бұл кестелер жайлы Г.Г. Король өзінің кітабында былай деп жазады: «Қосымша ретінде (жеке заттар мен кейбір коллекциялардың сурет кестелерінен бөлек) Санкт-Петербургтегі Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейінде (Кунсткамера) сақталған В.В. Радловтың 1861 жылғы қолжазба альбомынан бірнеше кесте келтірілген. Бұл кестелерде XVIII және XIX ғасырларда табылған аз зерттелген заттар, соның ішінде біздің зерттеу нысанымыз болған I мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басындағы сәндік өнер үлгілері бейнеленген. Бұл материалдар құжатталмағанына қарамастан, құнды дереккөз болып табылады. Заттар Минусин өлкесі мен Алтайдан табылған коллекцияларды талдау барысында олардың арасындағы ұқсастықтарды анықтау үшін қолданылды» [Король, 2008: 332].

Зерттеуші Г.Г. Король жоғарыда берілген кестелердегі заттарды таштық мәдениетіне жақындата отырып, альбомдағы пышақ бейнелерін тағар мәдениеті стиліне жатқызады және ондай бейнелердің альбомда көп болғандығын, алайда олардың нақты қайдан шыққанын анықтау мүмкін еместігін жазған [Резван, 2024: 77].

«Радлов альбомы» жайлы зерттеуші Э.Б. Вадецкая: «Альбомдағы «этнографиялық» заттар музей қорларында кездескен емес. Альбомды жариялау – тамаша идея! Көптеген заттарды нақты ескерткіштермен байланыстыру қиын болса да, мұндай дереккөзді археологтардың білуі өте маңызды» десе, оның ойын РҒА Археология институтының зерттеушісі Е.А. Миклашевич қолдайды: «Бұл керемет альбом, онда өте көп қызықты материалдар бар. Егер Антропология және этнография музейі оны жариялайтын болса, бұл көптеген сібірлік археологтар үшін үлкен қуаныш әрі шынайы сенсация болар еді. Іс жүзінде бұл альбомды көпшілік әлі білмейді. Минусин ойпаты археологиясына қатысты біздің әдебиеттерде ол туралы ешқандай мәліметтер жоқ» [Резван, 2016: 328].

РҒА Антропология және этнография музейінің Археология бөлімінің қызметкері С.В. Бельский РҒА Материалдық мәдениет тарихы институтының архивінде көптеген қызықты құжаттар бар екенін анықтап, олардың ішінде коллекциялар мен коллекция жинаушылар туралы қолтаңбалары бар акварельдердің де сақталғандығын анықтады. Бұл материалдар Антропология және этнография музейінде сақтаулы тұрған аталмыш альбом бейнелерімен сәйкес келеді.

2021 жылы Антропология және этнография музейі Археология бөлімінің қызметкерлері архивтік материалдарды сұрыптау кезінде жаңа деректердің табылғанын және бұл материалдарды В.В. Радловтың мұрасына жатқызуға болатынын жазды [Ежегодная научная конференция, 2022: 61]. Сондай-ақ Радловтың Императорлық археологиялық комиссияға жолдаған есептерінде де маңызды мәліметтер мен суреттер қамтылған [Резван, 2016: 231].

Императорлық археологиялық комиссия – Ресейдегі алғашқы мемлекеттік археологиялық мекеме. Бұл комиссия Ресей археологиясының ғылым ретінде қалыптасуына, мәдени мұра нысандарын қалпына келтірудің теориясы мен тәжірибесінің дамуына, сондай-ақ XIX-XX ғасыр басындағы мәдени ескерткіштерді қорғау шараларының қалыптасуына маңызды үлес қосқан.

Албомның тарихы В.В. Радловтың археология саласындағы алғашқы дербес зерттеулерінен бастау алады. 1861 жылдың қыркүйегінде В.В. Радлов Барнаул маңында француз ғалымы доктор Г. Менье мен барон Л. де Эйхталь басқарған экспедиция жүргізген бірнеше обаларды қазу жұмыстарына қатысты. Қазба жұмыстары аяқталған соң, В.В. Радлов Императорлық археологиялық комиссияға табылған заттардың суреттерімен бірге зерттеу туралы қысқаша баяндама жолдады. Дәл осы кезеңде ол түркі халықтарының тарихын, этнографиясын, археологиясын және тіл білімін өзара байланыста зерттеу қажеттігіне көз жеткізіп, Алтайда кешенді зерттеу әдісін алғашқылардың бірі болып енгізді.

Археологиялық комиссиямен байланыс орнатқан В.В. Радлов 1862 жылдан бастап Құлынды даласындағы Боровой Форпост ауылына жақын жерде орналасқан екі ортағасырлық обаны, Ертістің сол жағалауындағы бір обаны, Терсакап пикетіне жақын екі обаны және Қарқара өзенінің аңғарындағы бір обаны зерттеді. В.В. Радлов қазақ Алтайы өлкесіндегі зерттеулерімен қоса, қазіргі Қазақстан Республикасының шекарасы маңындағы аймақтарда да зерттеулер жүргізді. Атап айтқанда, *Семей (бұрынғы Семипалатинск) маңындағы обалар, Қарқара өзенінің бойы, Алматы қаласының (бұрынғы Верный бекінісі) маңы, Қапал (бұрынғы Алматы облысындағы Ақсу ауылы) мен Аягөз арасындағы аңғарлар*.

Ғалымның қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары жайлы есептерінде мынадай жазбалар бар: «Қапал маңында зерттелген 22 обаның тек біреуі ғана «тоналмаған», ал қалғандарында шашырап жатқан адам сүйектері табылған. Бір баланың бейітінен төрт аяқты жануар пішініндегі алтын қапсырма табылып, оның киім әшекейі болғаны анықталған. Сергиополь маңындағы 14 обаның қазбалары олардың да бұрын тонауға ұшырағанын көрсетті. Тек екеуінен ғана

қарапайым әдіспен жасалған саз балшық ыдыстарының сынықтары табылған [Императорская археологическая комиссия, 2019: 835-836].

Радловтың қазақ жеріндегі келесі зерттеулері 1866 жылы қазіргі *Шығыс Қазақстан* даласында жүргізілді. Ол *Ертіс өзені, Сарыөзек көлі, Көкпекті* (қазіргі ШҚО, Көкпекті ауылы) маңындағы обаларды қазды [Резван, 2016]. Сонымен бірге В.В. Радлов Павлодар қаласы мен Семей өңірінде бірнеше шағын «төбелерді» қазып, зертеу жүргізді. Павлодар маңындағы обаларда қайтыс болғандар ат әбзелдерімен, жылқыларымен қоса жерленген. Семейдегі бір жерлеу орнынан батысқа қарата арқасымен жатқызылған адамның қаңқасы табылды, оның мойнында табиғи тастардан жасалған моншақтар, көкірегінде қытай иероглифтері жазылған мыс айна болған. Аяқ тұсында тұмсығы бар темір қазан орналасқан. Бұл жерлеу ортағасырлық кезеңге жатады [Императорская археологическая комиссия, 2019: 838-840].

Е.А. Резванның айтуынша, В.В. Радлов жүргізген ауқымды археологиялық зерттеулер нәтижесінде афанасьев, андронов, қарасұқ және басқа да мәдениеттердің ескерткіштері, сондай-ақ сақ дәуірінің жерлеу орындары зерттелді. Музей қорлары осы аймақтардан табылған заттық кешендермен толықтырылды [Резван, 2016: 231].


Алтайда болған жылдары Радлов жүзден астам ескерткіш бойынша археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Радловтың ең маңызды жетістіктерінің бірі – Оңтүстік Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігіндегі археологиялық ескерткіштердің алғашқы кезеңдемесін жасауы. Бұл археологиялық жұмыстардың нәтижелері «Радлов альбомы» парақтарының едәуір бөлігін құрады.

Қазіргі таңда Мәскеудегі Мемлекеттік тарих музейінде 1862 жылы В.В. Радлов жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған *36 жәдігер* және 1866 жылғы қазба жұмыстары кезінде табылған *16 зат* сақтаулы. Жәдігерлердің көп бөлігі, өкінішке орай, жоғалып кеткен. Сонымен қатар, Санкт-Петербургтегі РГА Материалдық мәдениет тарихы институтының фотомұрағатында қазіргі таңда жоғалған артефактілердің *5 фотосуреті* сақталған [Резван, 2024].

Археологиялық қазбалардың нәтижелері бүгінде Мемлекеттік Эрмитаж, Таулы Алтай мемлекеттік университеті, Алтай өлкесінің архивтік қорларын сақтау орталығы, РГА Сібір бөлімшесінің Археология және этнография институты, Алтай Республикасы Ұлттық музейі сияқты мекемелерде сақталып, зерттелуде. Ең маңыздысы, Радлов алғаш белгілеген жерлерде бүгінгі күнге дейін археологиялық жұмыстар белсенді түрде жалғасуда. Сондай-ақ альбомда ұсынылған бейнелердің көпшілігі Радловтың күнделік жазбаларымен сәйкес келеді. Ғалымның Берелде жүргізген археологиялық қазбаларының нәтижесінде табылған ерекше жәдігерлердің Санкт-Петербургтегі Мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы екені белгілі.

Берел даласында В.В. Радлов 7 обада зерттеу жүргізген. Негізгі обаның диаметрі 28 метр, биіктігі 5 метр болған. Тастан тұрғызылған жер бетіндегі құрылыстың астында тоң басқан топырақпен, құммен және ірі тастармен толтырылған алып шұңқыр орналасқан. Шұңқыр түбіне бір жағы мұқият жонылған тақтайлармен, екінші жағы қайыңтозбен жабылған ағаш қабырғалы құрылым қойылған. Оның ішінде әр қатарда төртеуден, барлығы 16 жылқы жатқызылған. Жылқылардың үстінде ағаштан және қайыңтоздан жасалған әшекейлер мен нәзік өрнекті алтын жапсырмалар болған [Императорская Археологическая Комиссия, 2009: 598].

Берел обаларының жалпы көрінісі (оба үйінділері, жерлеу құралдары) «Радлов альбомы» парақтарының бірінде төмендегіше бейнеленген (4-сур.):



Сур. 4. Шығыс Қазақстанның Катон-Қарағай аймағы. Берел обалары: обаның жалпы көрінісі. «Радлов альбомы» парақтарының бірі. 46,0 × 33,0 см. Қарындаш, акварель, аппликация. 1861 – 1918. [РГА АЭМ (Кунсткамера). № 5041-37]

Альбомдағы Берел обасы бойынша бейнелердің шынайы көрінісі археологиялық қазбалар мен ғылыми зерттеулер нәтижесінде айқындалғаны белгілі. Бұл обаға қатысты археологиялық зерттеулерді белгілі қазақстандық археолог-ғалым З. Самашев бастаған археологтар тобы жалғастырып, көптеген маңызы зор табыстарға жетті. Қазба жұмыстары барысында Берелдің бай тарихи-мәдени мұрасы жан-жақты ашылып, ежелгі сақ мәдениетінің ерекшеліктері мен тұрмыс-салтына қатысты құнды деректер анықталды. Қазіргі таңда Берелде бұл тарихи ескерткіштерді сақтап, насихаттау мақсатында ашық музей құрылып, көпшілік назарына ұсынылды. Музейде обадан табылған археологиялық жәдігерлер мен Радлов альбомындағы бейнелер бірлесіп, көркем түрде экспозицияланған. Бұл келушілерге ежелгі дәуірдің шынайы көрінісін сезінуге мүмкіндік береді.

Альбомдағы Берел обасының суреттері мен археологиялық деректер музейлерде толыққанды экспозиция құруға мүмкіндік береді. Экспозицияда обадан табылған жәдігерлерді, соның ішінде әшекей бұйымдар, қару-жарақтар, тұрмыстық заттар мен киімдер сияқты тарихи маңызы зор материалдарды да көрерменге ұсынуға болады. Сонымен қатар «Радлов альбомындағы» бейнелер арқылы экспозицияға тарихи және мәдени контекст беріледі. Мұндай кешенді көрме келушілерге Берел мәдениетінің ерекшеліктерін жан-жақты таныстырып, оның сақ дәуіріндегі рөлін тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Мұндай экспозициялар интерактивті элементтермен толықтырылып, заманауи технологиялар көмегімен жаңғыртылатын болса, музейдің мәдени, ғылыми және білім беру әлеуетін айтарлықтай арттыруға болар еді.

«Радлов альбомындағы» бейнелерді *атрибуциялау* – тарихи-мәдени мұраларды ғылыми тұрғыда дұрыс тануға мүмкіндік беретін, зерттеудің негізгі және аса маңызды бөлігі. Бұл үдеріс нәтижесінде артефактілер мен бейнелердің тарихи құндылығы айқындалып, оларды музейлік және ғылыми айналымға дәл әрі жүйелі түрде енгізуге жол ашылады.

Кимеева Т.И. «Методика атрибуции музейных предметов и возможности внутримuseumной трансляции ее результатов» атты мақаласында музейлік атрибуцияға деген көзқарас әлі күнге дейін көбіне қор жұмысының қолданбалы формаларымен шектелетінін атап өтеді. Оның пікірінше, есепке алу және қор құжаттамаларын сипаттау барысында музейлік заттарды тереңінен зерттеуге жеткілікті назар аударылмай келеді. Шын мәнінде, атрибуция – музейлік нысанның барлық қасиеттерін жан-жақты ашу арқылы толық сипаттама беру үдерісі. Мұнда заттың атауы, жасалған материалы, конструктивтік элементтері, жасалу, безендірілу техникасы, қолданылған, музейге түскен уақыты мен функционалдық мақсаты секілді негізгі белгілері анықталып, оның мазмұны көпқырлы түрде зерделенеді [Кимеева, 2019: 136].

Атрибуция музейлік маңызы бар заттарды іріктеу барысында оларды жинақтаушылар басшылыққа алған жалпы өлшемдер негізінде жүзеге асырылады. Бұл өлшемдерге мыналар жатады: аттрактивтілік, экспрессивтілік, ақпараттылық, репрезентативтілік және ассоциативтілік.

Аттрактивтілік – музей затының көрермен назарын өзіне аударта алу қасиеті.

Экспрессивтілік – музейлік нысанның эмоциялық әсер тудыра алу мүмкіндігі.

Ақпараттылық – музейлік заттың дерек көзі ретінде қызмет ете алу қабілеті.

Репрезентативтілік – тарихи немесе әлеуметтік-мәдени құбылыстарды жан-жақты бейнелеп, соларға ұқсас басқа да нысандар жиынтығын көрсету әлеуеті.

Ассоциативтілік – белгілі бір идеялар мен ұғымдармен байланысты ассоциациялар тудыра алу қабілеті. Бұл қасиет музейлік экспозицияда затты әсерлі әрі мағыналы пайдалануға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта музейтанушылар музейлік заттардың басқа да маңызды сипаттарын бөліп көрсетуге ұмтылуда. Солардың бірі – *коммуникативтілік* өлшемі. Бұл – музейлік заттың өзге нысандармен мағыналық байланыс орнату, мазмұнын толықтыру, түсіндіру және адамға ой мен сезім арқылы әсер ету әлеуеті [Музейное дело, 2010: 125–126].

Музейлік заттарды зерттеу барысында атрибутивтік белгілерді талдау олардың мазмұнын тереңірек ашуға септеседі. Осы ретте *семиотикалық* тәсілді қолдану тиімді саналады. Бұл тәсіл музейлік нысандарды таңба (белгі) ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, мұндай заттар қазақтардың дәстүрлі мәдениеті туралы жинақталған ақпарат көзіне айналады.

Таңба – өзге бір нәрсені білдіретін белгі екені белгілі. Осы тұрғыда музейлік таңба семиотикалық аспектіде бірнеше негізгі құрамдас бөліктен тұрады: *материалдық негізі* – заттың өзі, яғни материалдық мәдениеттің бір бөлігі ретінде ақпарат жеткізу құралы; *денотат* – таңбаның мазмұндық жағы; *десигнат* – таңбаның беретін ақпараты және *интерпретанта* – пайымдау немесе түсіндіру үдерісі. Бұл компоненттердің бірлігі музейлік заттың таңбалылық қасиетін, яғни «бір нәрсенің белгісі болу» сипатын айқындайды.

Музейлік зат – музей семиотикасын зерттеудегі негізгі ұғым. Оның ішкі құрылымы, қасиеттері мен функциялары тек зерттеу нысанының ерекшелігін ғана емес, сондай-ақ интерпретатормен (зерттеуші не көрермен) өзара әрекеттесу қағидаттарын да анықтайды. Бұл өз кезегінде музей кеңістігіндегі коммуникативтік үдерістерді семиотикалық тұрғыда зерделеуге мүмкіндік береді [Мишуrowsкая, 2011: 205].

«Радлов альбомындағы» бейнелерден туындаған музейлік затты семиотикалық әдіс тұрғысынан мағыналық мазмұны бар, жасанды түрде қалыптасқан, археологиялық әрі этнографиялық сипаттағы мәдени объект ретінде қарастыруға болады. Мұндай объект белгілі бір мәдени контексті жеткізуші әрі белгілер жүйесінің бір элементі болып есептеледі.

Музейлік затты *денотат* ретінде қабылдау – оның өмір сүру ортасынан іріктеліп алынуы сәтінде жоғарыда сипатталған өлшемдер (аттрактивтілік, информативтілік, экспрессивтілік, репрезентативтілік) негізінде жүзеге асады. Ал *десигнат* ретіндегі музейлік зат музей қорына қабылданған сәттен бастап, атрибуция үдерісі арқылы семантикалық мазмұнын аша түседі. Бұл жерде семиотикалық тәсілдің рөлі – заттан алынатын ақпаратты пайымдауға мүмкіндік беруінде.


Музейлік затты таңба ретінде қарастырғанда, онда қамтылған ақпарат оның атауы, жасалған материалы, пішіні, жасалу және көркемделу техникасы, декор семантикасы сияқты аспектілер бойынша сипатталып, талданады. Осы талдау нәтижесінде алынған ақпаратты біртұтас семиотикалық мазмұнға біріктіру музейлік заттың тарихи-мәдени құндылығы мен түпнұсқалық ерекшелігін анықтауға жол ашады [Кимеева, 2019: 140]. Мысал ретінде «Радлов альбомындағы» шапан бейнесін (5-сур.) қарастырайық.



Сур. 5. «Радлов альбомы» парақтарының бірі. 46,0 × 33,0 см. Қарындаш, акварель, аппликация. 1861 – 1918. [РГА АЭМ (Кунсткамера). № 5041-1/19]

«Радлов альбомында» бұл суреттің астында: «*Ust-Koksinsky district of the Altai Republic, Russia. Caftan (robe) from Katanda*» деген жазба берілген. Мұндағы «*caftan*» сөзі қазақ мәдени контекстінде «шапан» ұғымына балама ретінде қабылданып отыр.

Альбомдағы осы шапан бейнесі Императорлық археологиялық комиссия құжаттарында да кездеседі (6-сур.). Онда бұл бұйым В.В. Радловтың 1865 жылғы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған *шапан (халат) қалдықтары* ретінде сипатталады: «*Большой Катандинский курган. Остатки халатов. Раскопки В.В. Радлова 1865 г. (ФА, Q 441/38)*» [Императорская Археологическая Комиссия, 2009: 598].



Сур. 6. Үлкен Қатанды обасы. Халаттардың қалдықтары. В.В. Радловтың 1865 жылғы қазба жұмыстары [ФА, Q 441/38]

«Радлов альбомы» парақтарының бірінде бейнеленген шапанның атрибутивтік белгілерін семиотикалық тәсіл арқылы талдау.

Денотат деңгейі (нақты зат ретіндегі мағынасы). Шапан – қазақ халқының дәстүрлі сырт киімі. Кең, ұзын, жеңді болып келеді, көбінесе жүннен немесе мақтадан дайындалып, сырты барқыт, пүліш, шұғадан тігіледі және ішіне астар салынып, сәндік мақсатта кестеленеді. «Шапан – матадан астарланып, кейде арасына қой мен түйенің жүні салынып, сырып тігілетін сырт киім түрі. Шапан жібек, баршын, күдері, мақпал, шағи, барқыт, шибарқыт, пүліш, шұға сияқты маталардан тігіледі. Қазақы ортада шапанды көбінесе ерлер, ішінара әйелдер мен балалар да киген.

Қазақы шапандардың пошымы мен пішімінде аймақтық ерекшеліктер бар. Атап айтқанда, Жетісу мен Оңтүстік өңірлерінің шапандарының етек-жеңдері ұзын келіп, әшекейлі болады. Сонымен қатар олар көбінесе сырмалы әрі жолақты болып келеді. Ал Сыр өңірі мен Батыс аймақтардың шапандары шалғайлы кең, жеңдері де ұзын келген қайырма жағалы болады. Орталық пен Шығыс өңір шапандарының басты ерекшелігі сирек қабылған, сырусыз болады. Олардың да етек-жеңдері кең әрі ұзын келіп, жағалары шолақ оймалы, кейде түймелі жағалысы да болады» [Қазақтың этнографиялық..., 2017: 633-634].

Десигнат деңгейі (таңбаның білдіретін ұғымы немесе мәні). Шапан – тек тұрмыстық киім емес, сонымен қатар адамның жас ерекшелігін, әлеуметтік мәртебесін және дәстүрлік салттарды бейнелейтін мәдени таңба. «Радлов альбомындағы» шапан бейнесі өз дәуіріндегі қазақ тұрмысының, әлеуметтік жіктелудің және сән үлгісінің көрінісі ретінде қабылданады. Оны музейлік экспонат ретінде қарастырған кезде, нақты бір тарихи-мәдени кеңістікте қолданылған мәдени кодты ашуға болады.

Альбомда шапан Қазақстан мен Ресей шекарасына жақын орналасқан аумаққа тән деп көрсетілген. Бұл аумақ Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлерімен мәдени-этнографиялық жағынан жақын, сондықтан шапанның пішімі мен көркемдік белгілері жоғарыда аталған сипаттамаларға сәйкес келеді. Атап айтқанда, сирек қабылған, сырусыз, кең әрі ұзын етек-жеңді, шолақ оймалы жағалы шапан үлгісі – дәл осы өңірге тән ерекшелік. Бұл белгілер Радлов альбомындағы бейнеде нақты көрініс тапқан.

Осы деректерге сүйене отырып, аталған шапан XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ Алтайы өңірін мекендеген қазақтарға тән үлгі болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. В.В. Радловтың Алтайға жасаған этнографиялық экспедициясы барысында жергілікті қазақтардың киім кию дәстүрлері мен тұрмыс-салты дәлдікпен қағаз бетіне түсірілгені белгілі. Демек, альбомдағы шапан бейнесін нақты бір заттың этнографиялық көшірмесі ретінде қарастыруға болады.

Музейлік тұрғыдан бұл бейне – заттық мәдениеттің көрнекті үлгісі. Ол белгілі бір тарихи кеңістікте қолданылған, әлеуметтік және символдық мағынасы бар киім ретінде музейлік нысанның жоғары этнографиялық құндылығын көрсетеді. Шапан арқылы дәуір шындығы, аймақтық ерекшелік, тұрмыс салты мен эстетикалық таным көрініс табады. Сонымен қатар, бұл бейне қазақтардың материалдық мәдениетіне тән қолөнер техникасын, көркемдік талғамын және киімнің әлеуметтік қызметін де айқын сипаттайды.

Символдық мәні. Шапан – тек киім ғана емес, құрмет пен мәртебе белгісі. Қазақта «Шапан жабу» дәстүрі құрмет көрсету, жоғары мәртебе беру белгісі ретінде қолданылған. Сондықтан бұл заттың символдық мәні қоғамдық қарым-қатынасты, дәстүрлік салтты, әлеуметтік танымды сипаттайды. «Дәстүрлі қазақы ортада шапан кәделі киім саналып, белгілі бір жосын-жоралғыларды атқаруда маңызды рөл атқарды. Көнеден бастау алатын сыйлы адамдарға, қонаққа, балуанға, ел басқарған адамдардың халыққа жасаған қызметі үшін қымбат әрі қадірлі сый ретінде «иығына шапан жабу» салты күні бүгінге дейін жалғасын тауып келеді» [Қазақтың этнографиялық..., 2017: 635]. Сонымен бірге, шапан қонақжайлылық пен рухани ілтипат белгісі. Қазақтың үйіне арнайы келген қадірлі қонағын шапан жауып шығарып салуы – қонақ күту мәдениетінің көрінісі. Ел арасындағы бейбітшілік келісімдерін бекіту мақсатында шапан жабу рәсімі болған. Бұл – кешірім мен ымыраға келудің белгісі.

Шапанның оның көркемдік-эстетикалық келбеті, дәстүрлі формасы мен көзге бірден түсетін ерекшеліктері оның аттрактивтілік (тартымдылық белгілері) белгілерін анықтайды. Яғни, түрлі-түсті маталардан тігілетіндігі, қымбат маталар мен сәндік элементтердің (барқыт, зер, алтын жіп) қолданылуы, пішінінің әсерлілігі (кең етек, ұзын жең, ою-өрнек), өз заманындағы сән мен эстетикаға сай көркемдігі.

Шапан қазақ халқының жоғары эстетикалық талғамын, ақпараттық мазмұны арқылы қазақтың қонақжайлылығы мен мәрттігін, салт-дәстүрін еске түсіріп, музейге келушіге, оның эмоциясына әсер етіп, танданыс, мақтаныш, құрмет сияқты сезімдерді тудыра алады. Яғни осындай экспрессивтілік белгілер альбомдағы шапан бейнесін атрибуциялауға негіз бола отырып, көрерменге қазақ мәдениетінің ішкі мазмұнын сезінуге мүмкіндік береді.

Шапанның *репрезентативтілік* белгілері мынадан көрінеді:

«Радлов альбомындағы» шапанды ұзын, кең, жеңі мол, жағасы шолақ оймалы болып келетін конструкциялық ерекшеліктеріне сәйкес Қазақстан мен Ресей шекарасындағы алтай қазақтарының ұлттық киімі ретінде қарайтын болсақ, онда бұл шапан *өңірлік киім үлгісі* ретінде сипатталады.

Суреттегі шапанның стилі, тігіс техникасы, матасы мен формасы арқылы оны XIX ғасырдың киім дәстүріне тән үлгі ретінде тануға болады. Бұл – музейлік экспонат ретінде оның тарихи кезеңін нақтылауға көмектеседі.

Радлов альбомындағы шапан қазақ халқының дәстүрлі киімінің типтік үлгісі ретінде этнографиялық топтар мен уақыт кезеңдеріндегі ортақ белгілерді жинақтап береді, яғни тек жеке зат емес, тұтас бір мәдениеттің белгісі ретінде репрезентативтік сипатқа ие.

Сонымен, «Радлов альбомындағы» шапан бейнесі – музейлік экспонат ретінде семиотикалық тұрғыдан толық талдауға келетін, мәдени, тарихи, көркем, символдық және әлеуметтік ақпаратты бойына сіңірген нысан. Мұндай талдау әдісі музейлік затты тереңірек түсінуге, оның мәндік қабаттарын ашуға көмектеседі және экспозициялық-семиотикалық тәсілдерді тиімді қолдануға жол ашады.


Альбомдағы бейнелер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын бейнелейтін көптеген құнды деректер болып табылады. Солардың бірі – *қару-жарақ үлгілері*. Бұл бейнелер тек әскери құралдар ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының материалдық мәдениетінің, жауынгерлік рухының және эстетикалық талғамының көрінісі ретінде қарастырылуы тиіс.

«Радлов альбомы» парақтарының бірінде қазақтың шабу қаруына жататын басы балға пішіндес айбалтаға ұқсас қару-жарақ түрі және түйреу қаруына жататын найза ұштарының сызбалық бейнелері берілген. Бұл заттар – қазақтың батырлар институтының, көшпелі өмір салтының және қорғаныс мәдениетінің көрінісі.

Энциклопедиялық еңбектерде ертедегі қазақтардың негізгі деген төрт шабу қаруы болған. Олардың ішінде балтаның жарақаттау қабілеті мен пішіні жағынан айтарлықтай ерекшелігі бар. «Жүзі ай пішіндес әрі енді болып келетін балтаны қазақтар «айбалта» деп атаған. Жүзі сына тәріздес болып келетін қару «шақан» деп аталған. Бірақ қазақ батырлары соғыста балтаның төртінші түрі – жарты айбалтаны көп қолданған. Кәдімгі балта, айбалта мен шақанның қасиеттерін біріктіру арқылы жасалған айбалтаның басы балға пішіндес болады» [Қозыбаев, 1994] делінген.

Альбом парақтарының бірінде бейнеленген төмендегі суреттегі қару-жарақ үлгілеріне назар аударатын болсақ, жоғарыда айтылған балға пішіндес айбалта бейнелерін көруге болады. Қару-жарақ зерттеушісі Қ. Ахметжан бұл жөнінде былай жазады: «Археологиялық материалдар, бейнелеу өнері деректері көшпелілер балталарының негізгі түрлері б.з. дейінгі YII-III ғғ. қалыптаса бастағанын дәлелдейді. Археологиялық, жазба және иконографиялық материалдарға сүйенсек, сақ жауынгерлері басы жарты ай формалы айбалта, екі басты балта – *сагарис* және басы қайла түріндегі тескіш қару түрі – *шақан* қолданған. Шақанның Еуразия даласында пайда болу уақыты – б.з.дейінгі II мыңжылдықтың аяғы. Сақтар шақанның шүйделерін кейде жануарлардың тотемдік бейнелерімен көркемдеген» [Ахметжан, 2006: 26]. Қ. Ахметжан «Жараған темір кигендер» атты кітабында басының формасына қарай айбалталардың негізгі төрт түрін көрсетеді. Солардың бірі жалманы жіңішке сына тәрізді жасалған айбалталар. Бұл балта түрі жарақатты жару арқылы салады [Ахметжан, 1996: 82].

Жоғарыда келтірілген сипаттамалар «Радлов альбомы» парағында бейнеленген айбалталардың пішіндерімен ұқсас болып келеді (7-сур.). Сонымен қатар суретте найза ұштарының бейнелері де көрініс тапқан. Бұл бейнелер қазақ жауынгерлерінің найзаларына тән жебе пішіндерін еске салады. Оған дәлел ретінде мынадай пікірлерді келтіруге болады: «Сауыт бұзуға арналған найза, сүңгілердің жебесі үшкір, жіңішке жасалып, бірнеше қырлы болады» [Ахметжан, 1996: 67].



Сур. 7. «Радлов альбомы» парақтарының бірі. 46,0 × 33,0 см. Қарындаш, акварель, аппликация. 1861–1918. [РГА АЭМ (Кунсткамера). № 5041-67]

Еуразияның көшпелі халықтарының археологиясы, этномәдени тарихы және тарихи қару-жарақтану салаларының маманы, ресейлік тарихшы, профессор Ю.С. Худяковтің «Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии» еңбегінде Катанды қорымынан табылған найза ұштарының ромб және линза тәрізді болып келетіні айтылған: «Ұзартылған ромб тәрізді найза ұштары б.з.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында кеңінен қолданылған. Дегенмен Бірінші қағанат дәуірінің ескерткіштерінен мұндай үлгілер әлі табылған жоқ. Катандыдан табылған белгілі нұсқалардың мерзімі б.з.д. VII ғасырдан ерте емес. Оларға ұқсас пішіндегі қарулар IX-X ғасырларда да қолданыста болған» [Худяков, 1986: 156-157].

Ю.С. Худяковтың найза жебелері туралы сипаттамалары В.В. Радловтың альбомында бейнеленген қазба жұмыстары барысында табылған найза жебелерін еске түсіреді (5-сур.). Бұл ойды В.В. Радловтың археологиялық есептері бойынша жазылған Императорлық археологиялық комиссияның жазбалары дәлелдей түседі: «Қатанды маңында Радлов екі зиратты зерттеді. Біріншісінде ол ең елеулі жәдігерлер ретінде мыналарды атап өтті: қалың шұғадан тігілген шалбар мен жұқа киізден жасалған шұлықпен оралған жылқының жерлеуі; шіріп кеткен бас киім киген әйелдің зираты, онда мыс әшекейлер, сырғалар, күміс жүзік, ұршық тасынан жасалған дөңгелек тас және қайрақ тас, сондай-ақ ер адамның бір бейітінен темір және сүйек *жебе ұштары*, пышақ, найза және садақтың сынықтары табылған.

Екінші зиратта жылқы сүйектері, темірден ширатылып жасалған ауыздықтар мен шығыршықтар, бір жұп үзеңгі мен белдік таспасы, адамның сүйектері табылған, қасында тұзу қылыш пен үш қырлы темір және сүйек *жебелер* болған, ал бас жағына тұтқасы бар күміс құты қойылған. Қабір шұңқырларының құрылымына қарағанда, бұлар шамамен VIII–IX ғасырларға жататын көне түріктердің жерлеу рәсімдері» [Императорская археологическая комиссия, 2019: 836-837].

В.В. Радловтың 1894 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Сибирские древности» деп аталатын кітабының 1-томында мыс және темір пышақтар, қанжар, шоқпар, найза ұштарының, сондай-ақ балға, шапқы, тас қайрақтардың сипаттамалары кеңірек берілген [Радлов, 1894: URL].

Аталған қару-жарақ бейнелерін ғылыми тұрғыда атрибуциялау оларды тарихи-мәдени контексте дұрыс тану үшін аса маңызды болып табылады. Атрибуциялау барысында мынадай тәсілдер қолдануға болады:

- Радлов альбомындағы бейнелерді сол дәуірдегі археологиялық табылымдармен, музей қорларындағы нақты экспонаттармен және басқа этнографиялық альбомдармен салыстыра отырып, этнографиялық топтамалардағы заттармен сәйкестік іздеу;

- қару-жарақ бейнесінің жасалу техникасы мен құрылымдық ерекшеліктері арқылы оның жасалған уақыты мен қолданылған материалы жөнінде тұжырым жасау.

Бұл ретте XIX ғасырдағы жазба деректер, саяхатшылардың күнделіктері, жергілікті шеберлер туралы мәліметтер қару-жарақ үлгілері мен олардың таралу аясын нақтылауға көмектеседі. Осы атрибуциялық жұмыстар арқылы «Радлов альбомындағы» қару-жарақ бейнелері тек бейнелеу

нысаны ғана емес, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі екенін айқын көрсетуге болады.

РГА Материалдық мәдениет тарихы институтының архивінде альбомға қатысты көптеген маңызды құжаттар сақталған. Олардың ішінде акварельдер мен қолтаңбалар бар, сондай-ақ коллекциялар мен жинаушылар туралы мәліметтер көрсетілген. Бұл деректер Кунсткамерада сақталған альбомдағы мәліметтермен сәйкес келеді. Маңызды ақпараттар, сондай-ақ, Радловтың Императорлық археологиялық комиссияға жолдаған есептерінде де кездеседі. Мәселен, Императорлық археологиялық комиссия жылнамасында В.В. Радловтың 1865 жылы Үлкен Қатанды обаларын қазғаны туралы мәліметтер бар. Қазақ Алтайының ежелгі тайпаларына тиесілі өнер, киім және тұрмыстық заттардың ерекше жақсы сақталған үлгілері табылған Үлкен Қатанды обалары сол кезеңде Комиссия назарын өзіне ерекше аударған болатын [Императорская археологическая комиссия, 2019: 131].

В.В. Радлов 1877 жылы 31 шілде мен 18 тамыз аралығында Қазанда өткен Ресейдің IV археологиялық съезінің ұйымдастырылуына белсенді түрде қатысқан. Съезд барысында ол екі баяндама жасап қана қоймай, «Сібір обалары туралы» баяндамасын иллюстрациялармен толықтырды. Радловтың ұсынған материалдары съезд қатысушылары тарапынан зор қызығушылық тудырды.

Съезден кейін Археологиялық комиссия бұл материалдарды жариялау ісін өз жауапкершілігіне алды. Нәтижесінде, 1888–1902 жылдар аралығында «Ресей археологиясының материалдары» сериясы аясында «Сібірдің көне жәдігерлері» атты төрт альбом жарық көрді. Бұл басылымдар ғылыми айналымға археологиялық материалдардың ауқымды көлемін, соның ішінде жеке коллекциялардан алынған заттарды да енгізуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі күнге дейін өз ғылыми құндылығын жоймаған бұл еңбектер түрлі мұрағаттық және баспа көздерінен алынған құнды деректермен толықтырылған. Санкт-Петербургтегі Антропология және этнография музейінде сақталған «Радлов альбомы» Қазанда өткен көрмеде ұсынылған және кейін «Сібірдің көне жәдігерлері» сериясында жарияланған түпнұсқа материалдардың бір бөлігін ғана емес, 1918 жылға дейін автор жинаған маңызды қосымша материалдарды да қамтығаны анық.

Альбом негізінде музейде «Радлов альбомындағы қазақ мәдениеті» атты *көрме* ұйымдастырып, альбомдағы суреттер арқылы қазақ халқының мәдениеті мен тұрмыс-салтын тарихи-этнографиялық тұрғыда таныстыруды және бейнелерді музейлік экспонатқа айналдыру жолдарын көрсетуді мақсат етіп қоюға болады.

Көрменің негізгі бөлімдері мен мазмұны төмендегіше болмақ:

- *«Радлов экспедициясы» бөлімі:* В.В. Радловтың өмірбаяны мен ғылыми сапарлары жөнінде мәлімет ұсынылады. Сонымен қатар экспедиция бағытын көрсететін карта мен тарихи материалдар қойылады.

- *«Археологиялық жәдігерлер» бөлімі:* қазба жұмыстары нәтижесінде табылған қыш құмыралар, қару-жарақтар, әшекей бұйымдардың суреттері мен түркі ескерткіштерінің (құлпытастар, балбал тастар) сызбалары көрсетіледі.

- *«Этнографиялық бейнелер: қазақ тұрмысы» бөлімі:* киіз үйдің ішкі көрінісі, жиһаздар, тұрмыстық заттар, дәстүрлі киімдер мен олардың сипаттамалары, музыкалық аспаптар, аңшылық пен еңбек құралдарының суреттері ұсынылады.

- *«Мәдениет айнасы: символика мен өрнек» бөлімі:* альбомдағы ою-өрнек үлгілері, олардың қазақ дүниетанымындағы орны, семантикалық мағынасы және қазіргі қолданысы жөніндегі материалдар қамтылады.

- *«Қазақ мәдени мұрасын сақтаудағы Радлов еңбегінің маңызы» бөлімі:* Радлов еңбектерінің негізінде жасалған заманауи реконструкциялар (дәстүрлі киім, үй жиһаздары, т.б.), сондай-ақ этнографтар мен қолөнершілердің жұмыстары таныстырылады.

Көрме аясында ғалым жүріп өткен бағыттар бойынша интерактивті карта, деректі фильмдер, бейнеинтервьюлер сияқты мультимедиялық материалдар ұсынуға болады. Сонымен қатар қазіргі суретшілердің Радлов сызбаларының негізінде жасаған иллюстрациялары қойылады. QR-кодтар арқылы альбом парақтарын цифрлық түрде көруге мүмкіндік беріледі. Мұндай көрме ғылым мен мәдениетті ұштастыра отырып, тарихи сананы қалыптастыруға және ұлттық мұраны тереңірек түсінуге зор үлес қосады.

Радлов альбомындағы бейнелерді ғылыми тұрғыда атрибуциялау – бұл тек өткеннің мәдени-тарихи деректерін тану әрекеті ғана емес, сонымен қатар мәдениеттің үздіксіз даму үдерісіндегі маңызды қадам. Өткен заманның материалдық және рухани мәдени үлгілерін жүйелеп қана қоймай,

оларды қазіргі заман контекстінде қайта қарастыру мәденигенездің заманауи формасы ретінде сипатталады. Өйткені мәденигенез тек көне кезеңдердегі мәдениеттің пайда болуын ғана емес, оның кейінгі дәуірлердегі қайта жаңғыруы мен жаңаша интерпретациялануын да қамтиды. Бүгінгі атрибуциялау мен ғылыми түсіндіру арқылы өткен дәуір бейнелері жаңа өмірге ие болып, қазіргі қоғамның мәдени санасына еніп, қайта жанданады. Демек, Радлов альбомындағы бейнелер тек тарихи артефакт қана емес, мәдени жадының тірі тасымалдаушылары ретінде қызмет етеді. Оларды ғылыми айналымға енгізу, көрме арқылы көпшілікке ұсыну ұлттық мәдениетіміздің үздіксіз жаңаруына жол ашады.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижесінде В.В. Радловтың ғылыми экспедициялары барысында жүргізген археологиялық қазбалары негізінде қағазға түсірілген бейнелердің қазақ халқының мәдениетін, тұрмысын, салт-дәстүрі мен дүниетанымының айшықты көрінісі бола алатыны нақтыланды. Алайда Радлов сипаттаған артефактілердің қай археологиялық мәдениетке жататынын, бейнеленген заттардың қай дәуірге тиесілі екенін және олардың нақты қай өңірден табылғанын анықтау өзекті мәселе екендігі, ол үшін қазақстандық археологиялық есептер мен экспедициялық материалдарды кешенді түрде зерттеу қажеттігі анықталды.

Альбомдағы бейнелерге негізделген артефактілерді атрибуциялау арқылы олардың тізімін жасау және ғылыми каталогқа енгізу жұмыстары қолға алынуы тиіс. Сонымен қатар, альбомдағы барлық артефакті бейнелерін жоғары сапада сканерлеу өте маңызды. Альбомды дербес тарихи дереккөз ретінде жариялап, ғылыми айналымға енгізу зерттеушілер үшін Радлов материалдарына кеңінен қол жеткізуге жол ашып, бейнелердің біртіндеп атрибуциялануына мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында альбомдағы археологиялық бейнелерді ғылыми тұрғыдан атрибуциялау және оларды заманауи музейлік кеңістікте қолдану жолдарына баса назар аударылды. Атрибуциялау – артефактілердің дәуірін, мәдениетін және қолданылу аясын анықтауға мүмкіндік беретін кешенді ғылыми әдіс. Нәтижесінде артефактінің тарихи құндылығы артып, ғылыми айналымға еніп, мәдени мұра ретінде сақталуына жағдай жасалады.

Мақалада «Радлов альбомындағы» әрбір бейнені атрибуциялау арқылы олардың семантикалық және символдық мағыналары ашылып, археологиялық деректермен бірге музейлік экспозициялар құрудың әлеуеті айқындалды. Сонымен қатар, альбомның мәдени, ғылыми және семиотикалық маңызын айқындау мақсатында бейнелердің музей экспонатына айналу жолдары талданып, бұл үдеріс музейлік нысандардың мазмұнын тереңірек түсінуге, олардың мәндік-мағыналық қырларын ашуға ықпал ететіні көрсетілді.

Қорытынды. В.В. Радловтың 1861 жылғы Алтай сапары нәтижесінде жинақталған суретті альбомы – қазақ халқының XIX ғасырдағы материалдық және рухани мәдениетін бейнелейтін бірегей дереккөз. Альбомда қамтылған археологиялық, этнографиялық бейнелер қазіргі музей ісінде атрибуция және реконструкция жұмыстарына мол мүмкіндік береді. Бұл бейнелер тек көркем сурет қана емес, тарихи-мәдени ақпарат көзі ретінде де құнды.

Зерттеу барысында альбомдағы деректерді ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығы, оларды нақты археологиялық артефактілермен сәйкестендіру жолдары қарастырылды. Атап айтқанда, альбомдағы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған заттардың бейнелену ерекшеліктері, оларды заманауи музейлік экспозицияларға енгізу мүмкіндіктері талданды.

Мұндай материалдарды музейлік атрибуциялау мен заманауи технологиялар арқылы визуалды реконструкция жасау музейдің ғылыми-ағартушылық әлеуетін арттырып қана қоймай, қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасын кеңінен насихаттауға жол ашады. Сондықтан Радлов альбомын кеңірек зерттеу, оның мазмұнын музей ісіне бейімдеу болашақта тың ғылыми жобалар мен мәдени бастамаларға негіз болары анық.

Әдебиеттер

- Ахметжан, 1996 – *Ахметжан Қ.С.* Жараған темір кигендер. Алматы: Дәуір, 1996. 256 б.
- Ахметжан, 2006 – *Ахметжан Қ.С.* Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Алматы: Алматыкітап, 2006. 215 б.
- Ежегодная научная конференция, 2022 – *Ежегодная научная конференция МАЭ РАН. Радловские чтения.* 24–25 января 2022 г. Тезисы. Санкт-Петербург, 2022. С. 61.
- Императорская Археологическая Комиссия, 2009 – *Императорская Археологическая Комиссия (1859–1917): К 150-летию со дня основания. У истоков отечественной археологии и охраны культурного наследия /* Науч. ред.-сост. А. Е. Мусин. Под общ. ред. Е. Н. Носова. СПб.: Дмитрий Буланин, 2009. 1192 с.
- Императорская археологическая комиссия, 2019 – *Императорская археологическая комиссия (1859–1917): история первого государственного учреждения российской археологии от основания до реформы.* Т. 1. СПб.: ИИМК РАН, 2019. 1616 с.

- Кимеева, 2019 – *Кимеева Т.И.* Методика атрибуции музейных предметов и возможности внутримuseumной трансляции ее результатов // Вестник КемГУКИ. 2019. № 48. С. 134-142.
- Король, 2008 – *Король Г.Г.* Искусство средневековых кочевников Евразии. Очерки. М.-Кемерово: Кузбассвузиздат, 2008. 332 с.
- Қазақтың этнографиялық, 2017 – *Қазақтың* этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. 5-том. 635 б.
- Қозыбаев, 1994 – *Қозыбаев М.* Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.
- Мишуrowsкая, 2011 – *Мишуrowsкая О.С.* Семиотический анализ знаковой специфики музейного предмета // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. Языкознание и литературоведение. 2011. С. 205-211.
- Музейное дело, 2010 – *Музейное дело* России. 3-е изд., испр. и доп. / Отв. ред. М.Е. Каулен. М.: ВК, 2010. 676 с.
- Петрученко, 1914 – *Петрученко О.* Латинско-русский словарь. Москва: тип. Г. Лисснера и Д. Собко, 1914. 810 с.
- Радлов, 1894 – *Радлов В.В.* Сибирские древности. Т. 1. Санкт-Петербург, 1894. URL: <https://elbib.tomsk.ru/purl/1-33731/> (Қараған күні: 22.05.2025).
- Резван, 2016 – *Резван Е.* Туркестан. Мой мир ислама: I. СПб.: КМБХ, 2016. 328 с.
- Худяков, 1986 – *Худяков Ю.С.* Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск: Наука, 1986. 268 с.
- Rezvan, 2024 – *Rezvan E.* Radloff's Archaeological Album from the Kunstkamera Collection in St. Petersburg // *Manuscripta Orientalia*. 2024. № 30/2. Pp. 69-79.

References

- Akhmetzhan, 1996 – *Akhmetzhan Q.S.* Zharagan temir kigender [Those Armored in Iron]. Almaty: Dauir, 1996. 256 p. [in Kazakh]
- Akhmetzhan, 2006 – *Akhmetzhan Q.S.* Qazaqhtyn dasturli qaru-zharagynyn etnografiyası [Ethnography of Kazakh Traditional Weapons]. Almaty: Almatykitap, 2006. 215 p. [in Kazakh]
- Ezhegodnaya nauchnaya konferentsiya, 2022 – *Ezhegodnaya* nauchnaya konferentsiya MAE RAN. *Radlovskie chteniya* [Annual Scientific Conference of the MAE RAS. Radlov Readings]. 2022. 24-25 yanvarya 2022 g. Tezisy. Sankt-Peterburg. P. 61. [in Russian]
- Imperatorskaya Arheologicheskaya Komissiya, 2009 – *Imperatorskaya* Arheologicheskaya Komissiya (1859-1917): K 150-letiyu so dnya osnovaniya. U istokov otechestvennoi arheologii I ohrany kulturnogo naslediya. Nauch. red.-sost. A.E. Musin. Pod obshei red. E.N. Nosova [Imperial Archaeological Commission (1859–1917): On the 150th Anniversary of Its Foundation. At the Origins of Russian Archaeology and Cultural Heritage Protection / Academic editor and compiler: A.E. Musin. General editor: E.N. Nosov]. Sankt-Peterburg: Dmitrii Bulanin. 2009 P. 598 [in Russian]
- Imperatorskaya arheologicheskaya komissiya, 2019 – *Imperatorskaya* arheologicheskaya komissiya (1859-1917): istoriya pervogo gosudarstvennogo uchrezhdeniya rossiskoi arheologii ot osnovaniya do reformy [Imperial Archaeological Commission (1859–1917): The History of the First State Institution of Russian Archaeology from Its Foundation to the Reform]. 2019. T. 1 SPb.: IIMK RAN. 888 (1616) p. [in Russian]
- Kimeeva, 2019 – *Kimeeva T.I.* Metodika atributsii muzeinykh predmetov i vozmozhnosti vnutrimuzeinoi translyatsii eyo rezultatov [Methodology of Attribution of Museum Objects and the Possibilities of Intra-Museum Dissemination of Its Results]. *Vestnik KemGUKI*. 2019. № 48. P. 140 [in Russian].
- Korol, 2008 – *Korol G.G.* Iskustvo srednevekovykh kochevnikov Evrazii. Ocherki [The Art of the Medieval Nomads of Eurasia. Essays]. M.-Kemerovo: Kuzbassvuzdat, 2008. 332 p. [in Russian]
- Qazaqtyn etnografiyalık, 2017 – *Qazaqtyn* etnografiyalık kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi. Entsiklopediya [The Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts and Terms. Encyclopedia]. Almaty: Alem Damu Integratsiya, 2017. 5-tom. 635 p. [in Kazakh]
- Qozybaev, 1994 – *Qozybaev M.* Zhaudy shaptyym tu bailap [Upon the foe I did charge, the banner aloft I bore]. Almaty: Qazaqstan, 1994. 192 p. [in Kazakh]
- Mishurovskaya, 2011 – *Mishurovskaya O.S.* Semioticheskii analiz znakovoi spetsifiki muzeinogo predmeta [Semiotic Analysis of the Sign Specificity of a Museum Object]. *Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta im. A.S. Pushkina*. Yazykoznanie I literaturavedenie, 2011. P. 205. [in Russian]
- Muzeinoe delo, 2010 – *Muzeinoe delo* Rossii. 3-e izd., ispr. i dop. Otв. red. M.E. Kaulen [Museum Studies in Russia. 3rd edition, revised and enlarged. Editor-in-chief M. E. Kaulen]. Moskva: VK, 2010. 676 p. [in Russian]
- Petruchenko, 1914 – *Petruchenko O.* Latinsko-russkii slovar [Latin–Russian Dictionary]. Moskva: tip. G. Lissnera I D. Sobko, 2014. 810 p. [in Russian]
- Radlov, 1894 – *Radlov V.V.* Sibirskie drevnosti [Siberian Antiquities]. Tom 1. Sankt-Peterburg, 1894. URL: <https://elbib.tomsk.ru/purl/1-33731/>. [in Russian]
- Rezvan, 2016 – *Rezvan E.* Turkestan. Moi mir islama: I [Turkestan. My World of Islam: I]. SPb.: KMBH, 2016. 328 p. [in Russian]
- Rezvan, 2024 – *Rezvan E.* Radloff's Archaeological Album from the Kunstkamera Collection in St. Petersburg. *Manuscripta Orientalia*. 2024. № 30/2. Pp. 69-79. [in English]
- Hudyakov, 1986 – *Hudyakov Yu. S.* Vooruzhenie srednevekovykh kochevnikov Yuzhnoi Sibiri i Tsentralnoi Azii [The Armament of Medieval Nomads of Southern Siberia and Central Asia]. Novosibirsk: Nauka, 1986. 268 p. [in Russian]

СОДЕРЖАНИЕ

ОТАН ТАРИХЫ № 28 (3). 2025

Ainur Dauletovna Zhuandykova, Kuanysh Aldabergenovich Iskakov

THE HISTORY OF KAZAKH MIGRATION TO IRAN: CAUSES, STAGES AND CONSEQUENCES.....553

Burkitbay Gelmanuly Ayagan

ON THE HISTORY OF THE TRANSLATION OF "THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS" BY S.A. KOZIN.....563

Makhabbat M. Kozybayeva

SOCIAL AND LEGAL ASPECTS OF DISENFRANCHISEMENT IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S–1930S.....573

Nazym Amanzholova, Aliya Oskembay, Kenzhegul Tergembay

YOUTUBE AS A PLATFORM FOR THE REPRESENTATION OF OTYNSHY ALZHANOV: INTERPRETATIONS AND PUBLIC ENGAGEMENT IN DIGITAL MEDIA.....591

Ziyabek E. Kabuldinov, Olzhas B. Kuanbay, Ualikhan S. Ibraev

JAPANESE HISTORIOGRAPHY FROM ANCIENT TIMES TO 1912: EVOLUTION OF HISTORICAL THOUGHT AND SOURCES.....601

Oraz Sapashevich Sapashev, Samat Kairollaevich Samashev

THE TRADITION OF CONTINUITY IN STATE STANDARDS AND WEAPONRY AMONG THE SAKA, XIONGNU, AND TURKS.....617

Toraigyrov Erzhan Muratovich, Bakirova Zhansaya Bazaralyevna

DEVELOPMENT OF EDUCATION AND ENLIGHTENMENT IN THE PRIIRTYSH REGION FROM THE SECOND HALF OF THE 19TH CENTURY TO THE 1920S.....638

Zauresh Galimzhanovna Saktaganova, Tolkynay Kuandykzy Sakabay

FOOD AND FINANCIAL ASSISTANCE MEASURES FOR DESTITUTE CHILDREN DURING THE FAMINE OF THE 1930S (ON THE EXAMPLE OF CENTRAL KAZAKHSTAN).....650

Абдукаюм Абдукадиров

УСТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТУРКЕСТАНЕ И ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ НА ТЕРРИТОРИИ СОВРЕМЕННОГО УЗБЕКИСТАНА (1917–1924 гг.).....660

Айгүл Молдалиқызы Сманова

ГЕНЕРАЛ В. СИКОРСКИЙДІҢ ЭМИГРАНТТЫҚ ҮКІМЕТІ: САЯСИ КЕЛБЕТІ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ.....669

Айнур Канатовна Кайруллина, Альбина Абеновна Максумова

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТАРШЕГО СУЛТАНА БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА КАЗАНГАПА БИ САТЫБАЛДЫУЛЫ.....681

Сұлтан Хан Аққұлұлы Жүсіп, Сулушаш Рахимжановна Сарманова, Халил Борисович Маслов

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ИМПЕРАТОРЛЫҚ РЕСЕЙ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ БАТЫС-СІБІР БӨЛІМІ ҚҰРАМЫНДА ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....690

Ахметова Раушан Дюсенбековна, Қонбай Ерке

1930-ШЫ ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ БАЛАЛАР ТАҒДЫРЫ (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН Өңірі мысалында).....705

Болат Сагидоллаұлы Жұмағұлов, Лесқали Базарғалиұлы Бердіғожин, Алдар Сәрсенұлы Сәрсенов

1931 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ БОСАҒА ШАЙҚАСЫ: ҰРЫС ТАКТИКАСЫ, ӘСКЕР КҮШІ.....719

Гульмира Усенбаевна Орынбаева

ЭТНОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА МЕЖДУ ПРИТЯЖЕНИЕМ «УХОДЯЩЕГО ПОЛЯ» И «КОЛХОЗНОЙ» ПОВЕСТКОЙ (2-я половина 40-х – 50-е гг. XX в.).....732

Дидар Бейсенғалиевна Касымова, Болат Кудайбергеноұлы, Алмас Каиргельдинович Кенжеғалин

ПИСЬМО 43 ИЗ КЕНТАУ В ЦК КП КАЗАХСТАНА: ОПЫТ АНАЛИЗА.....749

Динара Кайсаровна Сулейменова, Алпысбес Махсат Алпысбесұлы

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ХАНА ТОКТАМЫША В 1380-1395 ГОДАХ.....767

Еңлік Қабыкенқызы Абеуова, Анар Еркенқызы Кәрімова, Гүлфира Елубайқызы Отепова

Ә.Х. МАРҒҰЛАННЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕГІ РЕЦЕНЗИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ (1940-1960 жж.).....777

Ерден Ерназарович Ибраев, Гульмира Келдыбаевна Нурушева, Жангельды Арсенович Шаукенов

МЕТОДОЛОГИЯ КУЛЬТУРНОЙ ИСТОРИИ В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСТАНСКОГО КИНЕМАТОГРАФА.....790

Жаксылык Муратович Сабитов

ШЫҒЫС ХАН ӘСКЕРІМЕН ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚТЫ 1210-1230-ЖЫЛДАРЫ ЖАУЛАП АЛУЫ.....801



Кенжебаев Габит Капезович, Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

СВЕТСКИЕ И МУСУЛЬМАНСКИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ НА РУБЕЖЕ XIX–XX ВЕКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....812

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы, Абдулина АқсұңқарТұрсынқызы

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....827

Нұрсан Әлімбай, Болат Құдайбергенұлы Смағұлов

РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН АГРАРЛЫҚ ОТАРЛАУЫНЫҢ НЕГІЗГІ СУБЪЕКТИЛЕРІ. КРЕСТЬЯНДАРДЫҢ ЖЕТЕКШІ СУБЪЕКТИГЕ АЙНАЛУЫ (XVIII – 1917).....844

Өтеубай Қожақұлы, Абусад Гафурұлы Асқар

XIX ғ. II-ЖАРТЫСЫ МЕН XX ғ. БАС КЕЗІНДЕГІ СЫРДАРІЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ САУДА МЕН ӨНЕРКӘСІПТІҢ ДАМУЫ.....881

Самал Сағнайқызы, Спатай Алтынбекович Сартаев, Салтанат Адыровна Нусупбаева

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И РЕПРЕССИИ: ТРАНСФОРМАЦИЯ КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА В XX ВЕКЕ.....895

Сейдехан Нұрмаханұлы Әлібек, Ержан Джаркинбаевич Пазиров, Асан Үсінов

«ҮЛКЕН ТЕРРОР» ЖЫЛДАРЫ ОҢТҮСТІКТЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚУҒЫНДАЛУЫ АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНДЕ.....907

Тимур Әкімханұлы Әпендиев, Нұржігіт Момынбекұлы Абдуқадыров, Мадина Анатольевна Ермаханова

ГЕРМАНИЯДАҒЫ ҚАЗІРГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР (1991-2024 жж.).....920

Токтабай Ахмет Уалханұлы

ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИРРИГАЦИОННОГО ЗЕМЛЕДЕЛИЯ В ЖЕТЫСУ И ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ.....936

Шолпан Аширалиевна Торгаутова, Гульжан Даулетбековна Сугирбаева, Женгиз Буяр

ДИНАМИКА ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО СОСТАВА ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX в. - 1924 г.....946

Эльмира Серікбайқызы Абдукамалова, Ақмарал Ғосманқызы Ибраева, Пердехан Бекмағанбетұлы Мұсырманқұл

«РАДЛОВ АЛЬБОМЫНДАҒЫ» ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРІНІСІ: МУЗЕЙЛІК АТРИБУЦИЯ МӘСЕЛІЛЕРІ.....965

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кезегіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.